Бұған дейін қазіргі ұйғыр әдеби тілінің, диалектілерінің қалыптасуын ғылыми жүйеде жинақтап баяндаған еңбек болған жоқ. Демек, жұртшылыққа таныстырып отырған бұл еңбек ұйғыр тіл біліміне ғана емес, бүкіл түркі тілдерін зерттеуге қосылған үлкен үлес. Материалдың толықтығы мен әр жақтылығы, автордың зерттеп отырған мәселелерін баяндау тәсілі, ұйғыр тілі мен диалектілері туралы еңбектерге жасалған тарихи терең шолу және автордың білім арнасының кеңдігі, ұйғыр тілі мен диалектісін зерттеуге қосқан үлесі айқын көрінеді.

Ұйғыр диалектілерінің негізгі айырым белгілерін және оларды саралап, жіктеу жайы халықтық тілдің сипатымен байланысты. Жалпы ұйғыр тілін белгілі бір диалект, яки топ, говорға бөлу, екшеу принципі түркологияда бұрыннан бар. Ә.Қайдаров оларды жаңаша топтастыра отырып, оқушыға бұрынғы зерттеушілерден ерекше өзіндік соны пікірлер ұсынады. Автор жалпы халықтық ұйғыр тілін бес диалектілік топқа бөліп қарап, олардың өзара ерекшеліктерін жеке-жеке сипаттайды. Автор көрсеткен лекциялық диалектизмнің (194-199-беттер) көптеген көне, тарихи сөздерді айқындауда мәні зор.

Кітапта автор Іле ұйғырларының тілін жеке диалектілік топқа жатқыза, түстік-батыс говорларын «куча-турфандық» және «қашқар-жәреңттік» деген топтарға бөлген. Ұйғыр тілін осылай топтастырып саралаудың нәтижесінде, әсіресе куча-турфандық говордың ерекшелік қасиеттері жан-жақты анықталған. Сөйтіп, ұйғыр диалектілерінің айырым белгілерін ажыратумен бірге олардың әдеби тілге қатысын да зерттеген.

Автор Синьцзян ұйғырларының диалектілерін негізінен үш салаға бөліп, олардың айырым белгілері ретінде дыбыстық, морфологиялық, лексикалық ерекшеліктерді негізге алады. Бұл диалектілерге тән қасиет морфологиялық және лексикалық ерекшеліктер екені еңбекте анық көрінеді. Автордың топтастыруы бойынша, Синьцзян ұйғыр әдеби тілінің диалектілік негізі «орталық» диалект болып шығады. Ол бұл әдеби тілдің айтылу нормасы Құлжа ұйғырлары тілінің дыбыстық ерекшелігіне негізделгендігін айтады.

Монографияда көбірек орын берілген әрі терең зерттелген тарау – СССР ұйғырларының диалектілері мен говорларының ерекшелігі, совет ұйғыр әдеби тілінің диалектілік негізі және осы күрделі мәселенің тарихы. Кітапта көрсетілгеніндей, совет ұйғырларының Қазақ, Өзбек, Қырғыз, Түрікмен және Тәжік республикаларында тұратыны мәлім. Бұлардың тіл ерекшеліктері аймақтық шегіне қарай кітапта «жетісулық» және «ферғаналық» деп екі үлкен топқа бөлінген. Олардың тілінің Қашқар және Іле ұйғырлары тіліне ұқсастығын ескере отырып, СССР ұйғырларының тілін «қашқарлық-ферғаналық говор» және «ілелік-жетісулық говор» деген жаңа терминдермен атаған. Сондай-ақ олардың әрқайсысы өзара бірнеше топқа, говорға жіктеледі.

Автордың көрсетуінше, Іле-Жетісу говорында дыбыстық ерекшеліктер әдеби тілдің нормасына жақындау. Ал «қашқарлық» және «турфандық» говорларда морфологиялық және лексикалық ерекшеліктер әдеби тілде басымырақ келеді. Совет ұйғыр әдеби тілінің диалектілік негізін анықтауда көп талас, пікірлер болғаны белгілі. Ә.Қайдаров өз зерттеуінде совет ұйғыр әдеби тілінің диалектілік негізін қалауда Іле-Құлжа үлгісімен айтылатын Жетісу ұйғырларының тілі зор рөл атқарып отырғанын ғылыми негізде дәлелдеп берген. Іле-Жетісу және қашғар-ферғана говорларының диалектілік негізінде жасалған совет ұйғырларының әдеби тілі Синьцзян ұйғыр әдеби тілі нормаларын қалыптастыруға және дамытуға игі әсер еткенін көптеген нақтылы материалдармен дәлелдеген.

Кітаптың барлық тарауында әңгімеленген мәселенің тарихы, әсіресе көне және жаңа дәуірдегі ұйғырлар туралы тарихи-этнографиялық бай мәліметтер берілген. Бұл материалдар көне халықтың ертедегі тарихи жазба мәдениетін, тілін, әр кездегі диалектілерінің жайын, даму, қалыптасу кезеңдерін айқын көрсетеді.

Ұйғыр тілінің зерттелу тарихына арналған бөлімнің жақсы зерттелгенін атап айту керек. Ол құнды мәліметтерге бай. Ұйғыр тілінің түркі тілдерінің арасынан алатын орны күрделі мәселенің бірі. Атап айтқанда, Орта Азияда ортағасырлық түркі әдеби тілінің қалыптасуына көне ұйғыр тілінің тигізген әсері мен ықпалы тарихтан белгілі. Бұл мәселені автор жаңа деректерге сүйене отырып, жалпы түркологиялық дәрежеде көтерген. Қазіргі ұйғыр тілінің көне ұйғыр тілімен байланысы, сондай-ақ, диалектілерде сақталған көне элементтер, ол тілді тарихи дәуірге бөлу сияқты өзекті мәселелер автор зейінінен тыс қалмаған. Әлбетте, мұның бәрі қазіргі ұйғырлардың көне ұйғырларға қатысы, этногенезісі жайлы үлкен мәселелерді келешекте зерттеуге ой саларлық бағыт болары шүбәсіз.

Ә.Қайдаровтың зерттеуінде жалпы халықтық тілдің әдеби тілмен байланысы және әдеби тілдің негізі, әдеби норма және басқа күрделі мәселелер тоериялық тұрғыда баяндалып, шешімін тапқан.

Алайда, үлкен еңбектің өнбойынан азды-кем мін тағарлық пікірлер де бар. Автор жаңа ұйғыр тілін дәуірге бөлуде бұрыннан бар жүйені көп қайталамай-ақ жинақтап, бір-ақ жерде бір рет айтса да жетер еді. Сол сияқты қазіргі ұйғыр тілінің арғы тегін айтамын деп отырып, тым тереңге құлаш ұрғаны байқалады. Сондықтан да алыстан орағытқан мәселе шешімін таппайды. Өйткені, мұның өзі арнайы зерттеуді талап ететін тіл мәселесінің арнайы бір саласы еді. Ұйғыр әдеби тілінің тарихы еңбекте бастан-аяқ айтылғанымен, әдеби тілдің жалпы халықтық тілден айырмасы, әдеби тілдің сипаттары мен ерекшеліктері жеткілікті түрде айтыла түссе, ол тіл ғылымы үшін артық болмас еді. Бұл ескертпелер

терең мазмұнды күрделі еңбектің негізгі сапасына нұқсан келтірмейді. Дегенмен зерттеуде ақау болмауы үшін бұларға да көңіл аудару керек еді.

Қорыта айтқанда, Ә.Қайдаровтың «Ғылым» баспасы шығарып отырған бұл түбегейлі соны зерттеуі – тек ұйғыр тілі тарихына емес, жалпы түркологияға қосылған үлкен үлес деп білеміз.

М.Балақаев, Т.Жанұзақов.

«Социалистік Қазақстан». 20 қараша. 1969.

Ұйғыр әдеби тілінің халықтық арнасы

Елімізде Совет өкіметі тұсында ғана жазбасын тыңнан түзіп, әдеби тілін халықтық негізде қайта түлетіп көктеткен қыруар тілдің бар екені – баршаға таныс жай. Тіпті ұлт тілі деген сипатқа ие болу да совет топырағындағы бірқатар тіл үшін соңғы бір қырық-елу жылдың жемісі ғана. Әрі әдеби тіл, әрі ұлт тілі есебінде беріде ғана қанаттанып өркен жайған осындай тілдердің бірі – совет ұйғырларының тілі. Әдеби ұлттық санаға иелік еткені күні кеше ғана болғанымен, ұйғырдың халық тілінің тарихы тым әріде жатыр. Бағы заманда Азия жерінің орталық өңірінде өмір кешкен сан қилы көне түркі тайпалары арасында ұйғыр жұртының есімі хат бетіне ерте түсіп, тарихтан ерте-ақ елес берген. VIII–IX ғасырларда Орхон өзені бойындағы құлпы тастарға қашап жазылған жазудан бастап, ұйғыр деген этнонимді орта ғасырлық түркі жазба нұсқаларының көпшілігінен-ақ кездестіреміз. Тағдырдың тәлкегімен өткен ғасырдың екінші жарымында қазақ даласына қоныс аударған ұйғыр халқының ата мекені – бұрын Шығыс Түркістан аталған Синьцзян өлкесі болғаны мәлім. Ұйғырдың дені әлі де сол өлкеде. Ілгеріректегі халық санағының дерегі бойынша, совет ұйғырларының саны жүз мыңға жуық болса, Қытайдағы қазіргі Синьцзян ұйғыр автономиялы ауданында тұратын ұйғырлардың саны үш жарым миллионнан астам. Совет ұйғырларының негізгі бөлігі Қазақстандағы Жетісу атырабына, сосын бірқатары Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан жерлеріне ірге тепкен.

Бұл күнде өзінің төл мәдениетін еліміздегі өзге туысқан халықтармен тізе қоса, үзеңгілесе емін-еркін дамытып келе жатқан социалистік ұлт – совет ұйғырларының тілі, әдебиеті, басқа да рухани қазынасы жайлы сан салалы ғылыми зерттеулердің туып жатқанын біздің әрқайсымыз жақсы білеміз. Осы алуан тарау зерттеулер қатарында жуырда бой көрсеткен шоқтығы биік бір туынды деп филология ғылымының докторы Әбдуәли Қайдаровтың қазіргі ұйғыр әдеби тілінің дамуы жайындағы монографиясын атаудың лайығы бар. Әлбетте, ұлт әдеби тілінің даму мәселесін сөз еткенде, бірден ауызға алынатыны оның дүниеге келуіне, бұғанасы бекіп қатаюына халық тілінің қатысы жайындағы мәселе ғой. Өйткені әдеби

тіл дегеннің тақырға көктейтін, ғайыптан пайда болатын нәрсе емес екені аян. Белгілі бір тілдік арнада туып, белгілі бір тілдік жүйені арқау етпеген әдеби тілді тарих әлі күнге естіп-білген емес. Кітап авторының әңгімені ұйғыр әдеби тілінің халықтық арнасын танып-білуден бастауының осындай сыры бар. Оның үстіне, жоғарыда айтылғанындай, совет ұйғырларының бір ғасырға жуық уақыт бойы географиялық әрі әлеуметтік жағынан ұйғыр халқының көпшілік тобынан өзгеше жағдайда өмір сүріп келуі себепті ұйғыр әдеби тілінің жай-жапсарын жіті танып, ол хақында ғылыми байлам айтуда зерттеуші арқаламақ жүктің ерекше ауыр болатыны да түсінікті. Жаңа әдеби тіл өзінің қалыптасу, жүйелену сапарында халық тілінің бір-бірінен территория жөнінен іргесі алшақ жатқан жоғарыдағы екі тобының қайсысына қол артты, немесе әдеби тілдің жасалуына осы екі топтың екеуі де бірдей ортақ па еді? Міне, зерттеуші еңбегіне бірінші қойылар сауал мен біздің одан күпек жауабымыздың ең бір салмақтысы осы болатын. Мұндай сауалға нағыз ғылыми ойдан туған парасатты жауап беру үшін зор тағат, зор білімдарлықпен еткен еңбек керек болары талассыз. Бұл мәселенің басын ашып анықтауды кітап иесі халықтың өткені мен кеткеніне, азаматтық тарихына үңілуден бастаған.

Түркі жұрты мәдениетінің орта ғасырлық куәсіндей Жәркент, Қашқар, Хотан, Тұрпан сынды ескі қалалары бар, халқы диханшылық пен саудасаттықты кәсіп еткен Қашқария өлкесі сан дәуір бойы Европа үшін бейне бір жұмбақ тәрізді, бар сырын ішіне бүге томаға-тұйық жатқанды. Өлкені зерттемек ниетпен оған аяқ басқан бірден-саран европалық талапкерлердің жергілікті билеушілер мен дін иелері қолынан майып болғанын тарих жақсы біледі. Әлімбаи деген жасырын атпен керуен басы Мұсабай деген біреудің туысы аталып Қашқарияға өткен ғасырдың 1858–1859 жылдарында сапар шеккен Шоқан Уәлихановтың «Алты Шаһардың жай-жапсары» делінетін әйгілі еңбегіне дейін бұл өлке туралы оның европалық ең жақын іргелесі – Россия патшалығының да хабары аса тапшы болатын. Өлкенің географиялық жағдайы мен экономикасы, негізгі халқы ұйғырлардың тарихы, мәдениеті, әдет-ғұрпы жайлы деректерді Шоқанның зор ғылыми ілтипатпен, тамсандыра отырып жазғаны – берісі Россия, әрісі барша Европа ғылым қауымы үшін өз кезінде тың мағлұмат болғаны мәліМ.Абзалында, Италия оқымыстысы Марко Поло (XIV ғ.) мен иезуит Гоес Бенедикттен (XVII ғ.) кейін ориенталистер арасынан Қашқария туралы құнды дерек ала алған адам осы – Шоқан Уәлиханов еді. Кітап авторы Ә.Қайдаров Шоқан келтірген деректерден бастап, түркі тілді халықтардың әрегіректегі жазба нұсқаларын дәйек тұта ұйғырлардың ертедегі тарихы жайында шығыстану ғылымының қазіргі жеткен деңгейі тұрғысынан сындарлы да терең талдау жасайды.

Тілдің даму тарихын тану үшін халықтың азаматтық тарихына жүгіну – бұл мәселенің бір жағы ғана ғой. Тіл тарихы деген ұғым мен сол

тілдің иесі – халықтың қоғамдық тарихы деген ұғым өз ара тығыз байланыста болғанымен, бір-біріне бара-бар, тепе-тең ұғымдар емес. Тілдің тарихын зерттеуді халықтың тарихымен шендестіре, астастыра қарау шарт дегенді тым қарапайым ұқпасақ керек. Ежелден не бір етене аралас, тағдырлас ел-жұрттардың да тіл жөнінен бір-бірінен арасы кереқар жатқан айырмашылықтары бола беретіні – тарих үшін әсте жаңалық емес. Тіл тарихын зерттеу саласында жалаң азаматтық тарихқа ғана қол артудың тым жеткіліксіз болатыны да осыдан. Зерттеуші ұйғыр халқының арғы-бергі тарихы хақында әңгіме шертпекті құр әуестік тұтпай, оны сөз қылып отырған негізгі объектісі – тілдің тарихи деректерінің сыр-сипатын ұғынуға қол ұшын беріп көмектесер таяныш, тиек есебінде пайдаланады. Ұйғыр әдеби тілінің диалектілік арнасын танып-білуде автор дәл осылай еткен. Қазіргі ұйғыр әдеби тілінің сөз қорынан, дыбыс һәм грамматика жүйесінен өзі жинап-терген қыруар тіл фактісінің арғы төркінін зерттеуші ең алдымен оның халық говорлары мен диалектілерінен іздестіреді. Аз ба, көп пе, әйтеуір диалект, наречие немесе говор деп атап жүрген жергілікті бөлшектерден құралу – халық тілі атаулының көбіне-ақ тән жәйт. Ал оның бер жағында, ұйғыр тілінің бірнеше диалектіден құралатын, түркі текті тілдер ішінде диалектілік жүйесі сара, айқын тілдердің бірі екені ертеден-ақ айтылып келеді. Тіпті өзгесін былай қойғанда, ұйғыр халқының бәріне ежелден ортақ этноним ұйғыр деген атаудың халық жадынан шығып, мүлде ұмытыла бастаған жерінен қайта жанданып көктегені – күні кеше ғана ғой. Бір тілде сөйлейтін, тегі бір халық болғанымен, алты шаһарлықтардың баршасына ортақ бір тұтас этнолық атаудың сақталмағанын кезінде Шоқан да айтқан болатын. Көне дәуірде даңқы шыққан ел, ескідегі ғажайып түркі жазба үлгілерінің мұрагері – осынау халыққа атауыш болған этнонимнің ел есінде көрбілтең тартып, ізі өше бастауының өзі-ақ халық тіл даму тарихының кез-кезендерінде болған бір шытырман жағдайды аңғартса керек. Бұл, әрине, кездейсоқтық емес. Мұнда жатқан зор тарихи-лингвистикалық сырдың бары шүбәсіз. Зерттеуші ұйғырдың халық тілінің дамуындағы осы бір қат-қабат жайлардың астарына бойлай сүңгіп, ескінің көзі – көне ұйғыр тілі мен ұйғырдың қазіргі халық тілі арасында заңды жалғастық бар ма, халық тілі өз даму барысында басынан қандай дәуірлерді кешті, олардың сипаты қандай еді, халық тіліндегі диалектілік жіктелістің себебі мен салдары неде? деген жайдан сөз қозғап, осы сұраудың баршасына лайықты өз жауабын қарастырады.

Түркология әлеміндегі белгілі оқымыстылар мен өз зерттеу деректеріне сүйене отырып, автор ұйғыр тілі дамуында тарихтың өн бойына жүріп отыратын көне дәуір (V–XIII ғғ.), ортағасыр дәуірі (XI–XVIII ғғ.), жаңа дәуір (XVII–XIX ғғ.) деп аталатын ірі-ірі үш дәуірдің бар екендігін айтқан.

Бұл дәуірлердің әрқайсысын екі кезеңге жіктеп, олардың бір-бірінен өзара айырым белгілеріне кең сипаттама берген. Ұйғыр тілі тарихының әрідегі дәуірлеріне қатысты хронологиялық шектің көбіне ғылыми болжам, тұспал түрінде екенін ескертумен қабат, біз зерттеушінің соңғы дәуірлерге келгенде өзі ұсынып отырған таптастыруының уақыт межесін тырысқанын айтуға тиіспіз. Өсіресе көне ұйғыр тіліндегі ең ескі жазба үлгі – Селенга құлпытасынан (VIII ғ.) басталатын ұйғыр тілі дамуының кейінгі барлық дәуір-кезеңі жайындағы автор ұстанған негізгі өлшем осы жазба ескерткіштердің мәліметі болғанын бұл тұста баса көрсеткен абзал. Арғы замандағы ұйғыр жазба нұсқаларын әңгімелеу үстінде еңбек авторы бұлардың тілінің қазіргі ұйғыр тіліне қатысы жөніндегі мәселеге біраз аялдап, көне ұйғыр тілі мен осы күнгі ұйғыр тілі арасында жалғастық, сабақтастық бар ма деген сауал қояды да, оған құптап жауап қайтарады. Бірақ осыған іле-шала қазіргі ұйғыр тілі мен көне ұйғыр тілі деп жүргенімізді дәл бүгінгі сәттегі тіл туралы түсінігіміз тұрғысынан таразыға салып салмақтасак, олардың бір-бірінен бір тіл деп ұғынарлық дәрежеден бұл күнде едәуір алшақтап кеткенін айқын ұғынамыз деп көрсетеді. Демек түп төркіні бір болғанымен, қазіргі ұйғыр тілі мен көне ұйғыр жазбаларының тілі деген ұғымдардың ғылыми-лингвистикалық түсінігі басқа-басқа. Қазіргі ұйғыр ұлт әдеби тілінің басталар көзі, асылында, ұйғырдың халық тілінде жатыр. Ал ұйғырдың халық тілінің бірнеше диалекті мен говордан құралатыны жөніндегі пікірдің ғылымда ертеректе-ақ орныққанын жоғарыда айтқанбыз. Ұйғырлардың күні кешегі кезге дейін өздерін бәріне ортақ, жалпылама бір атаумен атамай, егер Қашқарда тұрса, қашқарлықпыз, Жәркентте тұрған болса, жәркенттікпіз деп өзінің тұрған өлкесінің атына қарай бөлек-бөлек атпен атап келгені мәлім. Шынында да, қалалардың, ел қоныстанған шұрайлы атыраптардың арасындағы бүкіл орта ғасыр бойына созылған феодалдық томаға-тұйықтықтың белгілі дәрежеде халық тіліндегі, мәдениетіндегі, әдет-салтындағы айырмашылықтың пайда болуына итермелегені рас. Негізгі этногенезі бір, бір тектен өрбіген Алтышаһар тұрғындарының тіліндегі әрбір өлкенің өзіне тән жергілікті тіл ерекшеліктерінің болуы осыны аңғартады.

Ұйғыр тілінің диалектілік жіктелісіне қатысты өзіне дейінгі зерттемпаздар айтқан пікірлерге жасалған талдаудан кейін кітапта автор бұл жөніндегі өз классификациясын ұсынады. Зерттеуші ұсынып отырған топтастырудың осы жаңа жүйесіне сүйенсек, Синьцзян ұйғырлары тілінде диалектілік ара жігі айқын сараланған говорлардың мына секілді бес тобы бар: 1) Іле, 2) Куча-Турпан, 3) Қашқар-Жәркент, 4) Хотан-Керия, 5) Лобнор. Ә.Қайдаровтың көрсетуіндегі ұйғыр говорларының

топ-топқа ажыратылуының негізі өлшемі – тілдің жергілікті өзгешелігі. Мұны зерттеуші кітапта диалектілерді дербестеуші жеке белгілер (частные признаки) деп атаған. Дұрысында да солай. Өйткені халық тілінің ішкі жіктелісі әлбетте оның говорларын бір-бірінен оқшаулап, даралап көрсетуге келерлік тіл құбылыстарына негізделуі керек. Егер бір-бірінен ерекшеленіп, мен мұндалап тұратын өзінің жеке түс-таңбасы болмаған жерде, ана говор, мына говор деп бас-басына башайлап ат қойып, айдар тағып жатудың еш мәнісі болмас еді. Халық тілі диалектілік жүйесінің тамырын дөп басып тануымызға қолғабыс етер нәрсенің өзі де сол халық тіліндегі ішкі айырмашылықтар ғой. Әлгі, бірде жергілікті ерекшелік, бірде диалектілік ерекшелік, енді бірде жергілікті яки диалектілік тіл құбылысы деп атап жүргеніміз де тілдегі осы белгілер. Егер автор арқа сүйеген басты принцип тілдің осы тәрізді белгісі болса онда ол ұсынып отырған жоғарыдағы ұйғыр говорларының жаңа таптастыру жүйесіне сенім білдірмеске лажымыз жоқ. Әрі оның үстіне диалектілерді лингвистикалық география әдісімен жіктестірудің де негізгі астары осы автор сүйенген принципте – говорларды өзара ішкі айырмашылықтарына қарай таптастыру принципінде жатқан жоқ па? Бұлай дейтініміздің себебі лингвистикалық географиясын көздейтіні де, сайып келгенде, тілдегі назар аударарлық диалектілік құбылыстардың таралуы шегін, яғни изоглоссасын анықтау ғой. Халық говоры дегенді көбіне территориялық говор деп атайтынымыз да осыдан. Міне, бұл жағынан алғанда да, дәл географиялық карта бетіне бейнелеп бергенімен (жергілікті ерекшеліктерді картаға түсірудің, әрине, бір ғана зерттеуші атқарып болмас жұмыс екені түсінікті), автор ұйғыр говорларының көзге тез шалынды-ау деген ұрымтал белгілері таралған географиялық кеңістікті еңбекте тайға таңба басқандай айқын көрсете алған.

Бұл айтылғандардың бәрі, түптеп келгенде, халық тілінің диалектілік жүйесін тануға, говорлардың бірінен бірінің жігін ажыратуға қажетті деректемелер.

Ендігі бір сөз түйіні бірінен бірін даралап, бөліп-бөліп көрсетуге келетін айырмалары бар говорлардың аталған осы бес тобының басын біріктіріп, оларды бір ғана тілдің аясында қарауға дәнекер болар тиянақ бар ма, болса, оның сипаты қандайлық? деген кепке келіп тіреледі. Шындығында, диалектілер арасындағы жергілікті өзгешеліктер жалпы халық тіліне ортақ белгілермен салыстырғанда, одан сан, сапа жағынан басымырақ жатса, мұндай диалектілерді бір тілдің шеңберіне сыйғызудың өзі ақылға онша қонымды болып шықпас еді. Асылында, территориялық диалектілерді бір тілдің ауқымында деп түсінуімізге өлшем олардың арасында жергілікті айырмашылықтардың болуы емес, олардың бәріне бірдей, баршасына тән ортақ тілдік белгілердің болуы. Сол себептен

де автор еңбектің екінші тарауында говорларды бір тілдің төңірегіне дәнекерлестіруші түпкі қазық – ұйғырдың халық тілінің жалпыға ортақ белгілеріне ерекше кідірістеп, егжей-тегжейлі сөз етеді. Диалектілік жүйесі сан-салалы болғанымен, бүкіл ұйғыр говорларының өн бойына тұтас бір желі боп тартылып жатқан дыбыстық, грамматикалық, лексикалық белгілер бар, оны зерттеуші кітапта жоғарыдағы жеке белгілер дегенге қарама-қарсы қойып, ортақ белгілер (общие признаки) деп атаған. Осы екі ұдай тілдік белгіні мөлшерлеп бақсақ, батпандаған салмақтың дені, әрине, ортақ белгі жағында екенін айқын көреміз. Ұйғырдың халық тілі деген ұғымның негізін қаластыратын да осы орталық белгілер. Соңғы уақытқа дейін өз алдына дербес тіл деп ұғынылып келген лобнорлықтардың тілін еңбек авторының ұйғыр тілінің бір диалектісі деп қарауды құптауы да ондағы осындай ортақ белгінің басымдылығынан.

Халық тілінің өзіндік түс-таңбасы, негізгі өзегі деген ұғымның түсінігі де говорлардың бәріне тән осы ортақ белгіден өрбиді. Ұлт әдеби тілі халық тілі негізінде дүниеге келеді десек, онда мұндай ортақ белгінің әдеби тілге де қатысы жоқ емес. Бірақ әдеби тіл мейлі ол жалпы халық тіліне ортақ құбылыс болсын, мейлі жеке бір диалектіге, яки диалектілер тобына қатысты жергілікті құбылыс болсын, әйтеуір, тіл фактісі атаулының қай түріне де талғаусыз қарамайды. Ол халық тілінен өзіне керегі барды тек елеп-екшеп, сұрыптап қана алады. Дегенмен әдеби тілдің нәр алып сусындайтын басты бұлағы – әрине, халық тілінің жалпыға ортақ белгілері болмақ. Әдеби тілге ұлттық сипат беретін де осы белгілер. Алайда сонда да болса, әдеби тіл үшін халық тілінің диалектілік белгісі мүлдем құбыжық емес. Иіні келген жерде әдеби тіл халық говорлары мен диалектілерінің сөз қорындағы бар асылдан бас тартпайды. Әдеби тілді, әсіресе, оның лексикалық құрамын байытудың мықты бір көзі халық говорлары болып келгені – тәжірибеде ертеден-ақ аян жәйт. Тіпті халық тілі негізінде дүниеге келген әдеби тілдің даму, өркендеу жүйесінде белгілі бір диалектінің салмағы, қосатын үлесі өзгелерден гөрі (яғни өзге диалектілерден гөрі) әлдеқайда басым жатуы да мүмкін. Дәлірек айтсақ, әдеби тілдің сөз қорының, дыбыс жүйесінің, сондай-ақ грамматикалық құрылысының қалыптасуы, нормалану процесінде халық диалектілері арасындағы жеке бір диалект жетекшілік қызмет атқаруы ықтимал. Мұндай диалектіні тіл білімінде әдеби тілдік тірек диалектісі (орысша – опорный диалект) деп атайды. Міне, кітап авторы әдеби тілге әбден сіңіскен халық диалектілеріне жаппай ортақ белгілер туралы әңгімелеумен қоса, ұйғыр әдеби тілінің жасалуына ұйытқы болған осындай тірек диалект бар ма деген мәселеге тоқталып, соның шешімін іздестіреді. Бұған жауапты зерттеуші әдеби тілдің фонетика, грамматика,

лексика салаларының әрқайсысының құрамында қай говордың, немесе говорлардың қай тобының элементі басымырақ, денірек дегенді анықтау арқылы тұжырады. Бұл ретте автор ұйғыр халқының ең көп тұратын жері – Синьцзян ұйғырлары әдеби тілінің даму кез-кезеңдеріне қадерінше толығырақ талдау жасап, олардың әдеби тілінің жасалуына ұйытқы болған негізгі диалектілік орта – Іле говорларының тобы, автордың өз сөзімен айтсақ, Іле тілдік қауымы (Илийский языковой коллектив) еді деген байламға келеді. Говорлардың бұл тобын зерттеушінің осылайша атауында да мән жоқ емес. Өйткені Іле төңірегі XVIII ғасырдың орта шенінде бүкіл Шығыс Түркістан атырабының әр түпкірінен Цин империясы жаулаушыларының дүмпуімен ата мекенінен қол үзіп, қоныс аударған ұйғырлардың бас түйіскен жері болды. Сөйтіп, өлкенің байырғы тұрғындары ілеліктер мен жер-жердің келімсектерінің тілі бір қазанның ішінде қайнап тоғысқан бір кезең туды. Автордың Іле тілдік қауымы деп атап отырғаны – осы тоғысудың нәтижесінде жаңадан бой түзеген ілелік ұйғырлардың тілі. Іле говорының әдеби тілдегі үлесінің өзгелерден гөрі молырақ болуының да, әрине, әлеуметтік себептері бар. Сол арғы XVIII ғасырдың өзінде-ақ Іле алқабының елдің Қашқардан соңғы ауызға алынар мәдени әрі әкімшілік-саяси екінші орталыққа айнала бастауы – осындай себептердің бірпарасы. Орта Азиялық ескі түркі жазба әдеби дәстүрінен ұзай алыстап, шығарма тілінде халықтық-демократиялық бағытқа бет бұрған ұйғыр жазба әдебиетінің өткен ғасырдағы Біләл Назым, Сейтмұхаммед Қаши сынды ірі өкілдерінің тілі де көп жайда осы Іле говорымен әуендес жатыр. Отаршылдық езгіге қарсы қыр төккен суырып салма Садыр палуанның өлеңдері болса, Іле ұйғырлары ауызекі тілінің XIX ғасырлық нұсқасы есепті. Автор әдеби тілінің дәстүрлі кітаби үлгіден бірте-бірте қара үзіп, халықтық арнаға бой сала ойысқан кезеңі – XIX ғасырдың екінші жарымы мен үстіміздегі ғасырдың 30-жылдары аралығын қамтитын кезең деп түсіндіреді. Әсіресе Синьцзян ұйғырлары әдеби тілінің сөйлеу, жазу, емле нормалары бірізге түсіп, тұрақтала бастаған шағы 30-жылдардан бергі тұсты алатын болсақ, Іле говорына тән дыбыстық заңдылықтардың әдеби тілдің фонетика жүйесінен мықтап орын тепкенін айқын аңғарамыз. Ұйғыр говорларының диалектілік жүйесін тануда дыбыстық ерекшеліктердің атқарар қызметі қаншалық зор екенін ескерсек, сөз болып отырған Іле говорының әдеби тілдегі еселі үлесінің молдығын дұрыс ұққан боламыз. Бұл айтып отырғанымыз, басында еске салып өткеніміздей, Синьцзян ұйғырларының әдеби тілінің диалектілік негізі хақында ғой. Ал енді біздің совет ұйғырлары, әдеби тілінің жай-жапсарына келетін болсақ, онда мұндағы диалектілік арнаның да осы ілелік ұйғырлардың тілімен астарлас екенін айтуымыз керек. Мұның уәжі Совет топырағындағы ұйғырлардың да көпшілік тобының

сол Іле өлкесінен шыққандығында жатыр. Мәселен, өздерін 20-жылдарға дейін тараншымыз деп атап келген қазіргі Жетісу ұйғырларының өткен ғасырдың 80-жылдарына дейінгі мекені – Іле өзенінің жоғарғы алқабы болғаны мәлім. Осы себептен де автор Қазақстан жеріндегі ұйғырлардың говорын ұйғыр тілінің Іле – Жетісу говоры деп атайды. Совет жеріндегі ұйғырлардың әдеби тілі қалыптасуында жетекшілік орынға ие болып отырған да осы жетісулық ұйғырлардың тілі. Мұның былай болуының басты бір себебі – Жетісу ұйғырларының Совет жеріндегі ұйғырлардың өзге тобына қарағанда шоғыр орналасуында. Әуелде Қашқар қаласы төңірегінде өрбіген қазіргі совет ұйғырларының екінші бір үлкен тобы Ферғана өңірінде (Өзбек ССР-ы мен Қырғыз ССР-ның жерінде) тұратын ұйғырларды алатын болсақ, олардың говорының әдеби тілге деген ықпалы дәл жетісулықтардікіндей елеулі бола алмай отырғанын байқаймыз. Өйткені өзбек арасына ертерек сіңісуі себепті (XVIII ғасырдан бастап) Ферғана ұйғырларының тілі бұл күнде өзінің бастапқы халықтық негізінен едәуір алшақтай бастаған; фонетикалық, грамматикалық құрылысындағы жақындық салдарынан өзбек тілінің әсеріне молырақ шалдыққан. Тіпті ферғаналық ұйғырлар арасында қазір өздерін өзбекпіз деп атай бастағандар да жоқ емес. Ал Жетісу ұйғырларына келсек, тілінің фонетикалық жүйесінің қазақ тілінен бірқыдыру алшақ болуына байланысты өзінің байырғы төл тілдік белгілері әлі күнге жақсы сақтаған. Бұдан әрине жетісулық ұйғырлардың тілі қазақ тілі әсерінен ада-күде пәк деген түсінік шықпаса керек. Қазақ тілінің әсері бұлардың тіліне барына бар, бірақ ол соншалық мол емес, әрі ол көбіне-көп тілдің лексика жағын ғана қамтиды. Жетісу ұйғырларының тілінде қолданылатын *қырықтық, саумал, төл, көгән* (қазақша *кеген*) сөздерінің болуы – осының дәлелі.

Совет ұйғырлары әдеби тілі жетісулықтар мен ферғаналықтардың қайсысының говорына негізделу керек деген мәселе төңірегінде 20–30-жылдарда тіл білімпаздары арасында болып келген пікір таласының немен тынғанын енді тәжірибенің өзі-ақ көрсетіп отыр.

Ұйғырларды бұрынғы дәстүрмен тұратын қонысының атымен атамай, қалған жерде халықтың ежелгі есімі ұйғыр деген атпен атау туралы шешім қабылдаған 1921 жылғы Ташкент қаласында өткен ұйғыр құрылтайынан бастап, совет ұйғырларының ұлт әдеби тілі жаңа бел-белеске көтеріліп, қазірде жан-жақты бай, стильдік өрісі сан-салалы, зор парасатты ілім-білім мен шынайы мәдениет тіліне айналды. Ұйғырдың ана тілінде кең құлаш жая өрістеп отырған не қилы әдебиет пен ұлт тіліндегі күнделікті баспасөз, радио, мектеп, театр, жалпы ұлт өнері атаулы – осының айғағы.

Әуелде ілелік арнадан өрбіген, диалектілік түп-төркіні бір болғанымен, совет ұйғырлары әдеби тілінің Синьцзян ұйғыр автономиялы ауданында тұратын ұйғырлардың әдеби тілінен елеулі айырмасы бар.

Алайда мұндағы айырма бұлардың екеуін екі бөлек әдеби тіл деп қарарлықтай дәрежеде бір-бірінен тым алысқа ұзап, жырақтай қоймаған. Сол үшін де автор ұйғырлардың бұл екі тобының тілін барша ұйғыр ұлтына ортақ, тұтас бір әдеби тілдің екі бұтағы, екі түрлі варианты деп таниды. Өйткені бұл екеуінің фонетикалық, грамматикалық жүйесіндегі негізгі белгілердің бәрі дерлік, кейбір ішінара өзгерісін былай қойғанда, бағы бір күйінде бір-біріне өте-мөте жуық жатыр. Шынтуайтқа келгенде, айырым белгілердің дені-ақ тілдің ең құбылмалы саласы делінетін баяғы лексика аясынан әрі кетіп жарымайды. Мұның бәрін, әдеби тілдің осы екі тармағының арасындағы ұқсастық пен айырма біткеннің бар-баршасын, зерттеуші кітапта ғылыми байыппен дұрыс та дәлелді көрсеткен. Сондықтан да ұйғыр әдеби тілінің диалектілік арнасының тұтастығы мен оның аталған екі нұсқасының бірлігі хақындағы автор ұсынып отырған ғылыми дәлелді тұжырымға қол қоймасқа лажымыз жоқ.

Еңбектің иесі Әбдуәли Қайдаров – қазақ тіл мамандары арасында ұйғыр тілін зерттеумен шұғылданып жүрген ғалым. Ұйғыр тілін өз ана тіліндей бар пиғылымен сүйіп, еркін игергені – ғалым қаламынан туған зерттеудің сәтті шығуының мықты бір кепілі – міне осы. Туысқан ұйғыр халқының тіл қазынасы жайында ауыз тұшынып айтарлық осындай кең тынысты еңбек берген авторға қаламдас қауым айтар алғыс мол.

*С.Омарбеков, Ғ.Қалиев, Н.Жүнісов.
«Қазақстан мектебі». №6. 1970.*

Ұйғыр әдеби тілінің дамуы жауып еңбек

Ұйғыр диалектологиясы бойынша, жекелеген зерттеулер болмаса (С.Е.Малов, Г.Ярринг, Э.Р.Тенишев, Ғ.Садуақасов, Л.А.Аганина т.б.), толық қамтитын монография жазылған емес-ті. Әбдуәли Қайдаров осы келелі мәселені арнайы зерттеу объектісі етіп алып, «Қазіргі ұйғыр әдеби тілінің дамуы» атты үш томдық монография жазып бітірді, жуырда соның алғашқы кітабы «Ғылым» баспасынан шықты.

Ұйғыр тілі түпкі тегінде, бір жағынан, батыс, шығыс түркі тілдерімен төркіндес, екінші жағынан, Орта Азиядағы иран тілді тайпалармен сабақтасып жатады. Ал қазіргі ұйғыр әдеби тілі бір тілдің екі варианты түрінде қытай ұйғырлары мен совет ұйғырларына бірдей қызмет етіп, екі мемлекеттің шеңберінде екі түрлі даму жолында. Ұйғыр тілінің табиғатына қарап отырсаңыз, ұзақ уақыт территориялық тығыз қарым-қатынастың нәтижесінде кейбір дербес тілдер оның бір диалектісіне айналып кеткен, ал өзінің кейбір диалектілерінің тарихи-әлеуметтік жағдайларға байланысты өзгергені сонша – бөтен бір тіл болып қалыптасып қалған.

Міне, ұйғыр тілінің тарихын, диалектілерін зерттеу үшін ғалымға түркі, моңғол, иран тілдерінен хабардар болуға керектігі аңғарылады. Ал Ә.Қайдаров бұл жағынан да өзінің қабілетті екенін көрсеткен. Ұйғыр тілінің әрбір говору мен диалектісі – көненің көзі, олардың жаратылысының кәрі тарихы бар, ұйғыр әдеби тілінен алар еншісі де мол. Сөйтіп, ұйғыр диалектілерінің тарихы – ұйғыр тілінің тарихы. Дегенмен бұл жөнінде әлі де ойластыруды қажет ететін талас мәселелер бар болатын. Мәселен, Н.А.Баскаков көне ұйғыр тілі Х ғасырға дейін дамыған деген тұжырым айтатын.

Ал Ә.Қайдаров көне ұйғыр тарихы материалдарына сүйене отырып, оғуз, қарлұқтарға қатысына қарай, Қараханид мемлекетіне кіретін Қашғарияның батыс алқабында қарлұқ-ұйғыр текті көне тіл Х–ХІ ғасырларға дейін өмір сүргенін, ал ұйғыр мемлекетіне кірген Қашғарияның шығысында оғуз-ұйғыр текті көне ұйғыр тілінің ХІІІ ғасырға дейін келгенін сол кезден қалған іс қағаздары, заң документтері материалдары арқылы дәлелдейді.

Осы кезеңдегі шығыс түркі тілдерінің дамуы жөнінде түркологияда әртүрлі пікір болуына байланысты, автордың бұған да өз көзқарасын білдіруі орынды. Мысалы, белгілі түрколог Ф.Н.Самойлович бұл кезде бірыңғай Орта Азия түркі тілі болғанын айтады да, оның өзін үш дәуірге бөліп, бірі – Қараханид, орталығы – Қашғария (ХІ ғ.), екіншісі – оғыз-қыпшақ, орталығы – Сырдарияның төменгі ағысы мен Хорезм (ХІІ–ХІV ғғ.), соңғысы – «шағатай» – орталығы атақты шағатай ұлысы (ХV–ХVІ ғғ.) екендігі көрсеткен болатын. Ә.Қайдаров сол кездегі диалектілер материалына сүйенген А.К.Боровков, А.М.Щербак сияқты ғалымдардың зерттеулерін әрі қарай жалғастырып бұл тұстағы ұйғыр тілінің дамуын тарихи жағдайларға, яғни ұйғыр халқының өз алдына бөліну процесімен (ХІV ғ. аяғы мен ХV ғ. басы), ұйғыр Қараханид мемлекетінің бірігуімен, яғни олардың шағатай ұлысының құрамына енуімен байланыстыра отырып пікір айтады. Ұйғыр тілі дамуының жаңа дәуірін автор ХVІІ ғасырдан бастайды, өйткені бұл кез ұйғыр тілінің өз алдына отау тіккен кезі болатын. Автор бұдан кейінгі пайда болған әдеби мұраларға мол зерттеу жүргізе отырып, ұйғыр әдеби тілінің дамуы ұдайы бірқалыпты болмағанын айтып, олардың әлеуметтік себебін ашқан.

Қай тілдегі диалект мен говорды топтастыру үшін де олардың жік-жігін ашып көрсетіп, өзіндік ерекшеліктерін дәйекті айыра білу міндет. Ал ол үшін жүйелі түрде тиянақты зерттеу жүргізу қажеттігі өзінен-өзі түсінікті. Бұл жағынан алғанда, кітап материалға кенде деу қиын. Әдеби тілдің нормалану процесіндегі тірек диалектінің атқарған қызметін, рөлін айырып көрсете алған жағдайда ғана әдеби тілдің күре тамыры

табылмақ. Мұның бәрін алақанның аясында көрсете білу міндеті бұл тақырыпқа қалам тартқан қай тілшінің де алдынан шығар еді. Бұл ретте, әсіресе ұйғыр әдеби тіліндей қос мекенді әдеби тілдің қайнар көзін, құйылар арнасын табу авторға мүлде оңайға түспеген болуға тиіс.

Зерттеуші совет ұйғырлары тілінің жергілікті фонетикалық лексикалық-грамматикалық ерекшеліктерін «жіпке тізе» отырып, диалект жоқ, екі-ақ говор: Қашғар-Ферғана және Іле, Жетісу говоры бар дейді. Жұмыстың бұл тарауында әр говордың әдеби тілге қатысты ортақ элементтері арнайы әңгімеленген.

Сөз жоқ, ұйғыр тілі диалектологиясының проблемаларын бір еңбекте тамамдау мүмкін емес. Дегенмен кейбір мәселелер төңірегінде өз ойымызды ортаға салғанды мақұл көрдік. Біздің ойымызша, әдеби тілдің дамуындағы экстралингвистикалық факторлардың рөліне – тоқталу керек еді, мысалы, осы ретте Синьцзян ұйғырлары әдеби тілінің қазіргі қоғамдық қызметі, даму тенденциясы деген мәселеге арнайы тоқталу керек еді. Бұл – бір.

Екіншіден, ұйғыр тілінің жергілікті ерекшеліктеріндегідей иран тілді тайпалармен қарым-қатынас негізінде сақталып қалған элементтердің атын атап, түсін түстеп көрсетуі қажет еді.

Сондай-ақ, қазақ, дұнған тілдерінің ұйғыр тілінің, оның диалектілерінің, грамматикалық құрылысына тигізген әсері бар ма, жоқ па деген мәселенің басын ашқанның артықтығы болмас еді.

Ұйғыр тілінің жергілікті ерекшеліктерінде кездесетін кейбір жеке-леген сөздердің төркіні жаңсақ көрсетілген бе деп қаламыз. Мысалы, кітапта «*жозы*» (аласа дөңгелек үстел) сөзін қазақтар ұйғырдан алған делінген (269-бет). Біздіңше, бұл – тегінде дұнғанның сөзі де, олардан қазақ пен ұйғыр тіліне енген «кірме».

Б.Хасанов.

«Қазақ әдебиеті». 10 қаңтар. 1970.

Ұйғыр әрәбуі тілі жауында зерттеу

Ұйғыр әдеби тілінің қалыптасуы, даму барысы, басқа ұлт тілдері тәрізді біраз дәуірлерді бастан кешірді. Белгілі бір тілдердің әдеби тілдің дәрежесіне көтерілуі үшін олардың жазу мәдениеті болу қажет. Бұл қасиетті ұйғыр тілі де бастан кешірді. Жазба ескерткіштері V ғасырдан басталған ұйғыр тілі бірнеше жазулардың куәсі болды. Осыған орай ұйғыр тілінің даму барысын әріден қарастыруды қажет етеді. Бұл – әрине өте күрделі де қиын жұмыс. Осы салада соңғы жылдары біраз жұмыстар да істелді. Бұлардың ішінен белгілі ғалымымыз Әбдуәли Қайдаровтың «Қазіргі ұйғыр әдеби тілінің дамуы» атты еңбегі айрықша орын ала-

ды. Еңбекте, негізінен алғанда, ұйғыр диалектілерінің зерттелу тарихы, олардың айырым белгілері, Шинжаң және совет ұйғырлары әдеби тілдерінің диалектілік негіздері секілді басты-басты мәселелер арнайы сөз болады.

Автор ұйғыр тілінің зерттелу тарихын үш кезеңнің төңірегінде топтастырып қарастырады: көне дәуір (V–XII ғғ.), орта ғасыр (XI–XVII ғғ.) және қазіргі замандағы ұйғыр тілі (XVII–XIX ғғ.). Әр кезеңнің өзі іштей тағы да ажыратылып отырады.

Көне ұйғыр тілінің тарихын зерттеуде манихей, руника, ұйғыр және араб жазбалары ескерткіштерінің тілі ерекше роль атқарады. Осы ескерткіштерді зерттеу арқылы жалпы ұйғыр жазба әдеби тілінің даму жолын, осы саладағы негізгі белестерді, сонымен қатар Орта Азия халықтары тілдерімен байланыстылық қарым-қатынасты танып-білуге болады. Бұл жайлар еңбекте нақтылы ескерткіштерді талдау барысында ғылыми жүйеде әңгіме болып отыр.

Ұйғыр әдеби тілінің қалыптасу, даму жолдары да, басқа тілдер сияқты белгілі бір диалектілердің саралану заңдылықтарына негізделді. Олай болса, сол диалектілерді тарихи кезеңіне байланысты зерттей білудің ұйғыр әдеби тілі үшін зор лингвистикалық маңызы бар. Осы жай автор тарапынан орынды ескеріліп, ұйғыр диалектілері мен говорларының зерттелу тарихына кітапта мол орын берілген. Бұл тілдің диалектілік жүйелері өте әріден зерттеле басталса да, олар әртүрлі бағытта, әртүрлі мақсатпен жүргізілген еді. Ә.Қайдаров осы бағыттағы жұмыстың екі салада жүргізілгендігін айтады. Біріншісі – этнографиялық мақсатпен ауыз әдебиеті үлгілерін жинау да, екіншісі – таза лингвистикалық мақсатпен диалектілік ерекшеліктерді жазып алу. Соңғысы арқылы белгілі бір диалектілердің жалпы халықтық тілдің аясында алатын орны мен қызметін айқындауға болады. Ұйғыр диалектілерін зерттеуде, оларды өзара саралауда, әсіресе В.В.Радлов, Н.Ф.Катанов, С.Е.Малов, Г.Ярринг, Э.Р.Тенишев, т.б. зор еңбек сіңірді. Сонымен қатар ұйғыр тілін, оның диалектілерін шет ел ғалымдары да (Р.Шоу, Х.Витакер, Г.Ракетт) зерттеген. Алайда бұлардың зерттеу жұмыстарының ғылыми дәйексіздігін осы еңбектің авторы дұрыс көрсеткен. Атап айтсақ, бұл аталған шет ел ғалымдары ұйғыр тілінің әдеби формаларын жалпы халықтық тілдің заңдылықтарынан бөліп қарастырады, сондай-ақ әдеби тілге сипаттама беруде олар кітаби тілдің үлгілеріне сүйенді.

Ұйғыр тілі өзінің шығу тегінің ала-құлалығы және территориялық жағынан біртұтас болмай, әр жерде бөлшектенуімен көп диалектілі тармақта болып келді. Зерттеушілердің еңбектеріне сүйене отырып, автор ұйғыр тілінің осындай әртүрлі басты-басты тармақты диалектілеріне ғылыми талдау жасайды. Олары – хамий, турфан, кучар, іле,

ақсу, қашқар, жәркент, хотан және лобнор диалектілері. Тілдік материалдың негізінде бұлардың фонетикалық және грамматикалық ерекшеліктері саралана көрсетілген. Еңбектің ұтымды жағының бірі де осында. Сонымен қатар тағы да бір көңіл аударатын жай – автор ұйғыр диалектілерінің зерттелуінде орын алып келген кемшіліктерді тап басып, дұрыс айта білген. Олардың бастылары, автордың көрсетуінше, – кейбір зерттеушілер бір диалектілік негізді екіншісімен әрдайым да салыстырып отырмаған. Осының салдарынан олардың арасындағы айырым белгілер мен ұқсастық жақтар көп жағдайларда ажыратылмады. Ал диалектілік құбылыстарды бұлайша зерттеуден олардың саны орынсыз көбейтілген. Ә.Қайдаров осы жайларды ескере келіп, ұйғыр диалектілерін классификациялауда өзіндік тұжырымдарын ұсынады. Ондай ұсыныс ең алдымен жалпы және жалқы белгілерді саралап алудың қажеттігіне негізделеді.

Диалектілік топтардың жалпы белгілерін айқындау арқылы олардың өзара жақындық жақтарын, соған орай әдеби тілдің біртұтастығын білуге болады. Диалектілерге ортақ болып келетін мұндай жалпы белгілер тілдің синтаксистік жүйесінен, морфологиялық құрамынан, лексикалық қабаттардан және фонетикалық заңдылықтардан орын алады. Бұл жайлар еңбекте жеке-жеке саралана баяндалған. Соның нәтижесінде ұйғыр әдеби тілі диалектілік негіздерінің грамматикалық құрылысының бірдейлігі, лексикалық байлықтары мен кейбір фонетикалық заңдылықтары өзара ортақ болып келетіндігі ғылыми жолмен нанымды дәлелденген. Сөйтіп, диалектілік бөлшектерге тән жалпы белгілер жалпы халықтық тілдің тұтастығын айқындап тұрса, жеке белгілер сол диалектілердің бір-бірінен өзара айырмашылықтарын саралай көрсетеді. Сондықтан да ұйғыр әдеби тілінің даму жолдарын баяндау үстінде осы екі басты белгіні тани білудің зор маңызы бар. Осындай принципке сүйене отырып, автор ұйғыр тілі диалектілерін саралауда өзіндік классификациямен оларды бес түрлі топқа (группаға) жіктейді: өле тобы, куча-турфан тобы, қашқар-жәркент тобы, хотан-кері тобы және лобнор тобы.

Еңбектегі сиңызын және совет ұйғыр әдеби тілдерінің диалектілік негіздерін талдауға арналған бөлімдер де өз мазмұнының құндылығы, ғылыми дәлелдігімен жұртшылық назарын өзіне аударарлықтай жазылған.

Жоғарыда ескерткеніміздей, белгілі бір ұлт тілдерінің қалыптасу барысында диалектілік топтар елеулі қызмет атқарады. Олардың қайсыбірі өзінің қолданылу өрісінің кеңдігі және атқаратын функциясының молдығымен ұлт тілінің дамуына қолайлы жағдайлар туғызады да, түптеп келгенде, әдеби тілдің қалыптасуына негіз болады. Сөз болып отырған еңбектің авторы осы турасында сиңызын ұйғыр әдеби тілінің

даму жолына байланысты тың тұжырымдар жасай алған. Синьцзян ұйғыр әдеби тілі де өз даму барысында диалектілік топтардың ықпалын сезіп отырды. Бұл процестерді белгілі жүйеде сипаттай келіп, автор синьцзян ұйғыр әдеби тілінің қалыптасуына орталық диалектіге жататын турфан, іле және қашқар говорларының негіз болғандығын айтады. Осыдан келіп синьцзян ұйғыр әдеби тілінің негізі орталық диалект болды деген тұжырым жасалады.

Совет ұйғырлары территориялық жақтан Жетісу мен Ферғана төңірегінде өмір сүреді. Ал бұл жерлерге ұйғырлар XVIII–XIX ғасырлардың өзінде-ақ Қашқар мен Іле өлкелерінен ауысып келіп еді. Осыған орай екі түрлі говордың (қашқар, іле) болуы да заңды. Кітаптың авторы осындай заңдылықтарды дұрыс ескеріп, совет ұйғыр әдеби тілінің диалектілік негізі қашқар-ферғана және іле-жетісу говорлары болды деп орынды тұжырымдайды.

Бізде ұлт тілдерінің дамуы теңдік және бірін-бірі байыту негізде болып отырады. Мұндай құбылыс қазіргі ұйғыр әдеби тілінің даму процесінен де айқын байқалуда. Совет ұйғырларының тілі бұрын болмаған дәрежеде өсіп жетілді, қолданылу аумағын да кеңейтті. Олардың көпшілігі Қазақстанда, міне, жүз жылға жуық өмір сүріп, қазақ халқымен қоян-қолтық еңбек етіп келеді. Сондықтан да екі ұлт тілінің бір-біріне әсер етуі, сөздік құрамдары жағынан бірін-бірі байытып отыруы – табиғи заңдылық. Мәселенің осы жағы да автор тарапынан тыс қалмаған. Ә.Қайдаров ұйғыр тілі лексикасында кейбір қазақ сөздерінің кездесіп қалатындығын тілдік фактілермен дұрыс көрсеткен.

Біз еңбекте қаралған кейбір мәселелерге ғана тоқталып өттік. Барлығын бірдей шағын мақала көлемінде қамту мүмкін де емес. Тек айтарымыз – кітап авторы алға қойған мақсатын орындап шыққан. Мұны еңбектің мазмұны, ғылыми талдау, автордың нақтылы тұжырымдары айқын байқатып тұр. Сондықтан да бұл жұмыс күрделі монографиялық зерттеу ретінде түркологиялық ілімнен өзіндік орын алатындығы сөзсіз.

Белгілі ғалым Ә.Қайдаровтың «Қазіргі ұйғыр әдеби тілінің дамуы» атты көп жылдар бойы жүргізген осы зерттеу жұмысын қазірдің өзінде тіл мамандары, лингвист ғалымдар жылы қарсы алды. Бұл еңбек ұйғыр диалектілері және әдеби тілдің диалектілік негіздері жайынан ғана толық мағлұмат беріп қоймай, сонымен қатар тіл тарихы, ұйғыр мәдениеті саласынан да көп ойлар қозғайды. Еңбек мазмұнының кең диапозонды болып келуінің себебі де осында. Тарихшылар, тіл тарихын зерттеушілер осы кітаптан соны деректер таба алады.

*Қ.Есенов.
«Жетісу». 16 шілде. 1971.*

Тұңғыш оқулық

Жаңа оқу жүйесіне байланысты соңғы кездерде оқу программасы жасалып, мектеп өмірінен лайықты орнын ала бастады. Егерде бұдан біраз жылдар бұрын тіл сабақтарын оқыту көбінесе грамматикалық ережелерді үйретуге негізделсе, ендігі басты бағыт сол ережелерді өмірде дұрыс пайдалана біліп, практикалық жағынан қолдана алудың принциптеріне иек артуда болып отыр. Мұның өзі жалпы советтік методикамыздың өсу, өрлеу жолдарымен тығыз байланысты. Міне, осындай объективтік жағдайларға байланысты қазақ мектептерінің сегізінші класс оқушылары соңғы жылдары тіл білімінің жалпы мәселелерінен де мағлұмат алатын болды. Осы арқылы олардың ой-өрісінің дамуына, әдеби тілдің негізгі заңдылықтары мен стилистикасын, сөз байлықтарын дұрыс қолдана білуге, сайып келгенде, сауатты болуларына толық мүмкіншілік туды. Мұндай жағдайды алдымыздағы жаңа оқу жылынан бастап енді ұйғыр мектептерінің сегізінші класс оқушылары да алатын болады. Таяуда ғана осы кластың оқушыларына арналып жаңа оқулық шықты.

Бұл оқулық – өз саласында тұңғыш оқулық. Оқулықтың авторы белгілі ұйғыр тілі маманы, филология ғылымының докторы Абду-Али Қайдаров оқу программасына сәйкес ұйғыр тілінің көптеген мәселелерін өз тәртібімен дұрыс орналастыра білген. Осы арқылы біз автордың мектеп оқушыларының негізінен алғанда, тіл білімінің негізгі мәселелерінен, ұйғыр әдеби тілінің қалыптасуы мен даму жолдарынан, оның стильдік тармақтарынан, орфография, пунктуация заңдылықтарынан мүмкіндігінше бірқыдыру білім алуларын көздегенін байқаймыз.

Мұны оқулықта берілген тақырып аттары да анық көрсетіп тұр. Олар бір-бірімен байланысты алты тараудың (тіл жанынан жалпы мәлімет, стилистика, лексика және морфология, емле, тыныс белгілері, түрліше күнделікті жазба жұмыстары) төңірегіне топтастырылған.

Біраз қайталау материалдарынан кейін оқулықта алғаш рет тілдердің қалайша пайда болуы, олардың қоғамда атқаратын рөлі, ұйғыр тілінің диалектілері мен говорлары, ұйғыр әдеби тілінің совет дәуірінде дамуы, ұйғыр тіл білімінің тарихы тәріздес мәселелерден қысқаша да тұжырымды мәліметтер берілген. Осы арқылы мектеп оқушылары ұйғыр тілінің грамматикалық заңдылықтарын ғана біліп қоймай, енді жалпы тіл білімі мен ұйғыр әдеби тілінің жетілу, даму жолдарына байланысты жайттардан да хабардар болады. Мұның өзі оқушылардың тілге деген ынтасын арттырып, оларды кейбір теориялық мағлұматтармен қаруландырады. Әдеби тіл, оның басты-басты нормаларын білу – оқушылардың ой-өрісін кеңейтеді, ойлағандарын дұрыс та жүйелі түрде жаза білуге машықтандырады. Сонымен қатар ол дұрыс сөйлей білу, алуан

түрлі сөйлем құрылыстарының сырларына да қанық болуға үйретеді. Бұл жайлар сөз жоқ, түптеп келгенде, мектеп оқушыларының ана тілінің табиғатын жете түсініп, олардың білімдері де сауатты болуларына бірден-бір жол ашады. Сондықтан да осы сөз болып отырған оқулықта аталған тақырыптардың өз орнымен әңгіме болуын әбден құптаймыз.

Әдеби тіл заңдылықтарын оқушыларға үйрете білуді тілдің стильдік құбылыстарына соқпай кете алмаймыз. Бұл екеуі бір-бірімен тығыз байланыстыра қаралады. Әдеби тілдің дамуы, жетілуі – стильдік жүйелерді де жетілдіреді, тілдің оралымдығын молайта түседі. Сондықтан да тілдің нәрлілігі, сөз байлығы әдеби тіл даму заңдылығының заңды нәтижесін көрсетіп тұрады. Демек, стильдік байлық – әдеби тілдің даму барысынан туатын туынды құбылыс. Мәселенің осы жағы да дұрыс ескеріліп, оқулықта ұйғыр әдеби тілінің заңды жалғасы ретінде оның стилистикасынан да оқушыларға бірсыдырғы мағлұмат беру мақсаты көзделген. Соның нәтижесінде стилистика және стиль, стильдің түрлері, тілдік құралдарды дұрыс пайдалана білу, лексикалық және фразеологиялық варианттар, ұйғыр тілінің сөз байлығы, бұл ретте морфологиялық және синтаксистік амалдарды өз орнымен дұрыс қолдана алу тәріздес оқушыларға пайдалы тақырыптар осы оқулықта тартымды әңгіме болады. Ұйғыр тілінің грамматикасын өтіп болған оқушыларға, бұл жайттарды білу – өте қажет-ақ. Өйткені тіл заңдылықтарын, грамматикалық амалдарды практика жүзінде дұрыс қолдана білу осындай жайттарды түсіне алушылықпен тығыз байланысты.

Мектеп оқушыларының дұрыс сөйлей білу, ойлағандарын дұрыс құрастырып жаза білу мүмкіндіктері, негізінен алғанда, жаңа сөз, оның қыр-сырын тани алу қасиеттерімен астарласып жатады. Жеке сөздерді өз орнымен тап басып қолдана білу – жалпы сөйлемнің ажарын келтіреді, белгілі мәндегі мағыналық мазмұнын күшейте түседі. Олай болса, тілдің лексикалық қабаттарынан да түсінік беру оқушыларды сөз таңда білуге, сөйлем құрылысының сырларына жете үңілуге, тәрбиелейді. Міне, бұл жайға да оқулықтан орын беріліп, ұйғыр тілінде жаңа сөздердің пайда болу жолдары мен оларды қалайша қолдана алу жайттары дәйекті мысалдармен дәлелді сөз болады. Осы тұрасындағы мағлұматтар кейіннен сөз жасаушы қосымшаларды талдағанда, толықтырыла түседі.

Оқулық сапасының жақсы шығуына, онда берілген емле қағидалары мен тыныс белгілері жайындағы түсініктемелер де әсерін тигізіп тұр. Көптеген тілдік фактілер мен жаттығу материалдарына негізделген осы тұрасында баяндаулар оқушылардың мәдени сауаттылығын арттыруға ең басты фактор бола алады. Тек соларды жүйелі түрде оқушыларға жеткізе білу қажет. Жазба жұмыстарының басты түрлерінен де (өмірбаян, күнделік, мақала, әңгіме, конспект, баяндама, рецензия және шы-

ғарма) арнайы сөз қозғау – оқушылардың тіл дамыту, өзіндік ойлай білу қабілеттерін арттыру, ең ақырында сауаттылық дәрежесін көтеру мақсатына бағышталған. Оқушылар осындай жазба жұмыстарының түрлері арқылы теориялық білімдерін практикамен ұштастыра білуге машықтанады, орфографиялық және пунктуациялық ережелерді дұрыс қолдана білуге тәрбиеленеді. Сондықтан да осындай іс қағаздарына байланысты жазба жұмыстарын белгілі жоспармен ойдағыдай өткізіп отырудың зор маңызы бар.

Сөйтіп, оқулықта орналастырылған тақырыптардың мазмұны бірін-бірі кудалап, өзара органикалық байланыста келіп отырады. Тұтас алғанда, оқулықтың алдына қойған мақсаты оқушыларды ұйғыр әдеби тілінің заңдылықтарымен таныстыра отырып, олардың практикалық қабілетін шыңдау, тіл мәдениетін арттыру. Оқу программасының өзі де осы жайларды талап етеді.

Оқулықта берілген әрбір тақырып – баяндаулар түрліше сұрау, жаттығулармен бекітіліп отырылады. Мұның өзі өтілген оқу материалдарының жақсы пысықталуына, оқушылардың есінде қалуларына қолайлы жағдайлар жасайды.

Жаңа программаға сай жаңадан жазылған оқулық болғандықтан да, онда әлі де болса ойланасатын жайттардың болуы заңды нәрсе. Осыған орай оқулықтың келесі басылымында мына бір жайларға автордың назарын аударма кеткіміз келеді (бұл – оқу программасын жасаушыларға да қатысты мәселе).

Оқулық – оқушыға арналып жазылады. Сондықтан да онда берілетін материалдар мен олардың мазмұн мөлшері әрдайым да оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты іріктелгені жөн. Осы бір белгілі қағиданы негіз тұтатын болсақ, оқулықтың алғашқы тарауларында берілген тіл туралы жалпы мағлұмат және стилистика тақырыптарының кейбіреулері оқушылар ұғымына ауыр тиетіндей. Мәселен, жер жүзіндегі тілдер жайынан аз да болса сөз қозғау, түркі тілдерінің классификациясы, ұйғыр жазба ескерткіштері, «кітаби тіл» тәріздес мәселелерді сегізінші класс оқушыларына ұсынбаса да болар еді. Өйткені бұлар, біріншіден, ауыр тақырыптар, екіншіден, осы тарауларға байланысты өзге де материалдар жетіп жатыр. Бұл аталған тақырыптардың есесіне лексика және тыныс белгілеріне байланысты баяндауларды кеңейте түскен жөн бе дейміз. Мектеп бітіретін оқушыларға әсіресе осы салалардан толығырақ мәлімет алғандары бірден-бір қажет-ақ. Тарихи тақырыптарға барлау – ол келешектің (жоғары оқу орнының) жұмысы. Мектеп оқушыларының сауаттылық дәрежесі, негізінен алғанда, осы сегізінші кластарда шыңдалатын болады. Өйткені бұл кластағы оқыту мақсатының түп-төркіні де оқушылардың осындай сауаттылық мәдениетін арттыруға негізделеді.

Өтілетін тақырыптар да осыған орай бейімделетін болады. Бұл жайдың осы оқулық бойынан да қатал сақталуын тілейміз де.

Ұйғыр тілінің жаңа оқулығы дүниеге келді. Өз бетіндегі материалдардың баяндалу құндылығымен сәтті болып келді. Кейбір жөндеулер, толықтыру, өзгерістер оқулықтың қайта басылымында ескеріле береді де. Бар гәп – түпнұсқа тұңғыш оқулықтың ғылыми-методикалық жағынан беріктігінде ғой. Осы оқулықтың осындай қасиетімен ұйғыр мектеп оқушыларының тұрақты құралына айналатынына біз кәміл сенеміз. Оған оқулықтың өз сапасы жолдама беріп отыр.

Қ.Есенов.

«Қазақстан мұғалімі». 22 шілде. 1971.

Әқеби тақырыптағы қиссертациялар

Қайдаров Әбдуәлидің «Ұйғыр әдеби тілі терминологиясының кейбір мәселелері» атты тырнақалды шағын зерттеуінің жарық көргеніне көп жылдың жүзі бопты. Бұл – оның әр сала ізденулерінің, қазіргі, кемелді ғалымдығының жол басы.

Көп жылдар бойы жүргізіп келген әр тарап осы зерттеулері Қайдаровтың енді «Қазіргі ұйғыр әдеби тілінің дамуы» атты үш кітаптық монография жазуына негіз, дайындық болды.

Монографияның осы сапасын, ғылыми тереңдігін, толып жатқан құнды жақтарын, ондағы негізгі қорытындылардың дәлелді екендігін жақында Әзербайжан Мемлекеттік университеті ғылыми советінің мәжілісінде филология ғылымының докторы Э.В.Севортян да, Азербайжан ССР Ғылым академиясының академигі М.Ш.Ширалиев те, Әзербайжан университетінің жалпы түркология кафедрасының меңгеруші, филология ғылымының докторы Ф.Зайналов та, өзге де шығып сөйлеушілер, сондай-ақ жұмысқа әр жерден рецензия жіберген көптеген мамандар да айрықша атап көрсетті. Ғылыми совет Ә.Қайдаровқа филология ғылымының докторы деген ғылыми дәреже беру жөнінде бірауыздан ұйғарым қабылдады.

«Қазақ әдебиеті». 15 мамыр. 1970.

Ә.Қайдаров, М.Оразов. «Введение в тюркологию»

С 1970 года в соответствующих вузах страны читается специальный предмет «Введение в тюркологию», целью которого является ознакомление студентов с историей развития тюркских языков и их современным состоянием. До недавнего времени единственным учебником по тюркологии была монография Н.А.Баскакова «Введение в изучение тюркских

языков» (М., 1962, 1969). В последующие годы над подобными учебниками стали работать и ученые тюркоязычных республик. Именно к таким учебникам и относится рецензируемая книга А.Кайдарова и М.Оразова «Введение в тюркологию», включающая «Введение» и пять глав. Во введении говорится о задачах предмета и дается его общая характеристика. Тюркология рассматривается авторами как составная часть востоковедения.

В первой главе характеризуются отдельные этапы развития тюркологии. Авторы утверждают, что хотя первые сведения о тюркских народах относятся к началу нашей эры, однако наиболее достоверные сведения о тюркских племенах относятся к XI веку и связаны с именем Махмуда Кашгаря и его знаменитым «Диваном». Авторы учебника при этом указывают и на то, что сведения о тюркских племенах были обнаружены и в китайских источниках времени правления императора У Ди (139 год до нашей эры).

В IV веке в Европе появляются гунны, расселившиеся в низовьях Волги и Дона. В состав гуннской коалиции наряду с тюркскими входили и финно-угорские племена. Со временем определенная часть гуннской коалиции смешалась с местным населением и перешла к оседлому образу жизни. Авторы указывают на политические и культурно-экономические связи печенего-половецких племен со славянскими народами. В походе на Византию в 944 году вместе со славянами выступили и тюрки. Нередко заключались браки между русскими князьями и знатными половчанами. «Часто из политических соображений, в целях установления более тесных дружеских отношений между народами, государства скрепляли свою дружбу взаимными браками». Исторические связи славянских и тюркских народов оставили след в их языках. В «Повести временных лет», «Ипатьевских летописях», «Слове о полку Игореве» встречается много тюркских слов; в свою очередь, ранние славянские заимствования имеются и в тюркских языках.

В XV веке в России появляются первые словари, включающие тюркские слова. Дальнейшее развитие востоковедения в России связано с правлением Петра I. В учебнике дается обзор не только петровских реформ, но и экспедиций, организованных во время Петра I учеными-ориенталистами: И.Лежайским, С.Е.Ремезовым, А.Б.Черкесским (Даулет-Керей), Ф.И.Страленбергом, Д.Кантемиром, Г.З.Байером, Г.Я.Кером, Г.Шоверем, Д.Г.Мессершмидтом, Ф.Иоганном (Табберт), В.Н.Татишевым, Г.Ф.Миллером и др.

Авторы приводят перечень двуязычных и многоязычных словарей XVIII века: «Русско-татарский словарь», «Калмыцко-армянско-персидско-татарский словарь», «Российско-татарско-калмыцкий словарь» и др. Кратко характеризуется каждый из этих словарей.

В книге подробно анализируются и обобщаются труды тюркологов XIX века: Г.Ю.Клапрота, Х.Д.Френа, О.Н.Бётлингга, В.В.Вельяминова-Зернова, В.В.Радлова и др.

Весомый вклад в изучение тюркских языков внесли преподаватели российских университетов, в основном Казанского [Х.Д.Френ, И.Хальфин, М.Казем-Бек (Мирза Мухаммед Али Касымоглы), И.Н.Березин, Ф.И.Эрдман и др.] и Санкт-Петербургского (О.И.Сенковский, А.О.Мухлинский, Л.З.Будагов, Л.Э.Лазарев, Н.И.Ильминский и др.). Этими учеными был издан ряд оригинальных научно-исследовательских и учебно-методических работ, описывавших особенности строя тюркских языков: «Сравнительный словарь турецко-татарских наречий», «Практическое руководство турецко-татарского, азербайджанского наречий», «Материалы к изучению киргизского языка», «Самоучитель русской грамоты для киргизов» и др.

Появляются работы, глубоко освещающие вопросы истории тюркских языков в связи с другими языками: арабским, персидским, славянским, на основе широкого применения сравнительно-исторического метода. В учебнике характеризуется большое количество трудов по истории, этнографии, классификации, грамматическому строю тюркских языков.

XX век ознаменовался трудами таких выдающихся ученых-тюркологов, как Н.Ф.Катанов, П.М.Мелиоранский, А.Н.Самойлович, В.В.Бартольд, Ф.Е.Коршин др. Некоторые из них (В.В.Бартольд, А.Н.Самойлович, А.Е.Крымский, В.А.Гордлевский, С.Е.Малов и др.) продолжали научно-исследовательскую деятельность и после Октябрьской революции.

Тюркологическим исследованиям и преподаванию тюркских языков в России во второй половине XIX века посвящается отдельный раздел. Рассматривается научно-педагогическая деятельность таких ученых, как Макарий (М.Я.Глухорев), В.И.Вербицкий, Р.Хитров, Н.И.Ашмарин, К.Г.Бессонов, А.Е.Алекторов, В.В.Катаринский и др.

Достижениям советской тюркологии посвящена специальная подглавка, в которой сообщаются сведения о ведущих ученых, заложивших основы советской тюркологии, таких, как С.Е.Малов, Б.А.Богородицкий, Е.Д.Поливанов, А.П.Поцелуевский, Н.К.Дмитриев, А.Н.Кононов, Н.А.Баскаков и др. Приводится перечень ведущих ученых специалистов по тюркским языкам СССР.

Вторая глава «Значение исследований тюркских языков сравнительно-историческим методом» содержит общетеоретические обобщения и характеристику отдельных методов исследования, в том числе и сравнительно-исторического метода.

Утверждение сравнительно-исторического метода в индоевропейском языкознании связано с трудами Ф.Боппа, Р.Раска, А.Х.Востокова и

др. В использовании же: этого метода в тюркологических исследованиях большую роль сыграли работы О.Н.Бётлингга и В.В.Радлова. Некоторые ученые считают, что сравнительно-исторический метод в тюркологии был впервые применен Махмудом Кашгари в его «Диване». Однако, анализируя «Диван» Махмуда Кашгари, авторы учебника приходят к верному выводу, что при объяснении языковых различий тюркских племен Махмуд Кашгари лишь пользовался сравнительным методом, но отнюдь не ставил своей целью определение исторического пути, пройденного тем или иным языковым явлением. Использование сравнительного метода отмечается не только в «Диване» Махмуда Кашгари, но и в трудах других средневековых тюркологов: Махмуда ибн Умара Замахшари, Асируддина Абу-Хайан-ал-Андалуси и др.

Сравнительно-исторический метод требует наличия определенных условий и широкой научной эрудиции ученого. Авторы устанавливают шесть следующих исходных принципов, позволяющих применить сравнительно-исторический метод: 1. Язык – социальное явление, и поэтому история языка должна изучаться в непосредственной связи с историей его носителей. 2. При использовании сравнительно-исторического метода необходимо учитывать внутренние закономерности и особенности каждого языка (например, в узбекском литературном языке отсутствует закон гармонии гласных, а в казахском языке такой закон существует; в киргизском и туркменском языках употребляются долгие гласные, а в казахском, узбекском, татарском языках подобные гласные отсутствуют и т.д.). 3. Сравнительно-исторический метод обязывает ученого соблюдать принцип хронологии, ибо в случае его нарушения результаты исследования окажутся неполными и малодостоверными. 4. При восстановлении древнего типа конкретного языкового материала должно учитываться генетическое родство языков. Причем в первую очередь должны сопоставляться материалы близко-родственных языков. Так, например, чтобы восстановить архетип категории времени казахского языка, сначала следует сравнить диалектные материалы, потом данные языков кыпчакско-ногайской группы, а затем кыпчакско-половецкого языков. Лишь после сопоставления с кыпчакскими языками к сравнительному анализу могут привлекаться материалы карлукских языков. 5. Объектом сравнительно-исторического метода является либо фонетика, либо грамматика. Этим методом нельзя исследовать весь лексический состав языка, так как лексика в определенных исторических условиях особенно подвержена изменениям. Однако такие ее пласты, как основной словарный фонд, более устойчивы и могут быть объектом изучения с использованием сравнительно-исторического метода. 6. Не каждый языковой материал может служить объектом изучения сравнительно-историческим мето-

дом. Встречаются такие языковые соответствия, которые не связаны какими-либо закономерностями. Они могут быть объектом типологического исследования. Сравнительно-историческим методом изучаются лишь материалы родственных языков. Перечисленные принципы сравнительно-исторического метода, по мнению авторов учебника, должны лечь в основу изучения фонетики, грамматики и лексики казахского языка.

В третьей главе учебника рассматриваются пути исторического развития и становления тюркских языков. Связывая историю языка с историей народа, авторы полностью разделяют точку зрения Н.А.Баскакова и выделяют шесть этапов в развитии тюркских языков: 1. Алтайская эпоха. 2. Хуннская эпоха (до V века). 3. Старотюркская эпоха (V–X века). 4. Средневековая тюркская эпоха (X–XV века). 5. Новая тюркская эпоха (XV–XX века). 6. Новейшая тюркская эпоха – период после Великой Октябрьской революции.

Версия о существовании алтайской эпохи в развитии тюркских языков разделяется не всеми учеными. Основываясь на сходстве грамматической структуры и фонетической системы урало-алтайских языков, авторы учебника считают, что эти языки претерпели длительный процесс смешения и являются родственными. Констатируются ими также факты тюрко-монгольских связей, которые аргументированы совпадением фонетических законов, лексическими параллелями в терминах родства, частей человеческого тела и названиях домашних животных, грамматическим соответствием надежных аффиксов, множественного числа и др.

Хуннская эпоха охватывает примерно три века до нашей эры и пять веков нашей эры. Как свидетельствуют источники, хунны расселились на севере Китая и вели кочевой образ жизни. Наивысшего расцвета они достигли во времена правления Модэ.

Хунны сравнительно быстро распались и в IV веке образовали четыре группировки. Письменные источники хуннов до нас не дошли, но по языковым особенностям они подразделялись на группу *p-л* языков и группу *з-ш* языков.

В книге приводятся краткие исторические сведения о племенах хунну, об их отношении к хазарам и булгарам, об их языке, к которому восходят кыпчакская и огузская языковые общности.

Следующей ступенью в развитии тюркских языков является старотюркская эпоха, она оставила после себя орхоно-енисейские памятники. Сообщаются исторические сведения о делении тюркских племен. Приводится алфавит рунических знаков. Устанавливаются даты появления рунических надписей в других регионах.

Старотюркская эпоха тюркского языкознания связана с появлением работ Махмуда Кашгари «Дивану лугат-ит-тюрк», Юсуфа Баласагуни

«Кутадгу билиг», половецкого памятника «Кодекс Куманикус» и др. В этот период письменность переходит на арабскую графику. Довольно подробно анализируются исторические события в жизни тюркских племен той эпохи и различные фонетические и морфологические процессы в их языках.

В средневековый период продолжается обособление тюркских племен и углубляется процесс изолированного развития тюркских языков. Авторами приводятся данные о тюркских языках западной и восточной территории страны.

Новая тюркская эпоха характеризуется бурным развитием науки, изучением, в основном русскими учеными, истории, этнографии, быта, культуры тюркских народов. В этот период создаются основы формирования литературных тюркских языков.

Великая Октябрьская социалистическая революция открыла качественно новый этап в развитии советской тюркологии.

Достижениям советской тюркологии в пятой главе учебника посвящен краткий обзор истории изучения тюркских языков.

В главе «Классификация тюркских языков» определяются основные признаки генезиса тюркских языков. Первая их классификация принадлежала Махмуду Кашгари. В учебнике последовательно анализируются все существующие классификации: А.Ремюзы, В.В.Радлова, Ф.Е.Корша, А.Н.Самойловича, В.А.Богородицкого, С.Е.Малова, О.Н.Бётлингка, Н.А.Баскакова и др. Авторами приводятся критерии этих классификаций.

Обобщая достижения тюркского языкознания, авторы приводят краткий справочный материал об особенностях грамматического строя каждого тюркского языка.

Рецензируемая книга отвечает всем требованиям программы высшей школы по тюркскому языкознанию. Учебник построен на основе общепринятых теоретических положений, материал изложен доступно и в системной последовательности.

Выход в свет рецензируемого учебного пособия несомненно будет способствовать повышению уровня подготовки специалистов-тюркологов.

А.Ш.Шерматов, Э.С.Акмоллаев.

«Советская тюркология». №3. 1986. С. 63-65.

Аса қажет оқулық

Қазақстанның жоғары оқу орындарында (филология факультеттерінде) 1970 жылдан бері «Түркологияға кіріспе» атты арнаулы курс өте бастады. Бұл курстың негізгі мақсаты – студенттерге түркі тілдерінің зерттелуі, қалыптасуы мен даму жолдары, олардың топтастырылу принцип-

тері, өзіндік ара қатынастары жайында жүйелі түрде білім беру. Алайда, аса қажет пәнге арналған ана тіліндегі оқулық күні бүгінге дейін қолға тимеген еді. Осы олқылықты сөз болғалы отырған Ә.Қайдаров пен М.Оразов жазған «Түркологияға кіріспе» атты еңбек толтыру қамын көздеген.

Оқулықта түркі тілдерінің зерттелуіне байланысты А.Н.Кононов пен В.В.Радлов еңбегіне жақсы орын берілген. Бұл өте орынды да. Өйткені, бұлар түркология тарихында өз алдына бір дәуір жасаған адамдар. В.В.Радлов өзінің сан қилы еңбектері арқылы түркология ғылымын жаңа сатыға көтерді. Түркі халықтарының ауыз әдебиеті үлгілерінің негізінде жарияланған оның «Түрік тайпалары халық әдебиетінің үлгілері» атты еңбегінің үшінші томы қазақ фольклорына арналып, мұнда мақал-мәтел, жұмбақтар, айтыс және басқа өлеңдерден үзінділер берілген. В.В.Радлов еңбектерінің үлкен бір саласы көне жазба ескерткіштерінің тілін зерттеп, оларды жариялау жұмысымен тығыз байланысып жатады.

Сөз болып отырған оқулықта сонымен қатар басқа да түркологтардың еңбектері қысқаша да болса сөз етіліп, олардың түркология саласында алатын өзіндік орны саралана көрсетіліп отырады.

Советтік түркология ілімін ілгері қарай одан әрі дамытуда бір кезде С.Е.Малов, В.А.Богородицкий, Е.Г.Поливанов және басқалар зор еңбек етсе, бүгінгі күні де талай ғалымдар құнды еңбектерімен көзге түсіп отыр. Бұлар түркі тілдерінің әр саласы бойынша ғылыми еңбектер жариялап, жалпы түркология ғылымының зор беделіне ие болуында өзіндік үлестерін қосты. Қазірде жер-жерде жүргізіліп жатқан ғылыми жұмыстарды үйлестіруге түркологияның советтік комитеті бір орталықтан (Москва) басшылық жасауда. Түркология ғылымының күнделікті жаңалықтары мен табыстарын жариялап отыру мақсатында 1970 жылы Бүкілодақтық «Советская тюркология» журналы өмірге келді. Мұның барлығы түркология ғылымының отаны Совет елі екенін айдан анық танытып отыр. Сондай-ақ түркология ғылымымен шетел ғалымдары да айналысуда.

Тілдердің туыстығын айқындап білуде салыстырмалы-тарихи методқа сүйенетініміз белгілі. Бұл қай семьядағы тілдерге болсын аса қажет-ақ, ал түркі тілдері үшін бірден-бір қажет. Осыған орай оқулықта бұл әдіске арнайы тараудың берілуі де өте орынды болған.

Әдетте салыстырмалы тарихи метод тілдердің фонетикалық құбылысы, грамматикалық және лексикалық ерекшеліктері бойынша жүргізіледі. Сөз болып отырған оқу құралында да осы әдіс сақталған. Мәселен, түркі тілдерінің табиғатында дыбыс алмасу заңдылықтары кездесіп отырады. Соның бір фактісі ретінде *й*, *з*, *т* дыбыстарының өзара сәйкестік қасиетін айтсақ та жеткілікті: аяқ сөзі көпшілік түркі тілдерін-

де осы қалпында кездессе, хакас тілінде *азах*, якут тілінде атах түрінде ұшырасады.

Түркі тілдерінің дамуы мен қалыптасу кезеңдері де белгілі тарихи деректер негізінде дұрыс ғылыми шешімін тапқан. Бұл ретте оқулық авторлары профессор Н.А.Баскаковтың пікірін басшылыққа алып, түркі тілдерінің даму кезеңдерін сол ыңғайда талдайды.

Түркі тілдері өзара туыстас болғанымен, жоғарыда ескерткеніміздей, олардың арасында да сапалық айырмашылық байқалады. Олардың бір-біріне жақындық ыңғайы ескеріліп, түркі тілдері белгілі бір принциптер негізінде өзара жеке-жеке семьялы топтарға жіктеледі. Оқулықта осы жайт та сөз болып, түркі тілдерін классификациялаудағы әртүрлі көзқарастар келтірілген. Түптеп келгенде, мұнда да профессор Н.А.Баскаковтың классификациясы негізге алынған. Өйткені, түркі тілдерін туыстық жағынан топтастыруда бұл классификация әрі фонетикалық, әрі грамматикалық заңдылықтарды кеңінен қамтып, ғылыми сипатын толық таныта білген. Мұның барлығы түркі тілдерінің тарихын, этникалық құрамын, қазіргі хал-жағдайларын бір-бірімен тығыз байланыстыра қараудан туындаған еді.

Сөйтіп, «Түркологияға кіріспе» атты оқу құралы студенттер мен жалпы оқырман қауымға түркі тілдерінің өзара туыстығы, сондай-ақ олардың өзіндік айырым белгілері жөнінде қызықты мағлұмат береді. Бұл еңбек әсіресе филология саласындағы ғылыми қызметкерлер үшін де аса қажет-ақ.

Оқу құралы кемшіліксіз де емес. Түркі тілдерінің дамуы мен қалыптасуы кезеңдері жайында әңгіме болғанда, кейде жеке сөздердің табиғаты талданып кетеді. Әрине, кейбір жеке сөздер мысал үшін қажет-ақ болар, алайда, соның өзін бұл жерде түркі тілдерінің дамуы мен қалыптасу кезеңдеріне байланысты тығыз ұштастыра кеткен әлдеқайда тиімдірек болар еді.

Түркі тілдерінің туыстығын айқындайтын басты көрсеткіш – олардың классификациялық топтары. Түркология ғылымында бұл жайында толып жатқан әртүрлі пікір бар. Солардың көпшілігі осы еңбекте берілген. Қай оқулықтың болсын негізгі мақсаты ғылымда тұрақталған, орныққан ілімді жария ету болып табылады. Осыған орай түркі тілдерінің топтастырылуы да олардың ең қажетті, басты деген түрлерін ғана саралап көрсетсе де жетіп жатыр ғой. Мұның өзі студенттердің бірізділікпен жүйелі түрде білім алуларына мүмкіндік туғызады. Осы тұрғыдан келгенде, түркі тілдерін өзара жіктеуде С.Е.Малов пен Н.А.Баскаковтың классификацияларын ұсынып, өзгелерін жай атап қана кетсе де болушы еді.

Кітап оқулыққа тән әдеби тілмен түсінікті жазылған. Солай бола тұрса да кейде стильдік жағынан түсінуге ауыр тиетін сөйлемдер де кездесіп қалады. II тарауды «Түркі тілдерін салыстырмалы тарихи метод-

пен зерттеудің маңызы» деп атаудан гөрі «Түркі тілдерін зерттеудегі салыстырмалы-тарихи метод» деп беру әлдеқайда нақтырақ болмақ.

Бұл ескертпелеріміз келесі басылымда ескерілер деген оймен айтып отырмыз. «Түркологияға кіріспе» атты оқу құралы түркі тілдері бойынша жүйелі түрде білім беруде өз міндетін ойдағыдай атқарып шыққан.

Қ.Есенов.

«Социалистік Қазақстан». 23 тамыз. 1986.

Түр мен түстің құпиясы

Бізді қоршаған табиғи орта ғажайып көркемдігімен көз тартып, көңіл-күйімізге әсер етеді. Ондағы түр мен түстер адам психологиясына ықпал етіп, еңбекке қабілеттілікті, творчестволықты арттырады. Колористика ғылымы түр мен түстің 30 мыңға жуық екенін анықтап отыр. Міне, «Сырға толы түр мен түс» атты коллективтік еңбекте табиғи ортаның сұлулығы, алуан түсті реңі мен олардың өзіне тән сыр-сипаты жайында әңгімеленеді. Кітаптың «Түстерді зерттеу тарихынан» атты бөлімі табиғат пен қоғам өміріндегі әртүрлі құбылыстар сырымен таныс етеді. Табиғатта болып жататын құбылыстардың өзара байланысымен ортақ қасиет, заңдылықтары да таным процесі негізінде сөз болады. Айталық, бір түстің өзі әр ел мен әрбір адамға әсер етуі түрліше болады екен. Оны мынадай мысалдар арқылы жақын көз жеткізуге болады: «Европада қараны қайғы-қасіреттің белгісі деп санаса, Қытай мен Жапонияда ол қуаныштың белгісі. Европа елдерінде жасыл түсті бейбіт өмірдің белгісі деп санайды» (8-бет). Түстердің табиғаты мен практикалық қажеттілігі әркез ғалымдар назарын аударып, түр-түс тану ғылымының дүниеге келуіне ықпал жасады. Кітапта түр-түс тану ғылымына елеулі еңбек сіңірген Ньютон, Ломоносов, Вернер, Менсель, Рабкин секілді ғалымдардың көптеген атлас, альбом мен өлшем шкалаларын жасап, пайдаланғаны туралы кең мағлұматтар беріліп, социологиялық зерттеулер жүргізіледі. Олардың өнегелі өмірлері де тартымды штрихтармен нанымды берілген.

«Түстердің физиологиялық негізі», «Түр-түстерді тұрмыс пен өндірісте қолдану» секілді бөлімдерде көздің көру қызметі, күнделікті тұрмыс пен қоғамдық өндірістің әртүрлі саласындағы түр мен түстің қолданылуы, әсер ету факторлары баяндалады. Түр-түстің адам өмірі мен еңбек процесі кезіндегі психологиялық жағдайына әсер-ықпалы да түрлі ғылыми зерттеулер негізінде жаңа қырынан қарастырылады. Сондай-ақ, «Түр-түс атаулары», «Түр-түс және символика», «Түр-түстерге байланысты жер-су аттары» сияқты бөлімдерде түр мен түстің қолданылуы аясы, терминдік мағыналары кеңінен сөз етіліп, «...түр-түс атаулары әрбір тіл-

дің өз топырағында танылып, өз жүйесінде зерттеліну қажет» (39-бет) екендігіне баса көңіл бөлінеді.

Жалпы аталмыш еңбекте түр-түске байланысты ақын-жазушылардың, журналистер мен тіл мамандарының ұзақ жылдарғы ізденіс мұраттары жан-жақты оңды көрініс тапқан. Алайда, түр-түс атауларының, оның психологиялық әсері мен ерекшеліктері, өзара синтезі секілді қырлары әлі де толықтыруды, талдау жүйесін кең масштабта жүргізуді қажетсінеді.

Тұтастай алғанда, «Сырға толы түр мен түс» атты коллективтік еңбек қоршаған орта мен тұрмыс жайында, алуан түрлі бояулардың адам өміріне әсері хақында тартымды баяндайтын керекті кітап болып шыққан.

Р.Тұрысбеков.

«Білім және еңбек». №12. 1987. 21 б.

В словах есть душа (Сөздің жаны бар)

Старейшина казахстанских языковедов, признанный лингвист, тюрколог, академик Абдуали Кайдар издал на исходе прошлого года теоретически актуальную, практически полезную и поучительную книгу под названием «Тысяча метких и образных выражений» (Астана, «Білге», 2003, усл.-печ. л. 22, тираж 1000). Если сказать точнее, это казахско-русский фразеологический словарь с этнолингвистическими пояснениями. В аннотации подчеркнуто, что словарь содержит свыше 1000 наиболее употребительных фразеологических единиц казахского языка и соответствующего фразеологического перевода на русский язык.

Фразеологизмы (устойчивые словосочетания, образные выражения) в обилие встречаются в любом языке и свидетельствуют о его богатстве, красочности, выразительности, образности, о ментальности, своеобразии мировидения и духоустройства его носителей. Не зная фразеологизмов того или иного языка, невозможно говорить о его подлинном постижении, о проникновении в тайны его природы. Фразеологизмы – украшение национального речестроя, его душа, его живое обаяние. Фразеологизмы – камень преткновения при переводе с языка на язык. Буквальный перевод фразеологизмов приводит, как правило, к комическому эффекту и полному непониманию их смысла, содержания. Там, где у русского, скажем, семь пятниц на неделе, казах может сказать: «Моя тетушка-дженге один день кобыла, один день – верблюдица» (выражение построено на созвучии «бие» и «түйе»), и ничего оскорбительного в том нет, просто «дженге» в самом деле непредсказуема, у нее ветер в голове, у нее семь пятниц на неделе. При большой радости казах говорит: «Ақ түйенің қарны жарылды», что буквально означает «распоролось брюхо

белого верблюда», а по смыслу соответствует русским выражениям «пир на весь мир», «молочные реки, кисельные берега», «из рога изобилия», «большая радость».

Какова природа, этимология данного фразеологизма? Автор словаря основательно поясняет: «Верблюд белой масти в хозяйстве казахов считался главой всего домашнего скота и символом его благополучия. Поэтому белый верблюд приносился в жертву в исключительно редких случаях: по случаю победы на войне, благополучного возвращения близких и родных из далекого путешествия, рождения долгожданного сына и т.д.» (С. 25). И укрепляет свое толкование цитатой из Ч.Ч.Валиханова: «...раньше, когда кто-либо из близких людей отправлялся в опасный поход или дальнее путешествие или когда долго ждали рождения наследника, родственники клялись принести в жертву белого верблюда при счастливом исходе». И далее языковед говорит о святости, сакральности белой масти в представлении казахов, о значении «изобилия продуктов питания» и приводит варианты данного фразеологизма.

Или вот еще один пример. О честном, скромном человеке казахи говорят: «Ала жібін аттамайды», что дословно означает: «Он не перешагивает, не переступает через чью-то пеструю веревку». Образно, не так ли? Но при чем тут пестрая веревка? А дело в том, что пестрая веревка свивается из белой овечьей шерсти и черных конских волос (хвоста и гривы), и обладает она по старинным поверьям номадов сверхъестественным свойством. «Пестрая веревка» – символ клятвы о верности и дружбе. Нельзя переступать недозволенную грань, перешагивать через нормы приличия. Такова этимология фразеологизма.

Подхалим высшей пробы по-казахски обозначается: «тарысы піскеннің тауығы», т.е. «он является курицей у того, у кого поспело просо».

Если нужно выразить мысль: «никому я ничем не обязан», казах говорит: «Бес бересім, алты аласым жок», т.е. «у меня нет пяти долгов, шести должников». И образно, и эффектно построено на аллитерации – «бес – бересі, алты – аласы».

Иногда русские и казахские фразеологизмы по смыслу очень близки или даже покрывают друг друга. По-казахски «қоян жүрек» (заячья душа), по-русски – «страшный трус». Или: «екі езуі екі құлағында» (уголки рта доходят до ушей) – «рот до ушей», «во весь рот». Или: «жаны мұрнының ұшына келу» (душа его подошла к кончику носа) – «жизнь висит на волоске», «быть чуть живым», «еле-еле душа в теле». Или «жоққа жүйрік жетпейді» (чего нет, того и на скакуне не догнать) – «на нет и суда нет». Или: «мақтамен бауыздау» (зарезать ватой) – «без ножа зарезать».

Встречаются в разных языках и полные совпадения: на память приходит немецкий фразеологизм «Lügen haben kurze Beine». У русских то

же: «У лжи короткие ноги». То же у казахов: «өтіріктің құйрығы бір-ак тұтам» («хвост у лжи один лишь вершок»).

Но чаще всего у казахского фразеологизма самобытная природа. Вместо «угождать кому-либо» казах говорит: «развернувшись, стать подушкой, согнувшись, быть постелью». Там, где русский «из камня лыко дерет», казах «стрижет шерсть с поверхности яйца» (надо полагать, куриного). Высшая характеристика скряги.

О женщине, побывавшей однажды замужем, казах говорит: «есік көрген» – «видевшая дверь». Фразеологизм этот является частью народной мудрости-сентенции: «Есік көргенді алма, бесік көргенді ал». Обратите внимание на созвучие «есік» и «бесік» – «дверь» и «колыбель», т.е. «женись на девушке, которая из колыбели, и не женись на женщине, которая уже была хозяйкой дома». Вообще женщина, бывшая замужем, в казахском понимании котируется невысоко, молодому жениху ее не рекомендуют. Зрелую женщину казахи называют «желтобрюхой» («сары қарын»), ибо кожа ее отливает желтизной, уже поблекла, лишилась девической розоватости.

Если человек один-одинешенек, один как перст, «ни кола ни двора», казах скажет: «салт басты, сабау камшылы», т.е. «с одной ездовой лошадкой, с одной камчой».

Абдуали Кайдар не только находит точные адекватны казахским фразеологизмам на русском языке, но объясняет его происхождение, затаенный смысл, созвучие, игру слов, и это придает его словарю и глубокую научную аргументированность, и увлекательность, познавательность.

Вообще читать словари – двуязычные, толковые, ассоциативные, фразеологические и т.д. – огромное удовольствие. Человек окунается в океан иноязычия, инобытия и обогащает, расширяет кругозор, видение мира. Мне знакомы «Фразеологический словарь казахского языка» академик С.Кенесбаева, «Казахско-русский фразеологический словарь» Х.Кожаметовой, Р.Жайсаковой и Ш.Кожаметовой, «Русско-казахский фразеологический словарь» М.Балакаева и М.Копыленко. И мне приятно видеть в этом ряду словарь А.Кайдара, живо и обстоятельно знакомящий любителей казахской словесности с природой образования и употребления художественно-выразительных средств-фразеологизмов.

Труду этому, уверен, уготована долгая и благодарная жизнь, и приходится только сожалеть, что издан он всего лишь «традиционным» ныне 1000-м тиражом.

*Герольд Бельгер.
«Простор». С. 179-180.*

«Әлі-ақ мұқтажық туақы» деп Мұхтар Әуезовтің өзі айтып еді

1951 жылдың аяғында Мәскеуде көркем аударма мәселелерін талқылауға арналған Бүкілодақтық мәжіліс өткізілді. Соған Қазақстан делегациясы да қатысты: Ғалым Ахметов, Әбен Сатыбалдиев, Сәбит Нұрышев және мен. Мұхтар Әуезов Мәскеуде жүр екен. Алқа кеңесі төрінен орын алған ұлы ағамызға залдағылар сүйсіне қол соқты. Мұхаң өте ойлы сөйледі.

Келесі күні мәжіліс басталарда М.Әуезов анадайдан мені қасына шақырып алды да:

– Мейманханада осы екі-үш күнде қарап шықшы: Мәскеу университетін биыл бітіретін қазақ қызы «Абай» романының екі томындағы идиомдардың орыс тіліне аударылуын тексеріп, диплом жазған екен. Дұрыс-бұрысына көңіл аудар! – деп бір папка ұстатты.

Студент қыз зерделі, жетелі екен. Орыс тіліне екі томнан екі жүзден астам төл оралымдардың аударылмай қалғанын, тәржімашылардың бұл тіркестерді аударма алмағанын көрсетіпті. Мәселен, «Тұсаукесер», «Асапай жатып құлдық» және тағысын тағылар.

Өз тіліміздің өте өрнекті және бай екендігіне сүйсініп, ырза боп, диплом қорғаушының ізденгіштігін атап, шағын рецензия жазып бердім. Мұхаң:

– Түптің түбінде қазақ тіліндегі идиомдарды түгендеп жинап, орыс тіліне шебер аударып, үлкен кітаптар бастыру мұқтажығы туады... Іздене жүріңдер, – деп еді сонда.

Арада қаншама жылдар өткенде, міне, сондай кітап жарық көрді. Зәру кітап халық қолына тиді. Кітап «Тысяча метких и образных выражений» деп аталады. Сөздік Астанада «Білге» баспасынан басылып шығыпты. Авторы – академик Әбдуәли Қайдар.

Этнолингвистикалық түсініктеме берілген қазақша-орысша фразеологиялық сөздік, ең алдымен, орыс тілі арқылы қазақтың мемлекеттік тілін, оның көркеми-бейнелегіш құралдары – фразеологизмдердің табиғатын тереңірек танысам деп талаптанушыларға арналған. Автордың межелуінше, қазақ тіліндегі әсерлі де бейнелі оралымдар 20 мыңнан асады. Оралымдар – ежелгі тарихымыздың, қадым заманғы құндылықтарымыздың уақытқа бой алдырмас ұлы қоймасы, тозбас айнасы.

Мен айтар едім: қазақ тілін үйренуші өзге ұлттар өкілдері үшін ғана емес, ана тілінің ақ уызынан туа тата алмаған, татса да жарымаған өз жастарымыздың, бүгінгі жас қыздарымыз бен ұлдарымыздың өзіне де өте пайдалы! Бұл лұғат қазақ тілінің жиі қолданыстағы мыңнан астам фразеологиялық оралымын және солардың орыс тілінде сәйкестіріліп

аударылған сыңарларын қамтиды екен. Бұл, әлбетте, автордың ондаған жылдар бойында тірнектеп терген, тереңнен толғап, баламасын орыс тілінен іздеген, ең әуелі орыс тіліне бейнелі жеткізудің амал-тәсілін қарастырып төккен терінің, бейнетінің және зейнетінің айғағы.

Кейде орыс пен қазақтың сөз оралымдары мағыналас қана емес, бейнелес, кестелес те келеді. Тіпті, кімнің кімнен алғанына көз жеткізе, төркіндете алмайсың, сонда да екеуіне бірдей қызыға таңданасың, сүйсінесің, тәнті боп тамашалайсың:

«Бетегеден биік, жусаннан аласа». Бұл – қазақта.

«Тише воды, ниже травы». Бұл – орыста.

«Қоян жүрек». Бұл – қазақта.

«Заячья душа». Бұл – орыста.

«Қосағыңмен қоса ағар». Бұл – қазақта.

«С кем венчатся, с тем и кончатся». Бұл – орыста.

Әрине, әманда осылай боп, мағынасы сайма-сай, сәулеттес, ажарлас болып келе бермейтіні құпия емес.

Осы лұғатта келтірілген «Арыстанның аузында, түрікпеннің төрінде // түркіменнің түбінде» деген сөз байламын не жазбаша, не ауызша әлі кездестірмеппін. Мұның түрікпеннің «жер астындағы ура», «шахта», «үңгір» мағынасындағы сөз екенін енді ғана біліп отырмын. Мұндай оралымдар лұғаттың танымдық қасиетін арттыра түседі.

Осы лұғатта академик Ә.Қайдар негізінен өз мақсатына жеткен. Мұндай жеңісті алдымен атаймыз.

Мысалдар келтірейік. «Ағаш атқа мінгізу». Осыны академик Ә.Қайдар орыс тіліне бір емес, бірнеше нұсқада жіті жеткізеді:

1) «сделать посмешищем, поднимать (поднять) на смех»; 2) «перемывать, перемывать косточки», «сплетничать, судить, злословить о ком-либо».

Міне, мұнда білгір тәржімашының, тілді терең игерудің ұтырлы да ұтымды тәсілі, оралым мазмұн-мәнін кең қамту үлгісі бар.

«Айрандай аптап, күбідей күптеу», «Айды аспанға // аспаннан бір-ақ шығару», «Ақ түйенің қарны жарылу», «жаман айтпай, жақсы жоқ», «сілтідей тыну» және тағы басқа оралымдар жоғарыда көрсетілгендей кең, жан-жақты түсіндірілген. Мұндай мысалдар өте мол. «Осы қалай?» дегізері жоқ.

Алайда, академик замандасқа да айтарымыз бар. «Иштен шыққан шұбар жылан» – «внутренний враг – самый страшный» деп орысшалауы, әрине, ырзалық тудырмайды. Академик І.Кеңесбаев мұны «Қанша дегенмен, «жаман» дегенмен өз қарнынан шыққан өзінен туған перзент деген мағынада» – деп дәл, дұрыс, бұлжытпай пайымдаған. Ал, мына сөздіктегісі айдалаға ала қашып тұр.

Бұдан арғы басылымдарда мұндай «әттеген-айларды» түзеткен абзал. Кейбір тұста сөздікке автордың үңіліңкіремей, үстірттеу ұсынған оралымдары ұшырасады. Рас, олар көп емес. Дегенмен де, айтпай кетсек, тіл үйренушілер мүддесін ескермегеніміздей көрінер...

«*Азуы алты қарыс*» – «*зубастый*», «*острый на язык*» (о человеке), – деп түсіндіру сыңаржақтыққа, тіпті, жаңсақтыққа тартып тұрғандай емес пе?! Бұл оралым тілді, тілі өткір айтқыш адамнан гөрі, жамағат алдында өктем, бетті, айбынды кісіні мегзейді.

Біздің бұл түйін-түсінігімізді академик Ісмет Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» де растайды: «*Қаһарлы, өте ызғарлы ер адам туралы айтылады*», – деп нықтайды.

«*Жүн жеп, жабағы тышу*» – «*придти в сильное истощение*», «*дойти до ручки*». Мұнда да дәлдік жетіспейді. Бұл арықтап, жағы солу, азу ғана емес, ұнжырғасы түсіп, божып, жүнжіп кетуді білдірсе керек.

Осы лұғатта кейбір оралымдардың бір-ақ қырлы емес, бір-екі сырлы болатыны ескерілмей қалған тұсы да мұңдалап тұр.

«*Екі иығын (иінін) жұлып жеу*» – «*быть сильно раздраженным*». Ал, осы оралымның І.Кеңесбаев екінші мағынасын «*Еті тірі, нысық кісілерге айтылады*», – деп анықтайды. Ә.Қайдар сөздігінде бұл мағынасы орысшаға аударылмай қалған...

«*Бит қабығынан (терісінен) биялай тоқыған*» – «*искусный мастер*», «*мастер, могущий подковать блоху*» депті Ә.Қайдар. Төрелігін қалың қауымға қалдыра тұра, мен өз басым мұны «*Жұмыртқадан жүн қырыққан*» немесе «*қу бастан қуырдақтық ет қырып алатын*» дегенге жақындатар едім. Тіпті, орыс тілінің лексикасында «*из блох голонище кроит*» деп сарандықты түйрейтін түйін де бар екен...

Келешекте фразеологиялық сөздіктер жасайтын қазақ қаламгерлері төл оралымның, өлең-жыр, яғни ұйқасқа құрылғандығын немесе аллитерация мен ассонасқа негізделген саздылығын, әуенділігін алдымен ескеретін болса екен дегің келеді. Мәселен: «*Жігіт – ұлыңнан, жүйрік – құлыннан*». Осыны орысшаға ертеде бір қазақ «*Джигит – из ребенка, скакун – из жеребенка*» деп орысшалапты... «*Таз таранғанша, той тарқар*», төрт бірдей =та =та =то =та буындарынан түзілген аллитерацияны орысшалап көр, шебер болсаң, әуезділігін орысшасында да сайрат. Әрине, мұндайда түпнұсқадағы дыбыстар үндестігінен ауытқымау мүмкін емес. Ол үшін басқа дыбысқа жүгінуге тура келеді. Мысалы, «*таз таранғанша, той тарқарды*» орысшалап, 5 бірдей «п» дыбысына негіздеп аударып көрдім: «*Пока прихорашивается плешивый и пир пройдет*». Төрелігін оқырмандар айтар.

Жоғары талапқа толық жауап беретін талантты ақын-тәржімашылар, ғалымдар-тілшілер қатары алдағы жылдарда қалындай түспесе, иншалла, сирей қоймас деген сенімдеміз.

Мемлекеттік тіліміздің – қазақ тілінің мерейін көтеріп, абыройын арттыру, қолдану мұқтажын кеңейте түсудің қасиетті уәжді-борышы барша отандастарға бұлжымас міндет боп тұрған осы кезеңде академик Әбдуәли Қайдардың «Тысяча метких и образных выражений» атты құнды лұғаты неғұрлым тезірек, неғұрлым толықтырылып, мол таралым-тиражбен қайта басылса, құба-құп! Өйткені, мұндай нағыз халыққолды қадірлі кітапқа сұраныс пен мұқтаждық аса мол.

М.Әлімбаев.

«Жас алаш». 4 наурыз. 2004.

Данапық сөзсізі

Академик, тіл ғылымының белгілі маманы Әбдуәли Қайдар мақал-мәтелдер сырын ашып, сөз мағынасын түсіндіру мақсатына арналған «Халық даналығы» атты кітап шығарды. 34,5 баспа табақтық көлемде, 2000 дана таралымда шыққан бұл кітап танымдық маңызымен құнды.

Еңбектің алғы бөлімі «Мақал-мәтелдер табиғатын тану (зерттеу)» деп аталып, алты тарауда, яғни «Мақал-мәтелдердің пайда болу, қалыптасу жолдары», «Қазақ мақал-мәтелдерінің табиғатын тану», «Мақал-мәтелдердің тұлғалық-құрамдық дамуы», «Мақал-мәтелдердің қолданысы», «Мақал-мәтелдерді топтастыру» тұрғысында талдау жасайды. Әр тарау өзіндік пікір, деректерімен ерекшеленеді.

Ғалым дерегі бойынша халық жадында сақталған 15 мыңнан астам мақал-мәтел бар екен. Соның 2 мыңнан астамына осы кітапта талдау жасалады. Бұл «Сөздік» деп аталған бөлімінде әліпбилік жүйемен қолданысқа ыңғайлы берілген.

Кітап – сөз үйренемін деген жасқа да, жасамысқа да пайдасы тиердей мағлұматтарға бай, іріктелген, кең қолданысқа қажетті мақал-мәтелдер тобы жинақталған сөз сарасынан тұрады. Бұл ұлттық мақал-мәтелдердің түсіндірме сөздігін жасаудағы алғашқы қадам болып табылады. Мұның алдағы уақытта жалғасын тауып, тілұстарту ісіне үлкен мұра болып қосыларынан үміттіміз.

С.Шүкірұлы.

«Ана тілі». 12 тамыз 2004.

Ұпы қапа сарыны

Қазақ халқының ұлыс, халық болып құралуына, ұлт болып қалыптасуына ұйытқы болған, іргетас болып қаланған байырғы тайпалардың бірі – үйсін, қаңлы. Бізге мәлім жазба деректер бұл тайпалардың біздің дәуірімізге дейінгі III–II ғасырларда Тұран даласында ірі мемлекет құ-

рып, іргелес, көрші елдермен саяси, дипломатиялық қарым-қатынас орнатқан ірі де қуатты құрылым болғандығын айғақтайды.

Алайда қазақ халқының құрылуына ұйытқы болған қаңлы тайпасы туралы тарихи деректер, мәліметтер мол ұшырасып, мақалалар, шежіре еңбектер де жарық көргенімен, шын мәнінде оның тарихына қатысты арнайы зерттеу жарық көрген жоқ еді. Енді, міне, қаңлының этникалық тарихи шежіресін жазуды академик Ә.Қайдардың батыл да белсенді түрде қолға алып, «Қаңлы» (А. 2004, 610 бет) атты ғылыми еңбек жариялауы құптарлық игілікті іс болып шыққан.

Қаңлы тайпасының 25 ғасырлық тарихын зерттеп, аталмыш этностық бірлестік жөнінде дүние жүзіндегі 500-ден астам деректер мен мәліметтерді (Қытай, Ресей, Моңғолия, Түркия, Грекия, Еуропа елдері) жинақтап, зерделеп, соның негізінде ой-тұжырым жасауы – зерттеу еңбектің ғылыми деңгейін, сөз жоқ арттыра түскен. Жалпы, автор бір ғана қаңлы тайпасының 40-тан астам атауын тарихи дерек көздерінен тауып, бұл этностың әрі көне, әрі көптеген географиялық аймақтарды қоныстап жайлағанын да көрсетеді. Кісінің назарын еріксіз өзіне аударатын мұндай құбылысты автор этнолингвистикалық, этностық және тарихи тұрғыдан жіктеп түсіндіреді. Бір ғана қан/қан түбірінен таралып, өрбіген бұл атаудың дерек көздерінде 40-тан астам вариантының ұшырасуы сирек құбылыс (мысалы, *көнү*, *көңгерес*, *қаңғы*, *қангұй* және т.б.). Ал «қаңлы» атауының бір ғана өзінен тараған 90-ға тарта тіркесті этнонимдері және бар (*ақ қаңлы*, *алпыс қаңлы*, *сары қаңлы* және т.б.).

Бұл варианттар 70-80-дей әдебиетте, дерек көздерінде жиі ұшырасады, ал автор *қан* атауының түбірлес түңгаларын, варианттарын жинақтап, талдаушы ғана. Тарихшы, философ, этнограф ғалымдар ашып беруі екіталай бұл құбылыстың мәнін, тілші ғалым этнолингвистикалық тұрғыдан негіздеп, тілдік заңдылық тұрғысынан талдап бере алған. Еңбектің «қаңлы» атауының шығу төркінін, этимологиясын дәлелдеп, түсіндіріп беруі II кітаптың ең басты жаңалықтарының бірі.

Қазақ ру-тайпаларының ішінде бір тайпаның екі-үш түрлі балама атпен аталатыны кездескенімен, бірақ дәл қаңлы сияқты 40-тан астам түбірлес, варианттары бар этнос жоқ. Қан мен түбірлес атаудың таралу аймағын да егжей-тегжейлі қарастыра отырып, Сыр бойы, Алтай аймағы, Сібір өлкесі, Қытай, Үнді жерлеріне дейін бұл атаудың ізі тасқа таңба басқандай гидронимдерде айқын сақталынып қалғанын жазады. Кездейсоқтық па бұл, жоқ, заңдылық сияқты.

Қаң//қан түбірінен тараған атауларға зерттеуші көбірек тоқталады. Сырдарияның бұрынғы аты – Қаңға, оның – Қаңғадария Қан арық деген атаулары тағы да бар. Үндістандағы Ганг өзенінің, Кореяның Канган, Қытайдың-Цзянь (оқылуы Кань). Алтайда Аққан, Арын қан, Бала-

кан (өзен) және т.б. тұлғаларында *кан* түбірі ұшырасады. Бұл келтірілген атаулар сан ғасырдан бері өзгеріп, алуан түрлі тұлғада қолданылып келсе де, бір ғажабы сол – бәрінің шығу түп төркіні бар. Алуан түрлі деректер негізінде *кан* гидроним түбірінің о бастағы мағынасын анықтауға күш салған ғалым осы түбірден өрбіген, түбір сөздің «ру-тайпа, ел-жұрт, иелік, мемлекет, елді мекен» атауына айналу заңдылығын да қарастырады. Автордың «қаңлы» атауы о баста *кан* – өзен-су деген ұғымнан туындаған, яғни «қаңлы» атауы өзен-су бойын жайлаған ел-жұрт деген ұғымды білдіретін атау деген тұжырымы көңілге қонады.

Қаңлы атауының шығу төркініне байланысты айтылып жүрген екінші жорамал «Оғызнама» дастанындағы аңыз-әңгімеден өрбиді. Ол аңызда «қаңлы» атауы оғыз сарбазы жасаған арбаның қаңқ-қаңқ еткен дауысына байланысты шыққан делінеді. Қаңлы этнонимін арбаның дыбысына байланысты, қыпшақ этнонимін ағаштың қуысы, күпшегіне байланысты шыққан деп түсіндірудің аңыздық сипаты болғанымен, ғылыми тұрғыдан негізсіз, мұны жаңсақ жорамал, версия деп санайды автор.

Кітапта зерттеуші көтерген тағы бір үлкен мәселе – қаңлы мемлекеті туралы. Ежелгі қазақ жерінде, өз заманында дәуірлеп гүлдеген, кейін әртүрлі тарихи жағдайға байланысты жойылып, ыдырап кеткен ондаған мемлекет болғандығы тарихтан мәлім. Солардың ішінде Қытай мемлекеті жылнамаларында, ханнамаларында жиі айтылатын ел үйсін мен қаңлы. Қытай ғалымы Су-Бихайдың үйсін мемлекеті туралы екі томдық еңбегі тарихшыларға белгілі, ал қаңлыға қатысты мол мәлімет те осы «Аспан астындағы елдің» архивтерінде сақтаулы. Қаңлы мемлекетінің құрылымын, мемлекеттік басқару жүйесін, мемлекеттік рәміздерін, әскери күштерін, қорғаныс қабілетін, жазу-сызу мәдениетін, экономикасы мен сыртқы көршілес елдермен қарым-қатынасын автор өзі жинаған көптеген мәліметтер мен деректерге сүйеніп, дәлелдеп жазған.

Қаңлы (кангюй) мемлекеті біздің дәуірімізге дейінгі II ғасырдан біздің заманымыздың XIII ғасырына дейін өмір сүрген. Автор: «Сондықтан да оның осы дамуының барысында Кангюй болып қана қалған жоқ, ол сонымен қатар Қан, Қанға, Қанғар, Қаңлы, Қаңқы-Хорезм т.б. болып өзгеріп отырған», – деп тұжырым жасайды.

Қаңлы мемлекеті – түркі дүниесінде ең көне мемлекеттік құрылым. Онда мемлекетті басқарудың бас деңгейлі жүйесі қалыптасқан. Қаңлы мемлекеті әкімшілік пен әскери жүйесі біртұтас мемлекеттік құрылым болған деп тұжырым жасайды автор. Мемлекет болған соң басқарудың заңдастырылған құқықтық жүйесі де қолданылатыны заңдылық. «Заң жинағы патша сарайында тұрады, қажет адамдар онымен барып таныса алады» деген дерек қаңлы мемлекетінің ел басқару жарғысы болғандығын көрсетеді.

Деректер Кангюй мемлекетінің халқының саны 120 мың түтін, жан саны 600000 адам, әскері 120000 болғандығын растайды. 120000 атты әскер сол заман үшін жер қайысқан қол, қуатты күш, бұл ірі әскери құрама. Мұндай патшалыққа көрші елдердің елшілік жіберіп, саяси, дипломатиялық қатынас орнатуы, сауда-саттық жасауы заңды нәрсе әрі қаңлы мемлекетінің айбарының асып, өркендеп, қанат жайғанының айқын бір дәлелді көрінісі.

Академик С.Толстовтың «Древний Хорезм» (1948 ж.) атты іргелі зерттеу еңбегінде Кангюй иран деректерінде Қаңха-Хорезм болып екі түрлі аталынып келгенімен бір ғана мемлекеттің аты деген қорытындысы шығыстану ғылымында жаңалық болды. С.Толстовтың еңбегіне сілтеме жасаған Ә.Қайдар Қаңлы//Кангюй//Қаңха//Хорезм деп аталынған мемлекеттің тарихын әлі де тереңдеп зерттеп, зерделей түсу қажет деп санайды.

Қаңлының тіліне қатысты ғалымдар арасында да болжам бар: Б.Ғафуров қаңлыны шамасы иран тілді, Сырдария сақтарының мұрагері болуы керек десе, А.Бернштам қаңлыны түркі тілдес халық деп санаған. Автор қаңлы тілінде жазылған «Заң ережелері» (б.з.д. II ғ.), «Қаңлы тілінің сөздігі» (XIV ғ.) т.б. жазба мұралардың бізге жетпей, іс-түзсіз кеткендігі жөнінде тың дерек бере кетеді. Сондай-ақ автор Қаңлының рәміздері, туы, ұраны, таңбасына да тоқталып өтеді. Автордың материалдарды оқырманға жеткізу тәсілі мен формасы, ғылыми баяндау стилі, жанры, мүлде өзгеше, соны дүние болып шыққан. Кітапты тұтастай алғанда оның әр тарауының өзі зерттеу мақсатын нәтижелі түйіндеген, бөлек-бөлек аяқталған еңбектей әсер қалдырады.

Қаңлы мемлекетінің рухани-мәдени өмір-тіршілігі қандай болған? Қаңлы мәдениетіне байланысты бізге жеткен дерек көздері ол жөнінде не дейді? Автор тарихи-археологиялық материалдар мен басқа да жазба деректерге сүйене отырып, қаңлы мәдениетінің дамуын шартты түрде үш кезеңге бөліп қарайды. 1) Кангюй мемлекеті (б.з. VII–VIII ғғ. дейінгі қаңлы) мәдениеті; 2) Қаңха-Хорезм мемлекеті кезеңіндегі (VIII–XIII ғғ.) қаңлы мәдениеті; 3) Шыңғыс хан дәуіріндегі (XIII–XIV ғғ.) қаңлы мәдениеті. Археологиялық, этнографиялық материалдар казак халқының; сондай-ақ өзбек, түрік халықтарының қалыптасуына ұйытқы болған байырғы қаңлы тайпасының мәдени, рухани даму саласында да айқын із қалдырғанын көрсетеді. Ә.Қайдар қанды тайпасына қатысы бар: Қауыншы – жүн мәдениетіне, Қайрақ-құм мәдениетіне, Кангюй мәдениетіне тоқталады. Бұл мәдени ошақтар б.д.д. IV–I ғасырларға жатады. Сонымен қатар қаңлының әдет-ғұрыптары, діни-салт дәстүрлері, ислам дінін тұтыну сияқты т.б мәселелерде ежелгі тайпаның дүние танымын, тыныс-тіршілігін тереңірек таныта түседі.

Сонымен қатар, қаңлылардың: қарақалпақ, қырғыз, қимақ, ноғай, оғыз, өзбек, татар, түрік, түркімен, ұйғыр, саха, хакас халықтарымен бауырмалдық, туыстық қатынастарын, сондай-ақ беженек (печенек), қалмақ, сақ, селжук, хун, тайпаларымен этностық, генеалогиялық байланыстарын, қатынастарын да жеке-жеке сөз етеді, алайда автор бұл тақырып арнайы зерттеуді қажет етеді деп санайды.

Халық санының өсуі жағынан бүгінде дүние жүзінде үшінші орынға көтеріліп келе жатқан, әлемдегі 48 мемлекет құрылымында ғұмыр кешіп отырған түркі халықтарының әлемдік өркениет тарихынан алатын орны ерекше. Әсіресе, салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптарының ұқсастықтары, тілі мен дінінің ортақтығы көзге ерекше түседі. Десек те түркі халықтарының ішінде дәуірлеп, жеке мемлекет болып, өркендеп өсіп, қанатын кең жайып 7 ғасыр бойы (1300–1923 жж.) ең ірі патшалық құрған Осман империясы саналады. Осы Осман империясының құрылуына қаңлылар, яғни біздің бабаларымыз негіз болған.

Түрік ғалымдары мен Ш.Құдайбердіұлының еңбектеріне сілтеме жасаған автор 7 ғасыр бойы дәурендеген Осман империясының негізін салушы қайы қаңлы Сүлеймен, Ертұғырыл, Осман (Оспан) әулеті екендігін, түріктер де қазақтың бір жұрты болып табылатынын деректер негізінде тереңірек баяндайды.

«Қаңлы туралы сыр шерткен деректер» бөлімінде автор өзі қолданған, пайдаланған зерттеу еңбектер, басқа да әдеби мұралар, жалпы мөлшері 500-ден астам деректерден іріктелген қаңлы тайпасына қатысты пікірлерді оқырманға ұсынады.

Қалай дегенмен де шет жұрттық ғалымдар қаңлыға байланысты өз көзқарастарын, пайымдауларын қағаз бетіне түсіріп кетуінің өзі аталмыш тайпаның тарих сахнасындағы алатын орнының зор екендігіне куәлік береді, келтірілген ой үзіктері оқырман көзін осыған жеткізе түседі.

Қаңлы тайпасының адамзат өркениетіне, түркі әлеміне, қазақ болмысына қосқан үлесіне де арнайы тоқталған ғалым 40 шақты ғұлама ғалымның қаңлы феноменін талдап, берген бағаларын баяндай отырып, қаңлының түркі халықтары тарихында алатын орны мен рөлін тұжырымдап, сараптай отырып, қорытынды ретінде он төрт түрлі ой түйеді.

Біздіңше, «Қаңлы» соңғы кезде жарық көрген еңбектер ішінде деңгейі биік, жаңалығы мол, ғылыми талғаммен жазылған энциклопедиялық сипаттағы туынды. Елбасы қолға алып отырған кең ауқымды «Мәдени мұра» бағдарламасын жүзеге асыру бағытындағы атқарылған елеулі де құнды еңбек болып табылады. Оқырман қауым мұндай байыпты да іргелі, жан-жақты жазылған зерттеуді көптен бері күтіп келген еді. Сол еңбек, енді міне, ғалымдар мен зерттеушілер, ізденушілер, тарихшылар, сондай-ақ қалың жұртшылық назарына ұсынылып отыр.

М.Қазыбек.

«Егемен Қазақстан». 3 шілде. 2004.

Өміршең этнос туралы өнегелі еңбек

ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі Әбдуәли Қайдардың «Қаңлы» деп аталатын зерттеу еңбегі жақында «Дайк-Пресс» баспасынан жарық көрді. Кітап сегіз тараудан тұрады. Автор аталмыш еңбегінің алғы сөзінде: «Тарих – шындық деген сөздің баламасы... Шынайы тарихты біз Ресейдің әйгілі тарихшысы Н.М.Карамзин айтқандай «Тарих – халықтардың қасиетті кітабы, олардың тұрмыс-салты мен тіршілігінің айнасы, жан дүниесі мен әдет-ғұрпының көне естелігі, ата-бабаларының ұрпағына қалдырған өсиеті» деп түсінгенде ғана дұрыс бағалай аламыз» десе, біз де осы пікірге толық қосыламыз.

Бұл еңбек қазақ халқының қалыптасуына негіз болып қаланған іргетасы іспетті көне де байырғы тайпалары – қаңлылардың этникалық тарихына арналған зерттеу. Алайда ол қаңлы әулетіне жататын ру бірлестіктері мен рулардың, аталықтардың тегін, үрім-бұтағын тарататын шежіре емес, оның «тарихи шежіре» деп аталуы қаңлылардың тым ертеден өз алдына ел, ұлыс, дербес мемлекет болып дамуын хатқа түсірген тарихи деректерге, ресми құжаттарға сүйене отырып жүйелен баяндауға байланысты екені хақ.

Егер зиялы қауым «Қазақ халқының негізін құраушы – Қаңлы, Үйсін, Қыпшақ, Найман, Арғын, Алшын, т.б. осы қатардағы ірі-ірі тайпалар» деген пікірмен келісетін болса, онда оның (қазақ этносының) мемлекет болып қалыптасу мерзімі 5 ғасыр (XV ғ.-дан) емес, ең аз дегенде 25 ғасыр екенін де мойындағаны жөн. Өйткені Қазақстан жерінде бұрынсоңды болған 10-нан астам мемлекеттердің ішінде біздің жыл санауымыздан бұрынғы III–II ғасыр Қаңлы, Үйсін мемлекеттері дәуірлеп тұрған кезең болатын. Осы дәстүр үзілмей XIII ғасырға дейін жалғасып, кейін де мемлекеттің басқа түрлері, ал XV ғасырдан соң қазақ хандығы, XX ғасырдың соңында қазақтардың жаңа тәуелсіз мемлекеті қалыптасты.

Сол көне дәуірден бастап бүгінгі дейін Қазақстан жеріндегі мемлекеттердің негізгі тұрғындары, иегері – қазақ халқы және оның көне тайпалары: Қаңлылар, Үйсіндер, Қыпшақтар, Алшындар, т.б. Сондықтан қазақ халқының этникалық негізін құраушы бұл көне тайпалардан олардың атын сақтап келе жатқан бүгінгі тайпалар мүлдем басқа, «Қазақ тарихы мен Қазақстан тарихы бір емес» дейтін жаңсақ пікірлерді аталмыш еңбек теріске шығарады.

Қаңлы тайпасына арналған еңбектің өзекті мәселесіне «қаңлы» атауының шығу төркінін анықтауға байланысты ізденістерді жатқызуға болады. Осы күнге дейін екі түрлі болжам тайталасып келді. Оның біреуі – «қаңлы» атауы (этнонимі) көне түркі тіліндегі қаңға – арба мағынасындағы сөзден, арбаның «қаңқ-қаңқ» еткен дыбысынан шықты

деген пікір болса, екіншісі – «өзен» мағынасындағы апеллатив және өзеннің атауы – гидроним саналатын қаң, қаңға атауларынан туындап, «өзен-су бойындағы адамдар» деген мағынада қалыптасқан атау деп қарау. Автор осы кейінгі нұсқаны құптайды және оның дұрыстығын бай тілдік деректермен жан-жақты дәлелдеп көрсетеді.

«Қаңлы» тарихи шежіресінде кең түрде қарастырылған түйінді мәселелердің бірі – қаңлы/кангюй мемлекеті өз бастауларын қытай бұлақтарынан алатын мемлекеттің құрамы мен құрылымын, басқару жүйесін, әскери күшін, шекарасын, басты-басты қалалары мен астаналарына, оған қарасты 5 иелікті, т.б. жақтарын толық сипаттайды. Қаңлы мемлекетінің рухани-мәдениеті, әдет-ғұрпы, саны, рәміздері, жазуы, діни наным-сенімдері мен басқару-билік жүйесі жан-жақты сөз болады.

Осы орайда атап өтер тағы бір мәселе, Қаңлы мемлекеті кейбір деректерде көрсетілгендей, VII–VIII ғасырларда өзінің дамуын тоқтатпайды. Ол белгілі тарихи-әлеуметтік, географиялық, т.б. себептерге байланысты өзінің жалғасын Хорезм-Қаңға мемлекетінің құрамдас бөлігі ретінде XIII ғасырдың бірінші ширегіне дейін жалғастырады. Бұл қазақ тарихшыларының назарынан тыс қалып келе жатқан мәселе.

Сыр бойында екі өзен (Әму-Сыр дариясы) аралығы Мауереннахр алқабында дүниеге келіп, «қаңлы» атанып қалыптасқан бұл көне түркі тайпасының осы (көнелік) қасиеттеріне байланысты ерте замандардан бері-ақ тек қазақтың ғана емес, басқа түркі халықтарының (өзбек, ноғай, башқұрт, қырғыз, т.б.) да қалыптасуына негіз болғаны еңбекте баяндалады. Бұл дерек қаңлы тайпасының тек Қазақстанда ғана емес, одан тыс жерлерде де кең таралғанын көрсетеді. Қаңлы тайпа бірлестігінің, рулары мен аталықтарының қазақ халқының этникалық негізін құраушы тайпалармен де тығыз қарым-қатынаста дамығанын көресіз. Осыған орай қаңлы әулетінің сонау қиыр солтүстіктегі саха халқымен этникалық байланысы да өте қызық. Қаңлы туралы әңгіменің бір саласы оның ғұн, сақ, беженек, алан, селжүк, т.б. сияқты туыстас халықтармен этникалық байланыстарын іздеуге арналған. Автордың осы бағыттағы ізденістері – жалпы қазақ тарихында, түркологияда сөз бола бермейтін қайы қаңлылардың Осман империясының құрылуына қатыстығын күн тәртібіне мәселе етіп қоюы. Ол көптеген тарихи деректерге сүйене отырып (біраз ғалымдардан, соның бірі Шәкәрім), 7 ғасыр билік құрған (1300–1926) Осман империясының дүниеге келуіне, о баста Сыр бойынан Кіші Азия жеріне көшіп барған Қайы Қаңлы Сүлеймен, Ертұғырыл және Османдар себеп болғандығын баяндайды. Кітаптың «Ай ортақ, Күн ортақ, Жаксы ортақ» деген ұранмен басталатын «Тегі қаңлы игі жақсылар» атты тарауында ертедегі Қытай деректерінде көрсетілген бір топ (ғалым, ақын, қайраткер, т.б.) қаңлы текті азаматтар жайында қысқаша мағлұматтары

беріледі. Сыр бойында XI–XII ғасырларда өмір сүрген тұрғындардың ба-сым көпшілігі Қаңлылардың қалың тайпасынан тұрғандығы тарихи де-ректерден белгілі. Қыпшақтардың бұл өлкеге келе бастауы XI ғасырдан кейін ғана. Осы тәрізді объективті деректерге сүйене отырып автор осы өлкеде Орта ғасырда жасаған ұлы адамдардың біразын атап кетеді.

Қалай болғанда да, Қаңлы тайпасы Үйсін, Қыпшақ тайпаларымен қатар, қазақ халқының қалыптасуына ұйытқы болған, Сыр бойында қалыптасып, «өзен-су адамдары» атанған түркі тілдес жергілікті көне тайпаларға жатады.

Зерттеу еңбектің жазылуына байланысты ғалым тарапынан әр алуан бұлақтардан жинақтаған деректердің жалпы саны 1,5 мыңдай екен. Ав-тор солардың 500-дейін ғана кітапта пайдаланыпты. Қалған деректердің бірнеше жүзі кітаптың бір тарауында түпнұсқада келтірілген қалпында беріліпті. Қаңлы тарихына қызығатын адамдар «Қаңлы туралы сыр шерт-кен деректер» атты тараудан көп нәрсені аңғарып, өзінше пайымдауға мүмкіншілігі бар.

Кітаптың ең соңғы «Қаңлының адамзат өркениетіне, түркі әлеміне және қазақ болмысына қосқан үлесі» деп аталатын қорытынды тара-уында автор түркі әлемінде берілген «қаңлы» атауының 40 түрлі анық-тамасын келтіріп, оны сараптау арқылы 14 түрлі ойтүйінін ортаға сала-ды. Қаңлы ұғымының мәнін автор, академик Әбдуәли Қайдар: «Көне дәуірде зор мемлекет құрып, дәурендеген, өзіндік салт-дәстүрін, ел би-леу жүйесін қалыптастырған, игі-жақсыларымен Азия құрлығына атақ-даңқы шыққан, текті де парасатты, түркі әлеміне тамырын терең жайып, кең тараған, өркениетті де өміршең этнос» деп түсіндіріпті. Әрине, мұны жаны бар сөз деп білеміз.

С.Дәуітов.

«Zaman-Қазақстан». 9 шілде. 2004.

Қаңлы тарихына қатысты еңбек

Профессор Әбдуәли Қайдардың «Қаңлы» атты монографиясына («Дайк-Пресс» баспасы, 2004 жыл) дейін қаңлы тайпасының шығу та-рихына тоқталмаған бірде-бір шығыстанушы ғалым жоқ шығар. Олар түріктерге қатысты мәселелерге тоқталғанда қаңлы тайпасы туралы тиіп-қашпа пікір жазып қалдырған.

Ресей отары болмастан бұрын, қазақтар дербес ел кезінде, халқымыз өзінің шығу тарихын білуге айырықша көңіл бөліп, өздерінің тарихи шежірелерін жазған және кейінгі ұрпақтарға мұра етіп қалдырып отыр-ған. Оның айғағы – кітапханаларда том-том болып жиналып жатқан дүниелер. Мысалы, М.Х.Дулатидың «Тарих-и-Рашиди», Қадырғали Жа-

лайыридің «Жәмиғ-әт-тауарих» жылнамалары, Ш.Уәлихановтың «Ұлы жүз шежіресі», М.Шорманұлының, А.Ниязовтың, Ә.Бөжейұлының, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шежірелері. 1911 жылы Шәкәрім Құдайбергенұлының «Түрік, қырғыз-қазақ, һәм хандар шежіресі» Орынбордан басылып шықты. Осылай өз халқының тарихи шежіресін жазу ерте заманнан әдетке айналып кеткен қасиеттердің бірі. Ол шежірелер қазақ халқының рухани байлығы.

Бұл дәстүр Ресейге бағынышты болғаннан кейін әлсіресе, Кеңес үкіметі кезінде халық шежіресін, оқып-білуге тыйым салынды. Рудың, тайпаның тарихи шежіресін зерттеу былай тұрсын, бұлар туралы өзара сөйлесу де күнделікті салттан шыға бастады. Шыққан тегін сұрасқан адамды «рушыл», «жікшіл адам» деген ұғым қалыптасқан еді. Бұл ұғым жастарды тегін білуден айырды. Кеңес үкіметі кезінде туған ұрпақтардың көпшілігі жеті атасын білмей өсті, білуге де қызықпады. Бара-бара жастар жеті атадан асып үйленетін дәстүрден айырылып, халқымыздың сапасын төмендетіп жіберді. Бұл қазақтың полигамиялық үйлену салтына дейін жеткізуі мүмкін.

Автор Қаңлы атауына тоқталып, «Қаңлы этнонимінің төркінін, шығу тегін, мән-мағынасын, қолдану аясын, нұсқаларын жеке-жеке айқындап, оларды былайша талдаған. «Сүйген құлдың аты көп дегендей, қаңлы тайпасының 47-ден астам туынды варианттары бар екен. Оларға баспа-бас тоқталып, қаңлы атауы және оның көптеген (40-тан астам) түбірлес, туынды варианттары – «өзен-су» мағынасындағы бір буынды «қан»/«қаң» тұлғалы гидронимдік апеллатив негізінде пайда болған, «өзен адамдары», «өзен-су бойында жасайтын тайпа», «өзенді, сулы-нұлы өлкеде өскен ел» деген мағынада қалыптасқан этноним және этнопоним.

Автордың бұл көзқарасын қаңлы тайпасының туынды этнонимдері жан-жақты талдауының нәтижесінде туындаған ғылыми пікірін қолдаймыз. М.Қашқаридың айтуы бойынша, Қаңлы (қаңқа) – патшалықтың аты. Оның осы атауымен аталған мемлекетіне кірген тайпалар, халықтар жалпы қаңлы атымен аталған. Олар жергілікті сақ тайпаларынан өрбіген ұрпақтар болып, Амурдрия мен Сырдария өңірлерін мекендеген және құлшылық мемлекетін құрған. Ә.Қайдар осы еңбегінде қаңлылар туралы қытай деректерін келтіреді. «Ал, қаңлылар болса, өркөкірек, айлакер, күні бүгінге дейін біздің (Қытай – У.Ш.) елшілерімізбен амандаспай, тілдеспей қашықтап жүр. Қытай жіберген елшілер болса, бұларды үйсін сияқты елдерден барған елшілердің аяқ жағына отырғызыпты, хандар мен игі-жақсылары тамақтанып болғаннан кейін ғана Қытай елшілеріне дастархан жайыпты. Сөйтіп, біле тұра біздің елшілерге құрмет көрсетпепті.

Кезектегі екі тарауда «Қаңлы мемлекетіне» тиісті мәселелер археологиялық, тарихи, лингвистикалық, фольклорлық деректердің негізінде қаралған. Еуропалықтардың «Түрік әлемінің ежелгі Отаны – Орталық Азияда «құлшылық қоғам» үстемдік етпеген» деген шындыққа жатпайтын көзқарас осы күнге дейін өзгерген жоқ. Кейінгі кездегі археологиялық, тарихи және әдеби, тіл, т.б. ғылымдардың қол жеткізген өте бай деректері антикалық заманда орталық Азияда құлдық қоғамның болғанын дәлелдейді. Оның алғашқыларын құрған қаңлылар екенін автор жан-жақты айқындай түседі. Тарихтан белгілі, б.з.д. II-б.з. VI ғасырларында Тұран елінде Қаңлы, Ферғана, Тохаристан, Кушан империясы және Эфталит құлшылық мемлекеттері болған солардың негізін салушы – қаңлылар б.з.д. II ғасырдағы Қытай деректері бойынша, қаңлы құлшылық мемлекетіне Амудария мен Сырдарияның өңірлеріндегі жерлер қарағаны айтылған. Бұхара, Шахрисябз, Кушани (Қаттақорған төңірегі) Ташкент өңірі, Хорезм өлкесі, Көне Үргеніш қаласы.

Қаңлы мемлекетінің тарихына тиісті деректердің ішінде алғашқы қытай жылнамалары мен деректерін кең пайдаланып, автор қаңлы мемлекетінің құрылымына, басқару жүйесіне, қоғамдық-саяси жағдайына, мәдениетіне, қаңлылардың тараған аймақтарына тоқталған. «ҚАНГЮИ мемлекеті – түркі әлеміндегі ең көне мемлекеттердің бірі. Ғұн//хүн мемлекеті, Үйсін және ҚАНГЮИ мемлекеттері – бір заманда қатар жасап, дәуірлеген мемлекеттер» екенін тарихи деректермен дәлелдеген. Солардың бірі, көп жылдар бойы Амудария мен Сырдария өңірлерін кешенді зерттеген академик С.П.Толстовтың ұйымдастырған және басқарған Хорезм археологиялық-этнологиялық экспедициясының өте бай деректерінен де көп мәліметтер келтірген. Автор тіл маманы болғандықтан, қаңлы тілі мен жазуына, рухани мәдениетіне ерекше мән берген.

Орталық Азиядағы антикалық заманда құрылған алғашқы құл иелеуші Қаңлы мемлекеті болғанын, оның өркениетті мәдениетінің заттық және рухани мәдениетінің іргетасын қалағанын, сондай-ақ, түрк өркениетінің негізін құрушылардың бірі болғанын ғылыми дәйектілікпен дәлелдеген. Қаңлы мемлекетінің өркениеті, мәдениеті С.П.Толстовтың «Древний Хорезм» (1948), «По следам древне хорезмской цивилизации» (1948), «По древним делтам Окса и Яксарта» (1962) монографияларында да жазылған болатын. Осы екі ұлы өзеннің алқабы Қаңлы тайпасының (халқының) отаны болғаны «Қаңлы» кітабында ашық айтылады, тарихи деректерге тура келеді. «Самархан (Қаңжүй хандығы, яғни Қаңлы мемлекеті) хандығының қыстық астанасы (бұрын Люениди еді). Битян қаласы болды...». Осы мәліметтің шындығы – қазір де қаңлы руының шоғырланған аймағы Амударияның және Сырдарияның орта ағыстары екендігінде.

III–VII тарауларда қаңлы тайпасының әлем түріктеріне таралуы жан-жақты талданған. Олардың басым көпшілігі Ұлы екі өзеннің алқаптарындағы қазақ, өзбек, түрікпен, қарақалпақ, қырғыз және басқа түрік халықтарының арасында көбірек кездесетіні айтылған. Қаңлылардың барша түріктердің арасына кең тарағаны туралы халық аузында осы күнге дейін сақталып келе жатқан: «Қарға тамырлы қазақ» атты мақалды келтіріп, автор оны былайша түсіндіреді. «Ол сөздің мәні де барша қазаққа түсінікті, ол о баста: топ-топ болып ұшып жүретін қарғалар тәрізді, біріне-бірі өте ұқсас, түр-түсі, бет-пішінімен оларды бірден айыра қою қиын болғандығына байланысты туындап, бара-бара қазақтың алыстан, жеті атаның аржағынан қыз беріп, қыз алысуын, құдандалықтың мың жылға созылып, сүйек жаңартып тұруынан қалыптасқан туыстық ілікшатыстығына байланысты болса керек. Ол қалың қарғадай қаулап өсуді де аңғартатын сияқты: «сұраса келе, қойнындағы қатыны қарын бөле шығыпты» дейтіні содан.

«Қарға тамырлы қазақ» деген мақал қазақ халқының арасына кең таралған. Біздіңше бұл сөздің мәнін Ә.Қайдар дұрыс бере алмаған. Қазақтар: «біздер қарға тамырлы қазақпыз ғой, сұраса келе қарын бөле болып шығамыз» деп сөйлеседі. Олар өзара сұраса келе туысқан болып шығады. Олардың туыстығының алыстығы бөле болып келеді, яғни екі туысқан әйелдің балалары бір-біріне «бөле» деп аталады. Осындай туыстықты білу үшін, осы мақалды қолданады. Мұндай бауырлық айқыш-ұйқыш бір-бірімен байланысып жатқан қарғаның тамырлары сияқты. Қазақтар жан-жануарлардың анатомиясын өте жетік білген. Қарғаның тамырлары бір-бірімен шиеленісіп жатады. Міне, осыны мысалға алып, қазақтың шиеленіскен туыстығын білдірген. Бұл мақалды Қаңлы тайпасының барлық түріктердің арасына таралуына және көрші түрік емес халықтардың іштеріне енуіне қолданылудың реті келіңкіремейтін сияқты.

Біздіңше, Қаңлылардың осынша көп тарауының себебін тарихи-әлеуметтік және саяси жақтан қараған Ә.Қайдаров ҚСЭ-на «Қаңлы» атты жазған мақаласында: «Халық арасында сақталған», «Кәделі елде қаңлы бар, қаңлыдан хан сайла», «Қаңлы тұрғанда басқа хан болмайды» деген қанатты сөздер, сайып келгенде, қаңлы тайпасының осылайша кеңінен тарап, мұрагерлік, аталық дәстүрге ие болғандығын көрсетеді» деген пікірін де айтқан болатын. Бұл жерде автор Қаңлы тайпасының осынша көп таралуының себептерін айқындауда бірқанша шындыққа жақын келгенін байқауға болады. Түріктердің тарихында, антикалық дәуірде Амудария мен Сырдарияның алқаптарын түгелімен иеленіп, отырықшы мәдениеттің іргесін қалап, құл иеленуші мемлекет құрған, өркениетке ерте жеткен көптеген тайпаларды қол астына біріктірген де – қаңлы тай-

пасы. Олардың арасында осы қос өзенді мекендеген оғұз тайпалары да болған. Қос өзен бойындағы аттары аталған құл иеленуші мемлекеттерін билеген. Нәтижеде Қаңлы бірлестігінің арасында ел билейтін, дарынды, ержүрек, батыл азаматтар шыққан. М.Қашқари: «Қыпшақ тайпасының жақсы-жайсаң ұлықтары қаңлылар еді» дегенді тегін айтпаған. Қытай деректерінде қаңлыларға жоғары баға бергенін әлгінде айттық. Солардың тағы бірі: «Тек қаңлы елі ғана бізге оң қабақ танытпай отырғаны анық. Ал, біз болсақ, хун қағанының (қаңлы патшасының) дәл астында тұрғандай мәміле жасап отырғандай болып көрінудеміз» деген де дерек бар.

Осы деректерге қарағанда, Қаңлы бірлестігіне кірген тайпалардан елдерді басқара алатын, оны қорғаудың тәсілдерін жетік білетін жайсаң ұлдары шыққанын байқаймыз. Сондықтан да, түріктердің арасында ел басқарушыларды, хандарды қаңлы бірлестігінен сайлау түріктердің арасында дәстүрге айналғаны байқалады. Амудария мен Сырдария олардың атыраптары Қаңлылардың ежелгі мекені болғанымен, олардың ішінен шыққан жайсаң азаматтары барлық түріктердің арасына барып, ел билеген. Сол жерде өзінің ұрпақтарын қаңлы руы бойынша санаған. Сондықтан да, Қаңлылар барлық түркі әлеміне, басқа көрші елдерге де барған. Ә.Қайдар өзінің монографиясында түріктердің бәрінде де қаңлылардың болғанын дәйекті түрде көрсеткен. Бірақ, автор «қаңлылар, әрбір түріктердің арасына бөлшектеніп көшіп барған» деген пікірге келеді. Біздіңше, олай болмаған. Олар өздерінің ежелгі Отанында отырған. Олардың ішінен белгілі ел билеушілер басқа руларға, тайпаларға барған. Қаңлылар өздерін барған жерінде этнонимі бойынша атап отырған. Қаңлылардан хан және тағы басқа басшыларды сайлау дәстүрі Шыңғыс хан империясын құрғанға дейін сақталып келген. Енді, қаңлылардың орнына хандарды Шыңғыс ханның әулетінен сайлайтын дәстүр түріктердің арасында кейінге дейін сақталған.

Монографияның соңғы тарауында Қаңлы тайпасының адамзат өркениетіне, түрік әлеміне және қазақ болмысына қосқан үлесін бай, дәйекті деректермен қарастырған. Келтірілген мәліметтерге қарағанда, қаңлы бірлестігі түрік тарихына да айтарлықтай үлес қосқанын байқау қиын емес.

У.Шәлекенов.

«Ана тілі». 5 тамыз. 2004.

Историческая родословная канэпы

Становление и развитие суверенного государства – Республики Казахстан знаменуется глубокими и кардинальными преобразованиями в экономике, культуре, идеологии, т.е. во всех сферах общественно-экономической жизни современного казахского общества. Рост национального

самосознания, возрождение самобытной и богатой культуры обусловили широкий и неподдельный интерес к духовным истокам народа, историческому прошлому, охватывающему долгий путь длиною более XXV веков.

Именно в таком колоссальном временном диапазоне рассматривается академиком Национальной академии Республики Казахстан, профессором Абдуали Кайдаром этногенетическая и духовная история одного из древнейших тюркских племен – **канглы**, сыгравшего заметную роль в этнической, политической и культурной истории целого ряда тюркских государств и народов. Как указывает сам автор фундаментального исследования, определивший его жанр как «тарихи шежире» (историческая родословная), было бы исторически несправедливым и непростительным ограничивать этническую и культурную историю казахского народа V–VI веками, тогда как крупные роды (племена), к примеру, такие как уйсун, канглы, послужившие основой и ядром этногенеза казахов, известны еще в III–II веках до нашей эры в Древней Азии как народы, имевшие свою государственность в течение ряда веков.

Жанр «тарихи шежире» (историческая родословная), как подчеркивает А.Кайдар, отличается от «ұлттық, халықтық, тайпалық шежіре» (национальной, народной, племенной родословной) тем, что в исторической родословной этногенетическая история этноса (рода, племени) прежде всего, опирается на историческую правду, т.е. на исторические факты.

Следуя данному принципу, автор в своем труде, посвященном исторической родословной **канглы**, использует огромный научный материал более 500 научных публикаций по истории **канглы**.

Представляется вполне справедливым также мнение маститого ученого о том, что до сих пор казахстанскими историками не созданы подлинно научные, целостные исследования по истории древнейших казахских родов, хотя по ним имеется достаточно значительный научный материал. Изучение истории этих родов позволило бы по-новому взглянуть на XXV-ти вековую историю казахов, тогда как многотысячелетний путь древнего народа в традиционной казахстанской исторической науке ограничивается короткими пятью веками. «Без ложной скромности следует заявить, – подчеркивает академик А.Кайдар, – что казахи являются прямыми потомками и наследниками древнейших уйсуней и **канглы**, как и впрочем не менее древних других племен – аргынов, кереев, найманов, адаев и т.д., так как об этом прямо и беспристрастно свидетельствуют исторические факты». Ученый с горечью замечает, что игнорирование этих фактов – преднамеренное или традиционно-непроизвольное, отношение истории этих родов к «общетюркской истории», или же необоснованные обвинения попыток ученых и энтузиастов разобраться в своих генеалогических истоках и корнях в «вульгарной социологизации» не

делают чести отечественной науке и, самое главное, мешают открыть многие стороны и новые страницы исторической правды о сложном и мучительном пути собственного народа.

Надо отдать должное смелости, прозорливости и многогранному таланту академика А.Кайдара, посвятившему свой исследовательский дар изучению сложного феномена «**канглы**», и открывшего самым блестящим образом новые страницы и аспекты в решении проблем кангловедения.

Монография академика А.Кайдара состоит из восьми разделов, в которых автор попытался дать научную интерпретацию лингвистическим, этнологическим, этнополитическим, духовно-культурным, этногенетическим, историографическим и др. аспектам такого сложного феномена как **канглы**. О том, что история **канглы** есть феноменальное явление не должно возникать никаких сомнений, так как, по словам А.Кайдара, если становление, развитие и угасание какого-нибудь этноплемени занимает 1–1,2 века, то этнополитическая история **канглы** насчитывает 23–25 веков. Исключительность или беспрецедентность феномена, именуемого «**канглы**» последовательно и аргументировано раскрывается автором на шестистах страницах монографии «Қаңлы (тарихи шежіре)» – Алматы, «Дайк-Пресс», 2004.

В первом разделе своей книги языковед – академик А.Кайдар дает скрупулезный и обстоятельный анализ свыше сорока вариантов этноназвания **канглы**. Автор считает, что эти четыре десятка фонеморфемных вариантов происходят от одного корня – основы, обозначающего понятия (вода – река). Ареал гидронимического термина ***қан/*кан** (и его вариантов) впечатляет, так как данный термин (и его варианты) встречаются на громадных территориях распространения тюркских, монгольских, тунгусо-маньчжурских, китайского, корейского, японского, вьетнамского, славянских и других языков. Этот термин (и его многочисленные варианты) на трансконтинентальных ареалах употребляется бесчисленное количество раз в качестве этнонимов, ойконимов, гидронимов, этнотопонимов, антротопонимов, гидронимических, ойконимических и других терминов. Список апеллятивных и онимических названий, производных от ***қан/*кан** поистине огромен – в качестве иллюстрации приведем лишь его малую часть: **Ганг, Кан, Жем, Ханг, Кен, Кем, Кан, Кэну, Кэнерс, Кежгу, Кенегес, Кеңірес, Кенгерлу, Кеңір, Қенез, Канжю, Кан-го, Қаңға, Кангала, Кангар, Қаңғи, Қанғи, Қанғал, Қанғалас, Қангароғлы, Қангит, Қаңғули, Қаңқа, Қаңқай, Қаңқалиян, Қаңлы** и другие. Общее количество этнонимных названий племен родов, родовых объединений, этнических групп с компонентом **канглы** составляет около 90-а этнолексем. Такую высокую продуктивность от этнонимных назва-

нии с ключевым словом **канглы** академик А.Кайдар объясняет многовековой продолжительностью историк канглы, когда, имевшие общую этногенетическую основу, этнические группы в течении тысячелетий дробились, дифференцировались, создавая новые этнические образования (роды, племена и т.д.). Языковые факты показывают, заключает автор исследования, что **канглы** являются одним из древнейших тюркских племен-aborигенов казахской земли, принявших участие в этногенезе и становлении этноса казахов и также других этносов на обширных просторах Евразии.

Другой ключевой и не менее сложной проблемой кангловедения является проблема государственности **канглы**, роли и места государств древне – (и до-) тюркских, средневековых **канглы** в мире кочевой цивилизации. Следует признать, что еще до нашей эры на земле современного Казахстана появились государства уйсуней и канглы, стоявшие вровень с развитыми странами Китая, Индии, Ирана, Кушана и т.д.

История государственности **канглы** прослеживается академиком А.Кайдаром на основе изучения летописных китайских хроник, введенных в научный оборот китайскими историками, Я.Н.Бичуриным (Иакинфом), отечественным ученым Койшыгарой Салгариным, а также другими авторами. Касаясь проблемы государственного устройства, системы правления и прочих механизмов и атрибутов власти государства **канглы**, автор отмечает семь важнейших (с его точки зрения) принципиальных моментов, которые очень кратко можно сформулировать следующим образом: 1) государство **канглы** возникло, вероятней всего, не в III в. до нашей эры, а двумя, тремя веками раньше; 2) этнической основой государства явилось древнейшее этническое образование **канглы**, расселенное в регионе реки Сыр-Дарья; 3) государство **канглы** представляло собой феодально-патриархальное государство с военно-аристократической верхушкой, стремящееся мирно, а также военной силой подчинить родственные и не родственные племена; 4) государство обладало суверенитетом и проводило политику мирного сосуществования с другими государствами; 5) государство управлялось на основе письменных законов (быть может и конституции); 6) в государстве был принят принцип наследования власти и управление государством осуществлялось на пяти ступенях власти, расположенных по принципам иерархии; 7) принцип ступенчатой иерархической системы правления применялся и в отношении вассальных и зависимых от государства **канглы** стран.

Вслед за академиком С.П.Толстовым А.Кайдар выдвигает идею преемственности между древнейшим государством Кангю и Канха-Хорезмским государством.

Касаясь проблемы языка и письменности древних и средневековых **канглы** автор рецензируемой монографии придерживается мнения что в историческом прошлом существовали свой этнический язык и письменность **канглы**. «Со всей научной ответственностью хочу заявить, – пишет академик А.Кайдар, – что древние канглы как и уйсуни являлись тюркоязычными племенами». Такая уверенность маститого ученого, конечно же, основывается на глубоком и многолетнем изучении многих и многих научных данных, касающихся в той или иной степени этой проблемы.

Наличие письменных традиций, как известно, является признаком высокой ступени цивилизованного развития любого государства. В языке канглы такие письменные традиции существовали, свидетельствами коих могут быть «Правила (или уложение) Закона (II в. до н.э.) и «Словарь языка канглы» (XIV век), к сожалению, безвозвратно потерянные в глубине веков.

Не обойдены вниманием А.Кайдара и символы государственности **канглы**: тамги, ураны, знамена и т.д. Имея развитую государственность с многовековыми традициями, **канглы** обладали богатой культурой, истоки которой могут быть отнесены к IV–I векам до н.э. С этой точки зрения сопричастными к древней культуре **канглы** можно считать кауынчи-джунскую, кайраккумскую и собственно кангюйскую культуры. Автор подробно описывает характерные особенности культур Канха-Хорезмского периода и времени эпохи Чингисхана.

Этносоциальное сообщество канглы за свою многовековую историю претерпело господство и смену по крайней мере четырех основных религий: буддизма, тенгрианства, христианства и ислама. (154-157 С. рецензируемой монографии). Столицами государств **канглы** в разные исторические периоды, как предполагает А.Кайдар, были города Лугатнук, Кангха (упоминаемое в Авесте), Отырар, Тараз, Алмалык. Древний народ **канглы** и его генетические потомки занимали и проживают по настоящее время на огромных территориях и государствах Евразии – в Казахстане, Средней Азии, Малой Азии, в междуречье Волги и Урала, в Узбекистане, Восточном Туркестане, Китае, Монголии, Турции, в Крыму, Якутии и т.д.

Третий раздел монографии академика А.Кайдара посвящен взаимоотношениям **канглы** с более чем тридцати этносами, этническими группами и родами. Эти этноисторические взаимосвязи рассматриваются в аспекте взаимоотношений: а) с казахскими родами; б) с тюркскими этносами; в) с нетюркскими народами (205-278 С. монографии).

Небезинтересным представляется содержание четвертого раздела монографии, в котором прослежено участие племени кай-канглы в создании Великой Османской империи, простиравшей свои владения на террито-

риях трех континентов – Азии, Европы, Африки и просуществовавшей семь веков (1300–1923 гг.) В этом разделе А.Кайдар приводит данные французского ученого К.Д.Оссона, русского ученого А.Н.Аристова, работы М.Тынышбаева, Шакарима Кудайбердыулы и др. в которых сообщаются исторические факты и сведения об истории создания Османской империи Ертогрулом, его сыном Османом и их прямыми потомками (правлящей династией) – выходцами из тюркского рода каи-канглы. Интересным и познавательным является содержание и пятого раздела монографии, в котором дана целая галерея выдающихся представителей древнейшего рода **канглы**. Имена многих знаменитых людей из рода **канглы** неизвестные широкой публике, и сведения о них подчеркнуты автором монографии из исторических источников и научных работ китайских, монгольских, европейских, славянских и др. ученых.

«Если история вершится народом и народами, то и в истории этих народов яркими звездами запечатлены имена их выдающихся представителей. Пора избавиться от ложной скромности и затаенного опасения быть неправильно понятым, которые мешают объявить того или иного национального героя или знаменитого человека выходцем из определенного казахского рода», – считает академик А.Кайдар.

Выдающийся человек принадлежит не только народу и стране, но и к конкретному роду, семье, в котором он родился и вырос, и в менталитете казахов знание родословной (жеті ата), своих корней и принадлежности к тому или иному роду вызывало искреннее уважение, и в этом не было ничего предосудительного и зазорного.

Известно, что знание о своей родовой принадлежности, о своих генеалогических началах, межродовых и внутривидовых связях сохраняются в определенной степени и в современном казахском обществе. Отношение людей к такому роду знаний не однозначны: одни видят в них особую форму ощущения принадлежности к этносу, другие – вредные пережитки родового сознания и чуть ли не проявление трайбализма.

А.Кайдар пишет, что шежіре – это историческая память народа, духовное наследие, передаваемое от поколения к поколению, ценная сокровищница знаний, сохраненная в виде легенд и преданий. В настоящее время наблюдается целый бум публикаций шежіре. Однако, как замечает академик А.Кайдар, в этих публикациях отсутствует исторический обзор (исторический фон), не используется научная литература, нет системного анализа фактического материала шежіре.

Следует подчеркнуть, что известным ученым, профессором А.Кайдаром, предпринята серьезная и весьма успешная попытка создания некоего образца научной исторической родословной (тарихи шежіре) на материале родословной **канглы**. В 6 разделе монографии автор дает

аналитический обзор генеалогических родословных **канглы**, опубликованных до настоящего времени. К объектом, имеющих отношение к родословной **канглы**, А.Кайдар относит такие феномены как «уш жуз» (три жуза), «Алаш» (этносоюз племен, уран, народ, казахи как народ). В данном разделе монографии подвергнуть научному анализу этногенетические и иные связи **канглы** со многими тюркскими этносами, а также с древнейшими шумерами; затронута тема генезиса **канглы**.

Своеобразным и оригинальным представляется содержание 7 раздела монографии, в котором представлен выбранный автором из 500 научных публикаций по проблеме **канглы** 125 работ в так сказать, «чистом виде», т.е. без комментариев и научной интерпретации составителя. По мысли А.Кайдара, читатель, а также потенциальный исследователь данной проблемы имеет возможность самостоятельно и непредвзято ознакомиться с «первичным» материалом» и осмыслить многие факты и положения, имеющие отношение к проблемам феномена «**канглы**».

Поступательное развитие человечества немислимо без посильного вклада человека и народов мира в дело прогресса всех без исключения сфер и сторон человеческой жизни и человеческого общества. В 8 главе «Исторической родословной **канглы**» автор попытался показать уровень и определенный объем вклада древнейшего этноса **канглы**, внесенного им в развитие и приумножение социально-исторических, духовно-культурных, этнодемографических и иных ценностей тюркского мира и всего человечества.

На заключительных страницах монографии автор замечает, что его труд не является всеобъемлющей гражданской, этнической историей канглы, а всего лишь может являться одним из первых примеров создания исторической родословной одного из древнейших этносоциальных образований тюркского мира. Вследствие этого, как вполне справедливо и самокритично указывает автор, в данном труде наблюдается, в отдельных случаях, обилие исторических фактов и исторической информации без должной их научной интерпретации и анализа. Некоторые разделы, положения и постулаты рецензируемой монографии требуют дополнения, разработки и дальнейшего уточнения. Вполне понятно, что решение любой крупной научной проблемы или разработка фундаментальной научной темы не по силам одного ученого и требуют совместных усилий многих ученых.

Тем не менее, можно с удовлетворением отметить, что с появлением солидного научного труда по исторической родословной **канглы**, выполненного академиком НАН РК, профессором Абдуали Кайдаром, можно связывать обретение новых научных истин по проблемам кангловедения. Данное исследование может служить одним из примеров научных изыс-

каний и дальнейших разработок различных аспектов и проблем сложной и интереснейшей истории целого ряда древнейших казахских (тюркских) родов и племен.

*К.М.Байпаков, Е.А.Керимбаев.
«Туркология». №1. Январь-февраль. 2005.*

Үлттық тарихымыздың ұлағаты

Кітап жөнінде ең алдымен қадап айтар нәрсе, бұл еңбектің құлағымызға әбден үйреншікті болып кеткен халықтық, не тайпалық шежіре емес, ғылыми негіздегі тарихи шежіре екендігі. Яғни осы уақытқа дейін көзіміз шалып жүрген тайпалық шежірелердің негізгі мақсаты белгілі бір этностың генеологиялық түп-төркінін анықтап оның өсіп-өнген әулет, ұрпақ жалғасын айқындап, тарату барысында көбінесе арнайы зерттелмеген ауызекі мағлұматтарға (аңыз, мифологиялық, астрологиялық, т.б.) сүйенетін жанр болса, тарихи шежіре этностың даму процесін, қоғамдық, әлеуметтік өмірін, рухани-мәдени құндылықтарын, өріс-қонысын, тағы басқа тарихи танымдарын сөз еткенде тек нақтылы деректерге сүйенетін жанр. Нақтылай түссек, тарихи шежіре де, аты айтып тұрғандай, тарихи шығарманың бір түрі, ондағы әңгімеге арқау дәйек-мәліметтің баршасы тарихи шындыққа – жазбаша қалыптасқан деректер мен мағлұматтарға негізделеді. Бірақ... бірақ тарихи шежірені сол этностың бірден-бір тарихи ретінде қарау да дұрыс емес. Өйткені, шын тарихтың көтеретін жүгі басқа: жалқылық! Ал ағылшын ойшылы Иан Маклеодтың «Тарих дегеніміз – тіпті тарихшылардың өзіне де сеніп тапсыруға болмайтын өте күрделі шара» деген мәлімдемесінің астарында осы ой жатыр. Десе де бұл келтірген мысалымыз «Қаңлының тарихи шежіресінің» көтерген жүгін бір мысқал да төмендетіп тұрған жоқ. Керісінше, шын тарихтың ұлағатты ұғым екендігін, оған көздің қарашығындай абайлап, қастерлеп қарау керектігін ұғындырып тұрғандай.

Жасыратыны жоқ, қаңлы туралы сөз болса ең алдымен көне тайпалық құрылымның аты тіл ұшына үйіріледі. Онымен бір мезгілде екі дөңгелекті арба көз алдымызға көлденеңдейді. Неге? Қаңлы мен арбаның қатар аталатыны неліктен? Қаңлы атауының шығу төркініне байланысты бұл жорамал сонау VIII ғасырда дүниеге келген «Оғызнама» дастанындағы аңыз-әңгімелерден өрбитіні белгілі. Аңыз бойынша, «қаңлы» оғыз сарбазы жасаған арбаның қаңқ-қаңқ еткен дыбысына байланысты шыққан дейді. Ал Ә.Қайдар бұл жорамалды жаңсақ, ғылыми тұрғыдан негізсіз санайды. «Дәл осы дастанның өзінде («Оғызнаманы» айтып отыр – Б.Ш.) қаңлыны арба-қаңғадан таратса, қыпшақты ағаш қабығынан таратады... көңілге күдік, сенімсіздік тудыратын мұндай жорамалдарды біз ұйғыр,

арғын, найман, қоңырат, үйсін, қырғыз, ноғай, татар, қалаж, т.б. сияқты түркі халықтары мен тайпаларының аттарынан да кездестірдік. Сондықтан бұл ойдан шығарылған, қиуы қиыстырылмаған версия ғана» дейді автор. Біз де бұл пікірмен келісеміз. Дегенмен, бізден бір ой: **қан/қанқа//қаңлы//** арба сөздерінің арасында ешқандай байланыс жоқ деп одан (арба сөзінен) үзілді-кесілді бас тартуға болмайды. Қаңлы (қаңлы тайпасы) мен арба арасында байланыс болғаны анық. Екі дөңгелекті арбаны көшпелілердің ойлап тапқаны және оны өркениеттің ғажайып жаңалығы, баға жетпес ғылыми жетістігі ретінде әлем ғалымдары әлдеқашан мойындаған. Бұдан шығатын қорытынды: дөңгелекті тұңғыш рет ойлап тауып (қаңлылардың тайпалық таңбасы бетінен нұр шашып тұрған дөңгелек жүзді Тәңір Ие – Б.Ш.), күнделікті тұрмыс-тіршілікке пайдалана бастаған көшпелі жұрт-қаңлылар болғандығы осы қаңлы-арба параллелі дәлелдеп тұр емес пе! Ал «Оғызнама» дастанында сөз болған уақиғаға келсек, бұл жолдар екі дөңгелекті арбаны ойлап тапқан шебер (сарбаздың) – Бармақлұғ Жосун Біліктің тегі қаңлы екендігіне куәлік етеді. Сондай-ақ, арбаға ат бергенде оның бұрыннан белгілі қаңлы тегі арқау болған деп есептейміз. Ш.Құдайбердіұлы өзінің шежіре жайындағы еңбегінде: «қаңлы» деген «арбалы» деген сөз» деп бұл ұғымды баяғыда-ақ ұғынықты, дәл жеткіліп қойған. Яғни, қаңлы этнонимі ешқандайда арба мағынасын бермейді, **-лы** тәуелдік жалғауы арқылы арбалы (көшпелі – Б.Ш.) мағынасына ие болып тұр. Бұдан шығатын сөз, екі дөңгелекті биік арбаны тұңғыш қаңлылардың ойлап тапқандығы, уақыт өте келе осы ғажайып көлікті ойлап тапқан тайпаның құрметіне арба сөзінің орнына **қаңға//қаңлы** этнонимін балама синоним ретінде қосарлана пайдалана бастағандығы, ол шын мәнінде арбалы, яки «арба үстіндегі адамды» не «арбалы тайпа» (Мысалы, қазақтар арбалылар келе жатыр деп айтудың орнына, оның үстіндегі тайпа адамдарына қарап, «қаңлылар келе жатыр» деп айта береді емес пе?!) деген ұғымға сәйкес келетіндігіне кепілдік береді. Бұл – бір.

Екіншіден, б.з.д. IV–III мыңжылдықтарды Ефрат пен Тигр өзендерінің алқабында ең көне мемлекет құрған, ірі мәдениет орталығын қалыптастырған шумерлерді түркі тілдес халық екендігін дәлелдеуде соңғы кезде көп күш салынып жүр. Міне, шумер проблемасы сөз болған тұста оның көне қаңлы тайпасымен этникалық және мәдени байланысты болғандығын аңғармау мүмкін емес. Тарихи деректерде, шумерлер бұдан 55 ғасыр бұрын мемлекет құрған, ағаш соқа, қол орақ, екі дөңгелекті арбаны ойлап тапқан, бұдан 6 мың жыл бұрын өз жазуы болған көне халық делінеді. Бұл жерде бізді бәрінен бұрын «екі дөңгелекті арбаны ойлап тапқан» деген дерек назар аудартады. Аталған мәлімет қаңлы//арба және шумер//арба параллелдерінің ұқсастығында ешқандай кездейсоқ жоқ де-

ген ойға жетелейді. Өйткені бұл ұқсастықтар бар болған көне шумер мен көне қаңлылардың генологиялық тегі бір, этникалық болмысы ортақ деп тұжырым жасауға толық негіз қалайды.

Ә.Қайдар біздің бұл болжамымызды қаңлының тілі мен жазуы жөнінде сөз еткен тарауында тереңірек қаузау түскен.

Рас, қаңлының тілі жөнінде ғалымдар арасында екі түрлі болжам бар: біріншілері (Б.Гафуров, т.б.) – қаңлыны тохар тілінде сөйлейтін ел еді, олар шамасы иран тілді, Сырдария сақтарының (массагеттер, тиграхаудтар) мұрагері болуы мүмкін дегенді айтады. Екіншілері (А.Цыма Цзян, А.Бернштам, Н.Аристов, В.Кляшторный, т.б.) – қаңлыны түркі тілдес халық деп дәлелдейді. Қалай десек те автор осы мәселеге байланысты ерекше ескеретін бір жағдайға тоқталып өтеді. Ол – тарих сахнасында ең көне мемлекеттік құрылым құрған Шумердің түркі тілдес ел болғандығы туралы болжам. Бұл болжамды қолдаушы ғалымдар О.Сүлейменов, А.Аманжолов, Ф.Хоммель, А.Фолькенштейн, С.Толстов, т.б. белгілі шумерологтардың деректеріне сүйенген автор шумерлердің арғы атасын қаңғар/кеңкерлермен байланыстырады. Шумердің өз аты аккад (семит) тілінде бұрмаланып айтылып, таңбаланғандығын, шын аты кенген не кеңер болғандығын дәлелдеп көрсетеді. Ал шумердің шын аты кенгер//кеңер болғандығы туралы болжам расталатын болса, ежелгі қазақ жерін (жалпы Орта Азияны – Б.Ш.) парсы тілдес (сақ, скиф, сармат) тайпалардан әлдеқайда бұрын тым ерте замандардан-ақ түркі тілдес тайпалардың қатарына шумерлерді және онымен тектес кеңгерлер//кеңерлер//кеңгерестер демек көне қаңлылар жайлаған еді деген қорытындыға келуге болады. Міне, егер шумерлердің генологиясы түркілік екені дәлелденсе, қаңлының тегі де, тілі де түркі тектес екендігі өзінен өзі басы ашық мәселеге айналар еді деп түйеді.

Автордың зерттеуіндегі «Қаңлы» атауының шығу тегіне байланысты «өзен-су» идеясы назар аударарлық. Әсіресе, **қаң//қан** тұлғалы бір буынды гидроним (жалқы есім) мен апеллатив (жалпы есім) түбірден жалпы саны 40-тан астам атау тұлғалы сөздердің орбитінін дәлелдеген ғалымның дәйектемелері сенбесіне амал қалдырмайды. Ол – ол ма, ғалымның зерттеуінше қаңлы атауына қатысты 90-дай туыстықты білдіретін сөз болса, олар 30-ға жуық түркі халықтары мен ұлыстарының құрамында кездесетін этникалық компоненттер болып табылады. Сондай-ақ осы тайпаның аты негіз болған жер-су, қала, тау, зат атаулары жүздеп, тіпті мыңдап саналады. Мысалы, Қаңлы тайпасының атамекені саналатын Сырдарияның бір замандағы аты Қаң/Қаңға//Қаңха болғаны тарихтан мәлім. Бастауын Өгем, Шымған тауларынан алатын Шыршық өзенінің көне атауы да Қаңлы болған. Сонан соң Қанарық, Қантамыр деген ұғымдағы сөздерді жиі тілге тиек ететініміз тағы бар. Қанарық – үлкен,

арнасы кең арық, өзен-су деген мағына береді. Аналық су ұғымында да қолданылады. Үндістандағы ұлы Ганг өзені, Оңтүстік Кореядағы астанасы Сеул қаласын қақ жарып ағып жатқан Канган өзені, Қытайдағы ең үлкен Цзян өзені (оқылуы Кань), т.б. осы түбір арқау болған. Түркі-моңғолдардың көне отаны Алтай – Сібір аймағында да осы гидронимнен өрбіген өзен-сулар көп кездеседі: Ақ-қан (Ақ өзен), Асқан қан, Берке қан, Арыс қан, Адай кем (Адай өзені), тағысын тағылар. Ғалымдың зерттеуінше, бұл аймақта өзен-суға қатысты **қан//қан//кем** тұлғасындағы 20 шақты нысан, 10 шақты варианты бар екен. Бұл атаулар ғасырлар бойы өзгеріп, құбылып, алуан түрлі тұлғаға ие болып келсе де, (**қанг/кам//кем/хем/кынг/ган//ген**), бір мағына төңірегінде шоғырланған осы атаулардың бәрінің шығу негізі, түпкі төркіні бір дейді ғалым. Шынында да, соншама көп атауға негіз болған мұндай құбылыс басқа тайпалардың тарихында байқала бермейді. Мұны қаңлы феномені ретінде дәлелдеуге күш салған автор, осы гидронимнен тараған түбірдің ру-тайпа, ел-жұрт, иелік, мемлекет, елді мекен атауына айналу заңдылығын жан-жақты қарастырады. Сөйтіп «қаңлы» этнонимі о баста **қан//қаң** – өзен, су, бұлақ деген ұғымнан пайда болғанын, былайша айтқанда бұл тайпаның атауы өзен-су бойын жайлаған ел-жұрт деген ұғымды білдіретін сөз деген тұжырым жасайды ғалым. Расында, қаңлылар әу бастан-ақ өзен-су бойын жайлаған халық еді, олардың қазіргі қоныстары да өзен-су бойында екендігі кітап авторының идеясын дәлелдей түседі.

Түркі дүниесін зерттеген бірқатар тарихшылар (шетелдік ғалымдар – Б.Ш.) көшпелілердің, ру, тайпа, ұлыс болып қалыптасу сатыларынан өткенімен, біртұтас мемлекет құрып, ол үшін қажетті құрылым атрибуттары болмаған деген пікір айтып келгені белгілі. Ә.Қайдар жүздеген еңбектер мен оларда келтірілген мыңдаған дерек көздеріне сүйеніп Қаңлы мемлекетінің түркі әлеміндегі ең көне мемлекеттік құрылым ретінде Ғұн және Үйсін мемлекеттерімен бір заманда қатар жасап, дәуірлегенін дәлелдеп, түсіндіріп беруі кітаптың басты жетістіктерінің бірі деп түсінеміз. Ұзын саны 15 ғасырдай (б.з.з. II ғасырдан б.з. XIII ғасырға дейін) дәуірлеген Қанға//Кангюй//Қанха//Қаңлы//Хорезм, т.б. мемлекеттерінің тұла бойынан қаңлытану проблемасына қатысты ең көне және ең негізгі тарихи мағлұматтардың бәрі Қытай елінің жылнамаларында, ханнамаларында, Иранның көне жазбаларында сақталған. Мемлекет болған соң басқарудың заңдастырылған біртұтас құқықтық жүйесі де болатыны заңдылық. Сонымен бірге мемлекеттік басқару жүйесі, рәміздері, әскери күші, қорғаныс қабілеті, жазу-сызу мәдениеті, экономикалық әлеуеті мен сыртқы байланысы болуы керек. Б.з.з. II ғасырда Кангюй мемлекетінде болған Қытай елшісі Цыма Цзянның: «Патша Ордасында оның заңдары мен жарлықтары ілулі тұрады, қажет ететіндер онымен таныса алады»

деген дерегі бұл мемлекетте ел басқару жарғысы болғандығын көрсетеді» дей келе, алайда қытайлық елші заңнамалар мен жарлықтардың қандай жазу үлгісінде таңбаланғаны туралы ауыз ашпайды деп өкініш білдіреді. көптеген түркітанушы ғалымдардың мәліметтеріне сүйеніп, Ә.Қайдар: «Біздің жобалауымыз бойынша ол Есік қорғанынан табылған ханзада – «Алтын адам» қабырынан шыққан күміс тостағанға сызып (бастырып) жазған сақ тайпасы қолданған руникалық жазуға ұқсас, не соның «қаңлы варианты болуы мүмкін» деп тұжырым жасайды.

Академик С.Толстов өзінің 1948 жылы Мәскеуден шыққан «Древний Хорезм» атты іргелі еңбегінде Кангюй парсы-иран деректерінде Канха//Хорезм болып екі түрлі аталып келгенімен, негізінен бір ғана Қаңлы мемлекетінің аты деген қорытынды жасаған болатын. Осы еңбекке сілтеме жасаған автор Қаңлы//Қаңға//Хорезм аталынған мемлекеттің тарихын зерттеп, зерделей түсуді ұсынады.

Шығу тегі бір, көптеген рухани, мәдени құндылықтары ортақ, бүгінде тарыдай шашырап кеткен түркі халықтарының дүниеге келіп, қалыптасу тарихын зерделеп қарасақ, өзінің беріктігімен, тұтастығымен ерекшеленеді. Сондай ұлы империя (қағанат) құрған халықтың бірі Османлылар – түркі жұртынан, нақтысы қаңлы әулеті – қайы қаңлылар екендігін біреу біліп, біреу білмейді. Міне, автор «Түркия да қаңлының бір жұрты» атты тарауда осы мәселеге жан-жақты тоқталып өтеді. Оның зерттеуінше, 1923 жылы құрылған Түркия мемлекетінің империясы сонау 1300 жылы қаланып, 7-ғасыр бойы дәурендеген Осман империясынан бастау алады екен. Оларды 1219 жылы Моңғол шапқыншылығынан қауіптеніп Сыр бойынан ауа көшкен қайы қаңлылардың Сүлеймен, Ертұғырыл, Осман (Оспан) әулетіне жатқызады. Оның алдында Византиялық Константинопольді жаулап алған түрік-селжүктердің де қаңлы тайпасына қатысы бар екендігіне тоқталады. Әрине, автор бұл зерттеулерінде түрік ғалымы Зеки Тоған, француз тарихшысы К.Д.Оссон, Ш.Құдайбердіұлы, М.Тынышбаев, т.б. ғалымдардың еңбектеріне сүйенген.

Бүгінгі қазақ халқының бай мәдени мұрасы ғасырлар бойы осы жерде туып, өркен жайған байырғы тайпалардан тамыр тартып келе жатқан рухани құндылық. Демек, бұл баға жетпес қымбат қазынаның көне қаңлы тайпасы тарихында да тікелей қатысы бар дүние деген сөз. Осы орайда қаңлылардың рухани-мәдени өмірін сөз еткен тарауда ғалым көптеген тарихи-археологиялық материалдар мен жазба деректерге сүйеніп құнды пікірлер айтады. Қаңлы мәдениетінің дамуын шартты түрде үш кезеңге бөліп 1) көне Кангюй мемлекеті тұсындағы (б.д.д. IV–VIII ғғ.); 2) Қаңха//Хорезм мемлекеті кезіндегі (VIII–XIII ғғ.); 3) Шыңғыс хан дәуіріндегі (XIII–XIV ғғ.) қарастыруы кітаптың ішкі мазмұнын аша түскен. Қаңлы этносына қатысы бар Андронов, Қауыншы – жүн,

Қайраққұм мәдениеттеріне арнайы тоқталып жан-жақты сөз етеді. Түркілер әлеміне қатысты бұл мәдени ошақтар б.д.д. IV–I ғғ. жата-тынын айтып өтейік. Көне парсы діни кітабы «Авеста» мен үнділік «Махабаратаға» да сілтеме жасайды. Қаңлы қауымының әдет-ғұрыптары, діни-салт дәстүрлері, өнері, дүние танымы, тыныс-тіршілігі сөз болады. Автор Қаңлы мемлекетінің рәміздері мен туы, ұраны мен тайпалық таңбасына, демографиясына да тоқталады. Сондай-ақ қаңлы тілінде жазылған «Заң ережелері» (б.з.з. II ғ.), «Қаңлы тілінің сөздігі» (XIV ғ.), т.б. жазба ескерткіштің болғандығы, бұл жәдігерліктердің бізге жетпей із-түзсіз жоғалып кеткендігі, тіпті кезінде еуропалық кезбелердің қаптап-қапшықтап тасып әкеткен санмыңдаған қолжазбаларының арасында батыстық музейлер мен мұражайлардың бірінде шаң басып жатуы да мүмкін екендігіне қынжылып, осыған назар аудару қажеттігін ескертеді.

«Қаңлы» – тамыры терең, ауқымы кең, көне де өміршен этнос» атты тарауда академик-ғалым қаңлының қазақтың ғана этникалық негізін құраған ұлыс емес, сонымен қатар басқа да түркі халықтарының, ру-тайпаларының құрамына сіңісіп, солардың құрамдас, бір бөлігіне айналған, етек-жеңі кең тайпа екендігіне зерделей жеткізеді, өзбек, ноғай, қимақ, қырғыз, ұйғыр, қарақалпақ, түрікмен, саха, башқұрт, хақас, түрік, оғыз халықтарымен туыстық қатынастарына беженек (печенек), сақ, селжук, хун, қалмақ тайпаларымен этностық байланыстарына; қазақ арасындағы қоңырат, дулат, қыпшақ, шанышқылы, найман, тама, алшын, т.б. ру-тайпаларымен генологиялық туыстықтарына жеке-жеке тоқталып, мейлінше дәлелдей кетеді. Бірақ бұл орайда әлі де терең зерттеулер, ғылыми сараптаулар жасау керек дейді.

Жан-жақты дамыған мемлекет, іргелі ел болған соң, оның ел басқаратын ханы, көсемі, шешені, жер қорғайтын батыры, замана шындығын шырқырап жеткізетін ақыны болатыны хақ. Мұндай тарихи тұлғалар мен ұлы адамдар қай халықта да бар. Ұмытылып кеткені қаншама! Осындай тарихи тұлғалар қаңлы арасында да жетерлік. Бұл жөнінде «Тегі қалы игі жақсылар» атты тарауда арнайы сөз болады. Хронологиялық жағынан шартты түрде екі дәуірге – қазақ хандығы қалыптасқанға (XV ғ.) дейінгі және содан кейінгі – бөліп қарастырған автордың қаңлы тегі анық көрсетілген, аты-жөні айқын тарихи тұлғаларды ғана даралап алып беруі біз байқаған ерекшеліктің бірі санадық. Әйтпесе, келсін-келмесін сілтей беретіндерді көріп жүрміз ғой... Аспан асты патшалығына будда дінін таратуға айрықша үлес қосқан Қаңлы Самға Күй абыз, дабыл-дауылпазды ойлап тапқан Қаңлы Миау-да, жетігенді жетілдірген Қаңлы Кохинимоннан бастап соңғы уақытта зиялы қауым арасында әртүрлі пікір қайшылығына себепкер болып жүрген Қорқыт Ата, Қожа Ахмет Иассауи, Әбу Насыр әл-Фараби, Түркен хатун, Отырардың әйгілі әкімі

Қайырхан, Түркия мемлекетінің іргесін қалаған Ертұғырыл, Осман сұлтандар, атышулы әскербасы Бабыр мен Шығыстың жеті жұлдызының бірі Ә.Науайдың ұстазы болған тұрбаттық Атайы (бұл кісі Қожа Ахмет Иассауидің ағасының баласы, яки інісі), Еңке төре, Токтышық әулие, т.б. дейінгі қаңлы текті игі жақсылардың өмір дерегі мен істеген игіліктеріне тоқталады.

Қорыта айтқанда, 610-беттен тұратын «Қаңлы» тарихи шежіресі биік ғылыми талғаммен таспаға түскен, етек-жеңі кең энциклопедиялық сипаттағы құнды еңбек деп қысылмай айта аламыз. Қаңлы этносының 25 ғасырлық тарихын зерттеп оның қазақ болмысына, түркі әлеміне, қала берді адамзат өркениетіне қосқан үлесін ұзын-саны 500-ден астам зерттеу еңбектер, әдеби мұралардан іріктелген деректер мен мәліметтерді, пікірлерді қорыта ұсынуы бұл еңбектің байыпты да, жан-жақты, шеберлікпен жазылғандығына куәлік береді.

Б.Шарахымбай.

«Қазақ әдебиеті». 5 қараша. 2004.

Қазақ қандау халық?

«Шынында біз кімбіз, қазақ халқы? Бұл сауал бүгінде өзгеден гөрі өзімізді, қазақ азаматтарын көбірек ойландыратын, толғандыратын мәселеге айналып отыр. Өйткені өз тарихында алғаш рет бүгінгідегідей егеменді ел, тәуелсіз мемлекет болып отырған қазақ халқы үшін, әсіресе, оның өзін-өзі құрметтей білетін әрбір азаматы үшін «Қазақ қандай халық?» деген сауалға дұрыс жауап бере білудің тарихи-әлеуметтік мәні зор, рухани, моральдық жауапкершілігі мол мәселе екені сөзсіз. «Дұрыс жауап» дегеніміз – жан-жақты ойланған, ғылыми негізді, білікті де білгір қауымның зердесінде сараланған, шынайы шындықтың өзі саналатын жауап деген сөз» деп бастапты автор кітаптың әлқиссасын.

Әрине, «мен қазақпын» деген адам қай кезде, қай жерде кімнің алдында болсын, шет жерде де істеген ісімен, сөйлеген сөзімен, хатқа түсіріп қалдырған ойынан, әуелетіп салған әнімен, көпке көрсете алатын сыртқы сәнімен, бір сөзбен айтқанда, күллі тұрмыс-тіршілігіндегі мәдени өмірмен «қандай қазақ екендігін» көрсете алады.

Қазақтың қызық әдетінде біреуге қатысты әлде бір жағымсыз жайтты естігенде «кім екен, қазақ па?» деп бірден сұрайды. Егер қазақ болмай басқа ұлт болса, бір уһ деп алады. Егер «қазақ» болса, «қай жердікі екен?» деп мазасы кетеді. Егер өз аймағы болса, «қай ауылдан екен» деп тәптіштейді. Өз ауылы бола қалса, қай рудан екендігін білуі тиіс. Сөйтіп өз айналасынан алыс болса, «көңілі көншігендей» тынышталып қалады. Бұл да қазаққа тән қасиет.

Ал сырт көз болып, сыншы атағын алғандар өз ортамызда аз отырып көп сынайды. Қазіргі тілмен айтсақ шетелдік азаматтар. Қазақ қауымы туралы олардың да «пайымдалған», «бақыланған» ой-тұжырымдары да бір басқа.

Кітаппен таныса келе, қазақ туралы сан алуан ой-пікірлерден бейбейнеңізді айнадан көріп отырғандай боласыз. Қазақтың кім және қандай халық екендігіне кімнің не айтқанын оқып, түрлі-түрлі жауаптардан ой түйесіз. Түрлі-түрлі болатындығы – өзіміз өзімізді аямай-ақ сынайды екенбіз, аямай-ақ мақтайды екенбіз. Бірі жағымды, бірі жағымсыз карама-қарсы екі жақтан «қазақ» деген нысанға «оқтар» зуылдап кетіп жатыр. Бірі дөп түссе, екіншісі жанап етеді. Босқа кетіп жатқан оқ жоқ сияқты, әйтеуір тимесе де, дір еткізеді.

Өзімізді өзіміз жақсы тану үшін «бір сауалға мың жауаптан таңдауымыз керек» екен. Сауалға қатысты айтылған жоба-жорамалдың, өзіндік әсерден, бақылаудан туған тұжырымдардың бірі болмаса бірі «ғылыми негіз» болуы мүмкін. Автор «қазақ қандай халық» деген сұраққа этностық, азаматтық, этнолингвистикалық, демографиялық, антропологиялық, географиялық т.б. толып жатқан ерекшеліктерден шығатын қорытынды бір «дұрыс жауап» болуы тиіс деп, жауап іздеген.

Бірақ осы күні қазақ зиялылары «қазақ қандай халық» деген сауалға жауап беруге дайын емес деп, оның себептерін айтады.

Кітапта автордың өз пікірі айтылмаған, оқушы қауымға төтесінен сұрақ қойып, жауабын ұзақ жылдар бойы өзі жинап, сұрыптаған дерек мағлұматтарды ұсынады. Жауаптарды таразылап оқып, салыстыра келе, қазақ оқырманы, оның ішінде қазақ зиялысы не айтар екен, мүмкін ғылыми дәлелі бар, шындыққа сай дұрыс жауап табылар ма деген үмітпен басқа жақтан іздеп әуре болмай-ақ, осындай «дайын дүниені» сіңіріп, содан кейін мың ойланып, жүз толғанып тұжырым жасаса деп үміт күтеді.

Мұның да қиын шаруа екендігі, дәл бүгін «қазақ қандай халық» дегенге бірден жауап табудың да өзіндік қиындықтарын ескертеді. Оның үш түрлі себебін айта кетеді.

Кітап жеті тараудан тұрады. Алдымен қазақ қауымының өз пікірлерін келтіреді. Қазақтың ұлттық сипаты этностық мінездемесі екендігін аңғартатын деректер қазақтың өз аузынан шыққан. Мұны автор әрі қарай қысқаша түсініктермен толықтырып баяндайды. Қазақтың мінездемесін беру – оны жан-жақты сөз ету, ұлттың болмысын тұтастай көрсету десек, ұлт бойындағы жағымды, жағымсыз қасиеттер, адамдықпен қоса жүретін пендешілік, тұрмыс-тіршілігінде қалыптасқан дағды, салт пен дәстүр, наным түсінігі – ментальдық ерекшеліктері алдыңыздан шығады.

«Қазақ кім?» деген сауалдан бастап, тарихи тұлғалар, қоғам қайраткерлері, аузы дуалы ақын-жазушылар мен журналистер, тіпті жас өр-

кен студенттерге дейін айтып шыққан. Кейде біріне бірі кереғар: «Қазақ – надан халық», «Қазақ – жады мықты халық», «Қазақ – бұрынғы уақытта елі – ұйымшыл, ері – жауынгер, биі – әділ, азаматы – намыскер, адамы – әрі бітімді, әрі қайратты, сауықшыл болған халық» (Ж.Аймауытов). «Қазақ – надан, өнерден аман, мың салса, бір баспас, жігері жоқ шабан халық» (М.Жұмабаев) дейді. Кейде ұқсас келетін, қайталанатын: «Қазақ – өзгеге мырза, өзіне сараң халық», «Қазақ – өзіне келгенде тарылып, өзгеге келгенде кеңпейіл бола қалатын халық» дейді екен ел аузында.

Халық айтса, қалт айтпайды демекші, «Қазақ – аңғалдағы баладай, ақылдығы – данадай», «Қазақ – атаққұмар, шенқұмар, мансапқұмар халық», «Қазақ – «атың жаман» дегенге намыстанатын халық», «Қазақ – көп сөзді халық», «Қазақ – қарға тамырлы халық», «Қазақ – өзге емес, өзіне ғана әлі жететін халық», десе ал қазақ зиялылары айтып кеткен «Қазақ – аталы жұртымыздың, ауылды ұлтымыздың (өз) аты» (А.Байтұрсынов), «Көретін көзі жоқ, Ұғатын сөзі жоқ, Қазақтың бұл күнде, Аты бар, өзі жоқ» Шәкәрім, «Қазақ – ең алдымен Ресейге тәуелді халық» (Міржақып Дулатов), «Қазақ – бір күнде екі адамға ақыл айтпаса отыра алмайтын халық» (Ғ.Мүсірепов), «Қазақ – ежелден азаттыққа ұмтылып, ұлттық тәуелсіздік үшін ерлікпен күрескен халық» (Н.Назарбаев), т.б. пікірлерін келтірген. Ал шеттен келіп бақылағандар сөзі: «Қазақ – Демосфен мен Цицерон туралы естімесе де, жаратқан ием соншама дарынды еткен, өркениеттен тысқары қалуы мүмкін емес халық» (А.Янушкевич), «Қазақ – жартылай жабайы, көшпелі, жыртқыш, қаруланған ұры, қарақшы халық» (А.И.Левшин) дегендерде бар.

Қазақтың қандай және кім екендігін өткен ғасырлардағы саяхатшылардың, зерттеушілердің, миссионерлердің жергілікті ұлттың түрлі қасиетіне қарап айтқан лебіздерінен үзінділер алып, толығымен сипаттаған.

Кітапта XIX ғасыр басында қазақ даласына шыққан экспедиция басшысы Ф.А. Щербина «Киргизская народность в местах крестьянских поселений» деген еңбегінде қазақ халқының бойынан 13 түрлі кемшілік пен 12 түрлі жағымды он сипатын суреттеп жазғанынан мысал келтірілген. Мәселен, «В области торговых и экономических отношений он честен и тверд в своем слове» немесе «Отсутствие пьянства и пристрастия к спиртным напиткам» деген мінездемелерін оқып ойға қаласыз.

Автор «Қазақ» этнонимі қалай, қашан шыққан?» деген ежелден келе жатқан талас пікірлердің 150 шақты этимологиялық, этнолингвистикалық жорамал-жобасын ұсынады. Ал қазақ этносының «Алашқа» қатысы туралы талдау жасап, жалпы «Алаш» сөзінің өзін қолданысына қарай үш топқа бөліп қарастырады.

Қазақ халқының Үш жүз қауымдастығы қалай және қашан қалыптасуының тарихы туралы кім не айтқанын жүйелеп көрсетеді. Сондай-ақ ұлттың бұрынғы: ең-таңба, аң-құс, ағаш, ту-байрақ сияқты төрт түрлі көне рәміздеріне талдау жасайды.

Әдетте біреуді ерекше мақтағанда қазақ «сегіз қырлы, бір сырлы» деп сүйсінеді. Segіз қырдың әр қыры айналасына сантүрлі сәуле шашып, нұрға бөленгендей бірін-бірі толықтырып, оның соңы әдемі әсермен аяқталып, бөлінбейтін бір сырға тоғысып, кісінің жан дүниесін жарқыратады. Тыңдаған, көрген адам солай қабылдайды. «Қазақ қандай халық» деген бір сауалдың мың жауабы біз айтып отырған «сегіз қырлы, бір сырлы» деген қалыпқа сыймайды. Қазақтың сегіз емес «қырық қыры, сексен сыры» бар ма деп қаласың. Содан болу керек академик автор «қанша қыры» болса да, айтылсын, бірақ «бір сырлы» дегенге саятын тұқымды тұжырымдар айтылса екен дегенді аңғартады.

Қазақ кеше кім еді, бүгін кім, ертеңгі болашағы қандай деген сұрақтар ұлттың өзі үшін ғана емес, өркениетті ел көшіндегі қазақтармен басқа да жер жаһандағы қауымдастықтардың мәдени, саяси-әлеуметтік қарым-қатынас жасауы үшін аса қажет. Жаһандану әлеміне «Қазақ қандай халық?» болып енеді, оның жауабы қандай екен десек, бұл кітаптан алатын тағылым мен таным соған жетелейді.

Г. Смағұлова.

«Егемен Қазақстан». 4 қыркүйек. 2009.

Танымы мен тағылымы мол еңбек

2008 жылдың соңына қарай академик Әбдуәли Қайдардың «Қазақ қандай халық?» деп аталатын еңбегі «Дайк-Пресс» баспасынан жарық көрді. Бұл – 652 беттен тұратын көлемді еңбек. Еңбектің әлқиссасында автор: «Ұсынып отырған еңбегіміздің алдына қойған бір мақсаты – жобажорамал түріндегі көп ұсыныстар мен тұжырымдардың ішінен сауалға қатысты жауаптың ең дұрысын таңдап алу», – деп жазады (4-б).

Ал «дұрыс жауап» қандай болу керек деген мәселеге байланысты былай дейді: «Тамыры тереңде жатқан көне тарихы бар, Ұлы Тұран аумағы қара шаңырағының бірегей иегері, әрі мұрагері саналатын, өзінің ұлан-ғайыр басы ашық атамекені бар, қалыптасқан өзіндік салт-дәстүрі, әлемдегі көптеген өркениетті елдермен терезесі тең халықтардың бірі ретінде танытатын терең де жан-жақты анықтама болуы тиіс» (4-б). Автор бұл ойын әрі қарай былайша нақтылай түседі: «Қазақ қандай халық?» деген сауалға берілер дұрыс жауап, сайып келгенде, қазақ халқының кім болғанын емес, сонымен қатар оның бүгінгі таңда кім екенін және оның ертеңгі жарқын болашағын білгісі келетін, біле тұрып, түсінгісі келетін,

өркениетті ел ретінде онымен мәдени, экономикалық, достық қарым-қатынаста болғысы келетін жержүзілік қауымдастықтарға да қажет (4-б).

Кітап 7 тараудан тұрады. 1-тарау «Бір сауалға мың жауап (қазақ қауымының өз пікірі)» деп аталады. Мұнда қазақ қауымының өзі әр кезде, әртүрлі жағдайға байланысты жазған, не айтқан ой-пікірлері қазақ атауынан кейін келетін екінші сөздің әліпбилік реті бойынша жүйеге келтіріліп берілген. Мәтін кімнен және оның қай еңбегінен алынғаны толық көрсетіліп отырған. Бізге ауызша жеткен авторы белгісіз пікірлер де баршылық. Ең көбі де осындай мәтіндер. Жалпы саны – 158 екен. Ондай мәтіндер жақша ішінде «Ел аузынан» деп көрсетілген. Кейде «Өнер алды – қызыл тіл» деп жинақтың, «Қазақ газеті» деп газеттің аты ғана көрсетіледі. Бірақ мұндай мәтіндер онша көп емес.

Бұл тарауда «Қазақ қандай халық?» деген бір сауалға қазақ қауымы тарапынан берілген жауаптың жалпы саны – санап көргенімізде 585 болып шықты. Неткен мол қазына! Осы жерде бір айта кететін жайт – осыншама жауапқа автор тарапынан соншама түсініктеме беріліп отырған.

Төменде солардың бірнешеуін келтіре кетуді жөн көрдік.

* * *

* **«Қазақ – Абай, Жамбыл, Махамбет, Шоқандай даналарды дүниеге келтірген дана халық»** (*Ел аузынан*) <«Ердің атын ел шығарар, елдің атын ер шығарар» дегендей, бұл пікір Қазақ елі аталған осы ұлы тұлғаларды дүниеге келтірсе, олар да өз ұлтының ұлылығын әлемге паш ете білді дегенді аңғартып тұр>

* * *

* **«Қазақ – тағдыр мен Тәңірдің құзырында алуан түрлі ықпалға құшағын аша отырып, өзіндік ұлттық қасиетті сақтай білген, ол қасиетті есте көшпенділікпен, болмаса дәстүршілдікпен шектемеген халық»** (Нұрсұлтан Назарбаев) <автор: «дәстүршілдікті күйттеушілер тарихтың құйтырқылығын ескере бермейді, дәстүрге балап жүрген қасиеттеріміздің талайы бір кездері жағымсыз жаңалықтар болған» деп ескертеді (Тарих толқынында. Алматы: Атамұра, 1999, 13-б)>

* * *

* **Қазақ – өзінің көшпелі өмірінде сұлулық пен сәнділікті тек жылқыдан таныған халық»** (*Әбдуәли Қайдар*) <жылқы малының болмысынан барша сұлулықтың белгілерін тани білген қазақ халқы оны ең алдымен асқан сұлу арулармен салыстырады. «Сұлу әйел сұлу жылқы сияқты – көздің құрты, жүректің дерті» деп мақалдауының мәнісі де осында. Барша сұлулық пен көрікті-көркемдіктің сәнін өз бойынан таба білетін аруды да қазақ атам сұлу жылқымен, құлынның тұлғасымен ғана салыстырып тұрған жоқ па? >

* * *

* **«Қазақтар ақындық қабілеті жағынан бірінші орын алатын халық...»** (Шоқан Уәлиханов) *<қазақ халқының өзіндік, ұлттық менталитетімен өзі қатарлы өзге түркі елдерінен (қырғыздардан басқа) оза шауып, табиғат сыйлаған ақындық (суырыпсалма) дарынымен ерекше көзге түсетін, сөз сайысында алдына жан салмайтын қасиетке ие екенін аңғартып тұр...>*

* * *

* **«Қазақ – суды теріс ағызған атаның баласы...»** (Ахмет Байтұрсынұлы) *<бұл пікір қазақтардың өз ата-бабаларының «суды теріс ағызады» деген сиқырлы да құдіретті күш – аңыз-әңгімеге сеніп өскен қарапайым халық екендігін аңғартады...>*

* * *

* **«Қазақ – батыр, кеңпейіл, тәкаппар, баладай сенгіш, қарапайым халық»** (Ж.Молдағалиев) *<бұл анықтамалар – қазақ халқының ерекшелігі ретінде көп аталып келе жатқан қасиеттері. Шынында да, жалпы халық тұрғысынан алып қарағанда, айтылған ойдың шындыққа сай келетін жері көп>*

* * *

* **«Қазақ – ауызша уәдесі анттан да берік ел»** (Рахманқұл Бердібаев) *<ұлттық табиғатына тән қазақтардың бұл қасиеті оның «уәде берме, уәде берген екенсің оны орында» деп өмір бойы шыңдап-шынықтырып келген моральдық-этикалық принциптеріне, кейде морт сынатын бірбеткей мінез-құлқына сәйкес құбылыс. «Уәде – Құдай сөзі» деп, ауызша берген уәдесін антқа балап, оны қайткен күнде де орындауы жігіттік ар-намысқа жүктеу осының белгісі...>*

* * *

* **«Қазақ ақыл мен қайратқа жүгініп, аруды аялап, ананы ардақтап өскен халық»** (О.Сәпиев) *<бұл елдік пен ерлік салтына сай, отбасына адал, ана алдындағы перзенттік парызын ардақтап, әйел затын қастерлеп, жарға деген адалдықты сақтап өскен халық болмысын аңғартады (Егемен Қазақстан 25 қыркүйек 1999)>*

Қазақ зиялылары халқымыздың жақсы қасиеттерімен қатар кемшілігін де айтып отырған. Төменде сондай пікірлердің бірнешеуін келтіреміз.

* * *

* **«Қазақ өзін-өзі жамандайтын халық»** (Абай) *<ақынның «қазақтың өзінен басқа жауы жоқ» деген сөзінің бір мәнісі – олардың өзін-өзі, әсіресе тірісінде жиі жамандауында, мақтаудан да бірін-бірі даттауының көбірек болуында. Рас, қазақтар да бірін-бірі мақтайды. Мадақтайды. Бірақ ол әдетінде көбінесе пендешілік есеп болады. Қазақтардың бірін-бірі өлгенше мақтауы, әдетте, тіршілікте емес, өлгеннен кейін болады.*

Бұл жөнінде ұлы Абайдың «Қазақта өлгенінің жаманы жоқ, тірісінде жамандаудан аманы жоқ» деген сөзі дәл айтылған»

* * *

* «Қазақ – өзге жұрттың тіліне тәтті, тісіне жұмсақ халық» (Мұхтар Әуезов) < өзгенің айтқанына тез көңіш, «айдаған» жағына қарсылықсыз жүре беретін иі де, ділі де жұмсақ момын халық демекші»

* * *

* **Қазақ – жалқау, еріншек халық** (Ғабит Мүсірепов) <жалқау халыққа діннің, әсіресе намаздың берер пайдасы аз болған жоқ. Күніне бес рет иіліп-бүгіліп, еңкейіп-шалқайып, жығылып-құлау, бес рет жуыну, әйелімен жақындасқаннан кейін бір қасық сумен болса да жуыну, тамақтың алдында, одан соң қолды, ауызды шаю, бір адым болса да жүру – осының бәрі жалқау қазакеңе дін арқылы сіңіп, әдетке айналған (Жат қолында, 209-б.)>

* * *

* «Қазақ – еліктеу мен солықтаудан алдына жан салмайтын халық» (Өмірзақ Айтбаев) <Бұл да Құдай берген қасиет шығар... Алайда екеуінің де жөнді-жөнсізі бар емес пе? Неге ұмтылса, соны игеріп алатын қазақтың қабілеті көбінесе дұрыс, бірақ жөнді арнаға түспей адасады да жатады. Таңдауда да талғам керектігі, жаңаны қабылдаумен бірге, засырлар әлемінде тәжірибемен шыңдалған өз мұраңның қажеттігі ұмыт бола беретініне қайран қаласың?...» (Егемен Қазақстан. 29 мамыр 1999)>

Академик Әбдуәли Қайдар кезінде Қ.А.Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті филология факультетінің (ТҚФ – 611, 612) 3-курс студенттеріне «Түркітануға кіріспе» пәнінен дәріс берген болатын. Сол өзі дәріс берген студенттерге «Қазақ қандай халық?» деген сауалға өз ойларын жазып келуді тапсырған екен. 1-тараудың 2-тармақшасында 22 студенттің пікірлерін келтірген.

Студенттер көбіне қазақтың жақсы қасиеттерін көрсетуге тырысқан. Мысалы, Сапарбаева Мөлдір бұл сұраққа былайша жауап беріпті. Қазақ – дана халық, ұлы халық, өжет, қайсар, инабатты т.б. (171-б).

Мәрзия Толысбай: ерлері – өр мінезді, бір сөзді, сертке берік, ұлт үшін қасық қанын қиюға дайын. Қазақ әйелдері: инабатты, кішіпейіл, адал, ақ көңіл, деп сипаттай келе, жаман әдеттерімізді де санамалап көрсете кетеді. Олар жалқаулық, арызқойлық, көреалмаушылық, арандатушылық (177-б).

Әбдіжаппар Фариза деген студент: «Біз, жастар, ұлтымыздың өзіндік бейнесін, салт-дәстүрін, тілін, дінін, рухани байлығын бойына сіңіріп, терең меңгеруге тиіспіз», – дейді. Бізді студенттердің осы мәселеге байла-

нысты жазылған материалдарды оқып жүретіні, «Қазақ қандай халық?» деген сұрақ оларды да толғандыратыны қуантты. Олардың жауаптары жөнінде кітап авторы: «Бұл жауаптар жалпы қазақ зиялыларының қазақ туралы ой-пікірлерінің көбісін қайталаса да, оларға қосқан кейбір жаңа көзқарастары да жоқ емес», – дейді (180-б).

1-тараудың 2-тармақшасы «Сырткөз – сыншы» деп аталады. Мұнда шетелдік ғалымдардың қазақ халқы туралы пікірлері топтастырылып берілген. Италиян саяхатшысы Марко-Поло XIII ғасырда Пекинде болады. Моңғол ханы Құбылайдың қарамағында 17 жыл жұмыс істеп, 1295 ж. отанына оралады. Ол осы кездерде Қазақстан қалаларын аралап, халықтың тұрмыс-салтын өз көзімен көріп, зерттеп жазып кеткен алғашқы европалық ғалым екен. Қазақтың тамағы, қару-жарақтары, мінез-құлқы, тұрмыс-салты, сот билігі жайлы біраз деректер қалдырған. Неміс ғалымы П.С.Паллас «Ресей мемлекетінің әртүрлі провинцияларына саяхат» атты еңбегінде қазақтар туралы да мағлұматтар қалдырған екен. Кітапта осы еңбегінен үзінді келтірілген. Онда балшы, жұлдызшы, жауырыншы, бақсы туралы айтылған. «Қазақ қан төгуге аса құштар емес, біреуді өлтіргеннен гөрі тұтқынға алғанды тәуір көреді. Адал қызмет еткен құлға қайырымды», – деп мақтау сөз де қалдырған. Сондай-ақ осы тараушада қазақ тілі мен әдет-ғұрпы туралы құнды мағлұматтар қалдырған Г.Ю.Клапорт, А.Т.Вамбери, В.В.Радлов, Н.И.Ильминский, Н.М.Ядринцев, П.М.Мелиоранский еңбектерінен де үзінділер берілген. Поляк халқының зиялы азаматы А.Янушкевич қазақ даласында айдауда жүргенде қазақтардың өмір-тіршілігі, салт-дәстүрі туралы естелік жазған екен. Сол естеліктерінен үзінділер берілген. Аса көрнекті географ, этнограф, фольклор зерттеушісі, қоғам қайраткері Ш.Уәлихановтың досы Г.Н.Потаниннің екі еңбегінен үзінді келтірілген.

1771 жылы Ресей бодандығының ауа көшіп, қазақ даласы арқылы еліне қашқан Еділ қалмақтарының соңына түскен орыс корпусымен бірге аттанған капитан Н.П.Рычков күнделік жазып отырады. Өйткені оның сапарының міндеті қазақ халқының иелігіндегі жақсы жерлерді зерттеу, осы елден табылатын өнімдердің үлгілерін жинап әкелу екен. Кітапта Н.П.Рычков жазбаларынан ұзақ үзінді берілген (45 бет). Онда қазақтың жер-су атаулары, өсімдігі, аң-құстарын, зираттары, минералдары, қару-жарағы туралы біраз мағлұматтар келтірілген. Бәйге, үйлендіру, қыз ұзату, қалыңмал сияқты салт-дәстүрлері туралы да деректер жазып қалдырған. «Өздері секілді басқа халықтарға қарағанда қазақтардың жаратылысынан ақыл-парасаты артық», – дейді.

В.К. фон Герн деген ғалымның «Характер и нравы казахов» деген еңбегінен де үзінді берілген. Онда ақ патша билеп тұрған кездегі қазақ халқының салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, кәсібі, шаруашылығы тура-

лы айтылған. Қазақтың 35 мақалын орыс тіліне аударып, мағынасын түсіндіріп отырған.

Жалпы «Сырткөз – сыншы» деп аталатын бұл тармақшада 22 шетелдік саяхатшылардың, ғалымдардың қазақ халқы туралы жазылған еңбектерінен үзінділер берілген екен.

2-тарау «Қазақ этнонимі қалай, қашан шыққан?» деп аталады. Мұнда 150 шақты этимологиялық, этнолингвистикалық жорамал-жоба берілген. Оның ішінде «қазақ» – о баста «аз» (азар, азау) >«қаз//хаз» (қазар, хазар) аталған тайпа мен сақ тайпасының бірігіп, қосарлануынан туындаған этноним», – деген осы кітап авторының пікірі де бар (374-б.). Келтірілген деректерге қарап отырсақ, қасақ (қазақ) атауы тарихи деректерге X ғасырдан бастап кездеседі екен. Содан бері бұл саладағы ізденістер жалғасып келеді; Әлі де жалғаса бермек.

3-тарау «Қазақ этносының «Алашқа» қатысы қандай?» деп аталады. Онда «Алаш» атауының алаша, алашы – содан тараған тұлғаның өзінен 25 түрлі мағына-түсінік, ұғым туындапты. Сол түсініктердің бәрін келтіре отырып, автор: «Қазақ салтында көп қолданылатын «Алаш» феноменінің табиғатын танып, «Алаш кім?», «Алаштың қазақ халқына, оның этностық құрамына қатысы қандай?» деген сауалға зиялы қауымның нақтылы да байсалды жауап берер тұсы да болса керек», – дейді (416-бет).

4-тарау «Қазақ халқының құрамында Үш жүз қауымдастығы қалай және қашан қалыптасты?» деп аталады. Бұл тарауда «үш жүз» қауымдастығы қашан, қалай пайда болғаны туралы айтылған, жазылған еңбектерге шолу жасайды. Үш жүздің құрамына енетін ру-тайпалар тарихы талданады.

5-тарау «Қазақ рәміздерінің табиғатында не сыр бар?» деп аталады. Мұнда рәміздердің тарихы, түрлері, таңба, таңбаның мәні, мағынасы туралы сөз болады.

6-тарау «Елдің атын ер шығарар» деп аталады. Бұл тараудан мемлекет, қоғам қайраткерлері, қазақтың шешен билері, батырлары, ақын-жыршы, жыраулары, ғалымдары, діни, өнер қайраткерлері туралы қызықты мағлұматпен таныса аламыз.

7-тарау «Жаңа қазақ кім?» деп аталады. Бұл сұраққа халқымыздың біртуар ұлы Мұхтар Шахановтың «**Жаңа қазақтар немесе рухани байлықсыз да мемлекет құруға болады деп ойлайтын жас бизнесменге хат**» деп аталатын өлеңі арқылы жауап береді.

Қорыта айтсақ, еңбек өте құнды. Қазақ туралы зерттеулердің басталғанына біреулер 100 жыл болды десе, енді біреулер 200 жыл болды дейді. Міне, осы күрделі мәселеге байланысты бұрын-соңды айтылған мындаған жауаптарды жүйеге келтіріп, бір кітапта жинақтап беруінің

өзі ерлікке балауға тұрарлық. Бұл күрмеуі көп тақырыпқа екінің бірі бара алмайды. Өйткені мұндай ауқымды тақырыпты зерттеу нысаны етіп алу үшін зерттеушінің бірнеше ғылым саласынан белгілі бір дәрежеде білімі болу керек. Кітап авторы академик Әбдуәли Қайдар сондай ғалым. 1975 жылы Қаңлы тайпасы туралы мақала жазып, Қазақ совет энциклопедиясының 6-томында жариялады. Кейін ол 610 беттік монографияға айналды. Ә.Қайдар 1970 жылдан бері Тіл білімінің бір саласы этнолингвистикамен айналысып келеді. Осы саладан 30-дан астам шәкірт дайындапты. Біз академик Әбдуәли Қайдарды Тіл білімпазы, тарихшы, этнограф ғалым деп білеміз.

Мақаламды Ә.Қайдардың кітап соңындағы қорытынды сөзімен аяқтауды жөн көрдім.

«Енді тақырыптың жалпы мақсаты жөнінде. Бұл – ұлттық идеологияға байланысты тақырып. Ғылымды, білімді ұйымдастырушы мекеме тарапынан ұсынылып отырған бұл тақырып – күн тәртібіндегі өте маңызды тақырып.

Оның мақсаты – қазақ халқы мен Қазақстанның егеменді ел ретінде үздіксіз дамып, жер жүзіндегі ілгері қатардағы 50 елмен бәсекелесуге жарайтындай қандай мүмкіншілігі бар, ол шараларды орындауда ұлттық идея қандай қызмет атқаруы керек? Бұл сауалға әртүрлі жауап түскенге ұқсайды. Біреу – мұнай шағымын күшейткенде, екінші біреу – мемлекеттік тілімізді дамытқанда, біреу – экономикамызды өркендеткенде т.т. дейтін көрінеді. Біздің талғауымыз – осы бағыттардың бәрін дамыта берумен қатар, қазақ халқының бойында сақталған ең жақсы қасиеттерін кеңейте беруге күш салу керек. Қазақтың этностық болмысы сау болса, барлық мақсатты орындауға болады. Ол үшін қазақтың тілі мен мәдени байлығын, жер байлығы мен рухани байлығымызды таныту үшін тақырып бойынша үш томдық (әрқайсысы 40 б.т.) этнолингвистикалық сөздік, 3 томдық «Адам», «Қоғам», «Табиғат» және бір томдық «Қазақ қандай халық?» атты монография ұсынып отырмыз».

Ә.Керімұлы.

*Қ.А.Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Туркология. №3-4(35-36). Мамыр-тамыз. 2008.*

Қазақ халқының ерекшелігіне арнапқан құнды жинақ

Белгілі шығыстанушы, профессор Әбдуәли Қайдардың «Қазақ қандай халық» атты монографиясы жарық көрді⁶. Туындының атынан-ақ оның өзекті мәселеге арналғандығы бірден байқалып тұр. Бірнеше ғасырлардан бері шығыстанушы ғалымдар, саяхатшылар қазақ халқының

⁶ Қайдар Ә. Қазақ қандай халық. Алматы: «Дайк-Пресс», 2008. 651 б.

арасына келіп, өздерінің көрген, естігендерін қағаз бетіне түсіріп кеткен. Солардың ішінде, олар қазақтың қандай халық екені туралы өздерінің жағымды және жағымсыз пікірлерін білдірген. Қазақ халқының ішінен шыққан көзі ашық азаматтары мен зиялылары да өз халқына қатысты алуан санды пікірлерді ғасырлар бойы айтқан да, жазған да. Бұл мәселе қазіргі кезде күн тәртібінен түскен жоқ.

Бұл бүгінгі таңда да өзекті мәселе екенін автор былайша баяндайды: «Шынында да, біз кіміз, қазақ қандай халық? Бұл сауал бүгінде өзгеден гөрі өзімізді, қазақ азаматтарын көбірек ойландыратын, толғандыратын мәселеге айналып отыр. Өйткені өз тарихынды алғаш бүгінгідей егеменді ел, тәуелсіз мемлекет болып отырған қазақ халқы үшін, әсіресе оның өзін-өзі құрметтей білетін әрбір азамат үшін «қазақ қандай халық» деген сауалға дұрыс жауап бере білудің тарихи-әлеуметтік мәні зор, рухани, моральдық жауапкершілігі мол мәселе екені сөзсіз. «Дұрыс жауап» дегеніміз – жан-жақты ойланған, ғылыми негізді, білікті де білгір қауымның зердесіне сараланған, шындықтың шынайы көзі саналатын жауап деген сөз»⁷.

Автордың бұл пікірін қолдаймыз. Әсіресе, қазақ халқы өзінің тәуелсіз ел болуы үшін отаршылармен ғасырлар бойы күресіп, енді ол мақсатына жетіп, егеменді ел болып, қарқындап өсіп, өрлеп келе жатқан шақта өзімізді-өзіміз жетік біліп, жетістіктерімізді әлемге паш етіп, кемшілігімізді түзету қазіргі егеменді Қазақстан Республикасы дамуының күн тәртібіндегі басты мәселелердің бірі.

«Қазақ қандай халық» кітабы әлқиссадан, жеті тараудан және қорытындыдан құрылған. Әлқиссада тақырыптың өзектілігі оның алдына қойған негізгі мақсаты баяндалған. Тарауларда автор өзінің ұзақ жылдар бойы тырнақтап жинаған тақырыпқа тікелей қатысы бар 500-ден астам деректерді топтаған, оларға жеке-жеке тоқталған, жиналған деректердің қай жерлерден алынғанын атай келе, тырнақшада алынған деректерді берген. «Қазақ қандай халық» деген сауалға жауап ретінде барша қауымның (бұрынғы, бүгінгі зиялы азаматтардың, ұстаз, ақын, жазушы, мемлекет, мәдениет, қоғам қайраткерлерінің, басқа да жұртшылықтың) өз тарапынан берген әртүрлі контексте және жағдайға байланысты айтқан не жазған (жалпы саны 500-ден астам) ой-пікірі, тұжырымдары келтірілген. Олардың біразы бізге ел ауызында, халық жадында сақталған дерек ретінде (авторсыз), өсиетті сөз, тағылым түрінде жетсе, енді бір тобы кітап беттерінде хатталған жеке адамдардың пікірі ретінде жетіп отыр⁸. Алуан санды ауыз әдебиетінен және жазба деректерден жинақталған құнды деректерді бір жерге топтастыру, оларға қысқаша пікір білдіру оңай шаруа еместігі баршаға мәлім.

⁷ Сонда. Б. 3.

⁸ Сонда. Б. 7.

Аталған тақырыпқа байланысты осынша мол көлемдегі деректер бір кітапқа топталған. Бұл туынды автордың қажырлы еңбегінің жемісі.

«Қазақ қандай халық» – деген тақырып бойынша бір кітапқа шоғырланған деректердің сәулелі және көлеңкелі жақтары жеткілікті. Біздің пайымдауымызша, қазақ халқы тарихының көлеңкелі жағына қарағанда, сәулелі жағын кең көлемде сәулелендіретін мәліметтер баршылық. Соған қарағанда, адам баласы тарихында қазақ халқы өзінің пайда болып, эволюциялық дамуында кейін қалған халық емес, олардың алдыңғы қатарында келе жатқандардың бірі екені байқалады. Сондықтан болса керек, өткен және қазіргі замандардың көздері ашық зиялылары көне замандардан бүгінге дейін қазақтардың қандай халық екенін білуге үлкен қызығушылық білдіріп, жинаған деректері бойынша ой қозғаған және өз пікірлерін кітапта келтіргендей етіп баяндаған. Әлемдегі халықтардың ішіндегі қазақтардай өзін-өзі терең білуге ұмтылған халық көп болмаса керек. Туындыға енген деректердің негізінде «Қазақ қандай халық» деген басты мәселеге жауап бере алмай, автор төмендегі пікірмен шектелген: «Қорыта келгенде айтатынымыз: «Қазақ қандай халық» деген заңды сауалға біз «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» етіп жан-жақты ойланған, тәртіштеп зерттелген, объективті де тиянақты, нақтылы да дәйекті тұжырым – жауап бере алмай отырмыз»⁹.

Автор өзінің еңбегін әділ тұжырымдаған. Біз пікір білдіріп отырған көлемді еңбекті жарыққа шығару бойынша қыруар еңбек атқарылғанымен, өзінің қойған сұрағына нақты тұжырым – жауап бере алмаған.

Әбдуәли Қайдардың соншалықты атқарылған еңбек пен жинақталған бай, әрі мол деректер негізінде нақты пікір айтуға тәжірибесі де, ғылыми дәрежесі де жететіндігін көпшілік оқырмандар жақсы біледі, алайда соған қарамастан, автор өзіне-өзіне үлкен сақтықпен қарап, байыппен салмақтаған. Кітапта айтылған талапқа сәйкес аталмыш сұраққа нақты жауап беру екіталай. Өйткені бұл сұрақ, біздің ойымызша, дұрыс қойылмаған. Ақиқатында қазақтардың арасында «Біз осы қандай халықпыз?» – деген сұраққа жуаптар, өзара пікірлер айтылып та, жазылып жүргені дұрыс. Бұл халқымыздың салты бойынша айта салған ұғым. Оны негізге алып «қазақ қандай халық?» деп үрлеп, үлкейтудің қажеті шамалы шығар. Сондықтан да оқырмандарға бағытталған автор сұрағына жауап беру тіптен оңай шаруа емес. Оның орнына осындай жиналған деректерді талдап, қазақ халқының басқа халықтардан ерекшелігін көрсету арқылы оның тарихтағы даму деңгейін топшылауымыз қажет. Солай болса, «қазақ қандай халық» дегеннен гөрі, «Қазақ халқының даму деңгейі қандай?» деген сауал қойып, халқымыздың ежелден өркениетті этностардың бірі екенімізді кешенді зерттеу арқылы әлемге паш етуіміз өзекті мәселе.

⁹ Сонда. Б. 5.

Баршаға мәлім, «этнология – халықтардың қоғамдық құрылыстарын, олардың шығу тегін, өзара қарым-қатынастарын, заттай және рухани мәдениеттерін зерттейтін ғылым. Дүниежүзін мекендеген сан жағынан үлкенді-кішілі халықтардың әрқайсысының ғасырлар бойы қалыптасқан тек өзіне тән тұрмыстық ерекшелігі бар. Сол ерекшеліктері арқылы бір халық екінші халыққа ұқсамайды»¹⁰.

Солдай болатын болса, жер шарындағы 6 миллиардтан астам адамдар көп санды халықтарға бөлініп, өз тілдерінде сөйлеп, өздеріне ғана тән ділін қалыптстырды. Сондай халықтардың бірі – қазақ халқы. «Қоғамдық дамудың әртүрлі сатыларында таптық құрамы түрліше болып келетін, тарихи өзгеріп отыратын әлеуметтік топтардың бірлігі»¹¹. Осы келтірген анықтама әлем халықтарына, соның ішінде қазақ халқына тиісті. Сол халықтардан қазақтарды бөліп алып, оған лайықты нақты анықтама іздеудің қажеті шамалы деген пікір білдіреміз. Біздіңше, оның орнына қазақ халқының ғасырлар бойы жинаған, басты-басты, айтуға тұрарлық ерекшеліктеріне тоқталуымыз қажет.

Қасиетті қазақ халқына тән ерекшеліктер Ә.Қайдардың «Қазақ қандай халық» атты монографиясында мол көлемде жинақталған. Олардан мысал келтіре кетейік: «Қазақ – Абай тербеткен «алтын бесік»; қазақ – асыл сөзді ардақтап, бағасын білген, кестесі келіскен әдемі сөзді қастерлеп, өнер тұтқан халық; қазақ – асылын ардақтап, қадірлісін қастерлейтін халық; қазақ – қонақжай, мейман дос халық және т.с.с.»¹². Осы келтірілген деректер қазақ халқының кейбір ерекшеліктерін дұрыс көрсетететін құнды мәліметтер. Бұл пікірге қарама-қарсы айтылған деректер де осы кітаптың ішінде бар. Біздіңше, ол пікірлер қазақ халқының өмірімен үстірт таныс немесе білгісі де келмейтіндердің өз пікірі. «Көпті жамандама, көмусіз қаласың» деген халық ауызында мақал бар. Күнделікті өмірдегі бір жағымсыз жағдайды көреді де, соны халыққа тән қасиет екен деп айта салатын салғырттар бар. Жеке адамның халық атынан еліне, халқына тіл тигізу – кешірілмейтін жағдай. Кейбір адамдардың жағымсыз қылықтарын халыққа жабуға ешкімнің хақысы жоқ. Кітапта осындай көлеңкелі деректер келтірілген: «қазақ – Алланы Көк Тәңірден айыра алмай, күпірліктен құтыла алмай жүрген «күнәһар» халық»¹³. Белгілі жазушымыздың жазған сөзі делінген. Түріктер ғасырлар бойы Тәңірге сиынған, үстінен шығысқа қарай тараған Будда дінін қабылдамай, VII ғасырда ислам дініне енген. Түріктер, қазақтар ислам дінін қабылдап, бір Құдайға сиынады. Ескі салт бойынша Тәңірді

¹⁰ Шәлекенов У.Х., Шәлекенов М.У. Әлем халықтарының этнологиясы. Алматы: «Алтын мұра», 2002. Б 6.

¹¹ Қазақ Совет энциклопедиясы. Т. II. Алматы, 1977. Б. 565.

¹² Қайдар Ә. Сонда. Б. 9, 17, 87.

¹³ Сонда. Б. 13.

Құдайға (Аллаға) теңеп, екеуін де қосалқы мәнде айта берген. Оның несі кешірімсіз? Тағы да мынадай пікір бар: «қазақ – атакқұмар, шенқұмар, мансапқұмар халық»¹⁴. Бұндай құмаршылық бүкіл қазақ халқына емес, оның кейбір азаматтарына тән қасиет болуы мүмкін. Алайда, ел болған соң жауапты жұмыстарды жүргізетін азаматтар керек те шығар. Олар халқының шынайы қамын жеген шенқұмарлар болу тиіс. «Қазақ – қызу қанды халық»¹⁵, бұл қасиет осы сөзді айтқан адамның өзіне тән болуы мүмкін. Қазақ халқы байырғыдан ойланып сөйлейтін ойшыл, байсалды халықтардың бірі десек дұрыс болар. Міне осы сияқты ойланбай атүсті айта салатын орынсыз сөздерді жалпы халыққа жаба салатын адамдар өз ішімізде де жетерлік. Өз халқын төмендету кімге тиімді, кімге керек? Оның орнына халқыңды дәріпте, мақтан!

Пікір білдіріп отырған монографияда қазақтардың шығу тегіне, қазақ сөзінің этнонимі мен этимологиясына және қазақ халқының үш жүзге бөлінуі туралы құнды деректер берілген. Әлде де шешім таба алмай келе жатқан өзекті мәселелерді қайта қарауға жәрдем беретін мәліметтер бұлар. Аталған мәселелерге жақында біз де өз көзқарасымызды білдірдік¹⁶.

Жоғарыда айтылған пікірлерімізді түйіндесек, белгілі ғұлама, шығыстанушы ғалым Әбдуәли Қайдардың «Қазақ қандай халық» айдарымен жарыққа шығарған монографиясы халқымызды көптен бері толғандырып жүрген өзекті мәселеге арналған. Автор көптеген жылдар бойы құнды деректерді топтап, оқырман назарына дайындап ұсынған. Кітаптағы деректер қазақ халқының ұлттық ерекшелігін зерттеп, халқымыздың антикалық дәуірден бастап өркениетке жеткен, өзінің дамуы бойынша алдыңғы қатарда келе жатқан халықтардың бірі екенін әлемге паш етуіміз бүгінгі күннің талабы. Осындай туындыларды жазып, оны жарыққа шығару егеменді Қазақстан Республикасының талабы. Соңғы жылдары жинақталған жазба тарихи деректер, археологиялық, этнологиялық және гуманитарлық ғылым салалары бойынша және «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша жиналған деректер жеткілікті. Тек соларды саралап, талдап, ғылымға пайдаланып, қазақ халқының тарихын ақтандақтардан азат ететін, шынайы «Қазақ тарихын» жарыққа шығаруымыз қажет.

У.Шәлекенов

¹⁴ Сонда. Б. 18.

¹⁵ Сонда. Б. 91.

¹⁶ *Шәлекенов У.Х., Шәлекенов М.У.* «Қазақ» атауы (этнонимі) және мазмұны (этимологиясы) // Хабаршы. Тарих және саяси әлеуметтік ғылымдар сериясы. №2(13). Алматы. Абай атындағы ҚазҰПУ. 2007.

ҒАЛЫМНЫҢ БЕРГЕН БАҒАСЫ

Чокан Валиханов как уйгуровец

До XIX века наука располагала крайне скудными сведениями об Уйгуристане и его основным населении – уйгурах. О духовной и материальной культуре этого древнего и самобытного народа можно было судить лишь по отдельным разрозненным сведениям и свидетельствам китайских (Фа Сянь, Сювнь Цзянь), арабских (Аль-Фатых, Ибн-Тамим) и европейских (Плано Карпини, Рубрук, Марко Поло) путешественников, историков и летописцев.

Определенная работа по исследованию Восточного Туркестана была проделана в первой половине XIX века. Усилиями ученых многих стран, в том числе и русских, таких, как, Ю.Клапрот, И.Бичурин, А.Казамбек и другие, было начато историко-филологическое исследование уйгуров. В трудах этих ученых приводились сведения о происхождении уйгуров, их языке и культуре, вовлекались в научный обиход новые источники по истории и этнографии уйгуров.

Однако несмотря на это, до второй половины прошлого столетия богатая и самобытная культура уйгуров оставалась мало известной для науки. И эта тайна, во всей ее загадочной красоте, была раскрыта русскими учеными. Благодаря их всесторонним исследованиям была положена прочная основа самостоятельной отрасли науки – уйгуроведения, изучающей духовную и материальную культуру уйгурского народа Чокан Валиханов.

Интерес к изучению истории, быта и культуры своего народа, а также всех тюркоязычных народов Средней Азии, в том числе и уйгуров, у Чокана Валиханова возник очень рано. Еще будучи слушателем Омского кадетского корпуса, «он мечтал о большой научно-исследовательской работе, которую мог бы провести на полях неизведанной Азии»¹⁷. Он не только лелеял эту мечту ясно представлял своим пыльным и живым воображением свое будущее путешествие в мир таинственных приключений и научных открытий на огромных пространствах азиатского материка, но упорно и основательно готовился к этому необычайному подвигу.

Из биографии Чокана Валиханова и воспоминаний о нем его современников мы знаем, что уже в двадцатилетнем возрасте, т.е. к моменту своего первого путешествия в Джунгарию, Чокан Валиханов был подготовленным и вполне зрелым ученым.

¹⁷ Маргулан А.Х. Жизнь и деятельность Чокана Валиханова // В кн.: «Чокан Валиханов. Избр. произв.». Алма-Ата, 1958. С. 28.

Нам также известно, что Чокан Валиханов, прежде чем отправляться в путешествие по Восточному Туркестану, тщательно изучил всю имеющуюся литературу об этой стране, в том числе труды Бичурина, Тимковского, Казем-Бека, а также Клапрота, Абель-Ремюза, Риттера, Гумбольта, не говоря уже о трудах Марко Поло, Абулгазы, Рашид-ад-Дина и других исследователей.

Уместно отметить и тот факт, что знание и эрудиция Чокана Валиханова в свое время поражали многих известных ученых, с которыми ему приходилось встречаться. Так, например, после беседы с Чоканом Валихановым академик П.П.Семенов-Тяньшанский отозвался о нем как об обладателе «совершенно выдающихся способностей».

За свою короткую, но удивительно яркую и плодотворную жизнь (1835–1865 гг.) Чокан Валиханов создал целую серию научных трудов, которые вошли в золотой фонд отечественной науки.

Научное наследие Чокана Валиханова, которое в общей сложности составляет пять больших томов¹⁸, не только богата по своему содержанию, но и разнообразно по тематике, что наилучшим образом свидетельствует о масштабности и широте научных интересов этого замечательного и талантливого ученого.

Следует отметить, что среди столь широких научных интересов Ч.Валиханова одно из центральных мест занимают проблемы уйгуристики. Изучению истории, быта и культуры уйгурского народа посвящены самые яркие страницы его талантливых трудов.

Чокану Валиханову принадлежит пальма первенства в обстоятельном и всестороннем (историко-филологическом, естественно-географическом, социально-экономическом и культурном) исследовании Восточного Туркестана.

Как известно, во второй половине XIX века создаются более или менее благоприятные условия для научного исследования Восточного Туркестана, который до того времени как и вся Центральная Азия, был почти не известен науке¹⁹. В Восточный Туркестан устремляются экспедиции разных стран, усиливается к нему научный интерес как европейских, так и русских ученых. В заслугу Чокана Валиханова ставится то, что именно он одним из первых, рискуя собственной жизнью, смог проникнуть в Восточный Туркестан и блестяще осуществить свои научные замыслы.

Высоко оценивая эту заслугу Ч.Валиханова перед отечественной наукой, проф. А.Н.Бернштам писал: «Русские исследователи Чокан Валиханов, Петровский и Клеменц открыли неисчерпаемые сокровища Вос-

¹⁸ Издательством «Наука» сейчас издано три тома; II том составляет материалы и исследования о Кульджинском крае и Кашгарии.

¹⁹ Обручев В.А. Вклад русских ученых в исследование Центральной Азии // «Изв. Вост. Сиб. отд. РГО». 1897. Т. 27. С. 58.

точного Туркестана – родины уйгур. По стопам русских первооткрывателей шли экспедиции англичан, французов, немцев, японцев, финнов и итальянцев. За Валихановым (1858–1859) последовал Шоу (1868–1889) и Форсайт Беллью (1870–1873). Вслед за Петровским, начавшим свою деятельность в Кашгаре в 1882 г., последовало открытие Бозрем (1890) санскритской рукописи в Куче. После поездки русского врача Регеля (1879) и Клеменца (1898) в Турфан последовали Штейн (1900), Грюиведель и Лекокк (1902), Пелльо (1906), Отани (1908), Филиппо де Филиппини (1913) и др.»²⁰.

Следует отметить, что исследования Восточного Туркестана, после джунгарии, принесли Чокану Валиханову еще большую известность в научном мире и послужили основой всеобщего признания его как ученого-уйгуроведа.

Заслуга Чокана Валиханова как уйгуроведа заключается не только в том, что он первым открыл Восточный Туркестан. Его труды об этой загадочной стране отличается широтой привлекаемых к ее изучению источников, глубиной научного анализа и оценки фактического положения страны, объективностью характеристики и правильностью интерпретации исторических фактов. «Произведенные Чоканом Валихановым наблюдения исторического и этнографического характера, – пишет проф. А.Н.Бернштам, – по своей глубине и важностей выводов стоят несравненно выше, чем более знаменитые и впоследствии переведенные на русский язык работы Шоу (1868–1869 гг) о Синьцзяне и Беллью, описавшего миссию Форсайта (1870–1873 гг.)»²¹.

Научное наследие Чокана Валиханова в области уйгуроведения составляют в основном работы, написанные им в результате первого посещения западной провинции Китая и Кульджи в 1856 г. и поездки в Кашгар в 1858–1859 гг.²² Многочисленные статьи Чокана Валиханова читатель может найти весьма ценные статьи Чокана Валиханова об этом крае, его кульджинский и кашгарский дневники, а также переписка и многие другие дополнительные материалы и сведения дают яркую картину о многогранной жизни уйгуров того периода. И все эти труды замечательного ученого по сегодняшний день не потеряли своей ценности для науки.

В пытливых изысканиях и наблюдениях Чокана Валиханова читатель может найти весьма ценные и интересные в научном отношении сведения о древней и современной истории этой страны, о ее природных богат-

²⁰ Бернштам А.Н. Русская и советская уйгуристика // «Изв. АН КазССР». Серия уйгуро-дунганской культуры. 1950. Вып. 1. С. 78.

²¹ Бернштам А.Н. Проблемы истории Восточного Туркестана // «Вестник древней истории». 1947. №2. С. 52.

²² Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в пяти томах. Т. II. Алма-Ата, 1962. С. 5-8.

ствах и животном мире, о географических условиях и народонаселении, промышленности и торговле, о социально-экономическом положении, материальной и духовной культуре ее народов вообще и об образовании и искусстве, правах и обычаях, языке и литературе уйгуров в частности. Одним словом, внимание наблюдательного проницательного ученого в одинаковой степени привлекая и большие социально-экономические и политические проблемы в стране и этнографические детали жизни народа. И надо отметить, что по всем этим вопросам он сумел сказать что-то новое и оригинальное, сумел дать исчерпывающий анализ и правильную научную интерпретацию наблюдаемых явлений.

Однако приходится констатировать, что все это богатое научное наследие Чокана Валиханова в области уйгуроведения еще недостаточно изучено. Тем не менее в настоящее время, когда уйгуроведение получило свое определенное развитие и выросли уйгуроведческие кадры, вопрос о всестороннем исследовании и освоении этого наследия должен стать одной из неотложных задач специалистов-уйгуроведов различного профиля.

Мы же в своей статье ограничимся характеристикой лишь некоторых, наиболее важных моментов научных положений Чокана Валиханова.

Как известно, в 1865 г., вернувшись из поездки в Киргизии, Чокан Валиханов был командирован в г. Кульджу в качестве официального представителя российского правительства по торговым делам. Это было его первое посещение Восточного Туркестана, первое знакомство с уйгурским народом. Чокан Валиханов прибыл в Кульджу 5 августа 1856 г. и прожил здесь три месяца, ведя путевой дневник, в котором подробно записывал свои наблюдения, мысли и данные по различным вопросам истории, этнографии и экономики уйгуров.

Чокан Валиханов, находясь в Кульдже, не только серьезно изучал историю Восточного Туркестана, язык уйгуров, но и усиленно занимался изучением социально-экономического положения народов и их взаимоотношений.

Так, например, о тяжелых условиях жизни основного населения Илийского края, о государственном управлении в Китае того периода, и произволе, взяточничестве и других формах эксплуатации красноречиво говорят следующие строки: «Здесь цзянь-цзюнь – это совершенный трехбунчужный паша. Он пьет, ест за счет народа. Мясники доставляют ему каждый день мясо, портные шьют платья, каменщики поправляют дом. Поборы и злоупотребления превосходят все границы. Что же касается взяточничества, то китайцы не уступают в этом и самому персидскому шаху»²³.

²³ Архив АН СССР, ф. 23, оп. 1. С. 152.

И надо отметить, что во всех подобных описаниях и исследованиях Ч.Валиханова о Кульджинском крае²⁴ и его населении всегда четко выражается его горячее сочувствие и симпатии к эксплуатируемому народу и презрение, ненависть к эксплуататором.

Пребывание Ч.Валиханова в Кульдже пробудило его научный интерес к проблеме уйгуристики в самом широком смысле этого слова. Вернувшись в Омск, он вновь взялся за изучение древней истории Центральной Азии и Восточного Туркестана, консультируясь по ряду вопросов со своим другом Г.Н.Потаниным, вместе с которым он строил планы путешествий по неизданным землям древней родины уйгуров – Кашгарии.

Путешествие в Кашгарию (1858–1859 гг.) всестороннее исследование этой страны принесло Чокану Валиханову еще большую известность в научном мире. Собранный им материал о Кашгарии оказался исключительно богатым и ценным. Н.И.Веселовский, характеризуя Чокана Валиханова как открывателя Кашгарии, особо подчеркивал, что «описание путешествия в Кашгар составляет главную работу этого замечательного человека».

Исследователи Чокана Валиханова говоря об этом необычайном путешествии, основное внимание уделяют описанию его романтической стороны, опасностей, подстерегавших смелого исследователя на каждом шагу, что в известной степени оттесняет на второй план более важные моменты его научной деятельности. Между тем в исследованиях Ч.Валиханова мы можем найти ответ на многие вопросы и связанные с изучением географии, истории, этнографии, языка и литературы уйгуров Восточного Туркестана и Кашгарии в частности.

В «Материалах и исследованиях о Кашгарии» значительное место отводится изучению тяжелого экономического положения народов Алтышара, различных политических ситуаций, религиозных междоусобиц, борьбы народных масс за лучшую жизнь и независимость и т.д. Вот что представляла собой Кашгария накануне грандиозного национально-освободительного восстания 1864 г. Город только что пережил кровавую расправу цинских властей над участниками восстания 1857 г. Следы кровавого побоища виднелись всюду. От городских ворот до центральной площади была проложена аллея из жердей, на которых висели клетки с головами казненных. На площади возвышалась пирамида, сложенная их человеческих черепов. Среди казненных был и неудачный предшественник Чокана – немецкий ученый-востоковед Адольф Шлагинтвейт, пропавший тайно в Кашгар и поплатившийся за это своей жизнью²⁵.

²⁴ См. раздел: «Материалы и исследования о Кульджинском крае» в указ. книге Ч.Ч.Валиханова. С. 11-166.

²⁵ Сведения об обстоятельствах, способствовавших смерти Шлагинтвейта см. в указ.

Будучи свидетелем этих жестоких событий, Чокан Валиханов писал: «Людей здесь резали так же обыденно, как режут только кур».

Характеризуя настроение населения Кашгара, терроризованного карателями, Ч.Валиханов приводит перевод уйгурской народной песни, в которой говорится: «Трудно содержать в Кашгарском городе лошадь, потому что связка сена стоит двенадцать пулов, но еще труднее сохранить голову, потому что вай! вай!».

Объясняя причины ненависти широких народных масс к эксплуататорской верхушке, Чокан Валиханов пишет: «Обременительные налоги незаконные поборы, лихоимство и притеснения китайцев и беков, поставленных ими, раздражают народонаселение Шести Городов, и оно от души ненавидит как китайцев, так и своих чиновников». Далее он указывает: «Китайцы, сознавая свое бессилие, сделались и подозрительными и злыми. После каждого восстания они неистовствуют, предают все грабежу, насилуют женщин, разрушают мечети и предают казни для внушения страху дервишей и других бедных людей, а лиц же более или менее влиятельных, несмотря на их участие в мятеже, оставляют на прежних должностях, даже дают высшие шарикки. Эта политика напоминает турок, которые разбойников делали губернаторами провинций, в которых они свирепствовали»²⁶.

Это наблюдение Чокана Валиханова ярко характеризует его отношение к общественным явлениям, ибо он, в противоположность большинству буржуазных исследователей, сумел отделить социально-классовые моменты от чисто национальных. Чокан Валиханов подчеркивал, что уйгурский народ находится под двойным гнетом эксплуатации: цинских колонизаторов в лице китайской военщины и чиновничества и господствующих классов уйгурского общества в лице беков и клерикальной верхушки.

Чокан Валиханов не только сочувствовал судьбе многострадального уйгурского народа, но и верил в его возможности. «Народ, – писал он, – живет бедно, терпит нужду и трудится вечно. Если бы туркестанцы могли пользоваться плодами своих трудов, то были бы одним из богатых восточных народов, какими они были прежде»²⁷.

Восточный Туркестан, и в частности Кашгария, представлял собою в то время поистине пороховой погреб, поднеси спичку – и вспыхнет грандиозный пожар. Чокан Валиханов хорошо это чувствовал. Он говорил о непрочности цинского владычества, интересовался вопросом, чем же объяснить неудачу национально-освободительных восстаний под руководством ходжей.

раб. С. 481-485.

²⁶ Там же. С. 361.

²⁷ Там же. С. 344.

Немаловажное значение в этом вопросе, по мнению Ч.Валиханова, имели междоусобицы религиозных партий в Кашгарии, руководимых ходжами. Он писал: «Жители Шести городов... разделяются на две религиозно-политические партии – белогорцев и черногорцев, которые имели своих духовных патронов (пиров); между пирами этих партий происходила борьба за светскую власть над Малой Бухарией... Белогорец должен во всем противодействовать черногорцам, а черногорец – белогорцам. В этом заключаются религиозный догмат и политические убеждения этих партий»²⁸. Раскрывая социальную природу этих партий в сущность их двуликой политики в зависимости от конкретных условий и борьбы за монопольное эксплуатирование уйгурского крестьянства, трудящихся масс, Ч.Валиханов, как убежденный противник религиозного фанатизма, мракобесия и ханжества, бичует паразитическое существование ходжей, пользовавшихся «оресолом» святости в корыстных целях. «Пороки, которые они обнаруживают, – пишет Чокан о ходжах, – принимаются за религиозное исступление, и на пьянства и разврат их смотрят с благовением. Основываясь на таком авторитете, молодые ходжи шатаются по улицам, бьют собак, заглядывают под покрывала женщин, и никто не осмеливается их останавливать»²⁹.

Итак, характеризуя двойной гнет, постоянную вражду религиозных партий и самодурство ходжей, Ч.Валиханов отмечает, что все это тяжелым бременем ложится на плечи трудового народа. «Таким образом, – заключает он, – настоящая внутренняя политическая обстановка Восточного Туркестана одинаково неблагоприятна как для владычества китайцев, так и для ходжей»³⁰.

Особый научный интерес для историков-уйгуроведов имеют исследования Ч.Валиханова и по истории проинкиновения и закрепления различных религий, о мусульманском фанатизме и приверженности уйгуров к тем или иным религиозным верованиям и т.д.

На основе китайских и восточных источников и высказываний европейских путешественников Ч.Валиханов приводит ряд данных, характеризующих историю проинкиновения и смены религий в Туркестане. «нельзя положительно сказать, в какое время буддизм водворился в Восточном Туркестане, – отмечает он, – но, по свидетельству китайских писателей, он существовал там еще при династии Хань. В 140 году до Р.Х. города Восточного Туркестана составляли отдельные владения и исповедовали буддийскую веру... Город Хотан особенно славился своей индийской культурой»³¹.

²⁸ Там же. С. 363.

²⁹ Там же. С. 370.

³⁰ Там же. С. 365.

³¹ Там же. С. 298-299.

Ислам в Восточной Туркестан проникает в VII в. Однако распространение его в стране, по свидетельству китайских и мусульманских историков, было делом далеко нелегким. На этой почве происходили кровопролитные битвы. Ч.Валиханов приводит имена некоторых первых мусульманских проповедников в Восточном Туркестане, в том числе и имя Сагука Бограхана³², умершего в 429 году Хиджри, который распространил газет до Турфана и Комула. «Обширные места религиозных побоищ около Хотана, а также между Яркендом и Янысаром, называемые шайдан, т.е. местами успокоения блаженных, – пишет он, – доказывают, что для введения ислама нужно было много кровополития. Несмотря на это, область распространения его долго ограничивалась только западными городами»³³.

Ч.Валиханов видел несколько причин, воспрепятствовавших распространению ислама и мусульманского фанатизма у уйгуров Восточного Туркестана. Это, во-первых, удаленность Восточного Туркестана от центров мусульманства, во-вторых, влияние китайцев, проповедавших другую религию и, в-третьих, продолжительное господство буддизма в этой стране, вплоть до IX в., и наличие пережитков в религиозных воззрениях уйгуров доисламских верований, которые продолжали сосуществовать долгое время с мусульманской религией. Так, например, «по свидетельству Марко Поло, в XIII веке жители Комула были идолопоклонниками»³⁴. С.Е.Малов сообщает нам, что желтые уйгуры исповедуют буддизм и шаманство, они – единственные из тюркских народов древние исповедники буддизма и об исламе, можно сказать, не слышали³⁵. В другом месте он указывает, что еще в начале XX в. шаманство имело широкое распространение в Кашгаре, Аксу, Яксите, Хотана и в оазисах Керии. Причину же живучести этой религии он усматривал в связи шаманство с исламом³⁶. Уместно заметить, что одним из характерных сочетаний элементов шаманства и ислама является религиозно-обрядовая игра уйгуров – «Пери оюни», которая все еще бытует в народе.

«Очень естественно, – пишет Ч.Валиханов, – что после столь продолжительного господства буддизма учение Магомета, проникшее в Восточный Туркестан с VIII века, когда аравийские купцы стали посещать этот край, не могло скоро в нем водвориться. Аравитяне встретили в городах большое сопротивление и первыми последователями их были нома-

³² («Жизнеописание султана Сагук Буграхана»). СМ.А.М.Мугинов. Описание уйгурских рукописей Института народов Азии. М., 1962. С. 79.

³³ Валиханов Ч.Ч. Указ. соч. С. 299.

³⁴ Там же.

³⁵ Малов С.Е. Язык желтых уйгуров. Словарь и грамматика. Алма-Ата: Изд. АН КазССР. 1957. С. 3.

³⁶ Малов С.Е. Шаманство у сартов Восточного Туркестана. Петроград, 1917. С. 1.

ды (кочевники. – авт.)³⁷. Эти мысли ученого свидетельствует о том, что уйгуры Восточного Туркестана, которые в основной своей массе были оседлыми и занимались земледелием, не были расположены к принятию ислама.

В «Историческом очерке» Ч.Валиханова большое место отводится описанию восстаний уйгуров на протяжении одного века (1758–1858 гг.): восстание 1816 года под руководством Зияведдина, восстания (1826–1828 гг.) Джангир-ходжи, восстания 1830 г. под руководством Юсуп-ходжи, «восстания семи ходжей» в 1847 г., восстания Валиханатюре (1857–1858 гг.). И надо отметить, что при описаний этих восстаний Ч.Валиханов пользовался как материалами, почерпнутыми из бесед с живыми участниками событий, так и редкими историческими источниками, такими, как «Тарихи-Рашиди» Мухамеда Хайдара (доведена до 1554 г.), «Тазкира-и-Ходжаган» Мухамеда Садыка Кашгарского (история династии ходжей доведено до 1758 г.), приобретенными им в Кашгаре, что придает работе особенную ценность.

Немаловажное значение для историков-уйгуроведов имеет вопрос о переселении уйгуров в пределы России, на который Ч.Валиханов также дает исчерпывающий ответ. Как отмечает Ч.Валиханов, часть уйгурского населения Кашгарии переселилась в Ферганскую долину еще в первой половине XVIII в., затем во второй половине этого века (1757–1759 гг.) и начале XIX в.³⁸. В работе описываются причины этих переселений, а также тяжелые последствия и трудности, перенесенные трудовым народом в результате неоднократных эмиграций и реэмиграций. Так, например, описывается известное в истории событие о трагической гибели эмигрантов из Кашгарии при переходе Теректинского прохода (Терек даван): «Теректинский проход покрыт скелетами животных и людей... Когда я, пораженный этим зрелищем, спросил своих спутников сартов, то они мне объяснили, что это кости погибших кашгарцев, что при бегстве из Кашгара в Андижан были застигнуты здесь снежной бурей и погибли, что число погибших около сорока тысяч»³⁹.

В трудах Ч.Валиханова имеются также данные о переселении и расселении уйгуров внутри страны. Так, характеризуя город Уч-Турфан, он пишет: «В историческом отношении город этот замечателен тем, что в 1765 году вследствие бунта все жители были истреблены и на место их переселено до 500 семейств из разных туземных городов, которые были записаны землепашцами (таранчи), и образовано военное поселение из

³⁷ Валиханов Ч.Ч. Указ. соч. С. 299.

³⁸ Там же. С. 317-324.

³⁹ Там же. С. 532.

китайцев»⁴⁰. Описывается также переселение уйгуров различных городов в Илийский край во времена джунгаров. А сибо и солоны, по утверждению Ч.Валиханова, переселились в этот край из Маньчжурии и т.д.

Таким образом, написанный Ч.Валихановым исторический очерк о Восточном Туркестане на основе множества новых данных, исторических документов и свидетельств самих очевидцев описываемых событий вызвал в свое время большой интерес в научном мире. Этот труд и поныне не потерял своей научной значимости.

Не меньший интерес представляют и этнографические наблюдения Чокана Валиханова. В круг этнографических интересов его входили самые разнообразные вопросы: быт, нравы, обычаи уйгуров, характеристика общественного положения мужчин и женщин, народное образование, религия, этнический состав населения, кулинария, музыкальное, изобразительное и другие виды искусства, язык, литература, письменно-литературные памятники, фольклор и т.д.

Возьмем, например, этническую и антропологическую характеристику уйгуров, данную Ч.Валихановым. Надо отметить, что этот вопрос он рассматривает в тесной связи с древней историей Восточного Туркестана и этническим происхождением его обитателей.

Задаваясь целью выяснить, «к какому племени принадлежал народ, составлявший первоначальное население Восточного Туркестана...»⁴¹, Ч.Валиханов обращается к китайским и другим источникам, в которых приводятся сведения о древних культурных центрах-городах на территории Восточного Туркестана, и изучает преемственную связь между духовной и материальной культурой аборигенов и современным населением страны. Принимая в некоторой степени предложение отдельных ученых относительно того, что основателями таких городов, как Уч-Турфан, Аксу, Куча, Урумчи, Пичан, Хотан, Яркенд, Кашгар, были индийцы, что название г. Хотан есть испорченное санскритское слово Куса-Тана (что означает «пуп земли»), Ч.Валиханов писал: «По лицу же своему туркестанцы (т.е. уйгуры. – авт.) напоминают тип индо-персидский и очень походят на среднеазиатских таджиков..., которые считают себя аборигенами страны еще до прихода тэрок. Бронзовый или кофейно-черный цвет кожи, углубленные глаза, прямой крючкообразный нос и худощавое сложение делают их совершенно отличными от народов тюркских и монгольских»⁴². При этом вопрос о генетической связи уйгуров с другими народами, в частности с монголами, таджиками, он оставляет для решения будущему поколению ученых, заявляя, что «ум становится ко-

⁴⁰ Там же. С. 297.

⁴¹ Там же. С. 77.

⁴² Там же. С. 78.

ротким в рассуждении этой материи»⁴³. Как бы то ни было, антропологическая характеристика уйгуров, наталкивающая на мысль, что основными компонентами, принимавшим участие в этногенезе современных уйгуров, были племена, относящиеся по своему антропологическому типу к среднеазиатскому междуречью, впервые была дана Ч.Валихановым, и она несомненно имеет большое значение в решении вопроса этногенеза уйгурского народа.

В связи с историческим описанием народонаселения Восточного Туркестана Ч.Валиханов подробно останавливается и на характеристике уйгуров вообще, и кашгарцев, и хотанцев, турыанцев, комульцев, таранчи и других подразделений в частности. Придерживаясь существовавшей в то время традиции в востоковедческой науке, Ч.Валиханов наряду с термином «уйгуры», как наименование коренного населения Восточного Туркестана, применяет такие термины, как «малобухарцы», «среднеазиатцы», «туркестанцы», «туземцы» и т.д.

«Туземные жители Малой Бухарии, – пишет он, – общего народного имени не имеют, а называют себя по городам: кашгарлык (кашгарец), хотанлык (хотанец), комуллык (комульский житель) и проч., или же просто ерлик – туземец. Китайцы называют их чанту (обвернутая голова), калмыки – хотан, а среднеазиатцы, киргизы и буруты распространяют имя кашгарцев на все население Восточного Туркестана»⁴⁴.

Иногда кашгарцы и таранчи рассматриваются Ч.Валихановым как представители разных народов, что, конечно, неверно. Например: «Народонаселение Или составляют: туземные мусульмане, кашгарцы и таранчи»⁴⁵.

Однако несмотря на некоторые точности и непоследовательность в употреблении терминов, сведения, данные Ч.Валихановым о народонаселении Восточного Туркестана, характеристика уйгуров различных городов и лингвистические толкования их этнонимов и т.д. – все это является ценным вкладом в уйгуроведение. Так, например, ссылаясь на китайские, арабские и другие восточные рукописи, он всесторонне объясняет этноним «уйгур» (хойхор, хой-хорь, хой-хой и т.д.) и характеризует самих уйгуров. Вот некоторые выдержки: «Уйгуры, по свидетельству Абульгази, были народ тюркского корня и были в числе первых значительных племен огузовых: ганлы, кипчаки, уйгуры», «уйгуры были мусульмане еще при Чингис-хане, имели тогда еще свое письмо и, как народ более образованный, употреблялись монголами для (ведения) письмоводства». «Между уйгурами много было сведущих в тюркском языке, в письмовод-

⁴³ Там же.

⁴⁴ Там же. С. 338.

⁴⁵ Там же. С. 31.

стве и в счетах были искусны». «Ойхоры или уйгуры у восточных историков занимают владения семи городов». «В Хиве между узбеками есть род уйгур, а в Бухаре – кытай». «Потомки древних уйгуров в княжествах Хами и Турфан и в селении Лобнор на берегу озера того же названия; к этому же разряду надо отнести и туркестанцев Северной линии, т.е. мусульманское население города Кульджи...» и т.д.⁴⁶. Или возьмем характеристику уйгуров различных городов и территориальных групп: «Таранчи (что по-маньчжурски значит пахарь) суть крестьяне, переселенные из Восточного Туркестана (в Илийский край. – авт.)». «Аксуйцы известны за самых добросердечных людей в Восточном Туркестане...». «Хотанцы красивы, добросердечны, нет ни лености, ни притворства». «Кашгарцы характера доброго, общительного, радушны, трудолюбивы и до крайности вежливы»⁴⁷.

С особой любовью описывает Чокан Валиханов жизнерадостный, веселый нрав уйгуров, их мастерство в танцевальном, песенном и музыкальном искусстве. «Относительно музыки, – пишет он, – малобухарцы (уйгуры. – авт.) пользуются у всех среднеазиатцев почетом. Музыкальный хор их составляют: двухструнная лютия-дугарр и ситар, последний инструмент имеет 18 металлических струн, на нем играют смычком; гиджак с волосяными струнами его держат как виоланчель; рабаб или калун, вроде цимбалов, на которых играют палочками, и маленькие бубны (чермендэ или даб)»⁴⁸. Далее, он указывает что «один или два певца под удары ручных бубнов читают стихи сначала из Алишера, а потом любовные и патриотические песни»⁴⁹. Патриотические, вольнолюбивые песни уйгуров пелись повсюду, и на вечеринках (машрабах), и на улицах, и в процессе труда. В этой связи Чокан Валиханов уместно отмечает, что попытки цинских властей запретить уйгурам петь патриотические песни, проникнутые духом национально-освободительной борьбы народа, были всегда безуспешными.

«Говоря вообще, нравственное качество жителей Малой Бухарией (т.е. – уйгуров. – авт.), – писал Чокан Валиханов, – заслуживает более похвалы, чем проицания. Китайцы обвиняют туркестанцев (уйгуров. – авт.) в недоверии, лукавстве, лживости, лености и невежестве, азиатцы говорят, что они трусливы, не набожны и развратны»⁵⁰. Ч.Валиханов имеет на этот счет свое мнение. Причину этих «пороков» он ищет прежде всего в социальном неравенстве: «Постоянное порабощение, насилие и

⁴⁶ Там же. С. 63, 121, 133, 338.

⁴⁷ Там же. С. 62, 121, 338, 347.

⁴⁸ Там же. С. 346-347.

⁴⁹ Там же. С. 347.

⁵⁰ Там же.

несправедливости, которым подвергался этот народ, – указывает он далее, – способствовали развитию многих дурных качеств характера, как например: недоверчивости, строптивости и лживости, но все таки туркестанцы имеют много прекрасных начал, которых лишены все другие мусульманские народы и которые служат залогом, что при другой обстановке этот народ определил бы всех своих единоверцев»⁵¹.

Уйгуроведы могут почерпнуть много ценного из трудов Чокана Валиханова и по вопросам уйгурского языка и литературы. Поскольку Чокан Валиханов говорит о языке и литературе уйгуров, живших сто лет тому назад, то эти сведения приобретают особо важное значение в освещении вопросов истории языка и литературы современных уйгуров.

Ч.Валиханов был большим ценителем устного народного творчества. Находясь в Кашгарии, он записал немало уйгурских народных песен, поговорок и пословиц.

«Литература новоуйгурского языка, – пишет Чокан Валиханов, – который господствует в Восточном Туркестане, довольно богато переводами. Незнание персидского языка заставило малобухарцев перевести на свой язык все лучшие произведения религиозного содержания с персидского и арабского языков»⁵². Однако нельзя согласиться с мнением ученого, когда он заключает, что «насколько литература Малой Бухарии богата переводами, настолько же она бедна самобытными произведениями. Нет ни одного поэта и известного писателя из малобухарцев... Единственное произведение поэзии – это народные песни; они состояются из четверостишиями, и сюжетами им служат политические события или любовь; общий характер песен – уныние и грусть»⁵³.

Дело в том, что из-за жесточайших преследований уйгурская литература, особенно патриотическая, не могло получить должного распространения и вынуждена была оставаться на положении устного народного творчества. Именно этим и объясняется распространение переводной литературы, на пути развития которой не было столько преград, сколько встречала их собственно уйгурская литература. Лучшие образцы уйгурской письменной литературы того периода не могли получить широкого распространения среди населения, и естественно, Ч.Валиханов не мог их обнаружить.

Между тем уйгурская письменная литература занимает одно из ведущих мест в ряду классических литератур среднеазиатских народов. В историю уйгурской литературы вписан ряд имен замечательных поэтов. В их числе Мухаммед Имин-Ходжа Кули (Хиркати) из Кашгара, живший

⁵¹ Там же.

⁵² Там же.

⁵³ Там же.

творивший в XVII – начале XVIII века жил и творил замечательный лирик Мухаммед Сыдык Зелили из Яркенда. Бессмертные дастаны и газели поэтов XVIII века – Нобити из Хотана и Абдураим Низари из Кашгара и других являются гордостью уйгурской письменной литературы. В XIX веке создавал свои произведения поэт Мулла Шакир. На севере Восточного Туркестана, в Кульдже, среди народа было популярно имя поэта-письменника Биляла Назыма.

В трудах Чокана Валиханова приводится также большой языковой материал, что свидетельствует не только о его чисто этнографических интересах, но и большой лингвистической эрудиции.

Как нам известно, интерес Чокана Валиханова к языкам пробудился очень рано, еще в детские годы. «Султанские дети, – пишет А.Х. Маргулан, – по традиции, должны были изучать несколько восточных языков, или, как говорят, «жеті жұрттың тілін білу» – знать языки семи народов. Этот обычай тогда еще соблюдался, и Чокан... хорошо усвоил арабскую, а позже и уйгурскую грамоту»⁵⁴. В стенах кадетского корпуса он занимается уже более углубленным изучением языков и практически овладевает несколькими европейскими (немецким, французским и др.) языками. «Особенно проявил он себя в изучении восточных языков и этим обратил на себя внимание лучших преподавателей корпуса»⁵⁵.

Свои занятия по изучению восточных языков, в том числе уйгурского, Ч. Валиханов продолжает и после. Будучи в Кашгарии, он прекрасно изучил уйгурской язык и даже составил небольшой словарь наиболее употребительных в разговоре слов, содержащий также примеры идиоматических выражений. В трудах Ч. Валиханова можно обнаружить сотни и тысячи общетюркских, в том числе и уйгурских, монгольских, арабско-персидских и китайских слов, топонимов, которым он всегда дает свои квалифицированные этнолингвистические толкования, перевод на русский язык и комментарии. Им также раскрыта этимология и происхождение многих уйгурских слов.

Весь этот разнообразный и богатый лингвистический материал представляет для уйгурских языковедов-лексикографов, специалистов по топонимике и истории уйгурского языка исключительную ценность. В трудах Чокана Валиханова мы находим и общую характеристику уйгурского языка. Так, например, в Кульджинском дневнике он пишет: «В китайской истории под именами хой-ху, хой-хорь, хой-хой известен народ чужеземный, давший династию хой-хорь и впоследствии занявший нынешний Восточный Туркестан. В восточных источниках народ этот известен под именем уйгуров. Нынешние жители Семи Городов называются

⁵⁴ Валиханов Ч.Ч. Указ. соч. Т. 1, С. 26.

⁵⁵ Валиханов Ч.Ч. Избр. произ. Алма-Ата, 1958. С. 23.

китайцами чанту (чалмоносец), буквально – обвернутая голова. Они говорят наречием тюркского языка, который назван Клапротом уйгурским. Действительно, язык этот, хотя и тюркского корня, но отличен от него известных диалектов. Он имеет в себе много слов монгольских и много таких, которые по однозвучно напоминают тибетский. В грамматических изменениях и в произношении слов много различия. Язык дикокаменных киргиз есть его отрасль»⁵⁶.

Таким образом Ч.Валиханов рассматривает уйгурский язык как единый язык для всего уйгурского народа, а не как язык жителей отдельных городов или округов (вроде «кашгарский язык», «турфанский язык», «таранчический язык» и т.д.), что когда Ч.Валиханов говорит об отличии уйгурского языка от известных диалектов тюркских языков, он имеет в виду языки кыпчакской группы (казахский, киргизский, татарский), которыми он хорошо владел. Нельзя не согласиться с ним и в том, что произносительная норма уйгурского языка, как языка «чокающей» и «джокающей» группы, значительно ближе к произносительной норме киргизского языка.

Равивая эту мысль, Ч.Валиханов в другом месте указывает, что «дикокаменные киргизы говорят наречием тюркского языка, весьма близким к диалекту, господствующему в Восточном Туркестане»⁵⁷.

Заслуживает внимания высказывание Ч.Валиханова и относительно наличия у уйгуров общенародного и письменного языка и их особенностях. «Наречие, это, называемое некоторыми ориенталистами уйгурским, – пишет он, – разделяется на письменное и народное. Письменное имеет большое сходство с джагатайским, между тем как народное содержит в себе множество своеобразных слов, может быть древнетюркских, а также немало монгольских»⁵⁸.

Вполне понятно, что в объеме одной статьи невозможно даже бегло остановиться на всех вопросах, связанные с изучением уйгуров, которые нашли свое блестящее освещение в бессмертных трудах Чокана Валиханова. Они должны стать предметом ряда специальных исследований уйгуроведов: историков, языковедов и представителей многих других отраслей уйгуроведческой науки⁵⁹.

Однако ясно одно, что Чокан Чингизович Валиханов, выдающийся сын казахского народа, издавна связанного узами братской дружбы с уйгурским народом, внес бесценный вклад в уйгуроведческую науку и по праву считается одним из первых ученых-уйгуроведов, чьи замечатель-

⁵⁶ Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в пяти томах. Т. II. Алма-Ата, 1962. С. 62-63.

⁵⁷ Валиханов Ч.Ч. Избр. произ. Алма-Ата, 1958. С. 335.

⁵⁸ Там же.

⁵⁹ Кадыр Хасанов. Чокан Валиханов как уйгуровед. Алма-Ата, 1963. С. 68.

ные труды и поныне служат неповторимым образцом научного исследования.

Богатое научное наследие Чокана Валиханова по уйгуроведению в целом напоминает нам огромное полотно, живо и красочно написанное рукой талантливого художника и отражающее в себе многогранную жизнь, самобытную культуру и историю уйгурского народа во всей ее красоте, тонкости и причудливых красках национального колорита. И читая замечательные Чокановские строки, современное поколение уйгурского народа с благодарностью и уважением вспоминает имя Чокана Валиханова, большого друга уйгурского народа, отважного исследователя и талантливого ученого.

Известия Академии наук Казахской ССР.

Серия общественных наук.

Алматы: Издательство «Наука». 1965. Май-июнь.

(Соавт. т. К.Хасанов)

Сан қырпы саңпақ қарын

Сонау отызыншы жылдары республикамызда орын алған социалистік заңдылық бұзылуының құрбаны болып, жазықсыз жазаға ұшыраған асыл азаматтарымыздың бірі – Ахмет Байтұрсынов. Ол Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейін-ақ үлкен ағартушылық қызметімен бірге ірі ғалым-лингвист, әдебиет зерттеушісі, түрколог, дарынды аудармашы және бірқатар оқу құралдарының авторы ретінде кеңінен мәшһүр болған адам. Міне, қатарынан ерте оянып, халқына қылтқысыз қызмет етуді мақсат тұтқан үлкен парасаттың, сан қырлы дарынның иесі – Ахмет Байтұрсынов арада елу жыл өткеннен кейін саяси жағынан да, азаматтық тұрғыдан да толық ақталып, туған халқымен қайта табысты.

Ахмет Байтұрсыновтың творчестволық қызметі ауыл мектептерінде сабақ беріп жүрген кезінен басталады. Сол тұстағы қазақ қоғамы үшін ең маңызды іс – ағартушылық жұмысына құлшына кіріскен ол осы мақсаттағы қажеттіліктен туған қиындықты жеңу үшін қазақ жазуымен айналысады. Ол үшін ең алдымен қазақ тілінің дыбыстық жүйесін зерттеуге кіріседі. Бұған Ахмет Байтұрсыновты алып келген – оның ағартушылық қызметі болды, яғни қазақ балаларының сауатын ашатын «Әліп-би» мен ана тілін үйрететін «Тіл құралын» жазу үшін оған қазақ тілі фонетикасы мен грамматикасын зерттеу қажет болды, сөйтіп, ағартушылық қызмет оны ғалымдыққа жетектеді.

Қазақ тілінің дыбыс жүйесі мен оған қажет графика туралы алғашқы пікірлерін ол 1912 жылдан бастап «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеттерінің беттерінде білдіреді. «Айқаптың» 1912 жылғы 9-10 сандары

рында және «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 34-ші және одан әрі қарайғы сандарында «Жазу мәселесі» деген көлемді мақалалар жариялап, оларда қазақ дыбыстарын білдірмейтін араб алфавитінің кейбір таңбаларын қазақ жазуына енгізбеу керектігін, тұтас сөздің жіңішкелігін білдіру үшін дәйекші деп аталатын белгі қою қажеттігін дәлелдейді. Осы кезден бастап қазақ лингвистикасының терминдері жасалып, қалыптаса бастайды. Бұлайша түзетілген алфавиттің сауат ашудың дыбыс жүйелі әдісіне сай келетін графика екендігін айтады. А.Байтұрсыновтың араб жазуын қазақ тіліне икемдеген нұсқасын қазақ жұртшылығы, әсіресе, мұғалімдер қауымы талассыз қабылдайды, себебі бұл қазақ тілінің табиғатына, яғни сингармонизм заңдылығына сүйеніп жасалған болатын. Байтұрсынов түзеткен жазу 1912 жылдардан бастап іс жүзінде қолданыла бастады, яғни осы жазумен кітаптар шықты, 1913 жылдардан бастап мұсылман медреселерінде де, қазақ-орыс мектептерінде де осы жазу қолданылды. Байтұрсынов реформалаған араб жазуы 1924 жылы ресми түрде қабылданды. Бұл – өз кезегінде қазақ халқының мәдени дүниесінде үлкен роль атқарған, қалың көпшілікті жаппай сауаттандыру ісіне, жазба әдебиеттің дамуына, баспа жұмысының жандануына игілікті қызмет еткен прогрессивтік құбылыс болды. А.Байтұрсыновтың бұл тәжірибесін сол кезде өзге түркі халықтары үлгі тұтып, өз жазуларына өзгерістер енгізді. Ғалым ширек ғасырдай күш жұмсап, тер төккен бұл еңбегін, яғни «реформаланған қазақ жазуы қазақ мәдени талаптарын әбден өтей алады» деген көзқарасын латын алфавитіне көшу жайында әңгіме басталғанда, кейін 1926 жылғы Бакуде болған Бүкілодақтық I түркологтар съезінде барынша дәлелдеп, латынға көшуге қарсы пікір болғаны түсінікті. 1929 және 1938 жылы репрессия кезінде Байтұрсыновтың бұл пікірі «ұлтшылдық, пантюркистік, антисоветтік» деп бағаланғаны белгілі. Шындығында бұл баға дұрыс емес.

А.Байтұрсынов – қазақ балаларының ана тілінде сауат ашуына көп күш жұмсаған адам. Өйткені, қазақ балалары үшін 1902 жылдан бастап ашылған «ауыл мектебі» деп аталатын үш жылдық бастауыш оқу орнының өзінде шәкірттер сауатын орыс тілінде ашатын, кейбір пәндердің тілі қазақша болғанымен, оны оқытуға арналған, ресми түрде қабылданған графика жоқ болатын да, әр мұғалім өз ыңғайына қарай орыс, не араб жазуларын пайдаланатын. А.Байтұрсынов пен өзге де бір топ қазақ даласында оқу-ағарту ісінің дұрыс жолға қойылуын, ол үшін ауыл мектептерінде балалар қазақша сауат ашулары керектігін, оқудың ана тілінде жүргізілуін үкіметтен талап етеді. Осы талаптың жүзеге асырылуы үшін қазақша сауат ашатын тұңғыш әліппені – «Оқу құралын» жазған адам – А.Байтұрсынов. Ол бұл құралды 1912 жылы Орынборда жарыққа шығарды. Ол кейін бірнеше рет басылады. 1926 жылы автор

«Әліп-бидің» жаңа түрін жазып ұсынады, бұл осы күнгідей суреттермен берілген әліппе кітабы болатын. Сонымен бірге ол ересектердің де сауатын ашуға арналған «Әліп-би» жазды, ол Орынборда, Семейде басылды.

Көп ұзамай, (1912 ж. тұңғыш әліппе жазғаннан кейін) А.Байтұрсынов қазақша сауаты ашылған мектеп балаларына әрі қарай қазақ тілін оқытатын құрал жазуға кіріседі. «Тіл құрал» деп аталған бұл оқулықтың фонетикаға арналған I бөлімі 1915 жылдан бастап, морфологияға арналған II бөлімі 1914 жылдан бастап 1927–1928 жылдарға дейін 6-7 басылым көрді.

«Тіл құрал» қазақ мәдениетінде бұрын кездеспеген соны құбылыс болды, оны автордың өзі де ескертеді.

Қазақ грамматикасын талдап-тануда А.Байтұрсыновтың еңбегін екі тұрғыда атау керек: біріншіден, ол қазақ тілі грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша ғылыми термин жасап ұсынды. Бұл атаулардың өте сәтті екенін өзге түркі тілдері мамандары атап келеді. Екіншіден, қазақ тілі морфологиялық тұлға-тәсілдердің бірсыпырасын Байтұрсынов жаңаша талдап, соны анықтамалар береді. Қазақ тілін зерттеуші орыс ғалымдарының қате таныған тұстарын Байтұрсынов түзетіп талдайды. Қазақ фонетикасы мен грамматикалық құрылысын тануда көп ретте тілдің типологиялық ерекшеліктері мен өзіне тән даму барысын қатты ескеру принципін ұстайды. Сөйтіп, ана тіліміздегі ғылым саласы қазақ лингвистикасы Ұлы Октябрь революциясынан бұрын, үстіміздегі ғасырдың 10-ыншы жылдарынан бастап қалыптасты және оның іргетасын қалаушы Ахмет Байтұрсынов болды дегенді баса айтамыз.

А.Байтұрсынов қазақ тілінің жүйесін, табиғатын талдап танушы ғана емес, оны оқытып үйретудің әдістерін көрсетуші тұңғыш методист, яғни қазақ тілін оқыту методикасының да іргесін тұрғызушы болып саналады. Байтұрсынов дыбыс негізінде сауаттандыру әдісін ұсынған. Бұл салада 1910 жылдың ортасынан бастап 1928 жылдарға дейін газет-журналдар беттерінде ол бірнеше мақала жариялаған. 13-14 жыл бойы бала оқытқан тәжірибесінде түйген методикалық нұсқауларын 1920 жылы Қазанда «Баяншы» деген атпен кітапша етіп басып шығарды. 1921 жылы Ташкентте шағын методикалық құралын және жариялады.

Сөйтіп, тұңғыш қазақ лингвист-ғалымы әрі ағартушысы Ахмет Байтұрсынов өзінің алдына белгілі бір жүйемен келетін программа қойған деуге болады: ол әуелі қазақ балаларының сауатын ана тілінде ашуды мақсат еткен, ол үшін «Оқу құралды» («Әліп-биді») жазған, одан соң қазақ тілінің грамматикалық құрылысын, дыбыстық жүйесін ана тілінде талдап баяндауды мақсат еткен, ол үшін «Тіл құралды» жазған, үшінші – тілді дұрыс жұмсай білу тәртіптерін көрсетуді көздеген, ол үшін «Тіл жұмсарды» жазған, төртінші – сауат ашу, ана тілін үйрету

методикасын тұрғызуды міндетіне алған, ол үшін «Баяншыны» жазған. Міне, бұлар А.Байтұрсыновтың қазақ тілі білімінің іргетасын қалап, әрі қарай дамытудағы және ағарту ісіндегі жасаған қыруар жұмыстары мен сіңірген зор еңбегі.

А.Байтұрсыновтың тіл білімі саласындағы осы еңбегі өз кезінде де, ішінара бүгінгі күндерде де жоғары бағаланып келді. Есімі дүние жүзі шығыстанушыларына мәлім, аса беделді түрколог академик А.Н.Кононов Октябрь революциясына дейінгі отандық түркологтардың библиографиялық сөздігін жасағанда, Ахмет Байтұрсыновты белгілі түркологтардың қатарында көрсетеді де, оны жетілдірген қазақ алфавитін жасаушы, қазақ тілінің фонетикасы мен грамматикасын зерттеп, қазақ әдебиеті мен мәдениеті тарихын зерттеуші ғалым деп танытады.

А.Байтұрсынов терминология мәселелерімен де шұғылданған. Қазақ тілінің мектеп оқулықтарында осы күнге дейін қолданылып келе жатқан терминдер түгелімен дерлік А.Байтұрсыновтікі екенін қайталап айтамыз. Бұл терминдердің осындай өміршеңдігі олардың сәтті жасалғандығында, сондықтан 1912 жылдан бері тәжірибеде қолданылып, тұрақталғандығында деп білу керек. Қазақша лингвистикалық терминдерді негізінен қазақ тілінің өз мүмкіндіктерін пайдаланып жасауы А.Байтұрсыновтың термин жасау ісінде ұстанған негізгі принципін танытады, сонымен қатар 1912 жылдың өзінде, «Айқап» беттеріндегі мақалаларында «грамматика», «фонетика», «морфология» деген халықаралық терминдерді де қолдануы орыс тілі арқылы келетін интернационалдық сөздерден бас тартпайтын принципін де көрсетеді. Бұл принциптер – осы күнгі терминологиямызда басты орын алып бағыт-бағдар беретіндігі мәлім. Терминология саласындағы ғалымның еңбегі тек жаңа ұғым атауларын өзі жасау сияқты творчестволық іс-әрекеттермен шектелмейді, осы проблемаға 1926 жылғы түркологтар съезі алдында жүргізілген талқылауларға да, съезд барысындағы жұмыстарға да тікелей араласқан. Оның «Түркі тілдеріндегі терминология жайындағы тезистері» съездің ұйымдастыру комиссиясының бюллетеньдерінде жарияланды. Әрине, А.Байтұрсыновтың ұлттық терминология қорын жасаудағы кейбір пікірлерімен бүгінде келіспейтін сәттер де бар.

А.Байтұрсыновтың жас қазақ ғылымына еткен қызметі тек тіл білімі саласында емес, әдебиеттану саласында да айтарлықтай. Өткен ғасырдың II жартысында-ақ халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, жарыққа шығару дәстүрі отандық филологияда бел алған игілікті іс болды. Бұл дәстүрде әр халық интеллигенциясының озат өкілдері де атсалысқандары мәлім. Байтұрсынов та бұл істен шет қалған жоқ. Ол 1895 жылы алғаш рет «Тургайская газетаның» бетінде «Киргизские приметы и пословицы» деген атпен материалдар жариялады. 1923 жылы «Ер Сайын» жырын Москва-

да жарыққа шығарды, оған «Алғы сөз» жазып, түсініктемелер береді. 1926 жылы «23 жоқтау» атты жинақ түзіп, оны кітап етіп Москвадан шығарады, мұнда да қазақ ауыз әдебиеті үлгілері («ел аузындағы тіл») ұсынылады.

Ал әдебиетке қатысты ой-пікірлерін білдірудің басы деп оның «Қазақ» газетінде (1913 жылғы 39-ыншы номерінен бастап үш санында) жарияланған «Қазақтың бас ақыны» деген мақаласын атау керек. Бұл – ұлы Абай творчествосы туралы арнайы жазылған алғашқы еңбектердің бірінен саналады. Бұл мақалада: Қазақтың бас ақыны – Абай. Одан асқан бұрын-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ» деп Абайды аса зор бағалаған автор әрі қарай ақынның өмірбаянынан қысқаша мәлімет бере келіп, оның орыс әдебиетінен алған тәлімі мен танымын, поэтикасын сөз етеді. Абайдың «Өлең – сөздің патшасы» деп басталатын өлеңінің тексін тұтас келтіріп, ақынның поэзияға, жалпы сөз өнеріне көзқарасын, талғамын көрсетеді.

Ғалымның әдебиетті өнер деп, ауыз әдебиеті үлгілерін халықтың рухани байлығының қазынасы деп санауына оның жалпы өнер атаулыны, оның ішінде музыка өнерін сүйе, тани білгендігі де себепкер болған. Ахмет Байтұрсыновтың жақсы домбырашы, әнші болғанын қазақ музыкасын тұңғыш зерттеп, әлемге танытушы атақты А. Затаевич айтып кетті. Ол «Қазақ халқының 1000 әні» деген 1925 жылы Орынборда шыққан кітабында: А.Байтұрсынов елінің әндерін жақсы біледі және оларды тамаша орындайды, әрі жақсы домбырашы деп жазады. Қазақ халқының тарихын, этнографиясын, тұрмыс-салтын жетік білетіндіктен, Торғай, Ақтөбе, Бөкей ордасы, Қарқаралы өңірлерінің әндерін жазуда өзіне көп көмектескенін, тіпті екі тамаша күйді Байтұрсыновтың өзі орындап жаздырғанын айтады.

А.Байтұрсыновтың тек тіл мен әдебиет емес, этнография, тарих мәселелерімен де шұғылданғанын білеміз. М.Әуезовтің жазуына қарағанда, ол 1923 жылы «Мәдениет тарихы» атты кітабын жазып бітірген («Ақ жол», 1923 жылғы, 4 февральдағы номерін қараңыз).

Ахмет Байтұрсыновтың ірі ақын екендігін де білеміз. Оның қазақ поэзиясындағы орны да ерекше. Біздіңше, оны ақындыққа алып келген – халқына қызмет етуі, қараңғы қауымды еңбекке, мәдениетке шақыру, сауатын ашып, дүниені таныту сияқты мақсаттары, өмірлік кредосы. Оның өлеңдері негізінен «Қырық мысал» мен «Маса» атты жинақтарында 1909 жылдан 1922 жылға дейін Қазанда, Санкт-Петербуркте, Орынборда, Оралда бірнеше рет жарық көрді.

«Қырық мысал» орыстың атақты мысалшысы Крыловтан аударылған және соның ізімен, идеясымен жазылған өлеңдер. Байтұрсыновтың әдеби шығармалардың дәл осы жанрын таңдауында мән бар. Мысал –

қазақтарға да жақын, ғибрат алып, жақсылыққа шақырудың ең бір түсінікті амалы. Ал «Масаға» енген өлеңдер болса, олар да осы идеядағы туындылар: надандық, шаруаға енжарлық, кәсіпке марғаулық, автордың тануынша, қазақты шағуға дайын тұрған жылан, содан сақтандырып ызындап оятатын – «аяқтары ұзын, сары маса» (Ахмет Байтұрсынов ұзын бойлы, ақ сары жүзді адам болған, сондықтан бұл жерде сары маса деп орысты айтады деген солақай пікірлер мүлде қисынсыз).

Мысалы,

Қазақ малшы ұйықтап жатқан,
Жыланды пәле делік андып баққан.
Пәленің түрін көрген мен сары маса,
Қазақты оянсын деп сөзбен шаққан, – дейді ақын.

«Қырық мысалды» Мұхтар Әуезов қалың жұртының алғашқы естіген төңкеріс рухындағы сөзі» деп бағалады. Ал «Маса» – «қазақ оқушысына естілген екінші елшілдік ұран болды» деп жазды («Ақ жол», 4 февраль, 1923 жыл).

Сөйтп, қазақ жазуы мен тілін тану саласында Ахмет Байтұрсыновтың орны ерекше. Ең алдымен, ол – қазақ тілінің тұңғыш әліппесі мен оқулықтарының авторы. Қазақ жастарының бірнеше буыны ана тілінің сыр-сипатын осы құралдар бойынша танып, үйренді. Қазақлингвистерінің бұл күнде аға буыны болып отырған тобының білім-ғылымдағы алғашқы ұстазы А.Байтұрсынов болғандығы, бірқатары Ташкенттегі Қазақ Халық Ағарту институтында, Алматыдағы ҚазПИ-де дәрістерін тыңдап, тікелей шәкірті болғандықтары ақиқат. Екіншіден, ол – араб графикасына негізделген қазақ жазуының реформаторы. Бұл жазу (алфавит) үстіміздегі ғасырдың 10-ыншы жылдарынан бастап 20-ыншы жылдарының соңына дейін қазақ мәдениетіне, жазба дүниесіне, оқу-ағарту ісіне жақсы қызмет етті. А.Байтұрсынов жасаған жаңа араб жазуы бүгінге дейін қолданылып келеді: Қытай Халық Республикасындағы, Ауғанстандағы, қазақ бауырластар сауаттарын осы жазумен ашып, баспа дүниелерін осы алфавитпен, қазақ тіліне лайықталған түрімен шығарады. Шетелдік қазақ бауырластарға арналып, бұл күнде өзімізде шығатын «Біздің Отан» атты газетіміз де А.Байтұрсыновтың реформалаған алфавитін пайдаланады.

Үшіншіден, Ахмет Байтұрсынов – қазақ тіл білімінің іргетасын қалаушы, тұңғыш лингвист-ғалым. Ол – қазақ лингвистикалық терминдерінің авторы.

Қорыта келгенде, саясат пен идеология майданында, ғылымдағы ізденістері мен танымдарында болған қайшылықтарды көрсете отырып, қоғам қайраткері, ағартушы ғалым Ахмет Байтұрсыновтың Қазақстанның оқу-ағарту істерінің, мәдениетінің, ғылымның қалыптасу, даму тарихында аса көрнекті, ірі тұлға болғандығын атаймыз. Бұл тарихта Ахмет

Байтұрсыновтың есімі өз орнында дұрыс аталып, еңбегі дұрыс бағаланған кез туғанына бүкіл жұртшылықпен бірге, бүгінгі қазақ тіл мамандары да зор разылығын білдіреді.

*«Социалистік Қазақстан». 4 январь. 1989.
(Р.Сыздықовамен бірге)*

Үлт мәдениетінің Хантәңірі

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ мәдениетінің тарихында үлкен бір дәуірді алып жатқан алып тұлға. Ол өзінің құдай берген талантын туған халқына деген сүйіспеншілікпен суғарып, толассыз еңбекпен шыңдаған қайсар да қаһарман ғалым. Ол қараңғылық тұңғығынан жарық жұлдыздай жарқырап шығып, айналасына нұр, шуақ себумен өткен ағартушы.

Оның дүниеге келер тұсы патша ағзамның бұратана елдерді билеп төстеудің айла-шарғыларын емін-еркін іске жаратып жатқан кезі болатын. Қазақтың әлденеше ғасырға ұласқан хандық билік құрылымның быт-шыты шығып, «күштілерім сөз айтса, бас изеймін шыбындап» деп тұрған сәті еді. Ахметтің дүниеге келуі қалыптаса бастаған халықтық тұтастығының береке-билігінің сәні кетіп, ел-жұрты «балапан басымен, тұрымтай тұсымен» жүріп жатқан дәуір еді.

Текті тұқым, жақсы тәрбие, құнарлы топыраққа түскен дән тәрізді, жемісті молынан береді емес пе? Ахмет те тумысынан зейінді де зерек бала болып өседі. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» демекші Ахаң ең алғашқы тағлымды, жөн-жосықты өз шаңырағынан алады. Өз әкесі Байтұрсын, оның әкесі Шошақ Үмбетей көзі ашық, көкірегі ояу, пікірін анық та айқын айта білетін өте батыл болғанға ұқсайды.

Сонымен бірге Шошақ әулеті, әсіресе, Байтұрсындар ешқандай әділетсіздікке төзбейтін қайсар тұқым болса керек. Көпшілікке белгілі оның бұл мысалы – Байтұрсынның Ақтас және Собалақ дейтін екі інісімен бірге ұсталып, кісенделіп, патша үкіметі тарапынан 25 жылға итжеккенге айдалғандығы ғой. Білімсіздіктің, тіл білмеудің зардабын әбден тартқан сол Байтұрсын айдалып бара жатқан сәтінде үміт етері Ахметке: «аш-жалаңаш бол, қорлық көр, бәрібір оқы, балам. Тым болмаса артымда маған хат жазып тұратын халге жет» дегенін қайсыбір қариялар аңыз ғып бертінге дейін айтып жүріпті.

Оқуды арман еткен зерделі жас Торғайдағы екі сыныптық (кластық) орыс-қазақ училищесін үздік бітіріп, одан соң Орынбор қаласындағы мұғалімдер даярлайтын қырғыз (қазақ) мектебін 1895 жылы тәмамдайды. Ахаңның ресми алған жүйелі білімі осымен шектеледі.

Ахаң өмірінің алғашқы қадамдарын бала оқытудан бастайды және ол өз мақсатын:

Адамдық диқаншысы – қырға шықтым,
Көлі жоқ, көгалы жоқ құрға шықтым.
Тұқымын адамдықтың шаштым, ектім,
Көңілін көтеруге құл халықтың, –

деп, бейқам жатқан халқын сауаттандырып, өнер-білімге, мәдениетке жетектеуі деп біледі.

Әрине, бұл тұста Ахаң тәрізді оқыған, білім алып, әлгіндей мектептерді бітірген, орысша сауат ашқан өзге де қазақтардың қарасы көріне бастаған-ды. Бірақ, бір ғажабы, олардың көбі халық, ел мүддесі деген сөздерден гөрі ұлыққа жағынып, сол халықты қалай қанап, қалай пайда тапсам екен дейтіндер болатын. Олардың тілмаштыққа қолы жетіп, губернатор кеңселерін жағалап жүргенде, Ахаң ағартушылық жолына түсіп, «қайтсем халқыма пайдамды тигізем, қалай көзін ашам, ұйқысынан қалай оятам» деп күндіз-түні соның амалын қарастырады.

Осы орайда, жан-жақты әрекет етуге талпыну, ізденіс жолы 1896 жылы Ахаңды Алекторовқа алып келеді. Оған баруының да өзіндік сыры бар еді. Алекторов ол кезде Омбыда отырып Ақмола, Семей оқу жүйесін басқарып тұрған болатын. Онымен қазақ даласындағы бала оқыту жайы туралы кеңеседі.

Бұл жерде Ахаң орыс оқымыстыларының миссионерлік мақсатын зердесіне жеткізе түсініп, содан тіксінеді. Олар қазақтарды орысша оқыту арқылы орыстандыруды көздеген ғой. Осыдан секем алған Ахаң ширыға түседі. Қазақты өнер, білімге жетектеу өзгелердің емес, өзі тектес оқығандардың халық алдындағы парызы деп түйеді.

Ахаңның осындай мақсатты көздеп, саяси көзқарастарын шындай түсуі Қарқаралыда өмір сүрген (1896–1907) кезеңмен байланысты. Осы кезде Ахаң айналасына әлеумет өміріне зер сала бастаған қазақ зиялылары топтана бастайды. Қазақ жерінің талан-таражға түсуі, қараңғы халықты орыстандыру саясаты т.т. сол кездегі ең дертті мәселелері болатын. Осыларды ойластыра келіп, Ахаң бастаған зиялы қауым, бастарын бәйгеге тігіп, Ресей империясының Министрлер Кеңесі Төрағасының атына петиция (тілек арыз) жазады. Дәл осы тұста ол ақындық өнермен шұғылданып, И.А.Крыловтың мысалдарын аударып жүрген болатын. Төңкеріс рухында айтылған мұндай сөзді қазақ жұртының тұңғыш естуі еді. Осыдан соң Ахаң атағы шартарапқа тарап кетеді. Алайда, жұртты саналылыққа, еркіндікке үгіттейтін «Қырық мысалды» берген, патшаға қарсы петиция ұйымдастырған адмдардың бәрі де полициялық қатал тәртіптің, үкімет адамдарының қырын қабағына іліне бастайды. 1905 жылғы төңкеріс қырғынға ұшыратылған соң, патша үкіметі қайта тіріліп, оның жер-жердегі жандайшаптары құтырына түскен кезде өз елін, өз жерін шен мен шекпенге сатып, ардан безген кейбір тілмаштар мен бо-

лыстар «елді бүлдірер іс-әрекеттерге барды» деп Ахандар үстінен шағым хаттар жаудырады және олар дегеніне жетеді. Қарқаралыда ағартушылық жұмыспен айналысып жүрген Ахаң алты жолдасымен бірге 1907 жылы тұтқындалып, абақтыға жабылады.

Семейде сегіз айдай ешқандай тергеусіз, сотсыз тас қамауда жатқан Ахаң ақыры қазақ өлкесінен бір жарым жыл мерзімге Орынборға жер аударылады. Сол кеткеннен мол кетеді. Ол онда 1917 жылдың аяғына дейін тұрады. Жазалы адам ретінде айдалған Ахаңның бұл сапары оның өміріндегі ең нәтижелі де өнімді еңбек еткен жылдары еді. Ол ғылым, білімге бұрынғыдан да тереңірек үңіліп, әділетсіздік жайлаған мына қоғамды бұрынғыдан да бетер ащы тілмен түйрей, шеней түседі. Қазақ балаларын оқытудың әдістерін, қазақ тілі, әдебиеті, өнері, тарихы, мәдениеті туралы өрелі ойлар айтып, бастауыш мектептерге арнап оқулықтар мен оқу құралдарын жаза бастайды. Халық мұраларын, ауыз әдебиет үлгілерін, эпос, ертегі, жұмбақтар жинап бастыру ісімен айналысады. Ғылыми зерттеу жұмыстарымен шұғылданады.

А.Байтұрсынұлының қазақ елінің жоғын жоқтап, санасына сәуле құюға байланысты жасап жүрген еңбектері елге тарай бастайды. Әсіресе, сол кезде Уфадағы «Ғалия» медресесінде оқып жүрген қазақ жастарына Ахаңның туындылары, елдік істері қатты әсер етеді. Сол жастардың ұйғаруымен елден қаржы жиналады да, газет шығару мәселесі қозғалды. Ол бейресми газет «Қазақ» деп аталады да, оған редакторлыққа А.Байтұрсынұлы шақырылады. Міне, сол 1913 жылдың басынан 1918 жылға дейін бас редакторлық міндетін мүлтіксіз атқарған Ахаң елге жеткізсем, ұқтырсам деп жүрген көкейіндегі көптеген мәселелерді енді хатқа түсіріп жария етуге мүмкіндік алады.

Қазақтарды надандықтың шырмауынан шығарудың бірден-бір жолы – ғылым-білімге ұмтылу, оқу-ағарту жұмысымен айналысу деп ұққан Ахаң енді осы идеясын нақты істермен дәлелдей түседі. Сол кезде шығып тұрған қазақ баспасөзінің қай-қайсысын болса да осы мақсатта пайдаланады. Бұл жөнінде, әсіресе, «Қазақ» газетінің рөлі айрықша болғаны мәлім. Бірақ ел билеушілер, бәлеқорлар, полициялар Ахаңның соңына түсуін қоймады. Газет бетінде жарияланған материалдардың бәрін цензурадан өткізіп, үнемі ақшалай айып салып, қауіп-қатерді төндіріп отырған. Салынған айып ақының мөлшері тым асқынып кеткен бір кезде Ахаңның үш ай мерзімге абақтыға өз еркімен отыруға келісім берген кезі де болған. Мұны естіген газет оқырмандары тиісті ақшаны жинап, Аханды шығарып алған.

1911 жылы Орынборда басылған «Маса» жинағы халықты өз тағдыры үшін күреске шақырған, жұртшылықты шырт ұйқысынан оятқан дабылды топтама болатын. Ақын қалғыған халқын тым болмаса маса боп

шығып оятайын, ойландырайын деген мақсат көздейді. Ол бұл жолда талай соққы жеп, тауқымет шерін де, тіпті өліп те кетерін білген. Бірақ біле тұра ол алған беттерін қайтпады:

Сары маса боп ызындаған өзі екенін Ахаң 1909 жылы Петербургте басылған «Қырық мысалындағы», «Малшы мен маса» деген туындысында жасырмай ашық айтады:

Қазақ-малшы, ұйықтап жатқан,
Жыланды пәлен дедік андып жатқан.
Пәленің түрін көрген мен – Сары маса –
Халықты оянсын деп сөзбен шаққан.

Жаңадан тәй-тәй басып, Ахаң сияқты бір-саран оқыған саналы азаматтардың арқасында оң-солын танып, енді-енді ес жиып келе жатқан қазақ елі үшін «Қазақ» газетінің атқарған қызметі ұшан-теңіз екенін тағы да айтсақ, артық емес. Бес жылға таяу уақыт үзбей оқырманымен қауышқан бұл газет кезінде лайықты көкейкесті мәселелердің бірінен соң бірін жариялап, жұртшылық мағлұматын кеңейтумен болды. Жалпы қазақ халқы Қазан төңкерісіне дейін өзінің санасын ғана емес, қоғамға әлеуметтік көзқарас деген саяси көзқарастарды недәуір қалыптастырды дер болсақ, ондай күрескерлік қасиет осы «Қазақ» газетінің арқасында айқындала түскенін айту керек. Кезінде бұл газетті ұлтшыл-буржуазияшыл орган деп тыйым салып тастамағанда талай тарихи шындықтың көзін ашып, халқымыздың Қазан төңкерісіне дейінгі рухани, мәдени өмірінен мол мағлұмат беретін еді.

А.Байтұрсынұлының Қазан төңкерісіне дейінгі өмір жолының қайсыбір тұстары міне, осындай. Бұл жолдың тіпті де оңай болмағанын баяндалған азын-аулақ деректерден-ақ байқауға болады. Қит етсе, түрмеге жабу, бостандықта жүргеннің өзінде үнемі андуда, тексерісте болу, тіпті басқан қадамыңды былай қойып, ашқан аузыңды, жазған сөзіңді бағып, қия бастырмай тұншықтыруға шыдау үшін адамға қандай күш, жігер, қайрат керек. Өстіп жүріп, тығырықта өмір кешсе де Ахаң елім, жерім, халқым деп тыныстауын бір сәтке де тоқтатпаған, ол ел мүддесіне жарарлық, халық санасын ашарлық қыруар дүниені берді. Бұл ел деп соққан үлкен жүректің ыстық махаббатымен ғана туындайтын қазына.

Ахаң өмірінің төңкерістен кейінгі бөлігі де тіпті күрделі, тіпті қайғылы. Жан түршігерлік азапқа бола туылған жан ба дерсің.

Жаңа үкіметтің мүшесі, Қазақ автономиялы республикасының оқу-ағарту халық комиссары, соның жанындағы ғылыми-әдеби комиссиясының төрағасы, қазақ өлкесін зерттеу қоғамының құрметті төрағасы, Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінің мүшесі, сондай-ақ Академиялық Орталықтың төрағасы ретіндегі аз уақытты шуақты күндерді басынан кешіргені болмаса, ең ауыр, ең қасіретті, шегінен асқан сұмдық пен зұлымдықтың тақсіретін тартқан қаралы кезең бұл.

Ахаң болса, езілген ел өміріндегі Қазан төңкерісін саналылықпен қабылдап, Кеңес үкіметіне үлкен үміт артқаны мәлім. Өзінің ел мұңы, халық қамы деген әу бастағы мақсат-мүддесімен жаңа үкіметтің бағыт-бағдары сәйкес келіп жатқандай болып көрінгенін де ол Кеңес үкіметіне қолқабыс етуге тарысты. Армандай болып алғызбай жүрген көп шаруаның бағы енді жанар деген үмітпен ол іске аянбай-ақ араласты. Жоғарыдағы санамалап шыққан қызметтің бәрі соны дәлелдейді. Бірақ Аханның ақ ниетінен арамдық іздеуші, іс-әрекетінен контрреволюциялық бүлік күтуші қараниеттілер оған аттап қадам бастырған жоқ. Басқан ізін аңдумен болды. Ол бұрын патша шенеуніктерінен, болыстардан, тілмаштардан, жандармнан қаққы жесе, енді бостандық туының астында бірге жүрген жерлестерінен, большевиктерден, қызыл жағалылардан көрді көресіні. Аңдыған жау алмай қоймайды. Ол бір емес, бірнеше рет тұтқынға алынды.

«Құланның қасуына, құлақтың басуы» тура келгендей, дәл осы кезде қазақтардың сорына Қазақстан тарихының қаралы беттерін жазып кеткен Ф.И.Голощекиннің «Кіші Октябрі» басталды. Ал бұл «Кіші Октябрьдің» қазақ халқына қандай қасырет әкелгені тарихтан мәлім. «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деп, зіркілдеген Голощекин жендеттері негізгі күнкөрісі, тіршілігі, тынысы мал болып саналатын халықтың сол жанды жеріне қанжар сұқты. Малын сыпырып алды. Тігерге тұяғы, ішерге тамағы болмай қалжыраған қарапайым шаруа адамы басы ауған жағына кетіп, жол-жөнекей қырылып жатты. Ахаң сияқты көреген адамдар бұл сұмдықтың боларын алдын ала сезіп, дабыл қаға бастаған. Бірақ бұлардың сөзіне құлақ асудың орнына, төңкеріс рухына кері әсерін тигізіп, кедергі жасап отырған байшыл-ұлтшыл алаш партиясының бұрынғы көсемінің бірі бұрынғысын көкsep жүр деген жаламамен ақыры ол 1929 жылдың 4 маусымында 30 адаммен бірге қамауға алынады. Солардың басы болып қара тізімге алдымен Ахаң ілінеді. Мұның, әрине, өзіндік себебі де жоқ емес еді. Голощекинге әлгіндей жаппай қыру саясатын емін-еркін жүргізу үшін халықтың санасын оятып, көсемдік көрсетіп жүрген осындай ірі тұлғалардың көзін алдымен жою керек еді. Ал Ахаң бүкіл қазақтың ақыл-ойы мен ар-ұятының символына айналып кеткен әйгілі қоғам қайраткері, әрі рухани көсемі болаты. Сөйтіп Ахмет Байтұрсынов Голощекин тырнағына ілігіп, Мәскеудің Бутыркасында 1929 жылғы шілдеден 1931 жылдың қаңтарына дейін отырады да, содан соң Архангельск облысының барса келмес алыс түкпіріне жер аударылады.

Бұдан ол «Қызыл Крест» ұйымы арқылы (М.Горькийдің жұбайы Е.П.Пешкованың араласуымен) мерзімінен бұрын босанып, 1934 жылы қайтып оралады. Бірақ бұл бостандықтың да өмірі қысқа болды. Небәрі

үш жылға жетер-жетпес уақыттан кейін 1937 жылы 8 қазанда қайтадан қамауға алынып, ақыры атылады.

Ол елдің санасын көтеруден бұрын сауатын ашу қажет екеніне мектепте сабақ бере жүріп әбден көзін жеткізеді. Сауаташар «Әліп-би» мен тіл үйретер «Тіл құралын» жазу үшін графика және қазақ тілінің дыбыстық жүйесін дұрыстап алу қажеттігін сезінеді.

«Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті бетінде көптен бері көтеріп келе жатқан жазу мәселесіне Ахаң 20-жылдары жіті кіріседі, ол әу бастан-ақ араб графикасына бейіл береді. Оның мұнысынан кезінде «панисламдық», «арабшылдық», сарын іздеп сарсылғандар да болды. Сондықтан да ол ең алдымен қазақ жазуын қалыптастырудың алғашқы нұсқалары ретінде: 1) қазақ тілі дыбыстарына қажеті жоқ араб таңбаларын әліпбиден алып тастауды; 2) сөздің жіңішкелігін білдіретін «дәйекше» деген белгіні енгізуді; 3) Қазақ тіліндегі Ы, Е, И, О, Ұ, У дыбыстарының әрқайсысына жеке таңба белгілеуді ұсынды. Міне осының бәрі қазақ тілі әліпбиінің өз табиғатына орай түзіліп, тіліміздегі сингармонизм заңына лайықталып жасалуының нәтижесінде қазақтың жазуы болып тез қалыптасты.

Айта кету керек, 1926 жылы 26 ақпан мен 6 наурыз аралығында Баку шаһарында өткен түркологиялық съезде А.Байтұрсыновтың араб әліпбиі негізіндегі жаңа жазудың артықшылығын дәлелдеп, латынға қарсы шыққан бір себебі бұл жазудың Қазақстанда іс жүзінде қолданыс тауып, жаппай сауатсыздықты жоюдағы атқарған нақтылы қызметі болатын. Кейін халық жауларын аулаушы «қырағылар» Ахаңның бұл әрекетіне жерден жеті қоян тапқандай қуанып, оны керемет пайдаланғанын да білеміз. Өңгіме бұл жерде Ахаңның латын жазуын мүлде іске алғысыз деп тануында емес еді. Мәселенің түп себебі – сауаты жаңа ашылып, білімді ел қағарына енді-енді қосылып келе жатқан қазақ сияқты қауымға жазуын қайта ауыстыра берудің мүлде тиімсіздігінде болатын. Мұның үстіне бүкіл жұрт тез қабылдап, өзге де түркі тілдес елдер үлгі ете бастаған бұл жазуды ауыстырып латынға көшуді ол түптің түбінде кирилицаға ауыстырудың баспалдағы екенін сезген еді. Ақыры солай болып шықты да.

Барымызды ұмытып, керегімізді іздеуден қалған 70 жылдан аса мерзім ішінде бүкіл бір ұрпақты өз қағынан жеріген құлан сияқты екенбіз. Ана тілін білмейтіндер саны бұл күнде 25 пен 40 процент арасында ауытқи беретіні – кеңестік дәуір «жемісі».

Енді, міне, заман түзелгендей, ел есін жинағандай болып отырған кезеңде Ахаң қалдырған мұраның мөлдірінен сусындап, әлі де мейіріміз қанар емес. Бір ғана осы ағартушылық іс саласында жазған кітаптарының өзін игеру оңайға түсіп жатқан жоқ. Өйткені, өзімізде ештеңе жоқ деп, өзгеге жүгініп, әбден еңсе түсіріп үйренген халықпыз ғой. «Апыр-ай, мұндай да бар екен-ау» деп аң-таң болып жүрген ағайын да арамызда.

Иә, Ахаңның істері таңдай қақтырардай. Сонау 1912 жылы Орынбордан шыққан «Оқу құралы» халық сұранысын өтегені соншама, ол әлденеше рет баспа жүзін көреді. Ал 1925 жылы ол «Әліпбидің» жаңа түрін жариялайды. Бұл да бірнеше рет басылады. Кезінде бұған «...Мынау жаңа «Әліпбиі» бұрынғысынан қай ретте болса да артық. Бұл «Әліпбидің» мазмұны қазақ жағдайына қарай, Мемлекеттік Білім Кеңесінің жаңа бағдарламасына үйлесімді болып шыққан. Әңгімелері балалар үшін қызық, жеңіл, заманға лайық» деп баға берілген екен. Десе дегендей байқап отырсақ, Ахаң заман ағысынан қалыспай, қатар жүріп отырады. Әлгіндей құралдардың үнемі жетілдіру үстінде болады.

Ол осындай құралдың ересектер үшін де аса қажет екенін ескеріп, «Әліпбиді» жазады. Ол оқулық әуелі 1924 жылы Орынборда, 1926 жылы Семейде басылып шыққан.

«Оқу құралы» арқылы балаларды сауаттандырып алғаннан кейін, ол енді қазақ тілін жеке пән ретінде оқытудың құралын ойластыра бастайды. Бірнеше бөлімнен тұратын бұл оқулықтың әр бөлігі жеке-жеке «Тіл құралы» деген атпен жариялана бастайды. 1914 жылы морфологияға арналған II бөлімі, 1915 жылы фонетикаға арналған I бөлімі, содан кейін синтаксиске байланысты III бөлімі жұртшылыққа ұсынылады. Мұның қай-қайсысы да кемінде 6-7 рет баспа жүзін көрген.

Қазақ тіл білімінің қалыптасуында айрықша рөл атқарған бұл еңбектерді саралағанда, жалпы лингвистика ғылымының өрістеуіне даңғыл жол ашқан термин жасау мәселесін тіпті де аттап өте алмаймыз. Әлгіндей оқулықтар түзу барысында Ахаң әрбір ұғым, түсінік, нәрсе, затқа, әсіресе, грамматикалық категориялардың бас-басына қазақша термин береді, атау телиді. Сол кезеңде жасалып, қазір мүлде қалыптасып, тұрақтанған зат есім, сын есім, етістік, бастауыш, баяндауыш, пысықтауыш, дыбыс, әріп, қағида, емле, т.т. толып жатқан терминдер тіл ғылымын дамытудағы зор үлес. Әрбір грамматикалық категорияның өзіне тән атауын дәл тауып, жіліктеп, жіктеп, саралап беру оқу жүйесіндегі ісімізге айрықша әсер еткенін білеміз. Мәселен, сөздерді тұлғасына, мағынасына қарай бөліп, саралап, қолмен қойғандай етіп көрсетуі мамандардың қай-қайсысын да таң қалдырған. Ол жасаған терминдер жүйесі күні бүгінге дейін тілімізге мүлтіксіз қызмет етіп келеді.

Сонымен бірге А.Байтұрсыновтың қазақ тілі морфологиялық тұлғатәсілдерін мүлде басқаша қарап түсіндіруге тырысқанын байқаймыз. Ол тілдің типологиялық ерекшеліктеріне аса зор мән береді. Әсіресе, қазақ тілін зерттеген орыс ғалымдарының тілдің табиғи тетігін аршып, ашып түсіне алмауынан кеткен қателіктерін анықтап, түзетіп талдай келе, өзіндік анықтамаларын береді.

А.Байтұрсыновтың тағы бір аса маңыз берген мәселесі – ол қазақ тілін оқытудың әдістері. Бұл жайында ол жиырма жылға таяу уақыт бойы дерлік талмай ізденіп, түбегейлі талғамдарын сол кездегі баспасөз беттерінде жинақтап, 1920 жылы «Баяншы» деген атпен шағын кітапша етіп Қазаннан шығарады. Ал келесі 1921 жылы осы тақырыпты сөз ететін тағы бір әдістемелік құралын Ташкент баспасынан бастырады. А.Байтұрсыновтың еңбек жолын қарап отырсаңыз, оның ылғи да бір жүйелі мақсат көздеп отырғанын байқайсыз. Басты да әуелгі мақсаты қазақ баласының сауатын ашу болса, соны іске асыру үшін алдымен «Оқу құралын» («Әліпбиді») жазады. Тілді тереңірек түсіндіріп баяндау үшін «Тіл құралын» түзеді. Ал «Тіл жұмсарын» алсаңыз, өзіңіз аты көрсетіп тұрғандай, онда ана тілін дұрыс қолданып, дұрыс тұтыну жолдарын қарастырады. «Баяншыны» оқысаңыз, тіл үйретудің жүйелі әдістері баяндалады. Осылай мәселеге жүйелі келудің нәтижесінде сауат ашу процесі әлдеқайда шапшаң, анағұрлым жедел жүргізілгені мәлім.

Сонша өзінің алдында таза қазақ тілін оқытудың үлгі етерлік ешбір нұсқасы болмаған жағдайда тілді оқыту жайын осыншама терең біліктілікпен, барынша сауатты жүйелегеніне таң қалмауға болмайды. Басқа еңбектерін былай қоя тұрып, осынысының өзімен-ақ ол қазақ халқының мәдени тарихында өшпес із қалдырғаны даусыз.

Қазақ тілі жайында А.Байтұрсыновтан бұрын да зерттеулер болған. Бірақ олардың бәрі де орыс тілінде жазылған еді. Олардың бірде-бірінде (И.И.Ильминский, П.М.Мелиоранский, т.б.) қазақ тілінің өзіне тән табиғаты жүйелі түрде ашылған емес және олар орыс тілінде жазылғандықтан қарапайым халықтың сауатын ашуға пайдасы аз болды. Міне, сондықтан да біз Аханды қазақ лингвистикасының бастауында тұрған басты тұлға деп есептейміз. Ахмет Байтұрсынов қазақ тілінің ғана емес, әдебиеттану ғылымының да негізін салушы. Осыдан-ақ оның халықтың бай ауыз әдебиеті, ертегі-аңыздарын, эпостық жырларын, шешендік сөздері, мақал-мәтелдерін, нақылдарын да игі мақсатпен үнемі жинап-теріп, соны бастырып шығарумен шұғылданғанын көреміз. Ол бұл жұмысты ертеден 1895 жылдан бастайды. Бұған «Тургайская газетаның» бетінде бастырған «Киргизские приметы и пословицы» деген материал куә.

1923 жылы А.Байтұрсынұлы қазақтың атаулы эпостық жырдың бірі – «Ер Сайынды» Мәскеуде бастырады. 1926 жылы Ахаң қазақ халқының басында болған қайғылы оқиғаларды сипаттайтын өзгеше бір жыр өрнегі 23 жоқтаудың басын құрастырып, «Жоқтау» деген атпен жариялайды. Бұл өзі халқымыздың ауыз әдебиетінде жанрлық сипаты басқашалау туынды қатарына жатады. Мұны жинағанда да ғалымның ең алдымен назар аударатыны жоқтау жырының тіл шеберлігі мен көркем сөз қоры.

Әдебиеттің осындай сан түрлі нұсқаларын жинап, зерттеп, бастыра келе А.Байтұрсынов енді оның тарихына үңіліп, теориясын түзеуге кіріседі. 1926 жылы жарық көрген «Әдебиет танытқыш», міне, осындай жүйелі ізденістер мен барлаудың әрі жалғасы, әрі жиынтығы іспетті. Аталмыш еңбек Аханды нағыз теоретик ғалым ретінде танытты.

Бұл кітап әлденеше жылдар бойы әдебиет сүйер қауымның қолынан түспейтін құрал болған. Өйткені, мұнда ол әдебиеттің барлық жанрларына, көркемдік құралдарына қалыптаса бастаған, Еуропалық дәстүрден кетіп, таза қазақша мүлде соны жаңа анықтама беріп, бәріне терминдік балама телиді. Қараңыз: *арнау (зарлай арнау, жарлай арнау), ауыстыру, әсірелеу, бүкпелеу, бейнелеу, дамыту, қайталақтау, көрнектеу, кекесіндеу, мезгеу, теңеу, түйдектеу, шеңдестіру, үдету* тәрізді және сөздерді: *өлең айшықтары, шумақ түрлері, тармақ толғаулары, тармақ кезеңдері, заман хат, тарихи әңгіме, саясат, шешен сөз, билік шешен сөз, айтыс өлең, үгіт өлең, үміт өлең* тәрізді тіркесімдер Ахан қолдауында тұңғыш рет терминдік мәнге ие болған. Ғалымның атылып кетуіне байланысты еленбей қалған қалған *сұрыптама, зауықтама, қалыптама, сарындама, сауықтама* сияқты қолданыстар терминденуге өзі сұранып тұрғандай. «Әдебиет танытқышта» өзінің терминдік өрісін таппай жатқан мұндай сөз үйірлері молынан кездеседі. Мұны игеріп, ел игілігіне жарату, терминдер қатарына қосу – ендігі ұрпақтың міндеті. Сонымен осы қысқаша шолудың өзінен-ақ А.Байтұрсынұлының әдебиеттану ғылымының да негізін салған, тұңғыш әдебиет теориясын жазған үлкен ғалым екенін танимыз.

Туған халқын сауаттандырып, мәдениетке жетектеу идеясы Ахмет Байтұрсынұлының ақындық әлеміне де алып келеді. Қалдырған мұрасын қарап отырсаңыз, көркемдікпен көмкеріліп ой аралаған сөз орындарына тәнті боласыз. Бір қарағанда бұл кісінің ақындығынан гөрі қайраткерлігі мен ғалымдығы басымырақ бой көрінуі де ықтимал. Кезінде солай деп те бағаланған (С.Сәдуақасов). «Қырық мысал» мен «Маса және Үзік» жинақтарын сүзіп шыққанда Аханның тек қана ғалым, тек қана қоғам қайраткері немесе ағартушы ғана емес керемет акын, шебер аудармашы екеніне де көзі жетеді. Тіпті керек десеңіз барлығы да қазақтың поэзиялық мұрағатына терең үңілуден туған тәрізді.

Жалпы оның ағартушылық, ғалымдық, қайраткерлік, ақындық, аудармашылық қасиетін саралай түскенде еріксіз мынадай ой жетегіне еруге тура келді. Аханның алдында қазақ халқы үшін, оның болашағы үшін өлшеусіз мол қазына тастап кеткен үш алыптың Абай, Ыбырай, Шоқанның болғанын білеміз. Бір ғажабы, осылардың мұрасын терең зерттей отырып, олар көтерген мәселелерді бар жанымен ұға отырып ол әлгі үшеуінен тартылатын үш арналы жолды бір өзі таңдап алғандай.

Шынында қараңыз. Шоқанның ғалымдығы, Ыбырайдың ағартушылығы, Абайдың ақындығы мен аудармашылығы А.Байтұрсынұлының өмірлік мұратына айналған және бұларды заманға лайықты нақты істермен жалғастыра, дамыта түседі. Сондай-ақ тыңдаушысы мен оқушысы аз болған үш алыптан гөрі ол азын-аулақ болса да өз еңбегінің нәтижесін көрген адам.

Сөйтіп Ахаңның ақындығы мен аудармашылық өнерінің орны мүлде бөлек. Ол өз алдына ғибрат алар ерекше бір мектеп. Бұл жолда да Ахаңның белгілі мақсат көздеп отырғанын байқаймыз. Өлеңін Абайша түлеп адам бойындағы надандықты шенейді, саналылыққа, ел болып бірігуге шақырады.

Бұл неткен жұрт ұйқышыл?!
Болсын кедей, болсын бай,
Жатыр бейқам жым-жырт, жай, –

(«Жиған-терген») қазекеңнің ұйқыдан бас көтерген кезінде бітірері өзді-өзі шен-шекпенге таласып, өзгелерге жем болып жататынына күйінеді. Мұндай күйге:

«Шығармай бір жеңнен қол, бір жерден сөз
Алалық алтыбақан дертінен кірдік»,

немесе

«Жат жақты жаратқанға күзеттіріп,
Жақынмен ырылдастық, иттей үрдік»
(Қазақ қалпы)

деуінде ащы шындық жатыр.

Абайдың бірде-бір өлеңін өткен уақыттың жайын ғана жырлайтын, кезеңдік дүние деп қарай алмайтынымыз сияқты, Ахмет туындыларының да шеңбері бір ғана сәттің ауқымымен шектеліп қала алмайды. Оның әрбір сөзі дәл бүгінгі біздер үшін де әсерін жоймаған барынша көркем, мейлінше мағыналы. Тіпті көп өлеңі бүгінгі тіршілігіміздің айнасындай боп көрінеді. Мысалы:

Тықылдап, құр пысықсып сөйлейтін көп,
Екпіндеп ұшқыр патша қарқындаған.
Бос белбеу, босаң туған бозбала көп,
Киіздей шала басып қарпылмаған.

(«Қазақ салты»),

деген шумақ бүгінгі біздерді айтып тұрғандай емес пе?!

«...Жаны ашып, жақын үшін қайғырар ма,
Жаны – мал, жақыны – мал, малдың құлы»

(«Досына хаты») болған жандарды ащы-сын садағымен түйрейді. Ал «Жұртыма» деген өлеңінде қазақтың тағы бір тиімсіз мінезіне қадалады:

«...Келгенде өзді-өзіңе мықты-ақсындар,
Қайтейін өзге десе көншігінді.
Сықылды сынық бұтақ төмендесең,
Кім жұлмас оңайдағы жемісінді?!»

Бұл «Күштілерім сөз айтса, бас ізеймін шыбындапты» нақтылай ұластырып жатқан шумақтар. «Қолда барда алтынның қадірі жоқ, қолдан шығып кеткен соң өкіндім-ай» деп халық өлеңінде айтылатын ежелгі дәстүрлі өлең табиғатына жаңаша нәр беріп, неге болса да тәубе етіп, неге болса да құдай ісі деп, еш әрекетсіз қарап отыратын мінез-құлықтағы дертті аямай сынға алады.

Ахмет Байтұрсынұлының аудармашылық қызметінде мысал жанры өзгеше орын алады. Басқа емес, дәл осы жанрға баруының өзінде үлкен мән жатыр. Қазақ бойындағы ежелден қалмай келе жатқан әлгіндей ездiк пен бойкүйездiк, намыссыздық пен жігерсiздiк, алаяқтық пен алауыздық, жалқаулық пен жағымпаздық, т.б. толып жатқан ес жиғызбас әдеттi сынау, шенеуге келгенге ақын осы жанрды дұрыс таңдайды. Оның сыншылдығы да, сыршылдығы да осы мысал өлеңдерде барынша ашыла түседi. Әсiресе, шымшыма әспеттелетiн пәлсапалық түйiн мен тағлым-тәрбиелiк мәнi зор тұжырымдары естен кетпей көңiлде жатталып қалады. Мұның бәрi, бiздiңше, өлеңдегi ой мен сөздiң, мазмұн мен түрдiң өзара жымдасып, қабысып жатуынан.

Сонау Эзоп пен Лафантеннен бастау алатын И.А.Крыловтан баян тaбатын бұл мысал әңгiмелерге Абай да, Ыбырай да қызыққан. Бұларды қазақша сөйлетудiң олар да керемет жолын тапқан. Ол әлгi игерiлiп бiтпеген, тағлымдық өнегесi таусылмайтын өз алдына бiр мектеп. Ахмет бұл дәстүрдi де әдемі жалғастырып, көркем аударманың дамуына зор үлесiн қосып кеткен.

Мәселен, «Арыстан, киiк хәм түлкi» деген мысал өлеңдi ол былай тұжырымдайды:

«...Кiсiге таза жолдас табу қиын,
Көбiн-ақ дос етедi мал мен бұйым.
Досыңнан, дұшпаныңнан бiрдей сақтан,
Басыңда, сiрә, Ахмет, болса миың.
Ойлама шын достарым мол екен деп,
Сөзiне ере берме жол екен деп,
Досыңды қиын iске қайрат тұрған,
Бiлгейсiң шын дұшпаның сол екен

Немесе «Қара бұлттағы» қаңсып жатқан далаға жауудың орнына, онсыз да кемерiнен асып төгiлiп жатқан теңiзге барып құя салған бұлттың мүмкiндiгi болса да елiне еш пайдасы жоқ кейбiр адамдарға ұқсатады. Ал дала бейғам жатқан қазақ дейдi.

«Бұлттай жерге жаумай, суға жауған,
Қазақта іс ететін көп адамдар.
Жұмсамай тиісті орынға мол өнерін,
Біреулер жүреді, оған не амал бар?
Мысалы, қазақ – дала, басқа теңіз,
Даланы шамаң келсе көгертіңіз».

Жалпы Ахаң қандай мысалды аударса да, аяғын қалай да қазаққа әкеп тірейді. Оянар ма екен, сабақ алар ма екен, серпілер ме екен деумен болады. Әйтеуір қазақтың бар қылығына теңеу табады.

Болмашы үлесті бөлісе алмай дауласып, үйді өртеп алған үшеудің қылығы да қазаққа келіп жатыр.

«Бұл белгі табылып тұр біздің жұрттан,
Таласып бір-бірінің жүзін жыртқан.
Алданып арадағы дау-шарына
Қатерден қапері жоқ келер сырттан»
(«Үлес»).

Сондай-ақ «Өзен мен Қарасу» мысалындағы өзенді өз елін ғылым-біліммен ағыл-тегіл өркендетіп жатқан елге ұқсатса:

«...Қозғалмай бұл күйіңнен жата берсең,
Боларсың Қарасудай ақырында», –

деп қимылсыз қаракетсіз жатқан қазақтың намысын түрткілейді. Қаршадайынан ел деп езіліп, халқым деп қайғы жеп, азап пен тозақтың бәрін бастан кешіріп, ақыры қаратүнек надандықтың құрбаны болған аяулы да ардагер Ахаң мен сол сияқты кемеңгерлер жүріп өткен жолды аузың барып қалайша жайбарақат әңгімелей аласың.

Ойлап қаралықшы, ағайын. Біздің халқымыздың басына төнген қасірет тек осы ғана ма? Тең жартымыздан айрылды деп күңіренеміз. Ол рас, әрине. Бұл бүкіл бір халыққа аз қайғы емес. Бұл орны өмірі толмас өлшеусіз қасірет. Бірақ біздің қазақтың көрген тозағы осы ғана ма, ол құрбандығымен тазарып, адалданып бітіп пе еді? Жоқ, ағайын, бақсақ біз ұлттық тәуелсіздік, ұлттық тұтастық үшін күрес алдында өз жүрегімізбен санамызға өшпес қара дақ түсірген халықтың бірі екенбіз.

Міне, Ахаң жайында әңгіме қозғағанда осындай да ойлар туындайды. Жалпы, А.Байтұрсынұлы оқуы енді ғана басталған деп білеміз. Қазақ халқының тәуелсіздігі үшін сауатты да білікті ел қатарына қосылу үшін ақтық демі біткенше күрескен осынау ұлы адамның аты ұлт жүрегінде мәңгі сақтаулы. Сондықтан да оны ұлттық мәдениеттің Хантәңірі деп бағалаймыз.

*«Егемен Қазақстан». 28 қаңтар. 1993.
(Ө.Айтбайұлымен бірге)*

Тіл білімінің тарпаны

КПСС-тің ұлт саясатында және ұлтаралық қатынастарды тәрбиелеуде келелі орын алатын проблемалардың бірі – тіл мәселесі. Олай болса, тілге көзқарастың тарихы мен көкейкесті аспектілерін партиялық тұрғыдан терең зерттеп, бұқараға жеткізіп отыру – тіл мамандарының құрметті борышы. Біз бұл мақаламызда қазақ тіл білімінің ірге көтеруге жиырмасыншы-отызыншы жылдарда зор үлес қосқан, оның негізін қалаушылардың бірі, қазақ филологиясының алғашқы профессоры Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың қоғамдық және ғылыми-педагогикалық қызметін сөз етпекшіміз.

Қ.Жұбанов 1899 жылы 19 декабрьде қазіргі Ақтөбе облысының Мұғаджар ауданындағы Орқаш совхозының Жаңатұрмыс бөлімшесінде көп балалы семьяда (14 бала) дүниеге келген. Әкесі Қуан өз кезіндегі озық адамдардың қатарында болып, балаларын қазақша, орысша оқытуға күш салған. Сондықтан Құдайберген Жұрын поселкесіндегі екі кластық орыс мектебін, 1914–1916 жылдары Орынбор қаласындағы «Хусаиния» медресесін, ал 1917–1918 жылдары Електе екі кластық орыс училищесін бітірген. Ол 1921–1924 жылдары Темір қаласындағы уездік, содан соң 1925–1928 жылдары Ақтөбе губерниялық оқу бөлімдерінде басшы қызметтер атқарып, педагогикалық техникумда оқытушы болады. Ал 1928 жылы Қазақстанның сол кездегі астанасы Қызылордаға Оқу халық комиссариатына шақырылады да, 1929 жылы январьда Ленинградтағы Шығыс тілдері институтының түркологиялық семинариясында оқиды. 1930 жылы СССР Ғылым академиясы Тіл және ойлау институтының аспирантурасына жіберіледі. Мұнда В.В.Бартольд, Н.Я.Март, И.И.Мещанинов, А.В.Богоридицкий сияқты дүние жүзіне әйгілі ғалымдардан дәріс алады. 1932–1937 жылдары Қазақ педагогикалық институтының профессоры әрі ондағы қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі бола жүріп, 1933 жылы партияға өтеді, 1935 жылы Қазақстан Орталық Атқару комитетінің мүшелігіне сайланады. Ғалым 1938 жылы 25 февральда 38 жасында жеке басқа табынудың құрбаны болады.

Қ.Жұбановтың қысқа да болса нұсқа осындай өмірбаяны мен есімі қазақ совет тіл білімінің дамуымен тығыз байланысты. Мәселен, жақында ғана ақталып, өмірбаяны мен еңбектері зерттеле бастаған Ахмет Байтұрсыновты революциядан бұрынғы және одан кейінгі кезеңдерде қазақтың практикалық тіл білімінің негіздерін қалады дейтін болсақ, осыған жалғас үлкен тұлға Қ.Жұбанов қазақ совет тіл білімінің ғылыми-теориялық негізін салды деп айтуға толық хақымыз бар.

Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін бүкіл совет халқының алдына қойылған басты міндеттің бірі еліміздегі сауатсыздықты

жою болды, бұл орайда ересектер мен балалар үшін мыңдап ашылып жатқан мектептер үшін жаңа әліппелер, тіл оқулықтарын жазу, емлені ретке келтіру, жазу тілін нормалау, әдеби тілдің бір саласы – терминологияны жүйелеу айрықша роль атқарды.

Осылардың ішіндегі ең көкейкестісі әліппе мен емлені ретке келтіру еді. Революциядан бұрын да, одан кейін де Қазақстанда Ахмет Байтұрсыновтың 1912 жылы араб жазуы негізінде қазақ тіліне сәйкестендіріп жасаған әліппесі қолданылып жүрді. Алайда араб әліппесі өскелең өмірдің талабын өтей алмады, интернационалдық сөздер мен терминдерді жазуға оның өресі жетпеді. Осыған орай азербайжанның көрнекті қоғам қайраткері Ағамалы оғлы В.И.Ленинге хат жазып, араб жазуын тастап, халықаралық латын жазуына көшу жөнінде кеңес сұрағанда, ұлы көсем мұны «Шығыстағы ұлы революция болар еді» деп жауап берген. Сөйтіп, араб әліппесінен латын графикасына көшу мәселесі ең алғаш Азербайжанда басталып, онда 1924 жылы латын жазуы негізінде жасалған алфавит қабылданды. Ал 1926 жылы Бакуде түркологтердің съезі шақырылып, латын жазуына түгел көшу күн тәртібіне қойылды.

Басқа республикаларда жаңа әліппеге көшу жұмысын бір орталықтан басқару үшін 1922 жылы Бакуде ұйымдастырылған Жаңа түркі алфавит комитеті сол 1926 жылы СССР Орталық Атқару Комитеті жанындағы Бүкілодақтық жаңа алфавит орталық комитеті болып қайта құрылды. Осыған сай 1927 жылдың басында бізде құрылған Республикалық жаңа алфавит орталық комитеті мен оның жергілікті бөлімшелері жаңа алфавитті насихаттай бастады. Алайда араб әліппесін жақтаушылар жаңа алфавитке көшуге көп қарсылық жасады. Осындай жағдайда 1929 жылы 2–4 июньде Қызылорда қаласында латын алфавитіне өту жөніндегі ғылыми-орфографиялық конференцияда Қ.Жұбанов қазақ емлесінің негізгі принциптері туралы өзінің толғамды ой-пікірін ортаға салып, ұзақ сөз сөйледі. Бұдан кейін латын алфавиті қабылданып, 1929 жылғы 25 июльде Қазақ АССР Орталық Атқару комитеті «Қазақ жаңа емлесі туралы декретті» жариялады. Қ.Жұбанов жаңа әліппені қабылдау кезінде жіберілген қателіктерді отызыншы жылдардың басында жазған мақалаларында қатты сынға алды. Қ.Жұбановтың осы пікірлері және баспасөз бетінде, түрлі кеңестерде айтылған басқа ұсыныстар республика үкіметінің «Қазақ тілінің әліппесі мен емлесіне кейбір өзгерістер енгізу туралы» қаулысында ескерілді.

Қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен фонетикасының алғаш ғылыми зерттелуі Қ.Жұбанов еңбектерінен басталады. Оның, 1933 жылы «Поли-техникалық мектеп» деп аталатын журнал бетінде жарияланған «Қазақ тілінің фонетикасы» (лекция), 1935 жылы басылған «Қазақ тілі фонетикасының тарихы» атты мақаласы, 1936 жылы орта мектепке арналып

жарық көрген «Қазақ тілінің грамматикасы» деген тұңғыш оқулығы (IV бөлімі фонетикаға арналған) тағы басқа мақалалары, оқулықтары қазақ тілі фонетикасының бастамасы болған еді.

Қ.Жұбанов қазақ тілі грамматикасының морфология, синтаксис салаларынан да құнды еңбектер қалдырды. Ғалымның бұл саладағы жеке мақалаларын былай қойғанда, қазақ тілі білімінің осы бір негізгі бөлімдері оның 1936 жылы жарық көрген «Қазақ тілінің грамматикасы» деген еңбегінде орын алды, мұның өзі ғылыми грамматиканың бастамасы болды.

Қазақ тілі білімі тарихында қазақ терминологиясының жасалу, қалыптасу бағытын алғаш рет жүйелі, ғылыми тұрғыдан терең зерттеген және оның жаңа арнамен дамуына жол сілтеп, көшбасшысы болған профессор Қ.Жұбанов екені даусыз.

Терминді түсініп, ол жөнінде байсалды пікір айту үшін ең алдымен «термин деген не, оның жай сөзден қандай мағыналық айырмасы бар?» деген сияқты мәселелердің басын ашып алу керек болды. Ал Қ.Жұбановтың термин жөнінде берген анықтамасы күні бүгінге дейін өз мәнін жойған жоқ. Мәселен, кезінде ол былай деп жазғанды: «Ғылым мен революциялық практиканың қазіргі даму кезеңінде қалыптасқан белгілі бір ұғымдарды білдіретін өзіне тән қасиеті бар белгілі бір сөз нұсқалары термин деп аталады, сонымен қатар күнделікті өмірде кездесетін сөздің мағынасы термин арқылы берілетін терминдік мағынамен сәйкес келмеуі де мүмкін» (Қ.Жұбанов. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы, 1966. 273-бет).

Бұл анықтаманы дәл сипаттау үшін автор *атом, психология* деген терминдердің мағынасының өзгеріске түскенін көрсетеді. Мәселен, атом деп бұрын түп нұсқадағы тілде «ұсақ, бөлінбейтін дегенді» білдірсе, енді атом деп, бөлінетін элементтері бар ұсақ бөлшекгі, денені айтады. Сол сияқты психология әуелде жан туралы ілім дегенді білдірсе, қазір ол керісінше адамда жан жоқ екенін меңзейтін, адамның көңіл-күйіне, сезім дүниесіне байланысты құбылыстарды зерттейтін ғылымға айналды. Осылайша ғалым өзінің «Термин сөздердің ерекшелігі» деген еңбегінде ғылыми терминдерге тілдегі сөздердің бір кездегі, бастапқы мағыналары негіз болатынын дәлелдеді.

Қ.Жұбановтың бұл пікірінің дұрыстығын мына фактілер де айқындайды. Қазақ тілінің халықтық терминдері көне замандардан жасалып, дамып келеді және бұлар ғылыми терминдерге ұйтқы да болды. Мәселен, табиғат құбылыстарын және оның байлықтарын білдіретін *жер, тау, тас, алтын, күміс, темір* деген тәрізді, қоғамдық-әкімшілік құрылысқа байланысты *қаған, бек, тархан, құл, күң* секілді, сондай-ақ мал атауларына байланысты *ат, айғыр, тай, бұқа*, тағы басқа халықтық термин-

дер, айтылуындағы сәл фонетикалық өзгерістері болғанымен, көне түркі ескерткіштерінде кездеседі.

Сол сияқты тіліміздегі *атырау, қырат, қойнау, бастау, өзек, жыра, сай, беткей, шың, қойтас, бел, дөң, аңғар, тоған*, т.б. жүздеген халықтық терминдерден географиялық ғылыми терминдер жасалды. Ол ол ма, *адыр, бидайық, қақ, саз, сырт, тақыр, томар, тоғай үстірт*, т.б. ондаған халықтық терминдер ғылыми терминдерге айналып, орыс тілі арқылы бүкіл дүниежүзілік географиялық терминдердің алтын қорынан берік орын алды. Міне осының бәрі Қ.Жұбановтың жоғарыда айтылған пікірінің дұрыстығын дәлелдейді.

Жиырмасыншы жылдары термин жасауда уристік тенденция басым болды. Ал осы бағытпен қажымай күрес жүргізген Қ.Жұбанов еді. Ол *психология* термині *жан жүйесі коммунист – ортақшыл, геометрия – пішіндеме* деп қате алынып жүргенін, бұлардың бәрі термин емес, тек оның лексикалық мағынасын қазақша аудару ғана екенін, бірақ сол аударманың өзі терминнің мағынасын жеткізіп бере алмайтынын атап көрсетті. Сондықтан ол *психология, коммунист, геометрия* сияқты халықаралық терминдерді сол қалпында қабылдау қажет деп есептеп қазақ терминологиясының даму бағытын осы жолға салды.

Шынында да жиырмасыншы жылдар мен отызыншы жылдардың басы қазақ терминологиясының жасалуындағы ең бір қиын кезең болатын. Ол кезде бір терминнің бірнеше нұсқасы қатар қолданылды немесе халықаралық, сол сияқты орыс тіліндегі терминдер қалай болса солай аударыла салды. Мәселен, *революция* терминінің орнына *төңкеріс* сөзі, *интернационалист – бибауырмал, аэроплан – әуе кемесі, лектор – дәрісші, совет – кеңес (кеңес үкіметі дегендегі), председатель – төраға* немесе *жарыссөз – талас сөз, тартыс: еңбекші – бейнетқор* деп, жарыса қолданылды. Осы кезеңде қазақ терминологиясындағы мұндай алалықтар мен оққылықтарды жөнге келтіру, социалистік құрылыстың, мәдени революцияның талабына сай жаңа терминдер жасау күн тәртібіне қойылды. Міне осы міндетті атқару ісінің басы-қасында ғалым ретінде де, қоғамдық қайраткер ретінде де Қ.Жұбановтың өзі жүрді. Ол 1933 жылы Қазақ АССР Халық Комиссарлары Советінің қаулысымен құрылған Мемлекеттік терминология комиссиясының алғашқы председателі болған еді. 1935 жылғы май айында шақырылған Бүкілқазақстандық мәдениет қызметкерлері 1 съезінің алдында ол Мемлекеттік терминология комиссиясы бюллетенінің 4 санын шығаруды ұйымдастырды. Өзі мұнда бірнеше мақала жариялады, сонымен қатар әртүрлі ғылым салалары бойынша әзірленген орысша-қазақша терминологиялық сөздіктерді редакциялады.

Қ.Жұбановтың термин жасауда қазақ тілінің ішкі мүмкіндіктерін пайдалану қажеттігі туралы принципі төрт түрлі жолмен жүзеге асты, яғни

ана тілі негізінде термин жасаудың төрт түрлі тәсілі қолданылды, атап айтқанда, бұлар: 1) лексика-семантикалық, 2) синтетикалық немесе морфологиялық, 3) аналитикалық немесе синтаксистік, 4) калька жолымен аудару тәсілдері.

Қ.Жұбанов – қазақ тілі мен оның әдеби тілінің тарихы жөнінен және ономастика саласынан да тұңғыш мақалалар, еңбектер жазған автор. Әрине, олардың бәрін бір мақалада қамту мүмкін емес. Дегенмен, ғалымның қазақ тіл білімінің барлық саласынан қалам тартқанын еске ала отырып, оның ғылыми-теориялық мәселелері бойынша алғаш көлемді зерттеулер жасағанына ерекше назар аудару керек. Мәселен, бұл бағытта оның қазақ совет тіл білімінің деңгейін көтерген теориялық толғамдарын қысқаша атап өткен артық емес. Айталық, ол 1936 жылы бастырып шығарған мектеп грамматикасында тіліміздегі дауысты, дауыссыз дыбыстардың табиғатын, олардың ішіндегі фонемдік сапалы дыбыстардың санын (26) дәл көрсеткен. Сонымен қатар ол әр алуан зерттеулерінде қазақ тілінің сингармонизмі мызғмайтын заңдылықтарға негізделетінін, көптеген ескішіл көзқарастағы тіл мамандарының сол заңдарға қиянат жасап, шет сөздердің шырқын бұзып қабылдайтынын қатаң сынады.

Әсіресе қазақ тілінің бұын құрылысын егжей-тегжейлі талдағанын айрықша атап өткен жөн. Тіліміздегі буындар ашық, тұйық, бітеу болып үшке бөлінетіні, олардың ауыр, жеңіл түрлері болатыны, қазақтың төл сөздеріндегі буын ең көбі төрт дыбыстан тұратыны, буын жасаушы дауысты дыбыстан соң келетін екі дауыссыздың алғашқысы міндетті түрде сонор болып шығатыны жан-жақты талданған.

Ғалым жазуды орфографиялау принциптерін бірыңғай фонологиялық негізге сәйкестеп алған. Ол кезде тіл білімінде «фонология» деген термин әлі қолданыла қойған жоқ еді, әйтсе де көреген оқымысты сол болашақтың теориялық танымын өз кезінде-ақ түбір мен қосымшаның үндестігіне қатысты тұжырымына тиек етті және ол қазақ тілі жеке дыбыстарға негізделмейді, жуан-жіңішке буындар негізінде сөз құрайды деген қисынды бірінші болып айтты.

Сөз таптарын классификациялау жөнінде осы кезде басшылыққа алынып жүрген принциптерді де бір кезде Қ.Жұбанов жүйелеген-ді. Ғалым сөз табы аталуы үшін әрбір сөздің лексикалық мағынасы, грамматикалық тұлғасы, синтаксистік қызметі айқын болуы керектігін айта келіп, осы талапқа қазіргі одағай сөздердің сай еместігін, сондықтан оларды жеке сөз табы деп қарау тек шартты түрдегі таптастыру болатынын айтты.

Осы күнге дейін атап айтылмай жүрген бір жәйт Қ.Жұбановтың тіл диалектісі жөніндегі өзіндік соны көзқарасы. Біле білсек, қазақ тілінің «диалектісіз» құрыштай сомдалған таза тіл екендігін түбегейлі дәлелдеген де Қ.Жұбанов еді.

Грамматика ілімі саласында ол топшылаған теориялық тұжырымдарды біз әлі күнге игеріп болғанымыз жоқ. Белгілі мамандарымыз, ғылым докторлары Н.Оралбаеваның, Қ.Есеновтің, С.Исаевтың, Т.Қордабаевтың және басқаларының пайымдауынша, бүгінде совет тіл білімінде «осыдан отыз жыл бұрын академик А.Н.Кононов айтты» делінетін тұжырымдардың біразын жарты ғасыр бұрын профессор Қ.Жұбановтың айтып кеткені айқындалып отыр. Грамматикалық қатынастар жөніндегі ғалымның көрегендік пайымдаулары зерттеушісін күтуде.

Сөзімізді түйіп айтсақ, қазақ совет тіл білімінің майталман зерттеушісі Құдайберген Жұбанов бүгінде халқымыздың мақтанышына айналды. «Халық жауы» атанып, еңбегіне жиырма жыл (1937–1957) бойы тыйым салынып келгеніне қарамастан, абзал азаматтың замандастары, шәкірттері, өзін көрмесе де, ғылыми мұрасы арқылы таланты мен тағылымын таныған кейінгі буын өкілдері оның есімін қастерлеп, ардақ тұтады, ғылыми туындыларының інжу-маржандарынан сусындайды.

СССР Жоғарғы сотының Әскери коллегиясы ғалымды азаматтық тұрғыдан ақтап, Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті оның партия мүшелігін қалпына келтіргелі де отыз жылдан асып барады. Өр тұлғалы оқымыстыны өз халқымен қайта табыстырған М.Әуезовтің, Ғ.Мүсіреповтің, І.Кеңесбаевтың елуінші жылдардағы мақалаларынан кейін де ол туралы қаншама материалдар жарық көріп, зерделі еңбектер жазылды десеңізші. Ол жөнінде: «қазақ совет тіл білімінің атасы», «қазақ ғылымының бірінші дәрежелі жарық жұлдызы», «тіл білімінің классигі», «қазақ лингвистикасының беташары», «қазақ филологиясының тұңғыш профессоры», «біртуар ғұлама», «ғалымдар ағасы», «қазақ мәдениетінің мұхиты», «халық перзенті» деген тәрізді әділ тұжырымдардың өзі-ақ Қ.Жұбановтың еңбегі мен қызметінің лайықты бағасын алып келе жатқанын көрсетеді. Бір кезде өзі оқыған Жұрын орта мектебі қазір оның есімімен аталады.

Қ.Жұбановтың ұстаздық қызметі мен тәрбиешілік тағылымының өзі дербес бір әңгіменің арқауы. Әсіресе оның филолог-мұғалімдерді тәрбиелеуде, осы саланың ғылыми кадрларын қалыптастыруда қосқан үлесі зор.

Халқымыздың адал перзенттерінің бірі, қоғам қайраткері Құдайберген Жұбанов сол бір сталиндік репрессия жылдарында жеке басқа табынудың құрбаны болып кетпегенде, туған еліне, бүкіл түркология әлеміне қаншама баға жеткісіз еңбек қалдырар еді. Оның сол отызыншы жылдардың өзінде С.Е.Малов, Е.Д.Поливанов, К.К.Юдахин тәрізді танымал түркологтармен деңгейлес тұрғанын жарыққа шыққан еңбектерінен-ақ көз жеткізеріміз анық.

Ғұлама ғалымның келешек ұрпаққа қалдырған мол мұрасына қазіргі ғылым дамуының биігінен қарасақ та, халқымыздың игілігіне ай-

налған қымбат қазынасының тағылымы мен тереңдігіне, өткірлігі мен өміршендігіне (тіпті орыс тілінде жазылған мақалаларының да өрелігі мен орамына) қайран қаласың. Бүгінде республика жұртшылығы 90 жылдық торқалы тойын атап өтіп отырған көрнекті ғалымның есімі мен еңбектері қазақ халқымен, оның тілімен бірге мәңгі жасай беретінінде ешбір күмән жоқ.

*«Қазақстан комунисі». 12 желтоқан. 1989. 72-76 бб.
(А.Әбдірахмановпен бірге)*

Профессор Құдайберген Жұбанов (1899–1938)

Егер профессор Құдайберген Қуанұлы Жұбанов арамызда тірі жүрген болса, өткен 1989 жылдың декабрь айында ол 90 жасқа толар еді...

Профессор Қ.Жұбанов қазақ топырағында туып-өсіп, ғылымның асқар биігіне көтерілген тамаша білімпаздардың шоғырынан саналады. Қазақ совет тіл білімі атты пәннің ірге теуіп, шаңырақ көтеруі, Одақ көлеміне танылған ілімге айналуы осы бір жаны жайсаң азаматтың қайраткерлігімен тығыз байланысты. Біз халық тілін тек қарым-қатынастың, белгілі бір тілдік коллектив мүшелері арасындағы өзара байланыстың құралы ғана деп қарамай, сонымен бірге оның дүниені танудың, адамды қоршаған ортаны образды-эстетикалық жолмен қабылдаудың, адамгершілікке үндейтін мәдениет қазыналарын жан азығы ретінде қастерлеп, ұрпақтан ұрпаққа сақтап жеткізудің, халық-ағартудың, білім берудің т.б. өсу жолдарының басты құралы екендігін есте тұтар болсақ, онда қазақ тілі жөніндегі ғылымның қаз тұрып, апыл-тапыл басып қана қоймай, іргелі білім арнасы дәрежесіне жетіп, кемелдену жайын да орынды парықтай аламыз.

Міне, нақ осы жағдаяттарға байланысты Советтік Қазақстанда мәдениет құрылысы қолға алынған алғашқы сәттерден бастап-ақ қазақ тіліне және қазақ тілі жөніндегі ілімге өте зор ғылыми-практикалық мән берілді. Сол өрісті ой, өрелі мақсаттар тұсында Құдайберген Жұбановтың ғалымдық, ғылыми-ұйымдастырушылық және ағартушылық қызметі мейлінше өрге басты, мәуелі жеміс берді, ол өз бойындағы қайнаған күш-жігерін, білімі мен ізгі жүрегінің кияға қанат қаққан талпынысын түгелімен ана тілінің табиғатын танып білуге, сол жолдағы игі істерге бағыштайды. Европалық деңгейдегі тұңғыш оқымысты-лингвист ретінде ол қазақ тілін зерттеу барысында сол күндерге дейін бимағлұм болып келген нәтижелерге жетті. Сөйтіп, шын мәніндегі қазақ совет тіл білімінің теориялық негізін қалаған дарын иесінің аты жалпы жұртқа мәлім болды.

Қ.Жұбановтың аз өмірінің өзі ұлан-ғайыр ізденістер үстінде өтті. Сол қысқа мерзім ішінде оның филологияға қосқан теориялық-тарихи және практикалық шарапатты үлестері қазақ тіл білімінің барлық салаларына дерлік игі әсер етті. Соның нәтижесінде 30-жылдарда Қ.Жұбанов есімі тек Қазақстан емес, одан сырт жерлерде де маңдай алды ғалым ретінде танылды. Ол әрдайым ұлт республикаларынан шыққан совет түркологтарының алдыңғы сапында тұрды.

Балауса ғалым кезінің өзінде-ақ ана тілінің тағдырын ойлап, оны ғылым жолымен танып білуді мақсат тұтқан Қ.Жұбановтың атқарған істері, былайынша айтқанда, тұтас бір ғылыми коллективтің шамашарқына лайық деуге сияды. Лингвистика әлеміне дендеп құлаш ұрған ғалымның творчестволық жоспары да әрі ауқымды, әрі көп бағдарлы болатын. Алайда оның қиялындағы теориялық ой-толғамдарын жүзеге асыру былай тұрсын, кейбір өзі бастап қойған істерді аяқтап шығуға да тағдыр қоспаған еді. Солардың көпшілігі кейіннен із-түзсіз жоғалып та кетті. Баршаға мәлім, 1937 жылы бірегей таланты барынша шешек атып, творчестволық күш-қуаты толысып тұрған шағында қазақтың тұңғыш профессоры, белгілі ғалым-тілші Құдайберген Қуанұлы Жұбанов әділетсіздік пен озбыр қара күштің құрбаны болды.

«Қазақ ССР-нің тарихында» (социализм дәуірі) профессор Қ.Жұбановтың азаматтық тұлғасы былай сипатталған: «Екінші бесжылдықтар тұсында педагогикалық бірінші жоғары мектеп – Абай атындағы ҚазПИ – ірі оқу орнына, аса маңызды мәдениет орталығына айналды. Мұнда әдебиеттану мен тіл білімінің, Қазақ ССР тарихының елеулі проблемалары зерттелді. Институттың профессоры Қ.Жұбанов ана тілінің ерекшеліктеріне негізделген қазақ жазуының орфографиясы мен графикасын жасау жолында айтарлықтай жұмыстар атқарды. Қ.Жұбановтың қаламынан туған алғашқы оқулықтар мен қазақ тілінің грамматикасы, диалектологиясы мен тарихы жөніндегі зерттеулер жарық көрді. Тек 1936 жылдың өзінде оның «Қазақ сөйлеміндегі сөздердің орын тәртібі тарихынан», «Күрделі және көмекші етістіктер жайындағы ой-топшылар», «Қазақ музыкасында күй жанрының пайда болуы жайлы» деген бірнеше еңбегі басылып шықты» (1, 529–531).

Тарихнаманың тілі сараң. Әйтсе де осы хабардың сыртында өмірінің бүкіл мән-мағынасын өз туған еліне қызмет ету деп түсінген, сөйтіп халық-ағарту, жас ұрпаққа білім, тәрбие беру жолында бар күш-жігерін сарқа жұмсаған ғалымның жарқын бейнесі тұрғаны мәлім. Халықтың қайнаған ортасынан шыққан шынайы интеллигент Құдайберген Жұбановтың тауқыметі мол тағдыры ғалымның ет жақын туыстары мен дос-жарандарын, үзегілес жолдастары мен шәкірттерін, оны жақсы білетін және ғалымның өз Отанына шексіз берілген абзал жанды адал

азамат екендігіне бір сәт те шүбә келтірмейтін адамдардың бәрін қатты күйзелтті.

Сарыла күткен әділет пен шындықтың күні де туды. Жиырма жылға созылған қысастықтан (репрессиядан) соң, 1957 жылдың 3 октябрінде профессор-тілші Құдайберген Жұбановты айыптаған іс қайта қаралып, СССР Жоғарғы соты Соғыс коллегиясының жаңа шешімі бойынша «негізсіз» деп танылды. Іс-әрекетінде қылмыс белгісі жоқ, бейкүнә қаза болған ғалым ақталды (2). Содан көп ұзамай Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің 1958 жылғы 22 февральдағы шешімі бойынша марқұмның адал коммунист деген атағы да қайтарылды.

Бұл оқиға ғылыми-творчестволық интеллигенция арасында, әсіресе тілші-ғалымдар мен жазушылар арасында үлкен серпіліс туғызды. Ғалымның жұбайы – сталинизм кесапатының тақсіретін аяусыз тартқан қарт ана – Раушан Оспанқызы Жұбановаға бір жағы көңіл айтып, екінші жағынан жеңген шындық күнімен құттықтап, орны толмас өкініштің тотығы шалған қуанышын да білдірген елдің алды болып ежелден сыйлас, достас, ұлтымыздың мақтанышы – Мұхтар Әуезов жетті. Мұхаңмен бірге Қазақ академиясының құрылтай мүшелері – Құдекеңнің туған інісі Ахмет Жұбанов және Тіл-әдебиет институтының директоры Ісмет Кеңесбаев келген-ді. Ұстаз-ғалымның бір кездегі үміт артқан шәкірттері, кейіннен Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі және корреспондент мүшелері болған Қ.Жұмалиев, М.Қаратаев, М.Балақаев, Ғ.Мұсабаев, белгілі ақын-жазушылар – Ғ.Орманов, Х.Есенжанов, Ә.Сәрсенбаев тағы басқа көзкөргендер әкеден қалған алты баланы «тұлпардың тұяғындай» өсіріп, ер жеткізген осы қажырлы кейуанаға келіп тағзым етіп, өздерінің қасиетті аруақ алдындағы ар тазалығын кепілдеді.

Іс жүзінде мұның өзі Құдайберген Жұбановтың біздің ортамызға қайта оралуымен пара-пар еді. Ғұлама, белгілі қоғам қайраткері және ғылымның шебер ұйымдастырушысы ретінде туған жұртымен осылайша екінші рет қауышты. Республикалық «Қазақ әдебиеті», «Қазақстан мұғалімі», «Учитель Казахстана» газеттері көрнекті лингвист-түрколог, әрі педагог-ағартушының өмірі мен творчестволық еңбегін көпшілікке таныстыру үшін тұтас беттер арнады. Біртуар дарын иесімен көп сарғайып табысқан сол күндерде өз тұтастарының атынан Құдайберген Жұбановты ресми түрде «Қазақ лингвистикасының негізін қалаушы» деп бірінші рет атаған аға буын академиктер М.Әуезов пен І.Кеңесбаев еді (3). Сөйтіп, қазақ совет тіл білімін қалыптастыруда орны өзгелерден оқшау тұрған көшбасы ғалымға әділ де татымды баға берілді.

Академик-жазушы М.Әуезов өзінің жиырма томдық шығармалар жинағына енген «Ірі оқымысты» атты мақаласында ана тіліміздің табиғатын танытушы ғалымның шаңырақ иесі хақында терең сыншылдық

талғаммен үн қатады. «Адамның адамдығы істі қалай аяқтағанынан емес, қалай бастағанынан көрінеді» дейтін кемеңгер Абай айтқан байламнан туындата келіп, Құдайберген Жұбановтың ақылман замандасы оның жұлдызының жарқырап жанатын кезі ілгеріде болатын деп ескерте келіп: «Енді бүгін сонау Абай меңзеген өрістен Абайша көз салып қарасақ, өз тұрғыластарымыздың ішінен өнердің, істің, енбектің талай майталман жорғасы мен жүйрігін көреміз. Жорға мен жүйріктің алғаш аяқ тастасынан көзге шалынатыны сияқты, сол адамдардың қай-қайсысы да бастапқы қадамдарынан-ақ өздерінің кім екенін, қоғамдағы орны қандайлық болатынын аңғарта білгенді. Біз әңгімелегелі отырған Құдайберген Қуанұлы Жұбанов туған жер, өскен еліне шынайы ой-арманымен, қалтқысыз көңіл, ақаусыз білімімен танылған адал азамат, ардақты ғалым еді», – деп сөзін түйіндейді (4, 358–363).

Үлкен де ойшыл қаламгердің бұл келелі кеңесі бұдан былайғы пайымдауларға да өзек болды, ғалымның творчестволық мұрасын зерттеу ісіне көпшіліктің ықылас-ынтасын арттыра түсті. Мәселен, жоғарыдағы айтылған ойларды сабақтай, өрбіте түскен академик І.Кеңесбаев кейіннен былай деп жазған-ды: «Қазақ совет лингвистикасының туып, қалыптасу жайы сөз болғанда өз тағдырын отандық ғылымға қызмет ету жолындағы игі мақсаттарға бағыштаған адамдарды біздер мейлінше терең ілтипатпен әрі үлкен құрмет сезімімен еске аламыз. Осындай абзал жанды адамдардың бірі – қазақ филологиясы майданында 20–30-жылдарда жемісті еңбек еткен профессор Құдайберген Қуанұлы Жұбанов болатын. Алайда осы дарқан дарын иесі, білімпаз әрі қоғам қайраткері болған өр тұлғалы адамды көзімен көріп, болмыс-бейнесін жадында сақтап, оның шын мәнінде қазақ совет лингвистикасының негізін қалаушылардың бірегейі болғанын білегін адамдар бұл күндері сирексіді. Оның совет ғылымы мен туған Отанына шексіз берілген қызметі, қазақ халқының мәдениет қорына қосқан қомақты үлесі қалың жұртшылық тарапынан лайықты бағасын алуы тиіс. Осыған орай біздер – Қ.Жұбановтың замандастары мен әріптестері ғалымның өмірі мен творчествосы жайында егжей-тегжейлі баяндап беруге парыздармыз. Ол – қазақтың филология ғылымы тарихында профессор атағына ие болған тұңғыш ғалым» (5, 9).

Қ.Жұбанов гуманитарлық пәндердің теориялық негіздерін терең игерген, білім өрісі энциклопедиялық деңгейді қамтитын оқымысты еді. Бұл секілді алғыр ойлы, орасан білімдар адамның арамыздан беймезгіл кетуі 30-жылдарда әлі бұғанасы бекіп үлгірмеген қазақ тілі жөніндегі ғылымның одан ары даму мүмкіндігін айтарлықтай-ақ тежеді...

Дегенмен де бас-аяғы жиырма жыл төңірегіндегі саналы өмірінің ішінде ғалымның тындырып үлгерген істерінің өзін мархабатшыл ұрпақ тиісінше қадірлей білді. Осының нәтижесінде профессордың есімі қазір

оның алтынның сынығындай еңбектерімен қоса аталады, лингвист-ғалымдарымыздың 70–80-жылдардағы жаңа легінің ізденістері мен төлтума еңбектерінде қайталанатын. Ол өз шәкірттері ғана емес, солар тәрбиелеген жаңа буын шәкірттердің де ой-сезімін баурап, жүрек түбінен орын тепті. Біздіңше, нағыз ғылым қуған жанның болмыстан көксейтін арманы мен тілегі де осы-ақ болар! Иә, ғұлама Қ.Жұбанов творчествосының бүгінгі күнмен ғажайып сабақтастығын біз нақ осылайша байыптаймыз. Ғалымның бүкпесіз адал тілші-шәкірттерінің бірі, қазір жасы сексеннің үстіне шыққан профессор, Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі Мәулен Балақаев – біздің ұстазымыз, сондай-ақ қазір аты мәлім көптеген тіл мамандарының да ұстазы. Одан білім, тәрбие алғандар енді өз кезегімен филологияның жаңа буын жас өркендерін тәрбиелеу үстінде. Міне, өмір диалектикасының заңы осы. Дана халқымыз аталмыш диалектикалық заңдылықтың мәниғасын ұлы Абайдың ғақлия сөздерімен: «Шәкіртсіз ғалым – тұл» деп түйіндеп, тіл қазынасына қосқаны аян.

Қ.Жұбановтың ғылымдағы дәстүрін біз де осылайша жалғастырып келеміз. Ғалымның 90 жасқа толу мерейін тіл білімінің мерекесі етіп атау арқылы біз өзіміздің де осы дәстүрді қастерлеп, соған деген игі ниетімізді көрсетеміз. Оның мәнісі мынадай. «Ұлы Октябрьдің перзенті болып табылатын қазақ совет тіл білімі тарих сахнасына 30-жылдарда көтерілді. Бұл ретте Қ.Жұбановтың ізденістерінің басты қызмет атқарғаны сөзсіз». Әрине, қазақ тіл білімі қазіргі кезеңде көп ілгері кетті. Бірақ біздер бұлайша өрге басудың себебін де естен шығармауымыз керек. Өйткені қазақ лингвистерінің кейінгі ұрпақтары, ғылымға қозғау салған айбынды ағалары – Қ.Жұбанов, А.Байтұрсынов, Т.Шонанов, Е.Омаров, Х.Досмұхамбетов т.б. алыптардың демеуімен ғана табыстың шыңына шыға алды.

Ұлы Октябрь қайта тудырған қазақ халқы қоғамымызға ғалым, педагог, мәдениет пен өнер қайраткерлерінің тұтас бір тобын даярлап берген Жұбановтар әулетін шын көңілден мақтаныш етеді. Ал енді сол берік босаға, биік шаңырақтан өрбігендердің ішінде елге үлгі-өнеге болуға, жұртшылықтың ықыласына бөленуге ең алдымен лайық санайтынымыз алдыңғы буын ағалар – Құдайберген мен Ахмет Жұбановтар екені даусыз. Осы тұрғыдан келсек, бұл қайраткерлердің адамгершілікке тәрбиелейтін іс-әрекеттерінің, рухани мәдениетімізді гүлдендіру жолындағы тың да өміршең бастамаларының біз үшін аса қымбат екені тағы белгілі. Халық мәтелі: «Алдыңғы арба қайда жүрсе, соңғы арба сонда жүреді» – дейді. Өз әкелерінің жолын қуған Жұбановтардың кейінгі буын өкілдерін көрудің өзі бір ғанибет. Бұлай дегенде біз Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институтының қабырғасында ойдағыдай еңбек етіп келе жатқан

Құдайберген ағаның екі ұлы, филология ғылымдарының кандидаттары Есет пен Асқарды, Ахмет Қуанұлының балалары – Қазақстанның музыка өнерін бастап келе жатқан композитор Ғазиза мен академик Болат Жұбановты т.б. атамақпыз. Қазірде бұл фамилияға иегерлік етіп жүргендердің ішінде өнертану, педагогика, химия, экономика, музыка, архитектура, тау-кен, энергетика мен электротехника мамандарын, т.б. салалардың шеберлерін кездестіреміз. Жұбановтардың шырағын сөндірмей жалғасып келе жатқан жұрағаттарына қарай отырып, ғалымның кіндік кескен Ақтөбе жері де талай дарынды түлеткен құнарлы топырақ екендігіне көзіміз жеткендей болды. «Елін көріп, ерін таны; ерін көріп, елін таны!» деген аталы сөз текке айтылмаса керек. Бір ғажабы, неғұрлым уақыт озған сайын біз үшін ғалымның қадірі арта түскенін, ал оның қаламынан туып, заманалар сынынан мүдірмей өтіп, мәдени қорымызға келіп қосылған ғылыми үлес күн-күн санап қомақтанып, теориялық мәні ұлғайып келе жатқанын да ішіміз айқын сезеді.

Республикамыздың ғылыми жұртшылығы, Қазақ ССР Ғылым академиясы мен жоғары оқу орындарында қызмет етуші тіл мамандарының үлкен бір тобы жоғарыда аталған ізгі ниеттерді басшылыққа ала отырып, профессор Құдайберген Жұбановтың туғанына 90 жыл толу мерейін 1989 жылдың соңында Алматы қаласында атап өту жөнінде арнайы шешім қабылдаған-ды. Мүшелтой құрметіне арналған бұл жинаққа ғалымның көзін көрген адамдардың әр кезеңдерде жазған естеліктері, ғалымды көрмесе де, еңбектері арқылы таныған, жас жағынан мүшелгерге бала санатындағы қазақ тілшілерінің мирасқорлық ыңғайындағы зерттеулері еніп отыр.

Қ.Жұбановтың аруағына бағышталған бұл кітапты шығарушылар атынан біз мүшелтой комиссиясына бағыттап жазбаша естеліктерін жолдаған, ғалымнан қалған мұраларды парықтап пікір айтқан барлық азаматтарға өз алғысымызды айтамыз. Әсіресе біздің елімізде және одан тыс жерлерде аттары мағлұм болған профессор-түркологтар – москвалық А.Н.Баскаков пен фрунзелік Хұсайын Қарасаевке, сондай-ақ ғалымның Ақтөбе өңіріндегі іні-жерлестері Ж.Әлсейітов, К.Ержанов, К.Бекниязов, Х.Меңдібаев, Е.Бірманов т.б. көптеген жолдастарға дән ризашылығымызды білдіреміз.

Сөзіміздің қорытындысын біз: «Елдің атын ер шығарады, ердің атын ел шығарады!» деген халқымыздың даналық нақылымен тұжырымдамақпыз. Қазақ жерінің перзенті, тамаша лингвист-ғалым, профессор Құдайберген Жұбанов – біздің мақтанышымыз, өйткені ол Қазақстан лингвистикасының аспанынан нұрын шашқан шұғылалы шоғырдың ішіндегі жарық жұлдыздың бірі.

«Құдайберген Жұбанов және қазақ совет тіл білімі».

Алматы: «Ғылым». 1990. 9-16 бб.

Слово о профессоре Жубанове

Общественность республики с исключительной теплотой и радушием встретила 90-летие со дня рождения замечательного лингвиста, представляющего всемирно известную ленинградскую школу языковедов, профессора Худайбергена Куановича Жубанова (1899–1938). Восстановление доброго имени гражданина и ученого, стоявшего у истоков строительства языковой культуры Советского Казахстана, безусловно, является одной из жизненно необходимых мер по устранению «белых пятен» в истории духовной культуры нашего народа, материалистически верному освещению процессов его социального и национально-этнического возрождения.

Профессор Х.К.Жубанов относится к замечательной плеяде советских ученых Казахстана. С его именем тесно связано зарождение, становление и развитие науки о казахском языке. Язык народа – это не только средство общения, коммуникации членов данного языкового коллектива, но и средство познания, образно-эстетического восприятия окружающего мира, средство сохранения духовных, нравственных и культурных ценностей, средство просвещения и образования народа.

Именно поэтому с самого начала культурного строительства в Советском Казахстане придавалось огромное научно-практическое значение вопросам казахского языка и науки о языке. На этой основе развернулась плодотворная научная, научно-организационная и просветительская деятельность Х.К.Жубанова. Всю свою кипучую энергию, глубокие знания и высокие порывы души он отдал благородному делу изучения и научного осмысления природы родного языка. Профессор Х.К.Жубанов как первый европейски образованный ученый-лингвист достиг на поприще исследования казахского языка доселе небывалых результатов, принесших ему, как основоположнику подлинно научного языкознания в республике, всеобщее признание.

Научно-теоретический и практический вклад, внесенный им в область филологических знаний за столь короткий, но творчески насыщенный период его жизни, благотворно сказался почти во всех отраслях казахского языкознания и сделал его в 30-х годах широко известным ученым не только в нашей республике, но и далеко за ее пределами; он смело вошел в первую когорту советских тюркологов.

Будучи еще совсем молодым ученым, Х.К.Жубанов, заботясь о судьбе родного языка и его научном познании, сделал столько, сколько по плечу целому научному коллективу. Он жил большими и насыщенными творческими планами в сфере лингвистики. Однако ему не было суждено осуществить и реализовать не только свои теоретические замыслы, но и

заделы, рассчитанные на ближайшее будущее; не все его труды увидели свет. Как известно, в 1937 году, в пору полного расцвета незаурядного таланта и творческих сил, первый казахский профессор-филолог, широкоизвестный ученый-лингвист Худайберген Куанович Жубанов стал жертвой беззакония и грубого произвола.

В «Истории Казахской ССР (эпоха социализма)» 1963 года деятельность Х.К.Жубанова охарактеризована лаконично и емко: «Профессор института (КазПИ – ред.) Х.К.Жубанов проделал значительную работу в области разработки казахской орфографии и новой, соответствующей особенностям казахского языка письменности. Перу Х.К.Жубанова принадлежат первые учебники и исследования по грамматике, диалектологии и истории казахского языка. В 1936 году вышли в свет его работы: «Из истории порядка слов в казахском предложении», «Заметки о сложных и вспомогательных глаголах», «Қазақ музыкасында күй жанрының пайда болуы жайлы» и еще ряд других⁶⁰.

Скуп язык исторической хроники. Но за этими сообщениями стоит личность выдающегося ученого, который смысл своей жизни видел в служении родному народу на ниве просвещения и обучения грамоте подрастающего поколения. Его близкие и друзья, его коллеги и ученики, все, кто хорошо знал ученого, ни минуты не сомневались в честности и преданности своей Родине этого светлого человека.

Советская тюркология. Баку. 1980. С. 105-107.*

Кеңесбай Мұсаұлы Мұсаев 60 жаста

Көрнекті тюрколог-ғалым, Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, ССРО Ғылым академиясы Тіл білімі институты Түркология және монголистика лабораториясының бас ғылыми қызметкері филология ғылымдарының докторы, профессор Кеңесбай Мұсаұлы Мұсаев 60 жасқа толып отыр.

К.М.Мұсаев 1931 жылы наурыз айының 24 күні Шымкент облысы, Созақ ауданының Күмісті ауылында (қазіргі «Қаратау» совхозы) колхозшы семьясында дүниеге келді. 1947 жылы Түркістан қаласындағы Педагогикалық училищені үздік бітірген К.М.Мұсаев өз оқуын одан әрі С.М.Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінің қазақ тілі мен әдебиеті факультетінде жалғастырады. 1952–1954 жылдары Москвадағы ССРО Ғылым академиясы Тіл білімі институтының аспирантурасында оқиды. 1956 жылдан бері осы институтта кіші ғылыми қызметкерліктен бас ғылыми қызметкер дәрежесіне дейін табысты еңбек етіп келеді.

1957 жылы профессор Э.В.Севортянның жетекшілігімен «Қазіргі қазақ тіліндегі етістік-есім конструкциялар» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғайды. 1969 жылы «Қарайым тілінің құрылымы» атты еңбегі үшін ғалымға филология ғылымдарының докторы атағы беріледі.

¹³⁴ Сауранбаев Н.Т. К вопросу об образовании казахского языка // В кн.: Доклады советской делегации на XXIII международном конгрессе востоковедов. Секция Ирана, Армении и Средней Азии. М., 1954 (на русском и английском языках).

К.Мұсаев 1958 жылдан бері ССРО Жазушылар одағының А.М.Горький атындағы Әдебиет институтының көркем аударма кафедрасында түркі тілдері (қазақ, қырғыз, түркімен, алтай, хакас, татар) бойынша дәріс оқып келеді. Ұзақ жылғы еңбегіне орай 1972 жылы оған профессор атағы беріледі.

К.М.Мұсаев 1989 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі болып сайланады.

Профессор К.М.Мұсаев ССРО халықтары тілдерін зерттеу саласындағы ірі ғалымдарымыздың бірі. Оның ғылыми ізденістері мен қалам тартқан тақырыптары өте ауқымды. Олар – түркі тілдерінің құрылымы, лексикология мен лексикография, тілдердің өзара байланысы, тіл тарихы мен диалектология, компаративистика, алтаистика, социолингвистика, терминология, ССРО халықтарының жазуы, қазақ тілі және қарайым тілі мәселелері. Осы салалар бойынша ғалым тек біздің елімізде ғана емес, шет елдерде үлкен сұраныста қолданылатын 200-ге жуық ғылыми еңбектер жариялады.

Ғалымның «Қарайым тілінің грамматикасы» (М., 1964), «ССРО халықтары тілдерінің әліпбиі» (М., 1965; Бұл еңбек 1967 ж. Финляндияда жарық көрді), «Қазақ тілі» (М., 1969), «Түркі тілдерінің лексикасы: салыстырмалы зерттеу» (М., 1975). «Қарайым тілінің қысқаша грамматикасы» (М., 1977). «Түркі тілдерінің лексикологиясы» М., 1984), «Қарайымша-орысша-полякша сөздік» (М., 1974; авторлардың бірі), «ССРО Одақтас республикалары тілдері терминологиясының қалыптасуы, дамуы және қазіргі проблемалары», «Түркі тілдеріндегі сонанттар», «ССРО халықтарының жазуы» сияқты іргелі еңбектері советтік тіл біліміндегі жаңа бағыттардағы зерттеулерге теориялық және методикалық негіз болды.

К.Мұсаевтың жетекшілігімен жарық көрген «ССРО халықтары тілдерінің әліпбиі мен орфографиясын жетілдірудің тәжірибелері», «Этимологиялық зерттеулердің теориясы мен практикасы» (М., 1985), «ССРО Одақтас республикалары тілдері терминологиясының дамуы» (М., I т. – 1986; II т. – 1987) деп аталатын күрделі коллективті зерттеу-еңбектерде ССРО-дағы аталған салалар бойынша істелген жұмыстар теориялық тұрғыдан тұңғыш рет қорытындыланып, алдағы ізденістерге бағыт-бағдар сілтеніледі.

К.Мұсаев көптеген маңызды коллективті еңбектерге қатынасаң. Оның идеялары теориялық және қолданбалы тіл білімі, этнография мен тарих ғылымдары салаларында кеңінен қолданыс табауда.

Ғалым-түрколог көптеген халықаралық және Бүкілодақтық конференциялар мен конгрестерді ұйымдастыру мен өткізу жұмыстарына бел шеше араласып, маңызды баяндамалар жасап отырды. Ол Германия,

Венгрия, Индия, Финляндия, Түркия, Испания, АҚШ-та әр кезде өткен ғылыми мәжілістерге белсене қатынасты.

Профессор К.Мұсаев ССРО ҒА Тіл білімі институтындағы лексикология және лексикография бойынша проблемалық комиссияның жетекшісі, Түркологтардың советтік комитеті төрағасының орынбасары, «Советтік түркология» журналының бас редакторының орынбасары, РСФСР Халыққа білім беру министрлігінің Орфографиялық комиссиясы төрағасының орынбасары, ССРО Советтік мәдениет қоры жанындағы Аз халықтар мәдениетін сақтау мен дамыту жөніндегі Ғылыми кеңестің бюро мүшесі, ССРО ҒА Тіл білімі институты жанындағы докторлық диссертациялар қорғау жөніндегі екі мамандандырылған кеңестің мүшесі, ССРО Жоғары аттестациялау комиссиясының (ВАК) филология бойынша сарапшылар тобының мүшесі, Москва қаласындағы «Қазақ мәдениет орталығының» төрағасы ретінде кең де әр салалы ғылыми-ұйымдастыру жұмыстарымен шұғылданады. Ол ССРО ҒА Президиумы мен Тіл және әдебиет бөлімшесі комиссияларының құрамында республикаларды аралап, оларға ССРО ҒА филология ғылымдарын дамыту бойынша үйлестіру кеңесі тарапынан айтарлықтай көмек көрсетіп отырады.

К.Мұсаев жас түрколог-ғалымдарды тәрбиелеуде де көп жұмыс істеуде. Ғалымның жетекшілігімен Совет Одағы мен Моңғолиядан 15-тен астам адам кандидаттық диссертациялар қорғады.

А.М.Горький атындағы Әдебиет институтының профессоры ретінде түркі тілдес республикалар мен облыстар үшін аудармашылар дайындауда зор еңбек сіңіріп келеді.

Коммунист-ғалым өзі қызмет істейтін Институттың қоғамдық өміріне де белсене араласады.

Қазақ ССР Ғылым академиясы А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының коллективі атынан жерлес ғалымымызды мүшел тойымен құттықтай отырып, оған шын жүректен ұзақ өмір, ғылымда зор табыстарға жете беруін тілейміз.

Қазақ ССР ҒА Хабарлары.

Тіл, әдебиет сериясы. 1991. №2. 67-68 бб.

(Е.З.Қажыбеков, С.Құдасовпен бірге)

Көреген аға

Ахмеди Ысқақов – қазақ тіл білімінің қалыптасып, дамуына зор үлес қосқан алдыңғы топтағы аға ғалымдарымыздың бірі болатын. Қ.Жұбанов, Н.Сауранбаев, І.Кеңесбаев, М.Балақаев, С.Аманжолов, Ғ.Мұсабаев т.б. абзал ағаларымызбен бірге есімі қатар аталатын Ахмеди Ысқақовтың бұл ғылым тарихында өзіндік орны бар, ол – өзінің ғылымға қосқан

елеулі үлесімен, елеулі еңбектерімен ұрпақ жадында қалуға тиісті ғалым. Басқа дүниелерін былай қойғанда, ол басшылық еткен 10 томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінің» туыстас түркі халықтары ішінде бірінші болып жариялануына байланысты еңбегінің өзі-ақ халқы алдындағы перзенттік те, ғалымдық та парызын ақтағандығының айғағы.

Бүгінде арамызда жоқ, Ахаң туралы тіл білімінде жүрген азаматтардың естелік ретінде айтары мен жазары аз болмаса керек. Өйткені тілшілер қауымының тай қазанында қайнап өскен алдыңғы қатар ағалар мен кейінгі толқын іні-қарындастарының арасында Ахаң араласу аясы кең, істеген игі-жақсылығы мол белгілі тұлға болды. Өз басым да Ахмеді Ысқақұлымен көп жылдар бойы осы Тіл білімі институтының қара шаңырағы астында, бір ұжымның мүшесі ретінде қызметтес болдым, тіпті ғалым ретінде өсу, атақ-дәрежеге ие болу болуда да жолымыз айқасып жатты.

Ғылым академиясының корреспондент-мүшесіне сайлануда да, академиктікке сайлануда да үміткер болып, бір орынға таласқанымыздың өзі де есте қаларлық оқиға.

1971 ж. сайлауда тіл білімі бойынша берілген бір орынға екі-үш адам арыз бердік біреуі – Ахмеді Ысқақов та, екіншісі мен болдым. Ахаң бірінші турда-ақ қамшы салдырмай өтіп, корреспондент-мүше болып шыға келді. Мен болсам, бір дауыс кем алып, өте алмай қалдым. Бірақ ғылымның басқа бөлімшелерінен үміткер адамдардың көбі өте алмай, бос қалған орындардың біреуі маған бұйырып, екінші турда мен де корреспондент-мүше болып шықтым.

14 жыл өткеннен кейін, тағдырдың бұйрығы солай болды ма, қайдам, 1983 жылғы сайлауда Ахаң екеуіміз бір академиктік орынға тағы «таластық». Бұл кезде Ахаңның денсаулығы бұрынғыдай емес, нашарлап жүрген кезі болатын. Бұл жылы мен институттың директоры (1978 ж. бері) едім. Менің сайлауға түсуімді қолдаушылар да болды. «Орын бос қалуы мүмкін» деген уәж де көп айтылды.

«Нар тәуекел» деп, ағамызбен ғылымның аламан бәйгесіне тағы да ат қосуға тура келді. Жарыстың аты – жарыс: бірінші турда 5:5 болып, тең түстік те, екінші турда, менің бағым жанып, 7:1 болып, академиктікке мен өтіп кеттім.

Осындайда бола беретін «пендешілік» не менде, не Аханда болды ма екен деп ойлаушылар болса, мен «жоқ, ондай пендешілік бізде болған жоқ!» деп толық айта аламын, тіпті ол туралы бұдан бұрын-ақ («Ғылымдағы ғұмыр», 2000, 242-243 бб.) жарияланған бір еңбегімде айтып та, жазып та қойған екенмін. Міне, мен сол естелігімді сол қалпында ұсынып отырмын. Онда былай деп жазылған еді.

Көрегендік пен көрегенділік

Сонымен, академик сайлауында академик ағаларымның жетеуі қолдап, мені мәреге жеткізді. Бірақ менде «мен жеңдім», «жеңіп алдым» деген пендешілік сезім болған жоқ. Ал қуаныш жөні бір басқа: сол күні біздің үйдің есігі туыс-туғандар мен жанкүйер дос-жарандарға ашық болды. Келгендер ізгі-тілек айтысып, қуанышты бөлісіп, біраз отырысып қалды.

Түнгі сағат 12 шамасында жасы үлкен, аталас туыс, сыйлас ағамыз Атекең (Атымтай Қисанов) үйге телефон соқты. Үй ішіндегі у-шуды естіп, ол:

– Әй, Әбдуәли, сендер әлі шуылдасып отырсындар ма? Тоқтатындар. Немене, академик жалғыз сен бе? Тарқаңдар. Ал сен ертең сағат сегіз жарымда жұмыс орнында отыратын бол. Біреулер келуі де мүмкін. Досың бар, дұшпаның бар, бұдан кейін саған сын көп. Білдің бе? – деп трубку қойып қойды.

Атекеңнің осылай тік сөйлейтін мінезін мен бұрыннан білетінмін. Дегенмен, «неге олай деп айтты екен?» деп сәл ойланып қалдым. Менің ыңғайымды аңғарды ма, көңілденіп алған қонақтарым да тарқай бастады.

«Атекеңнің сөзін де бір сынайын» деп мен ертесіне тура 8.30-да жұмысқа барып отырдым. Институтта менен басқа жан жоқ. Ойымда еш нәрсе жоқ отыр едім, сағат сегіз жарымнан аса бергенде, тық-тық басып, коридордың басынан кабинет жаққа келе жатқан біреудің дыбысы естілді.

«Апыр-ай, құлқын сәриден жұмысқа келе жатқан кім болды екен?» деп тағы құлағымды тосып едім, қолында тықылдатқан таяғы бар біреу сияқты. Атекеңнің кешегі айтқан сөзі есіме түсті. Бұл неткен ғажап... Тықыл жақындай түсті де, кабинетімнің есігіне таяды, кешікпей есік те ашылды... О ғажап... Қолында таяғы бар Ахмеди Ысқақов кіріп келе жатты.

Осы бір сәттегі сезімді мен сөзбен айтып жеткізе алмаймын. Ойым әлем-жәлем... Сонда кеше Атекең кімнің келетінін білгені ме? Ал кеше сайлауда «құлап қалған» Ақаңның бұл келісі қай келіс? Жоқ, әлде көңілінде бір қысастық, не жаман бір пиғылы бар ма?

Осыларды ойлап, орнымнан тұрдым да, Ақаңа қарсы жүрдім. Бетіне қарарым. Оның жан дүниесі алай-дүлей, қатты толқу үстінде мені келіп құшақтап тұрып, бетімнен сүйді де:

– Ал, Әбдуәли, мен сені шын жүрегіммен құттықтаймын. Жол сенікі, жөн сенікі. Нағыз жұмыс істейтін кезің, табысты, бақытты бол! – деп ағынан жарылып құттықтады.

Мен де Ақаңның бұл келуінің мен үшін ерекше мәні бар екенін, бүгін үйіне кіріп шығуды ойлағанымды да айттым.

Қатар отырып алып, бәсекелесте жеңген, жеңілген адамдардай емес, қуанышы ортақ ағалы-інілідей, сайлау туралы да, институт жағдайы мен кейбір ғалымдар туралы да екеумізден екеуміз көп сырластық (ол әңгіме сол кезде жазылған менің күнделігімде сақтаулы). Сонда Ақаң көп сырдың бір сыры ретінде:

– Мен осы сайлауға қатыспай-ақ қояйын деп едім. Жас та болса келіп қалды, денсаулық та нашар... «Қатыс» деп үгіттегендер болды. Бірақ олардың қалай қолдағанын білмеймін... – деп қалды.

Менің сонда Ақаңа айтқаным:

– Ақа, біріншіден, егер осы орын бұдан төрт-бес жыл бұрын берілгенде, Сізбен таласатын жан болмайтын еді. Уақытыңызды өткізіп алдыңыз. Екіншіден, біраз ғұмыр кештіңіз. Демек, достарыңызбен қатар, дұшпандарыңыз да көбейе түсті деген сөз. Үшіншіден, Ақа, «қарсыласыңыз» туралы Сіз барған адамдарыңызға жылы пікір айта қойған жоқсыз. Ал мен түсіндірме сөздікке сіңірген еңбегіңізді айтып, бұл орын ертерек берілсе, таласпайтынымды ескертіп жүрдім.

Ақаң бұл айтқандарымды мойындағандай, күлді де қойды. Сонымен біз екеуміз кеше ғана өткен сайлау текетіресінде «сүзіскен» бұқадай қарсыласқан адамдардай емес, құрметті аға, ізетті іні болып тарқастық. Ақаң осы жерде өзінің парасаттылығын көрсеткен сияқты.

Бұл оқиғаның мән-жайын ойлана келе, мен Атекеңнің танытқан осы бір сирек қасиетін **көргендік**, ал Ақаңның қылығын **көргенділік** деп таныдым.

Осындай *көреген* де *көргенді* ағаларымыз арамызда көбірек болса игі еді деп тілеймін!.

«Әйгілі ғалым, ұлағатты ұстаз».
Алматы: Тамыр. 2004. 17-20 бб.

Ұстазды еске алғанда

Мәкең (Мәулен Балақаев) ана тіліміздің табиғатын танытып, құлағымызға құйған тамаша ұстаздарымыздың бірегейі еді. Ол өзінің бітім-болмысымен, ұлағатты ұстазға тән ерекше қасиеттерімен көп шәкірттерінің жадында қалуға тиіс ерекше жан еді.

Менің байқауымша; марқұм болған ұстазы, дос-жараны, туыстары туралы естелік жазып жүргендердің көбісі марқұмнан гөрі өзі туралы көбірек әңгімелеп, айтайын деген ойын шашыратып алатын әдеті бар. Оның бір себебі біздің қауымда «естелік» жанрының әлі қалыптаса қоймағандығы. Сондықтан да болар, арамызда жоқ жақсы адамды айту арқылы өзін көрсетуге тырысу пендешілігі бәрімізден де табылады.

Ақылшы аға, ұлағатты ұстаз болған Мәкең туралы бұл естелігімде мен осы пендешіліктен аулақ болуға тырысып, жарты ғасырдай ұстаз, шәкірт ретінде онымен аралас-құралас бірге жүрсем де, ғылыми өмірдің ашы-тұщысын бірге көрсем де, тек өзіне қатысты ой-пікірімді ғана жазбақшымын.

Осындайда кеше ғана арамызда өздерінің сән-салтанатымен, жарасымды әзіл-қалжыңымен бірге жүрген замандас, өзара құрбы-құрдас ұстаздардың жарқын бейнелері адамның көз алдына елестей кетеді. Олар: Н.Сауранбаев, І.Кеңесбаев, М.Балақаев, Ғ.Мұсабаев, Ы.Маманов, Х.Махмудов, С.Аманжолов, А.Ысқақов, т.б. бір топ ағалар.

Бұлар бір заманда жасаған бір буынның түлегі, ғылымның бір саласында иін тіресе қатар тұрып, қызмет істеп, жабылып бір «терінің пұшпағын» илескен кәсіптес, әріптес, серіктес, сырлас, құрдас жандар болса да, бір ғажабы, бір біріне ұқсамайтын сирек кездесетін «мұражай кейіпкерлеріндей» дара жандар еді. Олардың әрқайсысын өзіндік ерекшеліктерімен қайталанбайтын жеке-дара тұлғаға да балауға болады. Олар туралы жазу (жазып та жүрміз), естелік етіп қалдыру шәкірттерінің парызы болса керек.

Міне, бүгінде арамызда жоқ осы ұстаз-ағаларымыздың арасында Мәкеңнің алар орны мен үшін (басқалар үшін де) ерекше...

Ұлағатты ұстаздың бойына тән барлық абзал қасиеттерін санамалап жатудың реті бола қоймас. Бірақ солардың ішінен өз көңіліме жағатын, ерекше әсер ететін, үлгі-өнеге боларлықтай екі-үшеуін атап өтуді жөн көрдім.

1. Мәкең ғылымда да, өмір-тіршілікте де педант еді. Ол ешқашан бетаалбаты жүре бермейтін, бейберекет пікір айтпайтын, көрінгенмен тәжікелесе бермейтін, кім болса соның айтқанына көніп, айдағанына жүре бермейтін, елге де, өзіне де талабы зор, ұстамды да «қатал» адам болатын. Солай бола тұра, ол өзім деген адамға көңілі көл-көсір, мінезі мамыражай жұмсақ.

Міне, осы бір қасиеттері Мәкеңді өз ортасынан, өзі құралпы дос-жарандар арасынан ерекшелеу, шоқтығын биіктеу, мәртебесін үстемірек, мінез-құлқын құпиялау етіп көрсетіп тұрушы еді. Оның ғылымда айтқан (жазған) пікір-тұжырымдары да, міне, осынау бір ұлағаттыққа сай, көп дау-талас тудырмайтын. Аз айтса да, мәз айтатын, әр пікірін ол жан-жақты ойланып, шегелеп айтатын. Мәкең төңірегіне топтасқан ғылым іздеуші жастардың оған үйірсек болуы да, меніңше, міне, осынау бір ұстазға тән ұлағаттыққа байланысты болса керек. Кейбір ұстаздарымыз сияқты «бірде бие, бірде түйе болу» Мәкеңе жат қылық. Басалқылық, бірқалыптылық, байсалдылық т.б. осы тәрізді абзал қасиеттер Мәкең төңірегіне шәкірттерді көп топтастырды. Ол оларға ақыл-кеңесін айта

отыра, терезесін тең ұстап сөйлеуші еді. Соның нәтижесінде Мәкең түркі тілдеріндегі «сөз тіркесінің синтаксисі», «тіл мәдениеті» бойынша өз мектебін қалыптастырды. Бұл мектептер өз шәкірттері арқылы жалғасын тауып, даму үстінде. «Ғалымның аты өлсе де, хаты өлмейді» деген қанатты сөздің іске асуын осыдан да көруге болады.

2. Мәкеңді еске алғанда бірден оның юморға толы, сарказмға ұласып жататын мысқыл әңгімелері, әзіл-қалжыңдары ойыңа келеді. Шынында да, бұл қасиетті Мәкеңнің рухани бейнесіне тән ерекшелік деп таныған жөн. Юмор, сатира кез келген адамның бойынан табыла бермейтін табиғи дарын, ақылдылықтың белгісі. Әжуа-қалжың, мысқыл-күлкі адам өміріне ерекше нәр береді. Оны нәшіне келтіре, ұтқырлықпен, тапқырлықпен айта білу тұрмақ, мәнісі мен астарына түсінбейтін томаға тұйық, топас адамдар арамызда қаншама. Ал «Мәкең айтқан еді» деген әзіл-қалжыңдар ел арасында әлі ұмыт болған жоқ. Мәкеңнің осы бір қасиетін біз оның өкшелес, ізбасар шәкірттері өз көзімізбен көріп, өз құлағымызбен есітіп өстік, одан ғибрат алдық.

Ғалымдар өмірінде талас-тартыстар көп болады. Жүйкесі жұқарғандардың кейбір ойланбай айтып қалатын шәлкем-шалыс сөздерінен мәжіліс сәні бұзылып, шеке тамырлары шожырайып шарт кетуге шақ қалған сәттерде Мәкеңнің аяқ астынан тауып айтқан бір ауыз қалжыңы ауырлай бастаған атмосфераны бірден өзгертіп, елдің көңілін жадыратып жіберуші еді. Көп жылдар ұжым басшысы болып істегендіктен бе, әйтеуір, Мәкеңнің осы бір қасиеттері есімнен кетпейді. Көбінесе өзі қатарлас ағаларымызға бағышталатын Мәкеңнің бірқақпайлары бірден бәрімізді сабамызға түсіріп, санамызды сауықтыра қоюшы еді. Мұндайда үлкендік жасап, артық айтып қалған ағаларымыз да, кішілік жасап, «қой!» деп айта алмай отырған жас ғалымдар да сол Мәкеңнің бір ауыз сөзімен тыйыла қоюшы едік. Ол сөздердің бәрін айтып жатуға дәл қазір реті жоқ сияқты.

3. Менің байқауымша: шынайы ғалымдардың көбіне тән бір қасиеті – «өзін-өзі қорғай алмауы». Мәкең де кез келген адамды мақтамен бауыздайтын өткір мысқылы бола тұрса да, кейбір айбынды ағаларымыз бен адуынды апаларымыздың кейде тосыннан жасайтын «шабуылына» бірден тойтарыс бере алмай, кібірткітеп, іштей ренжіп, жәбірленіп қалушы еді. Бірақ мұндайда қолма-қол жауап тауып бере алмай, «ұтылып» қалғанымен Мәкең артынан бір реті келгенде, ұрымтал жерін тауып, әзіл-мысқылымен-ақ ол адамды тілерсектен қағып, шалқасынан түсіретін әдеті де болатын. Біз ондай-ондай талай әңгіменің куәгері болдық.

Мәкең жаны таза, әділетті, досына адал, дұшпанына қатал адам еді. Көрген, білген кемшілігін бетіңе айтатын, кейбіреулер сияқты жуыпшайып, тігісін жасыруды, мәймөңкелеуді қаламаушы еді. Сондықтан да

болар, құрбы, замандастары арасында Мәкенді іштей ұнатпайтын, реті келгенде аяғынан шалып, кекетіп-мұқатуға тырысатын адамдар да аз болған жоқ. Бірақ олардың айтқанына қыңбай, әжуа-қалжыңға айналдырып жүре беруге, мән бермейтін Мәкеннің тәкаппар, өрмінездігі де бар еді. Дегенмен, ойын-шыны аралас айтылып жататын кейбір қаңқу сөздер Мәкеннің жүрегіне әсер етеді екен. Мен 70–80 жылдары осы институт ұжымында жүріп, Мәкеннің нәзік жүрегін жаралаған, жаралағандығы соншалық, екеуінде де Мәкең жедел жәрдем машинасымен ауруханадан бір-ақ шыққанын да білемін. Оның біріншісі Ғылыми кеңестің кезектегі мәжілісінен кейін сонда айтылған бірер ауыр сөздердің әсері болу керек, Мәкең кабинетіне барып, терезесін ашып тұрып, еденге құлап түскені бар. Екіншісі, Жеңіс күнін «Қазақстан» ресторанында ұжым болып өткізу кезінде: «Соғыста болдым дейсің, мен сияқты алған орденің де жоқ!» деген соғыста болмаған бір құрдасының сөзін ауыр алған болу керек, құлап түсіп, жедел жәрдем машинасымен ауруханаға жеткізілгені әлі есімде.

«Шынайы ғалымдар өзін-өзі қорғай алмайды екен-ау!» деген ой маған сол жылдары Мәкеңе байланысты келген еді. Бірақ Мәкең өз өмірінде осы тәрізді талай қағажу, теперіш көріп, талай жүрегін ауыртса да, ғылымдағы өз биігіне өзінің көп жылдық қажырлы да адал еңбегі арқылы, табиғат сыйлаған қабілеті мен инсандық абзал қасиеттері арқасында шыға білді, ел-жұрт алдында ғалымдық, ұстаздық мәртебесі биіктей берді. Дос-жарандары мен қалың ормандай қаумалаған үлкенді кішілі (үш буын ұрпағы) шәкірттері алдында әрқашанда қадір-қасиеті артып, мерейі үстем болды.

Міне, осы күйінде ол «сұлу торы аттай» болып, фани жалғаннан кешті.

Мәкеннің дос-жарандары, адал шәкірттері оның асыл да сұлу бейнесін мәңгі-бақи өз жүрегінде сол күйінде таза сақтайды деген сенімім мол.

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты.

«Сөзтаным». №1. 2000. 11-12 бб.

Раїмонд Генрихович Пиотровский (К 50-летию со дня рождения)

Филологи нашей страны 17 августа 1971 г. отметили 50-летие со дня рождения и 25-летие научно-педагогической деятельности видного специалиста в области романской филологии и математической лингвистики доктора филологических наук, профессора Р.Г.Пиотровского. Он известен как основатель и руководитель большой школы статистической и инженерной лингвистики.

Р.Г.Пиотровский – автор более 175 научных работ в области общего языкознания, математической и структурной лингвистики, а также истории,

диалектологии и стилистики романских языков, изданных в нашей стране и за ее пределами, в том числе 5 монографий. Им подготовлено 30 кандидатов наук по филологическим, математическим и техническим наукам.

Р.Г.Пиотровский в 1947 г. по руководством академика В.Ф.Шишмарева, профессора Р.А.Будагова защитил кандидатскую диссертацию по теме «Язык и стиль Ж.Ж.Руссо в его «Исповеди». Теоретические установки и методика исследования языка и стиля писателя нашли отражение в книге Р.Г.Пиотровского «Очерки по грамматической стилистике французского языка» (1956 г. и второе издание 1960 г.).

С 1948 г. он работает над вопросами формирования артикля в романских и балканских языках. Результаты этих исследований обобщены в его докторской диссертации «Формирование артикля в романских языках», вышедшей в 1960 г. отдельной книгой.

Начиная с 1949 г. Р.Г.Пиотровский занимается вопросами диалектологии, диалектной фонетики и фонологии. Объектом исследования явились молдавские говоры на территории Молдавской и Украинской ССР, Северного Кавказа. Работа велась организованным и руководимым им сектором диалектологии и экспериментальной фонетики (1956–1958 гг. в г. Кишиневе). Результатом этой работы явилась монография «Моделирование фонологических систем и методы их сравнения» (1966 г.).

В 1957 г. Р.Г.Пиотровский обращается к исследованиям свойств текста с помощью вероятностно-статистических, теоретико-информационных и кибернетических методов. В этом же году при Бельцком педагогическом институте им. Руссо он организует из небольшого коллектива преподавателей и аспирантов группу «Статистика речи», которая за короткий промежуток времени превратилась в общесоюзную группу, функционирующую при Ленинградском отделении Института языкознания АН СССР и Ленинградском педагогическом институте им. Герцена. В настоящее время группа объединяет семь коллективов: иркутский, казахстанский, кишиневский, ленинградский, минский, московский, ташкентский. Кроме того, отдельные члены группы работают в Бельдах, Воронеже, Горьком, Иванове, Калининe, Киеве, Махачкале, Нальчике, Одессе, Пятигорске, Риге, Тарту, Тюмени, Челябинске и других городах. В его в работе коллектива участвует около двухсот языковедов, математиков и инженеров.

За пятнадцать лет своего существования члены группы опубликовали в отечественных и зарубежных изданиях около 600 работ. Выпущено 10 тематических сборников и монографий, четыре находятся в печати.

Члены группы, изучая статистические и информационные характеристики текста ряда европейских и тюркских языков, достигли определен-

ных успехов в области оптимизации преподавания иностранных языков, автоматического анализа текста, а также машинного аннотирования, реферирования и перевода научно-технических текстов. За сравнительно короткий срок (1968–1971 гг.) впервые в СССР осуществлено машинное реферирование и пословный перевод наугад взятых текстов. В группе созданы устойчиво работающие на ЭВМ «Минск-22» системы пословного перевода с иностранного языка на русский, включающие программу автоматического распознавания общего смысла документа.

Вышеуказанные направления объединяются вокруг основной научной стратегии группы, сущность которой состоит в создании работающих на вероятностной основе систем автоматической переработки текста.

Р.Г.Пиотровский большое внимание уделяет научной подготовке кадров. Ярким примером этого является его руководство казахстанской подгруппой функционирующей при Институте языкознания АН КазССР. Коллективом казахстанской подгруппы за короткий промежуток времени (с 1965 г.) получены словари языка романа М.Ауэзова «Путь Абая» и пьесы «Абай», выпущен «Обратный словарь казахского языка», подготовлен к выпуску алфавитно-частотный словарь указанного труда и готовится сборник, посвященный статистическому и информационному анализу казахских письменных текстов и т.д. По лингвостатистике защищены две кандидатские диссертации и представлены к защите еще три.

Научная деятельность группы, руководимой профессором Р.Г.Пиотровским, обсуждалась на трех организованных группой всесоюзных совещаниях: в Ленинграде (1966), Минске (1968), Кишиневе (1971) и на Алма-Атинском семинаре (1970).

Р.Г.Пиотровский успешно выступает с научными докладами на всесоюзных совещаниях, а также на международных конгрессах (Бухарест – 1967; 1971; София – 1967).

Р.Г.Пиотровский – крупный ученый и организатор. В течение 25 лет он плодотворно совмещает исследовательскую и научно-педагогическую работу в научных центрах и вузах Москвы, Ленинграда, Минска, Кишинева и других городов. В настоящее время, помимо руководства общесоюзной группой «Статистика речи», он заведует кафедрой французского языка Ленинградского педагогического института им. Герцена. Свое 50-летие Р.Г.Пиотровский отмечает в расцвете творческих сил. Нет сомнений, что он приложит все усилия для решения актуальных проблем статистической и инженерной лингвистики.

*Известия Академии наук Казахской ССР.
Январь-февраль. 1973. №1.
(Соавт.т. с К. Бектаевым)*

Члену-корреспонденту АН КазССР Г.С.Садвакасову 50 лет

Известному ученому-уйгуроведу, члену-корреспонденту Академии наук Казахской ССР, доктору филологических наук, лауреату премии им. Ч.Ч.Валиханова Гожахмету Садвакасовичу Садвакасову исполнилось 50 лет.

Гожахмет Садвакасович Садвакасов родился в семье крестьянина 15 июня 1929 г. в с. Большое Аксу Уйгурского района Алма-Атинской области. После окончания средней школы в 1946 году он поступает на факультет казахского языка и литературы Казахского государственного педагогического института им. Абая, в 1950–53 гг. проходит курс аспирантуры при Секторе уйгуро-дунганской культуры АН КазССР, в 1957 г. защищает диссертацию на соискание ученой степени кандидата филологических наук.

В 1961–63 гг. Гожахмет Садвакасович – старший научный сотрудник Отдела уйгурской филологии Института языка и литературы (с 1964 г. – Отдел уйгуроведения при Институте языкознания АН КазССР), с 1947 года – заведующий этим Отделом.

В 1972 г. Г.С.Садвакасов защищает докторскую диссертацию на тему: «Язык уйгуров Ферганской долины и проблема взаимодействия уйгурского и узбекского диалектов». Здесь были впервые поставлены и решены два кардинальных вопроса: какими отличительными чертами характеризуется язык уйгуров Ферганской долины, существующий и развивающийся в особых условиях и в то же время являющийся частью общенародного уйгурского языка, и к каким изменениям привело его взаимодействие с узбекскими диалектами.

В 1975 г. Г.С.Садвакасов избирается членом-корреспондентом Академии наук Казахской ССР.

Г.С.Садвакасов является автором более ста научных работ по актуальным вопросам уйгурского языкознания. Глубокие по анализу и свежие по наблюдениям, они охватывают почти все области уйгурской филологии. Гожахмет Садвакасович – один из авторов двухтомной научной грамматики «Современный уйгурский язык». Итогом многолетних исследований является его монография в двух частях «Язык уйгуров Ферганской долины». Эти работы, получившие высокую оценку научной общественности, – весомый вклад не только в уйгурское языкознание, но и в тюркологическую науку. Монография «Язык уйгуров Ферганской долины» в 1978 г. была удостоена премии им. Ч.Ч.Валиханова.

Г.С.Садвакасов – автор ряда работ, имеющих большое практическое значение. Им разработаны «Правила орфографии современного уйгур-

ского литературного языка», составлен «Орфографический словарь», созданы учебники по уйгурскому языку и литературе, широкой известностью пользуются собранные и изданные им образцы народного творчества: «Жемчужины народной лирики», «Уйгурские бейты», «Уйгурские пословицы и поговорки» и др.

Основные достижения уйгурского языкознания на современном этапе связаны с трудами Г. Садвакасова. Вместе с тем он не только широкообразованный ученый, но и умелый руководитель и организатор науки.

Преданность делу, научная добросовестность, верность истине, широта научных интересов – вот что характеризует ученого и коммуниста Г.Садвакасова.

Г.С.Садвакасов ведет большую общественную работу. Он неоднократно избирался секретарем партийной организации института, является членом ряда ученых советов и Гостерминкома при Совете Министров КазССР, активно выступает на различных научных сессиях и конференциях с докладами по актуальным проблемам уйгурского языкознания.

Г.С.Садвакасов награжден Почетной грамотой Верховного Совета Казахской ССР.

На рубеже зрелости, оглянувшись на пройденный путь, Гожахмет Садвакасович Садвакасов вправе остаться довольным сделанным. Однако, как настоящий ученый, он не довольствуется достигнутым, для него главное всегда впереди. Мы верим, что он внесет в развитие уйгурской филологической науки еще более весомый вклад.

*Известия АН КазССР. Серия филологическая.
4 ноябрь-декабрь. 1979.*

О моем друге

Не зря говорится: «При уважении к ученому рождается почтение к науке». Имя известного уйгурского ученого Кожахмета Садвакасова тесно связано в Казахстане с уйгуроведением. Эта наука занимается изучением древней истории и культурой уйгурского народа, его богатого языка, обычаями, искусством на основе письменных фольклорных памятников.

Известный тюрколог профессор С.Е.Малов однажды сказал: «Если молодые ученые хотят быть тюркологами, они должны сначала внимательно изучить уйгуроведение, эта наука дала миру великих тюркологов». Его фраза запомнилась мне навсегда.

Среди множества ученых-востоковедов Кожахмет Садвакасов занимает особое место. Он родился и вырос в ауле. Тяжелый аульный быт в годы войны заставил его быстро повзрослеть. Путь он выбрал осознанно. Кожахмет был одним из тех молодых ученых, кто пришел в науку в по-

слевоенные годы. В это время в Казахстане открылась академия наук, и талантливым молодым ученым была предоставлена широкая дорога. Садвакасов много работал, и его труды так часто печатались, что в скором времени его имя стало известно не только у нас, но и за рубежом.

О его деятельности можно рассказывать много, но есть два самых главных аспекта. Первое: прожив долгое время в Узбекистане, в Ферганской долине, он изучил наречия уйгурских групп, живущих там, и этим внес неоценимый вклад в развитие уйгурского языка.

Второе: благодаря своим организаторским способностям К. Садвакасов добился создания при Академии наук научно-исследовательского института уйгуроведения, объединив всех ученых, работавших в этой области.

Он много мог еще сделать, но, к сожалению, подвело сердце... Увы, после его ухода из жизни институт, созданный им с таким трудом, почти перестал существовать. Осталась маленькая группа энтузиастов. Конечно, это очень обидно, так как человек вложил в развитие науки всю свою жизнь, а как только его не стало, все развалилось. Но самое обидное то, что имя его стало постепенно забываться. А ведь он не щадил себя, стараясь для своего народа. Хотя мог бы, как многие ученые, добившись почета и званий, спокойно жить. И пребывать на вершине славы. И встретил бы в этом году свое семидесятипятое в кругу семьи, друзей, учеников, коллег.

Говорят: «От человека остается его имя, от ученого – его труды». От Кожахмета Садвакасова остались и честное имя, и труды, и ученики, и друзья, которые будут всегда его помнить.

«Вечерний Алматы». №117. 15 июнь. 2004.

Ағапарға парыздармыз (естеліктен цэінсі)*

«Сайлау» десе, арқасы қозып кететін қазақеңнің әдеті ғой. Академияда 1972ж. өткен сайлауда мен белгілі қазақ ғалымы Ахмеди Ысқақовпен бір орынға таласып, қосымша орын бергендіктен екеуміз де корреспондент-мүшелікке өткен едік.

Бұл тағдыр деген қызық қой. Араға 11 жыл салып, енді академик сайлауында тағы да мен Ахмеди ағайыммен бірге «аламан бәйгеге» түстім. Бұл кейінгі он жыл ішінде Тіл біліміне бөлініп отырған жалғыз орын болатын. Сайлаушы 8 академиктің (Ғ. Мүсірепов, Ә. Марғұлан, А. Нүсіпбеков, І. Кеңесбаев, С. Зиманов, Б. Төлепбаев, С. Бейсенбаев, М. Қаратаев) талқы-

* «Ғылымдағы ғұмыр» атты өзім туралы естелікте мен «Ағалар алдында парыздармыз» деген тақырыппен біраз өзім араласқан зиялы қауым өкілдері туралы жазғандарымның ішінде академик-жазушы Ғабен (Ғ. Мүсірепов) туралы да бір-екі ауыз естелік айтқан едім, бұл содан алынған үзінді.

лауына түсіп, бәсекелесіп отырған екі адамның «мықты» да «осал» жақтарын сарапқа салып, таңдап алу да, міне, осы мәртебелі қауымның қолында еді. Әрқайсысы – жеке тұрған заңғар тау, дара тұлға.

Академик сайлауы Академияның Металлургия институтының бас Залында 1983 ж. жабық есік ішінде өтті. Сайлау тәртібін айтып жатудың қажеті жоқ. Сайлаушылар мен сайланушылардан басқа бөгде адам бұл төңіректе көріне қойған жоқ. Ол жерде қызмет көрсетіп жүрген бірнеше жас жігіт-қыздар мен көзінің зағиптығына байланысты әкесін жетектеп Ахмеди Ысқақұлының баласы – Алтай жүрді. Сайлауға түскен екеумізге тілектес, жанкүйерлердің бәрі сыртта болды да, ақ тілегін айтып, қарт анамыз, бала-шағамыз үйде отырды. Тек бір адам ғана ұзын коридордың ең шеткі бұрышында екі-үш сағат бойы қозғалмай, қарайып тұрды да қойды... Пайымдап қарасам, ол менің жалғыз қарындасым – Роза екен. Тоғыз тосқауылдан өтіп, оның қалай кіріп кеткеніне мен қайран қалдым. «Үйге қайт» деп, алыстан қайта-қайта ишарат қылсам да, бір орыннан қозғалмай тұрды да қойды. Осы кезде атам қазақтың «қыздың тілеуі әрқашан қабыл болады» – дейтін сөзі есіме түсті де және бұл әлемде менің тілеуімді шын тілейтін бір жан болса, ол – менің Розам деп сезіндім де, «тұрса, тұра берсінші» деп, оны енді қумадым.

Сайлау айтыс-таргыстармен қызу жүріп жатты. Үміткерлердің де оған қатысуға қақысы жоқ, сырттан шолып жүрміз. Біздің атымызға айтылып жатқан кейбір мақтау, жамандау сөздерді құлағымыз шалып қалып та жатты. Бірінші тур нәтижесінде біз Ақаңменен (Ахмедимен) екеуміз де бесте-бес дауысқа ие болып, «ит жығыс» жағдайында қалдық. Әдебиетшілерден бірден алты дауыс алып, Зәки Ахметов жайрандап шыға келді. Ал сайлау тәртібі бойынша Ақаң екеуміздің «тағдырымыз» енді екінші турда, яғни жоғарыда аталған 8 академиктің қайта дауыс беруімен шешілмекші.

Үзіліс жарияланып, академиктердің бәрі сыртқа шықты. Шай ішіп, біраз демалып отырысты. Осы бір сәтте Ғабеннің (Ғабит Мүсіреповтің) көзі шеттеу отырған маған түсіп кетті де, дауыстап:

– Ей, Әбдуәли, бері кел, – деп мені қасына шақырды. «Жазған құлда жан бар ма?» дегендей, тез тұрып, жанына келіп отырдым... Біраз үндемей отырды да:

– Біз сені мына жарыстан шауып өтеді деп келіп едік қой... – деді. Бұрын-соңды алыстан ғана сый-құрмет көрсетіп, жақын жүріп, көп сырласпаған сөз зергері ұлы жазушының не ойлап отырғанын тап басып, тани алмасам да:

– Ғабе аға, жағдайды өзіңіз де көріп отырсыз ғой! Кезінде алдыңыздан өтіп, өз жайымды айта алмадым, жол жіңішке, уақыт қысылтаяң болған сияқты... Алдыңызда тұрмын ғой. «Міне, мойын, міне бас», – деп қалдым.

Өмір бойы қолданбаған мұндай сөздің аузымнан қалай шығып кеткенін де аңғармай қалыппын.

Ғабең асықпай алдындағы шайынан бір ұрттап алды да, елдің бәрі естисін дегендей, отырғандарды көзімен бір шолып өтті де:

– Сені білеміз ғой, енді өтесің! – деп, бір-ақ қайырды да, орнынан тұруға ыңғайлана бастады.

Осы бір сәттегі менің жан дүниемді, барша болмысымды айтып жеткізу, әрине, мүмкін емес. Ол сезімді басқа емес, мен сияқты басын бәйгеге тігіп, аламан жарыста қалың шаңнан алдын көрмей келе жатқан атының көзін сүртіп, тізгінінен тарта жөнелген Ғайып Ерен – ғажап бір күшті сезген адам ғана бағалауы мүмкін.

Айтып-айтпай не керек, бір сағатқа созылған келесі турда 8-ден 7 дауыс алып, жеңіске жетіп мен де, Зәки сияқты, топ алдына жайраңдап шыға келдім. Әрине, бұл әр пендеге тән сезім, қуаныш еді. Ал шын мәнісінде менің осы бір қуаныш сезімім «біреуді жеңіп алдым, жеңіп кеттім» деген пендешілік сезімінен мүлдем басқаша еді: («жеңу, жеңілу») деген майдан алаңында болатын сезім де маған, әрине, жат емес еді. Бірақ менің бұл қуанышым өз заманымның, өзім өмір сүріп отырған ортамның маңдай алды өкілдерінің, ел-жұрт құрметтейтін жақсы-жайсаңдарының сеніміне ие болғанымда еді. Ғылымдағы ең биік мәртебе – «академик» атағы маған істеген еңбегімнен гөрі, істелуге тиісті еңбектерім үшін, атқарылған міндетімнен гөрі, атқарылуға тиісті міндеттерім үшін берілді деп түсіндім.

Сондықтан да, мен осы бір үркер жұлдыздарындай ғана ағаларымның алдында әрқашан парыздармын, әлі де өтей алмай жүрген парызым бар деп санаймын. Дегенмен, солардың арасынан мен үш адамды – Ғ.Мүсірепов, Ә.Марғұлан, А.Нүсіпбековтерді ерекше атағым келеді.

Ғабең туралы жоғарыда айтылды. Ғабеңді мен де бір қазақтай құрметтейтін адаммын. Бірақ ол кісімен кейбір інілеріндей жіті араласып, дастарқандас та болғаным жоқ, карта да, бильярд та ойнап, аңға да шығып көрген емеспін. Менің жақсы білетінім – сөз зергерлігі, тіл табиғатына байланысты жазған өткір мақалалары мен терең ойлары.

Сайлау өткеннен кейін Ғабең сырқаттанып, ауруханаға түсіп қалғанда көңілін сұрай барып, бірер сағат әңгімелесіп отырып қалғаным бар. Жоқ, сырт қарағанда қатаңдау, маңғаз көрінгенімен, сөйлесе келе, Ғабеңнің тым қарапайым, парасатты адам екенін байқайсың. Әңгіме негізінен қазақ тілі туралы болды да, ол сөз соңында өзінің ақын-жазушылар арасында қазақ әдеби тілінің мәдениеті жайында баяндама жасайтынын айтып, маған да сол жиналыста сөйлеуді ұсынды.

Шынында да, 1984 жылы желтоқсан айында Қазақстан Жазушылар одағы «Соңғы жылдардағы қазақ көркем шығармаларының тілі» деген

тақырыпта творчестволық конференция¹³⁵ өткізіп, сонда Ғабәң екі сағат бойы (арасында бір демалып) түрегеп тұрып баяндама жасағанын зиялы қауым жақсы біледі. Бұл әдеттегі жиналыс емес, рухани, мәдени өміріміздегі аса бір көрнекті оқиға болған еді. Тіл мәдениетіне байланысты ақын-жазушылардың қырғын сынға ұшырағанын менің алғаш көргенім сонда. Екінші баяндаманы «Шығарма тілі – көркем әдебиет өзегі» деген тақырыпта Ғабәңнің айтуымен мен жасадым. «Басы қазанда жаңа піскен академик» болсам да, біздің тірлік, әрине, «теңіздің жанынан құдық қазғанға» жасаған еді.

Дегенмен, Ғабәңнің академиктер сайлауында «ноқта аға» ретінде маған жасаған бұл қамқорлығын мен ұмытқан емеспін, ұмытпаймын да. Бірақ содан бері қанша жыл өтсе де, «Қабәң алдындағы осы бір өзімнің інілік парызымды қалай түгел алсам екен?!» деген сезіммен өмір сүріп, Қабәң сүйген қасиетті ана тіліміздің қадірін асырып, құдіретті күшін паш етуге шама-шарқыма қарай ғалым ретінде әрекеттеніп келемін.

Аға алдындағы парызды ақтаудың бір жолы осы шығар деп ойлаймын.

«Ғылымдағы ғұмыр».

Алматы: Атамұра. 2000. 238-241 бб.

Зердегі ғалым, зерек жан

Ұршықтай дөңгеленіп өтіп жатқан дүниенің бетімен толассыз шеру тартып бара жатқан жұмыр басты пенденің сәнді де сәулетті көшінің шұбырынды ізінен нені ұғып, нені аңғаруға болады? Онда сол көштен сыр шергер белгі-бедер бар ма, бар болса, ол болашақ ұрпаққа нені баяндайды? Мұндай философиялық ой-толғанысқа әркімнің берер жауабы әр алуан. Біреулер: «Өткен күннің белгісі жоқ!» – десе, екінші біреулер: «Жоқ, өткен күнде белгі бар деп айту керек», – деп оны түзетеді. Әрқайсысының келтіретін уәжі әрине әр басқа.

Өз басым бұл философиялық сауалға философиялық тұрғыдан жауап бергенді жөн көрер едім. Мен ойлаймын: егер табиғи заңдылық бойынша бірінің артынан бірі тізіліп, рет-ретімен өтіп жатқан күндер, айлар, жылдар, тіпті ғасырлар адамзат тарихында бір із қалдырмай, өз бейне-болмысын өшіріп, зым-зия жоғалып жатса, бала әкесінің өсиетін, әке-бабасының қасиетін, бабалар жеті ата, жетпіс пұстысын ұмытып, өзінің кім білмейтін мәңгүртке айналса, сол жер бетінде бүгінде өркениетті ел болып, өмір сүріп отырған мыңдаған халықтар мен ұлыстар болмаған болар еді. Сондықтан да біз, жер бетіндегі жұмыр басты пенделер, сол дүниенің, сол ғұмырдың, сол ұрпақ пен нәсілдің, сол салт-дәстүрдің

¹³⁵ Бұл конференцияның материалдары «Өнер алды, қызыл тіл» деген атпен 1984 жылы «Жазушы» баспасынан жеке жинақ болып шықты.

сабақтастық, үздіксіз жалғастық заңы арқылы ғана өмір сүріп жатырмыз. Демек, өзінің этностық, рухани, мәдени моральдық-этикалық, тарихи болмысын ұмытпаған, оны саналы түрде атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа ауыстырып отырған халық қана мәңгі жасауға құқықты. Ахмет Байтұрсынов: «Біз – кешегі заманның баласымыз, ертеңгі заманның атасымыз», – дегенде де осы ұрпақ жалғастығын айтып тұрған жоқ па? Ал өзінің барша саналы өмірін ата-бабаларымыздың асыл да ардақты дүниесі – ана тілін болашақ ұрпаққа аманат етіп тапсыру үшін бағыштаған азаматтың артында із қалмады деп айтуға кімнің аузы барады? Ол азамат арамыздан тым ерте кетіп, туған-туыс, жора-жолдас, ел-жұрттың өзегін өртеп, өксіте жылатып кеткен Секең (Сейілбек Исаев) болатын.

Оның артында үлкен ғылыми, рухани мұра, ұлағатты сөз, Ұстаз ізін жалғастырушы ізбасар шәкірттері, қаумалаған қалың қауым, ұрпақ үшін істеген игілікті істері, қоғамдағы орны толмас ортасы қалғаны барша жұртқа мәлім.

Міне, сондықтан да мен «өткен күнде белгі жоқ» деген пәлсапаға қосыла алмаймын. «Жақсының аты қалар, ғалымның хаты қалар» дейді дана қазақ. Сейілбектің басып өткен қысқа да нұсқа ғұмырнамасында оның аты да, хаты да жазылатынына өз басым кәміл сенемін. Өйткені шығыс философиясында «Жақсы ғалым болу – оңай, жақсы адам болу – қиын» дейтін сөз бар екен. Ал біз білетін Секең тамаша азамат, әрі ғұлама ғалым еді. Бұл – екінші бірінде бола бермейтін абзал қасиет.

Сейілбектің адамгершілік қасиеттері мен өзіндік мінез, көзқарас, ұстанған принциптері, жолдас, замандастарына деген қарым-қатынасы, ілтипат, ықыласы жөнінде ұзақ әңгімелеуге болар еді. Бірақ оның дәл қазір реті жоқ. Ал осы қасиеттерінің бәрін саралап, зерделеп, қорыта айтар болсақ, оның екі қырын біріншіден, Секең – аға бола білген адамға сыйлай білетін іні бола білген азамат, екіншіден, достыққа берік, қастыққа жаны қас, «сыйға – сый, сыраға – бал» принципін ұстанатын азамат деп ерекше атаған болар едім.

Ал Секеңнің ғалымдығына келсек, бұл жағынан да оның көз алдымызда өсіп жетілген көп ғалымдардан өзіндік айырмашылығы болды. Ол, біріншіден, өзінің зерттеу объектісін жүрдім-бардым емес, тиянақты да терең талдап, тәптіштей зерттейтін ғалым; екіншіден, тілдің әр саласынан жүргізген зерттеулерінің ішінде, әсіресе морфология проблемалары бойынша өзінің айтар ойы, ұстанған өзіндік концепциясы бар ғалым; үшіншіден, біреудің жазғанын жалғастырып, айтқанын мақұлдап, келісе салу көп ғалымның әдетінде болса, Секең кез келген мәселені өзінше түсініп, өзінше талдап-таратуды, пікір айтуды және сол пікірін әрқашан да дәлелдеп шығуға солдаттай дайын тұратын мінезді ғалым еді.

Секеңнің бұл «мінезін» (дұрысы – принципті көзқарасын) тілші ғалымдардың бәрі жақсы білуші еді. Көп жылдар бойы докторлық,

кандидаттық диссертация қорғайтын Кеңестің төрағасы бола жүріп, ол кеңестің мүшесі ретінде қатысатын қорғау үстінде мен де жиі байқаушы едім. Жас талапкер диссертанттардың Секеңнің осы «мінезінен» (біреуінен біреу еститін шығар!) қорғауға «қорқып» («жауапкершілікті сезініп» деген сөз ғой бұл) келетіндері де болды. Шынайы ғалымның ғалымдығын, ұстаздың ұстаздығын мен оның осы қасиетінен танушы едім.

Ғылым дүниесінде жүрген үлкенді-кішілі ғалымдар, құдайға шүкір, қазір баршылық. Бірақ қатар жүрген ғалымдардың бәрі бірдей сол ғылым туралы өз идеясын, ой-пікірін ортаға салып, шүйіркелесіп сөйлесе бермейді, біреуі ондай әңгімеден қашады, ал енді біреуінің ортаға салып, талқылайтын, не таласатын өзіндік пікірі бола бермейді. Сондықтан да ол қашқақтайды.

Секеңнің бір қасиеті кез келген ыңғайлы жағдайда тіл мәселесінің бір шетін шығарып, бір жағынан, өз пікірін айқындай түсу үшін, екінші жағынан, басқаның да пікірін суыртпақтап білу үшін әңгімеге тартып отырушы еді. Шынайы ғалымның әдеті – осы: ғылымда жүру, ғылыммен бірге өмір сүру.

Секең республикамыздағы үлкен, өзіндік ерекшелігі мол оқу ордасын көп жылдар бойы басқарып келді. Бұл да – көп ғалымның қолынан келе бермейтін жауапты іс.

Өйткені ғалымдықпен қатар бұл іске іскерлік те қажет. Іскерлік қана емес, өзін қоршаған ала-құла қауыммен, әрқайсысы өзін жеке тұлға санайтын көбісі әйел ұстаздармен тіл табысып, оларды бір мақсатқа жұмылдыра білу – үлкен өнер еді.

Әлі есімде: бір күні Қыздар пединститутында бір жұмыспен болып, Секеңнің өзімен жолығысып, мәселені шешкеннен кейін ол: «Бір кесе шай іше кетіңіз!» – деп ілтисіз білдірді. Институттың бірінші қабатындағы бір кабинетке шай дайындаған екен, екеуміз сонда бардық. Барсақ, сол институттың мен танитын бірнеше келіншек оқытушылары отыр екен. Әлгі келіншектердің ректор алдында өздерін соншалықты еркін ұстайтындарын бірден байқадым. Қат-қабат әзіл-қалжыңдардың бәрі кетіп жатты. Әрине, ішек-сілем қата мен де күлдім. Ерке келіншектердің өзімініп, өздерін еркін ұстап, еркелегенін көріп мен Секеңнің соншалық ұстамды, төзімді мінезіне қайран қалдым. Ол олардың небір астын-үстін қалжың сөздеріне жайбарақат қарап, жымыып күлді де отырды.

Кейін мені шығарып салу үшін сыртқа бірге шыққан Секеңе мен:

– Секе-ау, мына қалжыңбас «қасқырлардың» арасында қалай жұмыс істеп жүрсің? – дегенде, ол:

– Олардың бұл қалжыңдарына менің құлағым үйреніп кеткен... Өзімініп еркелегені ғой... – деп күлді де қойды.

Секеңмен түрлі жағдайларда кездесіп жүрдік, көп жылдар араластық, сыйластық, сырластық. Сондықтан менің көз алдымда Секеңнің жарқын бейнесі әрқашанда өзінің осынау бір мінәйім де момақан мінезімен, зейінді де зерек жан дүниесімен, інілік ақкөңіл, адал пейілімен мәңгі бақи мүсін болып тұрып қалмақшы.

Айлар өтер, бірін-бірі қуалап жылдар да өтер, ұрпақ та ауысып, жаңалана, бірақ Сейілбек сыңды азаматтың, ғұлама ғалым, ұлағатты ұстаз ретінде халқына істеген игілікті істері, жас ұрпақты тәрбиелеуге сіңірген ұлан-ғайыр еңбегі, артында қалдырған рухани қазынасы ел жадында сақталып, сол еліне әлі ұзақ жылдар қызмет атқаратыны сөзсіз. Оның өнегелі өмірі, таныта алған тағылымы, ғылымдағы, білімдегі тәлімі қаумалаған қалың шәкірттері арқылы жалғаса бермек.

Өмір жалғастығы деп, міне, осыны айтады. Қамшының сабындай онсыз да қысқа ғұмырын қысқартып, бұл фәниден бақиға тым асығыс аттанып кеткен едің, Сейілбек інім, рухани өмірің ұзақ болғай, ұрпақ жадында мәңгі сақталғайсың! Әумин!

«Тілім деп өмір сүріп ем...» (Естеліктер).

Алматы: Арыс. 2000. 11-15 бб.

Ағапар алқынға парызымыз бар

Қазақ халқының рухани, мәдени және азаматтық тарихында елеулі оқиғалардың санатында қалуға тиісті жаңалықтардың бірі – Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдары ашылған Ұлттық ғылым академиясы екендігі айдай әлемге белгілі. Қатігез жаудың ылаңынан 5 жыл бойы қансырап, қасірет шеккен, шаруашылығы күйреп, халі мүшкілденген халқымыздың есін жиып, етегін жабуға үлгере алмай жатқан бір қарбалас, қиын жағдайда Қазақстанда ғылым ордасын ашып, шаңырақ көтеруі бүгінгі ұрпаққа айтсаң, сене қоймайтындай аңыз-әңгімеге ұқсап кетуі де мүмкін. Бірақ бұл біздің тарихымызда болған шындық қой.

Академик Ақай Нүсіпбеков бүгінде халі мүшкілдене бастаған Ұлттық ғылым академиясының кезінде (1946 ж.) іргетасын қаласып, шаңырағын көтерген, қасиетті ғимарат – ғылым сарайының өркениетті елдің бас белгісіне, ұлтымыздың мақтанышына айналуына аянбай атсалысқан үркердей бір топ абзал ағаларымыздың бірегейлерінен еді. Онымен қызметтес болған, араласқан, ақылдасқан, оның қамқорлығын көрген жандар аз емес. Сол ұрпақтың бір өкілі мен едім. Енді, міне, сол абзал ағамыз жөнінде оның 90-ға келген мерейтойына байланысты бір ауыз лебіз білдіруді өзімнің інілік парызым деп санаймын.

Ақаң туралы айтылар әңгіме, дос-жаран, қаламдас замандастары мен тәлімін алған шәкірттерінің шертер сыры аз болмаса керек. Бірақ Ақаң

тәрізді ұлағатты ұстаз, ғұлама ғалым, аяулы азамат туралы бір естелікте бәрін айту, оның саналы өмірін саралап беру, әрине, мүмкін емес және біз де алдымызға ондай мақсат қойып отырғанымыз жоқ. Ақаңның азаматтық бейнесін, ғылымдағы ұлан-ғайыр еңбегін, қоғам өмірінде алған орнын жан-жақты сипаттап, талдап-тарататын арнайы зерттеулер қажет. Біздің дәл бүгін, дәл осы естелігімізде айтар бір-екі ой-пікіріміз, міне, осы болашақтағы Ақаң туралы жазылар және жазыла бастаған келелі бір еңбектің кәдесіне жарар азын-аулақ дүние ғана.

Атам қазақтың «Әкең өлсе де, әкеңді көрген өлмесін» деген әркім әрқалай түсініп, өзінше қабылдайтын тым ашық, қағалдау айтылған сөзі бар. Бұл сөздің мәнісін терең түсіне бермейтін кейбір жастар «неге менің әкемді өлсін дейді, оны көрген адамның тірі жүргенінен маған не пайда» деп тіксіне қалуы да мүмкін. Жоқ, бұл сөзді олай түсінбеу керек.

Бұл, біле білген адамға, мағынасы терең, философиялық мәні зор даналық сөз. Өлмейтін адам жоқ: дүниеге келген жұмыр басты пенденің бәрі ерте ме, кеш пе, әйтеуір бір о дүниелік болуы хақ. Сондықтан да, халық даналығы бұл арада «пендені (әкені) өлді» деп қайғырудан көрі, ақ ажалынан өлген пенденің (әкенің) фани жалғанда атқарған игі істерін, инсани қасиеттерін өзінен кейінгі ұрпаққа (соның ішінде өз балалары мен туған-туыстарына да) айтып жеткізетін, ізгі қасиеттерін насихаттайтын көзін көрген замандастарының амандығын көбірек тілеуінің себебі де сонда болса керек.

Бүгінгі таңда жазылып жатқан, бұдан кейін де жазыла беретін Ақаң туралы естеліктердің бәрі, менің ойымша, архив деректері емес, марқұм ағамыздың өзін көрген, көзін көрген замандастарының, өкшелес інілерінің, ізбасар шәкірттерінің жүрек тебіренер шынайы сыры, жарқын бейнесін елестетер әсерлі сөзі, абзал қасиеттерін еске салар естеліктері болса керек. Мұның бәрін әркім өз хал-хадерінше, өз түйсік-түсінігіне, тілінің жеткенінше жеткізе жатар.

Менің айтар бір-екі ауыз сөзім де Ақаңның ғұлама ғалымдығы жайлы емес, ғаламат адамдық қасиеттері туралы болмақшы. Өйткені, *біріншіден*, менің мамандығым басқа (ол кісі – тарихшы, мен тілшімін), *екіншіден*, адамның абзал қасиеттері кейде ғалымдықтан нарқы да, парқы да биік, әлдеқайда жоғары тұратын ұғым санатына жатады. Шығыс әлеміне белгілі бір мақалда «*ғалым болу оңай, адам болу қиын*» деп, инсандық қасиетті ғалымдықтан жоғары санайтыны да содан.

Академия құзырында, қазақ топырағында алғаш бой көтерген ғылым сарайында, сол ғылымның іргетасы қаланып, қанатын жайған жұлдызды жылдарында *Ақаңмен* жандаса, қызмет бабында араласа, ол – басшы, біз – бағынышты адам ретінде біраз жылдар (60–80 жж.) сый-құрметіміз жарасып қатар жүруге Алла тағала нәсіп қылған еді.

Міне, сол жылдары (60–70 жж.), әсіресе Ақаң қоғамдық ғылымдары бойынша вице-президент қызметін атқарып жүрген кездерінде мен Тіл білімі институтының директорының орынбасары едім. Директорымыз белгілі ғалым Исмет Кеңесбаев болатын. Сан алуан ғылыми-ұйымдас-тыру мәселелерімен күнде, дәйекті түрде шұғылданып отыратын вице-президенттің «кұлақ кесті құлы» – басқа емес, институттардың директор орынбасарлары. Сондықтан да болар, мен сол жылдары Ақаңмен қызмет бабына байланысты жиі кездесіп, тапсырмаларын орындап жүрдім. Бір қарағанда тым қарапайым, ауылдағы таныс ағалар сияқты өзіне баурай сөйлейтін, істен басқа артық әңгімесі жоқ адам болып көрінгенімен, ол тапсырған жұмысын қатал талап ететін еді. Сол тапсырма дұрыс орындалып, ойындағыдай болып шыққанда ғана Ақаңның қабағы жадырап, біз сияқты жастау басшыларға ағалық мейірбандықпен қарап, ашыла сөйлеп, ақылын айтып, жылы қабақпен шығарып салушы еді.

Әрбір басшының (президент, вице-президент, бас ғалым хатшы, директордың) жеке басына байланысты Академия жүйесінде де белгілі бір талап, тәртіп, дәстүр қалыптасатыны белгілі. Міне, сондықтан да болар, мен ғана емес, менен басқа институт деңгейіндегі кіші бастықтардың бәрі де Ақаңның осындай қатал талабын, әділ де әділеттігін, оларға деген ұстаздық қамқорлығын жақсы білетін едік. Оның басшылығы астында жұмыс істеудің де біздер үшін жеңіл болғандығы содан. Оның үстіне бұл кезең (60–80 жж.) Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың және оның төңірегіне сақадай сайланып, шоғырланған топтың қажырлы еңбегімен дүниеге келген Ұлттық академияның жан-жақты дамып, мерейі өскен жұлдызды жылдары болатын. Айқара ашылған ғылым есігінен лап берген талапкер жастарға дұрыс бағыт-бағдар беріп, қамқорлық көрсеткен Ақаң сияқты жан дүниесі кең, ұлағатты ұстаз, ғұлама ғалымдар болмаса, сан алуан ғылым саласы бойынша бүгінде қол жеткен табыстарымыз болар ма еді, болмас па еді – айту қиын. Ақаңды және Ақаң қатарлы ғылымдағы ағаларымызды қадір тұтып, ерекше бағалаудың бір тұсы – олардың *ғылымды ұйымдастырудағы қайраткерлігі мен қажырлы еңбегі* болса керек.

Ақаңның тарих, қоғамтану ғылымдары саласындағы жемісті еңбегі мен оларға қосқан еселі үлесіне маман шәкірттерден артық айтып, асыра бағалау тіл маманы мен үшін оңай емес. Сондықтан мен Ақаңның мерейтойына арналған естелігіне қосар бір ауыз үлесім – оның азаматтық абзал қасиетіне байланысты: жеке өз басыма істеген көп жақсылығының бірі ретінде екі түрлі жағдайды атап өтуді аға алдындағы парызым деп есептеймін.

Бір күні Ақаңмен Академия ғимаратында кездесіп қалдым. Сәлемдесіп, қолымды алды да, бір нәрсе есіне түскендей:

– Сен керек едің, жүр менің кабинетіме!.. – деп, өзінің 3-қабаттағы (директорлық) кабинетіне нұсқады.

Артынан ілесіп бірге бардым да, кабинетіне жайғасып отырдым. «Не болып қалды екен?» деп, жалтақтап бетіне қарай берем. Бұл кезде мен Тіл білімі институты директорының орынбасары болып істейтінмін. «Ай сайын директор үстінен, басқалар туралы да боратып жазылып жататын арыздың тағы біреуі келген шығар...» деп ойладым ішімнен.

Жоқ, Ақаңның түріне қарасам, маған ұрсайын деген ниеті байқалмайды. Ақаң менің 1951 жылы Академияның аспирантурасына, бір кездегі өзі сияқты, әскер шинелін киіп келгенімді де, ұйғыр тілінің маманы екенімді де, еңбегім бағаланып, 1972 ж. Академияның мүше-корреспонденті болып сайланғанымды да, Ш.Уәлиханов атындағы Академия сыйлығының иегері (лауреаты) болғанымды да жақсы білетін.

Солай болса да, Ақаң көп ойланып отырмай:

– Сенің ұйғыр тілінің маманы екеніңді білемін... Не, сонда сен қазақ тілі бойынша ешнәрсе жаза алмайсың ба осы..! – деп, маған тосын сұрақ қойды.

Мен бұл сұрақтан, мүмкін оның мән-жайын бірден түсінбегендігімнен болар, әйтеуір, сәл тосылып қалдым да:

– Ақа, мен кезінде ұйғыртану саласына Шоқан бабамыз сияқты, қазақ бола тұрып, тіл саласынан үлесімді қоссам ба деген ниетпен келіп едім. .. – деп күмілжідім.

– Білем, білем... Бірақ Шоқан Уәлиханов өз халқының да тарихын, мәдениетін, әдебиетін аз зерттеген жоқ қой... – деп, сәл ойланып қалды да:

– Өзің басқарып (директор орынбасары ретінде дегені ғой) отырған институттың негізгі проблемасына тікелей қатысу керек. .. Әр жерде өзің туралы сөз болғанда, *«ол қазақ тілінің маманы емес!»* деген сөзді естіп жүрмін... Ұйғыр ғылымына да еңбегің сіңді ғой. Ойлан, шырағым! – деді де, *«әңгіме бітті!»* деген ыңғай танытты...

Шынында да, жанашыр ағаның бұл сөзі мені қатты ойландырды, көп толғандырды. Алдымен көп жылдар бойы қоян-қолтық бірге жүрген, Қазақстандағы ұйғыртану ғылымын бірлесе жасап жүрген қаламдас ұйғыр достарымменен (Ғ.Садуақасов, Т.Талипов, Ш.Кибиров т.б.) де, қазақ достарыммен де, үй-ішіммен де ақылдасып көрдім...

Ойлана-ойлана келе, ұйғыртану ғылымы өкпелемес (оған мен өз өмірімнің ең жас, шабытты да қуатты кезеңін бағыштадым ғой!) деп, саналы өмірімнің ендігі қалғанын қасиетті ана тіліме – қазақ тіліне бағыштауға бел байладым. Бұл «өзгерістерді» біреу байқаса да, енді біреу байқаған жоқ. Өйткені бұл мен үшін мамандық ауыстыру емес, ұйғыр тілін зерттеуден жинақталған 25 жылдық ғылыми тәжірибемді қазақ тілін зерттеу барысында жалғастыру, бейнелеп айтсақ, ұзақ мінген жорық атын ауыстырып, жетектегі құр атқа мінгенмен барабар болды. Бұл бетбұрыс, әрине, бірден бола қойған жоқ. Дегенмен, алғашқы қадамның өзі 1973 ж.

БСЭ (Большая Советская энциклопедия. Т. 2) бетінде жарияланған «*Казахский язык*» деген очеркпен басталды ғой деп ойлаймын.

Сонымен, Ақаңның бір ауыз жәй ғана айтқан ескертпесі немен, қалай аяқталғанын өздеріңіз де көріп отырған шығарсыздар, оқырман қауым. Біле білсеңіздер, бұл менің ғылыми өміріме, барша болашағыма жасалған жаңа әрі перспективті бетбұрыс болды. Қазақ тіл білімі саласында күні бүгінге дейін мен зерттеп келе жатқан екі үлкен проблема – «Түркі тілдерінің түбір сөз проблемасы» мен «Қазақ тілінің этнолингвистика проблемасы» – жемісі – осының айқын айғағы. Тіл саласында дайындаған шәкірттерім де, міне, осы проблемалармен шұғылдануда.

Ақаңның осы бір ауыз ғана ескертпесін бірден тура мағынасында түсінсем де, көп жылдар өткеннен кейін санама салып, саралап қарасам, ол – тек қана жанашыр жақын ағаның болашағымды болжап, замана үрдісін байқап айтқан ақылы екен. Ақылын тыңдаған інісіне аға да өле-өлгенше ілтипатпен қараушы еді.

Ақаң туралы елдің бәрі біле бермейтін тағы бір жәйтті айта кетуді өзімнің аға алдындағы інілік парызым деп білемін.

1983 ж. Ұлттық академия құзырында академиктер мен мүше-корреспонденттердің кезектегі сайлауы өткізілді. Сайлау дегенде қазақтың арқасы қозып кететін әдеті ғой, ғылымдар арасында үлкен қарбалас басталды. Бұл сайлауға «тіл мамандығына» бөлінген бір академиктік орынға бұдан 11 жыл бұрын (1972 ж.) мүше-корреспонденттікке өткен (11 жылдық стажым бар) мен де үміткер болдым. Менімен бірге бұл орынға қазақ тілінің белгілі маманы, оған сіңірген еңбегі де мол Ахмеді Ысқақов та арыз берді. Осылай аламан бәйге басталып та кетті.

Сол сайлауда қоғамдық ғылымдар саласы бойынша академик болып сайлану үшін елімізге аты әйгілі 8 ғұлама ғалымның (олар: Ә.Марғұлан, А.Нүсіпбеков, Б.Төлепбаев, С.Зиманов, С.Бейсенбаев, І.Кеңесбаев, М.Қаратаев, Ғ.Мүсірепов) ең аз дегенде 6-ы өз дауыстарын беруге тиіс болды.

Әңгіменің тірелер жері де, міне, сол дауыс, дауысты беруші ағаларымыздың жеке басымызға деген таңдауы, талғамы, ілтипаты, т.т. қалай болғанда да, бұл кезінде қалыптасқан ең биік дәстүрлі талап болатын. Бұл атақтың бағасы түсіп, беделі кете бастаған бүгінде 200 долларға сатып алуға болатын арзан атақпен үш қайнаса сорпасы қосылмайды деуге болады.

Олай дейтін себебім: «бәйгеге» түсіп отырған 2 ғалымның біреуін таңдап алу аталмыш 8 академиктің тек өздерінің ғана еркінде болды, олардың азаматтық ар-намысына, жан дүниесінің тазалығына байланысты деп білемін. Бұл арада «сауда-саттық» мәселесі мүлдем жоқ. Мен бұл жолы да бәйгенің алдында келдім: 8 академик ағаның 7-уінің дауысын, дауысымен қоса оң батасын алып, 1983 ж. «тіл білімі» мамандығы бо-

йынша ҚазССР ҒА академигі болып сайландым. Бұл мен үшін де, балашаға, дос-жарандарым үшін де үлкен қуаныш, әрине.

Алайда, бұл қуаныштың негізгі себепкері деп мен өзімді емес, менің азды-көпті ісімді бағалап, болашағыма аманат артып, сенім білдірген, бойыма шабыт беріп, ойыма қанат жалғаған парасатты ағаларым деп білемін. Олардың (8-дің бүгінде 6-ы арамызда жоқ!) рухы алдында әрқашанда басымды иіп, тағзым етуді өзімнің парызым деп санаймын.

Міне, осы мен тәрізді академикті «дүниеге келтірген» академик ағаларымның ішінде ерекше бір ілтипатпен еске алатындарым да бар. Олар: Әлкей Марғұлан мен Ақай Нүсіпбеков. Оның өзіндік себептері де жоқ емес. Әдетте, екі нәрсе адамның есінде мәңгі сақталады: бірі – «жақсылық», бірі – «жамандық». Академия сайлауының қауырт та қарбалас кезеңдерінде үміткер атына айтылған әрбір сөз, әрбір әрекет басқа уақыттардағыдан басқаша сезілетінін мен сонда байқадым: әрбір жылы сөз – істелген «жақсылық», әрбір жағымсыз сөз – «жамандық» болып көрінетіні рас. Міне, сондай жағдайда жоғарыда аты аталған екі ағамның сайлау үстінде маған істеген жақсылығы, мені ашық қолдап, көрсеткен ағалық қамқорлығы есімде мәңгі сақталатыны сөзсіз.

Жазылмаған «қағида» бойынша, әдеп жолымен мен сайлау алдында Ақаң мен Әлекеңнің алдынан өткенімде, олар мен туралы пікірінің дұрыс екендігін аңғартып, қолдайтынын білдірген болатын. Менің бұл кісілерге елден ерекше риза болғаным өз принципін берік ұстап, айтқан сөзінде тұруында ғана емес, сол принципті аяғына дейін орындап шығуына байланысты еді. Ақаң да, Әлекең де бұл кезде қатты науқастанып жүрген болатын, тіпті бюллетендегі біреуді қалдырып, біреуді сызудың өзі де көздерінің көруіне байланысты қиындап қалған кездері екен. Міне, осы жағдайға байланысты (жауапты істе қателеспеу үшін) екеуі де комиссия рұқсатымен жанына өз қыздарын (Ақаң – Динаны, Әлекең – Даниелді) шақыртып алып, дауыстарын қалаған адамына (бізден басқа да үміткерлер көп болды ғой!) дұрыстап беруді қадағалатып қойған екен.

Біз, үміткерлер дауыс беру процесіне араласпай, сыртта жүрдік. Бірақ ағаларымыздың жаңағы бір әрекетін кейін естігенде мен де, басқа жұрт та қатты риза болған еді. Бұл не деген адамгершілік!?

Дана халық»*Жақсының жақсылығын айт, – нұры тасысын*» дейді ғой. Ақаңның осы бір жақсылығын өз кезінде өзіне дұрыстап айта алмаған едім. 90-ға келген тойына бағышталып отырған «*Ғұмырнама*» бетінде естелік ретінде болса да марқұмның инсандық ұлы рухы алдында тағы бір басымды иіп, тағзым етемін!

Замандастарыма да, кейінгі ұрпаққа айтарым: «Ағалар алдындағы парызымызды ұмытпайық!»

«Айтулы Ақаң еді».

Алматы: Экономика. 2000. 23-30 бб.

Қазтай халқының сүйікті қылы есі

Өтпейтін ғұмыр, кешпейтін тіршілік-тірліктің жоқ екенін білмейтін бұл дүниеде басы жұмыр пенде болмаса керек. Өмірдің ұзақ жол сапарында үзілмей шеру тартып өтіп жатқан «сәулетті де сәнді кереуеннің» алды да, соңы да өзі емес екенін әркім-ақ жақсы біледі.

Дегенмен, қамшының сабындай, онсыз да қысқа ғұмырын қысқартып, Қазтай ініміздің фәниден бақиға тым асығыс аттанып кетуі мәпелеп өсірген бала-шағасына да, етене жақын туған-туыстарына да, кимас дос-жарандарына да ауыр қаза болды. Өлімнің бәрі – өкініш қой. «Жан жары Райхан екеуінің осынау бір алма-ғайып заманда қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоктырмай, аузына тістеп, әлпештеп өсірген балалары қабырғасы қатаймай жатып *«жетім»* деген, олардың әлі де жас анасы – Райхан *«жесір»* деген суық сөздерді тым ерте құлағы шалатын болды-ау» деп өкінемін. «Ұзақ жылдар ұстаздық етіп, адамдықтың ізгі қасиетін бойына сіңірген, жан дүниесіне ғылым-білім мәйегін дарытып, санасын оятып, қоғамға қызмет етуге қанаттандырып ұшырған жүздеген, тіпті мындаған шәкірттерінің игілікті істерін, ел азаматы болғанын көріп, Қазтай ұстаз ретінде марқайып та, шалқайып та үлгере алмады-ау» деп өкінемін. Ғылымдағы 60 жас – тілші-ғалым үшін қылшылдаған жігіттің *«орда бұзар отызы»* мен *«қамал алар қырықына»* барабар. Қазтайдың да ғылымда тындырған мол ісі, алдына қойған зор мақсаты бар еді. Өмірінің соңғы айларында ағалы-інілі екеуміз оңаша отырып, бір сырласқанда ол мені өзінің ғылым саласында істеуге тиісті істерінің (жазып жүрген жұмыстарының) жобасымен де таныстырған болатын. «Неге тағдыр Қазтайдың осы бір игілікті ойын жүзеге асыруға «таршылық» жасады екен?!» деп те өкінемін.

Иә, өмірдің бәрі өкініштен тұратыны рас екен-ау! Қазтайды мен ұзақ жылдардан бері, тіпті ғылымдағы алғашқы қадамынан бастап жақсы білемін деп айта аламын. «Балық шаруашылығы туралы» кандидаттық диссертациясын (1974 ж.) қорғағанда мен бірінші ресми оппонент болдым. «Келіннің бетін кім бұрын ашса, сол көзіне ыстық көрінер» дегендей, содан да болар, әйтеуір, Қазтай менің туған інімдей болып кетті. Аға бола білген адамға ол бір Қазақтай-ақ іні бола білетін азамат екенін, «үлкенге ізет-құрмет» деген ата-бабамыздан мирас болып келе жатқан (өкінішке орай, кейбір басқа шәкірттеріміздің бүгінде ұмыта бастаған...!) абзал қасиеттің шынайы үлгісін (мен де ұстазбын ғой!) жастардың ішінен мен ең алғаш Қазтай інімнен көрдім. Алдыңнан (қандай жағдайда болмасын) қия өтпейтін, қыз мінезді, аузын ашса, жүрегінің лүпілі естілетін, аса нәзік, сезімтал, адал жан еді...

Бүгінде арамызда жоқ Қазтай туралы менің барша болмысымда қалыптасқан ой-пікірім, жан дүнием, оған деген ағалық құрмет-ізетім –

бәрі-бәрі осы айтылған екі-үш сөздің ауқымынан аңғарылады деп айта аламын.

Алайда, Қазтайды жақсы білген адамдар: оның замандастары, университетте бірге оқыған «ботқаластары» (олардың арасында да мықтылар көп), қызметтес, кәсіптес жолдастары, аралас-құралас жүрген дос-жарандары «Қазтай» дегенде, мен айтқан қасиеттермен ғана шектеле қоймаса керек. Өйткені, олар аға көзімен қарағандағы қасиеттер ғой. Ал, өмір «сахнасында» болатын әр алуан қию-жию ситуациялар мен адамдар арасында кездесіп тұратын сан түрлі қарым-қатынастар да – әр азамат үшін өмірлік сын. Міне, осы тәрізді сындардан да Қазтай барлық кезде, әрқашан да мүдірмей өтіп жүрген азамат еді. Жақсы адамға деген ізет-құрметтің қымбат екенін, ол кез келген адамға істелетін жағымпаздық, жалпақшешейлік, «жантақтық» емес, шынайы сезім, парасаттылық, адамгершілік екенін таныта білді. Досына қандай адал болса, Қазтай дұшпанына сондай қатал, әрқашан принципті мінез танытатынын өз басым талай жерде байқағаным бар.

Ғалымдықты кейбіреулер оңай олжа, жеңіл табыс көреді. Сондықтан да болар, кейбіреулердің арық қойдың қалжасындай, тер төкпей, жеңіл-желпі «әрекетпен» ғылыми дәреже алған күннің ертесіне-ақ өктем-өктем сөйлеп, аспанды тіреп тұрғандай, елге міндет қылатын да әдеті болады. Қазтайдың кандидаттық диссертациясына ресми оппонент болғандықтан да менің жақсы білетінім: бұл атақ-дәреже оған үлкен еңбектің нәтижесінде келгендігі. Тарих пен диалектология саласында Қазтайдан бұрын арнайы зерттелмеген балық шаруашылығына қатысты лексикалық байлығымыз алғаш рет белгілі қазақ диалектологі Ж.Досқараевтың басшылығымен қолға алынған, теңіз айдынында толқынмен арпалысып жүрген балықшы қауымның арасына Ғылым академиясы тарапынан ұйымдастырылған арнайы экспедицияның «көзжеск» (сол кезде Қазтай бар болғаны 30-дан жаңа асқан кезі) мүшелерінің бірі Қазтай болатын. Балықшылардың лебізін тыңдап, балықтай мол қазына байлығымыздың ау-жайын анықтап, олардың атау-аталымдарын қағазға түсіріп, лингвистикалық тұрғыдан талдап, ғылым дүниесіне ұсыну – болашақ жас ғалымға оңайға түспеген еді. Бұл істің бейнегі мен зейнегі, қиындығы мен рахаты бірдей болатын. Ғылым дүниесіне Қазтай ініміз, міне, осылай келген еді. Сондықтан да болар, оның ғылымға, ғалымға деген көзқарасы бөлекше болды. Көп жылдар өзі ұстаз бола жүріп, жасы үлкен біз тәрізді (Шора, Рәбиға, Оқас, Әбілбек т.б.) ұстаздарының алдында ол өзін әрқашан кешегі шәкірттей әдеппен, ізетпен ұстайтын кішіпейілдік қасиетін ешбір ұмытқан емес. Бұдан оның беделі арта түспесе, еш аласарған жоқ.

Сол абзал ініміз бүгінде арамызда жоқ. Мұндай жағдайда біз, әдетте, «артында бар оңалар», «аттың ізін тай басар» дегендей көңіл жұбатар

сөз тауып, айтып жатамыз. Әрине, өмірдің даңғыл жолымен шеру тартып бара жатқан кереуенде тоқтау да, кідіру де жоқ, ол өз жолымен рауан бола бермекші. Бірақ, сол салтанатпен шеру тартқан ғұмыр кереуенінің асыл да ардақты, қымбат та қадірлі бір «үзігі» жол үстінде жоқ болып шығуын біреулер байқаса да, біреулер байқамауы да мүмкін (өмірдің салты солай!). «Тас түскен жеріне ауыр!» деген шындықты осы ретте мойындаймыз. Шынында да, Қазтай қазасының біреулерімізге өте ауыр екені рас. Ауырлығы оның, «аттың ізін тай басар!» деген жұбатудың біреулерге дәтке қуат болғанымен, шын мәнісінде, Қазтайдың орнын әулетінде де, ғылымда да, ұстаздығында да, жалпы қоғамда да ешкім де толық баса алмақ емес. Ол орын жанындай жақсы көретін бала-шағасы мен туыс-жақындарының жан дүниесінде әрқашан да үңірейіп бос тұратыны, тұлданған тұлпардың бейнесіндей көз алдында елестейтіні сөзсіз. Замандастары мен жора-жолдастарының өзі баурап алған жан дүниесі мен өзі біретола «жаулап» алған көңілінде Қазтай бейнесі мәңгі-бақи ұмыт болмақ емес, онда да басқаға орын жоқ.

Қазтай сынды жаны жайсаң, жүрегі дарқан іні-шәкіртім туралы көп айтып, дастан жазуға да болар еді. Әрине, оның орны өзгеше. Көп айтқым келіп, аз сөз қауызына сыйдырған ойымның тарыдай түйіні екі арнаға саяды: біреуі Қазтайдың әруағына бағышталады: «жұмыр басты пенденің бәрі күтетін, бірақ өзің елден ерекше тым ерте бастаған бақилық сапарыңда Қазтай рухының алды бейіш, арты кеніш болғай!» дегім келеді; екіншісі Қазтайдың артында қалған жары мен балаларына бағышталады: Қазтайдың жас ұрпақ пен игі-жақсы жандарға істеген барша жақсылығы асыл бейнесіндей болып, дәйім алдарыңнан шығатын болсын! Сендерді «тұлпардың – тұяғы, сұңқардың – қияғы!» дейтіндей әке мерейі үстем болсын! «Тұғыры биік азамат еді!» деп еске алатын марқұмның ел-жұрты аман болсын! Әумин!

«Қазтай» еске алу (Асыл азамат, жайсаң жан, ұстаз-ғалым Қ.Айтазин туралы естеліктер). Алматы: Арыс. 2000. 9-13 бб.

Апаштың азаматы есі

Диірменнің тасындай шыр айналған бұл дүниеде кім тұрақтап қалған дейсің... Тұрғанбек ағамыздың да сол пенделердің бірегейі болып, бұл дүниеден озғанына да біраз уақыт өтіп кетіпті-ау. Демек, бұл – оның енді ғана басталған ұзақ рухани өмірінің алғашқы дастаны да жазыла бастады деген сөз... Онда Түрекеңнің өз еліне сіңірген елеулі еңбегі, істеген жақсылығы, жас ұрпақтың тәлім-тәрбиесіне жасаған қамқорлығы алдымен сөз болатыны да белгілі. Перзенттік борышын бұл дүниеден адал ақтап өткен азаматқа деген халықтың рахым-мейірі мол, ол бірақ көбінесе

кешігіп айтылады. Бүгінде жалғаннан бақиға ұзап кеткен Түрекең туралы өзінің барша саналы ғұмырын бірге өткізген замандас, кәсіптес, сырлас дос-жарандары мен үлкенді-кішілі зиялы қауымның айтары аз болмаса керек.

Әдетте, марқұм туралы естелік болашақ ұрпаққа, өсіп-өркендеп отырған қауымға көбірек қажет, өйткені «Жақсының жақсылығын айт – нұры тасысын», дегендей Түрекеңдей азаматтың басып өткен өмірі ел қамын жеген мақсат-мұраты мен тындырған игі істері өзім деген әр қазақтың баласы ғибрат алатын да ғылым-тәрбие, үлгі-өнеге болмақшы.

Бұл Түрекеңнің өмірінің бір жағы болса, екінші жағы – оның жеке басы, жан дүниесі, адамгершілік қасиеттері мен ақыл-парасаты. Мен Түрекеңді білсем, тек осы жағынан ғана білемін. Ол кісі туралы өзімше қалыптастырған пікірім бар. Марқұмның әруағы жаңғырып, рухы көтерілуі үшін мен оның өзі туралы бір-екі ауыз ойымды ортаға салмақшымын. Мен Түрекеңмен өмірдің ғылым-білім деп аталатын бір саласында жүрсем де, қызмет бабымен жиі араласқан емеспін. Біздің таныстығымыз сыртай, ешбір себепсіз, атақ-лауазымға да, қызмет бабына да байланысты емес: қазақ салтында қалыптасқан үлкенге деген кішінің ізет-құрметі мен кішіге деген үлкеннің қамқорлығы деген қарапайым қарым-қатынастан туындаған еді. Есен-саулық сұраудан басталған осы таныстық жылдар өткен сайын ұлғая түсті. Көріскен сайын менімен Түрекең хал-жағдай сұрасып, шүйіркелесіп әңгімелесетін болды. Мұны мен жақын ағаларға тән мейірімділік деп түсіндім. Аузын ашса, жүрегі көрінетін ақжарқын, ақкөңіл адаммен ашық сөйлесіп, сырласудың өзі де ғанибет қой!

Кейінгі кездері денсаулығы нашарлап, Түрекең ауруханаға түскенде, көңілін сұрай барып, біраз әңгімелескенім есімде. Сонда ол өз өмірінен сыр шертіп (бұл да сенгендіктің бір белгісі шығар), жас жеңгеміз Базаркүл Шәкәрімқызы туралы жан дүниесімен толғанып, қалған өмірінің мәні мен сәні болып отырған осы бір ғажайып жанмен өмірінің қосылғанына Аллаға мың да бір рахметін айтып, ризашылығын білдіргені де есімде. Ұлы Серіктен көрген немересі Жайнарды, шешесі (Қазақтың белгілі бір ғалымының қызы) ерте қайтыс болып, Базекеннің сол нәрестені бауырына басып, баптап өсіргенін Түрекең жыр ғып айтып беріп еді. Науқас адамның көңілі нәзік, жаны сезімтал келеді емес пе? Базаркүл жеңгеміздің ерекше күтіміне риза болған ағамыздың әңгімесі жан-дүниенді тербететін.

Түрекеңнің ренжігенін де көрдім. Оның бұл қалпын айтып жеткізу қиын. Мені білсін деді ме, жоқ әлде ішіне сыймады ма, білмеймін, әйтеуір, бір күні көшеде кездесіп қалғанымда ол маған: «Әбеке, естімеген елде көп, – дегендей, сіздің көршіңіз, менің құдам мені ұрды ғой!» – деп, іштей

қиналып тұрып, болған істі айтып берген еді. Абай алаңы төңірегінде екі құда жайбарақат қыдырып жүреді. Түрекең бұрынғы елбасыларының біреуі туралы өзінің оң пікірін айтып келе жатады. Сол кезде күтпеген жерден әлгі құдасы Түрекеңді таяғымен желкесіне салып кеп қалады...

Міне, осылай «мың жылдық!» деп ант еткен құдасы сертті бұзып, енді қайтып көрмегендей қылық танытады. Түрекең осыны айтқанда менің оған жаным ашыды, мұндай озбырлық ызамды келтірді. Қапсағай денелі ағамыздың бойынан қару-күшінің тая бастаған кезі еді бұл, әйтпесе, қаруын қайтаруға да болар еді-ау деп те өкіндім...

Мен осылай құрметті ағамыз, марқұм Түрекеңнің өз аузынан естіген бір қуанышты, бір ренішті – екі әңгіменің куәгері болдым. Қуанышы мен реніші аралас жүретін «өмір» деген осы ғой. Бұл Түрекеңнің ғана басында болған оқиға емес. Жалпы адамзат болмысына тән ортақ құбылыс. Осыған қарай, Түрекеңнің жарқын бейнесі өзінің қайталанбас ізгі қасиеттері уақыт өткен сайын, жалған дүние мен бақи дүниенің арасы алыстаған сайын жары мен балаларының, дос-жаран, жолдас-жораларының көңілінде жарқырай түсетіні даусыз.

Алды – пейіш, арты – кеніш болғай Түрекеңнің! Әумин!

Тұрғанбек Қатаев.

«Дәуір тарланы». Алматы. 2005. 146-147 бб.

Ата салты – ұрпаққа мұрас (Қауып бауырымның әруақты бейнесін еске алғанғағы ойпар)

О, тоба-ай! Бүгін біз бәріміз сайрандап, өмір салтанатын құрып, тіршілік етіп жүрген табиғи орта, біз басып жүрген мынау қара жер сан ғасыр бізден бұрын жасаған адамзат қауымының қашан, қайда, қалай көшіп кеткенін біле тұра неге үндемейді екен, небір жақсы-жайсаңдар мен дана-данышпандарды, әулие-әнбиелерді өз қойнына алып жатса да, неге олар туралы томаға-тұйық қалуда, қилы-қилы замандар мен тарихи оқиғалардың куәгері бола тұра, ол туралы неге сыр шертпейді бізге?!

Иә, бізге солай байқалуы мүмкін ғой. Ал шын мәнісінде олай емес... қазақтың сайын даласы мен сахара шөлінде ғасырлар бойы ғұмыр кешкен ата-бабаларымыздың қалдырған іздері мен сілемдері мүлдем жоғалып кетпейтін көрінеді. Көзі қарақты қарттардың жадында сақталып, сан ұрпақтың тарихи санасына сіңген рухани мұрас пен жалғастықты айтпағанның өзінде, осынау екі дүниенің – фани мен бақидың – арасында көрер көзге көріне бермейтін, тек көңілмен ғана ұғып, түсінетін тағы бір құдіретті күш бар сияқты. Міне, сол бір ғажайып құбылыстың арқасында сол бір қара жер бетінде ұрпақ жалғасы ешқашан үзілген емес және ол

үзілмейді де. Өйткені әлімсақтан бері ұрпақ, әулет арасын алтын көпір болып ұластырып тұрған, дәнекер боп тұтастырып тұрған инсанға тән ең жоғарғы құдіретті күш – тірілердің рухымен өлілердің (марқұмдардың) әруағы. Рух пен әруақ – екеуі бір сөз: рух – жекеше тұлғасы да, әруақ – оның көпше тұлғасы. Бұл сөздер бір адамға да, көп адамға да, өліге де, тіріге де тән зиялы қасиет, құдіретті күш деген ұғымды аңғартады. Екі дүниенің арасындағы көзге көрінбесе де, көңілмен түсінетін сезім, сенім, ұғым. Біреулер оны қиялдан туған ой, мистика деп те түсіндіреді... Ол, әрине, жеке мәселе.

Қалай болған жағдайда да: меңіреу жатқан ұлы Табиғат (Ай, Күн, Жұлдыз, Аспан, Жер, Су, Тау, Орман), әсіресе қазақтың сайын даласын, көне заманнан бері осы өлкені мекендеуші әрбір ұрпақ өз ғұмырының үш түрлі уақыт кеністігімен өтетіндігін мойындаумен келеді, олар: *өткен заман, бүгінгі заман, болашақ заман* делінеді. Яғни оларды кешегі күн, бүгінгі күн, ертеңгі күн десе де болады.

Біздің пайымдауымызша: бұл үштік уақыт өлшемінің негізінде өмірге деген философиялық (материалистік) терең көзқарас жатқандығы байқалады. Шынында да, бұл үштік өлшемнің мәні: әрбір ұрпақ ғұмырының жеке-дара, өзара байланыссыз емес, бір тұтас рухани-биологиялық процес ретінде, әр бағытта емес, тек бір ғана (ілгері, перспектив) бағытта ғана, үздік-создық емес, тоқтаусыз, толассыз жүзеге асуында.

Міне, бір ұрпақ ғұмырындағы үштік уақыт өлшемі арқылы ұласып жататын байланысты, үш ұрпақ – өткен, қазіргі, болашақ – арасындағы ғасырлар бойы үзілмей келе жатқан табиғаты тылсым сырдай құпия қатыстықты біз рухани жалғастық деп жүрміз.

Қайып інімнің әруақты бейнесін, игілікті ісін мен есіме алғанымда, «рухани жалғастық» деген осынау бір қасиетті ұғым ойыма орала берді. Оның да, әрине, себебі бар...

Бұл мәселенің түйіні, түптеп келгенде, әруақ сыйлап өткен халқымыздың имандығы мен игі қасиетіне байланысты. «*Бүгінгі ұрпақ – кешегі ұрпақтың перзенті, ертеңгі ұрпақтың әкесі*» (Ахмет Байтұрсынұлы) деген сөз бекер айтылмаса керек. Бұл ұғымды біздің қазақ бір шаңырақ астында отырған үш ұрпақ – ата-әже, әке-шеше, бала-шаға – өкілдеріне де, бір ата әулетіне де, бір ру елге де, бір тайпа жұртқа да, бір тұтас халыққа да айта береді. Сондықтан да, әруақ сыйлап өсіп-өнген біздің бүгінгі ұрпақ өмірден өткен ата-бабаларының әруағын сыйлауды «*міндетім*» деп емес, «*перзенттік борышым*» деп қарайды. Сондықтан да болар, әрбір қазақтың көңіліне ұялап, санасына сіңіп қалған «*Өлі риза болмай, тірі байымайды*» деген сенім мен ұғым ұрпақ санасында жаңғырып, олардың бүгінгі барша тірлігі мен игілікті істерінің кепіліне айналып отырғандай. Халқымыздың егеменді ел болып, тәуелсіздікке

қолы жеткеннен кейінгі ғасырға бергісіз он жыл беделінде атқарған игілікті істерінің, адамгершілік, имандылық жолындағы әрекетінің ең бастысын өз басым – «әруақ сыйлау» дер едім. Аз емес, ғасырға жуық уақыт бойы өмір сүрген тоталитарлық режим мен коммунистік идеологияның бұғауынан босанып, еркіндікті сезінген халқымыздың көз жазып, адасып қалған көп дүниесінің ішінен ерекше мән беріп, ең алғаш іздегені де, басқа емес, ата-баба мирасы – сүйегі жатқан топырағы болды. Оны есін жиып, еңсесін көтере бастаған бүгінгі ұрпақ «атамекенің осы» деп, артында ұлан-ғайыр жер қалдырған, «кәпір болып шоқынба» деп, мұсылманшылық дін қалдырған, «елдігіңнің кепілдігі – салт-санаңның берік іргесі болсын» деп, сөз маржанымен қордаланған бай тілін қалдырған ата-бабаларымыз алдында әлі толық өтелмей келе жатқан перзенттік парызын ақтау үшін ғана емес, біле білсек, *«мың өліп, мың тірілсе де»*, осынау кең-байтақ атамекенде, өзінің тарихи отанында өзінің елдігін ерлігімен сақтап келе жатқан «қазақ» деген халықтың бар екенін, бола беретінін әлемге паш ету үшін істеп отырғаны досқа да, дұшпанға да мәлім. Кейінгі он жыл бойы ата-бабаларымыздың әруағына бағышталып істеліп жатқан игілікті істер, міне, осы бір халық бойында сарқылмай сақталып, санасына ұялап қалған имандылықтың айқын айғағы болса керек. Абылай ханнан тартып, үш ұлы дананың – Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би – әруағына, қазақ жерін жаудан қорғап қалған батыр бабаларымыз: Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай, Албан Райымбек, Қаңлы Қожақ т.б. осы тәрізді ондаған көсем, шешен, әулие, ақын-жырау, абыз бабаларымызға бағышталып өткізіліп келе жатқан дүбірлі той-жиындар, бұрынғылар салты бойынша ат шаптырып, ас беріп, басына еңсесі биік күмбездер орнатып, көк тасқа есімін жаздыру – осының бәрі рухани жаңғырудың, қайта түлеудің бір нышаны болып саналады.

Бұларды тек діни дәстүр жалғасы ғана деп қарауға болмайды.

Бабалар әруағын сыйлау, сүйегін қастерлеу – әлімсақтан бері келе жатқан ұлағатты дәстүр екендігі көзі ашық, көкірегі ояу қауымға мәлім. Осының бір айқын айғағы болып Азия құрылығының қиыр Шығысынан бастап қазақтың сайын даласын түйрей өтіп, сонау Еуропаның төріне дейін созылып жатқан кең жазираның өңіріне кадалып, өткен өмірдің мәңгі-бақи белгісі болып қатып қалған мыңдаған ірілі-кішілі, жазулы, жазусыз балбал тастар, көне тарихымыздың өшпестей боп ізі салынған таңбалы жартастар әлі сақталуда. Басқаларын былай қойғанда, бұдан 12 жарым ғасырдай бұрын (732 жылдың 1 тамызында) әлемге әйгілі түркі елінің данагөйі Күлтегіннің есімін түркі халқының (бұдынының) жадында мәңгі сақтау мақсатында оның ағасы (ол да даналардың бірі) Білге қағанның басшылығымен қазіргі Моңғол ұлысы *Архангай* аймағындағы

Хөше Сайдам деген жерде орнатылған көне түркі (сына) әріптерімен хатталып, (сол Күлтегін дананың өмірбаяны жазылған) тас ескерткіш түркі әлеміндегі баға жетпес ғажайып дүние саналады. Ол ғана емес, қазақтың ұлан-байтақ жерінде – бабаларымыздың, бабаларымыздың бабалары мекендеп келген Алтай, Тарбағатай, Алатау, Қазығұрт, Қаратау, Ұлытау алқаптарында да, Жетісу, Іле, Сыр, Еділ, Жайық, Есіл, Ертіс бойларында, Арқа, Маңғыстау, Атырау өлкелерінде құпия сыры ашылмай, томағатұйық жатқан киелі мазарлар мен молалар, обалар мен қорған төбелер қаншама? Ал «сыры ашылды» деген Есік қорғанынан табылған «Алтын адамның» бір өзінде (біздің жыл санауымыздан бұрынғы IV–V ғасырға жатса) әлі де бізге беймәлім қаншама сыр жатыр. Қалай болғанда да, бізге белгілі бір жәйт: түркі әлемінде ықылым заманнан бері қалыптасқан ұлы дәстүрдің бірі – марқұм болған бабаларына деген тірі ұрпақтарының сыйқұрметі, топырағын таптамай, сүйегін қастерлеп сақтау, әруағын аспанда тып ұстау. Дүние салған адамды «ақ жуып, арулап қою» – ұрпақ міндеті, ал қадір-құрметіне қарай алтындаған қару-жарағымен, ат-тұрманымен, тіпті о дүниеге «қажет-ау» деген басқа да заттарын мәйітіне қосып, бірге жерлеу, басына қорған төбе көтеріп, көк тастан, балбал тастан ескерткіш орнату, кара тұрғызу – ата-бабаларымыздың ертеден келе жатқан салт-дәстүрі екендігін дәлелдеп жатудың қажеті жоқ. Мұндай ескерткіштерге қазақ даласы тұнып тұр және оны қазақтың саналы азаматтарының бәрі жақсы біледі. Бірақ...

«*Бірақ*» деп, іркіліп қалуымының себебі бар. Осынау бір ата-баба дәстүрі, ұлттық санамызда сарқыны сақталып келсе де, әсіресе кейінгі ғасыр беделінде әртүрлі объективті де субъективті себептерге байланысты, жалғасын таба алмай қалды. Ұрпақ азып, ел мәңгүрттене бастады, *жетпіс пұстыны* білу тұрмақ, жеті атасын ұмыта бастаған жетесіз ұлан, өз ұлтынан, оның салт-дәстүрінен жери бастаған ұрпақ өсе бастады. «Ұлым өссе, өлгенімде басыма көк тас орнатар!» дейтін ата-баба арманының ауылы алыстап кетті. Оның себептері де көп болды: қол қысқалық қана емес... Тарихи санамыздың сарсып, азаматтық абзал сезімнің тоқырауы байқала бастады. Осы арада бір мысал ойға оралады. Кешегі сталиндік зұлмат кезінде өз жұртынан тәркіленіп, Қазақстанға жер аударылып келген аз халықтардың бірі – шешендер ғой. Міне, осы халық заман өзгеріп (1958 ж.) өз еліне қайта көшті. Сонда, олардың көбісі, бар мүліктерін ғана емес, атамзаманда қурап кеткен ата-бабаларының сүйегін арқалап, қорапдорбасына салып, алып барып, өз жерінің топырағына тапсырды. Осы тәрізді әдет қазақ қауымында да бұрын болған. Бірақ ертедегі қазақтар, ерекше бір жағдайда болмаса, ата-баба сүйегін орнынан ауыстырудан көрі, сол сүйек жатқан жерді «*өз отаным, атамекенім*» деп санап, оны тастап көшіп кете қоймаған, қандай жау болса да сол сүйек жатқан жерді одан қорғап қалып, сол қасиетті топырақта ұрпағын жалғастырған.

Алыстан шолып, ата салтын еске алып, бұл әңгімелердің бәрін мен Қайып бауырымның естелігіне байланысты айтып отыруымның екі-үш түрлі себебі бар. Енді соларға тоқталып өтейін.

Қазір не көп, қазақ жерінде дүрілдеп өтіп жатқан жиын-тойлар көп екенін жоғарыда ескерттік. Ол жиын-тойлардың өздері де алуан түрлі. Солардың бірі – бабаларымыздың әруағын марапаттау, ат шаптырып, ас беру, басын қарайтып белгі қою, күмбірлеген күмбез көтеріп, құран бағыштау, т.т. Менің бұрын-соңды білмеген, ол туралы естімеген Қайып бауырыммен алғашқы кездесуім де, етене жақын танысуым да, міне, осындай бір имандылық жоралғысы үстінде болған еді. Ол бізді өзінің ұлы бабасы (4-ші атасы) әруағына бағыштап, ат шаптырып, ұлан-асыр той жасап өткізіп жатқан ұлы асына – ата салтымен сауын айтып, құрметті қонақ, ата-тегіміз көне қаңлы тайпасынан таралатын туыс ретінде шақырды. Бұл асқа Жетісу өлкесінен ағылып келіп жатқан қауым ас иесі Қайыптың жолдас-жора, туған-туысқандары мен көрші-қоландарынан басқа сонау Ташкент маңынан, Қазығұрт, Сарыағаш, Келес, Түркістан, Шымкент, Тараз, Сайран, Алматы т.б. жерлерден ат арытып, мазар аттап келген қаңлы әулеттері де аз болған жоқ. Ас берудің бір салты – ата-баба әруағын сыйлау болғандықтан, оған алыс-жақын ел-жұрттың түгел қатысқаны абзал. *«Той десе, қу бас домалайтын»* қазақ емеспіз бе, ас-тойға «қаңлы ауылы» деп аталатын жерлердің бәрінен ел қатары қасиетті қарттар да, жігіт-желен, жастардың бәрі түгел шақырылған екен...

Той-ас өзінің дәстүрлі жол-жоралғысымен, барлық сән-сәулетімен өтіп жатты. Онда баба әруағына бағышталып дін жолымен құран оқылып, бата берілді; той-ас беруші Қайып пен оның өсіп-өнген өрен-жарандары аяғынан тік тұрып келгендерге қызметтерін істеп, құрметтерін көрсетті. Ас барысында үлкенді-кішілі қауым келелі кеңес құрып, шежірелі қарттардың әңгімесін тыңдады, жастардың ойын-сауығын қызықтады; ас беруші азаматқа қалың жұрт ризашылығын білдіріп, рахметін айтып, бата-тілектерін жаудырды...

Не үшін?!... Мәселе, міне, осында...

Ата салтын сақтайтын, сақтағысы келетін азаматтар, құдайға шүкір, әр жерде-ақ баршылық. Ата-баба ұрпағы бірігіп, өзара бас қосып, қауымдасып, ел-жұрт атынан өткізіліп жататын ас-тойларды біз әр жерден-ақ көріп те, оларға қатынасып та жүрміз. Мәселен, сондай ас-тойлардың бір-екеуін жалпы қаңлы ұрпағы болып өткізіп, Жамбыл облысы Жуалы ауданының жерінде жатқан Бақа бабамыздың, Өзбекстанның Бостандық ауданының орталығы – Ғазалкентте (бұл да ежелден-ақ қаңлы жері саналады) Еңке бабамыздың басына ескерткіш-күмбез орнатып, әруағына құрбан шалып, ас бергені белгілі.

Ал Қайып әулетінің бабаларына бағыштап отырған ас беру рәсім-салтанаты бұлардан ерекшелее еді. Ол әдеттегі ел болып, жұрт болып,

көптеп-көмектеп өткізілетін ұрпақ парызын өтеуден көрі (әрине, бұл да игілікті іс қой!) өз ата-бабалары алдындағы перзенттік парызын ұл-ұлан болып атқарудың өнегелі бір үлгісі болған еді. Ас-той тарқап, ырғалып-жырғалып, елдеріне көңілді қайтқан жұрттың аузынан сол бір күндері «Ниет қабыл болсын!» деген ізгі тілек, ризашылық сөздерді көптеп естуге болатын еді. Шынында да, бүгінгі қиын-қыстау заманда өз атынан ұлан-асыр той жасап, ас беру оңай емес. Бұл да – ердің ері, беделі биік, тіршілік-тірлігі мықты, жолы болар жомарт азаматтың қолынан ғана келетін мәрттік. Той-астан тарту-таралғысын алып, ата-баба салтын рухани мұра егіп отырған азамат Қайып пен Қайып төңірегіне бір тұтас боп шоғырланып жүрген сол әулеттердің ұландарына жұрт ризалығын айтып тарасты.

«Тірнектеп жинаған бар байлығын бір той-томалақта шашып бітіретін» қазақ жанының дарқандығына қалың жұрт осы жолы да өзі куәгер болған еді.

Әрине, мәселе дүние-байлықта емес. Тіпті, пайымдап көрген адамға, ұлан-асыр бұл ас-тойдың мақсаты да ішіп-жеу емес еді. Оның мақсаты – бұл фәни дүниенің күйкі тірлігінен әлде қайда биік тұрған «имандылық, парасаттық, азаматтық, инсандық» деп аталатын рухани әлемінен табылу еді.

Қайып бауырымның бұл биік мақсаты, асыл арманы, ата-баба алдындағы перзенттік борышы толық орындалды деп айтуға болады. Ол ғана емес... мәселенің мән-жайы тіпті әрі де жатқан сияқты... Қайып бауырымыздың дарқан көңлінің қалауымен бұл той-астың шеңбері ауыл-аймақпен ғана шектеліп қалмай, оған алыстағы ағайын, дос-жарандардың, көрші-қолаңның бәрі түгел шақырылған екен. Сонау көне дәуірдің өзінде (біздің жыл санауымыздан бұрынғы II–III ғғ.) жеке мемлекет құрып, *Сыр бойы, Самарқан, Ферғана, Хорезм* т.б. өлкелерінде жасап, дәурендеген көне Қаңлы (Кангюй – қытайшасы) тайпасының бүгінде Орта Азия мен Қазақстанда тұратын ұрпақтары ата салтымен сауын айтып, ас-тойға шақырылуының арқасында аралары алыстап, бірін-бірі жатсынып бара жатқан тегі бір әулет өкілдерінің Алтынемел баурайында басы қосылып, қауышуын бір ғанибет деп білген жөн.

Ата-бабаға ас берудің екінші бір мақсаты осы болса, ол да орындалды деуге болады. Өйткені артында қалған ұрпақтың ынтымақ-бірлігін, тұтастығын көру де әулие бабаларымыздың арман-тілегі емес пе еді?!

Ұлан-байтақ қазақ жері – бір қазақ үшін де, бар қазақ үшін де ортақ. Үйткені қазақ этносының о баста этнос болып қалыптасуына қажет басты шарттардың бірі (мәселен, ортақ тіл, ортақ дін, ортақ салт-дәстүр, тіршіліктің ортақ көздерімен, ортақ тәсілдерімен қатар) бірлесе, қауымдаса ғұмыр кешетін бір тұтас табиғи ортаның – қазірше айтқанда:

геосаяси кеңістіктің – болуы. Онсыз қазақ сияқты тілі бір, діні бір, салты бір біртұтас халықтың қалыптасуы мүмкін емес еді.

Алайда, солай бола тұрса да осыншама ұшы-қиыры жоқ кең далада арғы тегі қырық рудан құралған қазақ халқының әрбір этникалық құрамы мен ру-тайпалары күні кешеге дейін кіндік қаны тамған, кірін жуып өскен, қонар қонысы мен көшіп жүрер өрісі бар өз жерінде ғана тұрақтап, табан тіреп мекендеген. Ол жерді олар «Атамекенім» деп, қадірлеп, қастерлеп өскен. Атамекеннің бір белгісі – сол жерде ата-бабаларының сүйегінің сақталуы. Қазақ атам кенеттен бір тарихи-әлеуметтік (қырғын соғыс) қауырт жағдайға, табиғи апатқа (зілзала, тасқын, жұт, індет т.б.) т.б. нәубетке ұшырай қалмаса, атамекенін, ел-жұртың тастап, басқа жаққа ауып кете қоймаған. Қазақтардың «*көшпелі халық*» деп аталуынан «ұшарын жел, қонарын сай білетін қаңбақтай жөңкіп, көше беретін, беталбаты ауып жүре беретін ел» деген ұғым тумаса керек.

Міне, осы бір ата салтына байланысты Алтынемел алқабында аталарына ас беріп отырған Қаңлылардың атамекені о бастан-ақ Сыр бойы болса, «Жетісу өлкесіне олар қашан және қалай келіп қалды?» деген сұрақтың тууы да мүмкін ғой.

Шынында да, тарихи деректерге жүгінсек, қаңлы руларының шағын бір тобы Сыр бойынан Жетісу өңіріне қоныс аударып, осы өңірде тұрып қалуына тарихи жағдайлардың себеп болғаны белгілі. Қазақ даласын қанға бөлеп, 3 ғасыр бойы қан ылаң салған қалмақ-жоңғар басқыншылары барша қазақты атамекенінде тұрақтатпай, аласапыран қылғаны белгілі. Бұл оқиғалар XVII, XVIII ғасырларда да бір тынған емес, бір жеңіліс, бір жеңіс алма-кезек дәуірлер аз болған жоқ. Солардың бірі 1639 ж., енді бірі 1723 ж. болғаны белгілі. Қалмақ-жоңғарлардың қазақ жеріне ашып кіретін есігі де, жеңілсе, қашып құтылатын тесігі де – «*Жоңғар қақпасы*» болды. Жойқын күш болып кірген жаудың алғашқы тегеурінді тепкісіне қазақтардың төтеп беретін тұсы да, кейін қашқан кезінде өкшелеп қуып, «қақпаға» жеткізбей, желкесін қиятын тұсы да осы Алтынемел тауларының ар жақ, бер жағы болғаны белгілі.

Тарихи деректердің бірінде: 1639 (ұлу) жылы Есім ханның ұлы Жәңгір хан құрған кезде де қазақ жеріне қара қалмақтар қайта қаптай бастайды. Қарасай батыр бастаған қалың қолдың бір басшысы Қаңлы Қожақ батыр қалмақтарды Арқарлыдан Аңқайға дейін қуған жорықта ерен ерлік көрсетіп, Алтынемел тауының етегінде қайтыс болады, ол сол жерде жерленеді. Ел аузында:

«Сұрасаң арғы атамды –Қожақ батыр,

Ішінде ақ шатырдың ұйықтап жатыр...», –

деп басталатын дастан да бар көрінеді. Бұл қасиетті орын қазіргі Сарыөзектің жоғары жағындағы «*қаңлы ауылы*» деп аталатын елді мекен маңында болса керек.

Міне, бүгінде ұлан-асыр той жасап, ата-баба әруағын сыйлап, ас беріп жатқан қаңлылар сол аумалы-төкпелі замандарда ортақ жауды Жоңғар қақпасына қарай өкшелей қуып тастап, Іле өзенінің екі жағынан орын теуіп, тұрақтап қалған екі болыс қаңлылардың бір ұрпағы болып саналады. Бұл жер үшін олар да кезінде қан төкті. Кейін қайтуды ата салты құптамады, өйткені осы өңірде олардың да батыр бабаларының сүйегі жатыр. Сондықтан Алтынемел, Іле, Алатау, Шаған ел-жұрт өлеңге қосып айтатын Қоғалы т.б. жерлер де Қаңлы ұрпақтарының атамекені саналады.

Қайып бауырымның дәл осы бір қасиетті Жетісу өңірінде әруағын арқаландырып, басына күмбірлете күмбез орнатып ұлы атасы бағыштап ас беріп, дүбірлі той өткізуінің өзі тағы да осынау бір тарихи шындықты паш етіп, айғақтай түскен сияқты.

Бұл өткен ас тойы салқындап бара жатқан санамызға рухани леп, болырай бастаған болмысымызға серпіліс берген сияқты...

Бірақ... өкініштісі сол, бір имандылық жоралғысын істеп, қалың жұрттың ықыласына бөленген Қайып бауырымыздан көп ұзамай көз жазып қалдық... Бұл суық хабарды естідік те күйіндік, күйіндік те ел-жұрт болып күңірөндік... Кеше ғана әруағын сыйлап, ас берген бабаларының аулына шығарып салдық... Бұл ауыр қазаға басалқы айтқан ақсақалдардың бірі: «Е, о дүниеге де жақсы адамдардың керек болғаны ғой!», – деп көңіл жұбатты. Ол солай да шығар... Бірақ бұл дүниеде онсыз да тым аз Қайып сынды абзал азамат, біртуар ұлдарының біреуіне емес, бірегейіне азайғаны сөзсіз жанға бататын жәйт. Тағдыр мен талайға істер шара жоқ... Бәріміз пендеміз ғой. Онсыз да қамшының сабындай қысқа ғұмырды қысқартып, имандылықтың үлгі-өнегесін көрсетіп, фаниден бақиға тым асығыс сапар шегіп кеткен Қайыппен «Бақыл бол бауырым! Алдың пейіш, артың кеніш болғай!» деп қоштасуға тура келді... Сондағы дертке – дауа, көңілге медет деп айтылар бір-ақ сөз – «Артыңда бар оңалар!» Оған да құдайға шүкір. Қайып бауырымның артында «Тұлпардан – тұяқ бар, сұңқардан – қияқ бар!» Ата өнегесін көріп өскен өркен ата кәсібін жалғастырар, баба дәстүрін, ұрпақ өмірін ұластырар деген үмітім зор. Илаким, «Ата салты – ұлағатты ұланға рухани мирас болғай!». Аумин!

Б.Дәкер. «Қыран ұшар қияға».

Алматы. 2002. 114-122 бб.

В поисках живительного слова

Трудовая деятельность, насчитывающая более сорока лет. Вехи творческого пути, отметившие рост ступеньку за ступенькой. Результаты поисков – весомые труды, выдержавшие испытание временем. Плеяда последователей и школа молодых учеников...

Все это слагаемые биографии истинного ученого.

...За партами сидели мальчишки и девчонки двенадцати-тринадцати лет, а их новой учительнице едва исполнилось шестнадцать. И странно это: несмотря на ее молодость, ни один шалун не подаст голос, не шевельнется, даже дыхание затаили ребятишки. Возможно, это суровое военное время научило их относиться к урокам ответственно, быть такими вот дисциплинированными? Да, конечно. Испытания выпали тогда и на долю школьников. Но разве, повзрослев преждевременно, не остались они все-таки детьми в душе, способными радоваться, изумляться, восхищаться и – впитывать, впитывать в себя новое, непознанное? Это и было главным объяснением на тех далеких-далеких первых уроках шестнадцатилетней Рабиги. Ее речь – как россыпь самоцветов. Здесь и народные пословицы, и стихи Абая, и строки из устных народных сказаний – и все это не мешает главной теме урока, лишь помогает ей.

– Вот какое необозримое богатство – наш язык. Какой он образный, гибкий, как он умеет отразить и передать духовные ценности народа от эпохи к эпохе... – Все это молоденькая учительница старалась открыть для ребят, и открывала для себя самой.

Думается мне, именно в те годы и зародилась у нее неодолимая потребность глубоко познать богатства языка, ставшая гражданским долгом на всю жизнь.

Путь к познанию нескончаем. Актюбинский учительский институт, Казахский педагогический имени Абая. Студентка стала аспиранткой по специальности «Казахский язык». Учеба, практика и наука стали для Рабиги неразделимы. Работа редактора и заведующего редакцией в издательстве «Мектеп» была в русле тех же интересов. Не один ныне уже известный седовласый поэт признается, что случалось ему посвящать свои стихи Рабиге. Но если первая ода пела о красоте, женственности, обаянии, то уже вторая выражала восхищение необычайной ее целеустремленностью, ее работоспособностью и проницательностью.

– После войны так хотелось поскорее обеспечить все казахские школы и вузы необходимыми учебниками, пособиями-справочниками, литературой, – вспоминает Рабига Галиевна. – Ведь ликбезы остались далеко позади, подросло новое поколение, тянущееся к глубоким знаниям. Ради того, чтобы помочь им, не жалко было работать и ночами...

Что привлекало внимание молодого ученого? Проблемы казахской лексики и лексикографии, морфологии и синтаксиса, алфавита и орфографии, истории литературного языка и языка письменных памятников, этимологии и культуры речи... Как видим, тематика научных исследований многообразна, круг интересов не замыкается.

Только в 50-х годах Рабига Галиевна приняла активное участие в создании учебников казахского языка для учащихся русских школ (пятых и седьмых, восьмых и десятых классов), букваря для взрослых, правил казахской пунктуации, орфографического словаря казахского языка, справочника по орфографии и пунктуации для издательских работников и учителей, программы по истории казахского литературного языка для университетов и педагогических институтов республики, учебника по истории казахского литературного языка...

Вот как весом оказался этот неполный список трудов. Рабиги Галиевны еще до ее перехода в Академию наук.

Младший научный сотрудник, заведующий отделом диалектологии, заведующий отделом культуры речи Института языкознания АН Казахской ССР. Запись анкеты скупа, немногословна. Но стоит раздвинуть еще хотя бы одну завесу времени, чтобы раскрыть для себя суть замечательного человека, его характер ученого.

«Язык произведений Абая» – кандидатскую диссертацию на эту тему Р.Г.Сыздыкова защищает в 1959 году, а два года спустя тема докторской – «Синтаксис стихотворных произведений Абая». Неспроста столь краток срок от одной серьезной защиты до другой, еще более сложной. После первой защиты оппоненты обменивались впечатлениями:

– Такие ощущение, что диссертант создавала творения великого Абая вместе с автором!

– Это научный подвиг!

Да, в самом деле, это было своеобразным подвигом. Ведь задача состояла не только в том, чтобы определить роль Абая как основоположника казахского письменного литературного языка. Нужно было познать особенности его поэтического дарования, особенности творческого использования слога. И здесь, поверьте мне как специалисту, мало одной только трезвости исследователя, терпения, усидчивости, упорства. И даже заинтересованностью, увлеченностью не обойтись. Для того, чтобы проникнуть в творческую лабораторию художника – требовалась страсть ученого, человека, гражданина.

Каждый человек так или иначе на своем уровне определяет себе вехи и большую, главную цель. А если она достигнута? Для истинного ученого за этой высотой раскрываются новые необозримые горизонты.

Отношение к истории казахского языка средневековых арабоязычных памятников? Разве не захватывает дух одна только постановка темы! Изучить язык «Хикметов» Ходжа Ахмета Ясеви и «Жамиг-ат тавариха» Кадыргали Джалаири. Изучить не по материалам второй руки, а в подлиннике, в вариантах рукописи. Определить исторические закономерности развития слов, их этимологии. И снова – первоисточники фоль-

клорно-эпических произведений народа, многократно проверяемые и изучаемые Сыздыковой.

Отдельные этимологические этюды к мысли щедрыми пригоршнями рассыпаны во всех ее трудах. Но со временем они приобретают у исследователя стройный характер. Обратиться для примера к книге «Слова рассказывают» (1980 г.) может не только специалист-языковед, но и массовый читатель, ведь книга написана в доступной для всех научно-популярной форме. И рассказывает она об интереснейшей жизни слов в казахском языке, одни из которых стали теперь уже редко употребляемыми, другие – почти «реликтовыми».

Пристально и вдумчиво глядеть в прошлое необходимо, чтобы шагнуть в будущее. Область языковой культуры требует от ученого сознательного вмешательства в практику языка, в языковую стихию. Руководя специальным отделом культуры речи нашего института, Р. Г. Сыздыкова уже много лет планомерно, и последовательно занимается кодификацией литературных норм и унификацией орфографических правил. И встретить Рабигу Галиевну в ее шестьдесят лет можно у редакторов в издательствах, у дикторов на радио и телевидении, среди учителей в школах. И уж в театрах, если ставится новый спектакль, она – обязательный гость, консультант, помощник. Эти встречи – совместные поиски дорогого живительного слова.

Возраст ученого. Не прожитыми годами определяется он. Количественно научных трудов, публикаций, книг? Сосчитаем до ста и собьемся со счета. Их значительностью, научным «весом»? Имя Сыздыковой стоит сегодня в почетном ряду имен старшего поколения казахских лингвистов: Х.Джубанова, Г.Бегалиева, С.Жиенбаева, С.Аманжолова, С.Кенесбаева, Н.Сауранбаева, М.Балакаева, Г.Мусабаева, А.Искакова, И.Маманова.

И все-таки важнее другое. На вопрос, кто ее учитель, духовный наставник, Рабига Галиевна отвечает уклончиво: все, у кого приходилось заниматься. Она брала у своих наставников что-то лучшее частицами, оставаясь сама собою, сохраняя последовательность суждений, научную принципиальность и, наконец, свой «научный» характер.

А вот у нее самой учеников много. Молодежь идет к ней охотно, становясь преданными и делу, которому решили служить, и наставнику. Что импонирует в ней молодым? Гражданский пафос ученого, строгость, требовательность непомерная – любую небрежность в работе воспринимает как личное оскорбление. Но вместе с академической строгостью в ее храме науки доброжелательность, доброта, подкупающая простота заботливого друга, мудрость старшего товарища и равноправие в дружбе соратников.

Редкость сочетания разных дарований в человеке – это ведь не только подарок природы или судьбы. Это результат долгой, постоянной, непрестанной работы над собой. И этой работе коллеги тоже не устаешь изумляться.

За высокие заслуги в развитии лингвистической науки в республике, подготовку научных кадров награждена орденом «Знак Почета», Почетными грамотами Президиума Верховного Совета Казахской ССР, медалями. Ее имя занесено в Золотую книгу Почета республики. Ныне вот мы снова радовались за коллегу, поздравляя с присвоением почетного звания «Заслуженный деятель науки Казахской ССР». А она после кратких слов благодарности – снова речь повела о творческих планах, задумках, о важности предстоящего. И лица молодых, их глаза вспыхивали, озарялись особым светом. Смело следовать дерзновенной мечте, поднимать себя до новых высот, преодолевая трудности. Этому не стыдно ни завидовать, ни подражать.

«Казахстанская правда», 17 август. 1984.

Халқының тілін білген

Халқымыздың рухани, мәдени өмірінде елеулі із қалдырған, оның өркендеп, өсуіне аянбай ат салысып, айтарлықтай үлес қосып келе жатқан зиялы азаматтар арамызда аз емес. Алайда, бұл тәрізді игілікті іске жеке басының ғана еңбегімен емес, бүкіл әулетімен түгел араласып, оны еселей түскен, сол арқылы елдің есінде қалып, ерекше құрметке бөленген Сәтбаевтар, Жұбановтар, Қожановтар, Әуезовтер, Қонаевтар сияқты әулетті жандар қазақ қауымында санаулы ғана. Солардың қатарына біз Сарыбаевтар әулетін де жатқызған болар едік. Өз халқының тарихында есімдері жазылған, жазылуға тиісті бұл әулет өзіндік қадір-қасиетімен елге танымал.

Жақсы менен жайсаңның ғана есімі берілетін Қазақ энциклопедиясын парақтап қарасаңыз, бұл әулеттен төрт бірдей Сарыбаевтың есімі аталып, олардың тұсына энциклопедияға тән қысқа да нақтылы тілмен мынандай анықтамалар беріліпті: Шамғали Сарыбаев (1893–1958) – қазақ совет педагогі,... қазақ тілі методикасының негізін қалаушылардың бірі,.. көп жылдар бойы институттарда сабақ беріп, ұстаздық еткен, қазақ, қарақалпақ ауыз әдебиеті материалдарын жинаған, Жамбыл туралы алғашқы деректі (1925 ж.) тапқан...»; Ғабит Сарыбаев (1893–1966) «Совет өкіметін орнатуға қатысқан, азамат соғысының ардагері, кезінде (1919 ж.) эскадронның саяси комиссары, «Социалистік Қазақстан» газеті редакторының орынбасары (1932–1933), оқу-ағарту қызметкері...»; Шора Сарыбаев (1925) – белгілі тілші ғалым; Болат Сарыбаев (1927–1984) –

қазақ музыкасын зерттеуші, көне ұлттық аспаптарды жинап, жаңғыртып, үйінде музей ашқан ғалым.

Сарыбаевтар әулетінің игі дәстүрін ғылым, білім, өнер, мәдениет саласында жалғастырушы кейінгі толқын, жас буын да баршылық. Солардың қатарында белгілі химик-ғалым Телман Сарыбаевты, әке жолын қуып, музыка зерттеушісі болған, жас композитор Талғат Сарыбаевты және түркология бойынша маманданған жас ғалым, бүгінде Түркиядағы Қазақстан елшілігінің жауапты қызметкері Қайрат Сарыбаевты да атап өтудің еш артықшылығы жоқ. Өйткені, бұлардың бәрі де қоғамда өзінің орнын тапқан, өзіндік үлгі-өнегесімен, игілікті ісімен өз халқының мәртебесін үстем етуге үлес қоса білген Сарыбаевтар әулетінің өкілдері.

Ал бүгінгі әңгіме сол Сарыбаевтар әулетіне жататын, нақтылау айтсақ, Шамғали ақсақалдың үлкен ұлы, үстіміздегі жылы туғанына 70 жыл, ғылыми-педагогтік, қоғамдық қызметіне 45 жыл толып отырған үлкен ғалым, тіл маманы Шора Сарыбаев туралы болмақшы.

Шора Шамғалиұлы Сарыбаев – ҚР Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, филология ғылымының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым қайраткері, ҚР ҰҒА Ахмет Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының диалектология бөлімінің меңгерушісі 1925 жылы наурыз айының 2-сінде Ташкент қаласында дүниеге келді. Бұл кезде оның әкесі Шамғали Хоресұлы Ташкенттегі Орта Азия университетінде (САГУ) мұғалім болып істейтін. Жалпы Сарыбаевтар әулетінің, оның ішінде Шораның атамекені – Орал өңірі.

Шора Шамғалиұлының есімі бүгінде тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл ТМД елдерінде де, тіпті көптеген шет мемлекеттерде де белгілі. Оның басты себептерін, біріншіден, ғалымның жеке басына тән қасиеттеріне – ғалымға деген адалдығына, жауапкершілігіне, принциптілігіне, еңбексүйгіштігіне т.б. байланысты болса, екіншіден, зерттеу жұмыстарының терең де жан-жақты жүргізілуіне, ауқымдылығы мен ғылыми практикалық тиімділігіне байланысты деп қараған жөн. Ш.Сарыбаев қаламынан туындаған 200-ден астам еңбек (оның 20-дайы жеке және тенавторлық монографиялар мен оқулықтар, сөздіктер мен ұжымдық зерттеулер т.б.) – осының айқын айғағы.

Шора Шамғалиұлы Ұлы Отан соғысынан кейінгі кезеңде білім мен ғылымға жаппай бетбұрыс жасаған ынталы қазақ жастарының бірі болды. 1946 жылы Қазақ Мемлекеттік университетінің филология факультетіне түседі. «Ата көрген оқ жонар...» дегендей, бұл мамандықты таңдауына, әрине, Шамғали ақсақалдың ықпалы мен өнеге-үлгісінің әсері болмады деп айта алмаймыз.

Тіл маманы болғанына Шора да еш өкінбейді. Өйткені, ол өз қатарынан артық болмаса, кем болған жоқ. Ол өзінің тілге деген қабілетін

бірінші курста оқып жүрген кезінде-ақ байқатқан еді. Әртүрлі ғылыми кеңес, үйірмелерде жиі көрініп, ел алдына шығып, ғылым жайындағы әңгімелерге белсене араласып жүрген «сары баланы» құрбы-құрдастары да, ұстаздары да ерте тани бастады. Қысқасы, Шора университетті бітіргенде өзін ғалыммын десе, ғалым болуға дайындығы, білгені мен түйгені мол, болашақ бағыт-бағдары айқындалған жас маман ретінде сезінді. Шышында да солай болатын.

Университетті бітіргеннен кейін Шорамен аспирантурада бір жыл кейін оқып, кітапханаларда мәжілістер мен мәслихаттарда аралас-құралас бірге жүрдік. Сондықтан да мен Шораның ғылымдағы алғашқы қадамы – кандидаттық диссертация қорғауының куәгері ғана емес, жанкүйері де болдым. Бұл 1953 жылы болатын. Диссертацияның тақырыбы – «Қазақ тіліндегі одағай сөздер». Әдетте салмақты да ұстанымды Шамғали ақсақал (бұл кісі менің ұстазым) бір түрлі қобалжу танытып, дегбірсізденіп, жанында отырған маған «Шора досыңның мінезін білесің ғой, сын көтермей біреуге ауыр сөз айтып тастар ма екен деп, қорқып отырмын» деп, ағынан жарылды. Шынында да Шора қорғау үстінде ерекше принциптілігін танытты, жастығына қарамай, сөз сөйлеген мосқал оппоненттердің біразына «тойтарыс» беріп жатты. Оның бұл қылығы «ғалым боламыз» деп жүрген біз сияқты бірсыпыра жастарға ерекше әсер еткен еді.

Қорғау үстінде талас болуының да себебі жоқ емес еді. Кейбір тиіп-қашты пікірлер болмаса, қазақ тіл білімінде «одағай проблемасы» түбегейлі шешілмеген болатын, оның еліктеуіш сөздерден табиғаты мүлдем бөлек, өз алдына дербес морфологиялық категория екендігі төңірегінде пікірталас жүріп жатты.

Міне, біз досымыз, құрдасымыз филология ғылымына бұдан 40 жыл бұрын осылайша ел құлағын елең еткізіп, өзіндік ой-пікірін қарсыластарына мойындатып, күнде емес, күндердің күнінде ғана бір сәті келетін ғылыми жаңалығымен нық басып келген болатын.

Сол бір сәттерден басталған өзінің саналы өмірінде Шөкең кейбіреулердей оңай жол іздеп ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүрген емес. Өз күшіне сенгендіктен болар, ол содан бері ғылымның таптаурын болған сүрлемімен емес, соқпақты, соқтықпалы жолдарымен қиын қияндарына тартып келеді. Сондықтан да, оның ғылымдағы мол табысын, жолын, сан алуан атақ-лауазымдарын сөз еткенде олардың бәрі ғылымға оңайлықпен келмегенін және бұлардың артында ғалым мінезіне тән іздемпаздық, шығармашылық, еңбексүйгіштік, тиянақтылық, ұқыптылық, жүйелілік, нысанаға жету үшін қажет күрескерлік т.б. осы сияқты абзал қасиеттердің барлығын ескерген жөн.

Ш.Сарыбаевтың 200-ден астам ірілі-уақты еңбектерінің тізімін алып, қарап отырсақ, оның қалам тартпаған тіл саласы кемде-кем екен: лекси-

кология, этимология, лексикография, тіл тарихы, грамматика, фонетика, алфавит, орфография (емле), сөздік, оқулық, текстология, терминология, т.т. Алайда ғалымды республикамызда ғана емес, жалпы түркология әлемінде танымал еткен тіл білімінің үш түрлі саласында жүргізіліп келе жатқан зерттеулері екендігін ашық айта аламыз. Сол үшеудің ең бастысы – қазақ тілі диалектологиясы, екіншісі – алтаистика, үшіншісі – тіл білімі тарихының қиын да қажетті саласы – ғылыми библиография.

Айта кету керек, 50-жылдарға дейінгі қазақ тіл білімінде үлкен талас-тартыс тудырып, ғалымдардың өзара дай-дай болуына себеп болған күрделі мәселенің бірі – «қазақ тілінде диалект бар ма, бар болса, оның қайсысы әдеби тілдің негізі болып саналады?» дегенге барып сайды. Бұл проблеманың сол кезде бір ғана дұрыс шешімі болған еді. Ол – қарапайым халықтың жанды (ауызекі, сөйлеу) тілін жан-жақты тәптіштей зерттеу, жер-жердегі тіл ерекшеліктерін айқындай түсу, соның негізінде ғана ғылыми тұжырым айту.

Міне, құры дауласудан нәтиже шығара алмаған ғалымдар қауымының осы шешіміне орай 50-жылдарың басынан тартып, бұрынырақ басталған диалектологиялық зерттеулер жыл сайынғы экспедициялардың қызу кірісуімен жандана түскен еді. Ұлан-байтақ қазақтың жері мен қазақтар тұратын көршілес өлкелер сүзіле зерттеліп, моноклиттей біртұтас қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері толық айқындала бастады. Тамаша диалектолог-ғалым Ж.Досқараев мұрындық болған бұл игілікті іске ғалымдар қызу кірісіп те кеткен еді. Солардың ішінде шоқтығы биіктеу тұрған Шора Сарыбаев болатын.

Олай дейтін себебіміз ол сол 1956 жылдың өзінде ұстазы Ж.Досқараевпен бірлесе отырып шығарған еңбегі – «Қазақ тілінің диалектілік ерекшеліктерін жинау бойынша сұраулық» (1956, 1959) арқылы бұл саланың негізгі ғылыми-практикалық принциптерін айқындауға атсалысты. Ол ғана емес, Шөкең өзінен бұрынғы диалектологиялық зерттеулерге шолу жасап, баға беру арқылы осы мәселеге арналған одақтық конференцияларға қатысып, өз пікірін ортаға салу арқылы аз жылдың ішінде үлкен «диалектологиялық мектептен» өтті. Қазақстандағы Ж.Досқараев пен С.Аманжоловтан кейінгі бірегей диалектолог маман ретінде қалыптасты. Ол бұл саладағы көпжылдық еңбектерінің, ізденістерінің қорытындысы ретінде 1973 жылы «Түркі аймақтық лексикографиясының проблемалары» атты тақырыпқа докторлық диссертация қорғады. Тақырыбынан да көрініп тұрғандай, бұл еңбекте тек қазақ тілінің ғана емес, сонымен қатар жалпы түркі тілдерінің өлкелік лексикография проблемалары да сөз етіледі. Ғалымның түркология әлеміне танымал болуының бір себебі, міне, осында болса керек. Шөкеңнің басшылығымен және тікелей қатысуының арқасында 1950–1970 жылдары «Қазақ тілі тарихы

мен диалектологиясының мәселелері» деген атпен 8 жинақ шығарылды. Бұл еңбектер тек диалектологияның ғана ғана дәуірлеу кезеңі емес, сонымен қатар қазақ тілі тарихы мәселелерінің де жан-жақты зерттеле бастаған жылдары еді. Ол, әрине, әдеби тіліміздің негізін құраушы жалпыхалықтық тілдің, тамыры тереңде жатқан ру-тайпа тілдерінің қатқабат қойнауларын тінте зерттеудің нәтижесі болатын. Міне, сол жылдары Шөкең басшылығымен түркі тілдерінің ішінде алғашқыларынан болып «Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі» жарық көрді. Жасалып, баспаға берілген 3 томдық «Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі жарық көрді. Жасалып, баспаға берілген 3 томдық «Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігіне» де (1-томы жақын арада шығады), жасалып жатқан «Қазақ тілінің диалектологиялық атласына» да Шөкең тікелей басшылық етіп келеді.

Ғалым есімінің кеңінен танымал болуына себеп болған тағы бір жағдай – оның қазақ тілшілері арасынан алғаш алтаистика проблемасымен шұғылдануы. Өйткені ар жағы алтай (түркі, моңғол, тұңғыс, манжур, орал, фин, корей, жапон т.б.) тілдерінің бер жағы 30-дан астам түркі және моңғол тілдерінің туыстық төркінін анықтау – түркология ғылымының 150 жылдан бері күн тәртібінен түспей келе жатқан күрделі де өзекті мәселелердің бірі. Осы күнге дейін бұл мәселені алтаист, түрколог ғалымдар көбіне-көп тек теория жағынан ғана қарастырып, нақтылы тілдік фактілермен дәлелдеуге тереңдеп бара алмай келсе, Шора Шамғалиұлы қазақ тілі мен моңғол тілдерін салыстыра-салғастыра зерттеу арқылы бұл тілдердің генеологиялық туыстығын айқындауда алтай теориясына («болжамына») өзіндік үлес қосты деп айта аламыз. Ол өзінің бұл жөніндегі пайымдауларын алғаш рет 1958 ж. Алматыда өткен VI ғылыми-теориялық конференцияда баяндаған болатын.

Бұл ізденіс бара-бара Шора Шамғалиұлының қызыға зерттеген объектілерінің біріне айналды. Алтаистика саласында жазылған еңбектері (негізінде мақалалар) мен айтылған пікір-тұжырымдарын бұл проблема бойынша ізденушілер аттап өткен емес.

Айта кету керек, қазақ тіліндегі жергілікті ерекшеліктерін экстралингвистикалық және тарихи даму тұрғысынан, сондай-ақ жалпы алтай болжамы тұрғысынан қарастыру ғалымды заңды түрде этимологиялық талдауға жетелейтіндігін көреміз. Шөкеңнің сөз табиғатына қызығуын, этимологиялық талдауларын (оның көбісі «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігінде» келтірілген) біз осының нәтижесі деп қараймыз. Осыған орай, Шөкенді біз «диалектолог, тарихшы, этимолог, алтаист» деп толық айта аламыз.

Жоғарыда ескерткеніміздей, Шора Шамғалиұлының шығармашылығында ерекше орын алатын үшінші бір сала – ол ғылыми библиогра-

фия. Бұл – әрбір ғалымның қолынан келе бермейтін, михнаты зор, бейнеті мол, бірақ ғылым үшін, ғалым үшін ауадай қажет, зертеушінің қолындағы бейне бір қыбыланама тәрізді құрал, қазақ тіл білімінің шежіресі.

Қазақта «Атадан ұл туса игі еді, ата жолын қуса игі еді» деген сөз бар ғой. Шөкеннің «Қазақ тіл білімі әдебиетінің библиографиялық көрсеткіші» атты, бүгінде (1994 ж.) 6-томы шығып, ғалымдар қолында жүрген, 7-томы баспаға дайындалып жатқан осынау бір елден ерекше істеген еңбегін еске алғанда, біз оның бойындағы сирек кездесетін жинаушылық, жүйелеушілік, табандылық, ұқыптылық сияқты тамаша қасиеттердің бәрі Шамғали ақсақалдан ауысқан-ау деп ойлаймыз.

Шора Шамғалиұлы жасаған библиографиялық көрсеткіштер ерекше ғылыми еңбек ретінде, жасыратыны жоқ, ресми түрде өз бағасын әлі күнге дейін алған жоқ. Оған «қолданбалы құрал» деген көзқарас бар. Ал осы «көрсеткіштер» арқылы барша қауым тілдегі тарихын таныды, осы салада еңбек еткен, еңбектеніп жүрген тілші ғұламалардың ой-пікірімен толық танысуға мүмкіншілік алады, А.Байтұрсыновтың, Ж.Аймауытовтың, Т.Шонановтың, Н.Төреғұловтың, Х.Досмұхамедовтің, М.Дулатовтың, К.Кемеңгеровтің, О.Жандосовтың, Тоғжановтың т.б. 20–30-жылдардағы мандайалды қазақ зиялыларының еңбектерімен кейінгі ұрпақ алғаш осы көрсеткіштер арқылы жүз көріскен болатын. Алайда, бұл авторлардың еңбегімен оқырмандарын Шөкен бұдан 35 жыл бұрын таныстыруға тырысып, көрсеткіштің I томына енгізген болатын. Алайда, кітап болып шыққан сол томды (I том, 1960, 1300 дана, 12 б.т.) қырағы идеологтар «халық жауларының» еңбектерін дәріптеді деген сылтаумен пышақ астына салып туратып жіберген еді. Автордың өзін жазалап, сөгіс беріп, бөлім бастығынан босатқан болатын.

Шора Шамғалиұлы Сарыбаевтың ғылыми шығармашылық өмірін толық түсіну үшін оның болмысына тән, ізденімпаздық, тапқырлық, еңбекқорлық, т.б. абзал қасиеттердің бәрін білген жөн.

Шөкен: «Астанамыз Алматыда ерте ме, кеш пе, әйтеуір бір кезде қазақтан шыққан ұлы адамдардың мұражайы болуға тиіс. Соның қамын қазақ зиялылары қазірден бастап ойластыруы керек. Ол үшін көптеген материал, деректер жинау керек» деген мәселеге азаматтық тұрғыдан қарап, өзі де көптен бері бұл іске қызу кірісіп кеткен болатын. Соның нәтижесінде ол Шоқан Уәлиханов туралы бір шағын музейдің экспонаты боларлықтай сирек кездесетін қызықты да танымды материалдар мен деректер жинап та үлгерді. Бұл істің ғылымдық, тағылымдық мәнін айтудың өзі артық.

Ең бастысы: бұл «өнердің» мәні мен сәні өмірде өз үйлесімін, жалғасын табуында. Ол шынында да солай. Кезінде інісі Болат Сарыбаевқа із-тозсыз жоғалып бара жатқан қазақтың музыкалық көне аспаптарын жи-

нау идеясын айтқан Шөкеңнің өзі болатын. Ал осы коллекция ретінде басталған істің немен аяқталғанын қалың жұрт жақсы біледі.

Міне, сол сияқты бүгінде коллекциямен Шөкеңнің балалары да, немерелері де қызу шұғылданады. Мәселен, «Орта Азия» мен Қазақстанның ұлы адамдары» тақырыбы бойынша жинаған коллекциялары үшін Шөкеңнің ұлы – Қайрат Филателистер қоғамының күміс медалімен наградталыпты. Ал Шөкеңнің кішкентай немересі – Динара болса «Қазақ халқының ұлы адамдары» деген тақырып бойынша қазақтың қос батыр қызы – Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметова жөнінде тамаша коллекция жинай бастағанын Шөкеңнің отбасы аса мақтанышпен айтады. Ұрпақ жалғастығының дәстүр жалғастығымен қауыша дамуы осы.

Шора Шамғалиұлының өзі жиі айтатын бір сөзі – «Ғалым болу оңай, адам болу қиын» деген шығыс нақылы. Ол айтып қана қоймайды, ғалым болудың да, адам болудың да шынайы үлгісін көрсете білді. Достықты сыйлай білетін жамандыққа жаны қас азамат. Дос-жарандар арасында қадірлі, отырған жерін, әзіл-қалжыңын, анекдоттың тиегін ағытып, күлкі-думанға бөлейді. Бұл, әрине, сирек кездесетін қасиет. Көңілденсе – көл, көңілі қалса – шөл.

«Егемен Қазақстан». 1 наурыз. 1995.

Туған тілдің ту ұстары

Қазақ жерін дүр сілкіндірген кешегі Желтоқсан оқиғасы да, міне, тарих беттеріне айналып барады. Бірақ қатал жазаланған жазықсыз қазақ жігіттерінің өрт өшіргендей қайсар бейнесі әлі де көз алдымызда тұрғандай, итке таланып жанұшыра шырылдаған қыздарымыздың дауысы әлі де құлағымыздан кетер емес. Осы орайда бір шындықты да мойындаған жөн: сол жастардың «елім менің, жерім менің, тілім менің...» деп ұрандатқан жалынды сөздері тоталитарлық заманның тар шеңберінде бұйығы өскен зиялы қауымның қасаң болып қалған ой-санасында сергітіп кеткені рас. Тіл мәселесінің өзгеше өткір қойылып отырғандығын жаңа басшы Колбин де сезінді. Бірақ ол басқа жаққа бұрып, жол таппақ болды. Қаулы артынан қаулы шығарып, Қазақстанда қос мемлекеттік тілді мәңгі-бақи қалыптастыруға жанталасты. Бұл қитұрқы саясаттың түп мақсатын біреу түсінсе де, біреу түсінбеді. Тіпті, көзі ашық, көңілі ояу кейбір зиялыларымыздың өздері «е, екі мемлекеттік тіл болса да жаман емес» деп тоқмейілдікке салынды. Қоғамдық өмірден алыстап, халі мүшкілденген қасіретті ана тілімізді мемлекеттік мәртебеге көтеру арқылы сақтап қалудың бірден-бір жолы – қалың көпшіліктің санасын оятып, ат төбеліндей зиялы қауымның басын біріктіру еді. Міне, осынау бір игілікті мақсатқа байланысты 1989 жылы республикалық

«Қазақ тілі» қоғамы дүниеге келді. Осынау ана тіліміздің тағдыры безбен басына түсіп, тығырықтан шығу исі қазақтың бәріне сын болып тұрған алмағайып кезеңде ортадан озып, игілікті бастамаға жұмыс бабымен емес, жүрек әмірімен белсене араласып, ерен еңбегімен атсалысқан азаматтардың бірегейі – Айтбайұлы Өмірзақ мырза.

Осы орайда, әңгімені алыстан бастап, астын сызып айтайын дегенім: Өмірзақ өзін сол бір жылдары «тілім» деп басталып, әлі толастай қоймаған қалың бұқаралық шерудің алғы шебіндегі сардары, ұйымдастырушысы ретінде таныта білуі. Қоғамдық ой-санамызды оята, дүркірете іс бастаған «Қазақ тілі» қоғамының алғашқы сәтті қадамы оның «Ана тілім» атты әнұранының жедел дүниеге келіп, ел арасына кең тарап, халық жүрегіне жол таба білуіне де байланысты болды. Оның (өткір сөзін жазған, әсем де әсерлі әнін шығарған, асқақтата шырқаған) авторы Айтбайұлы Өмірзақ мырза болатын. Бұл ән Қазақ радиосының «Алтын қорында» сақталып, тіл мейрамдарында орындалып тұрады.

Өмірзақ Айтбайұлының ғұмырнамасынан байқағанымыз: оның отызыншы жылдардың екінші жартысында дүниеге келген өзі құралпы замандастарының тағдырынан алабөтен айырмашылығы жоқ. Дегенмен, дәл осы ғұмырнамаға басқа бір қырынан қарасақ, яғни Өмірзақтың Әл-Фараби бабамыздың табаны тиген қасиетті топырақтан жаралып, атағы аңызға айналған көне Отырар ордасының атырабындағы Балтақөл мекенжайында, өз заманының сауатты адамы, көзі ашық, көңілі ояу зиялысы Айтбай ақынның отбасында дүниеге келуі, көне кенттердің бірі – Шәуілдірде ержетіп, Сыр бойы – жыр өлкесінің ән-жырымен бірге толқып, есейген жігіттің өскен ортасы мен жастық шағына ерекше бір рең беретіні сөзсіз. Оның бойынан әр сәтте байқала беретін бір тектіліктің нышанын біз осыған жоримыз. Мүмкін, Өмірзақ табиғатына тән ақындық, әншілік, шешендік, зеректік, т.б. қасиеттердің бәрі атамен деп аталатын ортаның жемісі шығар. Мүмкін, он жылдықты жақсы бітірген балаң жігітті басқа мамандық таңдамай, филолог болуға (сөз құдіретін терең меңгеруге) бастаған да, басқа емес, ана сүтімен бойына дарыған ана тіліне деген құштарлығы болар. Университетті үздік бітіріп (1954–1959), журналистика өнеріне қызығуы (ол 1959–1962 жж. «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде әдеби қызметкер болып істегені), одан соң тіл зерттеуші ғалым болу үшін Ғылым академиясының құзырына келіп, барлық саналы өмірінің кейінгі 34 жылын үзбей, ҰҒА Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының қарашаңырағында қызмет етуі – сайып келгенде, Ө.Айтбайұлының сол баяғы ана тіліне деген ерекше сезімінен болса керек. Өз ретінде, көптен белгілі ең беделді қазақ ғалымдары шоғырланған бұл ғылым ордасы Өмірзақтың ғалым ретінде қалыптасып, қанаттанып, марқая түсуіне қамқоршы да құнарлы орта болып шықты.

Осы жылдар ішінде Айтбайұлы Өмірзақ тіл білімінің әр саласынан-ақ қалам тартып келеді. Алайда, өзіне меншіктей зерттеп, жемісті еңбек етіп келе жатқан негізгі үш саланы айрықша атап өту керек: Олар 1) көркем аударма, 2) терминология, 3) тіл мәдениеті проблемалары.

Қарап отырсаңыз: бұлар бір-бірімен өзара байланысты, астарлас құбылыстар, бірақ өзіндік ерекшеліктері де жоқ емес. Жас ғалым өзінің ғылымдағы алғашқы қадамын аударма мәселелерін зерттеуден бастады. Оның қиындығы – қазақ тіл білімі үшін сонылығына, күрделілігі – бұрын-соңды екі тіл тұрғысынан зерттелмеуіне байланысты болатын. Ол ғана емес, 1971 жылы Ө. Айтбайұлы қорғаған «М.Горький фразеологизмдерінің қазақ тіліне берілу жолдары» деп аталатын кандидаттық диссертацияның тақырыбынан-ақ көрініп тұрғанындай, жай аударма емес, сөз мәйегі – фразеологизмдердің табиғатын сөз етуінде. Бұл еңбек кейінірек (1975) толықтырылып, «Аудармадағы фразеологиялық құбылыс» деген атпен жеке кітап болып шыққан еді. Ол жалпы аударманы, соның ішінде тұрақты тіркес саласындағы аударманы тіл тұрғысынан зерттеген бірінші еңбек болатын.

Аударма мәселесіне тікелей қатысты саланың бірі – терминология екені белгілі. Тілімізге ғылым мен техника саласы бойынша еніп жатқан жүздеген, мыңдаған терминдер мен атаулардың (номенклатуралардың) бірде аударылып, бірде аударылмай алынуы, сайып келгенде, терминологияның теориялық және практикалық мәселесіне (яғни аудармаға) тікелей байланысты. Сондықтан да болар, Ө.Айтбайұлының кейінгі 10–15 жыл бойы қызыға зерттеп, өндіре еңбек еткен саласы – терминология болды. Қазақ әдеби тілі терминология процесінің өмір талабына сай өзгеріп отыратын үрдісін, заңдылығын, термин қабылдаудың, не жасаудың ғылыми тұжырымдамасын (концепциясын) тереңде жан-жақты қарастыру, термин қорын жасау, әр алуан салалық терминологиялық сөздіктер жасау, т.б. осы сияқты күрделі әрекеттер Ө.Айтбайұлы басшылық еткен (1981–1989) «Терминология және аударма теориясы» атты бөлімнің бағдарлы жұмысына байланысты іске асып жатты. Осы жылдары Өмірзақтың тікелей араласуымен «Қазақ терминологиясының мәселелері» (1986), «Терминология және олардың аудармалары» (1990) атты тақырыпты жинақтар жарық көрген болатын. Проф. Қ.Бектаев тобының араласуымен электронды-есеп машинасы арқылы қазақ тілі терминдерінің жалпы қоры жасалды, қоғамдық ғылымдар терминдерінің 2 томдық қазақша-орысша сөздігі дайындалды. Айта берсек терминология саласында қол жеткен табыстарымыз аз емес. Ал бұл іске көп жылдар бойы Өмірзақ Айтбайұлы мұрындық болып келді. Ол ғана емес, осыған орай ол үлкен монография жариялады: «Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы» (1988) және «Қоғамдық ғылымдар терминологиялық

лексикасының қалыптасуы мен дамуы» (1992) деген тақырып бойынша докторлық жұмыс жазып, ол үшін филология ғылымдарының докторы деген ғылыми дәреже берілген болатын.

Айтбайұлы Өмірзақ мырзаның көптен бері өндірте еңбек етіп жүрген үшінші бір ғылым саласы – тіл мәдениеті. Бұл да өте қызық әрі «нәзік» проблема. Тіл әдебі, әр алуан стиль, әдеби тілдің жазу, сөйлеу нормасы, т.б. осы сияқты күрделі мәселелерді қамтиды. Бөлім меңгерушісі болып жүрген жылдары оның тікелей басшылығымен қоғамда елеулі із қалдырған үш бірдей жинақ шыққаны белгілі: «Тіл мәдениеті және баспасөз» (1968), «Өрелі өнер» (1976) және «Сөз өнері» (1978). Белгілі қоғамда өмір сүріп, оның ісіне араласпау мүмкін емес. Бірақ мұнда да әр ғалымның деңгейі, ықылас-ниеті, белсенділігі, жауапкершілігін сезінуі, іс нәтижесі әр алуан. Өйткені қоғамдық қызмет ақысыз істелуін, әр азаматтың қоғам алдындағы өз парызын сезіне білу қасиетіне байланысты. Бұл орайда да Өмірзақ Айтбайұлының атқарған, әрі атқарып келе жатқан қоғамдық жұмыстарын санамалап шығудың өзі-ақ көп нәрсені аңғартады. Олардың ең бастылары: Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының бірінші вице-президенттігі, «Ана тілі» апталығының саралқа мүшесі, Мемлекеттік терминком және Мемлекеттік оноком мүшесі, Адам құқын қорғау жөніндегі мемлекеттік комиссия мүшесі, түркі тілдері бойынша докторлық диссертация қорғау Кеңесінің мүшесі, т.т.

Мерейтой иесі Өмірзақ Айтбайұлының азаматтық бейнесін айқындауды осы айтылғандармен ғана шектеп қойсақ, сыңаржақтық болған болар еді. Өйткені оның жеке басына тән, рухани мәдени өмірімізге қатысты өнер саласындағы айрықша орны тағы бар. Ол жай ғалым емес, өнерпаз ғалым, үлкен талант иесі. Ән салуға, домбыра тартуға жастайынан-ақ жаны құмар болғанын Өмірзақ өзі айтып отырады. Топтан озып ән салу, домбыра шерту, өлең жазу әдетін қызығы мол студенттік жылдарында-ақ дамытып, шарықтата түскен. Оның зор үні, құлаққа жағымды асқақ (тенор) дауысын астана жұртшылығы (1955 – 1959) жиі еститін.

Өнерлі адамдар бір-біріне үйір болатыны белгілі. Содан да болу керек, ешбір қайталанбас өзіндік ән әлемін артында қалдырып кеткен кешегі Шәмші Қалдаяқов, бүгінде атақты композитор, музыка зерттеушісі әрі жазушы Илия Жақанов және Өмірзақ мырза – өнер қуған үш жас сол бір қызығы мол жылдары тай-құлындай тебісіп, бірге өскен екен.

Шығыс жаңалықтарында «Ғалым (ақын) болу оңай, адам болу қиын» деген бір нақыл сөз бар. Шынында да, шынайы адамдық қасиет жүре бітетін емес, туа бітетін табиғаттың тамаша сыйы ғой. Өмірзақпен ұзақ жылдар бойы бір ұжымда бірге қызмет істесіп келеміз. Ол – ғалымдықтың да, адамдықтың да шылбырын тең ұстаған азамат. Қуанышымыз

да, ренішіміз де бірге, ағалы-інілі тату-тәтті, ізет-құрметіміз суымаған, пікірлес, мақсаттас, әрі сырлас, әрі сыйлас жандармыз. Менің білуімше, Өмірзақ адамгершілік тұрғысынан небір тамаша қасиеттерімен ерекшеленеді. Ол, ең алдымен елді де сыйлайды, өзін де сыйлата біледі. Өсек-аяннан, кикілжіңнен, жаман әдеттерден бойын аулақ ұстайтын азамат, достыққа адал, дұшпанға қатал жан. Жүрген жері жыр-думан, жаны жайдары, мінезі жұмсақ жан. Сондықтан да ол ел-жұрты, дос-жаранына сыйлы, беделді.

Алпыс ер азаматтың ақыл-парасатының кемеліне келген, тереңнен ойланып, алыстан болжайтын дер шағы. Сондықтан да біз Айтбайұлы Өмірзаққа бойда қуат, ойда қанат болғай деп тілек қосамыз.

«Егемен Қазақстан». 17 сәуір. 1996.

Еңбекқор ғалым

Мен Байынқолды еңбекқор ғалым деп атаған болар едім. Ғалым үшін екі нәрсе керек. Біріншісі – ақыл ой, қабілет керек. Екіншісі – еңбек. Кейде қабілетті ғалымдар Алла-тағаланың берген табиғи қабілетін дұрыс пайдаланбайды, өйткені ол еңбекті сүймейді. Бір жерде отыра алмайды. Ұшып-қонып жүреді. Жалқаулығы басым болады. Ал, еңбекқор адам сол қабілеті болмаса да, кейде белгілі бір табыстарға қолы жетіп жатады. Ал егер бір басында қабілет, әрі еңбекқорлық қасиеті бірден болса, ол ғалым болатын адамның бақыты. Ғалымға қажетті ең басты осы екеуінің бірі болуы. Байынқолдың басынан мен осы екі қасиетті де көремін. Өзінің ізденгіш, еңбекқорлық қасиетінің арқасында оның ғылым саласында жеткен табысы зор. Оған Байынқолдың кара шаңырақ – А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында көп жылдар істеген еңбегі дәлел. Байынқол халқымызға рухани мұра болып қалған он томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігін» жасауға басынан аяғына дейін қатысты. Мен айтқан болар едім: осы сөздік Байынқол болмаса, Байынқолдың жеке басының үлесі, табиғат сыйлаған еңбекқорлығы болмаса, бұл сөздік дәл осылай шықпаған болар еді. Өйткені мен ол сөздіктің басы-қасында болдым; жасалуын да жақсы білемін. О баста біз сөздікке қатысушы белсенді, белгілі ғалымдарға бір-бір томнан бөліп беріп, әркім өз томына жауап берсін деген шешімге келген болатынбыз. Бірақ бұл іс жақсы жүрмеді. Содан соң осының бәрін бастан-аяқ редакция жасап шығуға, баспаға дайындауға түгелдей Байынқолға тапсырдық. Байынқолдың жоғарыда айтқан қасиетінің арқасында он томдық сөздік жап-жақсы болып жарыққа шықты. Орыстың лексикографы, ұлы ғалымы – В.Даль айтты деген бір сөз бар. Ол: «сөздік жасаған адамды есектің эмблемасы салынған орденмен марапаттау керек», – депті. Шындығында да, сөздік

жасау – дүниедегі ең қиын, ең ауыр еңбек. Оған тек Байынқол сияқты – еңбекқор, төзімді адам ғана шыдай алады.

Сөздік шыққаннан кейін оны Мемлекеттік сыйлыққа ұсындық. Сын айтушылар да болды, әрине. Бірақ еңбек дұрыс бағаланды. Жауапты редактор ретінде, Байынқол Мемлекеттік сыйлықтың иегері атанды. Байынқол тіл білімінің фонетика саласынан «Қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі қысаң дауысты дыбыстарының редукциясы» деген тақырыпта кандидаттық, лексикология саласынан «Қазақ тіліндегі өсімдік атаулары» атты докторлық диссертация қорғады. Ол қазақ тілінен 5 мыңдай өсімдіктің атауын тауып, оларды жүйелеп, реттеп, үлкен еңбек жазды. Бұл еңбекті мен Байынқолдың лексикология саласындағы үлкен еңбегінің қорытындысы деп есептеймін.

Мен Байынқолдың бойында бар тағы бір қасиетін айтуым керек. Ол – өзінің алған бағдарын, бетін, өзінің пікірін, ойын бастан-аяқ қорғау, өз принципін дәлелдеп шығу, сол үшін күресу, әлгі принципті қандай жағдайда болса да іске асыру деген қасиет.

Терминологияға байланысты біздің пікіріміз ұқсас, бір арнада. Терминология деген – қазіргі кезде күн тәртібінен түспеген, көп мәселелері әлі шешіле қоймаған проблема. Осы проблемаға қатысты Шерубай сияқты шәкірт дайындап отыр. Сол Шерубай бар, өзі бар, Өмірзақ бар, өзіміздің мақсатымыз – қазақ әдеби тілінің жон арқасы, ғылым тілінің негізі терминологияны жасау, оны қалыптастыру, дамыту. Шынын айту керек, бұл ана тіліміздің барлық байлығын сарқа пайдалану деген сөз. Аталған принцип – 30-шы жылдардан бастап келе жатқан принцип. Бірақ ол принцип күйінде қалды да, біз термин жасауда ойланып-толғанып жатпай, дайын тұрған терминді ала беруге құмар болып алдық. Осының салдарынан қазақ терминологиялық лексикасының 75%-тен көбі шет сөздері болып шықты. Бұл – тілдің ұлттық қасиетіне нұқсан келтіретін дүние. Осыны кеш түсіндік. Түсіндік те, түзетуге бет бұрдық. Бірақ бұл кез келген шетел терминдерін жаппай қазақшаға аудару керек деген сөз емес. Мен де, Байынқол да, Өмірзақ та, Шерубай да олай деп жүргеніміз жоқ. Осыны дұрыс түсінбеген кейбіреулер «ғалымдар терминдер жаппай аударылуы керек деп жатыр» деген қисық сөз айтып жүр. Біз болсақ, көтерілген проблеманы ғылыми тұрғыдан дәйектеуге тырысамыз. Аталған проблемаға қатысты айтыс-тартыс болған жердің барлығында да Байынқол осы принципті қолдап, оны дәлелдеп дегендей, ғылыми тұрғыдан өз пікірін жасқанбай айтып жүрген ғалымдарымыздың бірі.

Байынқол кеше ғана жас еді. Міне, енді 60-қа толып отыр. Жиырма жылдай уақыт түсіндірме сөздікпен отырды да, оны бітіргеннен кейін докторлығын қорғады, ғалым атанды. Енді, міне өзі де кандидат, докторлар шығарып жатыр. Меніңше, мынау 60 жылдығына Байынқол аза-

мат ретінде де, адам ретінде де, ғалым ретінде де жақсы келді. Алпыс – жақсы жас.

Байынқолдың ғылымға бергені мол, беретіні одан да мол.

«Тіл әлемі». Қаңтар. 1999. №14. 3 б.

Тұңғыры биік азамат

«Өзбекәлі әлемін» – өз басым: кемеңгерлік кемеліне келіп, көкжиегі кеңейе түскен, өзіндік өнегесімен ел жадында мәңгі қалар, тағылымы мол ғибратты ғұмыр деп білемін. Сондықтан да, бүгінде арамызда жоқ Өзекендей біртуар ұлын ел-жұрты осынау бір қоғамда үңірейіп, бос тұрған орнына қарап, көз жазып қалған азаматын, қарбаласта «жоғалтып алған» асыл затын іздейтіні заңды. Әрине, бұл жұдалықты бірге туған бауыр, ет жақын ағайын, аялап өсірген шәкірттері мен көмегін көп көрген ізбасарлары өзінше сезінсе, өмірдің ащы-тұщысын бірге бөліскен дос-жарандары өзінше қабылдауы мүмкін. Алайда, өзін «қазақпын» деп санайтын, оның мүддесін қорғап, болашаққа деген асыл арманын арқалап жүрген зиялы қауымның саналы азаматтары үшін Өзекенді еске алу – кеше ғана көз алдымызда өткен егемендік жолындағы күрестің мәні мен мәнісін, сыртқы қыры мен ішкі сырын терең түсіну деген сөз. Біздің өткен тарихымызда айтыла бермейтін, айтсақ та, дұрыстап айта алмайтын жағдайлар көп қой. Ал ел-жұрттың құлағына жетпей, құпия сыр болып қала беретін жағдайлар қаншама? «Осынау бір кешегі (1986–1995 жж.) алма-кезек шақтарда жай басып, ақырын сөйлеп жүріп-ақ ерлікке баланатын ерен іс тындырған, ел алдына озып, ойран салмай-ақ, биік тұғырдан көрініп, ел алдындағы азаматтық парызын ақыл-парасатымен, білікті де білгірлігімен, қажетіне қарай, қайтпас қайсарлығымен де атқара білген бірегей азамат бізде кім?» деп сұраған жанға мен «ол – Өзбекәлі Жәнібеков!» деп, ойланбай-ақ айта аламын. Өйткені дәлелім көп, өз көзіммен көрген, өз жүрегіммен сезінген әсерім көп, өзім араласып, өзім қатысқан көп істердің тірі жүрген куәгерімін... Араға жыл салып, Өзекенді еске алып, естелік жазып отырғанымызда оларды айтпай, томаға тұйық қалу – мәрттік емес.

Өзекең туралы айтар әңгіме, шертер сыр қаумалаған зиялы қауымда аз болмаса керек. Ол азамат туралы менің де айтарым баршылық. Бірақ мен бұл жолы көп әңгіменің ішінен бөле-жара үш мәселенің (фактінің) төңірегінде ой таратқым келеді. Олар, алдын ала ескерткенде: 1) Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының құрылуына, 2) Қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беруге және 3) «Ақтандақтарға» қатысты әңгімелер.

1. Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының құрылғанына (1989 ж.), міне, он жылға аяқ басыпты. Бұл қоғамның не үшін, қандай мақсатпен

құрылғанына көпшілік бірсыпыра хабардар. Бірақ қалай және қандай қиындықтармен құрылғаны туралы жұрттың бәрі біле бермесе керек.

Содан бері, міне, 10 жылдай уақыт өтті. «Болар іс болды, онда тұрған не бар» деп, бұл мәселені жылы жауып қоя салуға да болар еді. Бірақ қазақ халқының рухани-мәдени өмірінде Желтоқсанның жаңғырығы іспетті Ана тіліне деген елдің санасын оятып, ойын сергітіп, барша қауымын дүр сілкіндірген бұл оқиғаны Өзбекәлі Жәнібековтың есіміне байланысты еске алмай кетсек, ар алдында айыпты боларымыз анық.

Енді, сәл лирикалық шегініс жасап сол бір күндерді (1987–1989 жж.) еске алайық... Қазақ топырағының өзінде-ақ қазақ тілін қорғайтын қоғам қажет болды. Ол қоғамдық өмірден тәркі етіле бастаған ана тілімізге деген жұрттың көзқарасын өзгертіп, санасын оятуды, тілімізге мемлекеттік мәртебе әперу арқылы оны төніп келе жатқан қауіп-қатерден Заң (Конституция) арқылы қорғап қалуды мақсат етті.

Қоғам құру идеясы Академия құзырындағы Тіл білімі институтында туып, ол үшін күрес осы мекеменің қабырғасынан басталды. Шынын айту керек, басында бұл идеяны қолдаушылар, өкініштісі, арамызда аз болып шықты. Сондағы олардың айтары: «оның қажеті не?». Шынында да, бұл ғасырлар бойы бойымызға сіңіп қалған бойкүйездік, тоғышарлық әдеттен бірден құтылудың қиындығынан еді.

Міне, осы бір тұста, басқаны былай қойғанда, тіпті тіл маманы, тіл жанашыры саналатын кейбір қаламдастарымыздың бірауыздылық танытудың орнына теріс айналып кетіп жатқан кезінде, «Қазақ тілі» қоғамын құрамыз» деп, жатпай-тұрмай әрекеттеніп жүрген біздерді (олар да көп емес: Ә.Қайдар, Ө.Айтбайұлы, сондай-ақ Ғ.Әнесов, Т.Өмірзақов сияқты жастарды) басқа жерде емес, «Жоғарғы үйде» дұрыс түсініп, алғаш қолдау көрсеткен бір-ақ адам болды... Ол – сол кездегі (1988 ж.) республикадағы идеолог-хатшы Өзбекәлі Жәнібеков еді.

Қоғам құру бағдарламамызды жасап, алғаш рет (Ө.Айтбаев екеуміз) Өзекеңнің қабылдауында болдық. Бұл кезде белгілі желтоқсан оқиғасынан кейін жеке адам емес, бүкіл қазақ халқы «ұлтшыл» атанып, тоталитарлық режімнің әлі қылышынан қан тамып, саяси ахуал қыл үстінде тұрған кез болатын. Сондықтан да, идеолог-хатшыға «қойындар мұны деп» деп, ісімізді итере салу түк емес еді. Олай болмады... Бізді мысқылдап сынай отырып, Өзекең біз ұсынып отырған ұсыныс – «Қоғам ашудың» мақсат-міндетін тәптіштеп сұрап, мән-жайын әбден ұғып алғаннан кейін, сол кездегі идеолог-хатшыларға тән сақтық жасап, қарсы болудың, не «көрейік» деп, сөзбұйдаға салудың орнына, бұл идеямызды бірден қолдап, тіпті оны мемлекет деңгейінде іске асырудың жол-жорақтарын айтып, өзі де бұл іске қызу араласып кеткен еді... Осы орайда Өзекеңнің ақыл-кеңесімен қоғам құру үшін Құрылтай шақыру

мәселесі, қоғамның бағдарламасын, жарғысын ресми бекіту, қоғамның өз үні – «Ана тілі» газетін шығару т.б. осы сияқты біздің қолымыздан келе бермейтін толып жатқан ұйымдастыру мәселелеріне «бейресми түрде» (өйткені бұлар идеолог-хатшының міндетіне жатпайтын істер болатын) қызу араласып кеткені әлі көз алдымда, әлі есімде.

Бұлардың бәрі айтуға ғана оңай, бірақ тап сол кездерде жүзеге асыру қиямет қайым іс еді. Бұл істе де Өзекеңнің өзіне тән іскерлігіне, өжеттігіне, парасаттылығы мен ұстамдылығына тәнті болмау мүмкін емес еді. Ел басқарудан қалыптасқан мол тәжірибе оның әрбір істі он ойланып, тоғыз толғанып барып шешетінін мен, әсіресе, екі мәселе түсында ерекше аңғардым. «Болашақ қоғамның басшысын кім деп атаймыз?» – «төраға» ма, «председатель» ме, жоқ әлде «президент» пе? деген мәселеге дейін біз Өзекеңмен ақылдасып отырдық. Көп таластан кейін біздің дәстүрімізде бұрын-сонды көп қолданылмаған «президент» деген лауазымға келістік. «Не көп, колхоздың председатели көп», жиналысты басқаратындар да – «төраға»... Қоғамның беделі жоғары болсын десеніз, Өзеке, оның бастығын «президент» деп атайық» деген менің уәжімді естігеннен кейін ол біздің (Өмірзақ Айтбаев та бар) бетімізге қарап, өзінің әдеті бойынша, жымың етіп бір күлді де, «жарайды президент болса, президент-ақ болсын!» деп келіскен еді. Сөйтіп «Қоғамның» жарғысында оның бастығы «Президент» болып аталынды. «Қазақ тілі» қоғамын құруға арналған I Құрылтайда мен бірауыздан президент болып сайландым. Енді байқап қарасам, сол кезде қоғамдық әмірде менен басқа президент лауазымдылар болмаған сияқты. Ал елбасы – Президентіміз 1991 ж. сайланғаны мәлім. Бұл президенттердің арасы жер мен көктей болса да, көпке дейін қарапайым жұрт олардың деңгейін шатастырып келгені белгілі. Сондықтан да болар, бір әңгімені күлкі үшін айта кетейін... 90-жылдары тіл тағдыры туралы қарапайым халықтан менің атыма келіп жататын көп хаттың бірінде: «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті Ә.Қайдаров мырзаға...» делініпті де, одан соң көшірмесін: Президент Н.Ә.Назарбаевқа...» деп бағыштапты...

Қалай болғанда да, Өзекеңнің дуалы аузымен аталып қалған «Қазақ тілі» қоғамының бастығы әлі күнге дейін сол президент қалпында және содан кейінгі дәуірде президенттер саны жүздеп, мыңдап саналса да, қасиетті «Қазақ тілі» қоғамының президенті Өзекең көтерген деңгейінен төмендеген емес, төмендемейді де.

Өзекеңнің бір араласқан мәселесі Қоғамның аты болатын. О баста біз Қоғамға екі түрлі ат – «Ана тілі», «Қазақ тілі» – лайықты деп есептеп, таңдауын, шешімін Құрылтайдың еркіне қалдырдық. Өзекеңнің көбірек айтқаны «Ана тілі» болды. Ондағы ойын біз жақсы түсіндік: егер Қоғам «Ана тілі» болып аталғанда, ол құзырында Қазақстанда жасаушы басқа

ұлт өкілдерінің тілін түгел қамтыған және, ең бастысы, өкімет тарапынан қаржыландырылған болар еді. Өзекеңнің көкейінде осы мәселе тұрды. Бірақ бұл мәселе Желтоқсан оқиғасынан кейін жүз берген қоғамдық өмір үрдісіне сай «Тіл тағдыры – ел тағдыры», «Қазақ елі», «Қазақ тілі» деген ұранды сөздермен, көтеріңкі сезіммен басталған Құрылтай (ол М.Әуезов атындағы Академиялық драма театрында 1989 ж. 21 қыркүйекте) рухында (Республикалық «Қазақ тілі» қоғамы болып) шешілген болатын. «Қазақ тілі» қоғамының кейінгі жылдардағы мүшкіл жағдайын көріп, біліп жүрген Өзекең бізге «қаржыдан қағылғандарыңды енді ұқтыңдар ма?» деп күліп қоятын. Барлық ұлттың басын біріктіретін Қоғам «Ана тілі» аталмағандықтан, бүгінгі ұлттық мәдени орталықтарының басын қосып отырған Қазақстан халықтары ассамблеясының дүниеге келгені де белгілі еді. Болар істің алдын болжайтын Өзекеңнің бір қасиетін осы арадан да байқауға болады.

2. Тілімізге мемлекеттік мәртебе бергізу де хикаясы аз болған жоқ. Үкімет басына келген күннің ертесіне-ақ жүргізе бастаған Колбиннің тіл саясатына бірлі-жарым адам тұрмақ, барша зиялы қауымның қарсы тұруы оңай болған жоқ. Билік пен әкімшіліктің бәрі бір қолда болды. «Ақ» дегені – алғыс, «қара» дегені – қарғыс... Әйтсе де Желтоқсан желімен сейіліп, санасы ояна бастаған жұртшылықтың өз тіліне деген көзқарасы өзгеріп, бір заманда өзін «қазақпын» деп атауға қымсынатын, тіпті намыстанатын бауырларымыз ендігі жерде (1987–1989 жж.) «Ел тағдыры – тіл тағдыры!» деген ұранға қосылып, қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе талап етіп, ел алдында ашық айтатын болды, алыстағы ауылдағы қалың жұрт «ұлықтың» атына, «үлкен үйге» хат жолдайтын болды. Бұлардың Колбин құлағына бірі жетсе де, бірі жетпеді; жеткендеріне ол жете түсінбеді, түсінгісі де келмеді. Келіп жатқан хаттар қап-қап болып, «үлкен үйдің» қойны-қонышына толып кеткен болатын. Бірақ қалың жұртшылықтың жан дауысына құлақ асудың орнына, бірінші басшы келген бірінші күнінен бастап, кеткен күніне дейін Қазақстанда қостілділік негізінде мемлекеттік тіл жасаймын деп әлек болды. Міне, осы бір сәтте, мәселенің шиыршық атып, «тіл ауруының» асқынып тұрған кезінде Өзекең ерекше ақыл-парасаттылықпен тағы бір ерлікке бергісіз іс жасады. Ол идеолог-хатшы ретінде бөлімдерге (бастығының бірі – М.Жолдасбеков мырзаға) арнайы тапсырма беріп, сол хаттарды талдап таратып, ана тілі туралы шындықтың (алғаш рет ресми түрде!) қанын шығара айтып, қалың жұрттың қатал талабын қағаз жүзінде Колбиннің қолына тигізуге тапсырма берген болатын. Міне, осы құжат (оның бір көшірмесі біздің қолымызда) тіл туралы дау-дамайдың бетін бері қарата бастады. Мемлекеттік тіл мәселесін шешуге арналып 26 адамнан комиссия құрылды, бірлі-жарым пікір баспа бетінде ашық айтыла бастады...

Осы істердің бәрін қазір, он жыл өткеннен кейін, еске алып, тағы бір зерделеп қарасам, халықтың санасын оятып, рухын көтеруде Өзекеңнің «жоғары үйде» жайбарақат отырған болып-ақ, перзенттік борышы ретінде атқарған ұлан-ғайыр еңбегінің де зор үлесі болған еді.

Зиялы қауым мұны білуі, ал қарапайым халық ұмытпауы тиіс.

3. «**Ақтаңдақтар**» жөнінде бір үзік сыр.

Алпыс жылдан астам уақыт арамыздан аласталып, ғылыми, рухани мұрасын игеру былай тұрсын, атын атуға тыйым салынған, тіпті аты түгіл «АБ» деген қысқартудың артында «Ахмет Байтұрсынов тұр» деп шошып, цензура пышағымен том-том кітаптар туралған күні кешеге дейін біз Ахаңның артында қалған бай мұрасынан бейхабар, ғұлама ғалым, ұлағатты ұстаз, қоғам қайраткері, ұлтжанды ұлан ретіндегі азаматтығын бағалай алмай, жан дүниесіне түсінбей, табиғатын танымай өскен ұрпақпыз. Бірақ сол Ахаңды (соның қатарында Шәкәрім, Мағжан, Жүсіпбек т.б. арыстарды) «ақтаңдақтан» аршып алып, халқымен қауыштырған да осы ұрпақ. Алайда, оның мән-жайын, кейбір сырын қарапайым жұрттың бірі білсе де, бірі білмейді... Айтайын дегенім осыған байланысты.

Байқасақ, бүгінде Ахаңды, мақтап-марапаттаушыларды былай қойғанда, «мен ақтап алдым!» деушілердің саны күннен-күнге көбейе түсуде. Тіпті олардың арасында күні кеше ғана Ахаңды «халық жауы» ретінде жерден алып, жерге салып жүргендер де баршылық...

«Тарих – шындықтың баламасы». Олай болса, «Ахаңды ақтап алуға кімдер атсалысты, кім бастады, кім аяқтады, бұл игілікті іске кім қандай үлес қосты» деген мәселелердің бәрі тарихта айқын болғаны жөн.

Осы бір істің өз кезінде (1988–89 жж.) басы-қасында болғандардың бірі ретінде – мен айтқан болар едім: «бұл мәселенің алғаш қойылуында, дұрыс шешілуінде ең басты роль ойнаған – республикадағы бас идеолог, мемлекет қайраткері, ғұлама ғалым Өзбекәлі Жәнібеков болатын».

Тоталитарлық режимнің іргесі әлі шайқала қоймаған кезде, желтоқсан оқиғасынан кейін барша қазақ халқының бетіне «ұлтшыл» деген таңба басылғаннан кейін «ақтаңдақ» мәселесін күн тәртібіне қойып, ресми сөз етудің өзі ерлікке бергісіз батылдық еді. Ал Өзбекәлі Жәнібеков осыған барды. Басын бәйгеге тігіп барды. Көп машақаттардан кейін мәселе дұрыс шешілді. Ахаң «ақталып» арамызға оралып, ел-жұрт мәре-сәре болды, бүгін де сол қуаныш жалғасуда. Ал Өзекеңнің ерлікке бергісіз еңбегі еленбей қалған сияқты... Мен осы бір ақиқат пен шындықты айтпай кетуді өзіме ар көрдім.

Менің білетінім: Өзекең бұл мәселеге көптен дайындалып, «ақтау» деген өз шешіміне тас түйін болып іштей бекінген еді. Бірақ сыр тартып, тамырын басып көру үшін ол қазақтың игі-жақсы ақсақал-қа-

расақалдарын өзіне (Орталық комитетке) шақырып алып, олармен бір-неше рет сұхбаттасқан болатын.

Сонда «халқымыздың бетіне таңба болып басылған дақтан қалай тазарамыз?» деген сұраққа белгілі ғалым Рабиға Сыздықовадан басқа, ұлы ағаларымыздың бірде-біреуі «ақтайық» деген бір ауыз сөзді айта алмай, күмілжіп, төмен қарап қалғаны әлі көз алдымда. Шынында да, қоғамдық сана дәл сол кезде бұл мәселеге толық дайын емес еді.

Сонымен, бұл мәселе Орталық комитет құрған арнайы (20-дай адам) Комиссияға тапсырылған болатын. Ахмет Байтұрсынұлы туралы материал дайындау тіл маманы ретінде Р.Сыздықова мен маған тапсырылған еді. Ахаңның ұмыт болған рухани мұрасын толық анықтау үшін көп ізденуге тура келді: адамдарымызды жіберіп, Москва, Қазан, Ташкент т.б. қалалардағы архивтерді ақтарғтық, із-тозсыз жоғалып кеткен кейбір еңбектерін Ахаңның көзіндей көріп, сандық түбіне сақтап жүрген адамдардың қолынан іздеп таптық. Қысқасы, комиссия мүшелері дайындаған материалдар қорытылып, «ақтандақтар» ақталсын деген шешім (1988 жылдың 28 желтоқсанында) қабылданған еді. Айта кетуге болады: Ахмет Байтұрсынұлының саяси жағынан да, азаматтық тұрғыдан да толық ақталуынан кейінгі алғашқы мақаланы Р.Сыздықова екеуміз жариялаған едік (қараңыз: Ә.Қайдаров, Р.Сыздықова. Сан қырлы саңлақ дарын. «Социалистік Қазақстан», 4 қаңтар 1988 ж.).

Демек, бұл бір адамның емес, бір топ комиссия мүшелерінің игілікті ісі болатын. Бірақ бұл істің басталуынан тартып, табысты аяқталуына дейін тізгін-шылбырдың бәрі бір адамның ғана қолында болды. Ол адам, бүгінде біздің арамызда жоқ, марқұм Өзбекәлі Жәнібеков болатын.

Өзбекәлі Жәнібеков – қазақ халқының тарихында өзінің дарындылығымен де, парасаттылығымен де, қайраткерлігімен де, ғалымдығымен де, ғажайып іскерлігімен де өз атын қалдырған ірі тұлға. Ол өзінің барша болмысында биік тұғырдан көріне білген **Азамат**.

Қоғам қайраткері Ө.Жәнібековтің туғанына – 75 жыл // Azamat. 2006. 1 желтоқсан. №296-297. 5 б.

Ата аруағын сыйпаған...

Бұл, ұмытпасам, 1975 жылдың күз айлары болатын: сол кездегі «Лениншіл жас» газетінде басылған ақ сақалды, қыр мұрынды, өткір кара көзді, ер тұлғалы адамның суреті еріксіз назарымды аударды. Бұл сурет Әбілхан Қастеевтің «Сүйінбай ақын» деп аталатын белгілі картинасының көшірмесі еді. Сурет жай емес, Сүйінбай ақын жайында жазылған көлемді мақалаға байланысты беріліп отыр екен. Мақаланың авторы – Сәрсенбі Дәуітовпен алғашқы танысуым, міне, осыдан бастал-

ды. Сұрастырып қарасам, ол М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының аға лаборанты екен. Ол газет-журнал беттеріндегі өлең-жырларымен жиі-жиі ұшырасып қалып жүрген, көп ізденіп, өндіре еңбек жазып жүрген, әрі ақын, әрі талапкер жас ғалым болып шықты.

Бірде «Жалын» журналынан жастар бойындағы ақындық қасиетті тап басып, бірден танитын жыр дүлдүлі Әбекеңнің (Тәжібаевтың): «Мен өлеңші атаулының бәрін ұната бермеймін, ал мына Сәрсенбі жырларына еріксіз үңілдім. Бәріңіз де үңіле қараңыздаршы, осы жігітте ақын сөздері аз емес» деген пікірін оқыдым. Ақын ағаның уәли аузынан шыққан осы бір жылы лебізі бір жағынан «жарым ырыс», жас ақынды шабыттандырса, екінші жағынан оқырман қауымның да оған деген ілтипатын арттыра түскен сияқты. Міне, содан ба екен, кім біледі, кейінгі жылдардың ішінде Сәрсенбінің өлең-жырларының бес жинағы жарық көріпті, оған әдебиетші қауым үлкен-кішілі болып (М.Қаратаев, Х.Әдібаев, К.Ахметова, Б.Сарбалаев, С.Негімов, т.б.) ағынан жарылып, ақ көңілін түгел білдірген екен.

Бірақ, ғылым сарайының табалдырығын ақын болып аттаса да, оның төсіне озған Сәрсенбінің жан дүниесін осы институттың қабырғасында сақталатын, бірақ, белгілі объективті жағдайларға байланысты оның архив сөрелерінде шаң басып, тұмшаланып жатқан асыл да мол қазына – ақын-жырау бабаларымыздың бай рухани мұрасы мен халық ауыз әдебиетінің інжу маржандары бірден өзіне баурап алған еді. Ендігі жерде жас ақынның аңсары осы мұраға ауып, тіпті ақындық кәсіпті де ұмытып, барлық уақытын мол дүниені зерттеуге бағыштаған-ды.

Бірақ ол кезде халықтың ұлан-ғайыр мол рухани, әдеби байлығының есігі бүгінгідей айқара ашылмаған болатын, оларды кеңінен зерттеуге, жариялауға мүмкіндік жоқ еді. Өйткені, сонау қырқыншы жылдары партия тарапынан қабылданған ресми қаулы бойынша ол дүниелердің көбіне «қарғыс таңбасы» басылып, тыйым салынған болатын. Замана өзгерді, тарихи «ақтаңдақтар» айқындала бастады, «өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанып» Ахмет, Міржақып, Мағжан, Шәкәрім, Жүсіпбек т.б.с.с. біртума тұлғалардың бай мұрасымен ел-жұртымыз қайтадан қауыша бастады. Міне, мәдени өміріміздегі осы бір қайталанбас кезеңде халық мұрасын қалпына келтіруге, жариялап, паш етуге ерен еңбегімен ат салысқан бір топ азаматтардың арасынан Сәрсенбі Дәуітовтің есімін өз басым ерекше атағым келеді. Әсіресе жас ұрпаққа беймәлім, кейінгі жарты ғасырда әдебиет, ғылым дүниесінде аттары аталмаған ақын-жыраулардың ондаған жүздеген өлең, жыр, толғау, терме, дастандарының оқушы қауыммен жүз көрісуі – халқымыздың санасы оянып, қайта түлеу заманында ерекше мәні зор құбылыс еді. Міне, осы тұста тек кейінгі жылдардың беделінде ғана баспа бетінде: Шортанбай, Дулат, Кемпірбай, Әсет, Албан Асан,

Марқасқа жырау, Марабай, Жанак, Ұлбике, Сақау, Бактыбай, Дәуіт, Өмір, Бөлтiрiк, Мәшһүр Жүсiп, Жүсiпбек Шайхисламұлы сияқты толып жатқан ақын-жырау шығармаларын зерттеуде, жариялауда Сәрсенбі еңбегiмен көзге түстi.

Сәрсенбі еңбегiнiң қалың жұртшылықтың құлағын елең еткiзген бiр тұсы – Мәшһүр Жүсiптiң мұрасын зерттеп, жариялауы. Ғұлама ғалымның еңбегiн оншақты жыл сарыла зерттеудiң нәтижесiнде оның екi томдық кiтабын дайындап, «Ғылым» баспасына ұсынған да осы Сәрсенбi. 1990 жылы шыққан оның бiрiншi томын жұртшылық пышақ үстiнен таратып әкеттi. Екiншi томы 1991 жылы шықпақ едi, әлi көре алмай отырмыз. Айта берсе, Сәрсенбiнiң мұндай еңбектерi өте көп. Бұл iстiң бәрiн ол ғылыми зерттеу жұмысын жаза жүрып, монографиялық еңбегiн жариялай («Көңiл сазы» деген кiтабы 1989 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан) жүрiп тыңдаған екен.

Баршаға мәлiм, 1989–1990 жылдары ел «Ақтаңдақтар» жылы, ал 1991 жылы «Батырлар жылы» деп атап жүр. Сәрсенбiнiң бұл тарихи жылдарға да қосқан жеке басының үлесi аз емес. Мәселен, 1988 жылы шыққан Шәкәрiмнiң, 1989 жылы шыққан Ахметтiң шығармалары жинақтарына да ол белсене атсалысты. Ретi келгенде айта кету керек, Ахмет Байтұрсынов пен Халел Досмұхаметовтiң лингвистикалық ғылыми-ағартушылық еңбектерiн iздеп, тауып реттеп шығаруда Сәрсенбi сияқты жас ғалымдарымыз Ғарифолла Әнесов пен Аманқос Мектеповтардың да еңбегi зор.

Сәрсенбi «Батырлар жылына» тарту етiп, «Төле би» мен «Райымбек батыр» атты екi кiтапшасын ұсынды, Қабанбай батыр, Бөгенбай батыр, Домалақ ана жөнiнде жазғандары бiр төбе. Абылай хан жөнiнде бұрынсоңды айтылған ұлағатты сөздер мен жыр-дастандарды тәптiштеп жинап, «Абылай хан» атты (30 б.т.) үлкен жинақ-кiтапты «Жазушы» баспасына тапсырып отыр.

Жас ғалымның алдына қойған мақсат, ғылыми-шығармашылық жоспарларын сөз етпегеннiң өзiнде, осы айтылған қыруар еңбек екiнiң бiрiнiң қолынан келе бермейтiн мол дүние емес пе? Егер осыншама көп iстi Сәрсенбi емес, айталық, одан басқа лауазым-атағы биiктеу, мәнсабы жоғарылау бiреу болса, ол ел аузында жүрер ерлiкке баланар едi, мақтау-марапатау да, әрине, көп болар едi. Өйткенi бiзде азаматтың бағасы көбiнесе iсiне, iскерлiгiне емес, бiр кезде ие болған абыройына, атақ-лауазымына қарай берiлуi дәстүрге айналған ғой.

Бiрақ мен, мiне, осы бiр қасаң дәстүрдi бұзып, рухани дүниеге сусап отырған жұртшылықтың көңiлiнен шығып, ата-баба мұрасын жаңғыртуда ерен еңбек етiп, жас та болса азаматтық тұғырдан көрiнiп жүрген iнiмiз Сәрсенбi туралы бiр-екi ауыз жылы сөзiмдi айтып, ризашылығымды бiлдiрудi жөн көрдiм.

Бұл, әрине, Сәрсенбінің мүшел тойына немесе лауазымының көтерілуіне т.б. салтанатына байланысты айтылып отырған арнау емес.

Бүгінде егеменді ел болып, тәуелсіз де дербес мемлекет болып, жаңаланып, жаңғырып, қайта түлей бастаған халқымызды мәңгіртке айналып бара жатқан ұрпақтарымызды тамаша рухани дүниемізбен жүздестірудің мәнін аз сөзбен айтып жеткізу қиын. Басқаны былай қойғанда, тау бұлақтарындай әр тұстан бөгіліп жатқан осы бір рухани байлығымыз небір ұмыт болған баға жетпес сөз маржандарымен (нақыл сөз, мақал-мәтел, фразеологизм, жұмбақ, теңеу, бейнелеу т.б.) ең алдымен қасиетті ана тіліміздің қазынасын еселей түсті, рухани дүниеміздің көкжиегін кеңіте түсті. Тіл маманы үшін бұл да «өлгеннің тіріліп, өшкеннің жануымен» бара-бар. Сондықтан да болар, халқымыз кие тұтатын тілінің бал қаймағын бойында сақтап, тұмшаланып жатқан асыл қазына – ақын-жырау мұраларын жаңғырту арқылы ата-бабаларымыздың салт-дәстүрін, болмысын танытуға жарғақ құлағы жастыққа тимей, атсалысып жүрген Сәрсенбідей азаматтарға қалың жұртшылық дән риза.

«Ата әруағын сыйлаған арымайды» дейді ғой қазақ атам. Мен де Сәрсенбі інімізге осынау игілікті істері үшін зор ризашылығымды білдіріп, «еңбегің жана берсін, ата-баба әруағы қолдай берсін!» деп, батамды беремін!

«Егемен Қазақстан», 4 тамыз. 1992.

Тұңғыры биік азамат

«Тау баласы тауға қарап өседі» (Мұқағали). Сонда оның аңсар арман мен балаң қиялы – таудың биік басына шығып, соның шың-құздарынан айнала әлемді шолу, оны биіктен танып-білу болса керек.

Тау басына әркім-ақ шыққысы келеді, талпынса-талаптанса, шығады да. Оған өрмелеп жылан да, қанатын самғап қыран да, еңбегін жалдап адам да шыға алады. Демек, биікке шығу, биіктен көріну – құмарлық қана емес, символдық сипаты мен өмірлік сыры мол сын-сынақ деген сөз.

Асқар биік Алатау өркештерінің алыстан көзге түсетін осы төңіректегі таулардың ең биік шоқысы әлімсақтан бері **«Хан Тәңірі»** деп (қытайлықтар оны «Тянь-Шань» деп аударып алған), ата-бабаларымыздың Тәңір тұтып, сиынып та сүйініп келе жатқан құтты мекен. Жетісу төріндегі осы бір қасиетті таудың етегінде дүниеге келген (1941 ж.) ініміз **Әділ Ахметов** те сол таудың құзар биігін шолып соған қарап, ержеткен – төл перзенттерінің бірі.

Бүгінде жасы 60-қа келіп, ел азаматы атанып, ер жігіттің ерен еңбегімен ғана көтеріле алатын азаматтық биік тұғырдан көрініп отырған Әділ Құрманжанұлы Ахметовтың осы бір аз да емес, бірақөнегелі де өзіндік

өрнегі мол, мәнді де сәнді құмырының қыры мен сырына пайымдап қараған адам көп нәрсені аңғаратын сияқты. Кезінде Хан Тәңірі етегіндегі Нарынқол ауылынан білім, ғылым іздеп, асыл арманын арқалап, қалаға (Алматыға) аттанған. 17 жастағы қазақтың сол бір қара домалақ баласы, бүгінде араға 40 жылдай уақыт салып, сонау Еуропа төріндегі өркениетті елдердің бірегейі – Ұлыбританиядағы және онымен көршілес Солтүстік Ирландия құрама корольдігіндегі, Ирландия Республикасындағы, әрі Норвегия, Швеция корольдіктеріндегі Қазақстан Республикасының төтенше және өкілетті елшісі болып, мәртебелі биік қызметімен көрініп отырса да, сол Әділ ініміздің тұла бойы тұлғасынан тең-құрбы, жора-жолдастары ең алдымен қарапайым қазақы қалпын, Хан Тәңіріндей биік асқақ талабы мен асыл арманы, өзгере қоймайтын өзіндік мінез-қылығын бұлжытпай таниды.

Бұл ғана емес: Әділ Құрманжанұлы өзінің саналы да сәнді ғұмырының ішінде бір адамның бойына сия бермейтін ұлан-ғайыр тіршілік тындырып, елеулі табыстарға қолы жетті, атақ-лауазымдардың да біразын иегерген екен. Әрине олардың баршасын тәптіштеп, талдап-таратып жатуды мақала көлемі көтере бермейді.

Дегенмен, ініміздің мерей жасын арнайы сөз етіп отырған, сол табыстары мен өмір белестерінің бірер сәттерін атап өту де орынды сияқты. Оның басқа себептері де жоқ емес: осы мақаланы жазып отырған пақырыңыз Әділ Құрманжанұлымен бұдан 30 жыл бұрын араласа бастап, тіл маманы ретінде онымен жақыннан таныстығым оның 1973 жылы кандидаттық диссертация қорғауында бірінші ресми оппонент болып, төрелік айтуыма байланысты болды. 1995 ж. *«Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер»* атты докторлық диссертациясына ғылыми жетекші болуыммен жалғасып, күні бүгінге дейін үзілмей келе жатқан аға-іні, ұстаз-шәкірт арасындағы достыққа айналып отырған жәйі бар.

Сондықтан да болар, мен Әділ Құрманжанұлының о баста шет тілдер институтының алғашқы түлектерінің бірі ретінде басталып, талай жылдарды қажырлы еңбекпен атқарып, бүгінгі биік тұғырына көтерілгенге дейінгі барша саналы ғұмырын біршама білемін және оны үш-ақ салаға бөліп қарауға болады деп айта аламын: оның бірі – ұстаздық, екіншісі – ғалымдық, үшіншісі – қайраткерлік.

Біз шынында да Әділді еңбекке, білімге, ғылымға, қоғамдық өмірге деген ынта-жігер, күш-қайрат, талғам-талап, дарын-талантымен, оның барша адамгершілік болмыс-бітімімен түгелдей осы үш саладан таба аламыз, оны *«ұлағатты ұстаз»* деп, *«ғұлама ғалым»* деп мақтана да, *«тағалым-танымды биік,білімді де білікті»* (білім, ғылым, мәдениет ісіндегі, қоғамдық, мемлекеттік) *қайраткер»* деп мадақтай аламыз.

«Алыс сапар да алғашқы қадамнан басталған» дегендей, біз білетін Әділдің алғашқы өкілі қадамы зиялы қауымды селт еткізіп, назарын аударған үлгілі ісі – жетпісінші жылдары шетел меймандарын, ағылшын тілінен бірден қазақшаға, қазақшадан бірден ағылшынға мүдірмей, мүлтіксіз аудару қабілетін танудан басталған еді. Ол кездерде ағылшынды орысша арқылы аудару тәсілі – әсіресе біздің қазақ қауымында қасаң болып қалыптасқан қатаң қағида болатын. Сондықтан да болар, Әділ өзінің институттан алған мамандығын ойына сіңірген көптің көзіне түсіп, көңілінен табыла білген, өз қатарының алды бола біледі.

Міне, содан бері ағылшын тілінің маманы ретінде өзін бүтіндей ұстаздыққа бағыштап, жасөспірім бойына өркениет өнерін дарытуға атсалысқан Әділ Құрманжанұлы табаны күректей 34 жыл бойы өзі білім алған «алтын бесігінде» – ол бүгінде Абылай хан атындағы Қазақ мемлекеттік халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті деп аталады – оның көптеген асу баспалдақтарын аттап-адымдап емес, біртіндеп асықпай басып, қатардағы мұғалім, аспирант, аға мұғалім, доцент, профессор, декан орынбасары, декан, оқу ісі жөніндегі проректор және ректор қызметін түгел атқарып, осы қара шаңырақтың төл түлегі ретінде оның барлық ыстығы мен суығына көніп, оның қайта құрылып жаңғыруына, жаңалануына, материалдық-техникалық базасының өсіп, ғылыми-педагогикалық қызметкерлерінің арта түсуіне, студенттер санының жыл санап өсуіне, білім, ғылым, мамандық шеңберінің кеңеюіне тікелей атсалысып, арнайы атсалысу арқылы мол атақ-абыройға ие болған шын мәнісіндегі ұлағатты ұстаз болып саналады.

«Ағаш бір жерде тұрып гүлдейді» дегендей, байқап отырсаңыз, Әділ Құрманжанұлының барша күш-қайраты, жастық жігері, шалқыған шабыты мен дарын-қабылетінің бәрі түгелдей осы университеттің игілігіне бағышталған екен. Оның қабырғасынан мамандық алып, бүгінде барлық шетелдермен экономикалық, сауда, мәдени, саяси т.б. салаларда жіті араласа бастаған елдермен Егеменді Қазақстанның *«алтын көпір»*, *«құстың ұшар қанаты мен қонар құйрығы»* іспетті болып отырған мындаған жас кадрларды дайындауға, олардың бойына инсани ізгі қасиет дарытуға университеттің ғана емес, Әділ Құрманжанұлының жеке өз басының да қосқан үлкен үлесімен ұстаздық, ұйымдастырушылық қабілетін де ілтипатпен атап өту мерейгер құрметі үшін артық емес. Әділдің ұстаздық қызметін тек университет қабырғасымен ғана шектеуге болмайтын сияқты. 1990–1992 жылдары Американың Аризона штатындағы Алматымен бауырлас Тусон қаласында абыроймен атқарған уәкілдік бағалаудың, құрметтеудің дәстүрлі нышаны.

Алайда, осыншама көп мәнсап, атақ-лауазым арасында Әділ ініме айтылмай тұрған: *«Нағыз адам»*, *«Жаны жайсаң, жүрегі таза ел пер-*

зенті», «Тұғыры биік азамат» деген тағы біраз әділ бағаның бар екенін, көңілде тұрғанын ескерткім келеді. Басқа бағаны айтпағанда, тек «*тұғыры биік азамат*» деген сөзге қазақ атам ерекше мән береді. Ол: «*Жүйрікте де жүйірік бар, қазанат жәні бір басқа; Жігітте де жігіт бар, Азамат жәні бір басқа*» деп, тұғыры биік, талабы зор, дарынды да парасатты, білімді де білікті Әділдей азаматты асқақтата жоғары бағалап келеді. «*Илаһим, солай халықтың қадірмені ұлы бола бергей!*» деп біз де тілейміз, ақ батамызды арнаймыз.

Әділ Құрманжанұлы қара басының қамын ойлап, өзімен ғана болып, өзгеден аулақ, оқшау жүретін томаға-тұйық жан емес. Оның ерекше сыпайы, сыршаң мінезі, кез келген адаммен сөз табыса білетін абзал қасиеті, үлкенге іні, кішіге аға бола білетін кең пейіл, әрқашанда дос-жарандарының арасынан көрсетеді. Табиғатына тән қасиет – таным-талғамның биіктігі, іскерлігі, үлкен-кішіге ізеттілігі.

Әділ Құрманжанұлы – алтын ошақ, отбасын қатты құрметтейтін, сүйген жары – Дариғасын өзінің оң қасы, ақылгөйі деп сыйлайтын, балалары – Қарлығаш, Нұрлан, Нұржандарын, келіндерін мәпелеп өсіріп, ел қатарына қосқан, немерелерін мәпелеп өсіріп отырған «*отағасы*», «*жар*», «*әке*», «*ата*» атақ-лауазымының да баршасын түгел иеленген абзал жан.

«Елдестіркемек – елшіден» дегендей, өз тарихында алғаш тығыз қатынасып, достасып отырған Ұлыбритания мен Қазақстандай екі елдің арасын «*алтын көпір*» болып жалғастыру ұлы миссиясын табысты атқарып жүрген елші-дипломат ініміз Әділ Құрманжанұлы Ахметовтың 60-жылдық мерей тойына байланысты ер-азаматын сыйлап өскен қазақ қауымы, үлкен-кіші, аға-інілері мен замандас, қаламдас дос-жарандары атынан оны шын жүректен құттықтап, оған аға-ұстаз ретінде: «*Әманда алдыңа қойған мақсатың биік, ұстанған бағыт-бағдарың түзу, табысың мол, денсаулығың зор болсын!*» деп тілек айтамын! *Тойың құтты болсын бауырым!*

Сөз қырметін асқақтатқан азамат

*«Қазығұрттың басында кеме қалған,
Ол әулие болмаса, неге қалған?»
(Ежелгі нақыл)*

Ата-бабамыздан ұрпағына аңыз болып жеткен осынау бір киелі сөзді естеген сайын әркім-ақ бұл жұмбақтың тұңғыық сырына жауап іздеп, жан дүниесі ғажайып күй кешеді. Ежелден келе жатқан ел жадындағы аңызға сенсек, жер жүзін қаптаған топан судан кейінгі адамзаттың жаңа өмірі осы қасиетті таудың баурайында туып, кіндік қаны тамған, әлімсақтан

бері сол жердің топырағын басып, суын ішіп, ауасын жұтып жасап келген ата-бабаларымыз бен олардың бүгінгі ұрпағы – қазығұрттықтар да сол аңыздан қалған жандар болғаны ғой?

Әрине..! Сонда олар адамзат болмысындай, айдай әлемнің аядай алқабына нендей қасиет-қадірмен елден ерекшелене алады, басы жұмыр басқа пендеден бір мысқал болса да артық жері, үлгі аларлық, таңғаларлық өнеге-үлгісі бар ма? Көп жылдан бері мені қыйнап жүрген қияли сауал да осы еді. Қасиетті Қазығұртта болып, қазығұрттықтармен араласып жүргеніме де біраз уақыт болды. Бұл елдің егер болса, бір қасиеті осы шығар деген пайымдауларым да жоқ емес... Оларды – қазақ қазақ болғалы бергі бойында сақталып келе жатқан түркі тектілік пен көнеліктің көзіндей сақталып қанға сінген салт-дәстүр, тіл құдіретіне деген елден ерек құрмет деп білдім. Осының бір жанды үлгісін іздеп жүргенде, кейінгі кезде менің бір тап болған «табысым» – сөз құдыретін асқақтатып жүрген қазығұрттық азаматпен кездесуім болды. Ол – Рысбай Сәтімбекұлы. Ол қазақтың Мемлекеттік қыздар педагогтік институтының доценті, осы институтта 32 жыл бойы ұстаз болып келе жатқан, мамандығы биолог, белгілі ғалым, ақын ҚР білім беру үздігі, ұл-қыз өсіріп, немере өрбітіп отырған құрметті әке, ардақты ата, халқына танымал азамат.

Тіл маманы ретінде де ана тілін бір қазақтай-ақ сүйетін, соның тағдырына күйетін мен үшін Рысбайдың бойындағы басқа қасиеті – бір төбе де, тіл өнерін өркендетуге өзіндік өрнегімен атсалысуы, – сөз құдіретін көп алдында асқақтата алуы, көркем ойды көрікті сөздермен көмкеріп, көптен бері көпшілікті тәнті етіп жүргені – бір төбе. Мені тәнті еткен де оның осы өнері.

Сөз қадірін білетін атам қазақ «Шешен адам сөз бастар, көсем адам ел бастар» деп мақалдатады. Дүйім жұрт алдында көсілте сөйлеп, әсерлі де әдепті сөзімен жұрт көңілінен шығатын жандар, құдайға шүкір, қазақ арасында баршылық. Бұл арада сөз шын мәніндегі шешендік пен ділмарлық жөнінде болып отыр. Бұл үйренуден, жаттығудан емес, табиғаттың өзінен ғана сыйланатын ерекше дарын, қалаған адамға қона бермейтін, тіпті суырып салма ақынды да, сөз зергері жазушыда бола бермейтін сирек қабілет бұл.

Рысбайдың бұл қабілетін зиялы қауым көптен бері-ақ біледі. Өйткені Рысбай басқарған мереке-мейрамдарда, торқалы той, жиындарда оның бұл думанды өнеріне дән риза болған жұртшылық сөздерін түртіп алып, жаттап, бір-біріне айтып, таратып жүретінін біз білеміз. «Жақсы сөз – жарым ырыс» дегендей, шіркін сөздің құдіретті күші-ай, Рысбай басқарған қуаныш кештері мен мерейтойларынан той иесі де, тойға қатысушылар да, кей-кейдегідей шаршап, зерігіп емес, жаны семіріп, бойы серігіп, марқайып қайтады.

Сонда осының сыры неде? Мен айтқан болар едім: мұнын сыры – Рысбай ініміздің сөзге жүйрік шешендігінде ғана емес, әрбір жанның жанына жағымды, көңілін көтеріп, шабытын шалқытатын сөз тауып, айта білуінде. Әркімнің жүрегіне жол тапқан сыйқырлы сөздер («бальзам на душу дегендей») той барысында, ұзақ кеште бірде-бір қайталанбай, жаңаланып, жаңғырып отырады. Және бұл жайдақ, жаттанды сөздер емес, ініміздің жүрегінен шыққан жалынды да отты сөздер. Рысбайдың «Асыл сөзді ағайынға арнадым» (Алматы, «Нұр-Пресс», 1999, 65б.) атты өлеңдер жинағында сол сөздердің біразы жарияланған екен. Сөз парқы мен нарқына пайымдап қарасақ, бұлардың бәрі ағайынға арналған ақыл-нақыл, асыл сөздер екен. Оларды шығарушы автор да ел алдында, думанды топ алдында, ыңғайына қарай, жария етуші де акынның өзі. Бұл ақыл-нақыл сөздердің бәрі – екі не төрт тағанды қара өлең түрінде айтылған, кейін жазылған, әрқайсысы құнан қойдың сорпасындай маңызды, мазмұны терең, тақырыбы сан алуан серке сөздер.

Біз Рысбай көсем сөздерінің, зерделі ойларының астарына да үңіліп көрдік. Одан түйгеніміз: бұл сөздердің астарында әлеуметтік пафос, ұлттық пәлсапа, ұлтжанды мінез, ұстазға тән ұлағаттылық пен тағылым-парасаттылық байқалады. Рысбай сөздерінің бәрі жалпылама дәріптеу, мақтау-мадақтау емес, нақтылы тұлғаға бағышталған, оның бойына тән ең абзал қасиетін, ұлық мінез-күлқын жарқырата паш етіп, жан дүниесін тебіrentіп арнаулар «ұрпағына ұлағатын дарытқан» бабаларға, «асқар алатаудай ақсақалды» аталарға, «ақ жаулықты» аналарға, «өмір жолы өнеге» ағаларға, «ұлылықтың ұйытқысы» ұстаздарға, «арын биік ұстайтын» азаматқа, «заманын алға ал ға қозғаған» ғұлама ғалымға, «жаныңа жақсы қасиет сыйлайтын» нағашыға, «құдай қосқан» құдаға, «ел болмаса да, бел болатын, арқа сүйер жер болатын» жиенге, «мейірі мол, ақжарқын» әпкеге, «өмір көркі» қыздарға, «ақылды да, зерделі жарқын жүзді» жеңгелерге, «ата сыйлаған» келіндерге, «ансап жүріп, алдыңнан шығатын» ағайынға, «бұл өмірде орны бөлек» бауырға т.б. осы тәрізді бейнелі теңеу түріндегі нақтылы бағыштаулардан тұрады.

Рысбай көсем сөздерінің бірден адам жүрегіне жол тауып, ойыңды оздырып, бойыңды қоздыратын сыйқырлы сыры – сөз құдіретін аспандата көтеріп, әр сөздің өзіндік әсерінен әспетін таныта білуінде. Біз қолымыздағы жинақты ерінбей, түгел қарап шыққанымызда, бірден байқағанымыз: ол қазақ сөзінің отыздан астам түрін қолданып, әрқайсысының өзіндік мән-мағынасын орынды пайдаланыпты. Мысалы: сөз асылы: «Ел басқарар ақылмен дана көсем, сөз асылын айтады би мен шешен» (10 б); асыл сөз: «Асыл сөз асқақтатар арынды, Қуат беріп жүрекке, қыздырады қаныңды» (10 б); «Асыл сөзім – тыңдаушының ырысы, Қанса екен құлағының құрышы» (12 б); ақыл сөз: «Қазақ болып

туғаныма мақтанам, Бір-ақ ауыз ақыл сөзге тоқтаған» (12 б); Орынды сөз: «Орынды сөз оралымды болар, Естігеннің көңілі толар» (24 б); Ащы сөз, жақсы сөз: «Ащы сөз жүрекке жара салар, Жақсы сөз дертінді емдеп алар» (26 б); Жүйелі сөз: «Жүйелі сөз жүйкенді емдейді» (27 б); жел сөз, жеңіл сөз: «Жөні осы екен деп, жел сөзге де, жеңіл сөзге де елікпе...» (27 б); артық сөз: «Ойланбастан айтылған артық сөзде терең ұғым, мағына-мән болмайды» (29 б); жалынды сөз: «Тау өзені арқашан ағынды келер, жақсының сөзі жалынды келер» (31б); жылы сөз: «Жылы сөз жадыратар жаныңды» (33 б); орынды сөз: «Орынды сөз опық жегісбес, Ақыл сөз Ақылмен егіздес» (33 б); өтірік сөз, шын сөз: «Өтірік сөз өрге шығып озбайды, шын сөз шоқтай болып қозғайды» (37 б) т.т осылай жалғаса береді.

Сөз қадірін білетін зерделі жандар үшін бұлардың бәрі – ұстаз аузынан шыққан ұлағатты да, дуалы сөздер.

Ырысбай ініміз мұнымен ғана шектелмейді. Шешендік өнерін ұстаздық тәліммен ұластырып, өз ойын, өзіндік таным-тұжырымын ширатып, ақыл-нақыл өрнегіне түсіріп, мақал-мәтел етіп те ұсынады. Олардың біразы рухани қазынамызға қосылып, ел аузында жүр. Біразы аталмыш жинақта да беріліпті. Олар:

Астындағы тағынды ойлама,
Басындағы бағынды ойла. (37 б.)

Ұятың көзінде болсын,
Иманың сөзінде болын. (36 б.)

Тұлпар ат шабыстан көрінеді,
Ғұлама ғалым алыстан көрінеді. (34 б.)

Зергер ісіне сенеді,
Палуан күшіне сенеді,
Батыр өзіне сенеді,
Шешен сөзіне сенеді. (34 б.) т.т.

Айта берсек, Рысбайдың мұндай төлтумалары көп-ақ, бүгінде олардың көбісі 10 мыңнан астам қазақ мақал-мәтелдерінің қатарына қосылып, рухани өмірге «жолдама» алып отыр. Мақал-мәтелді шығаруға көп адам-ақ талпынады. Бірақ олардың жүрекке жол тауып, бағы жанғандары көп емес. Асыл сөз әлемінде із қалдыру, өзің деген әрбір азаматтың асыл арманы.

Мен Рысбайдың «Халқым менің – қазынам» деп аталатын жаңа жинағына алғы сөз жазып, ақ бата беру орайында оның барша азаматтық болмысын бағалап, ұзақ жылдарға ұласып келе жатқан ұстаздығын сөз

етуді, ғалымдығын саралап, ғылымға қосқан ұлан-ғайыр үлесін талдап – таратуды, қоғамдағы биік те белсенді позициясын (тұғырын) мадақтауды т.б қасиеттерін тәптіштеп жатуды мақсат еткен жоқпын. Тіл маманы ретінде мені көптен қызықтыратын Рысбай болмысының бір-ақ қыры – сөз құдіретін танытын, таныта білетін зерделілігі мен зергерлігіне ғана тоқталып, тәптілігімді аңғарта алдым ғой деймін. «Адамның барлық қадір-қасиетін оның сөзінен байқауға болады» дейтін де сөз бар. Мен де Рысбайдың өзін оның сөзін саралау арқылы ұққан сияқтымын.

Байқасам, Рысбай танып-білген рухани әлемінің ақыл-нақыл сөз өнерінен нақышталып, хатқа түсіп, жаңа жинақ болып шығуында да бір мән бар сияқты: Ініміз, 60-тың асқар асуына да келіп қалған екен. «Мерей тойың құтты болсын, қазыңұрттық бауырым!» демекшімін.

Мұндайда ағаның інісіне тілер тілегі мол, батасы ақ: «Саналы өмірінде халқына істеген жақсылығың алдыңнан шықсын, ағайынға арнаған ақ тілегің, адал ниетің өзіне де нәсіп болсын, шешендік өнерің артып, айтқан асыл да, игі сөздерің әулие-әнбиелердің құлағына шалынғай!» демекшімін.

Рысбайдай, мен акын емеспін. Сондықтан мен Рысбайдың кезінде 60-қа келген бір аяулы ағасына айтқан ақ тілегін қайталап өз сөзін өзіне бағыштап:

Іні өссе, ағаларға мұрагер,
 Азаматын ардақ тұтып тұрады ел.
 Өнегелі өміріңіз ұрпақтарға үлгі боп,
 Бәріңізге тірек болып жүре бер! – бауырым, демекшімін. Аумин!
*Р.Сәтімбекұлы. «Халқым менің – қазынам» (Алғы сөз).
 Алматы: Шартарап. 2000. 3-8 бб.*

Ұстаз ізген жәрмін

Бүгінде өзін сыйлай білген әрбір қазақ азаматының үйіндегі кітап сөресінен орын алып тұратын 12 томдық Қазақ энциклопедиясы мен 10 томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі», 5 томдық Ш.Уәлиханов шығармалары қатарынан қазақ, араб, парсы сөздерінің 5-6 томдық түсіндірме, анықтама) сөздіктерін де кездестіруге болады. Өйткені 70–80-жылдары бірінен соң бірі дүниеге келіп, қазақ лексикография саласында елеулі оқиға болып саналған бұл «Сөздіктерден» зиялымын деген азаматтың көз жазып қалуы мүмкін емес.

Міне, сол том-том («Арабша-қазақша түсіндірме сөздік», 1969, «Парсыша-қазақша түсіндірме сөздік», 1974, «Арабша-қазақша түсіндірме сөздік», 2 том, 1984,1989 т.б.) қызығы мен машақаты мол еңбектердің авторы – Нұрекең (Нұртас Дандыбайұлы Оңдасынов) болатын. Бүгінде

марқұм, кезінде өзінің барлық саналы өмірін, бойындағы күш-жігерін, ақыл-парасатын өз халқының қам-қажетіне жұмсай білген, оның ауыр жүгін қара нардай арқалап өткен азамат, мемлекет қайраткері Нүрекеңнің, жасы 60-тан асып, көп бейнеттің бір зейнетін көруге қадам басқан алғашқы күннің ертесіне-ақ тағы бір ғажайып жаңа өмірі – ғылыми шығармашылық өмірі басталып кеткен еді. Жоғарыда айтылған том-том сөздіктер, міне, оның сол «екінші өмірінің» жемісі еді.

Мен Нүрекеңнің осы еңбектеріне қатысым болғандықтан солар туралы жадымда қалғандарымды қағазға түсіріп, естелік ретінде қалдырғым келеді.

Менің өз басым ол кісіні сыртынан жақсы білсем де, жақыннан таныс болуым, жиі араласуым жоғарыдағы сөздіктерді шығаруға байланысты болды. Бұл таныстық бара-бара аға-іні арасындағы сыйластыққа, сырластыққа ауысқан еді.

Нүрекеңмен мені ешкім таныстырған жоқ. Біз өзіміз таныстық, дәлірек айтсам, Нүрекеңнің өзі мені академияға іздеп келіп, танысты. Бізді бірден жақындастырып кеткен Нүрекеңнің «Арабша-парсыша-қазақша қысқаша түсіндірме сөздігі» жайындағы ортақ әңгіме болды. Сол кездесуде біз көп әңгімелестік. Әңгімесі қандай сыпайы да әсерлі еді. Үлкен басын кішірейтіп, баласындай адамның алдына келіп: «Қартайсам да өзіме ақылдасар ұстаз іздеп жүрмін...», – деп бастаған керемет сөздері мені қалай баурап әкеткенін байқамай қалдым. Дегенмен, Нүрекеңнің бұл сөзінде, бұл келісінде мән бар екенін бірден сездім.

Нүрекең бір сөзінде осы біз отырған академияның зәулім биік сарайының алғашқы іргетасы үшін қазыла бастаған үлкен шұңқыр табанына үкімет адамдарымен (ол кезде Нүрекең Қазақстан Министрлер Кеңесінің төрағасы болатын) келіп, «Қазақ ғылымы күмістей таза болсын!» деген тілекпен күміс тиыннан шашу шашып, ақ батасын бергенін айтты. Міне, бүгін сол ғимараттың табалдырығынан имене аттап кіріп, алдымда отырған абзал ағаның сыпайылықпен «ұстаз іздеп жүрмін!» деген сөзін естігенде жан дүнием тебіреніп кеткенін жасыра алмадым.

Әлі есімде, біз сонда Нүрекеңнің жаңа шыққан сөздігі жайында ауызша да, газет беттерінде де айтылып жатқан пікірлерді сөз еттік. Қағаз бетінде қуанышын білдіріп, құптап жатқандармен қатар, біреулердің: «Қарай гөр, мемлекет ісін тындырып тастағандай, енді ғылыммен шұғылданған екен ғой!» – деп сырттан қағытқан қаңқу сөздері («ел құлағы – елу» емес пе?) Нүрекең құлағына да шалынған екен. Ал өзін тілдің көсемі санайтын кейбір ағайларымыз: «қартайғанда ермек табылмағандай, бізге әліппені қайта үйреткісі келетіндер де табылады...» – деп, әр жерде ашық айтып жүрді.

Осыларды есітіп, көңілі жабығып жүрген Нүрекең «жасымның ұлғаюына қарамай алдыма үлкен мақсат қойып, сөздік жасауға қызыға кірісіп кеттім... Бірақ осынау бір қызығы мен қиындығы бара-бар жаңа тірлігімнің аяғы немен бітпек?» деген мазасыз сұраққа жауап іздейтіндей сынай танытты. Мен де оны түсіндім. «Жоқ, Нүреке, алған бетіңізден қайтпаңыз. Қобалжуға себеп жоқ. Қолыңыздан келетінін көрсетіп отырсыз ғой...» деп, өзімше кеңес беріп, көңілін күдіктен арылтқандай болдым.

Кім біледі, жан дүниесі алай-түлей, жолайырығында тұрған жолаушыдай Нүрекеңе әлгі сөзім қамшы, дәтке қуат болды ма, әйтеуір, бойы сергіп, шабыттанып менің жұмыс бөлмеде біраз ары-бері жүріп ойланды. Жасы үлкен адамның балаша қуанып, іштей қайраттанғанын көру қандай ғанибет!

Нүрекең сол жолы менімен қоштасарда «ал, балам, енді маған ұстаз боласың!» деп, бағпандай ауыр жүкті үстіме арта салды да, «Сөздіктердің» ендігі басылымдарына редакторлық жаса» деп, бір-ақ кесті.

Амал жоқ келісуге тура келді. Әрине, менің редактор ретінде Нүрекеңе берген кейбір ақыл-кеңестерім болмаса, нақтылы жәрдемім көп емес. Өйткені Нүрекең, шет-жағасын айтсаң болды, істің бәрін өзі тындыратын.

Шынында да, дәл осы сияқты сөздіктер қазақ тілінде бұрын-соңды болған жоқ еді. Сондықтан ең басты қиыншылық араб пен парсы сөздерінің ара-жігін ажыратуға, олардың түпнұсқадағы мағынасы мен қазақ тілінде қалыптасқан мағыналарын саралауға байланысты еді. Бұл тілдерді өзінше оқып үйренген Нүрекең тұрмақ, ғұлама ғалым, мамандардың өздеріне де оңай іс емес еді.

Келесі шығатын «Парсыша-қазақша түсіндірме сөздіктің» қолжазбасымен танысып, ескерілуге тиісті кейбір пікірлерімді ақылдасу, ұсыныс, ой салу ретінде мен Нүрекеңе жазып бердім (мүмкін ол Нүрекеңнің архивінде сақталған да шығар). Бір ғажабы, Нүрекең әрбір пікірге өте жауапты қарайтын еді және оны тек өз ой елегінен өткізіп, дұрыстығына көз жеткенде ғана қабылдайтын. Мәселен, мен өзімше дұрыс деген біраз ұсынысымның тек екеуін ғана қабылдаттым. Оның бірі – сөздік соңынан индекс (сөз тізімін) беріп, сөздердің кездесетін беттерін көрсету. «Парсыша-қазақша түсіндірме сөздікте» де (онда индексті өзім жазған едім), екі томдық «Арабша-қазақша түсіндірме сөздікте» де индекстер беріліп, керек сөзді іздеп табуға жеңілдік туған сияқты. Екіншісі – кейінгі екі томдық сөздікте араб сөздерінің айтылуын латын әріптерімен транскрипциялап беру. Бұл ұсынысты да Нүрекең қабылдады. Сөздікті шығарушы «Мектеп» баспасының редакторлары мен араб тілінің тамаша мамандары бұл істі (транскрипцияны) өте шеберлікпен орындап шыққандығын атап өту артық емес. Соның нәтижесінде сөздіктің ғылыми-практикалық мәні арта түсті деп есептеймін.

1974 жылы көп машақаттан кейін «Парсыша-қазақша түсіндірме сөздік» «Қазақстан» баспасынан жарық көрді. Осыған байланысты (өзінің зейнетақысы есебінен) Алматыға келген Нұрекең сөздіктің сүйінші данасына төмендегі сөздерді жазып, қуаныш үстінде маған тапсырған еді:

«Ардақты ұстаз – редакторым Әбекеңе! Менің азды-көпті еңбегімнің жемісті болуына қамқорлығыңыз үзілмесіне сенген шәкіртіңіз Н.Оңдасынов. Москва. 26.10.1974».

Бұл, әрине, мен үшін үлкен мәртебе. Мұны мен кезінде Нұрекеңнің ақ батасы деп қабылдағанмын.

Осылай, Нұрекеңнің сөздіктер жасау жұмысы өзіне тән шабытпен, сирек кездесетін еңбексүйгіштікпен жалғаса берді. Оның 5 том сөздігі үздік-создық ширек ғасыр бойы шығып жатты. Бірақ Нұрекең қазақ тілінің лексикалық байлығының үлкен бір саласы болып саналатын араб, парсы сөздерін тілдің қойнау-қойнауларын қалдырмай тінтіп, маржандай сүзіп тірнектеп жинап, тәптіштеп зерттеуін бір күн де тоқтатқан емес, оларды сөздік қорына қосып, хаттай берді.

Шынында да, Нұрекеңнің еңбексүйгіштігі, «еңбек тәртібі», өз ісіне деген жауапкершілігі мен педанттығы аңыз қылып айтып жүретіндей.

Қай жылы екені есімде жоқ, мен жолым болып Мәскеуге бара қалдым. Телефон соғып, Нұрекеңе сәлем бердім. Қояр да қоймай үйіне шақырды. Бардым, көп отырып әңгімелестік. Шай беріп, кіріп-шығып жүрген жеңгеміз Валентина Васильевна сонда маған шағым айтқаны: «Мына үлкен кісіге айтып кетсеңізші, өзінің зейнеткер екенін ұмытып кетеді, баяғысындай таң ата тұрады, шай-пайын іше сала, кабинетіне тура 9-да барып жұмысын бастайды, түс кезінде тамақ ішу үшін үзіліс жасайды да түстен кейін, сағат 6-ға дейін тағы қозғалмай отырады. Бұл не сұмдық... Сізді тындауы мүмкін ғой... айтып кетсеңізші», – деп жалынғандай болды.

Не айта қоярсың Нұрекеңе. Ол өз өмірінің мәнін осы жұмысынан көріп отырғанын түсіну қиын емес еді.

Ойлап қарасақ, жасының ұлғайған шағында, денсаулығының төмендегеніне қарамай, ертегілердегі тау арқалайтын дәуелердей, соншама зіл батпан жүкті жалғыз өзі арқалап, оның барлық тауқыметін өзі ғана көтеріп, диттеген межесіне жеткізіп, бір өзі бір ұжымның ісін тындырғанын айту ғана онай, бірақ бұл – әркімнің қолынан келе бермейтін ғаламат зор еңбек.

Осы еңбек кезінде дұрыс бағаланған жоқ деп ойлаймын. Бұл тәрізді мол дүниенің тіл табыстарына тосыннан келіп қосылғандығынан ба, әлде сөздіктердің арасы үздік-создық шыққандығынан ба, әлде Нұрекеңнің тым алыста жүріп, «көзден таса – көңілден жырақ» болғаны ма, әйтеуір, мамандар атынан жарылып, оның әділ бағасын бере алмаған сияқты.

Әлі де кеш емес, пікірлер айтылар. Себебі Нұрекеңнің сөздіктері тек араб, парсы сөздерінің жай түсіндірмесі ғана емес еді. Мұндағы тілдік деректердің біразы тілімізде бар болса да, 10 томдық сөздікке кірмей қалған сөздер. Мәселен **шағал** (қасқыр тектес жыртқыш), **шыр** (арыстан), **шәуле** (күріш ботқа), **шаян** (сүйкімді, көзге қатысты), **шахмаран** (жыландар патшасы), **қаландар** (ел кезуші, дәруіші), т.б. араб, парсы сөздері сөздікте өз сипатын тапқан.

Бұл сөздіктердің тағы бір құнды жағы – онда бастан-аяқ этимологиялық анықтамалар беріліп отыруында. Мысалы: **пәрең, перен, берен** деген парсы сөзі қазақ эпосы тілінде пәрен жаулық, пәрен мылтық, берен сауыт түрінде көп кездеседі. Осы сөзді Нұрекең Еуропада жасалған дүниелердің (мата, тері, зат, т.б.) ортақ атауы деп түсіндіріп, Пәреңменен белдіктеп, шұғаменен желдіктеп, мақпалменен терліктеп, айылды жұртап салады... («Қыз Жібек») сияқты мысалдармен дәлелдеп отырады. Сол сияқты: **қалжа** деген парсы сөзінің о баста «кесек ет» болып, біздің тілімізде «босанған әйелдерге, аурудан айыққан адамдарға арналып сойылатын малдың еті» болып ауыс мағынасында қолданылуын автор дәлелдей түсу үшін Л.Будаговтың пікіріне сілтеме жасайды.

Осының бәрі бұл еңбектердің жай сөздіктерден деңгейінің әлдеқайда биік екендігін көрсетеді, ал Нұрекеңнің өте білікті тіл маманы екенін мойындауымыз керек еді. Көзі тірісінде біз оны айта алмадық. Бірақ «Алтын кездік қап түбінде жатпайды» дегендей, Нұрекең өзінің қабілетін сөздік жасау тұсында да, жалпы сөз жасампаздығымен де әр кезде таныта да, мойындата да білді. Қарап отырсақ, Нұрекең көптеген сөздердің (мәс., үкімет, өкімет, ғылым, ілім, оқулық т.б.) «тұсауын кесіп», өмірге жолдама берген Ісләм Жарылғапов, Әбдуәли Қарағұлұлы, Мұзафар Әлімбаев сынды сөз жасампаздарының қатарында тұрған шығармашылардың бірі болды. Ол туралы Нұрекең жария қылуды ұнатпайтын. Бірақ Нұрекеңнің артында қалған лексикология саласындағы тындырған істері мен сөздік жасау тәсілдері, бай картотекалық мұрасы болашақ ұрпақтың назарынан тыс қалмайтынына сенім мол. Жақсы картаюдың ғана емес, өле-өлгенше парасат тұғырынан түспей, ғұлама ретінде биіктен көріне білудің де үлгісін паш етуді бәріміз Нұрекеңнен үйренуіміз керек. Өз басым егер о бастан-ақ биік мансап пен мәртебе Нұрекеңнің қолын байламаған болса, ол әйгілі тілші ғұламалардың бірі болары хақ еді деп ойлаймын.

Ең соңғы айтарым: ғылымға кеш келгендіктен бе екен, әйтеуір, инемен құдық қазғандай осынау бір ауыр тіршіліктің онсыз да тауқыметін тартқан Нұрекеңнің алдынан тоқсан тоғыз тосқауылдың орағыта бергенін біз өз көзімізбен көрдік, көрдік те қоғамдағы осы бір әділетсіздікке іштей налыдық. Олар не еді? Кешегі ел аман, жұрт тынышта бір кезде үкімет

басы болып, құрметке бөленген адамның азын-аулақ еңбегін кітап қып шығаруда қаншама кедергілер болды: біресе «сөздіктің қажеті жоқ», біресе «қағаз жоқ», біресе, «қаржы жоқ» – әйтеуір, айтылмаған сылтау қалмаған еді. Осының бәрін, әсіресе сол кездегі (1971–1972) «Қазақстан» баспасының өзіне істеген қулық-сұмдықтарын Нүрекеңнің өзі ғана алған бетінен қайтпайтын қайсарлығымен, табандылығымен жеңіп шыққан болатын. Мақсат, мүдде үшін күресудің шынайы үлгісін мен Нүрекеңнен осы тұста жақсы байқадым. Сол кездерде алысудан шаршап, айласы таусылған Нүрекеңе қол ұшын беріп, жәрдемдескен Мемлекеттік жоспарлау Комитеті мен Кітап шығару басқармасының жауапты қызметкерлері Ғарай Сағымбаев пен Мұқа Сужиковтей азаматтарға Нүрекеңнің атынан күні бүгін де алғысымды айтқым келеді.

«Өткен іске салауат» демекші, сөйтіп жүрген Нүрекең де дүниеден көшті. Оның үлкен жүрегінің соғуы тоқтауымен бір мезгілде қазақ тілі үшін үлкен бір игілікті іс те тоқтады. Алайда, Нүрекең қалдырған мәдени мұра келешек ұрпақтың кәдесіне асып, сонымен бірге мәңгі жасауы сөзсіз.

Абзал азамат, ақылгөй аға Нүрекең жөнінде жанымды көптен мазалап жүрген осынау бір жүрек сырын естелік етіп қалдыруды өзімнің аға алдындағы қарызым деп санаушы едім. Иншалла, мұның да сәті келді.

Марқұмның аруағы риза болғай! Әумин!

*Н.Оңдасынов. Ой-толғаныстар мен естеліктер.
Астана: Елорда. 2002. 172-177 бб.*

ҒАЛЫМНЫҢ БИІК ТҰЛҒАСЫ

Көрнекті ғалым

Бүгінде 60 жасқа толып отырған қазақ және ұйғыр тіл білімінің көрнекті ғалымы, белгілі түрколог, Қазақ академигі Әбдуалы Туғанбайұлы Қайдаров Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданындағы Талдыбұлақ селосында қызметкер семьясында туған.

1942 жылдың май айында қазақ орта мектебінің 9 класын және он айлық педагогика курсының аяқтасымен Ә.Т.Қайдаров өз еркімен сұранып майданға аттанады. 1942–1945 жылдары ел басына ауыр күн туған кезде Ә.Т.Қайдаров Калинин, I Прибалтика және II Белорус майданында болды, бір ұрыста контузияға ұшырады.

1944–1946 жылдары Ә.Т.Қайдаров Ленинградтың Жданов атындағы әскери-инженерлік училищесін бітіріп кіші лейтенант атағымен соғысқа қайта оралды. Өлім мен өмір үшін айқасқа Ә.Т.Қайдаров айрықша көзге түсіп, III дәрежелі Даңқ, I дәрежелі Отан соғысы, екі рет «Қызыл Жүлдіз» ордендерімен және бірнеше медальдармен наградталды.

1946 жылы елге оралған жас жауынгер бірден еңбек майданына араласады. Еңбекшіқазақ аудандық әскери комиссариатының әкімшілік-шаруашылық бөлімінің бастығы болып істей жүріп, Есік қаласындағы қазақ орта мектебінің оныншы класын бітіріп, қазақ университетінің филология факультетінің қазақ бөліміне оқуға түседі. Университетті бітірген соң талапты жас 1951–1954 жылдары Қазақ ССР Ғылым академиясының ұйғыр-дүнген секторында ұйғыр тілі мамандығы бойынша аспирантурада оқиды.

Осы кезеңнен бастап-ақ Ә.Т.Қайдаров Қазақ ССР Ғылым академиясының жүйесінде ұйғыр-дүнген мәдениеті секторында кіші ғылыми қызметкер, Шығыстану секторында аға ғылыми қызметкер, ұйғыртану бөлімінің меңгерушісі, директордың ғылым жөніндегі орынбасары, лексикология бөлімінің меңгерушісі болды. Қазір Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институтының директоры болып қызмет атқарып келеді. 1955 жылы Ә.Т.Қайдаров «Қазіргі ұйғыр тіліндегі қос сөздер» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. 1962 жылы Әбекең КПСС мүшелігіне өтеді. Бұл жылы оның «Ұйғыр тілі мен әдебиеті» атты аннотацияланған библиографиялық көрсеткіші жарық көреді. Ол – ұйғыртанудағы тұңғыш библиографиялық көрсеткіш еді. 1964 жылы оған аға ғылыми қызметкер деген ғылыми атақ беріледі. 1970 жылы ол «Ұйғыр диалектілері мен әдеби тілдің диалектілік негізі» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады.

Ғалымның бұл еңбегі «Қазіргі ұйғыр әдеби тілінің дамуы» деген атпен «Ғылым» баспасынан (1969 ж.) жарық көрді. Кітапта жалпы халықтың ұйғыр тілінің барлық диалектілерін, сондай-ақ олардың қазіргі совет ұйғырлары мен Синьцзян ұйғырлары әдеби тілінің қарым-қатынасы жан-жақты қаралады. Кезінде бұл еңбек туралы Э.Р.Тенишев (СССР), профессор Гергард Дерфер (ФРГ), профессор Карл Менгес (АҚШ) тәрізді белгілі түркологтар баспасөз беттерінде пікір айтып, жақсы лебіз білдірді.

1971 жылы «Қазіргі ұйғыр әдеби тілінің дамуы» атты монографиясы үшін Ә.Т.Қайдаров Ш.Уәлиханов атындағы I-дәрежелі сыйлыққа ие болды. 1972 жылы оған «Түркі тілдері» мамандығы бойынша профессор деген ғылыми атақ берілді және осы жылы ол Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі болып сайланды. 1982 жылы «Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері» деген құрметті атаққа ие болды, ал 1983 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшесі болып сайланды.

Ә.Т.Қайдаровтың ғылыми зерттеулерінің ауқымы өте кең. Түркі тілдері тарихы мен тарихи этимология бойынша ізденістерін ғылым творчествосындағы ерекше сала деуге болады. Фразеологизмдердің, мақал-мәтелдердің қолдану мотивтеріне ғылыми түсінік беру проблемасы мен этнолингвистикалық зерттеулерге үнемі көңіл бөліп отырды. Соңғы жылдары Қайдаровтың қазақ тілінің этнолингвистикалық лексикасының проблемасына ерекше көңіл бөліп жүргендігін айта кеткен жөн.

Ғалымның қазақ, ұйғыр тілдерінің ономастика, фонетика, грамматикалық жүйесі, орфографиясы мен терминологиясына қатысты зерттеу мақалалары өз алдына бір төбе. Қайдаров – түркі-моңғол тілдерінің грамматика-фонетика және тірек (базистік) лексика саласындағы байланысын зерттеудің бірқатар алтаистикалық еңбектердің авторы екендігі ғылыми жұртшылыққа мәлім. Тілдердің алтай семьясына кіретін көне түркі, көне моңғол, көне жапон тілдері бойынша түптіл (прязык) формаларын салғастыру тұрғысындағы алтаистикалық зерттеулер Қазақстанда, Москвада (Э.Т.Әзірбаев), Моңғол Халық республикасында (Б.Базылхан), Ә.Т.Қайдаровтың ғылыми жетекшілігімен ойдағыдай орындалып келеді.

Ә.Қайдаровтың «Қазақ тілі» (1973 ж.) «Сөздердің структуралық типтері» (1962 ж.), «Ұйғыр тілінің грамматикалық очеркі» мен «Ұйғыр есімдері» (1961 ж.), Ұйғыр (жаңа ұйғыр) тілі» (1966 ж.) және басқа жекелеген грамматикалық очерктері атауға тұрарлық еңбектер. Ғалымның ұзақ жылғы зерттеуінің нәтижесі болып табылатын «Қазақ тіліндегі дара буынды түбірлер мен негіздер» атты көлемді монографиясы қазақ тіліндегі тірек (базистік) лексиканы жаппай айқындау мен оларды фонеморфе-семантикалық талдауға арналған.

Ә.Қайдаров Қазақ ССР Ғылым академиясында да, одан тыс жерлерде де көптеген ғылыми-ұйымдастыру жұмысы мол қоғамдық қызметтер атқарады. Соңғы жиырма жыл ішінде одақ көлемінде өткізілген жиырмадан астам халықаралық және одақтық ғылыми конференцияларға белсенді түрде қатысуы оның ғылыми өсуі жолына игі әсер еткені сөзсіз.

Ә.Қайдаровтың творчестволық өмірбаянында жастарды ғылыми жұмысқа баулу, лингвистердің жаңа буынын даярлау ісі де көзге түсерлік. Оның ғылыми жетекшілігімен қазақ, ұйғыр, қарақалпақ, хакас және моңғол тілдері бойынша оннан астам ғылым докторы мен кандидаттары даярланды. С.М.Киров атындағы Еңбек Қызыл Ту орденді Қазақ мемлекетгі университеті қазақ тілі кафедрасының профессоры ретінде Ә.Т.Қайдаров болашақ филолог жастарды тәрбиелеу ісіне де қызу атсалысуда.

Бүгінде алпыстың асқар шыңына көтеріліп отырған ғұлама ғалымға зор денсаулық, жемісті еңбек тілейміз. Әбекеңнің ғылымдағы жаңалықтары – тіл білімінің үлкен табыстары.

*Ы.Маманов, Ш.Дәулетқұлов.
«Еңбек туы». 9 желтоқсан. 1984.*

Әбдуәли Қайдаров – ұйғыр тілі маманы

Белгілі совет түркологы (түркі тілінің маманы), филология ғылымының докторы, Қазақ ССР Ғылым академиясының мүше-корреспонденті, профессор, Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институты директорының орынбасары, ұйғыр тіл білімі саласының ірі маманы Әбдуәли Туғанбайұлы Қайдаровтың туғанына 50 жыл толды.

Совет ұйғыр тіл білімінің қалыптасуы мен дамуы оның есімімен тығыз байланысты. Ә.Қайдаровтың еңбектері осы заманғы және көне ұйғыр тілі зерттеуге арналған. Ол совет ұйғыр әдеби тілінің қалыптасу заңдылықтары мен дамуын, оның фонетикалық және диалектикалық ерекшеліктерін зерттеу жөнінде бірқатар елеулі еңбектер жариялады. Ол ұйғыр әдеби тілінің грамматикалық құрылымы жете зерттелген екі томды монографиялық еңбектің авторларының бірі болды.

Біздің еліміздегі халықтардың әдеби тілінің қалыптасу заңдылықтарын және оның дамуын зерттеу советтік тіл білімінің ең маңызды проблемаларының бірі болып табылады. Бұл проблеманы ұйғыр тілінде қолдануға, ғылыми талдау жасауға Ә.Т.Қайдаров «Ұйғыр диалектілері және әдеби тілдің диалектілік негізі» деген тақырыптағы докторлық диссертациясын арнаған.

Бұл еңбекте жалпы халықтың ұйғыр тілінің барлық диалектикалық көріністеріне жүйелі түрде сипаттама беріліп, осы тілдің өзіне тән

фонетикалық және лексикалық-грамматикалық диалектілік белгілері ашып көрсетілген. Сондай-ақ осы заманғы ұйғыр әдеби тілінің қалыптасу процесі жан-жақты сипатталған.

Осындай табанды фундаментальды зерттеулердің негізінде 1969 жылы «Осы заманғы ұйғыр әдеби тілінің дамуы» деген атпен монографиялық зерттеулердің алғашқы кітабы жарық көрді. Осы еңбегі үшін автор Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлыққа ие болды. Монографияда біртұтас әдеби нормалардың қалыптасу, тілдік стильдердің дифференциациясы және ұйғыр тілінің басқа да туыстас тілдермен өзара ықпалы мен қарым-қатынасы нәтижесінде лексиканың дамуы сияқты мәселелер қарастырылады.

Ә.Т.Қайдаров «Осы заманғы ұйғыр тіліндегі қосарлы сөздер» (Алматы, 1958, Қазақ ССР Ғылым академиясы) деген кітабында ұйғыр тіліндегі жеке қосарлы сөздер, сондай-ақ, қайталанушы қосарлы сөздердің жасалу тәсілдерін зерттейді. Мұнда қосарлы сөздер категориясы семантикалық-этимологиялық, грамматикалық, фонетикалық қырынан сипатталынып, тиісті классификацияға жіктеледі. Әдебиетке теориялық шолу жасаумен бірге қосарлы сөздердің сөздігі және олардың орысша аудармалары да беріледі.

«Ұйғыр тіліндегі бөлшектер туралы мәселеге орай» деген мақалада («Шығыстану секторының еңбектері». Т. 1, 1959) ұйғыр тілінің бөлшектеріне, қолдануына сәйкес олардың дифференциациясына семантикалық-грамматикалық сипаттамалар беріледі.

Сондай-ақ, Ә.Т.Қайдаров ұйғыр тілі мен әдебиетінің библиографиялық көрсеткішін құрастырды. Көрсеткіште орыс тіліндегі әдебиет, ұйғыр, өзбек, қазақ және басқа да түркі тілдеріндегі әдебиеттер беріліп отырылады.

Ғылыми талдаудың тереңдігі, ой айқындылығы Ә.Т.Қайдаровтың еңбектеріне тән қасиеттердің бірі. Оған ғалымның көптеген ғылыми еңбектері нақтылы дәлел болады. Мысалы, 1953 жылғы 9 октябрьдегі «Қазақстан мұғалімі» газетінде жарияланған «Ұйғыр терминологиясының мәселелері туралы» мақаласында ұйғыр әдеби тіліндегі термин жасау мәселесі қамтылып, жаңа терминдер жасаудың көнерген әдістеріне сын көзбен баға беріледі. Профессордың бұл сияқты еңбектері аз емес.

Ғалымның грамматикалық құрылым, сондай-ақ орфоэпия, орфографиялық және терминологияны зерттеу жөніндегі еңбектері практика талап-тілектеріне сәйкес жүргізіледі. Мысалы, Қазақстанда, Өзбекстанда жалпы білім беретін ұлттық ұйғыр мектептерін ашу ең алдымен қажетті оқулықтар құрастыруды, ұйғыр тілі жөнінде грамматика мен хрестоматия құрастыруды талап етті. Бұл қажетті қанағаттандыруға Ә.Қайдаров қомақты үлес қосты. Ол 1957 жылы Г.Сәдуақасов және Ш.Кебировпен бірлесіп 9–10 кластар үшін ұйғыр әдебиетінің оқулығын жазды. Бұл

оқу құралы 1959 жылы қайта басылды. Сол 1957 жылы Қ.Раздиевпен бірге Ә.Қайдаров 8 класқа арналған ұйғыр әдебиетінің хрестоматиясын құрастырды. Онда ұйғыр әдебиеті төрт кезеңге бөлінген.

Қазіргі кезде мектептердің жаңа оқу жоспары мен программасына көшірілуіне сәйкес оқушыларға арналған жаңа, сапалы оқулықтар құрастыру қажеттігі туып отыр. Осыған орай, бүгінгі күн талабына сай Ә.Қайдаров 1971 жылы 8 класқа арналған ұйғыр тілі оқулығын жазды.

Қазіргі кезде ұйғыр тілі дамыған әдеби тіл болып табылады. Осы заманғы жан-жақты дамыған ұйғыр филологиясы белгілі дәрежеде Ә.Т.Қайдаровқа борышты. Өйткені ғалым өзінің тікелей зерттеу еңбектерімен осы салада ұзақ жылдар бойы табанды еңбек етіп, көптеген ұлттық лингвист кадрларды тәрбиелеуге өз үлесін қосып келеді. Оның тікелей жетекшілік етуімен аспиранттар жұмыс жүргізуде, ондаған кандидаттық диссертация сәтті қорғалды. Әбдуәли Туғанбайұлы Қайдаров өзінің 50 жыл толуын тіл білімі саласындағы жемісті еңбегімен, жарқын творчестволық ойларымен қарсы алып отыр.

Д.Жүнісов.

«Жаңалық жаршысы». 28 қаңтар. 1975.

Тіл мерекіне бойпаған

Қазақ ғылымының қара шаңырағы – Ғылым академиясында өтіп жатқан отыз жылдан астам уақыт ішінде Ә.Т.Қайдаров аспиранттан академикке дейінгі қызығы мен қиындығы мол жолды бастан өткеріп, іскер басшы, білікті ғылыми жетекші, ғылым болашағын болжай алатын талантты ұйымдастырушы ретінде танылды.

Ғалым айналысатын тақырыптың ауқымы зор, шеңбері кең. Соларды жай атап өткеннің өзінде мынадай жайды аңғарамыз: тіл тарихы және тарихи этимологиялық ізденістер, түркі тілдеріндегі қос сөздердің жасалу жайы, лексика-грамматикалық түркі синкретизмдері, плеоназмдер, бөлінбейтін сөздердің өлі түбірлері тағы басқа да толып жатқан тақырыптар төңірегінде жазылған монографиялар, зерттеулер, мақалалар академиктің ғылыми орбитасының зор екенін танытады. Мақал-мәтел, фразеологизмдердің мағынасын ашып, оларға түсініктеме беру мен этнолингвистикалық ізденістер де ғалымның үнемі қадағалап қарайтын тақырыбы. Соңғы жылдары Ә.Қайдаров қазақ тілінің этнолингвистикалық лексиконын тереңірек зерттеп жүр. Ғалымның бұл салаға көз тігуінде үлкен мән жатыр. Неге десеңіз халықтың материалдық мәдениетінің көптеген белестері осындай тілдік элементтерде көбірек сақталып отырады. Бұл ізденістер ғылымның осы саласындағы жаңа бір белесті танытар дүние бола ма деп ойлаймыз.

Ғалымның «Қазақ тілі» (1973), «Сөздердің структуралық түрлері» (1962), «Ұйғыр тілінің грамматикалық очеркі» және «Ұйғыр есімдері»

(1961), «Ұйғыр (жаңа ұйғыр) тілі» (1966) тәрізді грамматикалық очерктері де ғылыми қауымның ізденіп оқитын дүниелеріне айналды.

Сонымен бірге ол айтулы еңбектерімен лингвистика іліміне, әсіресе түркологияға елеулі үлес қосқан бұрынғы, қазіргі ғұламалар өмірі мен творчестволық лабораториясына терең бойлап, солар жайында өте қызғылықты оқылатын мақалалар сериясын берді. Ә.Қайдаров Қазақ ССР Ғылым академиясы мен одан да тыс жерлерде ғылыми-ұйымдастырушылық және қоғамдық жұмыстар атқарады. Бүкілодақтық, республикалық деңгейде атқарылып жататын бұл жұмыстар ғалым Ә.Қайдаровты қоғам қайраткері қатарына шығарып отыр.

Ә.Қайдаров бірнеше халықаралық, бүкілодақтық, республикалық, республикааралық конференция, симпозиум, форумдарға қатынасқан – ономастардың XI халықаралық конгресі (1972 ж.), «СССР-дегі социалистік өзгерістер тәжірибесі және оның халықаралық мәні» (1972), тұрақты халықаралық Алтаистика конференциясының XV сессиясы (1972), социолингвистердің халықаралық симпозиумы (1983) т.б.

Әбдуәли Туғанбайұлының творчестволық өмірбаянында оның ғылыми-педагогикалық қызметі де айрықша орын алады. Оның ғылыми жетекшілігімен оншақты ғылым докторы мен кандидаты қорғап шықты. Қорғаушылар арасында қазақ, ұйғыр, хакас, якут, моңғол т.б. тілдері мамандары бар. С.М.Киров атындағы Еңбек Қызыл Ту орденді Қазақ мемлекеттік университетінің профессоры ретінде республика филологтарын тәрбиелеуге де атсалысып отыр. Ол этимология, тарихи лексикология және семасиология жайында бірнеше жыл бойы университет студенттеріне лекция оқып, диплом жұмыстарына жетекшілік етіп келеді.

Республика мектептеріне арнап оқулықтар мен оқу құралдарын жазып, редакторлық жұмысқа да белсене қатысып жүр.

Адамның азаматтығын таразыға салып өлшеп білу, әрине қиын. Алайда өмір жолы соғыс жылдарының ауыр соқпақтары мен бейбіт кезеңнің ерлік еңбектерінен тұратын Әбдуәли Қайдаров сынды азаматтар тірлігі, ісі кейінгі жас ұрпақ үшін өнеге.

Бүгінгі таңда Әбдуәли Туғанбайұлы Қайдаров кемел жасқа келіп отыр. Бұл жасқа ол жай келген жоқ, үлкен-үлкен табыстар мен үлкен жүкті көтеріп келеді. Бір кездегі ауыл баласы қазір еліміздің үлгі тұтар, бетке ұстар академигі. Оның өмірі советтік болмыс шындығының нәтижесі. Қазір ірі ғалымның творчестволық қаламы әбден ұшталып, небір тың зерттеулер берер бабында. Кешегі майдангер, бүгінгі қаламгер ғылым сардары – академик қаламының мұқалмауын, қайратының қайтпауын тілейміз.

Ө.Айтбаев.

«Білім және еңбек». 1984. №12. 18 б.

Тілстанның марпаны

Аласа бойлы, көп сөйлемейтін, көзәйнек астындағы ойлы көздері сенің ішкі жан дүниенде не болып жатқанын білгісі келгендей, адамның бетіне тура қарайтын осы бір жанның жүріп өткен өмірінде ерлікке парпар қаншама сәттер болды екен! Ондай ерліктер соғыс кезінде де, бейбіт жылдарда да аз болмаса керек. Оны да біз анда-санда, Ұлы Жеңіс күні мейрамдары қарсаңында омырауына жарқыратып 4 ордені мен медальдарын тағып шыққан кезде, жайлы қоңыр даусымен өзінің қарулас достары туралы естелік-әңгіме айтып тұрған сәтінен естиміз.

Ал бейбіт өмірдегі ерлігін ғылым қиясына шыққан жетістіктерінен, жазған кітаптары мен мақалаларынан, дайындаған шәкірттерінің табыстарынан, аспиранттан – академикке дейін жүріп өткен жолдарынан сезінеміз.

Әбекеңнің социалистік дәуірде жаңа ғана қалыптаса бастаған тіл білімінің мәселелеріне бел шешіп, білек сыбанып кірісуі Н.Т.Сауранбаев, І.К.Кеңесбаев, С.А.Аманжолов, Ғ.Ғ.Мұсабаев, М.Б.Балақаев, А.Ы.Ысқақов, т.б. тіл білімпаздарымен бір тұста қоян-қолтық қызмет етуімен байланысты. Бұдан ғалымның алғашқы талпынысы жемісті арнадан, көзді қайнардан нәр алғанын көреміз. Әбекең мұны мақтан тұтады, абырой көреді, шабыттанып әркез еске алады.

Ғалымның күрделі, іргелі ең көлемді еңбегі «Қазіргі ұйғыр әдеби тілінің дамуы» атты монографиясында тұңғыш рет түркология саласында беташар жасалынды. Ұйғыр тіл білімінің бұл саладағы соны жетістіктері, дәстүрлі келешек үлгісі негізінде талданған болатын. Күні бүгінге дейін бұл кітап – түркология саласында тиянақты, тек ғалымдар ғана емес, әдебиетшілер, тарихшылар, педагогтар түгел жүгінетін абыройлы еңбек.

Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі Ә.Қайдаровтың әр кезеңде, әр тұста, әртүрлі басылымдардың бетінде, ғылыми кеңестер мен мәслихаттардағы ой-пікір, тезис-шолу, пікір-ұсыныс, мақала-рецензия түрінде айтып келген тұжырымдары «Қазақ тіліндегі сөз төркінін зерттеу тәжірибесінде» сәтті түрде тұтастырылып, олардың қазақ, ұйғыр тіл біліміне қатысты арналарын терең ашып, түркі халықтарының тарихи-тамырластықтарын лингвистикалық мысалдар арқылы жан-жақты дәлелдейді.

Әбдуәли Қайдаровтың творчестволық қызметі жан-жақты әрі сан алуан. Екі тілді – қазақ, ұйғыр – тел емген, үш тілде – қазақ, орыс, ұйғыр – бірдей көсілте жазатын қаламынан барлық көмегі 450 авторлық баспа табақтай жүзден астам еңбек шықты (оның төртеуі оқулық та, үшеуі монография).

Әбекең қазақ, ұйғыр тіл білімінің грамматика, лексика, тіл тарихы, фразеология, диалектология, практика лингвистика салаларымен ғана шұғылданып қоймай, СССР халықтарының екі және көп тілділік қарым-қатысы, қазақ тілі фактілерінің негізінде түркі тілдеріндегі бір буынды түбір сөздердің пайда болуы, дамуы, шығу төркіні сияқты актуальды проблемалармен де ойдағыдай шұғылдануда. Сонымен қатар орфография, орфоэпия, терминология мәселелері де ғалым назарынан тыс қалған емес.

«Қазіргі ұйғыр әдеби тілінің дамуы», «Қазіргі ұйғыр тіліндегі қос сөздер», «Қазақ тіліндегі сөз төркінін зерттеу тәжірибесі» т.б. ғылыми-зерттеу, сын еңбектерінің ең басты қасиеттері – әділдік, пайымдылық, ақыл парасатпен өлшеген дәлдік, ізденгіштік.

Ә.Т.Қайдаровтың қаламынан туған зерттеу еңбектер туралы, оның түркология ғылымына қосқан үлесі мен ашқан жаңалық, теориялық пайымдаулары туралы А.Н.Кононов, Н.А.Баскаков, Э.Р.Тенишев секілді белгілі отандық түркологтарымыз ғана емес, К.Менгес (АҚШ), Г.Дерфер (ФРГ) секілді үлкен-үлкен шетелдік ғалымдар да баспасөз бетінде талай рет жылы пікірлерін білдірді.

Түркологияда алғаш рет қос сөздердің құрылысы мен жасалу жолдары жөнінде жазылған «Қазіргі ұйғыр тіліндегі қос сөздер» еңбегінің маңызы ерекше. Түркологияда бірінші болып қос сөздердің табиғи қасиетін жан-жақты ашу, оларды салыстырмалы түрде зерттеу, оны оқушы қауым игілігіне айналдыру аса құрметті іс екені аян. Өйткені, бұл тіл біліміндегі соны жаңалықтардың бірі еді. Міне, өз халқының тілін зерттеуге толассыз атсалысып келе жатқан Әбекең алдына қойған мақсатына асықпай, тек жүйелі талапты еңбекпен жетті.

Ғылыми зерттеулер жүргізумен қатар түрлі қоғамдық жұмыстарға да Ә.Қайдаров белсенді түрде қатысып келеді. Қазір ол Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл білімі институты жанындағы түркі тілдері бойынша докторлық диссертация қорғайтын арнаулы советтің председателі, Қазақ ССР Министрлер Советінің жанындағы Мемлекеттік терминологиялық комиссия председателінің орынбасары, Советтік түркология комитеті мен «Ұлт тілдерінің өркендеу заңдылықтары мен социалистік ұлттардың дамуы» атты Бүкілодақтық ғылыми советінің бюро мүшесі, Қазақ ССР Оқу министрлігі жанындағы оқу-методикалық секциясының председателі, совет-венгр достық және мәдени байланыс қоғамы председателінің орынбасары болып ұзақ жылдар қызмет атқаруда.

Түрколог-ғалым Ә.Қайдаров ғылымды ұйымдастыру жөнінде қабілеттілігін, іскерлігін, қажырлылығын, білімділігін көрсетуімен қатар, Тіл білімі институтының директоры ретінде де игілікті іс атқаруда.

Келер жылы «Қазақ тіліндегі бір құрамды түбір мен негіздердің құрылымы» (20 б.т.) атты кітабы «Ғылым» баспасынан, ал «Түркологияға кіріспе» атты оқулығы «Мектеп» баспасынан жарық көрмекші. Бұл еңбектер түркі тілдерінің бір-бірімен тарихи байланысын, тілдік қарым-қатысын аңғартатын лексикология ғылымына қосылатын үлес болмақ.

Ал келешектегі Әбекеңнің ғылыми жоспарлары бұдан да жоғары. Ғалымның арманы – дайындап бітіріп қалған үш томдық «Қазақша-орысша этнографиялық сөздікті» және «Қазақ тілінің этимологиялық сөздігін» жуық арада жариялау. Көлемі 300 авторлық баспа табақтай болатын «Этнографиялық сөздікте» халқымыздың барлық этнографиялық, лексикалық тіл байлығы, талай ғасырлық тарихы мен мәдениеті, ұлттық әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі, таным-түсінігі мен кәсіп-шаруашылығы, өнері мен ұлттық ойын-сауықтары т.б. тұрмыс-тіршілігіне қатысты сөздерге жан-жақты ғылыми сипаттама берілмекші.

Ал «Қазақ тілінің этимологиялық сөздігі» – зерттеушінің тілші-түрколог ретіндегі барлық талант, күш-қайратын жұмсап, өмірлік мақсат еткен еңбегі. «Ұйғыр тіліндегі қос сөздер» деп аталатын кандидаттық диссертациясында қазақ тілінде жеке тұрып қолданылмайтын, мағынасы күнгірт ондаған сөздің түп-төркінін айтуға талаптанған талпыныс бертінде жарияланған (1966) «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігіне» жазған мақалаларынан жалғасын тауып, міне, күні бүгінге дейін, 30 жылдан бері ғалым назарынан бір сәт тыс қалған емес. Тіліміздегі әрбір сөз бен сөз тіркестерінің шығу төркінін ашып, олардың даму жолдарын көрсету, көне дәуірдегі түптіл (праязык) кезіндегі қалпын теориялық тұрғыдан қалпына келтіру (реконструкция жасау) үстіндегі ұшы-қиырсыз жұмыстар этимолог-ғалымды тек түркология саласындағы ізденістерге ғана емес, алтаистика (түркі, моңғол, тұңғыс-манчжур, корей және жапон тілдерінің туыстығын зерттейтін тіл білімінің саласы) әлеміне алып келді. Ал мұндай белеске тек тарлан талант, тұңғыық білім, ғаламат зерде иесі, эрудит-ғалым ғана шыға алмақ. Бұл ізденістің нәтижесінде тек қазақ тіл білімінде ғана емес, бүкіл түркология ғылымында күн тәртібіне әлі шешімі табылмаған ондаған қадау-қадау проблемалар – мәселен, түркі тілдеріндегі бір буынды түбірлердің табиғаты, оның синкретті (әрі есім, әрі етістік түрінде кездесуі), гомогенді (төркіндес), вариантты болып кездесуі, сөз жасалу модельдері, сан түрлі дыбыс алмасу заңдылықтары мен мағыналық өзгеру процестері т.б. – қойылмақшы.

Түркология ғылымында бұдан бұрын әр кезде Г.Вамбери, Н.А.Баскаков, Б.Юнусалиев, Э.В.Севортян секілді үлкен ғалымдар алғаш түрен салған бұл саланы Қазақстанда Ә.Т.Қайдаровтың одан әрі дамытып, жаңа бір сапалық сатыға көтергенін атап айтамыз. Өйткені, бұл – қадау-қадау

проблемаларымыз өз шешімін қазақ тілі фактілері негізінде шешуімен қатар, қазақ тілінің тарихы мен даму барысын, жеке бір сөздер ғұмырын ғасырлар тұңғығынан, көне түркі дәуірінен, есте жоқ қадым заман – алтайлық кезеңнен бері суыртпақтап зерттеу мүмкіндігіне ие болдық. Әбекеңнің берісі қазақ тіл біліміне, әрісі жалпы түркологияға сіңірген бұл еңбегін – бейбіт кезде жасаған ерлігі десе болғандай.

Қазақ совет тіл білімінде «Тарихи лексикология», «Этимология» деп аталатын жаңа салалардың көзін ашқан зерттеуші сонымен бірге үлкен көрегендікпен осы істерді одан әрі дамытып, өрбітіп әкелер бір топ жас шәкірттер дайындап жатқанын да айтпай кету мүмкін емес.

Ондаған ғылым докторларын, кандидаттарын әзірлеуде зор еңбек сіңіріп, соларды өсіріп, баулыды. Олардың біразы қазақ тіл білімі мен ұйғыр тілі және түркология салаларында көрнекті орын алып, бір ғана Қазақстан жерінде емес, сонымен бірге өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Татарстан, Башқұртстанда, тіпті Моңғолия секілді шет елде де абыройлы жұмыс істеуде.

«Қазіргі ұйғыр әдеби тілінің дамуы» монографиясы үшін Қазақ ССР Ғылым академиясының география және қоғамдық ғылымдар саласы бойынша Ш.Уәлиханов атындағы бірінші сыйлыққа ие болуы (1971), Түркі тілдерінің профессоры атануы (1971), Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшесі (академик) болып сайлануы (1983) Ә.Қайдаров еңбектері жемісінің түйіні.

Қ.Айтазин, Ғ.Әнесов.

«Лениншіл жас». 25 желтоқсан. 1984.

Ғапым мұраты

Республика ғалымдары бұл күндері белгілі тіл маманы, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі Әбдуәлі Туғанбайұлы Қайдаровтың 60 жасқа толуын және ғылыми, қоғамдық жұмысының 40 жылдығын құрметпен атап өтуде.

Ол өзінің саналы өмірінде Отаны мен туған партиясына деген перзенттік сүйіспеншілігін көрсете білді, адал еңбегімен көпшілік құрметіне бөленіп келеді. 1924 жылы 13 декабрьде Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Талдыбұлақ селосында дүниеге келген ол 9 клас-ты және он айлық педагогикалық курсты бітіре салысымен, балауса жастығына қарамастан елін фашист басқыншыларынан қорғау үшін өз еркімен майданға аттанды. Соғыстың басынан аяғына дейін болған ол қатардағы жауынгерден Совет Армиясының офицері дәрежесіне дейін көтерілді. Оның бұл жылдардағы ерлігінің куәсі ретінде омырауындағы үкімет наградаларын айтар едік.

Әскер қатарынан осындай абырой, атақтармен оралған Әбекең бейбіт өмірде де үнемі алдыңғы сапта келеді. 1947–1951 жылдары С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің қазақ тілі мен әдебиет бөлімінде оқыды, оқу орнының қоғамдық жұмыстарына белсене араласты. Қазақ ССР Ғылым академиясының тіл білімі институты жанындағы аспирантураны бітірген соң, белгілі түрколог, академик, К.К.Юдахиннің жетекшілігімен «Қазіргі ұйғыр тіліндегі қос сөздер» атты тақырыпта кандидаттық диссертациясын ойдағыдай қорғады. Содан бері ол қазақ және ұйғыр тілдерін зерттеуге атсалысып, жемісті еңбек етіп келеді. Тіл білімі институтында қатардағы кіші ғылыми қызметкерден академиктік белеске және осы институттың директорлығына дейін өсті.

Әбекең 1970 жылы «Қазіргі ұйғыр әдеби тілінің дамуы» атты бұрын жарияланған ғылыми монографиясының негізінде филология ғылымдарының докторы дәрежесіне ие болды. Бұл еңбек тек ұйғыр тіл біліміне емес, жалпы түркологияға қосылған үлкен үлес еді. Сондықтан да ғалымдар қауымы оны жоғары бағалады. Авторға осы еңбегі үшін Ш.Уәлиханов атындағы бірінші дәрежелі сыйлық берілді.

Ә.Т.Қайдаровтың ғылыми зерттеу объектісінің ауқымы өте кең. Мәселен, тіл тарихы проблемалары, этимология, тіл мұрагерлігі, түркі лексикасындағы гомогендік мәселесі, түркі тілдеріндегі қос сөздер проблемасы, етістік және есім сөз түбірлерінің мәселесі, плеонастикалық тіркестер, қазақ, ұйғыр тілдері лексемаларына қатысты фоно-морфо-семалар жайы т.б. мәселелер Әбекең зерттеулерінің негізгі арқауы болып табылады. Ол – 120-дан астам ғылыми-зерттеу еңбектердің авторы.

Әбекең зерттеулеріндегі фразеологизмдер, мақал және мәтелдердің өзі бір төбе. Ол фразеологиялық варианттар мен фразеологиялық тіркестердің ғылыми критерийін айқындап берді, қазақ мақал-мәтелдерінің идеялық даралығын кең мағынада түсіндірді. Бұл мәселені және одан да басқа лексикологиялық зерттеулерін Әбекең осы тілді пайдаланушы халық тұрмысымен, әдет-ғұрпымен байланыстыра, ұштастыра жүргізеді, яғни тілдік зерттеулеріне этика, этнонимика салаларындағы жаңа жетістіктерді мейлінше пайдаланады.

Сондай-ақ, белгілі ғалым бірқатар ономастикалық, фонетикограмматикалық еңбектердің, орфографиялық, терминологиялық сөздіктердің де авторы. Әсіресе, оның түркі ру-тайпа бірлестіктерінің атауларын зерттеуде қолданған этнолингвистикалық талдаулары болашақ зерттеушілер үшін аса құнды дүние болып табылады.

Ә.Т.Қайдаровтың қаламынан туып, оның лингвистикалық идеяларын айқындай түсетін жалпы түркология қорына қосылған аса бағалы еңбектері ретінде мына монографияларын айтар едік: «Қазіргі ұйғыр тіліндегі қос сөздер» (1958 ж.), екі томдық «Қазіргі ұйғыр тілі» (1963,

1966 ж.), «Қазіргі әдеби тілінің дамуы» (1969 ж.), «Қазақ тіліндегі бір буынды түбірлер мен негіздер құрамы», «Тюркологияға кіріспе», т.б.

Әбекең қай еңбектерінде болсын, тар шеңберде қалып қоймайды, тілдік материалды талдағанда, оған терең мән беріп, тіл біліміндегі глобалдық мәселелермен ұштастырып отырады. Ол өзінің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық зерттеулерінде түркі-моңғол параллелизміне ерекше көңіл бөлді. Ғалым зерттеулеріндегі қазақ-орыс тілдерінің қатынасы, осы негізде жасалған билингвизм мәселесі жайындағы тұжырымдары да оның тіл ғылымындағы күрделі мәселелерді шешуде қосқан үлесінің молдығын көрсетеді.

Ә.Т.Қайдаровтың республикадағы халық ағарту жұмысының дамуына қосқан үлесі де баршылық. Ол орта мектептерге арналған бірқатар оқулықтар мен оқу құралдарын жазды. Жоғары оқу орындары үшін «Тюркологияға кіріспе» оқулығын дайындады. Ал «Ғылым» баспасынан «Лингвистикалық географиясы» (1977 ж.) «Қазақ совет тіл білімінің дамуы» (1980 ж.) жинақтары жарық көрді. Иә, С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті қазақ тілі кафедрасының профессоры Ә.Қайдаров филолог кадрларын даярлау бағытында да көп жылдар бері жемісті еңбек етіп келеді. Ғалымның ғылыми жетекшілігімен қазақ, ұйғыр, қарақалпақ, хакас және моңғол тілдерінен ғылым докторы мен кандидаттары дәрежесі үшін оннан астам диссертациялар қорғалды.

Ғалым-ұстаз ғылыми-зерттеу жұмысын қоғамдық жұмыстармен шебер ұштастыра біледі. Ол – докторлық диссертациялар қорғайтын арнаулы советтің председателі, «Социалистік ұлттардың дамуына байланысты ұлттық тілдердің даму заңдылықтары» атты Бүкілодақтық ғылыми советінің бюро мүшесі, Қазақ ССР Министрлер Советінің жанындағы Терминология комитеті председателінің орынбасары, түркологтардың Советтік комитетінің бюро мүшесі, Совет-венгер достығы қоғамы қазақ бөлімшесінің басқарма председателінің орынбасары.

Партия мен үкіметіміз академик Ә.Т.Қайдаровтың ерлігі мен ғылымдағы ерен еңбегін жоғары бағалап, екі рет «Қызыл Жұлдыз», «ІІІ дәрежелі Даңқ», «І дәрежелі Отан соғысы» ордендерімен және көптеген медальдармен наградтады. Советтік тіл білімін дамытудағы қосқан зор үлесі үшін оған Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Құрмет грамотасы тапсырылып, «Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері» құрметті атағы берілді. Сондай-ақ Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты атанды. Осының бәрі Әбекеңе деген халық құрметі, ел бағасы болып табылады. Сондықтан да ол – өз мұратына жетіп келе жатқан ғалым.

Е.Ағманов, М.Жақыпбеков.

«Оңтүстік Қазақстан». 11 желтоқсан. 1984.

Өнегелі өмір

Қазақ, ұйғыр және басқа түркі тілдерінің белгілі маманы, одақ көлеміндегі түркология ғылымына үлкен үлес қосушы, түрколог-ғалым, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ССР-інің ғылымға еңбек сіңірген қайраткері, Тіл білімі институтының директоры Әбдуәли Туғанбайұлы Қайдаров алпыс жасқа толып отыр.

Ғалым өмірі, оның еңбек жолы бүгінгі жастарымызға үлгі-өнеге боларлықтай. Сондықтан да біз ғалымның торқалы тойы үстінде мүшел жасқа келіп отырған ғалым ағаны құттықтай отырып, ол өткен жолды, ғылым, білім шыңына құлаш сермеген кезеңдерін жастарға үлгі-ғибрат еткіміз келді.

Ә.Қайдаров 1924 жылы декабрь айында Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданына қарасты Талдыбұлақ селосында дүниеге келді. Комсомол мүшесі Әбдуәли қазақ орта мектебінің 9-класын бітірген соң, он айлық мұғалімдік курстан өтеді. Бұл Ұлы Отан соғысының қиынқыстау кезеңі еді. Отан алдындағы борышын өтеу, неміс-фашист басқыншыларына қарсы күресу өзімің халық алдындағы азаматтық борышым деп білген он сегіз жасар Әбдуәли өз еркімен Совет Армиясының қатарына алынды.

Ол 1942–1945 жылдары Ұлы Отан соғысында Калинин, I Балтық бойы, II Беларус майдандарында кескілескен ұрыстарға қатысып, ауыр жараланды. Бұл ұрыстарда көрсеткен ерліктері үшін ол үшінші дәрежелі Даңқ, I дәрежелі Отан соғысы, екі рет «Қызыл Жұлдыз» ордендерімен және бірнеше медальдармен наградталады.

Әбдуәли Туғанбайұлы соғыстың соңғы жылдары Ленинградтың Жданов атындағы әскери-инженерлік училищесінде оқиды. 1946 жылы Совет Армиясы қатарынан қайтқаннан кейін Еңбекшіқазақ ауданындағы әскери комиссариаттың әкімшілік-шаруашылық бөлімінің бастығы болып жұмыс істейді. Келесі жылы ол Қазақтың С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетіне оқуға түседі.

Университетті ойдағыдай бітірген жас маман ендігі өмір жолын ғылыми-зерттеу жұмысына арнауды мақсат етіп, сол жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының ұйғыр-дұнған мәдениеті секторының «Ұйғыр тілі» мамандығы бойынша аспиранттыққа қабылданады. Төрт жыл осы бөлімде кіші ғылыми қызметкер болып жұмыс істейді. 1955 жылы ол «Қазіргі ұйғыр тіліндегі қос сөздер» деген тақырыпта диссертациясын сәтті қорғап, филология ғылымдарының кандидаты деген атаққа ие болады.

Коммунист Ә.Т.Қайдаров осы жылы ұйғыртану ғылымында «Ұйғыр тілі мен әдебиеті» деген ең бірінші библиографиялық анықтама құ-

растырады. Бұдан соң ғалымның «Қазіргі ұйғыр әдеби тілінің дамуы» деген көлемді еңбегі жарық көрді. Бұл еңбек оның «Ұйғыр диалектілері және әдеби тілдің диалектілік негіздері» атты докторлық диссертациясының түп қазығына алынды. Бұл еңбек ғалымның түркология ғылымына қосқан кесек туындысы еді. Бұл еңбекте ол біздің елімізде және Қытай Халық Республикасында тұратын ұйғырлардың диалектілерінің ерекшеліктері мен әдеби тілінің негізін егжей-тегжейлі зерттейді. Мұны көптеген түрколог ғалымдар атап өтті. 1971 жылы Ә.Т.Қайдаров осы еңбегі үшін Ш.Уәлиханов атындағы бірінші дәрежелі сыйлық алады.

Ә.Туғанбайұлы Қайдаров өткен жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі болып сайланды. Ол Қазақ ССР-нің ғылымға еңбек сіңірген қайраткері деген құрметті атақтың иегері.

Ғалымның ғылымдағы өрісі өте кең. Ол тіл тарихының проблемасы оның этимологиясы, гомегендік-лексикалық комплекстің эволюциясы, түркі тілдеріндегі қос сөздердің шығуы және басқа да көптеген проблемаларды қамтиды. Ә.Қайдаров фонетика-грамматикалық зерттеулердің, орфографиялық және терминологиялық құнды еңбектердің авторы. Грамматика, фонетика, лексика саласындағы түрік, моңғол тілдерінің зерттеушісі. Бұл салада тіл ғылымы әлеміне әйгілі болған бірнеше еңбектер жариялады.

Жоғарыда аталғандармен қоса Ә.Қайдаров «Қазақ тілі», «Сөздердің структуралық типі», «Ұйғыр тілінің грамматикалық очеркі», «Ұйғыр есімдері», «Ұйғыр (жаңа ұйғыр) тілі» және тағы басқа да очерктер, сондай-ақ лингвистика ғылымы мен тюркологияда көлемді еңбек сіңірген бұрынғы және осы заманғы ғалымдардың өмірі мен қызметі туралы бірнеше мақалалар жариялады.

Ә.Т.Қайдаров ғылыми-ұйымдастыру мен қоғамдық жұмыстарға да белсене атсалысады. Ол Қазақ ССР Министрлер Советінің жанындағы Мемлекеттік терминология комитеті председателінің орынбасары, Қазақ ССР Оқу-ағарту министрлігі жанындағы оқу-методикалық советінің ұйғыр секциясының председателі, Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл білімі институтының «Социалистік ұлттың даму заңдылығы» атты Бүкілодақтық ғылыми советтің, совет түркологтары комитеті бюросының, Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының жанындағы заң қабылдау терминология комиссиясының, Қазақ ССР Ғылым академиясының Қоғамдық ғылымдар қоғамының, Қазақ совет энциклопедиясы тіл білімі жөніндегі редакциялық советтің мүшесі. Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабарларының филология сериясының бас редакторының орынбасары, Тіл білімі институтының түркі тілдері мамандығы бойынша докторлық диссертация қорғау мамандандырылған советінің председателі. Ғалым сондай-ақ шетелдермен достық және мәдени байланыс жұмысына белсене араласады.

Ә.Т.Қайдаров Бүкілодақтық және халықаралық ғылыми-теориялық конференцияларға қатысып, талай дүркін ғылыми баяндамалар мен хабарлар жасады.

Әбекең жас ғалымдар дайындау ісінде де көптеген ғылыми-педагогикалық жұмыстар тындырып келеді. Ғалымның басшылығымен ондаған ғылым кандидаттары мен докторлары дайындалды. Бұл ғалымдар қазір қазақ, ұйғыр, қарақалпақ, хакас, моңғол тілдерін зерттеуде өз үлестерін қосып жүр. Академик Ә.Қайдаровтың редакторлығымен бірнеше оқулықтар мен методикалық құралдар жарық көруде.

Үлкен ғалымның еңбек жолы әрине, оңай да даңғыл болған жоқ. Ол бұған өмірлік дайындықпен келді, ғылым шыңына құлшына шаршап шалдықпай игерді. Әлі де болса біз Әбекеңнің бергенінен берері, жастарға үлгі-өнегесі мол деген шынайы ниеттеміз. Бұған Әбекеңнің өзінің мына сөзі дәлелді болады деп ойлаймыз. «Мүшел той мереке емес, ең алдымен өзіңе өзің есеп беру... Алдағы жоспар шаш-етектен. Оның қаншалықты орындалатынын, әрине, уақыт көрсетеді».

*Т.Смайылов, А.Белботаев.
«Орталық Қазақстан». 12 желтоқсан. 1984.*

Виқный үченый

Научно-лингвистическая общественность широко отмечает 60-летие со дня рождения заслуженного деятеля науки республики, академика АН КазССР, лауреата премии им. Ч.Ч.Валиханова АН КазССР, Абду-Али Туганбаевича Кайдарова.

Сразу же после войны, участник Великой Отечественной, кавалер двух орденов Красной Звезды, ордена Славы III степени, ордена Отечественной войны I степени и многих медалей А.Т.Кайдаров поступил на филологический факультет нашего университета, который отлично окончил в 1951 г. Еще в студенческие годы проявилась его склонность и он был оставлен в аспирантуре Института языка и литературы АН КазССР. С тех пор его имя тесно связано с развитием казахстанского языкознания. Академика А.Т.Кайдарова, автора более ста научных трудов с общим объемом около 450 авторских листов, отличает интернациональный характер его исследовательских работ. Он, казах по национальности, под научным руководством академика АН Киргизской ССР И.А.Батманова и в 1955 году блестяще защитил кандидатскую диссертацию о парных словах и уйгурском языке, а в 1970 году им была защищена уже докторская диссертация на тему «Уйгурские диалекты и диалектная основа литературного языка». Следует добавить, что А.Т.Кайдаровым написаны учебники по уйгурскому языку и литературе.

Последнее время академик А.Т.Кайдаров плодотворно стал заниматься актуальными проблемами казахского языка. Так, им закончена монография «Структура односложных корней и основ в казахском языке», включенная в издательский план 1985 года; (совместно с членом-корреспондентом АН КазССР Р.Г.Сыздыковой) работает над редакцией большого «Казахско-русского словаря». Благодаря практическому знанию ряда тюркских языков (казахского, уйгурского, киргизского, узбекского, татарского и др.) занимается проблемами казахского и уйгурского языков, широко привлекая факты других родственных языков, а также пишет общетюркологические исследования. Примерами сказанному могут служить завершенные монографии: «Опыт этимологических исследований в казахском языке» и «Историческое развитие лексики уйгурского языка: к проблеме контактов», а также учебное пособие для вузов «Введение в тюркологию».

Академиком А.Т.Кайдаровым большое внимание уделяется росту молодых ученых-языковедов. Под его научным руководством подготовлено более десяти докторов и кандидатов наук. Абду-Али Туганбаевич активно участвует в общественной работе. Он – председатель специализированного совета по защите докторских диссертаций по тюркским языкам при Институте языкознания. АН КазССР, член бюро Советского комитета тюркологов, член Всесоюзного научного совета «Закономерности развития национальных языков в связи с развитием социалистических наций», заместитель председателя Гостерминкома при Совете Министров КазССР, председатель секции казахского языка Учебно-методического совета при Мнипросе КазССР, заместитель председателя Казахского отделения общества советско-венгерской дружбы.

Как профессор Казахского государственного университета имени С.М.Кирова А.Т.Кайдаров отдает много сил и знаний подготовке высококвалифицированных филологов для республики.

Все коллеги и ученики Абду-Али Туганбаевича горячо поздравляют его со знаменательной датой и желают крепкого здоровья, успехов в труде на благо лингвистической науки.

М.С.Сергалиев.

«Казахский университет». 27 декабря. 1984.

Ізденген жетер мұратқа

«Өнерді терең түсінбейінше, адамның оған деген махаббаты болмайды» деген пікірді шәкірт бала көңіліне ерте түйді. Мектепте оқып жүргенде-ақ ұлы Абай мен Амангелді бейнелерін айнытпай майлы бояумен салып көзге түскен еді. Салған суреттерінің біразы өзі оқыған мек-

теп қабырғасында ілулі тұрды. Сол бір шәкірт бала бұл күнде өз халқының тарихы мен мәдениетін, әдебиеті мен ана тілін, өнері мен ән-күйін жанындай қастерлеп, шексіз сүйген ғалым, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі Әбдуәли Қайдаров еді. Кешегі мектеп түлегі бүгін академик аталып, қоғам қайраткеріне дейін көтерілсе, ғылым жолында жемісті еңбек етіп, кемел ғалым боп отырса, бұның бәрі партия мен үкіметіміздің әкелік қамқорлығы екені сөзсіз.

Ұлы Отан соғысы басталғанда жас жігіт өз еркімен майданға аттанды. 1942–1945 отты жылдарғы Калинин, I Прибалтика, II Белорус майдандары. Жаумен арпалысқан шайқастар. Ауыр жарақат алып госпитальда жатқан кездер, – бәрі-бәрі де оның есінде. Ол сол бір отты жылдарды осы қалада тұратын өзінің майдандас серігі, Совет Одағының Батыры Қречетов екеуі әр сәт еске алып отырады. Гимнастеркасының өңірінде III дәрежелі «Даңқ», I дәрежелі «Отан соғысы», екі «Қызыл Жұлдыз» ордендері, «Германияны жеңгені үшін» медалі жарқырайды.

Соғыстан оралған Ә.Қайдаров бейбіт еңбекке араласады. Білім алуды армандап, мұрат тұтқан ол 1947–1951 жылдары С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті филология факультетінің қазақ бөлімінде оқып, үздік бітіріп шығады. Талапты да білімді жасты Қазақ ССР Ғылым академиясы аспирантураға шақырады. Ол бүгінде өзімен ұзақ жылдар бойы қызметтес болып жүрген әріптестері мен аға буын ғалымдардың көз алдында кемеліне келіп толысты.

Ғылымда әр ғалымның өзіне лайық орны, салмақ, бағасы болады. советтік дәуірде қанатын жая, құлашын кеңге ұрып, шарықтап бара жатқан қазақ тіл білімін отандық ғылымның бір саласы десек, оны дамытуға аға буын ғалымдармен бірге барынша мол үлес қосқандардың қатарында Ә.Қайдаров та бар. Бүгінде алпыс жастың асуына көтерілген оның ғылыми-творчестволық әрі педагогикалық қызметінің қырық жылдық мүшелі де қатар келіп отыр. Ол 1955 жылы кандидаттық, 1970 жылы докторлық диссертация қорғады. Қазақ тілі мен Советтік түркологияны дамытуға қосқан үлесі үшін оған профессор, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері құрметті атақтары берілді. 1983 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі болып сайланды. Ә.Қайдаров бірнеше монографиялық еңбектің, 150-ден астам ғылыми мақалалардың авторы.

Ә.Қайдаров пікір айтып, қалам тартқан тіл біліміндегі тақырыптарды атап өтудің өзі-ақ ғалымның зейін қойып, зер салған қазақ, ұйғыр және түрік-моңғол, орыс тілі байланыстары саласындағы ғылыми зерттеулерінің аясы кең, әрі ауқымды екенін айқындай түседі. Оның қаламынан туған «Қазақ тілі» (1973), «Сөздердің құрылымдық түрлері» (1962), «Ұйғыр тілінің грамматикалық очерктері», «Ұйғыр (жаңа ұйғыр)

тілі» (1966) және басқа ғылыми очерктері, түркологияға, жалпы лингвистика іліміне үлес қосқан ғалымдар туралы мақалалары қаншама десеңізші.

Одақтық, республикалық ғылыми журналдар мен түрлі басылымдарда жарық көрген көлемді де мазмұнды мақалаларының дені қазақ әдеби тілі мен тіл мәдениеті, тіл тарихы, терминология, ономастика және фонетика мәселелеріне, грамматикалық зерттеулерге арналған. Әсіресе этнография мен лингвистика тәрізді екі ғылымның арақатысын байланыстыра зерттеп, ойлы пікірлер айтқан зерттеулері мен этимологиялық еңбектерінің орны ерекше.

Ғалымның ғылыми-зерттеу жұмыстарының маңызды бір саласы – ұйғыр тіл білімі. Оның қаламынан туған «Ұйғыр тіліндегі қос сөздер» (1958), «Ұйғыр тілі» (1966), «Қазіргі ұйғыр әдеби тілінің дамуы» (1969) атты монографиялар көпке танымал. Соңғы аталған еңбек ұйғыр тіл біліміне ғана емес, бүкіл түркі тілдерін зерттеуге қосылған лайықты үлес еді. Кітаптағы материалдардың толықтығы мен әржақтылығы, автордың зерттеп отырған мәселелерін баяндау тәсілі, ұйғыр әдеби тілі мен диалектілері туралы еңбектерге жасалған тарихи терең шолу және автордың білім арнасының кеңдігі бұл еңбектен айқын көрінеді.

Сондықтан да бұл еңбек кезінде түркологтар тарапынан жоғары баға алған болатын. Сол үшін де оған 1971 жылы Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлық берілді. Бұл монографияның мазмұны терең, іргелі еңбек екенін советтік түркологтар да, шетелдегі әріптестер де мойындап отыр.

Ғалымның өнімді де ұтымды зерттеулерінің бір тобы СССР халықтары тілдерінің өзара қарым-қатынасына, ұлы орыс тілінің ұлтаралық тіл ретіндегі орны мен қызметіне арналған.

Ал қазақ тілінің тарихи лексикологиясы мен сөз құрылысы (буын), түркі тілдеріндегі сөз формасына, түбірдің тегісі ретінде жазылған «Қазақ тіліндегі бір буынды түбірлері мен негіздердің құрылысы» атты монографиясы бұған анық дәлел. Ә.Қайдаров қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігінің баспадан шығуына редколлегия мүшесі ретінде көп білімін жұмсады.

Осындай көп қырлы ғылыми-зерттеу жұмыстарымен қатар, ол түркологияның жалпы тіл білімінің, сондай-ақ қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері жайында одақтық және халықаралық конференциялар мен конгрестерде баяндамалар жасап, көзге түсіп, Совет дәуірінде СССР халықтары әдеби тілінің дамуына арналған бүкілодақтық конференцияларда, «Түркі тілдерінің диалектологиясы» және «Тұрақты халықаралық лингвистика конференциясының XV сессиясында» (Вена) және XV халықаралық ономастикалық конгрестерде (София, Лейпциг), «Бүкілодақтық ұйғыртану конференциясында» жасаған мазмұнды баяндамалары мен сөйлер сөздері терең мәнділігіне назар аударады.

Республика мектептеріне арнап оқулықтар мен оқу құралдарын жазуда да айтарлықтай еңбек сіңіруде. Бұған ғалым-педагогтің 1985 жылы «Мектеп» баспасынан шыққалы отырған «Түркологияға кіріспе» атты университеттер мен педагогтік институт студенттеріне арналған оқулығы айғақ.

Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі Ә.Қайдаровтың қоғамдық қызметі мен ғылыми кадрлар даярлаудағы еңбегі де көп. Ол – академияның Тіл білімі институты жанындағы докторлық диссертация қорғайтын арнаулы ғылыми советтің председателі. Қазақ мемлекеттік университетінде де лекция оқып, ұстаздық жасап, жастарды тәрбиелеуге лайықты үлес қосып келеді. Ол совет-венгр достығы Қазақ бөлімшесі председателінің орынбасары, СССР Ғылым академиясы жанындағы «СССР-дегі социалистік ұлттардың дамуымен байланысты ұлт тілдерінің даму заңдылығы» атты проблемалық ғылыми советтің мүшесі. Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы председателінің орынбасары, Түркологияның советтік комитетінің мүшесі, Қазақ ССР Ғылым академиясы Қоғамдық ғылымдар бөлімшесінің мүшесі.

Оның көп жылдық қоғамдық-ғылыми еңбегі жоғары бағаланып, СССР медальдарымен, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Құрмет грамотасымен наградталды.

Әбдуәли Қайдаров – қарапайым, кішіпейіл, адамгершілігі мол жан. Жастарға үнемі қамқорлық жасап, ақыл-кеңесін айтып, қолдан келген жәрдемін аямайды. Республикамыздың көрнекті ғалымы, Ә.Қайдаровты жасы 60-қа толуымен құттықтай отырып, зор денсаулық, ғылымның қия жолында ірі творчестволық табыстарға жете беруін тілейміз.

Т.Жанұзақов, Т.Сайрамбаев.

«Социалистік Қазақстан». 13 желтоқсан. 1984.

Еңбегі – еп мерейі

Әріптесімнің жұмыс жоспарында оқушыларға кәсіби бағдар беру бөлімі бойынша белгіленген бір тақырып еріксіз назар аударарлықтай екен: «Ғалым болсаң – ғалам сенікі!», «Кім болам?» циклі бойынша кезекті тәрбие сағатында әңгіме өткізбек. «Жақсыны көрмек үшін» деген, межелі күні осы шараға қатысқым келді. Қатыстым да.

Тақтадан жоғарырақ портрет ілініп, автордың кітаптары мен газет-журналдық мақалаларынан арнаулы көрме бұрышы жабдықталыпты. Бірнеше жерден қойылған гүл дестелері де көпшілік көңілінің ілтипатын білдіргендей.

Біреп сәттік кіріспемен отырыстың мән-жайы түсіндірілген соң, баяндамашы сөз алды. Өңі бал-бұл жанып, ризалық шыраймен екпіндей сөйлеп тұрған балғын жігітке ынталы бейіл танытып қарап отырмыз. Тындап отырмыз:

...Әбдуәли Қайдаров тоғызыншы класты тәмамдады. Мектеп бітіруге бір жыл ғана қалды. Арман қол созым-ақ жерден бой көтеруде. Біресе суретші, біресе композитор бейнесі елестейді. Екеуіне де бейімділігі бар. Сенімі және бар. Домбыра мен скрипка шектерінен терең сырлы әсем әуен төгіліп, өзін-өзі ұмытып ерекше дүниеге еніп кететін шақтары қандай?! Мектеп залындағы Аманкелдінің портретін топ-топ болып тамашалаушылар талай рет қолын қысып құттықтамады ма? Тіпті оны Әбілхан Қастеевтің туындысынан репродукциялық көшірме дейік. Ал ұлы Абайдың портретін салуы өзінің дербес өнері емес пе?

Жас ұланның қиял құсы тосыннан топшысын тасқа сокқандай күйге түсті. Неміс фашистерінің опасыздықпен шабуылдап, шекарадан баса-көктеп кіргені туралы суық хабар жетті. Үлкен-кішінің сана-сезімінде әділ кек қайнап, азаматтық намыс оты лаулады. Әбдуәлидің әкесі, екі ағасы майданға аттанды. Олардың соңынан жолдастарымен бірге бұл да өз тіленіп соғысқа баруға жиналды. Жасы жетпегендіктен сұранған жағына жіберілмей, он айлық мұғалімдік курсына жолдама берілді. Соғысқа кеткен мұғалімдердің орындарына жоғары класс оқушылары қатарынан жеделдетіп кадрлар даярлау қажет еді. Бірақ курс аяқталмады. Әскери комиссариатты қоярда-қоймай мазалап, ақыры дегеніне жетті. Он сегізінде өз еркімен ел қорғауға жол тартты. Қиян-кескі сан сұрапылдың ішінде ажал төндірген тажал жаудан тайсалмай шайқасып, жауынгерлік антын адал ақтады. Жараланды. Сапқа қайта оралды. Великие Луки түбіндегі Балтық бойындағы ұрыстарды бастан кешірді. Әскери-инженерлік училищеде оқып шығып, офицер шенінде взвод командирі болды. Азаткерлік шерудің құрамында Висладан әрі өтті. Кеудесінде Даңқ ордені, Отан соғысы ордені, екі Қызыл Жұлдыз ордені және медальдар жарқырап, Жеңіс салтанатын Одер жағасында қарулас достарының ортасында қарсы алды.

Жиырма бір-ақ жастағы майдангер қазақ жігіті Әбдуәли Қайдаров Алатаудың баурайындағы ауылы Талдыбұлаққа келді. Бірден білім алу, мамандыққа не болу мақсатына кірісті. Алдымен кәметтік аттестатқа лайықты оқуын оқып, сынағын тапсырды. Мұнан соң университеттің филология факультетіне түсті. Бесжылдық программаны төрт жылда өтеп, диплом алды. Аспирантурада қалдырылды.

Филология ғылымында пайда болған жаңа есім кездейсоқ жалт етіп жоғалып кетпей, көп ұзамай танымал болып алды. Ұйғыр тілінің сөз құрылымын саралаған зерттеуі үлкен ғылыми жетістік ретінде бағаланды.

СССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, профессор Сергей Ефимович Малов, Қырғыз ССР Ғылым академиясының академигі, СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, профессор Константин Кузьмич Юдахин сияқты ғұлама түркологтар айрықша жоғары пікір білдіріп, Әбдуәли Қайдаровтың болашағынан зор үміт күтетіндіктерін қуана айтты. Бұл елуінші жылдардың орта тұсы болатын.

Сонан бергі уақытта ғалым Қайдаров үрдіс те үздіксіз өсу үстінде. Кең тынысты, қарқынды еңбек етуден толас тапқан кезі жоқ. Әлбетте, ғалымдық жүктің жеңілдігінен, жұмыстың оңайлығынан емес, Маркс сипаттағандай, ғылымда данғыл жол болмайтыны, оның шұғылалы шыңына қиындықтан жасқанбай, күз-жақпарлы қиялар мен айбарлы асулардан өз соқпағын тауып өткен адам ғана шығатыны әркімге аян. Әбдуәли Туғанбайұлы бүгінде сол асқарға шыққан санаулы ғалымдардың бірі. Ол – Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі, Қазақ ССР ғылымына еңбегі сіңген қайраткері, филология ғылымының докторы, профессор, Шоқан Уәлиханов атындағы академиялық сыйлықтың лауреаты. Ғалымның жалпы саны жүз елуге тарта зерттеуі жарық көрген. Солардың ішінен, әсіресе, грамматика теориясы, әлеуметтік лингвистика теориясы, әдеби тіл мен диалектология теориясы, түркі-моңғол, түркі-славян тілдік қатынас теориясы бойынша іргелі еңбектері төтенше маңызды. Бұл бағыттағы проблемалардың қойылуы мен шешімін де Қайдаров тән байсалды ой, баянды көзқарас әрдайым сапасын сақтап келеді. Оның дәйекті концепциясы, орнықты қорытындылары түркітану және алтаистика әлемінде баршаға жақсы мәлім. СССР Ғылым академиясының академигі Андрей Николаевич Кононов, швед түркологы Гуннар Ярринг, неміс түркологы Герхард Дерфер сияқты зор тұлғалар тарапынан Қайдаровтың теориялық тұжырымдары қолдау тауып, үздік бағалануы көп нәрсені аңғартса керек.

Академик Қайдаров тілдің практикалық мәселелерін де нәтижелі қарастыра келеді. «Ана тілі – халық даналығының мұхиты, өткен өмір мен қазіргі тұрмыстың айнасы» деп бұл асыл қазынаны ардақтап, қадірлей білуге байланысты нақтылы істердің атқарылуына белсенді қатынасуда. Ол – екі тілді сөздіктердің, орта және жоғары мектеп оқулықтарының, тіл мәдениетінің ағымдағы құбылыстарын жіті қадағалап жазған ондаған мақалалардың авторы. Советтік тіл білімінде тұңғыш рет шықпақшы үш томдық тарихи-этнографиялық сөздігі аяқталған. Тарихи лексикология мен морфология бойынша жаңа монографиясы мен түркітану негіздері бойынша оқулығы да дайын.

Әбдуәли Туғанбайұлы Қайдаров ғылыми ұйымдастырушылық қызметке де айтулы дәрежеде қажыр-қайратын, ерік-жігерін жұмсап келеді. Ол республикадағы ғылыми-творчестволық ойдың ордасы – ака-

демиялық Тіл білімі институтының директоры, коллективтік сан салалы ізденістердің жолбасшысы, талаптың тай-тұлпарын мініп ғылымға бет қойған қаншама адамдың ақылды тәлімгері.

Академик Қайдаров Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Мемлекеттік терминологиялық комиссияда, совет-венгр достығы қоғамында, советтік түркітану комитетінде, СССР Ғылым академиясындағы «Социалистік ұлттардың әдеби тілдерінің даму заңдылықтары» деген комплексті советте ұшы-қиырсыз қыруар міндеттерді орындайды. Көптеген ғылыми және мәдени-көпшілік басылымдардың редакциялық алқаларындағы шаруалармен де еш іркіліссіз шұғылданады. Студенттерге, жоғары оқу орындарының педагогтарына арнаулы курстардан лекция жүргізеді.

Осындай ұдайы еселене түсетін тың күштің таусылмас қоры бар екені де рас. Коммунист Қайдаров өз еңбегінің қайнар көзі – партия, Отан, халық алдындағы жауапкершілік, перзенттік парыз сезімі деп біледі. Жеке азаматтың атақ-абыройы ең әуелі ел мерейі екендігін қадап айтады. Ал сонау балаң жастағы арманы үшін ешқандай өкінбейді. Жүрек әмірімен өмірінің екі үлкен кезеңіне символ жасағандай рахаттана еске алады: Аманкелді бейнесі соғыста жүргенде, Абай бейнесі бейбіт еңбекте сыйынғанға жебеуші болған шығар дейді ішінен. «Бір ғалымды көрсеңіз...» деген данышпан Абай сөзіне бақсақ, академик Әбдуәли Туғанбайұлы Қайдаровтың өмірі бізге өнеге-үлгі.

...Барлығымыз баяндамашының сөз түйініне жан-жақтан қоштау білдіріп, сүйсініп қалдық. Даусыз ақиқат – ғалым еңбегі де дикан мен малшының, артист пен кеншінің, ғарышкер космонавт пен дәрігердің еңбегіндей. Отанның даңқын асырып, қуатын арттыруға үлес қосады.

Қ.Қазинеев.

«Семей таңы». 13 желтоқсан. 1984.

От солқата – қо ақақемика

Научно-педагогическая общественность республики и советский комитет тюркологов отмечают сегодня 60-летие одного из выдающихся ученых-тюркологов, основоположника современного уйгуроведения, активного участника Великой Отечественной войны, академика АН КазССР, директора Института языкознания АН Казахской ССР Абдуали Туғанбаевича Кайдарова.

А.Т.Кайдаров родился 13 декабря 1924 года в селе Талды-Булак Эңбекши-Казахского района Алма-Атинской области. Окончив девять классов сельской средней школы в 1942 г., он добровольцем уходит на фронт. После демобилизации из рядов Советской Армии, в 1947 году поступает в Казахский государственный университет им. С.М.Кирова. По окон-

чания его в 1951 году был оставлен в аспирантуре. Спустя четыре года Абдуали Туганбаевич успешно защищает кандидатскую диссертацию. С 1954 года по настоящее время вся его научная и общественная деятельность связана с Институтом языкознания Академии наук Казахской ССР. В этом республиканском научном центре он вырос от младшего научного сотрудника до академика, директора одного из крупнейших научно-исследовательских институтов.

Многогранная научно-общественная деятельность А.Т.Кайдарова особенно проявилась после защиты им в 1970 году докторской диссертации по теме «Уйгурские диалекты и диалектическая основа литературного языка». Он удостоен премии имени Ч.Ч. Валиханова (1971 г.), «звания профессора и члена-корреспондента АН КазССР (1972 г.), заслуженного деятеля науки Казахской ССР (1982 г.), академика АН КазССР (1983 г.), А.Т.Кайдаров – член редакционного совета по языкознанию Казахской Советской Энциклопедии, член бюро Советского комитета тюркологов, член бюро отделения общественных наук АН КазССР, член правления Казахского общества дружбы и культурных связей с зарубежными странами, член редакционного совета ряда научных и научно-популярных журналов, таких, как «Білім және еңбек» и других.

Значителен вклад ученого в исследование истории языка и его этимологии, вопросов исторической лексикологии на уровне «атомарной этимологии» тюркской словоформы и структуры слова. Итогом исследования в решении этой проблемы явилась его монография «Структура односложных корней и основ в казахском языке», которая стала теоретической базой для подготовки полного этимологического словаря казахского языка. Многое сделано им также для познания этнолингвистического лексикона казахского и уйгурского языков изучения фразеологических вариантов и установления научных критериев классификации фразеологических сочетаний.

А.Т.Кайдаров является автором ряда научных работ по алтаистике, которые получили достойное признание в научном мире. Под его научным руководством ведутся исследования в плане сопоставления праформ по древнетюркским, монгольским и японским языкам. Ему принадлежат работы по изучению проблем функционирования русского языка в Казахстане в условиях казахско-русского билингвизма, в которых отражена лингвистическая интерпретация прогрессивной роли русского языка как средства межнационального общения народов, языка дружбы и братства.

В трудах ученого определенную научную разработку получили социолингвистические проблемы двуязычия и многоязычия в социалистическом обществе, вопросы языкового строительства в Казахстане и развития национальных языков, отдельные аспекты взаимодействия уйгурского языка с казахским и др.

По инициативе академика в Казахстане широко развернуто исследование казахского языка с применением новейших достижений электронно-вычислительной техники и лингвоматематических методов. По этому направлению в институте, руководимом им, защищен ряд кандидатских диссертаций, выпущены монографии, учебные пособия, а также многочисленные статьи. Некоторые из них переведены и изданы на английском и немецком языках. В настоящее время исследования казахстанских ученых занимают одно из ведущих мест среди союзных республик страны.

А.Т.Кайдаров как заместитель председателя Казахской государственной терминологической комиссии при Совете Министров Казахской ССР и как член терминологической комиссии по законодательству при Президиуме Верховного Совета Казахской ССР, проводит огромную работу по упорядочению и автоматизации составления терминологических словарей. Под его руководством в Институте языкознания совместно с Чимкентским пединститутом впервые в нашей стране создается машинный фонд русско-национальных терминологических банков данных, который со временем объединится с широкомасштабной проблемой создания машинного фонда русского языка.

Объем этой поистине грандиозной работы можно представить, сопоставив время, затраченное на составление словарей по произведениям Абая и Пушкина. Известно, что на составление словаря Абая десять человек затратило 5 лет, а словарь языка Пушкина составлялся почти в течение 20 лет! Основное время ушло на выполнение первого этапа, т. е. на составление картотек. Тексты, заложенные в память ЭВМ, станут весьма ценным материалом для исследований не только по казахскому, но и по другим тюркским языкам.

Следует отметить, что затронутые нами вопросы получат дальнейшее всестороннее разрешение особенно после введения в промышленную эксплуатацию в 90-х годах ЭВМ пятого поколения. Когда у нас будет такая электронно-вычислительная машина, вся информация, имеющаяся как в нашей стране, так и за ее пределами, будет занесена на машинные носители. Ввод информации в ЭВМ пятого поколения будет осуществляться с голоса, в графическом виде, а также с типографского набора и будет обрабатываться с неизмеримо большей скоростью, примерно около одного миллиарда операций в секунду, и со временем типографский набор текстов будет осуществляться с помощью ЭВМ.

Академик А.Т.Кайдаров представлял результаты своих исследований, а также исследований казахстанских ученых на многих международных и всесоюзных конференциях: на XI Международном конгрессе ономастов в Софии, Международной научной конференции «Опыт социалистических преобразований в СССР и его международное значение» в Ташкенте,

XV сессии постоянной Международной алтайстической конференции в Вене, Международном симпозиуме социолингвистов в Кишиневе, а также на ряде Всесоюзных и республиканских конференций.

Он автор более 120 научных трудов, в том числе ряда оригинальных научных монографий и учебных пособий, таких, как «Развитие современного уйгурского литературного языка», Соавт.тором «Казахского этимологического словаря», «Уйгурско-русского словаря», им написаны учебники по уйгурской литературе уйгурскому языку.

Как председатель Ученой совета ИЯ АН КазССР, Научного совета «Закономерность, развития современного казахского языка», а также как председатель Специализированного совета по защите докторских диссертаций по специальности «Тюркские языки» при Институте языкознания АН КазССР, А.Т.Кайдаров проводит большую работу по аттестации высококвалифицированных научных специалистов по тюркским языкам в Казахстане и в СССР. Под его научным руководством подготовлено более десяти докторов и кандидатов наук в области исследования по казахскому, уйгурскому, каракалпакскому хакасскому и монгольскому, языкам.

Его заслуги неоднократно отмечались Почетными грамотами. Верховного Совета Казахской ССР и Президиума. АН КазССР.

За активное участие в боях, против немецко-фашистских захватчиков в Великой Отечественной войне он награжден боевыми орденами: орденом Славы III степени. Отечественной войны I степени, двумя орденами Красной Звезды и многими медалями.

Абдуали Туганбаевич еще полон сил, энергии и находится на творческом подъеме. В канун 40-летия Победы, а также в день его шестидесятилетия хотелось бы от души пожелать ему крепкого здоровья и дальнейших творческих успехов.

К.Бектаев.

«Южный Казахстан». 14 декабря. 1984. С. 3.

Мәуені бәлестер

Алатаудың әсем беткейлерінің бірі – Еңбекшіқазақ ауданының Талдыбұлақ ауылында, Туғанбай шаруаның үйінде дүниеге келген сәбидің болашақ тағдырын ол кезде кім болжап білген. Бірақ оның өмір жолы ашық, айқын болатын. Бойында титтей қабілеті бар баланың бәрінің бағын ашқан советтік қоғам оны да қанатының астына алып, білім алуына жағдай жасады. Өзінің басқа тұрғыластарынан өмірінің өзгешелігі шамалы болғанмен, оқушы Әбдуәлидің зейін-зердесінде үйренуге, білуге құштарлығында ерекшелік байқалатын. Әуелден үздік оқыған ол өнердің әр түріне бейім болды. Керемет сурет салатын, музыка аспабында ойнай-

тын, әйтеуір сонау сәби кезінен бергі өмір белестерінде оның екі қолын алдына салып қарап отырған немесе балалықтың добын теуіп, асығын иіріп кеткен кезі шамалы екен. Білімнің әр алуан бұлағынан сусындап, қиял қанатын шыңдап, жетіліп келе жатқан бозбала 9 класқа көшкенде, өмірдің кенет соққан алапат дауылына араласты да кетті. Соғыс басталды...

Мектеп бітірместен өзі сұранып, соғысқа аттанды. Өмір мен өлім арпалысында ол ел намысын қолдан бермей қорғай алатын табанды мінез танытып, қажыр-қайрат көрсетті. Табиғатында бар азаматтық қасиеттерін қан төге жүріп шыңдады. Жас жігіт соғыстың басынан аяғына дейін қатысып, омырауына «III дәрежелі Даңқ», I Дәрежелі Отан соғысы, «Қызыл Жұлдыз» ордендерін, бірнеше медаль тағып, 1946 жылы лейтенант шенінде туған елге оралды.

1947 жылы 10 класты бітірген сұр шинельді лейтенант С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті филология факультетінің қазақ бөліміне түсті. Сол жылдары ана тілінің ғажайып сырына бойлап, неше алуан заңдылықтарымен танысты. Туған әдебиеттің түрлі-түрлі үлгілеріне үңіліп, эстетикалық тәлім алды. Білімге деген шөлін қандырды. Ана тілімен бірге ұйғыр, орыс тілдерін жетік білетін студент Әбдуәли сол жылдардың өзінде-ақ осы тілдердің кейбір фактілерін ойша салыстыра, салыстыра жүріп, өзінің ынта-ықыласы осы проблемаға қарай ойыса бастағанын аңғарды, Ал Қазақ ССР Ғылым академиясының аспирантурасында 1951–1954 жылдар аралығында өткен үш жыл оның болашақ өмір жолын біржола айқындап берді. Сөйтіп, Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институтына қызметке орналасып, тіл проблемаларымен түбегейлі айналыса бастады. Міне, содан бері ол қазақ тіл білімінің қара шаңырағы саналатын осы мекемеде үздіксіз қызмет етіп келеді. Қазір ол – Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институтының директоры, әрі лексикология бөлімінің меңгерушісі. Ғылым ордасында өтіп келе жатқан осы отыз жыл Әбдуәли Қайдаровты ғалым, азамат, қайраткер етіп қалыптастырған мейлінше мазмұнды, мағыналы жылдар болды.

Еңбекке толы әрбір жылдың бейнеті мен зейнеті бара бар. 1955 жылы «Қазіргі ұйғыр тілінің қос сөздері» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. 1962 жылы «Ұйғыр тілі мен әдебиеті» деген аннотациялық библиографиялық көрсеткіші жарық көрді. «Ұйғыр диалектісі және әдеби тілдің диалектілік негізі» атты докторлық диссертациясын 1970 жылы қорғады. 1969 жылы «Қазіргі ұйғыр әдеби тілінің дамуы» деген атпен жеке кітап болып шыққан бұл еңбекте автор ұйғырлардың халықтың сөйлеу тілі мәселелерін зерттеп, ұйғыр диалектісі мен говорларының негізгі белгілерін айқындады, оларды жіктеудің ғылыми принциптерін түзді. Еңбек кезінде өзінің ғылыми дә-

йектілігімен, теориялық салмағымен әлемге әйгілі түркологтардың назарын аударған болатын. Мәселен профессорлар Э.Р.Тенишевтің (СССР), К.Менгестің (АҚШ), Г.Дефердің (ФРГ) пікірлері осыған дәлел.

1971 жылы Ә.Т.Қайдаровқа осы еңбегі үшін география мен қоғамдық ғылымдар саласы бойынша Ш.Ш.Уәлиханов атындағы бірінші дәрежелі сыйлық берілді. 1972 жылы профессор, Қазақ ССР Ғылым академиясының мүше-корреспонденті, 1983 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшесі болып сайланды. Ол – Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері.

Ғалым айналысатын тақырыптың ауқымы мол, шеңбері кең. Соларды жай атап өткеннің өзінде мынадай жайды аңғарамыз: тіл тарихы және тарихи этимологиялық ізденістер, түркі тілдеріндегі қос сөздердің жасалу жайы, лексика-грамматикалық түркі синкретизмдер, плеоназмдер, өлі түбірлер, тағы басқа толып жатқан тақырыптар төңірегінде жазылған монографиялар, зерттеулер, мақалалар академиктің ғылыми орбитасының кең екенін байқатады.

Соңғы жылдары Ә.Қайдаров қазақ тілінің этнолингвистикалық лексиконын тереңірек зерттеп жүр.

– Өйткені, – дейді ғалымның өзі бұл туралы, – халықтың ежелгі мәдениетінің көптеген белгілері осындай тілдік элементтерге сақталып қалған. Сондықтан осы бағыттағы ізденістер тіл ғылымында жаңа бір арна ретінде танылуы әбден мүмкін.

Ә.Т.Қайдаров – алтаистика саласында да жемісті еңбек етіп келеді. Бір жарым ғасыр тарихы бар алтаистиканың әлі жетілмеген, зерттелмеген мәселесі көп. Соның өзекті мәселелерін зерттеу объектісіне айналдырып, көптеген ізденістерге бағыт, бағдар сілтеп отырған Ә.Қайдаровтың жетекшілігімен Қазақстанда, Москвада (Е.Г.Әзербайев), Моңғолияда (Б.Базылхан) біраз жұмыстар жасалуда. Осының нәтижесінде Алтай семьясына кіретін түркі, моңғол және жапон тілдерінің көне фактілері салғастырылып, біраз қызықты жайттардың беті ашыла бастады.

Оның соңғы кездегі біраз мақаласы ұлтаралық қатынастар құралына айналған орыс тілінің прогрессивті рөлін жан-жақты талдауға бағытталған. Сондай-ақ социалистік қоғамдағы екі тілділік пен көптілділікті сөз ететін социалингвистикалық проблемалар, Қазақстандағы тіл құбылысы мәселесі және ұлттық тілдер жайы, оның ішінде совет ұйғырлары тілі мен қазақ тілінің қарым-қатынасы ғалым лабораториясына түсіп, бағаланып, сараланып жатады.

Ғалымның «Қазақ тілі» (1973 ж.), «Сөздердің структуралық түрлері» (1962 ж.), «Ұйғыр тілінің грамматикалық очеркі» және «Ұйғыр есімдері» (1961 ж.), «Ұйғыр (жаңа ұйғыр) тілі» (1966 ж.) тәрізді грамматикалық очерктері де ғылыми қауымның ізденіп оқитын қажетті құралдарына

айналды. Сонымен бірге айтулы еңбектерімен лингвистика іліміне, әсіресе түркологияға елеулі үлес қосқан бұрынғы, қазіргі ғұламалардың өмірі мен творчестволық лабораториясына терең бойлап, солар туралы қызғылықты оқылатын мақалалар сериясын берді.

Ә.Т.Қайдаровтың ғылыми қызметіндегі негізгі саланың бірі ретінде тарихи лексикологиялық зерттеулерін айтуға болады. Сонда оның әсіресе, қадалыңқырап қарастырып жүргені – түркі сөздер морфемасы, басқаша айтқанда, «атомарлық этимология», яғни сөздер мен түбірлер құрылысының табиғаты. Түркология ілімі тарихында түбір мәселесі күн тәртібінен түспей келе жатқанымен, ол әлі күнге түбегейлі шешім тапқан жоқ, ғылыми айтысқа объект болып, әрдайым талас туғызып келеді. Осының өзі-ақ мәселенің актуальдылығын, ділгерлігін танытады. Осы жайттарды өз пайымдауларының сүзгісінен өткізген Әбекең көп жылғы ізденістерінің нәтижесін «Қазақ тіліндегі бір буынды түбірлер мен негіздердің құрылысы» деген атпен баспаға ұсынды. Көлемі 20 баспа табақтан асатын бұл монографиялық еңбекте қазақ тілі базистік лексикасы фоно-морфосемантикалық талдаудан өткізіліп, өте батыл пікірлер айтылады. Ғылымда қағидалық дәстүрге айналып орныққан ой-пікірлердің біразына қазақ тағы басқа түркі тілдер фактілерін түбегейлі талдай отырып, қарсы ғылыми дәлел ұсынады.

Ә.Т.Қайдаров Қазақ ССР Ғылым академиясы мен одан тыс жерлерде ғылыми-ұйымдастырушылық және қоғамдық жұмыстар атқарады. Ол бірнеше халықаралық, бүкілодақтық, республикааралық, республикалық конференция, симпозиум, форумдарға қатысты.

Әбекеңнің творчестволық өмірбаянында оның ғылыми-педагогикалық қызметі айрықша орын алады. Жас ғалымдарды баулып, болашақ тіл мамандарын тәрбиелеу оның басты тірлігінің біріне айналған. Оның ғылыми жетекшілігімен оншақты ғалым докторлық және кандидаттық диссертация қорғап шықты. Тек қазақ тілі емес, барлық түркі тілдері бойынша жүргізілетін ғылыми жетекшілік ғалымды бүкіл түркологиялық деңгейге көтеріп отыр. Қорғаушылар арасында қазақ, ұйғыр, қарақалпақ, хакас, якут, моңғол, тағы басқа тілдердің мамандары бар. Ол этимология, тарихи лексикология және семасиология жайында бірнеше жыл бойы Еңбек Қызыл Ту орденді С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті студенттеріне лекция оқып, диплом жұмыстарына жетекшілік етіп келеді.

Ел үшін еңбек еткен, халық үшін қайратын аямаған азаматты партия мен үкіметіміз ешуақытта елеусіз, ескерусіз қалдырған емес. Ол әлденеше рет Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Құрмет грамотасымен наградталды.

Осынша дәрежеге көтеріліп, әлденеше құрметті атаққа ие болып, елдің қадірлісіне айналған азамат бәз-баяғы биязы, жұмсақ, қарапайым

қалпында. Бірақ сол қарапайымдылықтан үлкен парасат тегеурінін байқайсыз. Өйткені жеміс ағашы үлкейген сайын асқақтаудың орнына әуесі мол бұталарын ие түседі.

*Ө.Айтбаев, О.Нақысбеков.
«Жетісу». 18 қаңтар. 1985.*

Ана тіліміздің ауыны

Халқымызға аттары әйгілі ғалымдар Әбдуәли Қайдаров, Серік Қирабаев үшеуіміз бір машинада Құлжа жолымен тартып келеміз. Сапар мақсаты – ұйғыр халқының аяулы перзенті, тілі мен мәдениетін зерттеуші ірі ғалымы, біздің құлын-тайдай бірге оқып өскен жан жолдасымыз, шексіз сыйласқан әріптесіміз марқұм Қожахмет Сәдуақасовтың кіндік қаны тамған топырағына (астаналық облысқа қарасты үлкен Ақсу елді мекені) тәу ету, есігін алғаш ашқан мектебіне есімі беріліп, мұражайы ашылуына куәгер болып, жерлестерімен дидарласу. Уақыт жадыраған жаздың бояуы әлі солмаған, тал-теректің жапырағы жамырап, көкмайсаның жапырылмаған шағы болатын. Тақтайдай тас жолмен машина зырғып келеді. Оң қолымызда – ақ шаңқан биіктерімен Алатау, тау бөктерін көмкерген ну орман, екі қапталымыз – көз жауын алар жасыл дүние. Табиғаттың осынау әсем әлемін қызықтап келе жатып, «Еңбек» колхозының тұсынан өте бергенде, Әбекең – Әбдуәли Қайдаров: мынау менің жалаң аяқ жүгіріп, асыр салып ойнаған жерім десе, Атамқұл деген мекен тұсынан өткенде: мынау менің мектепте оқыған жерім демесі бар ма!

Әбекеңнің осы өңірде, Алматы түбіндегі Еңбекшіқазақ ауданының Талдыбұлақ селосында туғанын білетінбіз. Біз үстінен өткен мекендер де Талдыбұлақпен жапсарлас ауылдар екен.

Қара сирақ Әбдіштің (бір жездесі осылай атаған екен) бала болып ойнаған, шәкірт болып оқыған жерлерінің табиғатын көріп, мен: «Ойпырмай, мынадай әсемдік бесігінде тербелген адам жаны жайсаң, мінезі жұмсақ, арамдық-қулықтан аулақ болып өсетін болу керек» – деп сезіндім. Сірә, маған қазақтың қай өлкесі де адамға ең бір жақсы қасиеттер дарытатын киелі бесік болып көрінеді: таулы өлкелер кісілік биіктікке баулитын, кең далалы жазиралар адам жанының дарқандығын, пейілінің өзіндей кеңдігін сомдайтын, нулы-сулы өлкелер ну ормандай жайқалған, мөлдір судай шалқыған сұлулыққа құштар жандарды тудыратын сияқты... Айналасынан осындай адамдарды көргім келеді. Құдайға шүкір, көріп те келем. Солардың бірі – академик Әбдуәли Қайдаров.

Сұлу табиғат Әбекеңді сұлулыққа құштар етіп жаратыпты. Балаң Әбдуәлидің «дариғасы» – сурет пен музыка өнері екен. «Дариға» деп

тұрғаным – арман-ұмтылысы. Ұлы ақын Қасым Аманжоловтың «дариға сол қызы» тіпті де қыз емес, жас адамның өмірден күткен үмітінің, арман-тілегінің, алдына қойған мақсат-мұратының асқақ символы деп білемін. Ақын айтқандай, өрімтал Әбдуәлидің алдында да «бір алтын сәуле күлімдегені» даусыз: суретші болсам деп, еліктеп, көшіріп сурет те салыпты (Қастеевтің «Амангелдісін» айнытпай көшіріп салған суреті өзі оқыған мектепте 1947 жылдарға дейін ілініп тұрыпты), бармағымнан бал тамдырсам деп, домбыра мен мандолин де тартыпты, білімді азамат болсам деп, мектепте де үздік оқыпты. Бірақ сол алтын сәулені сұрапыл соғыс бұзыпты. 1942 жылы май айында 18-ге толмаған балғын жасты әскерге сұрантқан да – осынау бір әсем дүниенің ойраны шықпаса деген арманы болар.

«Қан майданды кешіп келді» деген бір ауыз сөз айтуға ықшам болғанмен, сол кешіп келгендердің өмір тарихын естігенде не оқығанда, біржағынан, қабырғаң сөгіліп, жаның түршігеді, екінші жағынан, ерліктері мен төзімдеріне сүйсінесің!

Әбекең де Ұлы Отан соғысында төрт жыл бойы қан кешіп келді: ұрыс шебінде болып, оқ тиіп жараланды да снаряд жарылып, жарты метр топырақ астына көміп, ес-тұсынан айырып, контузияға да ұшырады, бірақ... «Оқ тиді келіп, Қайратым кеміп, Барады сөніп, Келмейді өлгім! Тұрғандай сол қыз, Жаныма келіп, Талпына берді қайран жас көңілім» деп Қасым ақын айтқандай, Әбекеңнің де «Дарифасы» аман алып қалды. Соғысты инженер-сапер, пантонер (өзен-сулардан өтетін пантон көпір жасаушы) офицер, взвод командирі болып, немістің Штеттин қаласында аяқтады, омырауына екі «Қызыл Жұлдыз», «I дәрежелі Отан соғысы», «III дәрежелі Даңқ» ордендері мен бірнеше әскери медальдарын қадап келді. Бұл – ерлік.

Ә.Қайдаров көрсеткен ерліктің алғашқы майданы – соғыс даласы болса, екіншісі – білім-ғылым алаңы дейміз. Мұнда да қайсарлық пен жанкештілік керек. Ғылым майданында да жеңіс мұраты – ғылыми атақ, дәрежелерге ие болу, аман қалу әрекеті – ғылыми пікірлерін дәлелдей алатын білімді болу, «ордендері» – кітаптары мен шәкірттері болуы керек. Екінші майданда «бес қаруын асынып» Әбекең әлі жүр, көп жылдар жүре бергей!

Өмір керуені жолының 70 деген бір белесіне шығып отырған Әбекеңнің еңбек ерлігінен де оқырман қауымды хабардар еткен дұрыс болар. Адамды, «батыр» деп, «бай» деп, «ер» деп, «азамат» деп жалпы танымай, сол батырлығы мен байлығын, ерлігі мен кісілігін көрсететін істерін, мінез-құлықтарын көріп-біліп, нақтылай таныса ғой!

Ә.Қайдаров – тіл зерттеуші ғалым. Бүгінгі әл-Фараби атындағы Университетті 1951 жылы үздік бітірген филологтың алдында екі аңы-

рық жол тұрды: мұғалім болып, шаңырақ иесінен айырылған (Великие Луки қаласы үшін болған шайқас алаңының бір шетінде өзі жараланып жатқанда, «құдайдың күдіреті» атты тағдырға шараң бар ма, әкесі Қайдар Туғанбайұлы 1942 жылдың желтоқсанының 1-і күні қаза тауыпты) отбасына, отбасы салмағын азаматша арқалап келе жатқан абзал анасы Жамбалаға қолғанат болып, тауқыметін көтерісуді бір борышым деп санаса, салмақты да сабырлы, ойлы да білімді ересектеу шәкіртті ғылым даңғылына салып жіберуді ойлаған ұстаздар ақылын тыңдап, аспирантурада қалу мүмкіндігі де алдынан шығады. Анасынан рұқсат алып, екінші жолды таңдайды. Бірақ, бұл да екі айырылады: бірі – ғылымның ана тілін зерттейтін саласы болса, екіншісі – өзіне етене таныс, жақсы білетін туыс жұрттың тілі – ұйғыр тілінен ғалымдық бағын сынау, Екіншісі, әрине, ауырлау, өйткені, ол ұйғыр филологиясы емес, қазақ филологиясы факультетін бітіріп отыр, тілін зерттеу үшін сол халықтың сан ғасырлық әдеби мұрасын, бүкіл жазба дүниесін, әдет-ғұрпын, тіпті, психологиялық бітімін жақсы білу керек, ал, ол көп оқуды, жаңадан ізденуді керек етеді. Оның үстіне ғылым жолындағы бұл таңдауының оң жамбасына келе бермейтін және бір тұсы барын Әбекең, сөз жоқ, сезді, ол – өзі қазақ болып, ұйғырда не шаруасы бар деген өз жұртының тоғышарларының, қазаққа жалынбай-ақ «өз жоғымызды өзіміз таба жатармыз» деген сияқты пиғылдағы бірен-саран ұйғыр ағайындардың болатынын сезу еді. Әбекең бұл жерде де ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүргісі келмейді, қиынын таңдайды. Бұған, бір жағынан, қандасы Шоқан Уәлихановтың ерлігі мен еңбегі әсер еткен болса, екіншіден, 50-інші жылдардың басында филология ғылымы әлі аяқтанып кетпеген, тіл білімінен мамандары жоқ ұйғыр халқына қызмет етуге азаматтық ұжданы итермелейді.

Сөйтіп, кешегі аспирант, бүгінгі академик Әбдуәли Қайдаров үлкен ғылымның табалдырығын ұйғыр тілінің маманы болып аттайды. Оның 1955 жылы қорғаған кандидаттық диссертациясы да, «Ұйғыр әдеби тілінің диалектілері және оның диалектілік негізі» деген тақырыпта 1969 жылы қорғаған докторлық диссертациясы да, газет беттерінде шыққан тырнақалды мақалалары (1952 ж.) мен тұңғыш жарияланған монографиялары да («Ұйғыр тіліндегі қос сөздер – 1958», «Қазіргі ұйғыр әдеби тілінің дамуы – 1969») ұйғыр тіліне арналған. Ұйғыртану саласына 25 жылдай қызмет еткенін, 1975 жылдарға дейін қазақ тіл біліміне негізінен басшы-ұйымдастырушы ретінде ғана үлесін қосып келгенін Әбекең өзі де айтады.

Ұйғыр тіліне қатысты тек ғылыми мақалалар мен монографиялар ғана емес, мектеп оқулықтары авторларының бірі болып та көрінді: Әдәбият дарислиги. Ұйғур мәктәпләриниң 9-10-синиплари учун, 1955; Ұйғыр әдәбияти, Оттура мәктәпләрниң 8-синипы учун хрестоматия. 1-бесили-

ши. 1956; Уйғур тили грамматикаси. 1962; Уйғур совет әдәбияти. X синип үчун дәрислик, 1966, т.т. Бұлар өзге авторлармен бірігіп жазылған және әрі қарай бірнеше рет қайта басылып, ұйғыр мектептерінде ұзақ жылдар бойы колданылып келді. Тіпті, сөздік жасау тәжірибесін де Әбекең өзгелермен бірігіп құрастырған «Уйғурча-русча луғаттан» (1961) бастады. Бұларға ұйғыр тілі, әдебиеті, мәдениеті туралы, ұйғыр тілін зерттеген ғалымдар жайында жазған мақалалары мен очерктерін қоссақ, ғалымның туысқан ұйғыр халқына, оның оқу-ағарту ісіне, тілін зерттеуге сіңірген еңбегі орасан зор екенін айтамыз.

Ғалым Ә.Қайдаровтың екі айырық жолдың біреуін бойлап, едәуір көп жерге бара жүріп, екіншісіне – қазақ тілі жөніндегі ғылымға мойын бұрмай кетуі мүмкін емес еді және бұл оған білім көзі жағынан қиын да емес еді. Түркі тілдерінің бірінің маманы бола жүріп, өзгелеріне қызықпауы – сирек құбылыс, оның үстіне «өзге тілдің» бірі, бірі емес, бірегейі – ана тілі болса...

Ә.Қайдаров ана тіліне жеке мақалалары мен өзгелермен бірігіп жазған бір-екі кітапты қоспағанда, тіл білімінің аса маңызды екі-үш саласы бойынша құнды-құнды ғылыми еңбектерімен бет бұрды. Оның алғашқысы – қазақ тіліндегі сөздердің түп-төркінін іздестірген этимологиялық талдаулары мен осы саланың теориялық мәселелерін сөз еткен еңбектері дер едім.

1966 жылы жарық көрген «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігіне ұсынған 35 сөздің түп-төркіні осы сөздікті құрастырып, редакциясын басқарған маған өте жақсы әсер қалдырды: әріптесіміздің зерттеу жұмысын жүргізудің әдіс-тәсілі қалыптасқан, жазғандарына орасан зор жауапкершілікпен қарайтын адам екеніне тәнті болдым. Этимология Ә.Қайдаровтың сүйіп таңдаған ғылым саласы екенін, оның қазақ, ұйғыр тілдеріндегі көптеген сөздерді «төріткен» (төркінін іздеген) материалдары, әсіресе, этимологиялық ізденістердің теориясына арнаған «Қазақ тілінің тарихи лексикологиясы проблемалары мен міндеттері» және орыс тілінде жазылған «Түркі этимологиясы; проблемалары мен міндеттері» сияқты көлемді мақалалары тек қазақ тілі мамандарының ғана емес, жалпы түркологтердің назарын аударды.

Сөздің түп-тамырын іздеген этимологиялық этюдтерден бастап, оның теориясына бойлап баруы, сірә, ғалым назарын тағы бір тың тақырыпқа бұрып жіберуіне себепкер болды-ау деймін. Ол – «түркі түбірі» проблемасы, яғни, түркі сөздерінің ең кіші бөлшегі – буын дәрежесінде талдау арқылы, айталық, қазақ тілінің тірек (базистік) лексикасын айқындауы. Оған ғалым «Қазіргі қазақ тіліндегі дара буынды түбірлер мен негіздер» атты орыс тілінде жазылған көлемді еңбегін («Ғылым» баспасы, 1985) арнады.

Мұнда автор тек қазақ тілі емес, жалпытүркологиялық, теориялық мәселелерді қозғайды. Қазақ тілі материалдарының негізінде түркі тілдеріндегі белгілі бір түбірлер құрылымының ең бастапқы типтерін, жалаң буынды сөздердің көне түрлерін, олардың мағыналық өзгерістеріндегі жүйелілік пен дыбыстық-тұлғалық эволюцияны көрсетеді. Жұмыс түркология атты ғылымның «Дара буынды түбірлер» деген жаңа бір тарауының негізін салды. Ә.Қайдаров бұл проблема бойынша бірнеше талантты шәкірттер дайындап, «түркологтердің Қазақстандық мектебін ашты» дегенді әріптестері бір ауыздан айтып отыр. Аталған еңбек түркі тілдері мамандарының арасында өте жоғары бағаланды. Осы кітабына және өзге де бұрынғы еңбектеріне В.И.Асланов, Э.Р.Тенишев, Г.Дерфер, Б.Чарыяров, Н.Мавыев сияқты көрнекті ғалымдар пікір айтып, жақсы бағаларын берді. Бұл, сөз жоқ, қазақ тілі мамандарының түркология атты үлкен ғылымның кезінде бүкілодақтық, одан қалды, дүниежүзілік көкжиегіне көтеріле бастағанын танытады. Бүкіл түркі тілдеріне қатысты ғылым сөзін сөйлеуге академик Қайдаровтың бір кездегі шәкірті, қазір өзі де ғылым докторы, республикамыздағы шығыстану атты ғылым тарауын басқарып отырған Ерден Қажыбеков, Тіл білімі институты директорының орынбасары, ғылым докторы Көбей Құсайынов, Әбекеңнің талантты шәкірті, ғылым кандидаты Жамал Манкеева, т.б. барып отыр, Бұл – ғылым үшін қажет те, абыройлы да іс. Бұл жағынан Әбекең көшбастаушылардың бірінен, үлкенінен саналады.

Ә.Қайдаровтың ғылыми ізденістерінде қазақ тілі материалдарына иек артып, назарын тіккен келесі үлкен сала – ол фразеология әлемі мен мақал-мәтелдер дүниесі. Ғалым қазақ, ұйғыр тілдеріндегі тұрақты тіркестерді, олардың варианттар қатарын топтастырады, оларға этнолингвистикалық сипаттама береді, яғни, мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді халықтардың тұрмыс-салтына, ұлттық сана-сезіміне, әр алуан тарихи дәстүрлеріне қатыстыра сөз етеді. Бұл тақырыптарға өзі де бірнеше мақала жазып, баяндамалар жасайды, он шақты шәкіртіне ұсынып, диссертациялар жазғызады. Қысқасы, қазақ тілінің этнографиялық лексикасын зерттеу Қайдаровтың соңғы ширек ғасырдан бері ден қойған ғылым саласының бірі. Бұл саладан ғалым мол материал жинап, оны жүйелеу үстінде, оған шәкірттерін де жұмылдыруда. Ізденіс нәтижесін «Қазақтар: ана тілі әлемінде» атты төрт томдық еңбек етіп ұсынбақ ойы бар. Бұл – түркі халықтарының мәдениетінде тұңғыш жұмыстардың бірі болмақ. Іске сәт дейміз, қадірлі әріптесіміз!

Академик. Ә.Қайдаровтың ана тіліне істеген қызметінің екінші түрі – 1990-жылдардан бастап қауырт жанданған тіл саясатына қатысты қоғамдық іс-әрекеттері. Бұған ғалымның азаматтық ар-ұжданы мен

ұлттық намысы апарды. Қазақ тіліне мемлекеттік тіл дәрежесін беруде Ә.Қайдаров принциптілік пен табандылық көрсетті. Әрине, бұл істе ол жалғыз болды, бір өзі алып шықты десек, жалған болар еді: қазақтың қалың жұртшылығы, жазушы, ғалым сияқты зиялы тобы мен оқушы, студент сияқты болашақ иелері ана тілімізді түгел жұтылып, жойылып кету қаупінен сақтайтын бірден-бір амал, су түбіне кетіп бара жатқан кемедей бүкіл саясат әлеміне жіберген SOS сигналымыз – оны мемлекеттік тіл дәрежесіне көтеру деп білді. Мұны мен өзім де тікелей араласқан «Тіл туралы заңды» қабылдау барысындағы істен жақсы білемін. Тіпті, бір студент: егер қазақ тіліне ғана мемлекеттік статус берілмесе, Ленин алаңына (қазіргі Орталық алаңға) барып, өзімді өртеп жіберемін, депті дегенді Әбекеңнің өзі айтқан-ды. Міне, қалың жұртшылықтың осы талабы мен ниетін академик Ә.Қайдаров жақсы түсінді де, қазақ тілін зерттеп отырған ғылым орталығы – Тіл білімі институтының басшысы ретінде, үлкен атақ иесі академик ретінде сол кездегі жоғарғы билік орындары – Орталық партия комитетінің мәжілістеріне, бас хатшы Колбинмен болатын әңгімелерге шақырылғанда (өзгелерімізде мұндай «правоның» болмағандығы белгілі және бұл «тәртіп» күні бүгінге дейін сақталып келе жатқандығын да жасырмалық, республикамызда бір ғана қазақ тіліне мемлекеттік тіл статусын беру идеясын батыл жақтап шықты. Кейбір жеке адамдар мен Колбин сияқты қазақ үшін басы ауырмайтындардың қарсылығына бүкілхалықтық қозғалыс төтеп берді. Заң қабылданды. Енді оны жүзеге асыруға көмектесетін шараларды ойластыру қажет болды. Бұл істе де Ә.Қайдаров қайрат танытты. Тағы да жұртшылықтың мықтап қолдауымен «Қазақ тілі» қоғамын құруда, оның баспасөзі «Ана тілі» газетін ашуға басшылық жасады. Әбекең 1990 жылдан бастап, бұл күнде «халықаралық» деген дәрежеге көтерілген осы қоғамның президенті қызметін абыроймен атқарып келеді. Академик Қайдаровтың бұл тұстардағы қайраткерлігін ерекше атау керек.

Қазақ тілінің әлеуметтік қызмет өрісінің кеңеюі, оның ұлттық, өзіндік сипаттарын ашып, көтере түсуді қажет етті. Осыған орай, бұл күнде жұртшылық назарын терминология, онамастика (жер-су мен кісі аттары) салалары қатты аударып отыр. Демек, соңғы екі-үш жылда баспасөз беттері мен жиын-мәслихаттарды Ә.Қайдаров осы мәселелерге жиі барып, өз пікірін білдіріп жатса, бұл да мемлекеттік тілді орнықтыра түсу мүддесінен шығатын іс-әрекеттерден саналады.

Ә.Қайдаров ғылыми ұйымдастыру мен әр алуан қоғамдық қызметтерді де атқарып келеді. Отыз жылдан астам академиямыздың Тіл білімі институты басындағы жұмыстарда (директордың орынбасары, директордың өзі) болып келеді. Ал қоғамдық қызметіне келсек... Әбекеңнің студент

шағынан келе жатқан досы, құрдасы, ол да үлкен ғалым Шора Сарыбаев бірде директорының атына кезекті демалыс сұраған өтінішін жазыпты. Ол үшін әуелі директор Қайдаровтың барлық лауазымы мен қоғамдық қызметтерінің атын түгел келтіреді, бұл тізім машинкаға басылғанда бір жарым бет болып шығады, одан соң жарты беттік өзінің атақ-лауазымы, соңында бір жолдық өтініш сөзі келтіріліпті. Бұл, бір жағынан, құрдасының атақ-дәрежесінің көптігін көрсеткен достық әзілі болса, екінші жағынан, біздің өмірімізде әлі күнге дейін келе жатқан қолайсыз шындықтың бірін сынау еді: бір адам осыншама қоғамдық міндетті іс жүзінде атқаруы мүмкін емес екені, соған қарамастан атақ-дәрежесі барларды, бастықтарды «ана комитеттің, мына комиссияның, ана қоғамның, мына редакцияның» дегендей не басшысы, не мүшесі етіп тағайындай беретін, сайлай беретін салтымыздан әлі арылмай келе жатқанымыз жасырын емес қой. Әбекең 1987 жылы әр күні қандай жиналыс-жиындарға қатысқанын қалдырмай жазуды бастапты. Сөйтсе, кей күндері көбінесе екі-үш, кейде, тіпті, төрт жиналыс, мәжіліс, мәслихат, кездесулерде болған екен. Бұған қанша уақыт кетеді? Ғалым үшін қажет те қымбат қайран уақыт десеңші!

Ал үлкен ғалымның халықаралық, республикалық, бұрынғы одақтық, ғылыми конференцияларға, симпозиумдарға, құрылтайларға қатысып, онда баяндамалар жасауы, институт, университеттерде дәріс оқуы, шәкірттер дайындауы қанша уақыт кетсе де басқаша танылатын жұмыстар, бұлар ғалымның өзі үшін жан азығы, өзгелер үшін игілікті шаруалар. Бұл орайда Әбекеңнің Германия, Австрия, Түркия, Қытай, Моңғолия, т.б. елдерде болған және Мәскеу, Ленинград, Киев, Минск, Новосибирск, Абакан, Қазан, Баку, Ташкент, Нальчик, Ашғабад, Бішкек, Нүкіс, т.б. қалаларда өткен ондаған конференцияларға қатысып, ғылыми ой-толғамдарын ортаға салғанын айтар едік. Бұған 2-3 ғылым докторын, 40-қа жуық ғылым кандидаттарын дайындап шығарғанын және олар қазақ, ұйғыр, қарақалпақ, қырғыз, башқұрт, хакас, татар, моңғол, түрік, кабардин, кәріс, неміс ұлттарының өкілдері екенін қоссақ, Әбекеңнің «шәкіртсіз ғалым – тұл» болмағанын көреміз.

Атаулы («дөңгелек») жасқа келген әрбір кісі әсіресе, ғалым өзіне де, өзгелерге де есеп береді екен. Бірі қысылып, бірі ұялмай дегендей, Әбекең 70 жылдық ғұмырнамасынан өзі ұялмайтын, өзгелерді сүйіндіретін есеп беріп отыр дейміз. Есебіңіз үзілмей, ұзақ жылдар жалғаса берсін, Әбеке – ғалым-ұстаз, азамат-академик Әбдуәли Қайдаров!

Р.Сыздықова.

«Егемен Қазақстан». 22 желтоқсан. 1994.

Түркі қонысының тіп тамыршысы

«Өнерді терең түсінбейінше, адамның оған деген махаббаты болмайды» деген пікірді шәкірт бала көңіліне ерте түйді. Мектепте оқып жүргенде-ақ ұлы Абай мен Амангелді бейнелерін айнытпай майлы бояумен салып көзге түскен еді. Салған суреттерінің біразы өзі оқыған мектеп қабырғасында ілулі тұрды. Сол бір шәкірт бала – бұл күнде өз халқының тарихы мен мәдениетін, әдебиеті мен ана тілін, өнері мен ән-күйін жанындай қастерлеп сүйген ғалым, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі Әбдуәли Қайдаров еді.

Ұлы Отан соғысы басталғанда жас жігіт өз еркімен майданға атанды. 1942–1945 отты жылдарғы Калинин, I Прибалтика, II Белорус майдандары. Жаумен арпалысқан шайқастар. Ауыр жарақат алып госпитальда жатқан кездер, бәрі-бәрі де оның есінде. Ол сол бір отты жылдарды осы қалада тұратын өзінің майдандас серігі, Совет Одағының Батыры Кречетов екеуі әр сәт еске алып отырды. Гимнастеркасының өңірінде III дәрежелі «Даңқ», I дәрежелі «Отан соғысы», екі «Қызыл Жұлдыз» ордендері, «Германияны жеңгені үшін» медалі жарқырайды, ал ғылымды дамыту мен ғылыми кадрлар дайындаудағы зор еңбегі үшін «Халықтар достығы» орденімен, екі мәрте Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Құрмет грамоталарымен наградталды, 1982 жылы оған «Қазақ ССР-ның еңбек сіңірген ғылым қайраткері» құрметті атағы берілді; ол – Ш.Ш.Уәлиханов атындағы I-дәрежелі сыйлықтың иегері.

Соғыстан оралған Ә.Қайдаров бейбіт еңбекке араласады. Білім алуды армандап, мұрат тұтқан ол 1947–1951 жылдары қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті филология факультетінің қазақ бөлімінде оқып, үздік бітіріп шығады. Талапты да білімді жасты Қазақ ССР Ғылым академиясы аспирантураға шақырады. Ол бүгінде өзімен ұзақ жылдар бойы қызметтес болып жүрген әріптестері мен аға буын ғалымдардың көз алдында кемеліне келіп толысты.

Ғылымда әр ғалымның өзіне лайық орны, салмақ, бағасы болады. Советтік дәуірде қанатын жая, құлашын кеңге ұрып, шарықтап бара жатқан қазақ тіл білімін отандық ғылымның бір саласы десек, оны дамытуға аға буын ғалымдармен бірге барынша мол үлес қосқандардың қатарында Ә.Қайдаров та бар. Бүгінде жетпіс жастың асуына көтерілген оның ғылыми творчестволық әрі педагогикалық қызметінің елу жылдық мүшелі де қатар келіп отыр.

Ол 1955 жылы кандидаттық, 1970 жылы докторлық диссертация қорғады. Қазақ тілі мен советтік түркологияны дамытуға қосқан үлесі үшін оған профессор, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері құрметті атақтары берілді. 1983 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының

академигі болып сайланды. Ә.Қайдаров бірнеше монографиялық еңбектің, 350-ден астам ғылыми мақалалардың авторы.

Ә.Қайдаров пікір айтып, қалам тартқан тіл біліміндегі тақырыптарды атап өтудің өзі-ақ ғалымның зейін қойып, зер салған қазақ, ұйғыр және түрік-моңғол, орыс тілі байланыстары саласындағы ғылыми зерттеулерінің аясы кең әрі ауқымды екенін айқындай түседі. Оның қаламынан туған «Қазақ тілі» (1973), «Сөздердің құрылымдық түрлері» (1962), «Ұйғыр тілінің грамматикалық очерктері», «Ұйғыр (жаңа ұйғыр) тілі» (1966) және екі бөлімді «Қазіргі ұйғыр тілі» (1963–1966, теңавторлықпен, ол ҚХР-да араб шрифтімен қайта басылды және қытай тілінде жарық көрді, «Қазіргі ұйғыр әдеби тілінің дамуы» (1969), «Қазақ тіліндегі бірбуынды түбірлер мен негіздердің құрылымы» (1986), «Түр-түстердің тілдегі көрінісі» (1992, теңавторлықпен), «Түркітануға кіріспе» (1993, теңавторлықпен), т.б. Қазіргі кезде Ә.Қайдаров қазақ тілінің тарихи этимологиясының теориялық проблемаларын жетілдірумен қатар үлкен «Қазақша-орысша сөздіктің» бас редакторының бірі ретінде жұмыс істеуде. Оның редакциялауымен қазақ және ұйғыр тілдерінде бірсыпыра монографиялық зерттеулер, ұжымдық еңбектер, сөздіктер мен оқулықтар жарық көрді. Басқа ғылыми очерктері, түркологияға, жалпы лингвистика іліміне үлес қосқан ғалымдар туралы мақалалары қаншама десеңізші.

Одақтық, республикалық ғылыми журналдар мен түрлі басылымдарда жарық көрген көлемді де мазмұнды мақалаларының дені қазақ әдеби тілі мен тіл мәдениеті, тіл тарихы, терминология, ономастика және фонетика мәселелеріне, грамматикалық зерттеулерге арналған. Әсіресе этнография мен лингвистика тәрізді екі ғылымның арақатысын байланыстыра зерттеп, ойлы пікірлер айтқан зерттеулері мен этимологиялық еңбектерінің орны ерекше.

Ғалымның ғылыми-зерттеу жұмыстарының маңызды бір саласы – ұйғыр тіл білімі. Оның қаламынан туған «Ұйғыр тіліндегі қос сөздер» (1958), «Ұйғыр тілі» (1966), «Қазіргі ұйғыр әдеби тілінің дамуы» (1969) атты монографиялар көпке танымал. Соңғы аталған еңбек ұйғыр тіл біліміне ғана емес, бүкіл түркі тілдерін зерттеуге қосылған лайықты үлес еді. Кітаптағы материалдардың толықтығы мен әржақтылығы, автордың зерттеп отырған мәселелерін баяндау тәсілі, ұйғыр әдеби тілі мен диалектілері туралы еңбектерге жасалған тарихи терең шолу және автордың білім арнасының кеңдігі бұл еңбектен айқын көрінеді.

Сондықтан да бұл еңбек кезінде түркологтар тарапынан жоғары баға алған болатын. Сол үшін де оған 1971 жылы Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлық берілді. Бұл монографияның мазмұны терең, іргелі еңбек екенін советтік түркологтар да, шет елдегі әріптестер де мойындап отыр.

Ал қазақ тілінің тарихи лексикологиясы мен сөз құрылысына (буын), түркі тілдеріндегі сөз формасына, түбірдің тегіне арналған зерттеулері –

соңғы жылдар жемісі. Бұл саладағы еңбектің қорытындысы ретінде жазылған «Қазақ тіліндегі бір буынды түбірлер мен негіздердің құрылысы» атты монографиясы бұған толық дәлел. Ә.Қайдаров қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігінің баспадан шығуына редколлегия мүшесі ретінде көп білімін жұмсады.

Осындай көп қырлы ғылыми-зерттеу жұмыстарымен қатар ол түркологияның, жалпы тіл білімінің, сондай-ақ, қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері жайында одақтық және халықаралық конференциялар мен конгрестерде баяндамалар жасап, көзге түсті. Совет дәуірінде СССР халықтары әдеби тілінің дамуына арналған бүкілодақтық Конференцияларда, «Түркі тілдерінің диалектологиясы» және «Тұрақты халықаралық алтаистика конференциясының XV сессиясында» (Вена), XI және XV халықаралық ономастикалық конгрестерде (София, Лейпциг), Анкара, Ыстамбул «Бүкілодақтық ұйғыртану конференциясында» жасаған мазмұнды баяндамалары мен сөйлеген сөздері терең мәнділігімен назар аудартады. Республика мектептеріне арнап оқулықтар мен оқу құралдарын жазуда да айтарлықтай еңбек сіңіруде. Бұған ғалым педагогтің 1985 жылы «Мектеп» баспасынан шыққан «Түркологияға кіріспе» атты университеттер мен педагогтік институттар студенттеріне арналған оқулығы айғақ.

Ә.Қайдаров республикадағы халыққа білім беру ісіне де белсенді түрде араласып келеді. Ол – Қазақстан Республикасы мектептері мен жоғары оқу орындары филология факультеттерінің студенттеріне арналған бірнеше оқулықтар мен оқу құралдарының авторы. Әбу Насыр Әл-Фараби атындағы Қазақтың мемлекеттік Ұлттық университетінің профессоры болып жүріп, өзінің күш-жігері мен білімін қазақ тілінің мұғалімдерін – филолог-мамандарды тәрбиелеу, дайындау ісіне аямай жұмсауда. Оның жетекшілігімен қазірде тек Қазақстанда ғана емес, сондай-ақ одан тыс жерлерде – МХР-да, Мәскеуде, Кабарда-Балқарияда, Қарақалпақстанда, Қырғызстанда, Хакасияда, Башқортстанда жемісті еңбек етіп жүрген 40-тан астам ғалым кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғады.

Өмірге келуіне өзі бас болған Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті ретінде қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алуына орасан зор күш жұмсап, оның республика өмірінде жедел іске асуының белсенді жақтаушысы болып келеді. Ғалымның 30 жылдан астам уақыт дайындап жүрген «Қазақтар: ана тілі әлемінде» атты төрт томдық этнолингвистикалық сөздігі ҚР ғылымына қосылатын сүбелі үлес болатынында сөз жоқ.

Ә.Қайдаров әр жылдар белесінде (Мәскеуде, Будапеште, Кишиневте, Венада, Ташкентте, Баян-Өлгийде, Стамбулда, Қайсериде, Анталияда,

Ізмірде, т.б. жерлерде) өткен халықаралық конгрестер мен жиындардың жұмысына қатысып, түркологияның, қазақ және ұйғыр тіл білімінің алуан мәселелерімен сөзге шықты. Ғалымның Түркі лингвистикалық қоғамының құрметті мүшесі (1988), Башқортстан академиясының құрметті академигі (1991) болып сайланғаны – шет елдегі және ТМД республикаларындағы түркітану саласында оның зор қызметін мойындағанының айғағы.

Әбдуәли Қайдаров – қарапайым, кішіпейіл, адамгершілігі мол жан. Жастарға үнемі қамқорлық жасап, ақыл-кеңесін айтып, қолдан келген жәрдемін аямайды. Республикамыздың көрнекті ғалымы Ә.Қайдаровтың жасы 70-ке толуымен құттықтай отырып, зор денсаулық, ғылымның қия жолында ірі творчестволық табыстарға жете беруін тілейміз.

*Т.Жанұзақов, Т.Сайрамбаев.
«Жас алаш». 21 желтоқсан. 1994.*

Төрткүл құниее танымап түрколог

Тағдырдың тарам-тарам жолдары мені бұл адаммен 1962 жылдың көктемінде табыстырған. Міне, содан бері 50 жылға таяу уақыт өтіпті. Бір институт қабырғасында тапжылмай қызмет етіп келемін. Ол кезде үлкендерге зер салып, сынап қарайтын жас едік. Сол сыни көзқарас кейін бірте-бірте сыйластыққа жетеледі. Сөйтіп бұл адамның бүкіл саналы өмір жолына куәгердің біріне айналдым. Сол жылдар мені қандай ойларға жетеледі, нені ұқтырып, нені танытты? Әлденеше жылдар бойы сенімді серікке айналған әріптесім ретінде мен бұл кісінің қабілет-қасиетін, болмыс-бітімін, азаматтық қабілетін ең басты үш кезеңге бөліп әңгімелер едім. Неге десеңіз, бұл үш кезеңнің үшеуі де Әбекенді жауынгер жан, тамаша азамат, үлкен ғалым, белгілі қайраткер етіп қалыптастырған белестер!

Оның бірі – Ұлы Отан соғысы. 17 жасар бала жігіт ел басына төнген қатерден қаймықпай мындаған құрбыларының қатарында өзі тіленіп майданға аттанды. Соғыстың басынан аяғына дейін қатысып, қан төгіп, даңқты жауынгер боп, ерлікпен елге оралады. Айтуға ғана жеңіл бұл жылдардың әрбір сәті ойлы адамға орасан зор оқиғаларды елестетер еді. Бір ғажабы, осынау қарапайым жанның сол жылдар туралы, қайсыбіреулер сияқты, төс қағып, міндет жасамайтыны. Әйтпесе төрт орденнің әр біреуі – жантүршігерлік ерлік туралы сыр шертерін кім біліп жатыр. 1941 жылы ІІІ дәрежелі «Даңқ» ордені, І дәрежелі «Отан соғысы» ордені, 1945 жылы екі мәрте «Қызыл Жұлдыз» ордендері осының айғағы. Бұлар ерліктің жырын шертетін даңқты белгілер.

Екіншісі – соғыстан кейінгі бейбіт өмір тіршілігімен байланысты. Азып-тозған, аш-жалаңаш елдің бейнеті мол, зейнеті аз тірлігіне белшеден бата жүріп, ол оқуын жалғастырды. Бейбіт күндер шуағына балқыған қайсыбір құрбылары сияқты бос қыдырысқа салынбай Әбдуәли Туғанбайұлы шинелін иығынан тастамай жүріп, университеттен білім алады. Сөйтіп, 5 жылды 3,5 жылда бітіріп, әуелі аспирант, сосын ғылыми қызметкер, кандидат, доктор, профессор, корреспондент-мүше, академик, ғылым қайраткері – міне, ол өтіп келе жатқан өмір белестері. Оның әлемге әйгілі түрколог екенін, еңбегін бүкіл дүниежүзі бағалап отырған ғұламалығын айтып жату артық болар. Оны зиялы қауым түгел біледі. Тек қосарымыз: ғалымның бүкіл саналы өмірін – Ана тілімізге бағыштап, оның қанат жайып қаулап өсуіне, мемлекеттік мәртебеге ие болуына орасан зор тер төгіп келе жатқаны. Ғылымды ұйымдастырушы ретіндегі еңбегі тіпті бөлек. Тіл білімі саласындағы мамандардың өсіп-жетілуіне бас ие боп отырған да Әбдуәли Туғанбайұлы.

Әбекең ғылым-білімге бет түзеп, ащы тер төккелі бері 50 жылдай болды. Бақсақ, ерлік майданда ғана емес, бейбіт өмір, белгілі кәсіпте де бола береді екен. Оның жүріп өткен әрбір жолы кейінгі ұрпаққа таптырмайтын өнеге. Тағдыр қанша пысық болса да бір басқа ғалымдық пен адамдықты, азаматтық пен имандылықты сирек береді. Біз білетін қарапайым да кішіпейіл болмысынан өзгеде жоқ осындай қасиеттерді байқаймыз.

Әбдуәли Туғанбайұлының үш бірдей тілді меңгеріп, солардың зерттеушісі, жоқшысы, сарапшысы болып отыруының өзі көптің көкейіне көп сырды ұялатпай ма? Бір жолы «Осы сіз қай тілге жүйріктеусіз?» дегенім бар. Ол сонда біраз ойланып барып, «Қайсысын бұрын бастасам, сонымен еркін кете беремін» деді сабырмен. Иә, ол қазақ, ұйғыр, орыс тілдерінде еркін сөйлеп, еңбектерін осы тілдерде еркін жазады.

Тұлпар бой жасырады демекші, Әбекең сонда да өзінің табиғи қарапайымдылығынан ешбір танған емес. Осы күні не көп, жаркылдақ, көп. Бағзы біреулер кез келген әңгімені іліп әкетіп, кез келген тақырыпта жорғалай жөнеледі, алдынды кескестейді. Содан да болар, көп жылтырақтың арасынан шын асылды табу оңайға түспей жататыны.

Әбекеңнің ғылым жолындағы әуелгі табысы – «Қазіргі ұйғыр тілінің қос сөздері» деп аталатын кандидаттық диссертациясы. Бұған біреулер езу тартып «Өз тілінен неге қорғамаған» деп бетке шіркеу еткілері де келген. Ондайларға қырғыздың «Манасын» зерттеген Шоқан, Мұхтар, Әлкей тәжірибелерін айтсақ жеткілікті болар. Қашанда ернеуі толған ақыл астауынан сыртқа бірнәрсе ауыспай тұрмайды.

Әбекеңнің бүкіл түркі тілдерінің үздік зерттеушісі қатарына қосылуы да оның осындай өзге жұртты алааламай, мәселені бар аумағымен алып

қарастыратынынан. Әлемге әйгілі шетелдік ғұламалар американдық профессор Карл Менгес, неміс профессоры Герхард Дерфер, совет ғалымы Севортян, Тенишев, т.т. оған, оның еңбектеріне берген бағасы аса жоғары.

Бір ғажабы, жаныңда жүрген ақыл-парасат иесін сырттағылар мақтағанда ғана бағалай бастайтынымыз бар-ау. Әбекең жалғыз ұйғыр емес, өзге туыс халықтардың ғылымына, мәдениетіне үлкен үлес қосып отырған жан. Түркі халықтары ішінен ол дайындамаған маман кемде-кем.

500-ге таяу ғылыми ізденістер, оның ішінде 30-ға таяу кітап, ғылыми баяндама т.т. ғалымның бейбіт өмір жылдарында жасалған ерлігінің куәсіндей.

Әбекеңнің қайраткерлік қажырын танытқан ең сүбелі де сапалы кезеңі – осы кейінгі 20–30 жыл шамасы.

Біздің елде жаңсақ ұлттық саясаттың өте ұзақ дәурені жүріп, бет қаратпас болып тұрғандықтан қоғам дамуы мен тілдер дамуында керек-сипат болғаны мәлім. Қазақстанда тек қазақ тілі ғана емес, басқа да халық тілдері именшек күй кешіп, бұғып бақты. Ол құбылыс Әбекеңдей зейінді ғалымды бейтарап қалдыра алмады. Ол жөнінде Әбекең өз пікірін әрдайым ашық айтып келді. Ал сөзден іске, пікір айтудан күреске шығу 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасынан кейін басталды. Сол 1986–1987 жылдары қазақ жерінде телегей теңіздей болып жатқан жаңа уақыт саясатының бір тамшысы – осы Тіл білімі институты еді. Теңіздің дәмін тамшысынан білуге болады. Республикадағы саяси-әлеуметтік ахуал өте қиын болғаны баршамызға аян.

Қазақстанға жаңа келген басшы Г.В.Колбин, әрине, дұрдараз болған халықтың бетін бері қаратудың жолын іздеді. Экономиканы күрт көтерем деу ақылға қонбайды. Ал халыққа дем берер, жүрегін жібітер бір іс керек-ақ. Содан болар, 1987 жылғы 3 наурызда қазақ және орыс тілдерін дамытуға ерекше көңіл бөлу жайлы қаулы дүниеге келді. Бірақ бұл ұлттық, тілдік мәселеге деген үстірт көзқарастан, таяз пайымнан туған шара болатын. Рас, біраз жұрт қазақ сөздіктері шығатын болды, тілді дамытуды қолға алатын болдық деп әлдеқандай болып-ақ қалды. Шын мәнісінде ол қаулы мұзды мұхитқа тамған бір тамшы ыстық жас тәрізді еді. Одан ешнәрсе өзгере қоймасы кешікпей-ақ айқындала бастады. Арал теңізіндей тартылған қазақ тіліне шын жанашырлық жасайтын адам оған мемлекеттік мәртебе беріп, Заңмен шегелеп тастауға тиісті-тін. Оны да Орталық Комитет пен институттың арасында сабылып жүрген Әбекең анық біліп отырды. Басқа республикаларда (Әзірбайжан, Армения, Грузия, Латвия, Литва, Эстония) өз тілдерін мәртебелеп, Заң қабылдай бастады. Осы самал бізге де жететініне ешкімнің күмәні болмады. Содан да болар, республикада Тіл жөніндегі заңға байланысты әңгіме үдеп берді.

Міне, академик Әбдуәли Қайдардың әлемдік деңгейге шыққан ғалымдығымен парапар келетін адамшылық, кісілік, азаматтық қыры жарқ еткен тұсы осы. Тіл жөніндегі заңның нұсқасы көп болды. Соның ішінде өзгелерден бір демі артық деген қайраткерлер, ғалымдар, жазушылар, өнер адамдарының өзін жаңылтқан ойнақы варианттар аз емес-тін. Әсіресе, қазақ тілімен қатар орыс тіліне де мемлекеттік мәртебе берілсін деген жоба жұтынып, иненің жасуынан өтіп кеткелі тұрған.

«Қостілділік – достықтың қос қанаты» деген жылымшы тіркес миға салмақ түсіруге жоқ, жылтыраққа әуес көптеген ағайындардың аузынан шығып, биік мінберлерден естіліп жатты. Болар-болмас жылы қабатқа қағанағы қарқ болып қуанып үйренген қазақы психологияның шеңберінен шыға алмағандар: «Қазақтың тілін орыс тілімен теңдестіріп қойса, екеуіне де мемлекеттік тіл деген мәртебе берсе, несі жаман?» – деп жалбақтады.

Бірақ өмірде орын алып отырған, қалыптасып, әбден баттасқан жағдайды ой сарабына салуға олардың ақылы жеткенмен, табандылығы жетпей, дегбірі қашты. Оларды да түсінуге болады. Құдайдан мүйіз сұраймыз деп, құлақтан айрылып қалмаймыз ба деген жасқаншақ, әбден запы болғандық еді мұның сыры.

Газет-журнал, радио-теледидардан пікірталас, тіпті, ашық айтыс жүріп жатты. Екі тілге қатар мәртебе берілсе бір саты алға ілгерілейміз деген алдамшы түсінік дендеп барады. Атақты ақын-жазушылар арқылы ғалымдар осы шырмауға шатылып, қазақ тілінің халі мүшкілдене бастады. Әрине, бұған көнуге болар ма еді, егер ана тіліміздің алқындысы ғана қалып тұрмаса, онымен бірге дәл осы Заң дүниеге келер болса, бұл анауынау емес, қазақ тіліне берілген ең соңғы, ақтық мұрсат болмақ. Міне, кім-кімге де дәл осы ащы шындық басы ашық ақиқатты түсіну керек-тін. Ол төніп келген тажалға тайсалмай қараумен бірдей еді.

Әбдуәли Қайдаров дәл осы тұста өзінің жалғыз варианты – тек қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе берілуі, орыс тілінің ұлтаралық қатынас тілі болуы, басқа халықтар тілінің дамуына жағдай жасау позициясынан бір сәт толқыған жоқ. Г.В.Колбин: «Осы академиктер ақшаны не үшін алатынын білмеймін. Жолдас Қайдаров! Сізге айтылды емес пе, «Қостілділік – достықтың қос қанаты!» – деп. Бұдан артық сіздерге не керек? Қазақ тілін орыс тілімен теңестірсек болмады ма?!» – деп зекіді. Г.В.Колбиннің даусы қатты-қатты шыққан. Бірақ Ә.Қайдар қызбалыққа салынбай, өзіне тән биязылықпен, тіл білімінің үлкен маманы ретінде, өмірдегі тілдер теңсіздігін қоса дәлелдеп, қарсы пікір айтқан.

Г.В.Колбин сонда: «Жолдас, Қайдаров, сіз басы бұлғақтап жүрген ешкімнің есебінде жоқ еркін суретші емессіз. Қалтасында партбилеті бар институт директорысыз», – деуге дейін жетті.

Бұл ауыр күндер қазір ұмытыла бастағанмен, жүрекке салмақ салып кетті. Академик Әбдуәли Қайдарды осы әңгіменің маңында жүрген адамдар кеше көрген жоқ. Ешқандай буынсыз жерге пышақ ұрмайтын, уәжсіз сөйлемейтін, ұсақ саясатшылдыққа жоламайтын, ар жолы, иман жолымен жүретін адам осы тұста неге сонша сіресті екен деп сонда басшылар да, қосшылар да ойлана бастады. Сол тұста біраз ғалымдар, жазушылар, өнер қайраткерлері қос тілділікке үн қос деген әңгімеге тартылды. Ол сөз жоқ, әркімді толқытты. Дегенмен, көпшілігі-ақ халық мүддесін ойлайтын мақалалар жариялай бастады. Ал Ә.Қайдардың мақалалары редакцияларда сарғайып, жарық дүниеден үмітсіз жатқан. Оның авторына мақалаңды жариялайық, тек, қостілділікке қол көтер деп телефон соғылды. Мәселе бірді-екілі мақалада ма еді? Мәселе қазақтың тілі, тілмен бірге өзінің де я бар, я жоқтығында еді. Күндердің бір күнінде осы ұшы-қиырсыз күресте үнемі жалғыз келе жатқан Ә.Қайдарға филология ғылымының докторы, ұлты украин Александр Николайұлы Гарковец қосылды. Одан соң Орталық Комитетінің Идеология бөлімінің меңгерушісі Ә.Қайдардың пікіріне саятын хаттардан шолу жасап, Г.В.Колбиннің алдына апарып тастайды. Және аз уақыттан соң бұрынғы екпін аудыны сәл бәсең тартқан Біріншіге идеология жөніндегі хатшы Ө.Жәнібеков былай дейді: «Геннадий Васильевич! Мнение большинства все больше и больше склоняется в пользу позиции академика Кайдарова. На предстоящей сессии мы как бы не оказались в гордом одиночестве...».

СССР Халық депутаттарының бірінші съезі өтті. Қазақстан басшылары алмасты. Сол ауыс-түйістен соңғы алғашқы жиналыстардың бірінде Н.Ә.Назарбаев қазақ тілінің жаншылып қалған жағдайын, оны көтеру үшін, құтқару үшін жеке өзіне ғана мәртебе беру керектігін, орыс тіліне еш тосқауыл жасамай, басқа тілдерге де кеңдік жасау керектігін шегелеп айтты... Бұл да болса уақыттың өз қазанында пісіп-жетілген құбылысы еді. Қазақша сөйлейтін, өз ана тілін қадірлейтін, өз ұлтын мақтан ететін, өз тарихы мен мәдениетіне жаны ауыратын саяси қайраткерлер легі келді. Соның нәтижесінде Ә.Қайдар секілді таразы адамдардың арқасында Одақта барынша әділетті, барынша кең, жан-жақты ойластырылған Қазақ ССР-інің Тіл туралы Заңы қабылданды. 1989 жылғы қазан айының 21-інде республикалық «ҚАЗАҚ ТІЛІ» қоғамы құрылды. Оның тұңғыш президенті болып Әбдуәли Туғанбайұлы Қайдар сайланды. Ол халқының тағдыры үшін күресті. Халық оны дұрыс бағалап, өзінің аппақ үмітінен жаралған «ҚАЗАҚ ТІЛІ» қоғамының төрағасы болуына бір кісідей қол көтерді.

Біз білетін Әбекең, міне, осындай адам. Қазіргі зиялы қауым, сөзімнің қорытындысында мынандай бір ұсынысты ақыл таразысына салғым келді. Ол үш бірдей ерлік жолынан өтті. Олар жоғарыда атап

көрсетілгендей: Ұлы Отан соғысында жасалған ерлік, екіншісі – бейбіт еңбек пен ғылым жолындағы ерлік, үшіншісі – таласқа түскен қазақ тілін мемлекеттік мәртебеге ие ету жолындағы қайтпас қайсарлық. Міне, аталғандардан қарапайым еңбек ерінің тұлғасы өркештеніп шыға келмей ме?

Ө.Айтбаев.

«Қазақ әдебиеті». 15 желтоқсан. 2009.

Ғұлама ғалым, ұлағатты ұстаз

Қазақ тіл білімпаздары ішінен он сегізінде от кешіп, Ұлы Отан соғысына қатысып елді қорғаған, бейбітшілік өмірде ғылым саласында аянбай еңбек етіп, қатардағы қызметкерден ғылым шыңы – академик дәрежесіне дейін көтерілген азаматтар санаулы. Соның бірі – бүгінгі күндері 80 жылдық мерейтойын атап өтіп отырған, басынан кешкен өмір жолы кейінгі жастарға өнеге болып саналатын Әбекең.

Қайдар Әбдуәли Туғанбайұлы өзінің саналы ғұмырының жарты ғасырынан астам уақытында Тіл білімі саласында үзбей еңбек етіп келеді. Оның аспиранттан академикке дейінгі өсу жолы тек ҚР Ұлттық Ғылым академиясының құзырындағы Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының қара шаңырағы астында өтуде. Академик Әбдуәли Қайдар – осы жарты ғасырдан астам уақыт бойы екі тілді – қазақ және ұйғыр тілдерін қатар зерттеп, сондай-ақ жалпы және салыстырмалы түркологиялық проблемалармен де үздіксіз шұғылданып келе жатқан, нысан етіп алған ғылыми зерттеулерінің көкжиегі кең, тақырыптық талғамы мол, есімі елімізге ғана емес, бүкіл түркология әлеміне әйгілі тіл мамандарының бірі. Ғалымның жалпы түркология ғылымына, соның ішінде, әсіресе қазақ тіл білімі мен ұйғыртану саласына қосқан нақтылы үлесі мен сіңірген еңбегін оның жарияланған 450-ге жуық ірілі-уақты (жалпы көмегі 700 б.т.) зерттеулерінен көруге болады.

Тіл білімінің жоғарыда аталған қайсыбір саласын алсақ та, Әбекең қалам тартпаған тіл проблемалары кемде-кем. Ғалымның тілтанымдағы көп жылдық ғылыми шығармашылық ізденістері мен зерттеулерінің жемісті нәтижесін лингвистиканың лексикология саласынан көреміз. Жастайынан ұйғыр, қазақ, татар мектептерінде оқып, көп ұлтты ортада өсіп, үш тілді бірдей меңгеріп, қазақ пен ұйғыр тілдерінің бай материалдары негізінде проблемалық тақырыптар бойынша жазған еңбектері оны түркология әлемінде ең алдымен лексикограф ретінде танытты. Бұл ретте «Қос сөздер», «Ұйғырша-орысша қос сөздер сөздігі», түбір сөз проблемасына арналған «Структура односложных корней и основ в казахском языке» атты монографиясы мен мақалаларын атауға болады. Аталаған еңбекте автор жалпы түркі түбірі проблемасына қатысты

көптеген ғылыми мәні зор мәселелерді қарастырады. Олар туралы өз пікір-тұжырымдарын ортаға салады.

Ә.Қайдардың этимология саласындағы көпжылдық ізденістері, жарияланған мақалалары, одақтық конференцияларда «түркі тілдері этимологиясының проблемалары мен міндеттері» жөнінде жасаған баяндамалары, жазған еңбектері оны нағыз этимолог ғалым ретінде танытады. Академик Ә.Қайдардың ономастикалық антропонимика, топонимика салалары бойынша жүргізілген зерттеулері де оның әмбебап лексиколог ғалым екенін айқындай түседі. Бұл жөнінде ұйғырша-орысша берілген мыңға жуық «Ұйғырлар есімі», ұйғыр тіліндегі «Лақап аттар беру дәстүрі», «Сатиралық шығармалардағы кісі аттары», «Атамекен атауларындағы ақтандақтар» тәрізді мақалаларын атауға болады.

Ә.Қайдар терминология проблемасына да атсалысты. Алғашқы жазған еңбегін ұйғыр әдеби тілінің терминология принциптерінен бастаса, соңғы 40 жыл бойы қазақ терминологиясының ғылыми-тәжірибелік мәселелерімен шұғылданды. Бұл іске алғаш қазақ мемлекеттік терминология комиссиясының мүшесі, одан соң оның төрағасының орынбасары ретінде араласты. «Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас» атты еңбек жазып, терминжасамның принципін ұсынды.

Ғалымның зерттеулерінде ерекше орын алатын сала – диалектология. Бұл бойынша оннан астам мақала және «Ұйғыр диалектілері және әдеби тілдің тірек диалектісі» деген монография жазып, осының негізінде 1970 жылы докторлық диссертация қорғады. Аталған еңбегі үшін 1971 жылы қоғамдық және географиялық ғылымдар саласындағы Ш.Уәлиханов атындағы 1 дәрежелі сыйлықтың иегері атанды. Этнолингвистика – этностаным мен тілтаным арасынан туындаған жаңа да дербес сала. Оның қазақ тіл білімінде өз алдына жаңа мектеп болып қалыптасуы Ә.Қайдар есімімен тікелей байланысты. Бұл сала бойынша ғалым 30 жылдан астам шұғылданып біраз еңбектер жазды. Соның ішіндегі «Қазақтар: ана тілі әлемінде» деп аталатын қазақ тілінің сөздік қорындағы жарты миллиондай мағыналық бірлігін қамтитын 4 томдық этнолингвистикалық сөздігін ерекше атап өткен жөн. Сондай-ақ шәкірттер дайындап, диссертациялық тақырыптар беріп, оған жетекшілік етуде.

Жеке тілдердің грамматикалық жүйесін қамтитын тіл құрылысы жайында да зерттеулер жүргізді. «Ұйғыр тілінің қысқаша грамматикалық очеркі», «Қазіргі заман ұйғыр тілі» (бұл еңбек 1988 жылы қытай тілінде де шыққан), бес томдық қазақ тарихына байланысты шыққан «Қазақ тілі жөніндегі очерк». Сондай-ақ әдеби тіл нормасына, стильге, шығарма тіліне, жазу мен емле ережелеріне байланысты зерттеулер жүргізіп еңбектер жазды. Соңғы жылдары латын әліпбиіне көшу проблемасы

жөнінде жиі-жиі мақалалар жазып, қоғамдық өмірдегі саяси-әлеуметтік өзгерістерге сергек қарап, ғылымда белсенділік танытты.

Ә.Қайдардың түркітану, алтайтану проблемасына да қосқан үлесі мол. Ғалым бұл мәселелерді зерттегенде ғылыми-теориялық және тарихи тұрғыдан жүйелеп зерттеу, тіларалық, құбылыстарды айқындау және алтай тобына енетін жапон, моңғол, корей, тұңғыс-манжур тілдерінің түркі тобындағы тілдермен тектік, тарихи жақындығы мен қарым-қатынасын айқындау мәселелеріне назар аударады.

Академик Ә.Қайдардың бұл саладағы зерттеулеріне түркология тарихын жүйелі зерттеуге арналған профессор М.Оразовпен бірігіп жазған «Түркітануға кіріспе» оқулығын, жалпы түркология проблемаларына, түркі тілдерінің өзара қарым-қатыстарына, ұйғыр мен қазақ тілдерінің кеңес дәуірінде дамуының ортақ заңдылықтарына және алтай тілдері тобындағы тілдердің өзара ұқсастығы мен жақындығына арналған еңбектерін атауға болады.

Қазақ, ұйғыр тілдерінің даму, қалыптасу тарихы ғалымның назарынан тыс қалған емес. Бұл мәселеге арналып ғалымның жиырмаға жуық мақаласы жазылды. Сондай-ақ өзінің ұстаздары мен қызметтес әріптестеріне 50-ге жуық мақаласы бағышталды.

Академик Ә.Қайдардың тіл маманы ретінде, қоғам қайраткері, тұғыры биік азамат ретінде белсене атсалысып тіл тағдырына қосқан үлесі ұшан-теңіз. 10 жыл ішінде баспа бетінде 50-ден астам мақала жариялап, өз ой-пікірін ортаға салды. Бұл еңбектерде мемлекеттік тіл және тілдің әртүрлі мәртебесі мен қоғамдық қызметі, бір тілділік, қос тілділік, көптілділік, ресми тіл, ұлтаралық тіл, халықаралық тіл, тіл тағдыры, мемлекеттік тілдің болашағы, ана тілін меңгерудің деңгейі, т.б. толып жатқан өзекті мәселелерді қамтиды.

Академик Ә.Қайдардың ұлағатты ұстаз ретінде сіңірген еңбегі зор. Қазір қорғаған, қорғайын деп жүрген шәкірттерінің жалпы саны жүзге жуық. Олардың ішінде Хакассия, Қырғызстан, Моңғол, Қытай Халық Республикалары мен Кореядан келіп қорғағандар бар.

Ұлы Отан соғысы майдандарындағы ерлігі мен ғылым саласы, қоғамдық өмірде көрсеткен қажырлы еңбегі үшін 9 орден (III дәрежелі «Даңқ», екі «Қызыл Жұлдыз», I және II дәрежелі «Отан соғысы», «Халықтар достығы», «Отан»), Түркия елінің «Құрмет белгісі» ордендері және 12 медальмен марапатталған. Реті келгенде айта кету керек, академик Ә.Қайдар Түркия елінің ғалымдарымен көп жылдар бойы (1983) қоян-қолтық араласып, бірлесіп зерттеу жұмысын жүргізіп келеді. 1993 жылы ол Түркия елінің 9-президенті Сүлеймен Демирелдің өңіріне түркі тілдеріне жасаған қамқорлығы үшін Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының «Ана тілі айбары» атты Алтын белгісін тағып, марапаттап

қайтқан болатын. Бұл оқиға кезінде Түркияда екі ел достығының бір сипаты ретінде кең түрде жария етілген болатын.

О.Нақысбеков.

«Zaman-Қазақстан». №50. 10 желтоқсан. 2004.

Ғылым кемесінің капитаны

Әр адамның, әр ғалымның өмірде болсын, ғылым саласында болсын өзіне тән лайықты орны болады. Міне, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, Әбдуәли Туғанбайұлы Қайдаров та сол өмірдегі, ғылымдағы орнын тапқан, қазақ ғылымы саласында өзіндік орны бар айтулы дарын иелерінің бірі. Міне, жуырда халық депутаттары Қаракемер селолық Советі атқару комитеті мен М.И.Калинин атындағы сегізжылдық мектептің педагогикалық коллективі осы ғалым жерлесімізбен кездесу өткізді.

Қазақ ССР Ғылым Академиясының академигі Әбдуәли Туғанбайұлы Қайдаровтың қоғамдық және педагогикалық жұмысы туралы кеңінен әңгіме болды.

...Бала Әбдуәли о бастан-ақ зерек болып өсті. Мектеп қабырғасында оның әр алуан қабілеті ашыла бастайды. Өлең, жырға, музыкаға, домбыраға құмарлығы, сурет салуға икемі баланың бойында әрқилы талап пен талант нышаны барлығын сездіретін. Сабақты жақсы оқи жүріп, сурет салуға машықтанады, домбыра үйренеді, мандол тартады, ән салады. Тіпті оның сол мектеп қабырғасында жүріп салған суреттерінің қайсыбірі – Абай мен Аманкелді портреттерінің көшірмесі көп жылдар бойы сақталыпты да.

Қысқасы, не керек, егер ол осы аталған өнердің бірін ұстап, сол тұста қолына қалам алғандай болса, бәлкім бүгінгі күн ол ғалым емес, тамаша бір суретші, не керемет бір музыкант болып отырар ма еді, кім білсін?! Иә, бозбала қиялында әртүрлі арман қанаты қалықтайтын. Мұның қайсысын қаласа да, аяғына жетер, басына шығар қабілеті де жеткілікті болатын. Бірақ көктен түскен жай оғындай суық хабар бала қиялын 9 класқа жеткенде су сепкендей басты. Сұм соғыс басталды.

Есіл-дергі өнер мен оқуда жүрген бозбала ел басына күн туғанда есейіп шыға келді. Он алтыдан жаңа асса да өзін ересектер қатарына қосып, жолдастарымен бірге әскеркомның есігін қағады. Алғашында жолы болмағанымен, араға жыл салып, 1942 жылдың 2 майында әскер қатарына аттанып кете барады. Ә дегенде Ташкенттегі радио-телеграфистер мамандығын игереді де, қысқа мерзімде қанды соғыстың қақ ортасы Великие Луки қаласынан бір-ақ шығады. Алматыда жасақталған 100-ші ұлттық бригада ол кезде осында шайқасып жатқан болатын. Бір қызығы

Әбдуәли ағаның әкесі де қатар соғысыпты. Дәл сол жерде қаза болыпты, мұны ол кейін біледі.

...Сол күнгі шайқас тым ұзаққа созылды. Жаудың толассыз жүргізген шабуылы жауынгерлерді әбден титықтатса да төбені бере қоймады. Соғыс алаңында үстемдік құрарлық маңызы бар бұл биікті қатып ұстап, қаймықпай соғыс салып жатқан Әбдуәлилер ротасы болатын. Күн ұзақ жасаған шабуылдан нәтиже шықпай, біраз тоқыраған жау түнге қарай тынышталды да таң сыз бере жер мен көкті артиллерия оғының астына алды. Төбеге төгілген оқтың есебі жоқ. Оқ нөсері бітісімен жаудың жаяу әскері тағы да төбеге қарай ұмтылды. Олар билеп-төстеп кешегідей емес, еркін келеді. Шамасы жаңағы артиллерия шабуылынан соң ешкімнің тірі қалуы мүмкін емес, деп ойлаған болуы керек. Бірақ олар тағы да жойқын тойтарысқа кезікті. Алдыңғылары баудай түсіп, кейінгілері кейін жапырылды. Жаудың оныншы, он бірінші шабуылдары да осылай сәтсіз аяқталды. Шабуылдың сәл саябыр тапқан бір сәтінде екі арада қалған жау пулеметін «қолға қалай түсірсек екен» деп іштей жоспар құрып жатқан Әбдуәлиді рота командирі өзіне шақырды. Командир жағдайды қысқаша түсіндірді де:

– Байланысшылардан хабар жоқ, көмектің келер-келмесі белгісіз. Жау сиқы мынау, «төбені алмай тынбаймыз» деп қағынып тұр. Біздің енді бір ғана шабуылға төтеп берер қауқарымыз бар. Енді бір амал, әзірше мынау: ана екі ортадағы жау пулеметін көріп тұрмысың, манадан бері үнсіз қалды. Оқ-дәрісі де жетерлік болар, соны қолға түсіру керек. Түсінікті ме?

– Түсінікті, – бұйрықты орындауға рұқсат етіңіз, жолдас капитан!

– Барыңыз. Тек қасыңызға бір кісі ертіңіз. Иске сәт!

Бұл декабрь айы еді. Қыстың қақап тұрған кезі. Төбеден еңіске қарай тесілмеген жер жоқ. Екі араның әрбір бұтасы, әрбір нүктесі екі жаққа да әбден жаттанды болып қалған. Қыбыр еткен қимылды қалт жібермей, аңдысып жатыр. Әбекендер барар жолды барлап алып, ақырындап жер бауырлап жылжи бастады. Екі-үш аттап барар елу қадам жерге екі-үш сағат жұмсап дегендей, пулеметті іліп алып, кері жылжуы мұн екен, жау нысанасына ілігіп-ақ қалғаны. Арттарынан қуалай атылған оқ нөсері жауып кеп берді. Қасындағы серігі – солдат Саша екеуі жанталаса қимылдап, пулеметті сүйреп келе жатқан. Көп оқтың бірі дәл келген болуы керек, Әбекең ессіз қалады. Сөйтіп, ол есін келесі күні Торопец қаласындағы госпитальда бір-ақ жинады. Есін жиғанда білгені білек салбырап, жіліншігі сыныпты, екі құлағы тас бітіп, көзінің алды қарауытады. Ол өзінің ауыр контузия алғанын сонда ғана шамалады. Алайда, командирдің бұйрығын бұлжытпай орындап, жаудың кезекті шабуылына тойтарыс беруге себепші болғанына іштей риза болып жатты. Осы ерлік әрекеті үшін III дәрежелі Даңқ орденімен наградталды.

Осыдан кейін де қаншама шайқасқа араласып, қаншама қатерді бастан өткізген асыл аға өзінің майдан жолын Висла жағалауында аяқтады. Сөйтіп, әскер қатарынан омырауында III дәрежелі Даңқ, I дәрежелі Отан соғысы, екі Қызыл Жұлдыз ордендері мен медальдарын тағынған, майдан даласындағы ерлік істері жауынгер достарын сүйсінткен жас офицер елге оралады. Оралған бетте майданнан зарығып жеткен қайсыбір ағалар сияқты азды-көпті сауық құрып, бейбіт өмір рахатын байқам жүріспен өткізуіне де болар еді, бірақ соғыстан соңғы елдің жүдеулі күйін көрген саналы азамат бұлай ете алмады. Бейбіт өмірдің бейнетті шаруасын қалап алды. Бітпей қалған оныншыны үздік бітірді. Сөйтіп, оқ-дәрінің исі сіңген кителі мен шинелі иығынан түспеген күйі ол 1947 жылы ҚазМУ-дың филология факультетіне документін тапсырады. Елдің әлі тойып тамақ іше алмай, бүтіндеп киім кие алмай, бірақ бейбіт тіршіліктің қамына қаймықпай кірісіп жатқан бір керемет кезең еді ғой бұл. Қиыншылықтың сан түрін көріп келген жауынгер мұның бәріне шыдай жүріп оқиды. Екі курс программасын бір жылда тамамдап, университетті төрт жылда бітіріп шығады. Жай емес, үздік бітірушілердің бірі ретінде академияның аспирантурасына қабылданады. Сөйтіп, аспирантурадағы жылдар оның білім мен біліктілігін мүлде тереңдетіп, күрделі еңбектер жасауын жабдықтай алатын дәрежеге жеткізген алғашқы баспалдаққа айналады. Сөйтіп, ғылым жолында сүйенері, тірек етері орыс тілі мен орыс тілі білімінің жетістіктері болса, объектісі, пікір өрбітері – қазақ тілі мен ұйғыр тілі мәселелері болды.

Тынбай ізденіс нәтижесінде ол 1959 жылы Қырғыз ССР Ғылым академиясының академигі, түрколог К.К.Юдахиннің жетекшілігімен «Қазіргі ұйғыр тіліндегі қос сөздер» деп аталатын кандидаттық диссертациясын қорғап, ә дегеннен-ақ мамандар назарына ілігеді. Сөйтіп, осы бағытта тынбай еңбектенген жігерлі жас 1970 жылы ғылым докторы, 1972 жылы профессор және Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, 1982 жылы Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері, 1983 жылы академияның толық мүшесі болды.

Академик Ә.Қайдаровтың ғылыми орбитасы кең де көлемді. Оның тіл тарихы, этимологиясы, яғни сөздер төркіні, мағынасы көмескі сөздер мен оның бөлшектері түркі тілдеріндегі қос сөздер табиғаты, т.б. толып жатқан проблемалар төңірегінде туған теориялық ойлар мен болжамдары, дәлелдемелері бүгінгі қазақ тілі білімінің мерейін одақтық және әлемдік сапаға, биікке көтеріп отырған туындылары.

Қазақ, ұйғыр, орыс тілдеріндегі бейнелі сөздер табиғаты мақал-мәтелдер сыры, фразеологизмдер жайы да оның үнемі қадағалап, қарастыратын объектісі.

Ал қазақ тілінің этнолингвистикалық проблемалары жайында материалдары, фонетикаға, грамматикаға, аномастикаға, орфографияға және терминологияға байланысты зерттеулері өз алдына бір төбе.

Түрік, моңғол тілдерінің өзара байланыст жайында да терең толғанысты пікір айта білетін ғалым, тіпті алтаистика (түрік, моңғол және жапон тілдері) проблемасы төңірегінде де тың ойлар өрбітіп жүр.

Ғалымның көп жылғы жемістерінің нәтижесі 1985 жылы Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасынан «Қазақ тіліндегі бір құрамды түбір мен негіздердің құрылымы» деген атпен басылып шықты. Көмегі 20 баспа табактан асатын бұл еңбек түркологияда ежелден қалыптасып, тұрақта-на бастаған беделді пікірлердің біразын сынға алып батыл түйін жасады. Ол қазақ тілі құрамында көне заманнан бері келе жатқан жеке сөздер түркі сөздер морфемасы, атомарлық лексика туралы тың ойлар айтады. Яғни тілдің әлгіндей бөлшектерін кейін тексере отырып оның эволюциялық даму жолын анықтайды.

Ғалымның жалпы саны 200-ден асатын еңбектерінің көбі жұртшылыққа танымал, ғылыми көпшіліктен жоғары бағасын алып келе жатқан дүниелер.

СССР Ғылым академиясының академигі А.Кононовтың, СССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Э.Р.Тенищевтің әйгілі түркологтар: швед ғалымы Гуннар Яррингтің, неміс ғалымы Герхард Дерфердің, тағы сол сияқты әлемге танымал ғұламалардың Ә.Қайдаров еңбектеріне назар аударып, аса жоғары бағалағанын да мақтанышпен айта аламыз.

Кездесу кеште Ұлы Отан соғысының ардагері Әбдуәли ағаның әкесімен серіктес болған Нұрқадыр Досаев қария, кластас досы, Ұлы Отан соғысына қатысушы Шоман Иманбаев, Калинин атындағы сегізжылдық мектептің оқу үздігі Қаныбек Малдыбаев, аудандық Совет атқару комитеті председателінің орынбасары Ә.А.Талқанбаев және басқа да кісілер шығып сөйлеп, академик ағаға арналған жылы пікірлер, лебіздер айтты, оған ғылымның қия жолында бұдан да биік белестерге шыға беруге тілектестік білдірді. Кеш соңы Калинин атындағы сегізжылдық мектеп оқушыларының шағын концертіне, Әбдуәли ағаның мазмұнды әңгімесіне ұласты. Кездесу кеші өте әсерлі өтіп, жиналған жұртшылық пен мектеп шәкірттерінің көкірегіне өшпестей із қалдырды.

Ө.Айтбаев, М.Нақатаев.

«Еңбек жсалыны». 9 желтоқсан. 1986.

Ерен ісін еліне арнаған

Табандылық пен қайсарлық ұғымының мәні терең. Қай-қайсысы да қолданылу аясында жайдан-жай нәрсеге теліне салмайды. Мұның сырлы астарында күрес жатыр. «Өмір – күрес» деп білсек оның бақытты биігіне көтерілу үшін табандылық пен қайсарлықтың мақсат жолында қос қанаттай қажеттілігін онымен бетпе-бет келген жандар ұғынса керек. Мұны біз қазақ тіл ғылымына зор еңбек сіңірген, оның өркендеп өсіп, мемлекеттік мәртебеге жетуіне дейін жан аянбай арпалысып, қажыр-қайратын, білім-қабілетін, абырой-беделін арнаған, бүгінде оның басы-қасында отырған қадірлі ағамыз Әбдуәлі Туғанбайұлы Қайдаровпен байланыстырамыз. Халық мұраларына о бастан қанығып өсіп, зеректігімен зердесіне түйіп, жасынан ғылымға аңсары ауған Әбекең 9-класты бітірген шақта, елге төнген қасіретті соғыс қымбат та қызықты балалығынан ерте даралады. Туған елдің асыл ұл-қыздарымен бірге майданға аттанды. Сұрапыл соғыста да алдыңғы шепте жүрді. Небір қиян кескі ұрыс ортасынан шықты. Омырауына I дәрежелі Отан соғысы, III дәрежелі Даңқ, «Қызыл Жұлдыз» ордендерін қадап, 1946 жылы жеңісімен қайтқанда, көкейіне түйгені оқуын одан әрі жалғастыру еді. Ауыл мектебінде оныншы класты бітіріп шыққан Әбдуәлі Қайдаров ендігі жерде жасынан өзі құштар болған ғылым жолына мол терең біліммен бару қажеттілігін ұғынған. Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетінің студенті атанған кезінен-ақ, бос уақытын болашақ күрделі еңбектеріне жұмсады. Одан соң 1951–54-жылдары Қазақ ССР Ғылым академиясының аспирантурасында оқыды. Қазақ ғылымының осы бір қара шаңырағында қызмет ету арманы да сол жылдарда туған.

Содан кейін талай тарлан дарындар тәрбиелеген осы бір құтты шаңырақта 1955 жылы «Қазіргі ұйғыр тілінің қос сөздері» атты тақырыпта кандидаттық диссертацияны қорғап шықты. Араға біршама жылдар салып, ол тақырыптың басқа қырынан келіп, 1970 жылы «Ұйғыр диалектісі және әдеби тілдің диалектикалық негізі» атты күрделі еңбек жазып, докторлық ғылыми атақ алды. Ғалымның сол кездегі «Қазіргі ұйғыр әдеби тілінің дамуы» атты кітабы ұйғыр диалектикасы мен говорларының мән-мағынасын айқындаған елеулі еңбек болып табылады. Ол танымал зерттелуімен, ғылыми дәйектілігімен, теориялық салмақтылығымен дүние жүзіне белгілі түркологтардың назарын аударды. Олардың қатарында профессор Э.Р.Тенишев (ССРО), К.Менгес (АҚШ), Г.Дефер (Германия) сияқты атақты ғалымдар бар.

Аталған еңбегі үшін 1971 жылы республикамыздағы география мен қоғамдық ғылымдар саласы бойынша Ш.Уәлиханов атындағы 1-дәрежелі сыйлық берілді. 1972 жылы Қазақ Ғылым академиясының мүше-

корреспонденті болса, 1983 жылдан бері Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшесі. Содан бері міне, ұзақ жылдар бойы тіл білімі институтының директоры ретінде басшылық қызметті атқарып келеді. Ол басқарған жылдары институтта түсіндірме, фразеологиялық, терминдік сөздіктер шығарылды, республикада тұратын ұлттардың тілдік ерекшелігіне байланысты сан алуан ғылыми еңбектер дүниеге келді. Академик Әбдуәли Қайдаровтың соңғы үш-төрт жыл көлеміндегі қазақ тілінің хал-жағдайына байланысты қажырлы күресі, қайсарлы да табанды бағыты ерлікпен пара-пар десе де болады.

Баршаға мәлім 1986 жылы Алматыдағы желтоқсан оқиғасынан кейін қазақ атаулыға байланысты нендей нәрсеге қара бояу жағылып, ұлт жайында ауыз ашуға әкімшілік қысым қақпақ қойып жатқанда, республикада қос тілділік қалыптассын деп қаулы шығарып, тіпті неміс тілі де оған телінген кезде осы Әбекең, қайсар да табанды Әбекең бірден төбеден түскендей нақ ойын, батыл байламын айтқан. Мұны естігенде қостілділікті жамыраса шуласып қолдап, қорғап жатқан қауым шошыды да, шоршыды да. Қазақ халқының проценттік үлесін демеу еткенде мұндайды ойға алудың өзі де қиянат дегендей, қабақтарын түйіп, теріс айналған. Жан-жақтан жалалар жалмаңдап жатқанда Әбдуәли аға қасарысып тұрып алды. Жергілікті ұлт тілі қалайда мемлекеттік мәртебе алу керектігін нақтылы дәлелдегенде, онсыз да зәрулері жоқ зиялы қауымның ішінара кейбіреуі болмаса, көбі осынау байламды пікірді қиял-ғажайып дүниесіне балап, тіпті бұл жайлы айтудың өзі де қате, саясаттың соққысын жейміз – деуге дейін барып мойнын салбыратып, күйбендесе берген. Тіпті, ол ол ма, республиканың сол кездегі бірінші хатшысы, кейіннен «оқшантайдағы» адам аталған Г.В.Колбин тіл мәселесіне келгенде, институтты мысалға алып тиіссін келіп. «Алайда, институт коллективі қазақ және орыс тілдерін зерттеуге лайықты үлес қосқан жоқ. Қазақстанда тұратын халықтардың тілдерін оқып-үйренуді үйлестіретін шын мәніндегі ғылыми орталық бола алмады», – деп, дәлелсіз пікір айтып, бас-көзге қарамай төпеледі. Ал оның біраз жылдардан бері қазақ және басқа ұлт тілдерін ғылыми жүйелі зерттеумен айналысқанын, басшысының тікелей ұйғыр халқының тіліне байланысты құнды еңбектер жазып, халықтар достығын қадірлегені еленбеді. Мәселе сөздікке келіп тірелгендей, оның сапасын да, санын да институтпен ұштастыру арқылы, таяқтың ұшын Ә.Қайдаровқа қарай бұра берді. Ал Әбекең болса қос тілділіктің, ұлт тілін дамытуға тигізер кері әсерін пайымдай келіп, қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беру арқылы ғана әбден жүдеп-жадаған тілді қорғау мүмкіндігін айтып тұрып алды. «Әй, айтқанынан қайтпайды екен», – деді үрейленгендер. «Басына пәле тілеп қайтеді, тыныш жүрмей ме?» – деді енді біреулер. Тек аздаған топ қана:

«Қайсар Қайдаров ана тілін не шыңға, не құмға алып шығады, түбінде көрерсіңдер» – деген. Бұлар шынында да жеңді. Табанды Қайдаров тапжылмай, ана тіліне мемлекеттік мәртебе берілу қажеттігін батыл да байыпты баяндап шыққан кезде бұрын жел оңға соқса оңға, солға соқса солға ықтайтындар кенет назарларын қазақ тілінің тағдырына аудара бастады. Дұрыс екен деді. Бірақ қолдаушылар біртіндеп көбейген жоқ. Атақ абыройды қазақ тілі ғылымы арқылы алып, нанын осы тілден тауып жеп жатқан ағайын ұлттық тіліміз мұндай құрметке жеткен жоқ дегенде де, қайтпайтын Қайдаров баспасөз беттерінде дуалы жиындарда батыл тойтарыс беріп жатты тартынбай. Арынды ағысы тежеліп, арнасы қаңси бастаған қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе берілуі де қиынға түсті-ау. Бәрінен бұрын қиналып, жан азабын тартқан Әбдуәли Қайдаров еді. Өйткені өзінің талай жылдардан бергі мақсатты ойының тұмшаланып қалуынан да қауіптеніп жүрген. Сол тілді бекітуге байланысты сессиядағы тартысты көрген жұрт қобалжып та, қорқып та отырған сәтте, Әбекеңнің қандай күйде болғанын бір құдай білер. Бірақ табандылық, қайсарлық жеңіп шықты. Қазақ тілі араға жарты ғасыр уақыт салып ұлт тілі ретінде мемлекеттік дәрежеге көтерілді.

Ал сол күні сол бір жаны жайсаң, қарапайым, ел ағасына айтылған алғыста шек болған жоқ. Әбекең «бір шыңға шықтым, ендігі кезек басқаныкі», – деп, одан кейін де қол қусырып жүрмеді. «Қазақ тілі» қоғамының алғашқы құрылтай съезінде тіл тағдырына жаны ауыратын қауым Әбекеңді оның тұңғыш президенті етіп бірауыздан тағайындады. Тіпті алғашқы құрылтайдан кейін өткен үш күндік ғылыми практикалық конференциядағы қорытынды сөзінде академик ағамыз: «Конференция мақсаты толық орындалған жоқ! – деген кезде жұрт, селт ете түскен, секемдене қараған. Бақсақ сөйленген сөздер мен айтылған ойларда қанағаттаушылық сезім жетегіне еріп, қатысушылар іс бағдарламасын әлі де айқындамаған екен. Ол осыған тоқталды. Атап айтқанда, «Қазақ ССР-інде қазақ тілін және басқа ұлт тілдерін дамытудың 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған Мемлекеттік программасының жобасындағы шикіліктерді қадап-қадап көрсетіп, толықтырып, жөндеуді нықтап ұсынған. Қазір жер-жерде құрылып, ана тілінің абыройы үшін арпалысып жатқан Қазақ тілі қоғамының үні барған сайын айқын да, жарқын шығуда. Бірақ атқарылған істерден атқарылатыны, шұғыл жүзеге асыруды күтіп жатқаны қаншама. Бұл күндері ол ел келешегі үшін игілікті істер атқарып, жүйелі ғылыми-зерттеулер жүргізіп жатқан А.Байтұрсынов атындағы қазақ Тіл білімі институтындағы басшылық қызметімен қоса қоғамдық міндеттерді де атқаруда Әбекең бәрін де мойымай көтеріп келеді. Жас та біраз тұсқа таяп қалса да, қажыдым, қартайдым деп тұрған ол жоқ. Абыройлы ісін сеніммен алға тартып келеді. Табандылығы мен

қайсарлығынан танбай, қыруар істің қызу ортасынан табылып жүр әркез. Қанды майдан мен өмір майданының қаһарман жауынгеріндей. Соғыста көрсеткен ерлігі өмірінде жарқыраса елге арнаған ерлікке парпар ерен ісі ел жүрегінде, көңілінде. Халық құрметіне бөленген қадірлі аға қазақтың тау көтерген Толағайындай. Ерен істерімен еліне танылған Әбдуәли Туғанбайұлы бүгінде табандылық пен қайсарлық тұғырында қаймықпай тұр. Сондықтан да ол өзінің бір сөзінде:

– Қазір қазақ тілінде мемлекеттік мәртебе әпердік. Бұл – бұрын-соңды болмаған ғажап жағдай. Енді жоғары оқу орындарына арнап оқулықтар шығару басты міндетіміз. Ахмет Байтұрсынов ағамыз 1920-жылы Ташкент қаласынан «Әдебиет танытқыш» атты (Әдебиет теориясы) кітап шығарғанын білесіңдер, сол оқулықта бірде-бір бөтен елдің тілі жоқ, бастан-аяқ тек ана тілімізде сайрап тұр. Ендігі жұмыстың бәрі өзімізге байланысты, – деп еді. Ағаларымыздың жанын салып кірісіп, қабілет қарымымен, қайрат-қажырымен алған ұлттық тіліміздің мәртебесін қалың қауым болып биіктете берсек, ертеңіміздің нұрлана түсері де айқын. Аға сөзі осыған шақырғандай. Жаны жайсаң, ойы дарқан, көңілі көреген ағаның халқы үшін қажымай-талмай атқарған істері оның тұлғасын биіктете бермек.

С.Дәуітов.

«Парасат». 1991. №5. 3 б.

Ғалымның биік тұлғасы

Ғылымда әр ғалымның өзіне лайық орны, салмақ, бағасы болатыны баршаға мәлім. Соңғы 70–80 жыл барысында қанатын жая, құлашын кеңге ұрып, шарықтап бара жатқан қазақ тілі білімін отандық ғылымның бір саласы десек, оны дамытуға аға буын ғалымдармен бірге барынша мол үлес қосқандардың қатарында Ә.Қайдар да бар. Бүгінде сексеннің сеңгіріне шығып отырған ғалымның ғылыми-творчестволық әрі ұстаздық қызметінің елу жылдық мүшелі де қатар келіп отыр. Ол 1955 жылы кандидаттық, 1970 жылы докторлық диссертация қорғады. Қазақ тілі мен түркологияны дамытуға қосқан үлесі үшін оған түркі тілдерінің профессоры, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері, Ш.Ш.Уәлиханов атындағы I дәрежелі сыйлықтың лауреаты құрметті атақтары берілді. 1983 жылы Қазақстан Ғылым академиясының академигі болып сайланды.

Ғылым академиясының Тіл, әдебиет институтында еңбек жолын кіші ғылыми қызметтерден бастаса, кандидаттық диссертация қорғағаннан кейін 1959–1961 жылдары ұйғыр филологиясы бөлімінің меңгерушісі, 1961–1963, 1967–1978 жылдары Тіл білімі институты директорының

орынбасары, ал 1978–1995 жылдары институт директоры, 1995 жылдан институттың құрметті директоры болып жемісті еңбек етуде. Осы 40 жылдан аса басшылық қызметте шыңдалып, шынығып қана қоймай, ғылыми-зерттеу жұмыстарының дамып, лингвистикалық кадрлардың өсіп-толысып, Тіл білімі институтының әлемдік түркологияға паш болған кезі еді.

Ғылымға беріліп, бар ғұмырын туған тілін зерттеуге арнаған ұлағатты ғалымның қарымы кең, өресі аса ауқымды: ол қазақ және ұйғыр тіл білімдерінің көкейкесті мәселелерімен ғана шұғылданып қоймай, тұтас алғанда, жалпы түркологиялық және алтаистикалық деңгейге дейін құлаш жайып жатады.

Ғалым тарихи лексикология мен диалектологияның, этимология мен фразеологияның, терминология мен ономастика, мемлекеттік тіл мен әдеби тілдің қалыптасуы мен дамуының, тілдік түйісулердің, сондай-ақ көп ұлтты Қазақстан жағдайындағы қазақ және орыс тілдері қызметінің сан-салалы мәселелеріне арналған 450-ден аса ғылыми, ғылыми-көпшілік еңбектерді жариялады. Олардың ішінде 54 монография, кітап оқулықтар, сөздіктер мен жинақтап қорытқан зерттеулер бар. Сондай-ақ, ана тілі байлығының негізінде қазақ халқының рухани және материалдық мәдениетін зерттеуге бағышталған этнолингвистикалық ізденістері ерекше орын алады. Ғалымның зерттеулер жүргізіп, Қазақстанда этнолингвистика мектебінің негізін салғаны, бұл бойынша докторлық, кандидаттық диссертациялар қорғаған шәкірттерінің саны 20-ға жеткені оның әлі де көбейе берері көпшілік қауымға аян.

Академик Ә.Қайдардың ең іргелі еңбектерінің қатарына оның «Қазіргі ұйғыр тіліндегі қос сөздер» (1958 ж.), екі бөлімді «Қазіргі ұйғыр тілі» (1963–1966 жж. теңавторлықпен, ол ҚХР-да араб шрифтерімен қайта басылды және қытай тілінде жарық көрді), «Қазақ тіліндегі бір буынды түбірлер мен негіздердің құрылымы» (1986ж.), «Түр-түстердің тілдегі көрінісі» (1992 ж. теңавторлықпен), т.б. тән.

«Қазіргі ұйғыр әдеби тілінің дамуы» (1969 ж.) атты монографиясы түріктанушы ғалымдарға кеңінен танымал. Бұл еңбек ұйғыр тіл біліміне ғана емес, бүкіл түркі тілдерін зерттеуге қосылған лайықты үлес еді. Кітаптағы материалдың толықтығы мен әр жақтылығы, автордың зерттеп отырған мәселелерін баяндау тәсілі, ұйғыр әдеби тілі мен диалектілері туралы еңбектерге жасалған тарихи терең шолу және автордың білім арнасының кеңдігі бұл еңбектен айқын көрінеді. Сондықтан, бұл еңбек кезінде түркологтар тарапынан жоғары баға алған болатын. Сол үшін де оған 1971 жылы Шоқан Уәлиханов атындағы бірінші дәрежелі сыйлық берілді. Бұл монографияның мазмұны терең, іргелі екенін түркі тілдес елдердің ғалымдары да, шетелдегі әріптестер де жоғары бағалады.

Бұл күнде ғалым қазақ тілінің тарихи лексикологиясы, этнолингвистикасы мен этимологияның теориялық проблемаларын жетілдірумен қатар, 30 жылдан астам уақыт дайындап жүрген «Қазақстан: ана тілі әлемінде» атты төрт томдық этнолингвистикалық сөздігі Қазақстан Республикасының ғылымына қосылатын сүбелі еңбек болатынында сөз жоқ.

Ғұлама ғалымның ғылымдағы табандылығына, еңбекқорлығы мен ізденімпаздығына, өнімді еңбек иесі екеніне дән риза болмайтын адам кемде-кем. Оған соңғы жылдары жарыққа шыққан еңбектері толық дәлел. Осы еңбектерінің ішіндегі «Қаңлы» атты көлемді де мазмұнды монографиясы өз алдына бір төбе. Өйткені, бұл еңбек – тіл білімі тұрғысынан жазылмаған, тарихи-этнографиялық, саяси-қоғамдық, әлеуметтік деректерге бай еңбек. Қазақ халқының қалыптасуына іргетас болып қаланған, б.д.д. III–II ғасырдан XIII ғасырдың басына дейін Қангюй, Қаңқа, Хорезм мемлекетін құрып дәуірлеген, әулеті түркі әлеміне кең тараған, мәдениет пен өркениеті өрістеп дамыған қазақтың көне тайпасы жайлы жазылған бұл терең сырлы; мазмұнды еңбектің орны ерекше.

Профессор Ә.Қайдар халыққа білім беру ісіне де белсене қатысып, ғылым мен ұстаздықтың тізгінін тең ұстауда. Мектептер мен жоғары оқу орындарына арналған бірнеше оқулықтар мен оқу құралдарының авторы. Әбу-Насыр әл-Фараби атындағы Қазақтың мемлекеттік ұлттық университетінің профессоры бола жүріп, күш жігері мен білімін қазақ тілінің мұғалімдерін тәрбиелеу, даярлау ісіне тек Қазақстанда ғана емес, одан тыс елдерде – МХР-да, Мәскеуде, Кабарда-Балқарияда, Қарақалпақ, Қырғыз, Башқұрт, Хакас Республикаларында жемісті еңбек етіп жүрген 70-тен астам ғалым кандидаттық және докторлық диссертация қорғады. Ал кандидаттық және докторлық диссертация жазып жүрген аспиранттар мен ізденушілер саны да 50-ден асады екен. Ғалым өзінің «Ғылымдағы ғұмыр» атты еңбегінде: «Мен шәкірттерімді өзімнің ғылымдағы жалғасым, өрісім деп білемін. Ресми шәкірттерім негізінен үш топтан тұрады: 1-топ: доктор шәкірттер, 2-топ: кандидат шәкірттер, 3-топ: дипломант шәкірттер» деп жазды.

1987 жылдан бастап қолға алынған тіл саясатына, әсіресе қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесін алуға байланысты қызу айтыс-тартыстарға академик Ә.Қайдар айрықша белсенділікпен атсалысты. 1987–1990 жылдардағы «Казахстанская правда», «Социалистік Қазақстан» газеттерінің тігіндісін оқыған адам Колбин заманындағы Орталық партия комитетінің пленумында Ә.Қайдаровты қалай қыспаққа алғанын, саяси айыптар тағуға дайын тұрғандарын анық көрер еді. Сол кезде Әбекеңнің: «Ел басына ауыр күн туған Ұлы Отан соғысы кезінде, тіпті балаң кезімде-ақ соғысқа өз еркіммен аттанып, қасықтай қаным қалғанша Отан үшін жаумен күрескен едім, енді ана тілімді қорғап қолпаштағаным үшін қан-

дай да бір ауыр жазаға бұйырса да тәуекелге бел будым» деп құлшыңғаны әлі есімізде. Сөйтіп, ғалым қазақ тіліне «Мемлекеттік тіл» мәртебесін беруде орасан зор еңбек сіңіріп, табандылық пен принциптілікті көрсетті. Халқымыз үшін саяси, әлеуметтік, мәдени маңызы аса зор «Қазақ тілі» қоғамын құрып, оның органы «Ана тілі» газетінің жарыққа келуіне әсер етті. Ғалым-ұстаздың бұл батыр ісі қаһармандыққа парапар еді. Оның бұл еңбегі ерекше бағаланып, «Отан» орденімен марапатталды да. «Осы орденмен марапаттау салтанатында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев өз қолымен омырауыма қадап тұрып: «Тіл саласындағы зор еңбегіңіз үшін!» деген еді», – деп есіне алады Әбекең.

Академик Ә.Қайдардың құжаттарын оқып отырғанда 1998 жылы «Түркия мемлекетінің Құрмет белгісі» орденімен, ал 1984 жылы жасы 60-қа келгенде «Халықтар достығы» орденімен марапатталғанын көреміз.

Қазақстан Үкіметі жанындағы Мемлекеттік ономастика комиссиясын бұл күнде білмейтін адам кемде-кем. Осы сала бойынша да Әбекең біраз жұмыс жасады. 1991 жылы «Қазақ КСР-індегі Мемлекеттік және әкімшілік-территориялық бірліктердің атауларын реттеудің, елді мекендердің аттарын өзгерту және тарихи-географиялық атауларды қалпына келтірудің Тұжырымдамасын» және 1994 жылы «Қазақстан Республикасындағы ұлты қазақ азаматтардың аты-жөнін реттеудің Тұжырымдамасын», сондай-ақ, бірнеше проблемалық ірі мақалалар жазды. Ғалымның жетекшілігімен ономастика саласы бойынша бірнеше адам кандидаттық диссертация қорғады.

Осындай көп қырлы ғылыми-зерттеу жұмыстарымен қатар, ол түркологияның, жалпы тіл білімінің, сондай-ақ, қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері жайында республикалық, одақтық және халықаралық конгрестер мен конференцияларға қатысып (Мәскеуде, Будапештте, Венада, Кишиневте, Ташкентте, Баян-Өлгиде, Стамбулда, Кайсермде, Анталияда, Измирде, т.б. жерлерде) шетел ғалымдарына қазақ елін, қазақ тілін танытып жасаған мазмұнды баяндамалары мен сөйлеген сөздері терең мәнділігімен назар аудартады.

Академик Ә.Қайдар сан-салалы ғылыми-зерттеу жұмыстарын ғылыми-ұйымдастырушылық және қоғамдық қызметпен шебер байланыстыра біледі, көп жыл бойы ол – Қазақстан Үкіметі жанындағы Мемлекеттік терминологиялық және Мемлекеттік ономастикалық комиссия төрағаларының орынбасары, халықаралық «Қазақ тілі қоғамының» президенті, қазір Құрметті президенті, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының жанындағы түркі тілдері және қазақ тілі мамандықтары бойынша филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғайтын диссертациялық кеңестің мүшесі.

Академик Ә.Қайдар Республикадағы лингвистикалық ғылымды ұйымдастырушы көрнекті ғалымдардың бірі және ғылыми бай мұра жасаған ғалым ретінде, бүкіл түркітану әлемінде үлкен бедел мен шынайы сыйқұрметке ие. Өзінің 80 жылдық мерейтойы қарсаңында тынымсыз күшқайрат, зор жігермен жұмыс істеп келе жатқан Әбекеңнің ой-арманы, әлі де тындырар жоспарлары толы.

*Т.Жанұзақ, Н.Оңғарбаева.
«Оңтүстік Қазақстан». №181. 7 желтоқсан. 2004.*

Туған мініміздің ту ұстаушысы

Әбекеңнің ғылыми жұмыстары жөнінде, ана тіліміздің айбыны екендігі туралы тамаша толғаумен Рәбиға Сыздықова апамыз бастаған әріптестері әділ де тұжырымды баға берді. Елбасы – Президентімізден бастап, сонау ауыл-жұрттағы қарапайым қазақ азаматтарына дейін ол кісіге жылы лебіз, ыстық ілтипат білдіріп, алғыстарын айтты. Біз жаны жайсаң ортамызда жүрген алаштың ардақты азаматы Әбекеңнің атақ-дәрежесін құрдасы Шора Сарыбаев аға сияқты тізіп саралай берсек, қымбатшылық кезде қаншама парақ шығындар едік. Сондықтан Әбдуәли Қайдаридың құжатталмаған, елі өзі берген атақтарын ғана атар болсақ, ол кісі – батыр, еңбек ері, қоғам қайраткері, ұлағатты ұстаз, ұлтжанды әрі интернационалист, шежіреші, тарихшы, этнограф... осылай кете береді.

Батыр дейтінім былай. Он сегізге толмаған балғын шағында майданға аттанып, оқ пен оттың ортасында жүріп, офицер атанып, взвод командирі болып, топ бастап Штеттин даласынан бір-ақ шығар ма еді?!

Өмір өзенінен көзсіз ерлікпен өтіп (көпір жасаушы инженер-сапер ретінде) омырауына үш бірдей орден, бірнеше медальдарын тағып елге аман-есен оралуы да қаһармандық емей, немене?!

Содан келіп, екінші – ғылым-білім майданында академик дәрежесіне жетуі де жанкештілік деп жұрт бағалап отыр.

Осыдан біраз жыл бұрын қызмет бабымен сонау Семейге барғанда ондағы Абай мен Мұхтар елі Әбекеңді «Қазақ тілінің батыры» деп құшақ жая қарсы алып, дәріптеп ат мінгізіп, мәртебесін бір көтеріп тастаған еді. Оған себеп, міне, халықаралық «Қазақ тілі» қоғамын құрып, тұсауын кесіп, көшін бастап келе жатқанына бақандай бес жыл болды. Өзі айтқандай, бұл бес жыл – бес ғасырға пара-пар десек те болады.

Қоғам өзі құрыла салған жоқ. Оның да ауыр жол азабы болды. Ол үшін де бел шешіп, белсеніп нар тәуекел жасау керек еді. Оған Қайдари сынды батыл ойлы, білгір алаш азаматтары басшылық етті.

Ерлік емей немене, сексен алтыншы жылғы желтоқсандағы оқиғадан соң күйкентай Колбин қазақ зиялыларына қырғидай тиіп, бастарынан

қиқу кеткізбеген тар, зар заманда қайсарлықпен қасқайып тұрып, қазақ тілі үшін күрескеннің бірегейі – Қайдари.

Бағымызға қарай, ол кезде Орталық Комитетте ел қамын ойлаған азаматтарымыз әлі де отырған еді. «Жылқыда да жылқы бар, қазанаты бір басқа, жігітте де жігіт бар, азаматы бір басқа» деп өзі жақсы көрген осы мақалды өнеге етіп қоғам құруда белсенділік жасаған Өзбекәлі Жәнібеков, Мырзатай Жолдасбеков, Балташ Тұрсынбаев секілді азаматтарға қоғамның екінші құрылтайында арнайы алғыс айтқан Әбекең еді.

Қоғамның осы үлкен мінберінде ел басшысы Н.Назарбаевқа да басына айтып, «Қазақ тілі» қоғамының қызметкерлерін қабылдауын өтініп, Тіл заңымызды экономикалық жағынан қадағалап, материалдық жағынан қолдайтын Тіл комитеті керектігін ойына салып, ақыры Президент пәтихасын алды.

Осы үлкен мінберде тұрып «Жапалақты таспен ұрсаң да жапалақ өледі, жапалақпен тасты ұрсаң да жапалақ өледі» деген мәтелмен қостілділік керек деп аузы қисайып жүргендердің көмейіне құм құйды.

Құрылтайға делегат болып қатысып отырған Президентіміздің ел ішіндегі ынтымақты сақтау керектігі жөніндегі жолын қолдай отырып, тіл саясаты – бейбіт саясат екенін ескертті. Алайда, «Орыс тілі өз қызметін атқара береді, бірақ ол мемлекеттік тілмен теңелмейді» деп батыл ойын жалпақ жұртқа жайып: «Қоғамымыздың араша түсері – ұлттың тағдыры. Арымыз, намысымыз – тіл. Тіл және егемендік – бір сөз. Мемлекеттік тілі жоқ мемлекет бола ма?! Біз қандай атақ-дәрежеге ие болмайық, беделіміз қанша зор болмасын, үкімет басында отырмайық – қазақ тілінің алдында бірдейміз. «Қазақ тілі» – қасиетті қоғам. Сондықтан қазақ тіліне қызмет істегенімізді міндет қылмайық» – деп қой жылы, қарашаның 21-інде өткен осы қоғам пленумында да өз ойын шегелеп айтты.

Баяғы, баяғы бір бақастық, бақталастық, мансапқорлық дерт немесе «Қазақ тілі» қоғамын күнкөріске айналдырып, қызметке көтерілу сатысына санап, саудаға салатындардың қылығы Әбекеңнің арқасына аяздай батады. «Қазақ тілі деген қасиетті тілдің алдында бәріміз құл болып, құрдай жорғалап жүруіміз керек» деп түземелі ағалық ақыл айтса да, тыңдамай, бір-бірін жамандап, сиырдың бүйрегіндей бөлшектеніп, шөре-шөре болып кеткісі келгендерге қаны қазандай қайнайды. Үй ішінен үй тігіп, тоң-тобырға айналып кете ме деп қорқады... Сондай сорақылықтан сақтандырғысы келеді. «Қазақ тілі» қоғамына, өз тілімен айтқанда, «шынайы жанашыр, қолы таза, жүрегі ақ, білімі бар азаматтарды» жанына жинады. Олардан ақыл-кеңес сұрайды. Аталық өз батасын да береді.

Қоғам қызметімен Әбекең қашан да ел ортасында жүреді. Ғылымдық қыруар жұмысы, директор ретіндегі Тіл білімі институтының қым-қиғаш

тірліктері, үй-іші қарекеті бәр-бәріне де уақыт тауып, түрлі кездесу, жиын, теле-радио хабарларына қатысып, жұртпен дидарласып жүргені.

Осыларды қорыта келгенде, Әбдуәли Қайдариды ірі қоғам қайраткері, саналы саясаткер деп атауға әбден лайық.

Әбекеңнің тағы бір лауазымы – ұлттар достығын үндеуші ұрпақтың өкілі – интернационалист. Бала кезінен Жетісуды жайлаған орыс-казак азаматтарымен араласты. Ұйғыр тілінің аса көрнекті маманы атанды. Соғыстың сұрапыл жылдарында түрлі халық өкілдерімен бауырласып, қоян-қолтық жүрді.

Ғылым саласында ұлағатты ұстаз атануында да үлкен мән бар. Қазак еліндегі түркологиялық мектепті дамытушы алғашқы ұстаз Ә.Қайдари екенін оның түрлі ұлт өкілдерінен шыққан шәкірттері мақтан етеді. Ә.Қайдари – Түрік Ғылым академиясының құрметті мүшесі.

Ал шежіреші, этнограф, тарихшы атайтынымыз – ғұлама ғалым тіл төркінін тарихтың тереңінен іздеп тауып, үлкен еңбек жазып жүр. Оған қоса тағы да тарихшы-шежіреші дейтініміз туған елінің біздің ғасырымызға дейін аты өшпей жеткен қазақтың ең ежелгі мемлекетін құраған «Қаңлылар» туралы деректерді жинап, кітап шығаруға құлшынып отыр.

Сөзіміздің соңында, кәдімгі біздің Әбдуәли Қайдаров деп жүрегімізге жақын тарта айтуымыздың себебі – ол жаратылысынан жаны жайсаң, кішілігі мен кісілігі мол, көпті көрген қарапайым жан.

Әйтпесе, академик, институт директоры, білдей бір қоғамның президентінің үйінде де, кабинетінде де есігі айқара ашық тұра ма?

Әйтпесе, осындай атақ-дәрежесі алты алашқа әйгілі Әбекең бір сөздің төркінін сұрау үшін бұрын көрмеген Дәркембай Шоқпаров сынды дарынды азаматты қаланың бір түкпіріндегі үйіне өзі іздеп бара ма? Біз секілді інілерін жұрттан сұрап жүріп, іздеу салып, өзіне шақырып алып, ашулану орнына кейбіреуімен кеңесіп, қайсыбірімен ақылдасар ма еді...

Осы қиын заманда той өткізу жөн бе деп ол кісі көп ойланды. Бірақ 70 жасқа кім жетіп жатыр. Әлі Әбекеңнің кемел шағы келеді. Бәлкім, бұл тойдың соңы тарихы тұнған, табиғаты тамаша Талдыбұлақта, көкмайса көктемде ме, әлде жайнаған жазғытұрымда ма әлі жалғасар деп ойлаймыз.

Ә.Бөриев

Әбдуәли Қайдаровқа – 70 жас

Ә.Т.Қайдаров – Халық аралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті;

– Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі;

– Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі,

А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының директоры;

- Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым қайраткері;
- Филология ғылымдарының докторы;
- Түркі тілдерінің профессоры;
- Ш.Уәлиханов атындағы I дәрежелі сыйлықтың иегері.

Бесаспап қана емес, жетіаспап Әбдуәли Туғанбайұлы Қайдаровтың 1994 жылғы желтоқсан айында туғанына 70 жыл, педагогтік және қоғамдық қызметіне 50 жыл толып отыр.

Академик Ә.Т.Қайдаровтың ғылыми өрісі аса кең. Ол әдеби тілдің қалыптасуы мен дамуының, тілдік түйісулердің, сондай-ақ көп ұлтты Қазақстан жағдайындағы қазақ және орыс тілдері қызметінің сан салалы мәселелеріне арналған 300-ден аса ғылыми, ғылыми-көпшілік еңбектерді жариялады. Олардың ішінде 20 монография, оқулықтар, сөздіктер мен жинақтап қорытатын зерттеулер бар.

Қазіргі кезде Ә.Т.Қайдаров қазақ тілінің тарихи лексикологиясы, этнолингвистикасы мен этимологиясының теориялық проблемаларын жетілдірумен қатар үлкен «Қазақша – орысша сөздіктің» бас редакторының бірі ретінде жұмыс істеуде. Оның жетекшілігімен Қазақстанда және одан тыс жерлерде еңбек етіп жүрген 40-тан астам ғалым кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғады.

Өмірге келуіне өзі бас болған Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті ретінде Әбдуәли Туғанбайұлы қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алуына зор күш жұмсап, оның Республика өмірінде жедел іске асуының белсенді жақтаушысы болып келеді.

Әбекеннің айқай-шұсыл қойшының қонырындай еңбекқорлықпен осыншама қыруар іс тындырғанына қайран қаласың. Осының бәрі мидың мың градустық домнасында қайнап шыққан ақыл-ойдың нәтижесі екені хақ. Ә.Қайдаровтың аты естілгенде қазақ алфавитіндегі 42 әріптің түп-түгел билей жөнелетіні де сондықтан.

Әбдуәли Туғанбайұлы Қайдаров қызметімен халқына шамшырақ болып жана білген, мінез-құлқымен еліне жаға білген, атаның емес, адамның баласы болуды мақсат тұтқан жомарт жүректі, биік парасатты, пейілі кең, адал да іскер, жеке басы аса сүйкімді адам.

Талант пен дарын өз бойында мол болса да, басқаның қасиетін көре білетін, оны бағалай білетін ұлылық қасиеті және бар. Ол: «адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселерімен озады. Онан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі де ақымақшылық» деген ұлы Абай сөзін өз ісіне өзек еткен ғалым.

Әбекеннің Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті ретіндегі ұраны – ел мүддесі, табан тірегені – туған жер, сыйынғаны бабалар әруағы, сенгені – халқы болды.

Оның бойындағы ерекше еңбек сүйгіштік, принциптілік, талапшылдық кішіпейілділікпен, сезімталдықпен табиғи ұштасып жатады.

Ашық мінезі, бүкпесіз әңгімесі кімді болса да өзіне бірден тартады. Бұл үлкен өнер. Өзгеге сенгендер мұрттай ұшып жатса, өзіне сенген Әбекең құстай ұшып келеді.

Түйіндеп айтсақ, академик Ә.Қайдаровтың жез емес, алтын екенін, ез емес, батыр екенін, шөл емес, дала екенін, нөл емес, дана екенін уақыт айқындап беріп отыр.

Қадірлі Әбдуәли Туғанбайұлы!

Ата-бабамыздың қарды жандыратын тәтті тілін, жыланды жұмса-татын жұмсақ тілін, тас жаратын өткір тілін, дау шешетін үкім тілін, өнегеге толы ғибрат тілін, жүрекке жайлы жылы тілін әлдекімге пы-шыраттырмай, жас ұрпаққа тас-түйін етіп табыс етуіңізді қалаймыз. Ол үшін күйлі-қуатты болыңыз!

Қазақ тілінің тастұяқ тұлпарындай жүйітке беріңіз. Алатаудың сұң-қарындай самғай түсіңіз.

Ал, су сұраса минеральный берген, ғалымға серік болған генераль-ный жеңгеміз – Шекер! Әбекеңді шалым демей, парым деңіз, кетілді демей, жетілді деңіз, қартайды демей марқайды деңіз. Әбекеңнің өзі де былай деп жүр ғой:

Кім бар дейсің кәрілікті мойындар,
Ол пәлені айта бермей, қойындар,
Тым болмаса әйелімнің көзінде,
Жігіт болып қала беру ойым бар.
Иә, Әбеке! Сол әйелің тал бесікті тербеткен,
Сол өсірген балаларын еңбекпен,
Ол – шабытың, ол – ақылшың, ол – шамың,
Одан жақын таба алмайсың жер-көктен.

Әбеке! Мерейтойыңыз құтты болсын, денсаулығыңыз мықты болсын!

*Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы
Семей облыстық ұйымы мен облыстық Тіл басқармасы.
«Үш анық». 1994*

Қаһарман

Осы бір қарапайым, ақ көңіл адам, жаны жұмсақ, абзал азамат, керек десеңіз, кешірімшіл, биязы кісі туралы жазу қиынның қиыны екен десек ақиқаттан алыс кетпеген болар едік.

Әсіресе қысқа да нұсқа жазу...

Өйткені, бүгінгі таңда жарық дүниеге келіп, жер басып жүргеніне 70 жыл толып отырған ғұлама ғалым, халықтық қайраткер, атақты академик Әбдуәли Қайдаровтың ғұмырының әрбір бел-белесін айтасыз, әрбір бет-тарамы – еңбек, тарих, өнеге, ерлік. Сондықтан да ол туралы сегіз

қырлы, бір сырлы деп айту аз, ол – жүз сырлы, мың қырлы. Ал оның осы жүз сыры (тума азаматтық жаратылысы) мен мың қырының (ашқан ғылыми жаңалықтары, қоғамдық қызметтері) әрқайсысы бір-бір мақала мен кітапқа нәр, азық, жүк десек те түк те артық емес.

Әбекең – Әбдуәли Туғанбайұлы 1924 жылы қазіргі астаналық облыстың Еңбекшіқазақ ауданындағы Талдыбұлақ ауылында өмір табалдырығынан аттапты. Жер жәннаты – Жетісудың талы көп, бұлағы сылдыраған пұшпағында балалық шағын өткізіпті. Білім ұясы бесігін ашыпты. «Әкесі – күйеу, анасы – келін» болған жерде алғаш ат жалын тартып мініп, бір бөз көйлекті бойжеткенге көз қырын қалапты... Мектептің 9-класын бітіргеннен кейін өзі сұранып, 1942 жылы 18 жасында соғысқа аттаныпты. Содан үш жыл бойы от кешіп, Калинин, Бірінші Балтық, Екінші Белорус майдандарында жаумен шайқасып, жеңіп, 1946 жылы аман-есен елге оралыпты.

Өз басымыз Әбекең бастан кешкен жетпіс жылдың алғашқы 20 жылына баянды айғақ тартып, бұлжымас куәлік бере алмағанымызбен, кейінгі жарты ғасыр – екі жиырма бесінің аса мазмұнды, бай, мағыналы өткелін байыптап, байырқалап қана қоймай, байсын дәлелдеп те бере алар едік.

Қане, алдымен осы зырлаған жылдардың сәл ғана аты мен затына, жемісі мен жеңісіне көз жүгіртіп, жылдам түстеп-таңбалап шығалықшы.

Әбекең 1951 жылы Қазақ мемлекеттік университетін бітірді. Аспирантураға түсіп, онда үш жыл оқыды. Ал 1954 жылы ол – Қазақ КСР Ғылым академиясының кіші ғылыми қызметкері. Содан аға ғылыми қызметкер, бөлім меңгерушісі, директордың ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары сатыларынан өтті. 1978 жылдан қазіргі уақытқа дейін ҰҒА-ның А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының директоры, 1955 жылы кандидаттық, 1970 жылы докторлық диссертация қорғады. 1972 жылы ҰҒА-ның корреспондент мүшесі болып, ал 1983 жылы толық мүшесі (академигі) болып сайланды. Ол – қазір түркі тілдерінің профессоры.

Енді осы айтылғандар – тек тақ-тұқ хабарлы сөйлемдер немесе Әбекең атқарған қызмет, жүріп өткен ғылыми асу-асқарлардың нышаныспылары ғана ма? Жоқ, әрине. Олардың әрқайсысының ар жағында, астарында қисапсыз ақыл-ой қуаты, жұмсалған көз майы, толассыз күш-жігер, төгілген маңдай тер, лүпілдеген жүрек дүрсілдері жатыр. Тың тілдік табыстар, ізденістер мен іркілістер, күдік пен қуаныш, жаңа ғылыми ашылымдарда – туындыгер-талант ерлігі, ғалым-қайраткер қармандығы да өріліп жатыр.

Ғылым жолына толық түскен 40–50 жыл ғұмырында Әбекең «ана тілін түрлеп» қана қоймай, ұйғыр тілін де терең зерделеді. Өзге түрік тілдерін де жан-жақты қарастырып, қарымды қадағалады. Бұл тұрғыда

оны қазақ тілі әлемінен шырқап қанат қағып, жалпытүркология, ономастика деңгейіне самғай көтерілген оқымысты дей де аламыз. Ол тарихи лексикология, диалектология, фразеология және этимология, этнолингвистика тақырыптарын терең де түбегейлі игере отырып, көп ұлтты Қазақстан жағдайына орай қазақ және орыс тілдерінің күнделікті сан алуан мәселелеріне де батыл қалам тартып отырды. Соның нәтижесінде 300-ден аса ірі ғылыми, іргелі ғылыми-көпшілік еңбектер жарық көрді. Енді осы үш жүздің ішіндегі 20 монография, оқулық, сөздіктер – қабырғалы, шоң зерттеу еңбектердің орыны, әрине, айрықша. «Қазіргі ұйғыр тіліндегі қос сөздер» (1958), екі бөлімді «Қазіргі ұйғыр тілі» (1963 – 1966 теңавторлықпен), «Қазіргі ұйғыр әдеби тілінің дамуы» (1969), «Қазақ тіліндегі бір буынды түбірлер мен негіздердің құрылымы» (1986), «Түр-түстердің тілдегі көрінісі» (1992 теңавторлықпен), «Түркітануға кіріспе» (1993 теңавторлықпен) секілді кітаптар, міне, осылардың қатарына қосылады.

Байқасаңыз, бағанадан бері Әбекеңнің ғылымдағы жүрген жолы мен алған, асқан асуларын ғана тізіп, түгелдеп бітіре алмай жатырмыз. Ал ол кісінің ұлағатты ұстаздық қызметі, жоғары оқу орындары мен тіл біліміндегі лайықты шәкірттер тәрбиелеуі – тағы бір тарау әңгіме. Ол – Әбунәсір әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің оқытушысы. Оның жетекшілігімен кандидаттық және докторлық диссертация қорғаған ғалымдар Қазақстанды былай қойып Мәскеуде (Ресей), Моңғол Халық Республикасында, Қабарда-Балқарияда, Қырғызстанда, Қарақалпақстанда, Хакасияда, Башқұртстанда жемісті еңбек етіп жүр.

Әбекең өмірбаянының тағы бір үлкен саласы – ұланғайыр қоғамдық қызметі.

Ол – көп жылдар беделінде ҚР Министрлер кабинетінің жанындағы Мемлекеттік терминологиялық және Мемлекеттік ономастикалық комиссиялар төрағаларының орынбасары.

Ол – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік саясат жөніндегі Ұлттық Кеңесінің мүшесі.

Ол – ҚР Ғылым және техника, білім беру саласындағы Мемлекеттік сыйлықтар жөніндегі комитетінің мүшесі.

Ол – «ҚР ҰҒА Хабарлары (филология сериясы)» ғылыми журналының Бас сарапшысы (редакторы).

Ол – Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым қайраткері.

Ол – Шоқан Уәлиханов атындағы I дәрежелі сыйлықтың иегері.

Ол – Түркі лингвистикалық қоғамының құрметті мүшесі.

Ол – Түркологтар комитеті ТМД елдері бюросының мүшесі.

Ол – Башқұртстан академиясының құрметті академигі.

Ол – ең бастысы Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті.

Ол – біздің «Ана тілі» газеті Билер Кеңесінің (саралқасының) мүшесі. Осының бәрі оның үлкен ғылыми-қоғамдық қайраткер ғана емес, ұлттық, халықтық қаһарман тұлға екенін де көрсетсе керек.

Қаһармандық дегеннен шығады, осы бір қарапайым, кішіпейіл, сыйпайы, сырбаз, нәті жуас кісі қазақ тіліне – ана тілге келгенде өзгеріп кетеді, жанып сала береді: керемет табандылық, қайтпас қайсарлық, түбегейлі тиянақтылық танытады. 1986 жылдың ызғарлы да қанды, қасиетті Желтоқсаны әлі есте. Ол сол бір қиын да зауалды күндерде, ұлтымыз тағдыры қалтылдап таразыға түсіп тұрған шақта қазақтың тамырлы рух-тірегі, бірден-бір сақтаушы-қорғаны, асыл-қымбаты – келешегінің кепілі – ана тілін қандыбалақ Колбиннен қорықпай қорғап, одан кейінгі өткелең кезеңдерде не бір батыр, мүйізі қарағайдай қасқалар мен жайсандарың қос тілді қостап, былкылдағанда олардың да қолайына жығылмай, қазақ тілінің дара мемлекеттік мәртебе алуы үшін күрескен – осы Әбекең. Тіпті Ана тілі қасында оның жалғыз өзі қалған сәті де бар. Жалпы, Әбекеңнің осындай табандылығы, қаһармандығы болмаса, қазақ тілінің жеке мемлекеттік мәртебе алуы, шынын айтқанда, нәркүмән-ді. Кейін, кейін жұрттың бәрі тіл тағдыры – ел тағдыры екенін түсініп, қазақ тілі жағына жаппай шыға бастағаны.

Бүгінгідей той – Әбекеңнің мерейлі мүшелі аталар алдында мына бір жәйт тағы еске түседі. М.Әуезов атындағы Қазақ драма театры ғимаратында «Қазақ тілі» қоғамының екінші құрылтайы өтіп жатқан. Көрші қырғыз елінің «Ене тілі» қоғамының басшысы К.Бобулов өзіне сөз тигенде: «Мен Елбасы Асқар Ақаевқа жолыққанда: «Сіз Қырғыз елінің президенті болсаңыз, мен Қырғыз тілінің президентімін», – дегенін айтқан еді. Сол айтқандай, біздің Қазақстанда да аттылы-жаяу, бай-жарлы президенттер жырттылып-айырылғанмен, құдіретті, қарауында халқы-қауымы көп ерекше екі-ақ президент бар. Оның біріншісі – әрине, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев болса, екіншісі – біздің Тілбасы Әбдуәли Қайдари. Рас, Нүрекеңнің құзырындағы халық қарақұрым, орыс та, орман да оны мойындайды. Бірақ Әбекең осал бола қояр ма екен. Өйткені, қазақ тілінсіз – қазақ ұлты жоқ, қазақ ұлтынсыз – Қазақ Елі де жоқ екенін ескерсек, «Қазақ тілі» қоғамының қажеттігі, оны нығайтып, қатарын молайта түсу қажеттігі өзінен-өзі айқындала түседі. Және алдағы уақытта мемлекеттік қазақ тілін білу қазаққа қоса басқа ұлттарға да зәрулік болатыны күмән тудырмайды.

Олай болса Әбекеңнің «Қазақ тілі» қоғамын құрған да, оны қорғап, оған жетекшілік жасап отырғаны да – қаһармандық екені ешқандай дәлел тілемесе керек.

Жиырмасында толарсақтан қар кешіп, қан кешіп, Отанды қарумен қорғаған батыр Әбдуәли Туғанбайұлы қазіргі күні – жетпіс жасында

да қатал нарықты басынан өткеріп, халқын діліне жеткеріп, Ана тілін қаһармандықпен қорғап келеді.

Біз ғұлама ғалым, халықтық қайраткер, атақты академик Әбекеңді – адам, азамат, аға Әбдуәли Қайдариді алдағы уақытта да тек өмір өрінен, ғылым биігінен, тіл төрінен көре бергіміз келеді.

Б.Сарбалаұлы.

«Ана тілі». 16 желтоқсан. 1994.

Ұстаз зыраты

Қазақ тіл білімі туралы сөз бола қалса, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі Әбдуәли Қайдар есіміне соқпай өту әсте мүмкін емес. Тілші-ғалым болу – мәртебелі атақ. Өйткені, күллі дүниені жасампаздықпен өзгерткен саналы пенденің басты құралы – құдіретті ана тілі. Сол ана тіліне қауіп-қатер төнген қиын шақта Әбдуәли Туғанбайұлы азаматтық ұстанымы мен белсенділігін танытып, шыр-пыр болып, бар ақыл-ойы мен білім-парасатын, кеудесіндегі жанын салып, ар-абыройындай қорғап шыққаны көзі қарақты көпшілікке мәлім. Мұндай ерлікке татырлық іс-әрекет әйгілі оқымыстының өмір жолында аз емес. Инемен құдық қазғандай мехнатқа толы сан алуан ғылыми зерттеу жұмысын кәсіби биік деңгейде үнемі бабынан жаңылмай, біркелкі атқарып жүру – туа біткен кесек талант, табиғи дарын иесінің пешенесіне ғана жазылатын бақыт. Міне, осындай ерек тұлғаның шәкірті болу – өзіңе рухани зор жауапкершілік артумен бірге үлкен міндет жүктейді. Және бұл үдеден шыға білу үшін ұдайы оң-солыңа, алды-артыңа, қатарыңа қарап, өзіңді-өзің ұстаз алдында ұятқа қалмау үшін қамшылап, намыс-жігеріңді жанып, қайрауға тура келеді. Бақсам, мұның өзі тәлімі мол жанның игі шаппаты екен ғой!

Білімдар, тынымсыз еңбекпен өскен академик қалт етіп, қолы жазудан, көзі кітап оқудан босай қалса, дереу басқа бір іспен айналысып не ақ қағазға әдемі айшықтап, көркем сурет салуды, не ағаштан ою ойып, түйін түйетін әуестік машығына кәнігі шеберлер жасағандай көрген кісі тәнті болады. Әлі күнге дейін бір оқиға жадымнан кетпейді. Аспирант кезім. Ұмытпасам 1972 жылы, тамыз айының ішінде диссертациялық тақырыбыма байланысты пікірлесіп, ақыл-кеңесін алуға ғылыми жетекшінің үйіне бара қалдым. Түс ауған шақ. Пәтер қоңырауының түймесін бастым. Аздан кейін есікті үсті-басы шаң-шаң бір бейтаныс жұмысшы кісі ашты. Әлгі жұмысшының сәлден соң Әбекең екенін әрең таныдым. Сөйтсем, төрт бөлмелі пәтерді ол жалғыз өзі жөндеу үстінде екен. Табан астында не дерімді білмей мен сәл-пәл есік аузында абдырап тұрып қалдым. Сосын, ұялған тек тұрмас дегендей: – Әбеке, мен де Сізге бо-

лысып, қолымнан келгенше көмек берейін, – дедім. Сабырлы қалпынан айнымайтын әдетінше ұстазым әр сөзін байыппен нығырлап. – Қолыңнан не келеді? – деп сұрады. – Айтқаныңызды орындай алам ғой! – деп күмілжіңкіредім.

– Жарайды, керек бола қалсаң өзiм хабарласармын, – дедi ол рiзашылығын бiлдiрген сыңай танытып. Бiрақ сол күйi қолғабыс беруiмдi ғылыми жетекшi өтiнген жоқ.

Қазақ тiл бiлiмi ғылымының көшбасшысы Әбекеннiң күнделiктi үй тұрмысындағы кез келген шаруаны баз бiреулердей арнайы маманын шақырып әуре болмай-ақ, дереу өзi бiтiре салуға дайын тұратын дағдылы елгезектiгi таң қалдырады. Оның үй iшiндегi электр жүйесiн өзiнiң қалауынша ыңғайлап, бөлмелерге қайта жүргiзгенiн, өзiнiң талғамына сәйкес ағаштан ойып-өрнектеген кiтап, картотека қоятын сөрелердi ерекше ынта-ықласпен, ыждақаттылық рахат бiр сезiммен, өз қолымен жасағанын көзiммен көргенiм бар. Әмбебап жанның бұл үйреншiктi машығы бөлкiм, ғылыми iзденiс барысында кездесетiн амалсыз үзiлiс жағдайында бiржола көңiлiн суытып алмас үшiн де шамасы септестiгi тиетiн тәсiл шығар!?

Әбекеннiң бұл өнерiне өзi елу жылдан астам қызмет ететiн Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тiл бiлiмi институтының ұжымы талай мәрте куә болғаны күмәнсiз. Мәселен, ол өзiнiң сүйiктi ұстазы академик Исмет Кеңесбаевтың туғанына 70 жыл толу мерейтойына арнап түрлi-түстi бояумен кескiндеген портретiн әрiптестерi ұмыта қоймаса керек. Оның домбыра, мандолина сияқты музыка аспаптарын шетiнен нақышына келтiрiп тартатын орындаушылық қабiлетiн қатар жүрген замандас-кұрбылары жыр қылып айтады.

Сегiз қырлы, бiр сырлы ғалым лингвистиканың лексикология, этимология, ономастика, терминология, тiл тарихы, этнолингвистика, дыбыс жүйесi, т.т. салаларында өнiмдi әрi iргелi еңбектер жазды. Әсiресе, Әбдуәли Қайдардың соңғы бiрер жылда баспа бетiн көрген елеулi ғылыми туындылары ұлттық рухани мәдениетiмiздi биiк белеске көтердi. Үстiмiздегi жылдың өзiнде ұзақ уақыттан бергi зерттеу жұмысының нәтижесi баспаханадан шығып бояуы кеуiп үлгермеген «Қаңлы» («Дайк-Пресс» баспасы, көлемi 40 б.т.), «Халық даналығы» («Тоғанай Т» баспасы, көлемi 35 б.т.), «Түркiтануға кiрiспе» («Арыс» баспасы), бұған қоса таяу күндерде оқырман қолына тиетiн Әбдуәли Туғанбайұлының тағы бiр-екi құнды кiтабы кезегiн күтiп, дайын тұр. Демек, ұлттық ғылыми ортада бедел мен абыройға бөленген бiлiктi оқымыстының жазары мен берерi әлi алда деуге толық негiз бар.

Әрине, бiз Әбекендей есiмi елiмiзден асып шет мемлекеттерге кеңiнен танымал, ардақ тұтар әрi ғалымның барша ғылыми-шығармашылық

жаңалықтары мен жетістіктеріне және ғылыми дәстүрді жалғастырып ілгері апарушы шәкірт тәрбиелеген ұстаздық қызметін түгел тәптіштеп таратып, талдап, саралап, бағасын беруді мақсат еткеніміз жоқ. Біз талантына бас иетін ұстаз-ғалым бейнесінің өзіміз аңғарған кейбір қырларын ашып, назар аудартуды парызымыз санадық.

А.Тасымов.

«Ұстаз ғәм шәкірт». Алматы: Арыс. 2004. 122-124 бб.

Ә.Қайдар – 80 жаста

Бүгінгі күні 80 жасқа толған мерейтойы аталып отырған қазақ және ұйғыр тіл білімдерінің көрнекті маманы, белгілі түркітанушы, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі (1983), Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1982), Шоқан Уәлиханов атындағы I дәрежелі сыйлықтың иегері (1971), Түркияның «Dil Kurumu» лингвистикалық қоғамының құрметті (академик) мүшесі (1989), Башқұртстан Ұлттық академиясының құрметті академигі (1991), Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының құрметті президенті (2004), ҚР БҒМ А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры (1978), ал 1995 жылдан бастап құрметті директоры, Ұлы Отан соғысының ардагері, филология ғылымдарының докторы, профессор Қайдар Әбдуәли Туғанбайұлы өзінің саналы ғұмырының кейінгі жарты ғасырынан астам уақытында тіл білімі саласында үзбей қызмет етіп келеді.

Әбдуәли Туғанбайұлы Қайдар 1924 жылы 13 желтоқсанда Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданындағы Талдыбұлақ ауылында қызметкер отбасында дүниеге келді. 1924 жылдың мамырында қазақ орта мектебінің 9 сыныбын және он айлық педагогика курсы аяқтасымен, өз еркімен сұранып майданға аттанады. Майдандағы жауынгерлік ерлігі үшін Ә.Қайдар II дәрежелі «Даңқ» (1944), I дәрежелі және II дәрежелі «Отан соғысы» (1944), екі мәрте «Қызыл Жұлдыз» (1945) ордендерімен және «1941–1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін», «Москваны қорғағаны үшін» және тағы басқа медальдармен марапатталады.

Соғыстан кейін Қазақ мемлекеттік университетін үздік бітірген Ә.Қайдар, 1951 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының аспирантурасына қабылданып, оны 1954 жылы «ұйғыр тілі» мамандығы бойынша бітіреді. Міне, осылай басталған аспиранттан академикке дейінгі, кіші ғылыми қызметкерден (1954) академиялық ғылыми-зерттеу институтының директорлығына (1978) дейінгі ғалымның ғылымдағы ғұмыры ҚР Ұлттық академиясының (қазіргі ҚР Білім және ғылым министрлігі Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының) қара шаңырағы астында өтуде.

Ғалымның жалпы түркітану ғылымына, соның ішінде, әсіресе қазақ тіл білімі мен ұйғыртану саласына қосқан нақтылы үлесі мен сіңірген еңбегі оның жариялаған 450-ге жуық ірілі-кішілі (жалпы көлемі 700 б.т. астам) зерттеулерінен, оларда көтерілген сан алуан (50-ден астам) лингвистикалық проблемалардың қажеттілігінен де, тақырыбынан да айқын көруге болады.

Академик Ә.Қайдардың жарық көрген барша зерттеулерін іштей саралап, тақырыптық топтарға жіктеп, тіл білімінде қалыптасқан құрамдық салаларға сәйкес сұрыптап қарағанда оның жалпы түркология әлеміндегі, соның ішінде қазақ және ұйғыр тіл біліміне қосқан үлесі, салған өзіндік өрнегі: 1) лексикология, 2) диалектология, 3) этнолингвистика, 4) тіл құрылысы, 5) түркітану және алтаистика, 6) ғылым тарихы, 7) тіл саясаты, 8) ғылым ретінде оқулық жазу т.б. лингвистика салаларынан және оларға тікелей қатысты сөзтану, этимология, ономастика, терминология, семасиология, фразеология, тағы басқа тараулардан, олардан туындайтын толып жатқан проблемалық тақырыптардан айқын көрінеді.

Осылардың ішінде, автордың түбір сөз проблемасына арналған «Структура односложных корней и основ в казахском языке» (Алматы, 1986) атты еңбегі – түркология әлемінде ғалымдардың назарын бірден аударған зерттеу. Аталған еңбек қазақ тіл білімінде ғана емес, сонымен қатар жалпы түркітану әлемінде өз бағасын алғаны белгілі. Бұл еңбегін ғалым түркологияда бұрыннан сөз болып жүрген үлкен екі бағдарламаның іске асуының ғылыми «беташары» деп санаған еді. Олар:

1. «Түркі тілдері бір буынды түбірлерінің корпусы» деп аталатын іргелі еңбек.

2. Соның негізінде жасалуға тиісті «Қазақ тілінің бір буынды және екі буынды этимологиялық сөздігі».

Осымен байланысты ғалымның үзбей зерттеп келе жатқан мәселелерінің бірі – түркі тілдеріне, соның ішінде қазақ тіліне қатысты этимологиялық ізденістерінің негізгі мақсатын төмендегідей сипаттауға болады: а) түркі тілдерінің өте көне дәуіріне тән ортақ түбірлерін анықтау; ә) түркі тілдерінің ішінде өзара жақын топтарға ортақ лексикалық элементтердің сыр-сипатын ашу; б) әрбір тілдің, мәселен, қазақ тілінің сөздік қорындағы жалпы түркі тілдеріне, соның ішінде қыпшақ тобына енетін тілдерге ортақ, сондай-ақ тек қазақ тілінің өзіне ғана тән бір буынды түбірлер мен туынды түбірлердің табиғатын ашу; в) қазақ тіліне әртүрлі тарихи, мәдени, саяси, географиялық себептерге байланысты араб, парсы, моңғол, қытай, орыс, тағы басқа тілдерден енген лексика-грамматикалық элементтерді анықтау, олардың дыбыстық, тұлғалық, мағыналық өзгерістерін белгілеу, лексикалық элементтердің өзара қатыстығы мен алшақтығы тілдің даму процесіне байланысты заңды құбылыс екенін дәлелдеу.

Зерттеушінің лексикологиялық ауқымды салаларының бірі – ономастикаға қатысты «Қаңлы; тарихи шежіре» (Алматы, 2003) атты көлемді монографиясы мен көптеген мақалалары қазақ ономастикасының тарихи даму жолдарын, оның бүгіні мен болашағын айқындаған күрделі зерттеулер болса, ал қазақ тілінің термин жасау принциптерін жүйелеп көрсеткен бағдарламасы мен құнды пікірлері қазақ терминологиясының өзекті ғылыми-практикалық мәселелерін анықтайды.

Ә.Қайдар – лексикография саласында өнімді еңбек етіп келе жатқан ғалым. Бұл салада оның: «Ұйғыр-орысша лингвистикалық қос сөздік», «Қазақша-орысша бір буынды түбірлер сөздігі» (1986), «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі» (авт. бірі) (1966), жасалып жатқан 4 томдық «Қазақтар: ана тілі әлемінде» атты этнолингвистикалық сөздігі және жақында жарық көрген «Тысяча метких и образных выражений: казахско-русский фразеологический словарь с этнолингвистическими пояснениями» (Астана, 2003) және «Халық даналығы (қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу)» (Алматы, 2004) тағы басқа еңбектерін атап айтуға болады.

Академик Ә.Қайдар – қазақ этнолингвистикасының негізін салушы ғалым. Этностың инсандық болмысы мен дүнияуи табиғатын, оның даму заңдылықтарын тіл феномені арқылы танып білудің ғажайып мүмкіншіліктері, яғни «этностаным» мен «тілтаным» арасынан туындаған лингвистиканың жаңа да дербес саласының бағыт-бағдарын, мақсат-мүддесін айқындау, ғылыми тұжырымдамасын негіздеу – ғалымның осы саладағы соңғы кездегі зерттеулерінің негізгі арқауы.

Ә.Қайдар – алтаистика атты ғылымға түркі-моңғол тілдерінің грамматика, фонетика және базистік лексика саласындағы байланыстарына қатысты құнды зерттеулерімен ғана емес, бұл іске тіл мамандарын тартып, шәкірт тәрбиелеумен де өз үлесін қосып келе жатқан алтаист-ғалым. Алтайтану саласындағы ғалымның зерттеулері моңғол тілдерінің түркі тобындағы тілдермен тектік, тарихи жақындығы мен өзара қарым-қатынасын айқындау мәселесіне барып саяды. Ғалымның тікелей ғылыми жетекшілігімен Базылхан Бұхатұлы қазақ пен моңғол тілдерінің, Эрколь Әзербайев қазақ және басқа да түркі тілдерінің жапон, тұңғыс-манжур тілдерімен, Чу Мин Хо қазақ және корей тілдерінің байланысын, қарым-қатынасын арнайы зерттеді.

Қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беруге бағытталған тіл саясатының қалыптасуына академик Ә.Қайдардың тіл маманы, қоғам қайраткері, тұғыры биік азамат ретінде атсалысқаны қалың жұртшылыққа белгілі. Осы жалпыхалықтық қарекеттің басы-қасында болған академик Ә.Қайдардың Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамын құрып, оның президенті ретінде Республикада тіл саясатының қалыптасуына ықпал жасағаны

мәлім. Осымен байланысты академик Ә.Қайдардың ғылыми шығармашылығының өзекті бір саласын оның мемлекеттік тіл проблемасына, тіл заңына, тіл экологиясына байланысты көтерген көптеген көкейтесті мәселелері құрайды.

Ғалымның тіл білімінің жан-жақты дамуына қосқан үлссі, ғылыми идеяларының іске асып, жалғасуы, жаңа бағыттардың, ғылыми өрісінің көкжиегін кеңейтудегі ұлан-ғайыр еңбегінің дәлелі – ғалымның педагогтік, ұстаздық қызметі (Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің (1983), Қожа Ахмет Иассауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің (1997), Қазақ қыздар мемлекеттік педагогика институтының (2001) профессоры және ғалым-мамандар (10 ғылым докторы мен 70-ке жуық ғылым кандидаттарына жетекшілігі) даярлауы.

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, профессор Ә.Т.Қайдардың ғылыми педагогтік қызметі, ғылымды дамытудағы, ғылым кадрларын даярлаудағы еңбектері жоғары бағаланып, «Халықтар достығы» ордені, «Отан» ордені, «Құрмет нышаны» (Түркия ордені) «Ана тілінің айбары» алтын белгісімен және 12 медаль, көптеген құрмет грамоталарымен марапатталды.

*Ж.Манкеева, Қ.Ғабитханұлы.
«Түркология». №6. Қараша-желтоқсан. 2004.*

Академик Ә.Т.Қайдар зерттеулеріндегі тәжірибелік қырпымын анықтаудың когнитивтік аспектісі

Қазіргі тіл білімі жаңа бағыттарының зерттеу нәтижелері арқылы тілдік деректер мен теориялардың біртұтас сипатта жинақтаулы тілдің болмысын анықтаудың жүйелі үрдісін қалыптастыруда.

Бұл үрдістің бастауында тұрған В. фон Гумбольдт тіл мен рух, тіл мен ойлау, тілдік бейнелеу мен таңба сабақтастығына ерекше мән беріп, соның негізінде тілдің қызметі мен қолданысын сипаттайтын өзінің «ішкі форма» туралы теориясы тілді жүйелі түрде зерттеу туралы тұжырымын ұсынады. Яғни ішкі форма В. фон Гумбольдттің түсіндіруінде ойлау материясының элементтерін белгілі бір тілдің табиғатына сай ұйымдастыру тәсілі, модификациясы, яғни құрылымдық жүйесі¹³⁶. А.А.Потебня да «тілді анықтайтын негізінен, ішкі форма, яғни тілдің мазмұндық жағы» деп қарайды¹³⁷.

Ал Бодуэн де Куртенэ, керісінше, сыртқы форманы алға шығарып, бірақ оны ішкі мазмұнмен тығыз байланыстырады. Яғни тілдің бірліктері мен оларды байланыстыратын қатынастарын тілдің құрылымы

¹³⁶ Гумбольд В. фон. Избранные труды по языкознанию. М.: Прогресс, 1984. С. 103.

¹³⁷ Потебня А.А. Из записок по русской грамматике. Т. 1. М.: Учпедгиз, 1958. С. 47.

түрінде анықтайды және фонема, морфема, синтагма ұғымдарын ғылыми айналымға енгізеді. Бірақ ғалым тілдің иерархиялық құрылымдық қатынастарын ассоциативті-психологиялық негізде қарастыратынын атап өткіміз келеді. Бұл теорияны одан әрі жалғастырып дамытқан А.А.Потебня, И.А.Бодуэн де Куртенэ, Э.Бенвенист т.б. еңбектері тарихи өзгермелі форма арқылы ойдың дамуын көрсететін тілдің таңбалық табиғатының ерекшелігін аша түседі. Нақты айтқанда, бұл біртұтас зерттеулерде тілдің бейнелеуіштік мәніне ерекше назар аударылатын болса, ал Ф. де Соссюр, Л.Ельмслевтің еңбектерінде тілдің құрылымдық қатынастары, байланыстары бағыныңқы т.б. негізге алынады. Бодуэн де Куртенэ пікірі бойынша, тілдің толық жүйелі болмысын оның синтаксистік, морфологиялық және түбірдің фонологиялық деңгейлеріндегі құрылымдық элементтер мен модельдердің байланысы, қарым-қатынастары құрайды¹³⁸. Демек, бұл арадағы тіл табиғатының тұтастық сипатына мән беру тіл мен ойлаудың мәселесіне келіп тіреледі. Осымен байланысты, генеративтік лингвистиканың көрнекті өкілі, американдық ғалым Н.Хомский: «тілдің құрылымын зерттеу адамның ойлау қызметі негізінде тілді еркін және творчестволық түрде қолдану арқылы көрінетін ақыл-ойға тән қасиеттерді ашуға көмектеседі» деп санайды¹³⁹.

Осымен байланысты атап көрсетіп кететін жағдай: тілді зерттеудің когнитивтік парадигмасы тіл мен ойлаудың арасына теңдік қоймайды. Қайта керісінше тілдің ойды ұйымдастырушылық қызметін атап көрсетеді. Осы байланыс – тілдің таңбалық жүйесі арқылы терең құрылымдарда грамматикалық байланыстар, категориялар және модельдер түрінде тұтас тілдік құрылым түзеді.

Тіл білімінде көпке дейін грамматикалық формалардың категориялық мағыналарының эмбебаптығы туралы мәселе дау туғызбай, лексиканың идиоэтикалық сипаты атап көрсетілетін. Ол халықтардың ат қоюда, ия таңбаны таңдауда тұрмыс-салтының, әдет-ғұрпының, көзқарастарының, дүниетанымының әсерінен түсіндірілетін. Бірақ тілдің болмысын анықтаудың когнитивтік парадигмасында тілдің мазмұндық жағы грамматикалық құрылыммен тікелей байланыстырылады. Осы тұрғыдан түсіндірілетін ғаламның тілдік бейнесі мифтік танымнан поэтикалық ойға дейін жетілген ой мазмұнын, тілдік модельдердің сандық және сапалық қатынастарын бойына сіңіретін даму үстіндегі жүйе.

Қазіргі тіл біліміндегі тілді сол тілде сөйлеуші халықтың ой-санасымен, санасындағы терең тілдік құрылымдармен тығыз байланыста қарайтын антропоцентристік және когнитивтік парадигманы жоғарыда

¹³⁸ Бодуэн де Куртенэ И.А. Избранные труды по общему языкознанию. М., 1969. С. 65.

¹³⁹ Хомский Н. Язык и мышление. М., 1999. С. 7.

көрсетілген қысқаша шолудың мақсаты бүгінгі қазақ тіл білімінің құрылымдық лингвистикамен сабақтастығын көрсету. Атап айтқанда, тілдің құрылымын ұстап тұрған негізгі арқау – түбір құрылымын анықтауға арналған акад. Ә.Т.Қайдардың «Структура односложных корней-основ в казахском языке» атты іргелі зерттеуін тіл білімінің жаңа бағыттары тұрғысынан зерделеу. Ә.Қайдардың ерекшелігі – тіл құбылыстарына бір жақты, бір қырынан емес, жан-жақты қарауы – әмбебап (универсалды) көзқарасы. Міне, Ә.Қайдар осындай біртұтастық сипаттағы зерттеушілік болмысына сәйкес бірыңғай тақырыппен ғана шектеліп қала алмайды. Сондықтан ғалымның тіл тағдырына, оның қоғамдағы әлеуметтік қызметімен, күн тәртібінде тұрған өзекті мәселелеріне, яғни тіл саясатына белсене араласуы оның тілді зерттеушілік қызметімен сабақтас заңды құбылыс.

Дегенмен тіл табиғатын біртұтас құрылымда, әрі «індете» зерттеуші ғалымның зерттеу арқауының өзегі – түбір мәселесі. «Сөзтану», «түбіртану» – ғалымның өз ұсынысы бойынша шартты түрде алынып отырған термин (атау). Оның мәні – сөз табиғатын, сөздің сан алуан сиқырлы сырын, «тәні мен жанын», нәзік жаратылысын, құдіретті күшін, мәңгі-бақи құбылып өзгеруін, жасаған сайын жаңғырып, жаңалануын, дыбыстан туып, толассыз туындап өсетін т.б. осы сияқты сөз қасиеттерін танып-білу. Сөзтану проблемасы жоғарыда көрсетілген тараулардың бәріне де қатысы бар, бірақ бір де біреуінің шеңберіне сыймайтын, алайда жалпы сөз ұғымын дәріптеуші (актуализациялаушы) лексикологияның «ноқталы» бағытына (приоритеті), сан қырлы, сыры мол (многовекторное) бір өрісіне жататын сала.

Тіл-тілде не көп – сөз көп, сөздің түрі көп: бір дыбыстан да, он дыбыстан да тұратын, бір мағынаны да, көп мағынаны да білдіретін, көне де, жаңа да, бір текті де, әр текті де, қосарлы да, қайталама да, біріккен де, кіріккен де, мән-мағынасы айқын да, күңгірт те, «өлі» де, «тірі» де – бәрі-бәрі тілде бар.

Ғалым зерттеулерінде жиі сөз болып келе жатқан: «бір буынды түбірлер» («моносиллабы»), «синкретизмдер», «бір текті түбірлер» («гомогенные омонимы»), плеоназмдар, «бір түбірлес сөздер», «түр-түсті білдіретін сөздер», «саяхатшы сөздер», «қос сөздер», «өлі түбір», «тірі түбір», «еліктеуіш сөздер», «сырлы сөздер», «киелі сөздер» («культурные слова») т.б. атаулардың бәрі де осы сөзтану проблемасына қатысты. Олардың кейбіреулері жеке мақала көлемінде ғана сөз болса, енді біреулері (синкретизм, плеоназм, бір текті омонимдер, имитативтер т.б.) туралы бірнеше мақала жарияланып, дами келе олар ғалымның шығармашылығында елеулі орын алады. «Түбір сөз проблемасына» ар-

налған «Структура односложных корней и основ в казахском языке» (Алма-Ата, 1986, 328 б.; жауапты редакторы – проф. Н.А.Баскаков) атты еңбек солардың бірі. Онда автор осы проблеманың қыр-сырын кең түрде сөз етеді. Автордың өзі «үкілі кітабым» деп атаған бұл еңбек түркология әлеміне тез тарап, бірден ғалымдардың назарын өзіне аударған болатын (түрколог ғалымдардың бірер пікірі осы кітаптың II және III тарауларында келтіріледі). Өйткені қанша зерттелсе де, түркі түбірінің жалпы табиғаты (оның тілдік статусы, оған берілетін анықтама – дефинициясы, құрамы, даму эволюциясы т.б. ерекшеліктері) туралы пікір тиянақтала қоймағандығы белгілі. Сондықтан да болар, бір буынды түбірге бай қазақ тілінің фактілері негізінде (басқа түркі тілдерімен салыстыра отыра) Ә.Қайдар бұл еңбегінде түбір туралы өз тұжырымын ұсынып: «Тюркский корень есть наидревнейшая и историческая реальная единица языка, сохраняющая свою суть несмотря на постоянные фоно-морфо-семантические изменения, происходящие в процессе агглютинативного развития строя тюркских языков. Он может структурно совпадать с первообразным словом, если оно не превышает одного слога. Во всех остальных случаях тюркский корень выступает как производная единица языка, где корень отражает в себе состояние статики, а слова – динамики»¹⁴⁰ – деп жазды.

Осы анықтама тұрғысынан автор қазақ тілі фактілеріне сүйене отырып, жалпы түркі түбірі проблемасына қатысты көптеген ғылыми мәні зор мәселелерді қарастырады, олар туралы өз пікір-тұжырымдарын ортаға салады. Соның ішінде «бір буынды түбірлердің үш өлшемді (фоно-морфо-семантикалық) тұлғасында мағына өлшемі де аса маңызды фактор екендігіне байланысты автор мағына эволюциясын үш (өткен, қазіргі, келешек) уақытқа бірдей қатысты динамикалық процесс» деп бағалауының мәні ерекше.

Осы тектес тұжырымдары тілді анықтаудың біртұтастық сипаты – оның тілдік көрінісі түбірдің құрылымын зерттеудің жүйелі сипаты, зерттеудің барысындағы когнитивтік тетіктердің де ескерілгенін дәлелдейді.

Ж.А.Манкеева.

*«Ә.Т.Қайдар және қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері»
академик Ә.Т.Қайдардың 80 жылдығына арналған халықаралық
ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*

Алматы. 2004.

¹⁴⁰ *Қайдаров А.Т.* Структура односложных корней-основ в казахском языке. Алма-Ата, 1986. С. 25.

Ғылымғағы ақмыр аудараты

Өткен ХХ ғасырды академик Әбдуәли Қайдар 75 жасқа толғанда шығарып салған. Одан бері міне, ХХІ ғасырдың біраз жылы өте шықты. Ақырын жүріп, анық басқан ғалым аға құдайға шүкір, аман-есен сексенін қарсы алып отыр.

Тәңірдің пендесіне берген сыйы – өмірі, күнделікті тіршілігі, басының амандығы мен айналасының тыныштығы. Жасыңыз ұлғайған болса, жастан да, жасамыстан да қалмай, бүгінгі заманның ырысы болған күнделікті жұмысыңызға барып, кешке шаршап үйге қайту да бір бақыт.

Әбекен, Әбдуәли аға бір сөзінде айтып еді: таңертең тоғыздан кейін жақсы жұмыс киімімді киіп, кетіп бара жатқанда аулада таңғы ауамен спорттық киімімен қыдырып жүрген өзім қатарлы зейнеткерлер қайда бара жатырсың, – деп сұрайды. Мен жұмысқа бара жатырмын деймін. Олар: сен әлі жұмысқа барып жүрсің бе, не деген бақыт деп, таңданып қалады. Құдайға шүкір, осы ғылымдағы ғұмырымның маған берген бір сыйы жасым сексенге келіп қалса да шығармашылық жұмыстан қол үзбей, ойға алған, жоспарлаған ғылыми дүниелерімді жазып жатырмын. Кезінде әкімшілік және қоғамдық істермен уақытым кетті. Енді біразы ой сөресінде жатып қалған, ғылымға қажетті, бітпей жатқан кітаптарды аяқтауым керек деген-ді.

Сонда академиктің шаршаңқы жүзіне қарап, мен іштей, құдай-ау, атақ-даңқы алысқа кетіп, ел-жұрты мойындаған үлкен ғалым, шыққан кітаптары анау, денсаулықтан басқа енді не керек деп, ойланып қалғанмын. Және сол 70 жасқа толғаннан кейін айтқан тағы бір сөзі – енді 25 кітабым жарық көруі тиіс дегені. Мәселе, кітаптың санында емес, ұлт қажетін өтейтін, келер ұрпағына табыстап кетер, әрі басқа ғалымдар еншілей қоймаған қазақ сөзінің асыл жауһарларын өз ғылымына арқау еткенін көңілге тоқ пейілмен құптап, ойлаған ісі оңымен болса екен деп тілектес болдым.

80 жасқа толған академик Әбдуәли Қайдардың өмірден көрген өнегесі көп және кімге болса да тағлым аларлық. Жай ғана үлгі алу, еліктеу ғана емес, саналы өмірінің әр күнін тек ғылымға бағыштаған жанның сан қатпарлы жан дүниесінің құпиясына да үңіле алсаңыз, онда жанкешті еңбекқор адам екен деп білесіз. Жанкешті деген сөз өз жанын аямау деген ғой. Әйтпесе шау тартқан шағында жан тыныштығын ойламай тағы 25 кітап шығарам дер ме.

Еңбекқор, ізденгіш қасиет ғылым жолында жүрген жандардың бәрінен табыла береді десек қателесеміз. Өйткені бірі ғылымды күйкі тіршілікпен араластырып жібереді: беттерін жазып, сызады, өшіреді, қайта жазады, ғылымға пайдасыз Сизиф еңбегінің жетегіне түседі. Енді бірі өмір бойы

оқып тоқығанын тек жеке басының игілігіне қызмет еткізеді. Ал ғылыми атақты қорғап алдық деп тоқмейілсіп, мен ғалыммын деп кеуде қағып, қоғамның да, органың да тынышын кетіретіндер ше?..

Солардың ішінде нағыз ғалымдар ғана еш алаңсыз сүйген ісіне беріліп, күндіз-түні ой жетегінде тек ғылыммен айналысады. Отбасылық жағдайға да көңіл бөлмей, пенделік қарекеттерден де аулақ, өзін әйтеуір, бір жанкешті жұмыстың жетегіне байлап қояды. Әбекең – Әбдуәли аға қазақ тіл білімінің бағына туған осындай ғалым.

Тіл білімі ғылымы басқалардай емес, нәтижесін ұзақ күттіреді. Бір ұлттың өмірі мен тағдырын ұстап тұрған нәрсе – тіл мәселесі. Мұның қаншалықты өзгермейтін және дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома екендігін еліміз егемендік алғаннан бергі уақытта, әсіресе, қазақ жұрты жақсы біледі. Бір тіл – бір ұлт деген қағиданың кейде бұзылып, ұлттың өміршеңдігіне қауіп төндіретін кездері де болады.

90-жылдары «Қазақ тілі» қоғамы құрылып, тіліміз мемлекеттік мәртебе алғанда бөркін аспанға атып қуанбаған қазақ қалған жоқ. Сол ұлы өзгерістер кезеңінде академик Әбдуәли Туғанбайұлы Қайдар қазақ тілі тағдырының көшін бастаған ұлт қаһарманы болды десек артық айтпағандығымыз. Тіл туралы заң жобасын талқылау жер-жерде қым-қиғаш айтыс-тартыспен жүріп жатты. Солардың басы-қасында қостілділіктің керегі жоқ, бір ғана мемлекеттік тіл болу керектігін талмай дәлелдеп, қазақ зиялылары мен қалың жұртшылықтың құрметіне ие болды. Мұны да көңілге бір түйдік. Ол кезде ағамыз осы күнгі А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры қызметінде еді. Қазақ тіліне осыншалықты оң қабақты Үкіметі бар, басқасы бар, бүкіл жұрт білдіріп жатқанда, әрине, оның басы-қасында нағыз тіл жанашыры Әбекеңдей азаматтың бой көрсетуі заңдылық.

Бірақ нені бастасақ та нәтижесін бірден күтетін қазақ емеспіз бе, қазақ тілі мемлекеттік тіл болды, бітті енді бәрі – қазақша деп тұра жүгірдік. Алқынып барып тоқтасақ, ештеңе өзгермеген, бәрі бәз баяғы қалпында сияқты. Жер-жерде «Қазақ тілі» қоғамы құрылды, бәрі бір қазақ тілінің бағы жанбады. Сондағы қоғамдық пікір нені айтты дейсіз ғой. Академик не істеп жүр? Міне, тілге қатысты нәтиженің ұзақ күттіретін себебін және оның ұлттық санаға қатысы мен тіл білуді Үкімет қажеттілікке айналдыруға тиісті екендігіне пәлендей назар аудармаған көпшілік «Қазақ тілі» қоғамы мен оның басшыларын кінәлай бастады. Ал академик осының бәрін байыппен салмақтап, жылдар бойы сабырлыққа шақырып, күні бүгінге дейін ана тілінің абыройы үшін қызмет етіп келеді. Мұны ол азаматтық парызым дейді. Әбіш Кекілбайұлы кезінде Әбдуәли ағаны бүгінгі күннің Байтұрсыновы деп бекер бағалаған жоқ.

Академик Ә.Қайдар күнделікті уақытын қатты қадағалайды. Әр сағатын текке өткізгісі келмейді. Әлгіндегідей қоғамдық жұмыстар қаншама уақытын алатындығына да қынжылады. «Ғалым үшін уақыт – ғылымның өлшемі» – дейді бір сөзінде. Ғылыми мансапты ғылыммен қатар алып жүру кез келгеннің қолынан келе бермейтінін жас ғалымдарға ескертіп отырады. Ол ғылымдағы жарты ғасырының 40 жылдан астамын ғылыми зерттеу жұмысымен қатар ғылыми ұйымдастыру жұмысына арнап, Ұлттық ғылым академиясының қаншама жұмысын атқарды. Уақыт жағынан ұтылдым-ау деген ғалым ренішінің өтеуі жоғары. 70 жасқа дейін 400-ге тарта жалпы көлемі 500 баспа табақтай еңбек жазған, академик соңғы 10 жылда өзі жоспарлаған 25 кітаптың тең жарымын том-том 12 кітап етіп баспадан шығарды. Олардың ішінде орта мектеп пен ЖОО-ға арналған 3 оқулығы да бар.

Академик Ә.Қайдардың соңғы жылдары жарық көрген кітаптарының ғылыми мазмұны мен танымдық деңгейі терең, қажет-ау деген қазақтың отбасында тұруға лайық рухани дүниелер. Солардың бірі «Бір мың әсерлі де бейнелі оралым» деп аталатын қазақша-орысша фразеологиялық сөздігі қазақи менталитет пен салт-дәстүр бейнеленген тұрақты тіркестердің жасалу табиғатын түсіндіреді. Ал «Халық даналығы» деген қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі көркем сөз өнерінің құдіретін қазақ ұлтының даналығы ретінде сипаттайды. «Қаңлы» атты тарихи зерттеуі қазір оқырмандардың қолында жүр. Бұл еңбекте бүкіл қаңлы этносының шығу тарихы сөз етіледі.

Кейде көңілде жүрген көп ойдың салмағы бір бастың тауқыметінен шығып, елдің көкейіндегісін айтады. Бұған Әбекеннің «Тіл майданы» деген кітабын оқысаңыз көзіңіз анық жетеді. Бұлармен қоса, автордың күнделікті баспасөзде жарияланып жатқан мақалалары қаншама.

Әбекеннің жазған ғылыми еңбектерімен қатар, қалың оқырман қауымға арналған «Ғылымдағы ғұмыр» деген кітабы тағлым аларлық дүние. Біз кейде ақыл мен нақылды өткен ғасырлардағы даналар мен ғұламалардан іздейміз. Ал дәл бүгінгі өмір салтымызға бағдаршам боларлық нағыз ғажап ойларды көзі тірі кейіпкер айтыпты десек, оның несі айып? «Адам өмірдегі жақсылық пен жамандық деген екі әлемнің кейіпкері. Шынайы адамдық қасиет осы екі әлемнің ортасынан өз орнын таба білуіне байланысты. Ол оның биік рухына, ақыл-парасатына, тәлім тәрбиесі мен тектілігіне байланысты», – дейді Әбекен. Сол жақсылық әлемінен өз орнын тапқан ғалым ең алдымен өмірдегі парызыңды білу, өзінді танытудың жолы – азаматтық тұрғыдан көріне білуің деп ой таратады.

Көрген-білгенін көңіліне көп түйген дана қарт біз білетін ана парызы, әке парызы деген өтелуге тиіс қасиетті парыздар қатарына игілік парызы

(игіліктің өтемі) деген түрін қосады. Бұл – адамдар арасындағы өзара бір-біріне жасаған жақсылығын бағалай білу. Әсіресе ғылым жолын-да еткен еңбегіңнің титімдей ұшқынын жалындатып көрсетуіңіз үшін, сол ортада сіздің шығармашылығыңызға рухани қолдау көрсететін, Әбекеңнің айтуынша, қажет жерде қол үшін беретін тілектес, кәсіптес, ұжымдас, қаламдас әріптестер болады. Міне, осылардың жақсылығын айтып, нұрын тасыту – игілік парызының үлесі. Қазақта айтылатын парыз сөзінің қарыз сөзінен ерекшелігін де ұғасыз. Әркімнің өзі біліп, парызды өтеуі адамдардың адамгершілік қасиетті борышы болса, ал қарыз – қайтарылуы міндетті берешек дүние екен.

Әбекең әлемге әйгілі тілші ғалымдар Э.В.Севортян, И.А.Батманов, К.К.Юдахин, Ә.Нәжіп, т.б. өз ұстаздары алдындағы шәкірттік парызын ғылымда өзі атақты түрколог ретінде танылған еңбегімен өтесе де, кішілік көрсетіп, кісілік келбетін өзі айтқан игілік өтемін бір сәт есінен шығармайды. Жақсының жақсылығын рухани қолдауларынан көргенін өмір тағлымдарының беттерінен үлгі етіп айтып отырады. Әдетте ұстаздар жас ғалымдарды жанашырлықпен демеп, ғылыми ортаға шәкірті туралы жақсы пікір білдіріп жатады. Тіпті кейбірін құлағынан сүйрегендей етіп жүрсе, олар «айды аспанға шығарғандай» кісіміп кетеді және ұстаз қамқорлығын тез ұмытады. Өзім болдым-толдым деп масаттанып, игілік өтемі түгіл, сәлеміне зар қылатын шәкірттер бар екендігі есіңе түседі.

Тегінде ғылымдағы адалдықтың бір міндеті – ұстазыңа адал болу. Ол бүгінгі тілмен айтқанда бірдеңені бөліп беру емес, сол ұстазыңды үнемі құрметтеу, ілтипат көрсету, ұстазың туралы көп алдында көріне айту, көрсете айту. Адамдар әсіресе, ғалымдар игілік парызын осылай өтеп жүрсе, Әбекең айтқан, Әбекең көрсеткен игілік өтемі басқалар үшін ғибрат екені анық.

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының құрметті директоры Әбекеңнің кабинеті әдеттегідей адамдардан бір босамайды. Есік сыртында қабылдау күні жазылғанмен, оған ешкім қарамай-ақ, кезек күтіп кіре береді. Ғылымдағы ұстаздың қарапайымдылығы да үлгі. Ойланып-толғанып жазу жазып отырған адам басын көтеріп, сіздің шаруаңызға араласып кетеді. Бұл академиктің алдына жүрексініп барған шәкіртке үлкен мәртебе. Шәкірт қадамына тілекші, қамқоршы ұстаз Әбекеңдей-ақ болар.

Әбекең қазір өзі жоспарлаған кітаптарын жазып бітіріп, біразын баспаға әзірлеп жатыр. Ол кісінің «Имитатив теориясы» деген кітабы шыққанда қазақ тіл білімінде бір сенсация болар деген үмітін, Құдай қолдасын демекпіз. Өйткені ол оның көптен бері көз майын тауысып зерттеп жүрген үкілі еңбегі деуге лайық дүние.

Академик Әбдуәли Туғанбайұлы туралы әр жылдары мерейтойына қатысты көп жазылып келеді. Бірақ бәрінде оның ғылымдағы орны

мен адамдық қасиеті түгел қамтылмауы мүмкін. Біздің бұл шәкірттік лебізіміз ұстаздың соңғы он жылдағы тынымсыз еңбегін айту және бұрынғы жазылғандарды аз да болса толықтыру ниеті демекпіз.

Г. Смағұлова.

«Егемен Қазақстан». 16 қараша. 2004.

Тамыры терең шежіре

Адам табиғатпен біртұтас, үндес жаратылыс болса, оның тілі – адамзат жаратылысының басты қасиеті һәм ерекшелігі. Сондықтан адамзат тілінің табиғатын, тілдің қағидалары мен заңдылықтарын зерттеу бүкіл адамзат болмысын зерттеп-танумен парапар. Адамзат болмысы әр халықтың, ұлттың тарихымен тығыз байланысты. Сондықтан халықтың басынан өткен тарихи кезеңдері, ділі мен діні, өмірі мен өнері тілінде көрініс тауып жатады. Отан мен отбасы, елдік пен ерлік, ырыс пен ынтымақ, береке мен бірлік, білім мен тәрбие тәрізді ұлттық құндылықтар сөзбен өріліп, тіл арқылы ұрпақтан ұрпаққа мирас болып қалады.

Әрбір ұлттың өзіндік биік мұраты, әр тілдің өзіне тән қадір-қасиеті бар. «Тіл – халықтың автопортреті. Әр тіл – өз орнында ұлы. Әр тіл – бүкіл адамзат қазынасының ортақ палитрасындағы өз орнымен қымбат», – дейді Шыңғыс Айтматов. Қазақ халқы мен қазақ тілінің тағдыры – бірге өрбіп, бірге дамыған, тұтасып жатқан бір әлем. Қазақтың тіл әлемі тұнып тұрған философиялық ойдан, құнды сөзден тұрады. Құнды сөз құнарлы ойдан туады, ой неғұрлым терең болса, сөз мазмұны соншалықты көрікті, сөз соншалықты әсерлі болады. Тілдің құдіреті – сөздің құдіреттілігінде, сөздің құдіреті оның мәнінде, мағынасында.

Белгілі бір халықтың тілін зерттеу дегеніміз – тіл иесінің қоғамдық-әлеуметтік өмірін, тіршілігінің көзін, рухани мәдениетін, салт-дәстүр, әдет-ғұрпын танып-білу; ұлттық психологияның, ұлттық дүниетанымның қыры мен сыр-сыпағын зерделеу деген сөз. Демек, тілді зерттеу деген – өз ұлтыңның табиғатын тану, сол арқылы ұлттық мәдениеттің өсуіне үлес қосу.

Қазақ тілін түбегейлі, терең зерттеу арқылы ұлттың болмысын танытқан, ана тілінің қоғамдағы орнын анықтап, мемлекеттік тілдің мәртебесін жоғары деңгейге көтерген, аса көрнекті ғалым – ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР еңбек сіңірген ғылым қайраткері Әбдуәли Туғанбайұлы Қайдар.

Ғасырлар тоғысында тұтас бір дәуірдің рухани жүгін арқалаған ғалымның бүкіл саналы ғұмыры Қазақ тілінің – Қазақ сөзінің құдіреті мен қасиетіне арналады.

Әбдуәли Қайдар тіл тарихын халық тарихымен тығыз байланыста зерттеу арқылы қазақ этносының даму тарихын, сөз байлығының шығу арнасы мен түпкі көзін ғылыми-теориялық негізде дәлелдеп, халық игілігіне айналдырды. Сөз – ғасырдың жемісі. Демек әр сөздің түп-төркінінде халықтың тарихы, ұлттың өмір сүру салты, ой-қиялы жатады. Тілші «Бір буынды түбірлер мен негіздер – қазақ тілінің, сондай-ақ барлық түркі тілдерінің байырғы сөздік қорының ұйытқысы, негізгі өзегі» деген пікірді ұсына отырып, халықтық, ұлттық тілдердің шығу көзін құрайтын түбір сөздер дербес лексикалық бірліктер болып табылатындығына басты назар аударады. Алғашқы түбіртектің құрамы мен құрылысын айқындау арқылы ғалым түркі тілдерінің тамырын, тілдік қарым-қатынасқа ұйытқы болатын сөздің түп-төркінін ғылыми негізде талдайды. Ғалым зерттеген сөздің төркіні, түп-тамыры, құрамы мен құрылысы, мәні мен мазмұны, жаратылысы мен дамуы, өзгеруі мен жаңаруы сияқты мәселелердің барлығы, айналып келгенде, сөзтаным ілімін ғана емес, адамзаттың тілтанымға қатысты білімін тереңдетеді. Түптеп келгенде, бұл – тек тілші-лингвистер үшін ғана пайдалы ілім емес, өз тарихын, тегін, тілін, халқын, ұлтын танып-білуде ұрпақ үшін аса қажет білім.

Ә.Қайдар тіл білімінің түбіртану, диалектология, лексикография, тіл құрылысы, түркология және алтаистика, этнолингвистика, тіл саясаты, этимология, ономастика, терминология, семасиология, фразеология сияқты салаларына қалам тартып, тілдің түрлі заңдылықтарын ғылыми түрде терең түсіндіре келіп, тіл теориясын жаңа қағидалармен, тың тұжырымдармен байытады. Ғалым болмысының әмбебаптық һәм даралық ерекшелігі – зерттеулерінің ауқымдылығынан, ғылыми идеясының кең тыныстылығынан, ой-тұжырымдарының ғылыми дәйектілігінен көрінеді.

Ғалым зерттеген келелі проблемалар, ұсынған ғылыми ой-тұжырымдар, ұстанған ғылыми принциптер тіл білімінің кең өрістеуіне игі ықпал етіп отыр. Академик Ә.Қайдар бүгінде күллі түркі әлемі мақтан тұтатын бірнеше лингвистикалық мектепті қалыптастырды. Біріншісі – «сөз тануға», «түбір тануға» қатысты приоритетті бағыттағы мектеп (синкретизм, плеоназм, имитативтер, моносиллабтар, гомогенді омонимдер, қос сөздер, киелі сөздер т.б.); екіншісі – «этностаным» мен «тілтаным» тоғысынан туындайтын этнолингвистикалық бағыттағы мектеп; үшіншісі – қазақ және басқа да түркі тілдерімен моңғол, корей, жапон тілдерінің қарым-қатынасын зерделеуге, «алтай теориясын» тектеуге, тексеруге бағытталған Қазақстандық алтаистикалық мектеп.

Ә.Қайдар тіл арқылы этнос тарихын, этнос болмысын зерттейтін қазақ тіл біліміндегі жаңа ғылыми бағыт – этнолингвистиканың негізін қалады.

Қазақ этнолингвистикасы – бүгінде жаңа ғылыми бағыттан жеке ғылым саласына айналған дербес пән. Тәуелсіз Қазақстанның туын биік ұстар ұлтжанды ұрпақ, білікті маман тәрбиелеу – Қазақстан Республикасының жалпы білім берудің мемлекеттік бағдарламасында алға қойылған басты мақсат. Осы мақсатқа сай «Этнолингвистика» пәні еліміздің жоғары оқу орындарының филология факультеттерінде оқытылып келеді. Пәннің оқу-әдістемелік кешенін, типтік-оқу бағдарламасын жасауда ғалымның тікелей бағыттауымен қазақ тілінің табиғаты мен ерекшелігіне сәйкес жазылған ғылыми зерттеулер басшылыққа алынып отыр.

Ғалымның соңғы кезде жарияланған жаңа еңбектерінің өзі осы саланың дербестік мәртебесін айғақтай түседі. «Бір мың әсерлі де бейнелі оралым» (2003), «Халық даналығы» (2004) сияқты еңбектерінде Ә.Қайдар тіл арқылы ұлттық ділдің (менталитет) өзгеде жоқ қайталанбас тұрпатын зерттеу-сөздік түрінде, мол иллюстративті материал негізінде ашып көрсетті.

Бейнелі де тұрақты оралымдардың тілдік-поэтикалық және танымдық табиғатын этнолингвистикалық тұрғыдан әрі сөздік, әрі зерттеу түрінде талдау – тіл ғылымында бұрын-соңды кездеспеген, тың ғылыми амал-тәсіл. «Халық даналығы» – бұрындары фразеологияның шеңберінде қарастырылып келген мақал-мәтелдерді жаңа сала паремеологияның нақты зерттеу объектісі ретінде айқындаған, паремеологиялық зерттеулердің бір қырын, атап айтқанда, этнолингвистикалық аспектісін көрсеткен, бағдарламалық сипаттағы іргелі еңбек.

Тілші-ғалымның: «Этностың балаң кезінен ересек тартып, ұлт болып қалыптасқанға дейінгі инсандық болмысын, тарихи көшін, дүнияуи табиғатын басқа емес, тек тіл феномені арқылы танып-білуге болады», – деген ғылыми идеясын «Қаңлы: тарихи шежіре» (2004) атты зерттеуі түбегейлі дәлелдеп берді.

Ә.Қайдардың қаламынан туған қаңлы тайпасының тұңғыш этникалық баяны «Қаңлы: тарихи шежіре» – қаңлы тайпасына қатысты тілдік, тарихи, әлеуметтік, рухани, мәдени деректерді жан-жақты қамтыған, оларды ғылыми түрде жүйелеп, дәйекті пікір-тұжырыммен бекіткен, қазақ халқының ұлт болып қалыптасуында айрықша орны бар ерте дәуірдегі тайпалар мен мемлекеттердің тарихын, сипатын тануға септігі тиетін шынайы энциклопедия. Еңбекте қарастырылған «қаңлы» этнонимінің шығу төркіні, Қаңлы мемлекеті, қаңлы мен қазақ ру-тайпалары, қаңлы мен түркі халықтары, қаңлы мен басқа халықтар арасындағы байланыстар, қаңлы этносының рухани мәдениеті, қонысы, тараған өрісі т.б. мәселелер қазақ ұлтын, күллі түркі әлемін, сондай-ақ көшпелілер өркениетінің өткенін зерделеуге мол деректер береді, бай тарихымызды тануға, талдауға жетелейді. Еліміздің зиялы қауымы, тілші, тарихшы,

этнограф, мәдениеттанушы ғалым-мамандары, оқырман жұртшылық сүйсіне қабылдаған бұл зерттеу – қазақтың рухани құндылықтарының алтын қорына қосылған қомақты үлес, ХХ ғасырдың төл мәдени жазба мұрасы.

Ә.Қайдардың өнегелі өмір жайлы сыр шертетін «Ғұмырнама» естелік-эссесі, «ұстаз» бен «шәкірт» туралы толғаныстары топтастырылған «Ғылымдағы ғұмыр» (2000) атты еңбегінің педагогика ғылымында жаңадан өріс алып келе жатқан этно-психо-педагогикалық бағыттағы зерттеулер үшін маңызы зор. Еңбек ұлттық сананы қалыптастырудағы тілдің және ұлттық тәрбиенің рөліне қатысты этно-психо-педагогиканың келелі мәселелеріне тиянақты жауап береді.

Ғалым сөздің тегін, тілдің тарихын тереңдете зерттеу арқылы адамзаттың тарихын, түркі әлемінің, қазақ елінің басынан өткерген этностық, ұлыстық, ұлттық қалыптасу, даму жолдарын танып – білуге мүмкіндік жасайды. Бұл – адамзат құндылығы ретінде тілді құрметтеу ғана емес, адамға қажетті құндылықтарды сақтау, бағалау, келешек ұрпаққа ғылым тілімен жеткізу, аманат етіп тапсыру.

Ғалымның тіл мен ұлт тарихына, этнос болмысына, тілдің түп-төркіні мен сөз этимологиясына арналған зерттеулерін, лингвистикалық этюдтерін тіл әлеміндегі сөздің шежіресі, қазақ тілінің шежіресі деуге болады.

Оразбаева Ф.Ш.

*«Ә.Т.Қайдар және қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері»
академик Ә.Т.Қайдардың 80 жылдығына арналған халықаралық
ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.
Алматы. 2004.*

Тіп тамыршысы

Белгілі түркітанушы, қазақ және ұйғыр тіл ғылымының аса білгір маманы, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, отандық тіл білімінің өркендеуі, мен дамуының аса көрнекті ұйымдастырушысы Ә.Қайдардың саналы ғұмырына көз жіберсек тарих бетімен адам әлемінің үлкен әмбебаптық суреті шығады. Онда бір ғасыр шындығы, бір ғұмырдың бірнеше ұрпақ жүріп өткен өткелдерінің «соқтықпалы, соқпақсыз» бұралаң жолы, адам өмірінің алмас қылыш жүзіндей сын сағаттары, адами пейілдің көңілі де, көзі де қанбас бақытты сәттерді де, жер бетіндегі пендеге бұйыра бермес, біреуге «созса қолы жетпес» ғажайып сәттіліктерді басынан өткізген жанның мұрат-тілекке толы күндерінің бәрін де көруге болады. Осының бәрі бүгінде 80 жастың төріне шыққан Ә.Қайдар есімімен, оның ғылымдағы, өмірдегі өмір жолымен тікелей байланысты.

Ә.Қайдар өз арманының үміт отын үрлеп жаға білген жан, ұмтылсам қолым жетер-ау деп заңғар биікке талпыну, әр жас адамның өршіл, биік мұраты емес пе?! Сол мұрат-тілегіне өзін алға сүйреп жастық шақтың арман құсымен бейбіт өмірді оқумен жалғастырды. Қазақтың ұлттық университетінің филология факультетіне оқуға түседі. Ол 1951 жылы Ұлттық ғылым академиясының аспирантурасына қосымша қабылданады. Аспирантураға түскенде Академия президенті академик Қ.Сәтбаев аспирантураға түскен бір топ жастармен кездесу өткізеді. Ол кісі түрколог С.Е.Маловты ғылым жолына жаңа түскен Ә.Қайдардың жетекшісі етіп тағайындап береді, алғаш ғылым жолын бастағанда рухани жетекшісі С.Е.Малов, екіншісі ресми жетекші – профессор К.К.Юдахин болып тағайындалады. Қос жетекшісі қос қанатына күш бергендей Ә.Қайдардың ғылымдағы өмір жолы көк аспанында еркін самғаған құс жолындай табысты да құрметті болды.

Ә.Қайдардың ғылымға ден қойып, оған қызығушылығы артуы Шоқан Уәлиханов есімімен тікелей байланысты. Хан тұқымынан шыққан қазақ халқының біртуар перзенті Ш.Уәлиханов пен қарапайым отбасынан шыққан Ә.Қайдардың ғылым-білім тереңіне бойлауының арасында бір ерекше заңдылық үрдісі бар іспеттес. Бұл да адамдардың ақыл-ойының, күш-жігерінің ортақ екенін көрсетсе, бір жағынан хан да бол, қара да бол, бәрібір ортақ, бір тектілік ұрпағынан тарағанын көрсетеді. Ол кейін ғылым саласындағы еңбектері үшін Ш.Уәлиханов атындағы еңбектің иегері болды.

Қырғыз КСР Ғылым академиясының академигі, профессор К.К.Юдахиннің жетекшілігімен Ә.Қайдардың алғашқы ғылыми еңбегі ұйғыр тіліндегі қос сөздерді зерттеуден басталып, кейін ол «Ұйғыр диалектілері және әдеби тілдің диалектілік негізі» деген тақырыпта докторлық диссертациясын қорғайды. Ғылыми жұмыс тақырыбының сонылығы оның түркітану ғылымына терең бойлауына ықпал етті, әрі ғалымның байқампаздық, білімдарлық қасиеттері ғылымға қызығушылық әрекетімен бірге бір арнада тоғысты. Қазақ, ұйғыр тілдері – түркі тілдерінің негізгі арналары болып табылатын қыпшақ-қарпық, оғыз тобын құрайды. Осы тіл арналарын зерттеу оны түркі тілдер тобына жататын тілдердің табиғатын, құрылым-құрамын (грамматикасын, этимологиясын) мағынасын, шығу тегін, семантикасын, жасалу жолдары мен өзгеру сипатын, өзіне тән заңдылықтарға ие болу сипатын таныту, зерттеу нысанына іліктіреді. Оның ғылыми еңбектері тіл ғылымының көп аспектілі әр саласын жан-жақты қамтыды. Ғылыми еңбектерін негізінен үш салаға бөлуге болады: біріншіден, туған тілге қатысты; екіншіден, ұйғыр тіліне қатысты; үшіншіден, түркі тілдеріне қатысты.

Сөз сыры деген күрделі нәрсе, ол тіл ғылымының әр саласында түрлі грамматикалық, лексика-семантикалы синтаксистік жүйемен түрленіп

тұрады. Ал осының о бастағы дыбыстан туындап құралып тұратын құпиясын ашу міндеті, табиғатын тану өте күрделі біліктілікті танытатын сала. Сөздің сан алуан құбылмалы, өзгермелі құбылысын жете зерделеу тіпті бір тілде жоқ, екінші тілде кездесетін «сенің тілің емес, менің тілім» дегізетін халықтың ұлттық сипатын танытатын тілінің (бұл жерде түркі тілдеріне қатысты айтылып отыр) танып-білуге үлкен ғылыми біліктілікті танытады. Өз мектебін қалдырып артына шәкірт ерту үшін жаңа ғылыми сала негізін ашу үшін адамға үлкен көңіл мен өнердің, соның ішінде тіл өнерінің құпиясын түсінетін қабылдампаз сезімтал жүрек керек.

Өнер демекші, Ә.Қайдарды жас кезінде саусақпен өрнектейтін сурет өнеріне, саусақпен сиқырлы әуенге салатын мандолин өнеріне тәнті болып оны сүйіп өскен еді. Өнерді сүю – оған іңкәр көңілмен шабыт күйін тоғыстыра білу құмарлығы оны сөзтану, тілтану өнерінің түпсіз тереңіне сүңгітіп беймәлім тіл сырының құпиясын ашты. Соған өзі тәнті болды. Зерттеулері арқылы оның сырлы қасиетін табу мәртебесін иеленді.

Ол ғылымның нағыз саяхатшысы бола отырып, оның бағыт-бағдарына жол сілтер ғылымның басы-қасында бола білді. Өзінің ғылымға бағыштаған 50 жылында, оған басшылық еткен 20 жылында тілші-ғалымдарға ақыл-кеңесін бере отырып, шыңдалу мектебінен өткерді, түркітану ғылымы мойындаған қазақ тіл ғылымының алдыңғы қатардағы көшбасшылығын көрсетті. Оның айғағы – өзінің «үкілі кітабым» деп ат қойып, айдар тағып қойған еңбегі – «Структура односложных корней и основ в казахском языке». Бұл еңбегінде автор бір буынды түбірге бай қазақ тілінде (басқа түрлі тілдермен салыстыра отырып) 3 мыңнан астам бір буынды түбірлер бар екенін көрсете отырып, әрі оның генезисін жан-жақты көрсетуді мақсат етеді. Бір буынды түбірлердің үш өлшемді (фономорфо-семантикалық) тұлғасында мағына өлшемі аса маңызды фактор болғандығын, қазақ тіліндегі түбір сөздер о баста бір буынды болғанын дәлелдеді. Әрі екі-үш буынды сөздердің төркінін, олардың да бір буынды түбірлерден тарағанын әрі шеттен қабылданғандығы бар екенін, т.б. ерекшеліктерін ғылыми негізде талдайды. Жоғарыда айтылған 3 мыңнан астам бір буынды түбірлерді «өлі түбір», «мағынасы күңгірттенген», «қолданысы туынды сөз тұлғасымен шектелген»; «бір текті және әр текті», «есім және етістік» «мағынасы синкретті түбірлер» деп жіктей отырып, ішкі және сыртқы экстралингвистикалық себептерден кейінгі тұлғалық өзгерістерді де толық зерттейді. Автордың осы ғылыми тұжырымының негізі бұрыннан түркологияда қалыптасқан «түркі түбірі өзгермейтін тұрақты элемент» деген пікірге қарсы тойтарыс бере отырып, тілдің негізгі көзін табудың 30-ға жуық ұстанымдарын басшылыққа алу қағидасын ұсынады.

Академик Ә.Қайдардың бұл еңбегі өз кезінде де қазір де түркологияға қосылған зор еңбек деп бағаланып, отандық, жержүзілік белгілі ғалымдар тарапынан үлкен қолдау тапқан.

Автордың түркі тіліне, соның ішінде, қазақ тіліндегі бір буынды түбір сөздердің генезисін талдауға негізделген еңбегі тарихи лексикологияға және қазіргі лексикологияға қатысты салаларға (этимология, ономастика, семасиология, лексикография, фразеологизм, терминология) баруына тікелей ықпал еткені анық. Түбір сөздердің шығу тегін тереңдеп зерттеу лексикологияның бір тармағы – этимология зерттеу нысанына ілінді.

Ә.Қайдардың этимология саласына қатысты зерттеулері – ғылыми этимологияға қатысты белгілі ғылыми жүйелік пен әдісті басшылыққа алады. Ол тіл ғылымының фонетикалық, морфологиялық семантикалық принципі экстралингвистикалық (тарихи, мәдени фонды және этнолингвистикалық факторларға сүйеніп отырып, соны негізге алып талдайды.

Қазақ тіл ғылымында тіпті түркі тілдерінде бағыт-бағдары толық анықтала қоймаған этнолингвистика саласының негізі Ә.Қайдар есімімен тікелей байланысты. Қазақ этнолингвистикалық мақсат-міндеті, бағыт-бағдары, ғылыми бағдарламасы жасалуы, ғылыми негізі қаланып, оның көкейкесті проблемаларының қажетін өтейтін ғылыми еңбектер жазды.

Этнолингвистиканы зерттеуде Ә.Қайдар этнос өміріндегі құбылыс пен деректерді нысан ете отырып тіл қызметінің сан алуан табиғатын ашып, тілдің өте қызықты әрі танымдық та қасиетін саралап зерттеудің жаңа әдіс-тәсілін үйретті.

Ә.Қайдардың осы этнолингвистика саласындағы зерттеулері әртүрлі құбылыстарды нысан ете отырып, болашақ ұрпаққа этнос болмысын танытатын ана тілдің бай қазынасын мирас ету мұрагерлік қызметін көрсету болып табылады.

Сөз туралы ғылым – лексикология зерттеудің объектісі – сөз, не көп тілді сөз көп, оның табиғатын ашу, белгілі бір жүйеде топтастыру, оның қазіргі қоғамдық, рухани мәдениет өміріміздегі қажеттілігі әлеумет тарапына қатыстылығы, әсіресе, (қазақ тілінің әр сөзі үшін күрес жүріп жатқандағы қоғамдық-әлеуметтік қажеттілігінің көрінісі – ономастикаға тікелей байланысты. «Ұйғырлар есімі» «СССР халықтары есімдері» енген жинағы шыққаннан кейін 1972 ж. София қаласында өткен XI халықаралық ономастикалық конгресте, сондай-ақ 1984 жылы Лейпциг қаласында жасалған баяндамалары оны ономастик ғалым ретінде танытты. Бұл – ономастиканың ғылыми жағы, екінші бір саяси-әлеуметтік жағы бар. Ол – қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесіне қатысты қазақтардың аты-жөнінің ұлттық жазу үлгісін қалыптастыру мәселесі, екінші «жердің аты – тарихтың хаты» болып өткен күннің нақты шындық

белгісін танытатын жер су, географиялық атауларда қазақ елінің, жерінің суының географиялық масштабының өзгені емес өзіндікі екенін сездіруді дәлелдеуде автор көп еңбек сіңірді.

Қазақ тілінің мемлекеттік статус алғанға дейінгі яғни кешегі, бүгіні, болашағы үшін күресте ол Ахмет Байтұрсынов бастаған мемлекеттік тілдің тарихқа сапарының аманатшысы ретінде танылды. Ә.Қайдардың мемлекеттік тіл туралы ой-пікірлерін былайша саралап топтастыруға болады: тіл туралы ұлттың танымдық көзқарасын қалыптастырып, тіл туралы ұлттық сана мен ұлттық мүдде қалыптастыру керектігін, ұлттық жазу мәдениетін, жазу дәстүрлігін сақтау үшін оны тұрақтандыру қажеттілігін айтты. Мемлекеттік тіл – қазақ тілі деген қағида заң түрінде бекітіліп заң арқылы қорғау қажеттілігін айтты. Саясаттың басқа түрлері сияқты тіл саясаты болу керектігіне баса назар аударды.

1989–2004 жылдардың аралығында Әбдуәлі Қайдар мемлекеттік тіл туралы қоғамшыл азаттық ой-пікірлерін мерзімді баспасөз беттеріндегі ұсыныс, пікір-сұхбат, толғаныс-деректемелері арқылы тіл саясатының ең маңызды мәселелерін сөз етті.

Өз халқының тіл ойшылы болып тіл саясаты, мемлекеттік тіл тағдыры, тіл экологиясы, тіл заңы, тіл бағдарламасы, тіл тұжырымдамасы туралы талай айтып та, жазып та жүр. Қазақ тілі қоғамында атқарған қызметі, жалпы қазақ халқының ана тілге, туған тілге, мемлекеттік тілге қатысты деректемелік ой-толғаныстары оны өз халқының тіл ойшылы екендігін тағы дәлелдей түседі.

Ә.Қайдардың бойындағы сезімтал қасиеттердің молдығы көкжиектегі сағымдай алыс әрі терең. Ол жеті киелі санының дөңгелекті бел ортасына келгенде «болдым, толдым, ғылымды сарқып тауыстым» деген жоқ. Ғылымның тоқтаусыз эволюциясын дәл танып, әлі жазуға жоспарланған 25 кітабының бар екенін айтқан болатын. Оның бастылары: қазақ және түркітану мәселеріне арналған болса, біразы танымдық-философиялық әлеумет тарапынан сұраныс, қажеттілік тудыратын, тіл арқылы мағынасы мен мазмұнын ашуға болатын ғылыми еңбектерді қамтиды. Өз өмірі мен ғылымынан сыр шертетін «Ғылымдағы ғұмыр», бірнеше оқу құралдары мен оқулықтары, қазақ фразеологизмдерінің тілдік табиғаты мен көркемдік ерекшеліктерін аударма түрінде көрсететін «Бір мың әсерлі бейнелі оралымы», ұрпақтың рухани қазынасы, мақал-мәтелдердің тура және ауыспалы мағынасын саралайтын «Халық даналығы» тіл арқылы тарих беттерінің ақиқатын ашатын «Қаңлы: тарихи шежіресі» өз уәдесін орындалғанын айғақтайды. Енді жарық көргелі отырған «Қазақ қандай халық?» деген кітабы. Қазақ қандай халық деген бір сұраққа мыңдап жауап беріп сан түрлі шындық тұжырыммен ақиқат деректемелерді айтуға болады. Қазақтың қандай халық екендігі әлеумет тарапынан сұраныс

табатын күрделі сұрақ. Өмірі шежірелі, тарихы терең, жері бай, даласы кең, өзі жомарт бүгінде егеменді ел болып өркеніетті елдермен иықтас тұрған қазақ халқының қандай халық екендігін «Қазақ қандай халық?» деген еңбегі арқылы автор өзі жауап береді.

Әбдуәли Қайдардың қазақ тілі мен түркітану ғылымдарына қатысты еңбектері, оның түп тамырын зерделеуі өзі айтқандай «індете зерттеу» туған тілінің сан алуан ғылыми-теориялық мәселелерінің күрделісін зерттеуді басты мақсатқа айналдырған. О баста өзі зерттеген тарихи лексикология мен өзі негізін салған этнолингвистика зерттеулері ғылымның да жаңа көздерін ашуға итермеледі. Ең бір қызықтысы – имитатив теориясы. Тірі табиғат пен қоғамдық өмірдегі сан алуан дыбыс, жарық-сәуле құбылыстары мен бейнелі қимыл-әрекеттерді адам тілі арқылы сипаттаудан туындаған еліктеуіш сөздер. Бұл әрине бұрыннан келе жатқан «тілдердің шығу төркінін анықтайтын еліктеуіш теориясына» тікелей қатысты болғандықтан ол әлі зерттелуге тұрарлық өте қызықты тақырып, 500 – ілкі түбірден тұратын 5000 еліктеуіш сөздердің, оның ішінде, етістік және есім тұлғалардың – табиғатын саралауы оның күллі халықтар тіліндегі әмбебаптық құбылыс екеніне ден қойып, оның қазақ тіліне ғана қатысты ерекшеліктерін көрсетеді.

Әбдуәли Қайдардың бойында Ғабендей сырбаздығы, Ақандай қайраткерлігі, өз халқының бойындағы жомарттығы бар жан, өз басына ғана тән – сезімтал, сыршыл, адамды табыстан-табысқа жетелейтін еңбектің, еңбекпен келетін таланттың ұлан-ғайыр күші бар ірі тұлға. Дала елінің дара перзенті осындай жан.

Д.Әлкебаева.

«Алматы ақшамы». 20 қараша. 2004.

Ғұлама запым ұпағамы

Саналы өмірін түркі тілдерінің оның ішінде қазақ және ұйғыр тілдерін зерттеуге арнаған ғалым, Ұлы Отан соғысының ардагері, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының құрметті президенті Әбдуәли Қайдарды бүгін нағыз шығармашылық тұғырда деуге әбден болады. Тек соңғы жылдары ғана ғалымның қаламынан он шақты сүбелі еңбектер жарық көрді.

Ғалымның ең негізгі ғылыми жаңалықтарының бірі – түркітануда этнолингвистика ғылымының негізін қалауы. Оның «этнос пен тіл – біртұтас ұғым», сондықтан халықтың тілін оның тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы, салт-санасынан бөліп қарастыруға болмайды деген тұжырымы да көңілге қонымды. Бұған дәлел ретінде жуық арада жарық көрген «Халық даналығы», «Тысячи метких и образных выражений», «Қаңлы: шежірелі тарих» деген еңбектерін келтіруге болады.

Бүгінгі күні ғалым «Қазақтар ана тілі әлемінде» атты 4 томдық этнолингвистикалық сөздік (көлемі 400 б.т.), «Қазақ қандай халық: бір сауалға жүз жауап» атты ғылыми еңбектер жазумен шұғылдануда.

Академик Әбдуәли Қайдар ғылыми өрісі жан-жақты адам. Ол зерттеген тіл білімінің саласы жоқтың қасы. Атап айтқанда: лексикология, терминология, ономастика, фразеология мен паремиология және т.б. Ғалым тіл фактілерін зерттеп қана қоймай сол мәселе төңірегінде саликалы әңгіме өрбітіп, өз пікірін, ойын көзқарасын да білдіріп отырады.

Ғалымның үкілі еңбектерінің бірі – «Структура односложных корней и основ в казахском языке» атты монографиясы (1986). Аталмыш еңбекті түркітанудағы жаңалық десе артық болмас. Автор бұл еңбекте тарихи-салыстырмалы әдісті қолдана отырып, бірсыпыра бір буынды сөздердің морфемдік құрамын анықтап, этимологиялық талдау жасаған Әзірбайжан ғалымы, профессор В.И.Асланов бұл еңбек туралы: «... монография А.Т.Қайдарова представляет собой ценный вклад в тюркологическую науку и несомненно станет настольной книгой многих тюркологов наряду с этимологическими словарями Э.В.Севортыана, М.Расянена и Дж.Клоусона» деп дөп басып айтқан (Советская тюркология. 1986. №6. С. 68-73).

Ғалым ұлттық тілімізді зерттеп қана қоймай оның үлкен жанашыры да бола білді. Ол ана тіліміздің мемлекеттік мәртебе алуына қатысты, жалпыхалықтық әрекеттің басы-қасында болып, көп жылдар бойы «Қазақ тілі» қоғамын басқарды. Бүгінгі күні ол аталмыш қоғамның құрметті президенті.

Тіл саясатының қалыптасуына да белсене араласты, осы мәселе төңірегінде баспа бетінде 50-ден астам мақаласы жарық көрді. Академик Ә.Қайдар тіл тағдыры, тіл экологиясы, тіл заңы, жазу мен тіл мәдениеті, тіл бағдарламасы сияқты көптеген күрделі мәселелерді көтерді. Ғалымның назарынан ұлттық тіліміздің бүгінгі мен болашағы да тыс қалған жоқ. Ол ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың атына жазылған ашық хатында (Кемел елге – кемел әліпби керек «Ана тілі». 1993. 30 желтоқсан) латын әліпбиінің жобасын жариялап, соған көшуді ұсынған. Яғни, Әбекең «Тіл майданында» да азаматтық биік тұрғыдан көрініп, ана тілі алдындағы перзенттік парызын адал атқаруда. Бұл қызметі елеусіз қалған жоқ. Елбасы Н.Ә.Назарбаев өз қолымен «Отан» орденімен марапаттады.

Академик Ә.Қайдар ғылымдағы жарты ғасырлық ғұмырының 40 шақты жылында басшылық қызмет атқарды, бүгінгі күні ол – А.Байтұрсынов атындағы тіл білімі институтының құрметті директоры.

«Шәкіртсіз ұстаз – тұл» деп Абай ағамыз айтқандай, бүгінгі таңда академик Ә.Қайдардың жетекшілігімен 70 диссертация қорғалды, оның оны докторлық диссертациялар.

Ғалымның ғылымға қосқан үлесі тек өз басының үлесімен шектелмейді. Оның идеялары, ой-пікірлері докторлық және кандидаттық диссертация қорғаған шәкірттерінің еңбектерінде жалғасын табуда. Әбекең бұл жөнінде: «Ғалымның айтқан пікірін ұғатын, бағалайтын, қозғаған ойын жалғастыра дамытатын, пікірлес шәкірттері, қаламдас, кәсіптес замандастары болмаса, ол да – бір қасірет» деп жазады («Ғылымдағы ғұмыр». 2000. Б. 37).

Академик Ә.Қайдар жас ұрпаққа сапалы да тиянақты білім беру саласында да маңдай терін төккен адам. Ғалымның оқулық жазумен шұғылданғанына 50 жыл болады екен. Солардың ішінде таяуда үшінші рет басылып шыққан «Түркітануға кіріспе» атты оқу құралын ерекше атаған жөн (М.Оразовпен бірге). Бұл оқулық университет пен пединституттардың филология бөлімінің студенттеріне, магистранттарға, аспиранттарға таптырмайтын көмекші құрал.

Ғұлама ғалым, тіл білімінің білгірі, қоғам қайраткері, академик Әбдуәли Қайдардай менмендігі жоқ парасат иесінің алдында көп шәкірттерінің бірі ретінде оған мен де қарыздармын.

Әбекеңнің сексен жастық биігінен қарасақ, ол бүгінгі және келер ұрпаққа ғылыми һәм шығармашылық мол мұра қалдырып отыр. Бүгінгі мерейтой осынысымен мәнді әрі маңызды.

А.Жылқыбаева.

«Дидар». №123-124. 4 желтоқсан. 2004.

Алтын адам

Әбдуәли Туғанбайұлы Алла тағаланың сыйлаған өмірін саналы құра біліп, өмірінің әр белес-кезеңінде де абыройлы болғанын көреміз. Туған жер топырағынан (Алатаудың аясы, «Алтын Адам» табылған Есіктің қойнауы, алма бақтың саясында туып-өсіп, Жасылкөлдің көк торғын шымырлаған суына түсіп, шынығып, кәусәр ауасымен тыныстап) нәр алып өскен академиктің өмірі мағыналы да мәнді. Мектептің бастауыш сыныбынан бастап татар, ұйғыр, қазақ тілінде оқып білім алуының өзі болашақ бірегей түркітанушы ғалымды жан-жақты тәрбиелеген сияқты.

Балалық бал дәурен шағы отызыншы жылдардың ашаршылығы мен нәубетіне тұс келіп, ашты-тоқты өтсе де мойымай, қайта ширай да ширайға түсіп, шымыр өскен Әбекең үздік оқып жүріп мектепті бітірмей (9-сыныптан соң) жасы жетпегеніне қарамастан (шын туған жылы 1925. Комсомолға өтерде жасы жетпей бір жас қосып, 1924 жылы туылған деп жіберген) сұранып қан майданға аттанады.

«Болат қайнауда, батыр майдан шынығады» дегендей, Әбекең майданда 4 жыл (1942–1946) қан кешіп, ерлік көрсетіп, («Москва үшін шай-

қас» медалі, 1942 ж. III дәрежелі «Даңқ» ордені, 1944 ж. «Қызыл Жұлдыз» және I дәрежелі «Отан» соғысы ордендері, 1945, «1941–1945 жж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медалі, 1945 ж. «Қызыл Жұлдыз» орденімен, 1946 ж. марапатталған. Бұлар – ерлігінің айғағы) соғыстан взвод командирі, кіші лейтенант әскери шенімен оралады. Небары 21 жасар жігіттің сұрапыл соғыстан аман-есен тақымы майланып абыроймен оралуы да біле-білген адамға зор бақыт. Егер Әбекең әскери қызметін жалғастыра бергенде генерал дәрежесіне жететіні кәміл еді. Бірақ, ол жолдың қиынын – ғылым жолын таңдады. Бұл аса шетін, михнаты да иждаһатты жол еді. Бес жылғы сұрапыл соғыс та Әбекеңнің ғылымға деген махаббатын өшіре алмаған.

1946 жылы майданнан келіп, 9-сыныптан кейін үзіліп қалған мектептегі оқуын жалғастырып, 1947 жылы 10-сыныпты үздік бітірді. Бала шағынан бірнеше тілді (қазақ, ұйғыр, татар, башқұрт, орыс) біліп өскен Әбекеңнің білімді аңсап, жалындаған жас жүрегі ҚазМУ-дың филология факультетіне алып келді, университетті үздік бітірген, ғылымға құштар Әбекеңді аспирантураға қалдырды. Екі жыл аспирантураны университет қабырғасында оқып, оны ойдағыдай бітірді.

1954 жылдан бүгінге дейін ҚР Ұлттық ғылым академиясының А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтында істеп келеді. 50 жыл бір жерде, Академиялық институтта абыроймен жүруінің өзі де ерлік емес пе?! Аспирантураны қосқанда 52 жыл ғылыммен айналысу, жемісті еңбек етіп аспиранттан академикке дейін өсу – институттың кіші ғылыми қызметкерінен директорына, құрметті директорына дейін қызмет бабында көтерілу, ғылым мен басшылық қызметті қатар меңгеріп, 54 құнды ғылыми кітап жазып (әлі 12 кітап жазбақшы), 70-тей шәкірт тәрбиелеу мыңның бірінің ғана қолынан келетін ерлік. Оған қоса халқының бүгінгі таңдағы қамы мен болашағы үшін мемлекеттік-қоғамдық жұмыстарға да белсене араласып, ел тағдыры – тіл тағдырының туын көтеріп, «Тіл туралы» Заңның қабылдануына мұрындық болып, заман талабына сай «Қазақ тілі» қоғамын құрып, тіл тағдырын әрі заңмен, әрі қоғамдық санамен – екі жақтан демеп, нар көтермес жүк көтеруі – тағы бір ерлік. Қазақ халқы талай жазу-әліпбиді бастан кешірді. Бір Кеңес өкіметі тұсында жазуымыз 3 рет өзгерді. Сөйтіп, халық өз жазуын өзі ұмытты. Халық жадын қалпында сақтайтын – жазу, кітап. Сондықтан Ахаң (Байтұрсынұлы) өзі ұсталғанға дейін араб жазуында қалайық, жазуымызды өзгертпейік деп қарлығашша шырылдаған. Амал не? Ал Әбекең егеменді ел болған күннен бастап латын жазуына көшейік деп оның өміршеңдігін дәлелдеумен келеді. Латын жазуының екі түрлі пайдасын атайды: бірінші пайдасы – қазіргі түркі тілдес халықтардың жартысынан астамы латын әліпбиіне көшті, біз бәріміз бір әліпбиді қабылдасак, түркі халықтары

рухани жағынан қайта бірігеді, екінші пайдасы – латын жазуы – компьютер тілі, дүниежүзілік Интернетке онсыз ене алмайды екенбіз. Амал не? заманында Ахаңның да тілін алмаған, жанайқайына құлақ салмаған жартаc – «баяғы жартас – бір жартас» болып, Әбекеңнің де тілін алар түрі жоқ. Сол жартасқа сөзімді тыңдатам деп жүрген Ахандар мен Әбекеңдер-ай. Бұл да бір ерлік!

Әбдуәли Қайдар ағамыздың бұл ерліктері халқымыздың сонау Майқы би (I ғасыр), әл-Фараби, Ж.Баласағұн, М.Қашқари, М.Дулати, Төле би, Қазбек би, Әйтеке би, Абай, Ахмет, Тұрар, Димаш сынды өз ағаларымыздан мұра болып жалғасып келе жатқан ерліктер. Өз Әбдуәли ағамызға «Ей, жігіт, не қылсаң да ер екенсің, көргейсің ерлігіңнің берекесін!» демекпіз.

Әбдуәли ағаның бұл ерліктері өз алдына бір төбе болса, ол кісінің адами қасиеттері де үлгі аларлық. Біз атап отырған Әбекеңнің төмендегі адами қасиеттерін жазғанда, ол кісіні мақтап-марапаттайық деп отырған жоқпыз. Біздің марапатымызсыз-ақ ол кісінің атақ-даңқы өз басына жетеді. «Болмасаң да ұқсап бақ», – деп Абай айтқандай, оқыған адам үлгі-өнеге алсын деген ниеттеміз. Біз ол кісінің тал бойынан мынандай қасиеттерді байқадық:

1. Еңбекқорлық
2. Таянақтылық
3. Ұқыптылық
4. Уақытты ұтымды пайдалану
5. Ғылымдағы еңбегін жоспарлап алу
6. Қарапайымдылық (ұлық болсаң, кішік бол)
7. Үлкенге ілтипат – игілік парызына адалдық
8. Кішіге, шәкіртіне ағалық, ұстаздық, қамқорлық – өмірлік қарызына адалдық.
9. Сөз тыңдай білуі, адамды сөзіне қарап қабылдауы (сөзіне қарап кісіні ал, кісіге қарап сөз алма)
10. Өзін тыңдата білуі. Ойын ашық, нақты айтуы, сенген адамына сырын жасырмауы және сенім арта білуі (адамды қанағаттандырады, әрі ілтипат сезімін «игілік парызын» туғызады)
11. Адам көңілін қимастық. Алтын уақытын өзі сыйлаған, бағаланған адамына қиюы
12. Көзқарасындағы жылылық. Келбетіндегі кіші адамға деген әкелік қамқорлық, ізгілік ниет, ілтипат сезім, бойында адамды өзіне тартып тұрар жылулық
13. Этикалық жоғары мәдениеттілік. Ұстамдылық, байыптылық пен парасат үйлесімі
14. Эстетикалық талғам. Киім киюіндегі ұқыптылық, үйлесімді жарасымдылық.

15. Жүріс-тұрысындағы жараған аттай ширақтық (жасына қарамай бойын билеп тік жүріп нық басуы).

16. Өмірге, қоғамға деген көзқарасының беріктігі.

17. Ақылы мен біліміне сүйене отырып, әр нәрсеге өзіндік баға беруі. Ой өрісінің кеңдігі, ұстаған принципінен айнымау. Ой-танымының тұрақтылығы

18. Ғылымға адалдық. Өзі алған тақырыбын түптеп, жеріне жеткізе зерттеуі.

19. Қазақ тіл біліміне әрі сапа, әрі сан жағынан да айтулы үлес қосуы.

20. Қазіргі қазақ тілінің тағдырын жан дүниесімен сезіне білушілік және оған деген перзенттік парызды адал өтеуге деген азаматтық борышын терең сезіне білушілік. Тіл тағдырын қорғаудағы азаматтық позиция (ұстаным).

21. Тіл тағдырын ел тағдырымен ұштастыра білуі.

22. Реформаторлығы (Қазақ әліпбиін латынға көшіру туралы ғылыми негізделуге тұжырымдама ұсынды) әрі сол көзқарасынан айнымауы.

23. Энциклопедиялық білім (бір ғана мысал: «Қаңлы» атты тарихи-шежіре атты кітабын жазу үшін қаңлыға байланысты дүние жүзіндегі 500 ғылыми еңбекті қарап, зерттеп, сараптап шыққан).

24. Ғұмырдағы жан-жақтылық (ғылымды қоғамдық қызметпен, халық тағдырымен ұштастыра білуі, уақытпен үндестік, қоғамдық ой-пікір қалыптастыра білуі, отбасына деген әкелік қамқорлық, ағайыншылық, ұлтжандылық).

25. Ұлттық менталитет (болмыс-бітім). (Бұл – ұлтымыздың рухани қазынасынан нәр алып, молынан сусындағанынан бойына біткен қасиет. Және әлемдік ғылым мен мәдениетті де қабылдай біліп, тағылым алған).

Әбдуәли Қайдардың осы адами қасиеттерін сараптағанда, Әбекен қазіргі замандағы қазақ ұлтының зиялы адамының үлгісі болып табылады. Әбекеннің адами қасиеттерін саралай келгенде, ол Абай сомдаған «Толық Адам» қағидасына сай келеді.

Әбекенді Хакім Абайдың өнегесімен осылай тұлғалап, сипаттауға толық негіз бар. Ал, Ұлы Хакімнің адамтану шығармаларында адами болмыс-бітімі үйлесім тапқан Адамды «Толық Адам» деп танытып, оның өзіндік қасиеттерін айқындап берген болатын. Қазір көпке аян академик Әбуәли Қайдарды Абайдың бұл тезіне салсақ та маңдайы жарқырап шыға келеді. Хакім Абай ыстық қайратты, нұрлы ақылды, жылы жүректі адамды «Толық Адам» деп сипаттаған болатын. Әбекеннің де сексеннің сеңгіріне шықса да қайтпаған қайратын, мүжілмеген жүрегін көріп көңіліміз тояды, ал нұрлы ақылының арқасында білім жинап, халқымызға қажетті құнды да іргелі еңбектерін беріп отыр. Ондағы терең білім мен

ақылдан туған терең ойлары халқымыздың рухани қазынасын байытуға өзіндік үлес қосып отырғаны даусыз шындық. Ал жылы жүрегі, халқым деп соққан ұлы жүрегі, ұлтжандылығы, бауырмалдығы, шәкірттеріне деген мейір-шапағаты, ең негізгісі ғылымға деген асқан махаббаты. Осы қасиеттері академик Әбдуәли Қайдарды Хакім Абай сомдаған «Толық Адам» деп ауыз толтырып, мақтанышпен айтуға негіз бола алады.

Қасиетті, парасатты Адам қай заман, қай қоғам, қай уақыт болмасын өзінің адамшылық арына нұқсан келтірмей, замана дауылына ықпай, әрі заман, уақыт талабын тамыршыдай деп басып отырып, ауырған жерін емдеп, өзін халқының адал перзентімін деп, халқының мүддесін жоғары қоя отырып, керек жерінде басын бәйгеге де тігетін әр халықтың туын ұстаған ар-намысындай ер тұлғалы адал перзенті болады. Бұл топқа кешегі Ахмет (Байтұрсынұлы), Мұхтар (Омарханұлы), Тұрар (Рысқұлұлы), Бауыржан (Момышұлы), Дінмұхамед (Ахметұлы), Қасым (Қайсенұлы) бүгінгі Әбдуәли (Туғанбайұлы) Мекемтас (Мырзахметұлы), Шерхан (Мұртаза), Әбіш (Кекілбай), Амангелді (Айталы), Мұхтар (Шаханов) сынды азаматтар кіреді. Ортақ қасиеті – халқым деп соққан жүрегі, елімнің ертеңі – тілегі. Бұлардың әр заманда болған заманауи тұлғалардың өнегелі өміріне тән тағы бір қасиеті мұхитта ғана жүзетін алып кемедей әмбебап болып келеді. Ұлттық рухқа бөленген еңбектерінде халық тағдырының сан қырын қамти отырып, уақыт талабына сай жауап беріп, алып мұхиттарда болатын дауыл-апаттарға ешкімді ұшыратпай алып шығар алып кеме тәрізді тұлғалар.

Өкінішке орай, халық таныған мұндай тұлғалар заман, қоғам, халық үшін еткен ұлы еңбектерін әрі қоғамдағы мансап иелерін өз уақытында лайықты бағалауда парасат-пайымдары жете бермейтіндіктен ескерілмей қалды. Мәселен, Бауыржан Момышұлы, Қасым Қайсеновтердің соғыстағы ерен еңбектері қасақана ескерілмеді. Ал тіптен мұндағы тұлғалардың өз заманынан опық жейтіні де, тіптен құрбан болып кетуі де ғажап еместігін білеміз. Халық үшін өткен еңбегінің зейнетін көрмей, бейнетін ғана көріп, ақыры мерзімінен бұрын өмірлерін қиятын қатал тағдырға тап болатыны да (Ахмет, Тұрар) еріксіз куәсі болдық. Ондай заманға, ондай қоғамды басқарған мансап иелеріне лағнет. Ал көзі қарақты, көңілі ояу замандастары мұндай тұлғалардың халық үшін еткен еңбектерінің еректігін іштей ұғынса да пендешілікпен сырттай мойындағысы келмейтіндігі де бар. Ал қарапайым халықтың асыл мен жасықты ажыратуға білім, парасат-пайымы жете бермейді. Сондықтан көбіне мыстан алтынды ажырата алмай қаламыз да, мысты алтын деп бағалап, алтынды тас деп лақтырып жүрген жайымыз бар.

Әділет жолы – әрқашан да жіңішке де шетін жол.

Замана желі жайлаудың жазғы самалындай жанға жайлы болса әділеттің ақ туы желбірейді. Ал замана желі жұт жылының ызғарлы дауылындай болса, одан әділет бұғып қалады да, зұлымдықтың қара туы желбірейтін де заман болды. Қазіргі егеменді ел болған заманда әділеттің ақ туы желбірей бастады. Бауыржан Момышұлына, Қасым Қайсеновке Президентіміздің Жарлығымен Қаһарман атағының берілуі соның айқын айғағы.

Соғыста да, ғылымда да, қоғамдық ой-санада да ерен ерлік жасаған халқымыздың біртуар адал перзенті Әбдуәлі қай жағынан да Халық Қаһарманы деген атақ лайықты. Әбдуәлі Қайдарға ең жоғары мәртебелі атақ берсек, ең әуелі халқымыздың жаны – қазақ тіліне деген құрмет болмақ. Бұл деген – халқымыздың мәртебесін көтеру болмақ. Халық деген бала ғой. Перзентіне көрсеткен құрметке балаша қуанады.

Сүйер ұлын болса сен сүй,

Сүйінерге жарар ол, – деген Хакім Абайдың дуалы сөзі Әбдуәлі ағамызға арналғандай. Әбекеңе «Халық Қаһарманы» атағы берілмеген жағдайда да Әбекенді көзқарақты халық ұлдары ер деп таниды. Мансап иелерінің рухани символы болып отырған Абылай өз заманында ұлы үш биді, Бұхар жырауды, Қазбек Тауасарұлын, даңқты үш батырды құрметтеумен Ұлы Абылай дәрежесіне жеткенін ескерсек, адаспаймыз ағайын.

Сөз соңында: академик Әбдуәлі Қайдардың туған жері – Есіктегі «Алтын Адам» табылған жер. Алланың бұйрығымен бұдан 25 ғасыр бұрынғы алтын киімді адам табылып мәртебеміз бір өсті. Қазір арамызда жүрген жүрегі халқым деп соққан Әбдуәлі Қайдарды бүгінгі заманымыздың «Алтын Адамы» деп танысақ, халқымыздың мәртебесі өсіп, рухы жанып қалары даусыз.

К.Нұрғанат.

«Жетісу». 11 желтоқсан. 2004.

ӨРМЕҢГЕ ӨСКЕН ӨРЕН

Өзінің саналы ғұмырының жарты ғасырдан астамын Тіл білімі институтының қара шаңырағында түркі тілдерін зерттеу мәселесіне арнап келе жатқан есімі әлемдік түркологияда кеңінен танымал ҚР ҒА-ның академигі Әбдуәлі Туғанбайұлы Қайдардың өмір жолы, ғылымдағы жолы кімге болса да үлгі боларлық.

Алматы маңында дүниеге келген, арманы Алатаудай, білімге, өнерге жаны құмар болашақ ғалымды бозбала, жастық шағы Ұлы Отан соғысының отты жылдарына сәйкес келген өз қатарластары тәрізді

тағдыр мезгілінен ерте есейтті. Талай шаңырақтың отын өшіріп, талай ананың үкілі үмітін үзген сол қырғыннан елге аман оралған ер-азамат сирек еді.

«Жай түсіп, кейде маң даланы өрт шалады... Өрт өшкен соң жер беті жылан жалағандай жылмаңға айналады. Тек әр жерінде күйген бұта, ағаштардың, қурай-қоғалардың қарайып діңі мен тамыры қалады... Табиғаттың ұлы күші бұл тамыр бұтақтарға қайта жан бітіреді. Олардың ұшынан қылтиып бүр шығады. Міне сол өміршең өркеннің бусанып өскен бүрлерінен жарып шыққан бүршіктерді қазақ атам өрттен кейінгі өртең дейді. ... біз сияқты қатарға қосылып, өмірді жалғастырған қадау-қадау жандар сол өртең болып өстік» деп Әбдуәли ағаның өзі сол кездегі заман келбетін, замандас тағдырын шынайы да дәл бейнелеп береді (Ә.Қайдар. Ғылымдағы ғұмыр. А., 2000. 165-б.).

Ұлы Отан соғысынан өңіріне III дәрежелі Даңқ, I-II дәрежелі «Отан соғысы», қос «Қызыл Жұлдыз» ордендерін қадап қайтқан жеңімпаз жас офицердің ендігі мұраты жоғары білім алу болды. 1951 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих – филология факультетін үздік бітірген жас маман Ғылым академиясына аспирантураға шақырылады. Содан бері, 53 жыл бойы Әбдуәли ағаның ғылымдағы ғұмыры тынымсыз еңбекпен, ізденіспен жалғасып келеді.

Қазақтан шыққан ұлы тұлға Шоқан Уәлихановтың талантына, мұрасына деген құштарлық пен құрметтің ықпалымен әрі бала кезінен ұйғырлар арасында өсіп, ұйғыр тілін жетік білгендіктен алғашқы ғылыми ізденістерін ұйғыр тілін зерттеуден бастаған Әбдуәли Туғанбайұлы қазіргі таңда әр бағыттағы бірнеше лингвистикалық мектепті қалыптастырған, тіл білімінің түркология, алтаистика, лексикология, лексикография, диалектология, этнолингвистика, тіл құрылысы т.б. салалары бойынша өнімді еңбек етіп жүрген ірі ғылым қайраткері. Бұған ғалымның әр кезеңде жарияланған 400-ден аса (жалпы көлемі 650 б.т.) ғылыми зерттеулері дәлел. Өз кезегін күтіп, әрі жарияланбай, қолжазба күйінде жатқан еңбектері қаншама.

Әбдуәли Туғанбайұлының әрбір еңбегі тың тұжырымдармен теориялық дәйектілікпен жаңа қағидалармен, ұстанымдармен ерекшеленеді. Бала кезінде суретші болуды армандаған Әбекеннің табиғи сезімталдығы мен ұшқыр қиялы тіл табиғатын тануда да біліктілікпен ұштасып, терең ғылыми интуицияға айналғанын тіл білімінің теориясы бойынша айтқан ғылыми идеялары мен гипотезаларынан көреміз.

Ғалым зерттеген өзекті проблемалардың бірі – түбіртану мәселесі. Жалпы түркі түбірлерінің күрделі табиғатын қазақ тілі деректері негізінде зерделеп, өзіндік ой-тұжырымдарын білдірген ғалым түркітану

ғылымында қалыптасып кеткен жаңсақ пікірлерді, ғылыми дәйектілікпен дәлелдеп көрсетеді. Ә.Т.Қайдардың аталмыш мәселеге арналған «Структура односложных корней и основ в казахском языке» (Алма-Ата, 1986) атты монографиясы мамандар тарапынан өз бағасын алған әлемдік түркологиядағы құнды еңбектердің бірі.

Түбіртанумен сабақтас «алтай теориясы» жайлы көзқарастары, алғашқы адамзат тіліне, тіл онтогенезіне қатысты «имитатив теориясы» жайлы пікірлері мен тұжырымдары да ғалымдарға бағдаршам болатын дүниелер.

Этнос тілі арқылы этнос болмысын танытуды мақсат ететін этнолингвистика ғылымының «Қазақ этнолингвистикасы» мектебінің қалыптасуы да академик Ә.Т.Қайдар есімімен байланысты екені белгілі.

Әбдуәли Туғанбайұлының соңғы 1-2 жыл көлемінде жарияланған «Бір мың әсерлі де бейнелі оралым» (2003), «Халық даналығы» (2004) еңбектері ғылыми мазмұны мен танымдық деңгейі терең, тіл арқылы ұлттың – қайталанбас дара болмысын танытатын шығармалар болса, «Қаңлы: тарихи шежіре» (2004) атты тарихи зерттеуі қазіргі қазақ халқының этникалық негізін құраған тайпалардың бірі – қаңлы этносының шығу тегі тарихы, тілі, жазба мұралары т.б. рухани-мәдени құндылықтары жайлы тарихи-лингвистикалық еңбек.

Ә.Т.Қайдардың «Тіл саясаты» төңірегінде жазған еңбектері, туған тілдің тұғырын жоғары көтеру мақсатында жүргізген іс-шаралары, «Тіл туралы Заң» жобасын талқылау кезіндегі қайтпас қайсарлығы бөлек әңгіме.

Кезінде С.Е.Малов, К.К.Юдахин, И.А.Батманов, Э.В.Севортян тәрізді ұстаздары, ұлы түркологтардың тәлім-тәрбиесін алған, бойына рухын сіңірген Әбдуәли Туғанбайұлының өзі де бұл күнде 9 ғылым докторын, 60-тан аса ғылым кандидатын тәрбиелеген ұлағатты ұстаз, рухани эке.

Жастық шағы от пен оқтың ортасында өтіп, кейінгі ғұмырын тынымсыз іздену мен қажырлы еңбекті қажет ететін ғылымға арнаған, шәкірт тәрбиелеп, өзіндік мектебін қалыптастырған Әбдуәли ағаны «өрттен кейінгі өртең» немесе ғылымдағы алып бәйтерек демей не дейміз?

Бүкіл өмірі еңбекқорлық пен қажырлылықтың, қайраткерлік пен табандылықтың, даналық пен ұлылықтың, қарапайымдылық пен кішіпейілділіктің үлгісіндей академик Әбдуәли Туғанбайұлы сексеннің сендіріне шығып отыр. Азамат – Ағаға, Ғалым – Ағаға, Ұстаз – Ағаға қайратыңыз мұқалмай, отбасыңыздың қамқоршысы, шәкірттеріңіздің ақылшысы, халқыңыздың мақтаншы болып, қазақ ғылымының игілігі үшін еңбек ете беріңіз демекпіз.

М.Есекеева.

«Еуразия университеті». 5 желтоқсан. 2004.

Тіліміздің өркені – еліміздің ермеңі

«Аптын ақамның» жерлесі

Халқымызда зиялы деген ғажайып сөз бар. Мұндай атау кім көрінгенге тағыла бермесі тағы анық. Бұл үшін қаншама маңдай тер төгілуі, атпал иыққа батпан жүктердің артылуы қажет десеңізші. Осындай азаматтың қатарында қайыспас қара нардай ағамыз, «Тілстанның тарланы», «туған тіліміздің ту ұстары» атанған Әбдуәли Қайдар ақсақал да бар. Биылғы жылы сексеннің сеңгірінен айналасын шола көз қадаған оның атақ-абыройы да еңбегіне сай. Алайда, қазақ және ұйғыр тілі білімдерінің көрнекті маманы, белгілі түрколог, академик, еңбек сіңірген ғылым қайраткері, Ұлы Отан соғысының ардагері мұндай абыройға бір күнде және оңайлықпен жете қойған жоқм. Ең алдымен ата-бабадан бойына сіңген қасиет – қайсарлық, адалдық осы дәрежеге жеткізді.

Өрмендеуі өркен

Әбекеңнің ат жалын тартып міне берген шағында батыстан соғыс өрті бұрқ ете қалды. Ауыздарына қолы енді жете берген бір шаңырақтағы төрт бірдей ер азаматтың үшеуі – әкесі, оның екі інісі бірдей алғашқы лекте, соғысқа алынды. Қыркүйек айы басталған шақта мектептегі оқуын жалғастырмақ болған бір топ бала не істерін білмей қалды. Сөйтсе, сабақ беретін ер мұғалімдердің барлығы ел қорғауға аттанып кеткен екен. Бұлар да өз еріктерімен майданға алу жөнінде өтініш берді. Әскери комиссариаттағылар дене бітімі іріректерін бірден қабылдап алды да, шанжауларын алдымен әскери дайындыққа жіберді. Сол екі арада уақытын босқа өткізгісі келмеген Әбдуәли он айлық педагогтік курсқа түседі. Алайда, оны бітірер-бітірместен комиссариат шақыртып алып, бірден соғысқа аттандырады. Тіпті, Алматы маңында жасақталған әйгілі 100-бригаданың құрамындағы әкесін шығарып салуға кеткен анасымен де қоштасып үлгермейді...

Қарап отырса, сонда небәрі он алты жарым жаста ғана екен... Себебі, комсомолға өтер кезеңде жасын ұлғайтып жаздырып жібергені бар-тын.

Күн сайын өлім сепкен отты күндерден олжабай болып оралса да әкесі мен екі ағайы жат жердің қойнында қалды. Қозыбай шешеннің:

Ақсұңқар ұшса, тұғыр қалар,

Қау өртенсе, түбір қалар.

Ақыры болса қайырлы,

Арты түбі оңалар, – дегеніндей, қисайған шаңырақтың де-меуі бола білді.

Біз ағадан Ұлы Отан соғысы кезіндегі ерлігіңіздің бірін айтып беріңізші деп өтінгенімізде терең бір күрсініп алды да маңғаз мінезімен

асықпай орнынан тұрып «Атамұра» баспасынан шыққан «Ғылымдағы ғұмыр» деген кітабын қолтаңба жазып ұсынды да, «осындағы естелікте бәрі бар», – деді. Сол кітабының мына бір тұсын сіздерге ұсынғанды жөн көрдім. «...Таң атуға жақындап қалған мезгіл еді. Немістердің кезекті шабуылы тағы да тойтарыс алып, өздерімен сүйреткен оқ шашарларын (пулеметтерін) бейтарап алаңда тастай-тастай қашқан болатын. Олардың артынан біздің зеңбірекші, минометшілеріміз де оқ атып жатты. Осынау бір қарбалас сәтте рота командирінің: «Бейтарап алаңда қалған неміс пулеметін кім әкеледі?» деген дауысы саңқ ете қалды. Сол кезде әр жерден-ақ: «Мен!», «Мен!» деген солдат дауыстары шықты. Жақын тұрған командирдің жанына мен және П.Кононенко деген украин жігіті (менің солдатым) екеуміз елден бұрын жеттік. Тапсырманы біз алдық. Төбені ық жағынан айналып, қарсы көрініп тұрған 300 метрдей жердегі немістердің оқшашарына екеуміз жермен жексен болып, еңбектеп барып, оны екі қорап патрон лентасымен қоса кейін сүйреп қайттық. Мұны қолымызды шекемізге қойып тұрып, «Жолдас командир! Сіздің тапсырмаңызды орындадық!» деп рапорт беріп, өзіне тапсырдық та орнымызға кеттік».

Бұл Әбекеңнің Ленинград қаласын қоршаудан босату кезінде өздерінің оқшашарлары істен шығып қалғанда жаудың қаруымен өздеріне соққы жасағандағы бір ерлігі ғана. Екі рет жараланып, соғыстың аяғына дейін қатардан қалмаған офицер бұдан да басқа ерліктері үшін екі мәрте «Қызыл Жұлдыз», «Отан соғысы» ордендерімен марапатталған. Соғыстан төрт орден, бірнеше медальмен оралған 20-дағы жігіт бір жыл ауылының еңсесін көтергеннен кейін, ҚазМУ-ге оқуға түсті. Болашақ ғалымның ғылымдағы жолы, бейбіт майдандағы ерліктері де осылай басталған.

Аспиранттан – акадәмикке қейін

Ұлы Отан соғысында 150 мың шақырымнан аса жол жүріп қайтқан қайсар жанның бейбіт өмірдегі күресі де ерлікке толы болды. Ауыртпалы күндерде қиындықтың неше түрін көре жүріп, тіл-әдебиет факультетін үздік бітірді. Ғылым академиясының Тіл білімі институтына аспирант болып қабылданды. Міне, содан бері бір шаңырақтың астында жарты ғасырдан астам уақыт бойы табан аудармай тынымсыз еңбек етіп келеді. «Дарақ бір жерде көгереді» деген рас. Қатардағы кіші ғылыми қызметкерден институт директорына дейінгі жолдың бәрінен өткен Әбекең қазақ, ұйғыр тілдері, сол арқылы туыстас түркі тілдері саласындағы әлемдік деңгейдегі санаулы ғұлама ғалымдардың бірінен саналады. Бүгінге дейін қазақ және ұйғыр тілдерін қатар зерттеп, сондай-ақ, жалпы және салыстырма түркологиялық проблемалармен де үздіксіз

шұғылданып жүр. Ғалымның жалпы түркология ғылымына, соның ішінде, қазақ тіл білімі мен ұйғырғану саласына қосқан нақты үлесі мен сіңірген еңбегін оның жариялаған 400-ге жуық ірілі-кішілі (жалпы көлемі 600 баспа табақтан астам) зерттеулерінде, оларда көтерілген сан алуан (50-ден астам) лингвистикалық, т.б. проблемалардың теориялық өзектілері мен практикалық қажеттілігінен де, тақырыбынан да айқын көруге болады. Бұлардың сыртында ғалымның көп жылдар бойғы шұғылданып келе жатқан, бірақ әлі жарияланбаған оншақты еңбегін, атап айтқанда: 1) «Қазақтар: ана тілі әлемінде» атты төрт томдық этнолингвистикалық сөздік (көлемі 400 б.т., 1 млн-дай мағыналық бірлік қамтылған). 2) «Этимологический словарь казахского языка (жалпы көлемі 80 б.т.); 3) «Қазақ қандай халық: бір сауалға жүз жауап». Этнолингвистикалық топтама (көлемі 20 б.т.); 4) «Қос сөздер: зерттеу және сөздік» (көлемі 40 б.т.); 5) «Ұйғыр тілі лексикасының тарихи дамуы: тілара қатынас проблемалары» (орыс тілінде, 25 б.т.); 6) «Қаңлы: шежірелі тарих» (көлемі 40 б.т.), т.б. айтуға болады.

Жарты ғасыр бойы үш тілде (қазақ, ұйғыр, орыс тілдерінде) жазылған, олардың кейбіреулері бірнеше шет тілдерге аударылып басылған, жеке монография, оқулық, сөздік, топтама жинақ, мақала түрінде дүниеге келген еңбектерінің өзі 1500 баспа табақтан асып-жығылады. Жариялануға даяр тұрғандарының өзі осы шамалас. Сонда ғұлама ғалымның Академия шаңырағының астында жасаған жұмыстарының көлемін өзіңіз-ақ есептей беріңіз.

Атыссыз соғыстағы айтулы ерлік

Ел рухының сергуі әйгілі Желтоқсан көтерілісінен кейін шындап білінгені белгілі. «Таң атқысы келмесе де Күн қоймайды»: Сол дүбірлі оқиғадан соң зиялылардың ішінде жүрегінің түгі барлары әкімшіл-әміршіл жүйеге қарсы аса ашық болмаса да қарсылық көрсетті. Міне, ұрандады. Содан олардың бір топ өкілімен кездестім. Басшысы Тимур деген жігіттен «қарсылықтың себебі не? деп сұрадым.

– Сіз қазақша білесіз бе? Түсінесіз бе? – деді ол.

Мен білмейтінімді айттым.

– Ендеше, қазақтың тілін, салт-дәстүрін білмейтін болсаңыз басшылық жасауға неге келісім бердіңіз?

– Мен – партия солдатпын. ОК ұсынды, мен келдім, – дедім. – Алайда, қазақ тілін білу мен үшін мәселе емес, Грузияда басшылықта болғанда бір-ақ жылда үйренгенмін. Қазақ тілін де жылдам игеремін.

Сол-ақ екен, Тимур маған грузинше тіл қатты. Екеуміз біраз сөйлестік.

– Қанағаттандым, – деді ол.

– Онда жастарға айт: үйлеріне қайтсын. Мен бір жылда қазақтың тілін, ділін үйренем. Үлгілі басшы болуға уәде беремін, – дедім. Олар шығып кетті. Біраздан соң байқастасам, Тимур 500-дей адамды ертіп, алаңнан кетті... Сол уәдем – уәде. Сіздерге де айтарым сол, – деді Колбин. – Бірақ қазақша тілұстартар оқулық жағы аз екен...

Үйге қайтқан соң мен де ойландым, – деп жалғады Әбекең. – Қазақ тілін орыстілділерге үйрету жөнінен оқулық жазайын деп шештім. Содан бұл қайтер екен, ақырын күтейін соның алдыңғы қатарында ардақты Әбекең жүрді.

– Желтоқсан оқиғасынан соң іле-шала Мәскеуден Соломенцев бастаған эмиссарлар келіп, алғашқы кездесуін Ғылым академиясынан бастады, – дейді өзі. Жабық жиналыста ортаға шыққан Колбин Қазақстандағы басты проблема экономикада емес, тіл мәселесінде өткір тұрғанына баса назар аудара келіп былай деді: «Алаңда байқағаным, жастар тіл, жер, ділді басты орында дедім. Ептеп сұрастырсам, тіл үйретуші (репетитор) әйел оның аса құлықсыздығын, үйреткен сөзді жиі ұмытатындығын айтты. Ақыры не болғаны белгілі ғой... Қазақша амандасуды үйренгенмен қоштасуды білмей-ақ кетті.

Ұлты мен ұлысының болашағын ойлаған Тіл білімі институтының директоры осынау қиын-қыстау кезеңде тайсақтап қала алмады. Бәзбіреулердей екіжүзділікке баруға ары жібермеді. ОК тіл мәселесіне қатысты жиналыстарда Біріншіге ашықтан-ашық қарсы шықты. «Екі тілге де мемлекеттік мәртебе беру – масқаралық!» – деді ол батыл түрде. Тіпті, қазақ тілі мен орыс тілін оқып-үйренуді дамыту туралы жедел қабылданған қаулының қайсысын баспасөзге бірінші жариялау жөнінде дау туғанда «Жапалақты таспен ұрсаң да жапалақ өледі, жапалақпен тасты ұрсаң да жапалақ өледі» деп кесіп айтты. Әрине, бұл Колбинге ұнамады. Ол енді жиналысқа мұны шақырмайтын болды. Дегенмен, жоғары билікте де сол тұста Өзбекәлі Жәнібеков, Мырзатай Жолдасбеков тәрізді ұлтжанды зиялылар болды. Солардың қолдауымен 1989 жылы «Қазақ тілі» қоғамы құрылғанда Әбекең басшы болып сайланды да, «атыссыз соғыста», «мылтықсыз майданда» табанының бүрі барлығын танытып, туған тілдің ту ұстарына айналды. Қайдаровты ОК үш Пленумында сынады. Тіпті, телефонмен қоқан-лоққы да жасалды. Екі майданның да батыры ыққан жоқ. Нәтижеде ол басқарған қоғам жер-жерден бөлімшелерін ашып, қанатын кеңінен жайды.

Жалпы, бүгінде халықаралық мәртебедегі қоғам атқарған істің бастылары мынадай: 1) Халықтың қолдауына бірден ие болып, ұлттың санасезімі өсуіне жәрдемдесті. Өзге тіл ықпалы әлсіреп, қазақша мектеп, балабақша көбейді; 2) Орыс тілділермен, оның ішінде, «қара ивандар»

да бар, мемлекеттік мәртебе үшін күрес; 3) Авторлар 100-ден аса қазақ тілін оқып-үйрену жөнінде оқулықтар, сөздіктер, әдістемелік құралдар шығарды; 4) Жер-жерде ұлттық мәселеге тікелей араласып, мекемелердің іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізуге белсене араласты; 5) Қоғам Тілдерді дамыту комитеттері құрылып, үкімет тарапынан мән берілуіне мұрындық болды.

«Қазақ тілі» қоғамы қазір де осы шараларды қоғамдық негізден жалғастыруда. Биыл IV Құрылтайын өткізіп, тағы да нақты істер сараланады.

«Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде»

– Қазір қанша дегенмен қазақ тіліне елдің де, үкіметтің де беті бері бұрылды. Елбасымыздың өзі баяндамаларды қазақша жасап жүр. Кейбір министрлер тілін сындыра бастады. «Мұсылманшылық әсте-әсте, кәпіршілік бір пәсте» дегендей, батпандап кірген дерт, мысқалдап шығып келеді. Әйтсе де бұл – Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың күш салуының арқасы. «Қазақ тілі» қоғамының II Құрылтайында қатар отырып сөйлескенімде: «Демография мәселесін дұрыс шешіп алмай, істі жылжыту қиын. Қазақ 50 пайыздан асқанда саясатымды өзгертемін», – деп еді. Ер екен, уәдеде тұрды. Бір баяндамасында бұрынғы «Қазақ қазақпен қазақша сөйлесуі керек» деген ойын дамытып, «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде», – деп қадап айтты.

Бүгінде, міне, біз осыны іліп әкетіп, лауазымды қызметке тағайындалатындардың бәрінен мемлекеттік тілді білуін талап етуге тиіспіз.

Өзірге Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, Атырау, Маңғыстау, Жамбыл облыстары іс қағаздарын жүргізуді мемлекеттік тілге көшірді. Ал өзін туған Алматы облысы биыл ниеттеніп отыр екен. Дән разымын. Әкім Шалбай інім іскер де орнықты жігіт қой. Қолға алғанын тындырымдылықпен жүргізеріне сенімдімін. Алдынан ақ күн тусын!

Ақжолтай іске ақ бағасын берген ақсақал биыл сексеннің сегізгіріне шығады. Әлі де сол маңғаз, байсалды қалпында ел ісі жолында ерен қимыл жасауда. Өзі айтады: «Жетпіске келгенде енді 25 еңбек беремін деп едім, соның оншақтысы жарық көрді. Қалғандарын да қолға алып жатырмын»...

Ендеше, кешегі қалақтай қара баладан көлеңкесі мол саялы бәйте-ректей халық қаһарманына айналған қарапайым да қайсар, еңбекқор дара тұлғаға арман-мақсат үдесінен шығуға мерейлі Жаңа жылда да зор денсаулық, қажымас қайрат, шалқар шабыт тілейік.

*Қ.Әлімбек.
«Жетісу». 1 қаңтар. 2004.*

Труды академика А.Т.Кайдарова как основа сравнительно-типологических исследований

Академик А.Т.Кайдаров относится к той плеяде ученых-лингвистов, которые заложили перспективы в развитии отечественного, а именно казахского языкознания. Будучи директором Института языкознания АН КазССР, А.Т.Кайдаров способствовал подготовке и формированию кадров высокой подготовки и по другим языкам. Одной из них, получивших благословение и путевку из рук А.Т.Кайдарова в Ленинградское отделение Института языкознания АН СССР была я, автор этих строк.

В начале 80-х годов прошлого столетия мною была выдвинута гипотеза о наличии значения в «незначимых», «окаменелых лексических остатках, названных нами – реликтовыми.

«Лексические остатки», «затемненные морфы», мертвые корни», которые нами определяются как реликтовые, представляют собой языковые универсалии. Если основой для их исследования в немецком и русском языке послужили хорошо разработанные лексикографические и этимологические источники¹⁴¹, то для казахского языка основным источником послужил труд А.Т.Кайдарова¹⁴².

Проанализировав все имеющиеся этимологические словари, словари средневековых письменных памятников, мы приходим к выводу, что для получения полной динамической картины развития тюркских языков необходимо обратить свой взор на «зондирование глубинных процессов эволюции корневой лексики каждого отдельно взятого современного тюркского языка». С этой целью подвергается анализу весь комплекс односложных самостоятельных корней и основ (далее ОКО – А.Т.Кайдаров), среди которых нас, в первую очередь, интересуют «затемненные», или то, что, сегмент, рассматриваемый как, корень в одну языковую эпоху, может оказаться для предшествующего периода сложной единицей (основой или словом), и, наоборот, сложная единица на данном этапе развития языка для последующего этапа может оказаться простой и неразложимой. Для нас важно мнение, что сложный корень-основа отражает в своей структуре длительный процесс эволюционного развития от простого к сложному¹⁴³.

А.Т.Кайдаров подчеркивает, что понятие «мертвые корни», «мертвые основы» не лишено определенной условности, т.к. оно не равнозначно

¹⁴¹ Букетова Н.И. Реликтовые явления в словообразовании современного немецкого языка. Алма-Ата: Рауан. 1991. С. 11-15.

¹⁴² Кайдаров А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. Алма-Ата, 1986. С. 328.

¹⁴³ Юнусалиев М.Б. Киргизская лексикология. Фрунзе, 1959. Ч. I. Развитие корневых слов.

понятию «бесследное исчезновение» или «безвозвратная их утрата» языком. Большая часть так называемых «мертвых корней» продолжает участвовать в процессе словотворчества. В тюркских языках существование «мертвых корней» признается почти всеми учеными-тюркологами, разница лишь в подходе к ним: одни считают «мертвыми» те корневые элементы, которые не употребляются в языковой практике самостоятельно, а другие те, которые не поддаются вычленению из состава производной основы.

В итоге нами делается вывод, что множество терминов как «мертвые», «непрозрачные», «непросвечивающие», «затемненные» вызвано тем, что данная проблема еще не до конца изучена. Как одну из систематизирующих работ по данной проблеме, можно назвать исследование Ж.А.Манкеевой, посвященное реконструкции «мертвых корней» в структуре глагольных основ казахского языка, это исследование в большей степени исторического характера. Ж.А.Манкеева полагает, что есть необходимость поморфемного анализа исконно тюркских основ, состоящих их двух и более слогов, при котором вычленяется большее число консервированных, этимологически затемненных, мертвых корней первичного или вторичного образования¹⁴⁴.

По мнению известного тюрколога Э.В.Севортяна «Морфологически затемненные основы не являются изолированными величинами, но входят, с одной стороны, в разные ряды, образовавшиеся по древним, большей частью непродуктивным словообразовательным моделям, с другой – в лексико-семантические гомогенные объединения, каждое из которых восходит к определенной производящей основе, части корневого характера»¹⁴⁵.

Э.В.Севортян отмечает, что этимологический анализ лексической основы тем результативнее, чем результативнее его морфемный, прежде всего словообразовательный анализ, который исходит из соответствующей словообразовательной модели, из всей совокупности характеристик, относящихся к производящей основе модели и словообразовательному аффиксу с учетом его функционирования в истории тюркских языков¹⁴⁶.

Анализ отбора слов с реликтовыми корневыми морфемами в казахском языке затруднен также тем, что обратный словарь К.Б.Бектаева¹⁴⁷ отражает лексику казахского языка не в полной мере, т.е. при необходи-

¹⁴⁴ Манкеева Ж.А. Реконструкция первичных глагольных основ казахского языка. Алма-Ата, 1987.

¹⁴⁵ Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. Издательство «Наука», 1978. С. 70.

¹⁴⁶ Там же. Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. Издательство «Наука», 1978. С. 43.

¹⁴⁷ Бектаев К.Б. Қазақ тілінің кері алфавитті сөздігі. Алматы, 1971.

мости проверки по горизонтали, по аффиксу, нет возможности проверить весь обратный список, как в немецком и русском языках.

Из анализируемого словника казахского языка были исключены те слова, которые являются заимствованиями, явными звукоподражаниями, совершенно не имеющими этимологических данных для определения диахронной глубины, диалектные варианты.

При составлении инвентаря морфем немецкого и русского языков авторы словарей использовали морфемный анализ и систематизировали их в словообразовательных гнездах, поэтому в наших списках слева жирным шрифтом дается корневая морфема, которая по нашему предложению, является реликтовой. Справа дается словообразовательное гнездо или словообразовательный ряд, в котором выделяется реликтовая корневая морфема (РКМ). Что касается словника казахского языка, то уже само название книги А.Т.Кайдарова «Структура односложных корней и основ в казахском языке» заставляет задуматься, т.к. видится некое противоречие в самом заглавии. А.Т.Кайдаров объясняет это тем, что в тюркологии под термином «корень» обычно понимается неразложимая часть слова, которая может быть не только односложной, но и двусложной, даже трехсложной. Направление развития тюркского корня от простейших моносиллабических форм к сложным полисиллабическим или наоборот, остается все еще спорным.

По мнению А.Т.Кайдарова, односложный лексический элемент, кажущийся на первый взгляд неразложимым при более тщательном анализе (этимологическом – Б.Н.) может распадаться на реальные составные части, а в другом, наоборот, оказаться «продукцией» сплавления, слияния, опрощения, стяжения, фузии и прочих структурных изменений и модификаций. Именно поэтому он считает, что односложная лексема, квалифицируемая в плане синхронии как корень, в плане диахронии может оказаться основой, состоящей из производящей и производной морфем¹⁴⁸. Эта позиция, вероятно, наиболее подходящая в исторической перспективе.

Согласно нашей интерпретации, где в центре синхронного анализа находится «производное слово» нами из «Словаря односложных корней и основ (ОКО) в казахском языке» анализировались только те ОКО, которые входят в словообразовательные гнезда и ряды. При этом каждое производное или сложное слово с ОКО анализируется в полевой структуре словообразования для установления остаточной семантики в «мертвых морфемах». Тогда ОКО как корневая морфема, «семантически ущербная» в синхронии, может подвергнуться анализу в ретроспективном

¹⁴⁸ Кайдаров А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. Алма-Ата, 1986. С. 4-5.

плане. Следовательно, мы можем сделать вывод о различных процессах, способствовавших превращению данных корневых морфем в неразложимое.

Если представить себе развитие языка в пространстве и времени, то условное разделение этих отношений по исторической хронологизации для составления реальной картины движения РКМ, будет настоящей необходимостью. В процессе такого разделения выясняется, что немецкий, русский и казахский языки имеют различный качественный уровень лексикографических источников, поэтому таблицы диахронической глубины немецкого языка более полные, а русского и казахского языков с большими пробелами, что говорит о том, что славистам и тюркологам еще предстоит много поработать в той области языка, которая касается генеалогии.

Эволюция полных корневых морфем, исторических корней, в реликтовую происходит с разворачиванием или свертыванием языковых форм, которые в процессе взаимодействия с другими морфемами, подвергается фоно-морфологическим изменениям.

Составление таблицы диахронической глубины есть по сути начало составления исторического словообразовательного гнездового словаря тех корневых морфем, которые подверглись изменениям.

Н.И.Букетова.

*«Ә.Т.Қайдар және қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері»
академик Ә.Т.Қайдардың 80 жылдығына арналған халықаралық
ғылыми-теориялық конференциясының материалдары.*

Алматы. 2004.

Ғымыры зыпымға арналған

Әбдуәлі Қайдар есімін оқырмандарымызға таныстырып жатудың өзі артық. Халықтың айтулы ұлдарының бірегейі ғана жетер азаматтық даңқ пен ғылым тұғырына көтерілген Әбекең тек ғалым ғана емес, халқы мен әлем жұртына танылған қоғам қайраткері. Көкірегі ойға толы ұлтжанды азамат.

Барша қазақтың ортақ перзенті Әбекең түркістандықтарға да етене жақын. 40 жылға жуық уақыт бас қосып, бірге отау тігіп, түтін түтетіп, бала өсіріп, немере сүйіп келе жатқан жары Шекер осы киелі топырақта туып-өскен. Оңтүстік өңіріне белгілі, есімі ел есінде жүрген, Түркістан педучилищесінде ұзақ жылдар директор болған Иса Алтынбеков пен партия, совет қызметінде шыңдалған, өмірінің соңғы жылдарында қалалық баспахананы басқарған Базаркүл Серікбаеваның сүйікті қызы.

Бүгінде сексеннің сенгіріне шығып отырған академик Әбдуәли Тұғанбайұлы Қайдарды түркістандықтар атынан мерейтойымен шын жүректен құттықтай отырып, ғұлама ғалым жайлы жазылған шәкірттерінің мақалаларын оқырмандар назарына ұсынғанды жөн көрдік.

Академик Әбдуәли Қайдар жарты ғасыр бойы екі тілді – қазақ және ұйғыр тілдерін қатар зерттеп, сондай-ақ жалпы және салыстырма түркологиялық проблемалармен де үздіксіз шұғылданып келе жатқан, нысан етіп алған ғылыми зерттеулерінің көкжиегі кең, тақырыптық, талғамы мол, есімі елімізге ғана емес, бүкіл түркология әлеміне әйгілі тіл мамандарының бірі. Ғалымның жалпы түркология ғылымына, соның ішінде әсіресе, қазақ тіл білімі мен ұйғыртану саласына қосқан нақтылы үлесі мен сіңірген еңбегін оның жариялаған 400-ге жуық ірілі-кішілі (жалпы көлемі 600 б.т. астам) зерттеулерінен, оларда көтерілген сан алуан лингвистикалық т.б. проблемалардың теориялық өзектілігі мен практикалық қажеттілігінен де, тақырыбынан да айқын көруге болады.

Жарты ғасыр бойы үш тілде (қазақ, ұйғыр, орыс тілдерінде) жазылған, олардың кейбіреулері («Қазіргі заманғы ұйғыр тілі», «Түркітануға кіріспе» т.б.) қытай, түрік т.б. тілдерге аударылып басылған, жеке монография, оқулық, сөздік, топтама жинақ, мақала түрінде дүниеге келген бұл еңбектер, мәні мен маңызы жағынан ғалымның көп жылдар бойы тынбай жүргізген зерттеулерінің нәтижесі екендігі белгілі.

Академик Әбдуәли Қайдардың тіл білімі бойынша, әсіресе түркітану саласындағы бұл ізденістері мен зерттеулерінің басты ерекшеліктеріне олардың кең тыныстылығын, нысана етіп алған проблемалардың әржақтылығын, тақырыптардың саналуандығын жатқызуға болады. Ал Әбекеңнің ерекшелігі – тіл құбылыстарына жан-жақты қарауы әмбебап көзқарас, тиімді тәсіл деуге болады. Ғалым болмысында бұл тәсіл мен көзқарастың қалыптасуының өзіндік себептері де бар.

Бұл зерттеулерді саралап, тақырыптық топтарға жіктеп, тіл білімінде қалыптасқан құрамдық салаларға сәйкес сұрыптап қарағанда, академик Ә.Қайдардың жалпы түркология әлеміндегі, соның ішінде қазақ және ұйғыр тіл біліміне қосқан үлесін төмендегі: 1) лексикология, 2) диалектология, 3) этнолингвистика, 4) тіл құрылысы, 5) түркітану мен алтаистика, 6) ғылым тарихы, 7) тіл саясаты, 8) ғылым жалғасы – оқулық т.б. лингвистика саласынан және оларға тікелей қатысты: сөзтану, этимология, ономастика, терминология, семасиология, фразеология сияқты тауарларынан туындайтын проблемалық тақырыптардан айқын көреміз.

Академик Ә.Қайдардың оқулық жазып жатқанына 45 жыл болды. Сол уақыттың ішінде ол жалпы саны 32 кітап жазды. Бұлардың бәрі, әрине, ұлан-ғайыр еңбек. Ал бұл оқулық, оқу құралдарынан сусындап 45 жыл бойы білім алып, мамандық, игеріп келе жатқан жастарды көз алдымы-

зға елестетсек, ғалымның бұл саладағы еңбегінің ақталғаны деп білеміз. Академик Ә.Қайдарды шын мәнісіндегі ұлағатты ұстаз деп тануға болады.

Енді Әбекеңнің өмір жолдарына көз салсақ, осыдан сексен жыл бұрын жер жаннаты Жетісудың төрінде, басын мәңгі ақ қар шалған асқар Алатаудың баурайына жайғасқан Талдыбұлақта туып, есейіп, ержеткен ол Ұлы Отан соғысының сұрапыл күндерін бастан өткеріп, 1954–1995 жылдары ҚР Ұлттық ғылым академиясында кіші және аға ғылыми қызметкер, бөлім бастығы, Тіл білімі институты директорының орынбасары, директоры болып қызмет атқарып келді. 1982 жылдан бастап әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті филология факультетінің тіл кафедрасы бойынша профессоры, 1995 жылдан бастап ҚР БжҒМ А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының құрметті директоры.

Ә.Қайдарға берілген атақ-лауазым, дәреже, мәртебелерді санама-лап жеткізу мүмкін емес, майданда кіші лейтенант әскери дәрежесіне ие болса, ғылымда түркі тілдері бойынша профессор, филология ғылымдарының докторы, ҚР ҒА География және қоғамдық ғылымдар саласы бойынша Ш.Уәлиханов атындағы I дәрежелі сыйлықтың иегері, ҚР ҰҒА академигі, қайраткері, Түркияның Ататүрік атындағы «Діл куруми» лингвистикалық қоғамының құрметті (академик) мүшесі, Башқұртстан Ғылым академиясының құрметті академигі, осылай жалғаса береді.

Майдандағы ерлігі мен еңбектегі жетістіктеріне орай Әбдуәли Қайдар III дәрежелі «Даңқ», «Қызыл Жұлдыз», I дәрежелі және II дәрежелі «Отан соғысы» ордендерімен және медальдармен марапатталса, «Халықтар достығы», ҚР «Отан», Түркия мемлекетінің «Құрмет белгісі» ордендеріне және «Қазақ ССР халық ағарту ісінің үздігі», Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының «Ана тілінің алтын айбары» атты алтын белгісіне ие болды.

Әбекеңнің білім, ғылым саласында шәкірттері көптеп саналады. Нақтылай айтқанда шәкірттерінің жалпы санын Әбекеңнің өзі 130 шақты деп санайды, Олардың 9-ы докторлықты қорғаса, 11 қорғау үстінде, 46-сы кандидаттықты қорғаған, 30-ы қорғау үстінде, 34-дипломанттар.

«Ғылым дүниесінде ұстаздың өз шәкірттері туралы мағлұмат беру дәстүрі әр жерде-ақ байқалады, – дейді Әбекең, Ондағы мақсат – бір тамшы болса да ғалым ғылым мұхитына өзі қосқан үлесінің нарқы мен парқын айыра білуі. Мен шәкірттерімді өзімнің ғылымдағы жалғасым, өрісім деп білемін».

Академик Әбдуәли Қайдар туралы, оның ғылымдағы, білімдегі, қоғамдағы өзіндік орны, ой-парасаты, игілікті істері мен абзал қасиеттері туралы көп айтуға болады. Ол ғылымда да, өмірде де азаматтық биік

тұғырдан көрінуге, белсенді позициясын сақтауға талпынысы зор азамат ғалым, өз ісіне шын берілген, барша саналы ғұмырын тынымсыз ізденіспен өткізіп келе жатқан еңбекқор адам.

Ана сүтімен бойына дарыған ана тілінің құдіретті күшін, биік рухы мен асыл қасиетін сезініп өскен ғалымға еңбегіңіз жемісті бола берсін, өмір жасыңыз ұзақ та баянды болсын деп тілек білдіріп, Әбекеңді 80 жылдық мерейтойымен құттықтаймыз!

М.Ержанов.

«Түркістан». №52(8523). 10 желтоқсан. Жұма. 2004.

Жетекшімді мақтан етемін

Жоғары оқу орнының талабы – ғылыммен айналысу, тақырып алып, ізденіп, диссертация қорғау. Осы уақытқа дейін барлық күш-жігерімді мектеп оқушыларына сапалы дәріс беруге жұмсап жүрген көп оқытушының бірі едім. Білім министрлігінің «Оқу ісінің үздігі» белгісін қанағат тұтып, одан басқаның мәнісіне онша түсінбей, ашылғанына екі-үш-ақ жыл болған университетте студенттерді оқытып жүрген болатынмын. Осы кезде студенттерге лекция оқу үшін университеттің қазақ тілі кафедрасына белгілі ғалым академик Ә.Қайдар келді. Бүкіл саналы ғұмырын білім, ғылымға арнаған ұлы ұстаздың аузынан шыққан әрбір сөзі шәкірттер жүрегіне нұр болып құйылып, университеттің сәні де кіріп қалғандай еді. Сол жолы осы университеттен бірнеше оқытушы ізденуші ретінде Әбдуәли ағайдың шәкірті болып тіркелді. Кафедра меңгерушісі М.Ержановтың ұсынысымен мен де тақырып, тапсырма алдым.

Алғашқы жылы кәдімгі ақ парақтай тап-таза, ештеңені түсінбей жүрдім. Қалай іздену керек, қандай кітап оқу керек, материалды қалай жинақтау керек деген сұрақтардың жауабын таба алмай әрі-сәрі күй кештім. Кафедраның мүшесі ретінде ол кісі 2-3 жыл қатарынан келіп, лекция оқып тұрды. Әр келгенде арнайы іздеп барып, жолығып, ақыл-кеңесін алуға асығатынмын. Ұстазымыздың өзінің келіп тұрғаны, жаңадан ашылған оқу орны оқытушыларына Алланың берген сыйындай әсер етті.

«Оқу ісінің үздігі» белгісі де адамға оңай беріле салмайтыны белгілі. Ол үшін педагогтың іс-тәжірибесі мектеп ішінде, қала көлемінде, облыс, республика деңгейінде таратылып, соның нәтижесінде ғана берілетін баға. Осы сатылардан өтемін, биіктерге жетемін деп жүргенде адамның жасы да жылдармен жылжып талайға жететіні белгілі. Сол ойдан шыға алмай, «ғылымға кештеу, жастық күш-жігерім сарқылған кезде келдімау» деп үміттен гөрі күдігім басым болып жүрсем де жыл сайын кезекті еңбек демалысымда Алматыдағы Тіл білімі институтына барып, үлкен-

үлкен кітапханаларда отырып, ізденіс жұмыстарымен шұғылдана бердім. Бір күні жетекшіме: «Ағай, мына жұмыстарымды қарап бересіз бе, өзім университетке, ғылымға кеш келдім бе деп ойым сан-саққа жүгіріп толғанып жүрмін. Осы тақырып бойынша жүргеніме бірнеше жыл болды. Минимумдарды тапсырдым, қорғауға шығайыншы» деппін. Сөйтсем ағайым: «Сендер қартайсаңдар онда біз кім болғанымыз, ғылымда жаскәрі деген болмайды. Хадистегі «Бесіктен қабірге дейін білім іздеу керек» дегенді оқымап па ең. Анық ғылым іздеген адам шаршамайды. «Оқу, білім, ғылым – инемен құдық, қазғандай», деген осы. Басыңды көтер, әлі көп ізденуің керек, осы тақырыбыңа сәйкес, еліктеуіштер категориясын («Бейнелеуіш егістіктердің этнолингвистикалық, сипаты») қазақ тіл білімінде, түркологияда зерттеген ғалымдардың еңбегімен танысып, салыстырып кел. Әлі көп ізденіп оқуың керек, онсыз қорғай алмайсың» деген болатын.

Әбдуәли ағайдың осы сөзі маған күш-жігер бергендей болды, ішімнен үнемі ыңғайсызданып жүретін менің қиялым шарықтап, қанат біткендей шабыттандым. Жігеріме-жігер қосылып, неше жыл сарсылып, Алматы мен екі ортаны жол етіп, инемен құдық қазғандай ізденіп жүріп жеті жыл дегенде әйтеуір қорғап шықтым- ау. Сөйтіп, бүкіл саналы ғұмырын ғылымға арнаған ғұлама ғалымның шәкірті болдым. Тіл білімінің бірегей тұлғасының шәкірті деген мен үшін құрметті атақ әрдайым ізденіс үстінде жұмыс істеуге ұмтылдырып, білімге, ғылымға деген құштарлығымды арттыра түскенін мақтаныш етемін қазір.

Бүгінде сексеннің сеңгіріне шықса да қолынан қаламы түспей, тың еңбектерін жарыққа шығарып, ғылым қуған жастарға жөн сілтеп, жол-басшы болып жүрген ғылыми жетекшім – Әбдуәли ағайымның биіктен көріне беруіне тілектестігімді білдіріп, мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр тілеймін.

Б.Оспанова.

«Түркістан». №52(8523). 10 желтоқсан. 2004.

Тамырын жайған бәйтерек

Өмір – осы бір төрт әріптен құралған мағынасы мол, тынысы кең, қасиеті шексіз асыл сөзде қаншама жанның тағдыры, қайғысы мен қуанышы, ұлылардың жалғасы, тарихтың сырлы қақпасы жатыр десеңіші. Иә, әрбір жанда бір өмір, көрікті де ғажайып, біреудің өмірін көріп ашынасың, ал біреуіне қызығасың, енді бірінен ғибрат аласың.

Тарихты тереңнен сыр шертетін Түркістан қаласы – мұсылман атаулының бас иетін киелі мекені. Әбдуәли ағамен алғашқы рет Түркістан жерінде жүздестім. Ағамыз қалада тұңғыш ашылған А.Ясауи бабамыздың

есімімен аталатын білім ордасына 1996 жылы дәріс оқуға келген болатын. Ғылымның баспалдағына аяқ басуға талпынып, сол жолды таңдадым.

Ғылыми жұмысымның тақырыбын Ә.Қайдар ағадан алу бақыты маған бұйырғанына тәуба етемін. Қазақ тілі кафедрасына ағамен кездесуге асыға келдім. Есікті аша бергенімде төрде отырған, жүзінен ерекше жылылық пен ұылылықтың, өмір жолын теңіздің табанында ғылымға арнаған, табиғатында зеректік пен зерделіліктің, ерте қалыптасқан кісіліктің лебі есетін қарапайым жанның келбетін көрдім.

«Ғылым жолы – кез келгеннің еншісіне тие бермейтін қызығы мен қиындығы қатарласа жүретін даңғыл жол. Ғылым – инемен құдық қазғанмен бірдей. Ол көпшілік қолды іс емес, білімді бірегейлердің ісі болып саналады. Ғылым бір сәтте жасала салатын дүние емес, ол – ғасырлар бойы, бір ұрпақтың ғана емес, сан ұрпақтың ақыл-парасатынан туындайтын ұзақ мерзімді мәңгілік дүние. Ол – ылғи қозғалыста, жаңа ой-пікірлермен толассыз толығу үстінде болса ғана, жас талапкерлер үзбей жалғастырып, ұластырып отырғанда ғана өмірі ұзарып, кемелдене түседі. Өзі шұғылданып отырып ғылымның осы бір даму заңдылықтарын әрбір ғалым жіті білуі тиіс. Міне, ғылым дүниесіндегі осы жолды таңдаған екенсің, балам, ғылымдағы алғашқы қадамың құтты болып, нық болғай» – деп келешегіме сәттілік тілеп, ғылыми жұмысымның тақырыбын ұсынды. Осы сәттен бастап Әбдуәлі ағаны да терең танып, ол кісіден ғибрат ала бастадым.

Әрбір ұлттың өзіндік биік мұраты, әр тілдің өзіне тән қадір-қасиеті бар. Адам табиғатпен біртұтас, үндес жаратылыс болса, оның тілі – адамзат жаратылысының басты қасиеті. Әр тіл – өз орнында ұлы. Қазақ халқы мен қазақ тілінің тағдыры – бірге өрбіп, бірге дамыған, тұтасып жатқан бір әлем. Қазақтың тілі әлемі тұнып тұрған ойдан, құнды сөзден тұрады. Құнды сөз құнарлы ойдан, ой неғұрлым терең болса, сөз мазмұны соншалықты көрікті, сөз соншалықты әсерлі болады. Тілдің құдіреті – сөздің құдіреттілігінде, сөздің құдіреті оның мәнінде, мағынасында.

Қазақ тілін түбегейлі, терең зерттеу арқылы ұлттың болмысын танытқан, ана тілінің қоғамдағы орнын анықтап, мемлекеттік тілдің мәртебесін жоғары деңгейге көтерген, аса көрнекті ғалым ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР еңбек сіңірген ғылым қайраткері Әбдуәлі Туғанбайұлы Қайдар. Ғасырлар тоғысында тұтас бір дәуірдің рухани жүгін арқалаған ғалымның бүкіл саналы ғұмыры Қазақ тілінің – Қазақ сөзінің құдіреті мен қасиетіне арналады.

Сөз – ғасырдың жемісі. Әр сөздің түп-төркінінде халықтың тарихы, ұлттық өмір сүру салты, ой-қиялы жатады. Мақал-мәтелдер бұрын да, қазір де көбінесе ауыз әдебиетінің кіші жанры ретінде әдебиетшілер та-

рапынан, ұлттық философияның танымдық негізі ретінде философтар тарапынан, көркем шығарма аудармасымен шұғылданушылар оның баламасын дұрыс беру тұрғысынан зерттеп келген болса, ғалым Ә.Қайдар мен оның шәкірттерінің еңбектерінде көркем сөз арсеналындағы ғасырлар бойы қалыптасып, әбден тұрақтанған, қолдануға сайланып жұрт алдында дайын тұратын көркем сөз арсеналының аса бір қуатты да құнарлы, бейнелі де әсерлі тіл құралы, тұрақтанған күрделі мағыналық бірлік ретінде қарастырылуда. Мақал-мәтелдер қазіргі кезде: 1) фразеологизмдерге кейбір ұқсастығына қарай – фразеология объектісі, құрам-құрылымы тұрғысынан – синтаксис объектісі, мағына, тақырып тұрғысынан – жалпы лексикология, қолданыс, тілдік норма тұрғысынан – стилистика объектісі болып отыр. Мақал-мәтелдердің мән-мағынасы мен о бастағы жасалу уәжіне тереңірек үңілуге байланысты оның этнолингвистикалық қыр-сыры да ашылды. Ғалым Ә.Қайдардың бұл саладағы өзіндік түсінік-тұжырымы бойынша «фразеологиялық тіркестер де, мақал-мәтелдер де – тіл астында тілі бар құбылыс».

Ғалым сөздің тегін, тілдің тарихын тереңдете зерттеу арқылы адамзаттың тарихын, түркі әлемінің, қазақ елінің басынан өткерген этностық, ұлыстық, ұлттық қалыптасу, даму жолдарын танып-білуге мүмкіндік жасайды. Бұл – адамзат құндылығы ретінде тілді құрметтеу ғана емес, адамға қажетті құндылықтарды сақтау, бағалау, келешек ұрпаққа ғылым тілімен жеткізу, аманат етіп тапсыру. Ә.Қайдардың ерекшелігі – тіл құбылыстарына жан-жақты қарауы. «Ұстаз» сөзінің ұлағатты, қасиетті, киелі саналуы, оның өркениетті қоғамда арқалаған асыл да абзал жүгіне байланысты. 18 мың ғаламның асылы мен абзалы да, парасаты асып, мәртебесі тасқан биігі де – ұстаз, ол жер бетіндегі барша тіршіліктің тұлғасы саналатын Адам. Адам саналы өмірінде талай ұстаздардың алдынан өтеді. Жүрек түкпірінде ұялап, мәңгі пір тұтар ұстаздардың орны бөлек. Сондай ұстаздардың бірі – өзіне қимайтын қымбат уақытын шәкірттерінен аямайтын қамқоршы, елге істеген игілікті ісін міндет етіп, бұлдамайтын, ал өзін ел алдында да, ғылым алдында да, үлкен мен кіші алдында парыздар, қарыздар санайтын, барша саналы ғұмырын тынымсыз ізденіспен өткізіп келе жатқан еңбекқор адам Ә.Қайдар.

Ол – ана тілінің тағдырына жан дүниесімен күйінетін, ол үшін кіммен болса да бел шешіп күресуге дайын ұлтжанды ғалым.

Ол – ғылымның жан-жақты дамуына, өрісінің кеңеюіне, өрісінің өсуіне өзінің де, өзгенің үлес қосуын қалайтын ғалым.

Ол – қаншама кітап жазса да, «ең жақсы кітабым әлі жазылған жоқ» дейтін сыпайы ғалым.

Шәкірттерінің ұстазы жайлы пікірлері осындай.

Айналасына топтала жиналған шәкірттеріне ұстаздық нұрын шашқан ғалымның келбеті маған тамырын тереңге жайған бәйтеректі елестетеді. Иә, бәйтерек. Тілге – пана, елге – пана болған бәйтерек. Сол бәйтеректен қаншама дана өрлей өсіп, бұл күнде олардың әрбірі елімізге аянбай қызмет етуде.

Ұстаз бақыты деген міне осы болар. Ұлағаты мол жанды ұлы десем артықтық етпес. Ғалым мен ғылымның астасып жататын осынау 80 жасқа толған мерейтойы қарсаңында ұстазыма деген алғысым шексіз. Шығармашылық шабытыңыз тоқырамасын, мерейіңіз үстем болсын. Ол үшін әрдайым деніңіз сау болсын! Өмір жолында да, ғылым жолында да табыстар тілеймін. Әрдайым жүзіңізден қуаныштың ұзақ та сарқылмайтын іздері арылмасын, аға!

Ш.Қарсыбекова.

«Ұстаз Һәм шәкірт». Алматы: Арыс. 2004. 133 б.

Майқангер – ғалым

Әбдуәли Қайдар 1924 жылдың 13 желтоқсанында Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданындағы Талдыбұлақ ауылында қызметкердің отбасында дүниеге келген. Әкесі Қайдар соғыс басталысымен Алматыда жасақталған 100 ұлттық бригаданың құрамында әскерге аттанып, 1942 жылдың 1 желтоқсанында Великие Луки қаласының түбіндегі Плеханов деревнясын алу кезіндегі шайқаста ерлікпен қаза тапқан. Анасы Жанбала апай 90 жасап, беріде қайтыс болды.

Әбекең мектептің 9 сыныбын бітірген кезде Ұлы Отан соғысы басталады. Жасының әскер қатарына алуға толмауына байланысты әскери комиссариат майданға жібермегендіктен, Түрген қаласындағы мұғалімдер курсына түседі. Бірақ оқуын бітірместен, 1942 жылдың 3 мамырында, 17 жасқа толар толмас шағында, өз өтінішімен қан майданға аттанып жүре береді. Ташкентте 3 ай оқып, радио-телеграфист мамандығын игергеннен соң Калинин, II Беларусь майдандарында соғысқа қатысады. Великие Луки қаласын жаудан азат ету кезінде сол қолынан жараланып, Торжок, Кальчугино қалаларындағы госпитальдарда емделіп, қайта майданға оралғанда Невель қаласы үшін соғыста контузия алды. Одан соң Кострома қаласында уақытша тұрған ленинградтық әскери-инженерлік училищеде оқып, кіші лейтенант әскери атағын алғаннан кейін II Беларусь майданы құрамында Одер өзенінен понтонды көпір жалдап өту операциясына қатысады. Жеңісті Щецин/Штеттин портты қаласында қарсы алады.

Төрт жыл толарсақтан қан кешіп, ата жаумен айқасқан Әбекең кеудесіне соғыста көрсеткен ерліктері үшін III дәрежелі «Даңқ» орденін, екі «Қызыл Жұлдыз» орденін, I және II дәрежелі «Отан соғысы» ор-

дендерін және Ұлы Отан соғысы медальдарын тағып, 1946 жылдың қыркүйегінде туған елге оралады. Бұл ғалымның, өз сөзімен айтқанда, «азаматтық тұрғыдан» алғаш көрінуі еді. Енді Әбекеңді бейбіт күндер майданы күтіп тұрған болатын.

1946 жылы әскер қатарынан босатылған Әбекең Еңбекшіқазақ аудандық әскери комиссариаты әкімшілік-шаруашылық бөлімінің бастығы болып істейді. Есік қаласындағы қазақ орта мектебінің 10 сыныбын экстерн бітіріп, 1947 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті филология факультетінің қазақ бөліміне оқуға түсіп, өзі айтқандай «бір жылда екі курс» бітіріп, 1951 жылы университетті аяқтап шығады. Университеттегі ұстазы І.Кеңесбаевтың жетекшілігімен ұйғыр тілінен диплом жұмысын жазып, қорғаған Әбекең 1951–1954 жылдары Қазақ ССР Ғылым академиясының ұйғыр-дұнған мәдениеті секторында «ұйғыр тілі» мамандығы бойынша аспирантурада оқиды.

Тақырып таңдау, ғылыми жетекші бекіту мәселесінде сол кездегі Ғылым академиясының президенті, академик Қаныш Сәтбаевтан көрген шарапаты туралы Әбекең былайша тебірене еске алады:

«– Олай болса, сіздің ғылыми жетекшіңіз Малов болсын. Сергей Ефимович – ұлы түрколог, ол соғыс жылдарында Алматыда тұрды. Академияны құру қарсаңында өзінің көп ақыл-кеңестерін берген. Ұйғыр-дұнған мәдениеті секторын да сол кісінің кеңесімен құрғанбыз. Ол кісі қазір Ленинградта тұрады. Ұйғыр тілінен одан жүйрік ғалым жоқ. Сол кісіге шәкірт болыңыз. Барып-келіп тұрасыз... – деп өзінің (президенттік) шешімін айтты.

Міне, сол сәттен бастап мен сыры мол, тылсым ғылым дүниесіне ұзақ сапарға шыққанымда ғайыптан пайда болып, жол сілтеген Қызыр бабамды кездестіргендей сезіндім. Шаттандым, шабыттандым. «Алыс сапар да алғашқы қадамнан басталады» дегендей, Қанекеңнің ақ батасымен аспирант болып басталған қадамым оң болып, Қанекең іргесін қалаған сол ғылым сарапында бүгінде академик дәрежесіне дейін көтеріліп, жүріп жатқан жағдайымыз бар».

1954 жылдан бастап Ә.Қайдар ҚазССР Ғылым академиясының ұйғыр-дұнған секторында кіші ғылыми қызметкер, Шығыстану секторында аға ғылыми қызметкер, Ұйғыр филологиясы бөлімінің, Ұйғыртану бөлімінің меңгерушісі, директордың ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары, Лексикология бөлімінің меңгерушісі, 1978–1995 жылдары А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры, 1995 жылдан осы институттың құрметті директоры.

Ғалым 1955 жылы атақты түрколог К.К.Юдахиннің жетекшілігімен «Қазіргі ұйғыр тіліндегі қос сөздер» деген тақырыпта кандидаттық диссертацияны ойдағыдай қорғап шығады.

1969 жылы Әбекеңнің «Қазіргі ұйғыр әдеби тілінің дамуы» (Алматы: Ғылым баспасы, I бөлім) атты еңбегі жарық көреді. Кезінде отандық және шетелдік түркітанушы ғалымдар бұл еңбек туралы ғылыми баспасөз беттерінде пікір айтып, жылы лебіздерін білдірді. Осы еңбектің негізінде ғалым 1970 жылы Бакуде докторлық диссертация қорғап, филология ғылымдары докторы атағын алды.

1971 жылы «Развитие современного уйгурского литературного языка» атты монографиясы үшін Ә.Қайдар География және қоғамдық ғылымдар саласы бойынша Ш.Уәлиханов атындағы I сыйлыққа ие болды. Бұл туралы Әбекең: «...монографиям академия құзырындағы осы сыйлықты беретін Комиссияның мүшесі ретінде академик-жазушы Сәбит Мұқановқа ресми рецензияға беріліпті. Сәбең менің қалың кітабыммен жете танысып шығып, риза болғандығы сонша, қорытынды сөзінде осы жұмыстың авторы Ә.Қайдаровқа Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың тек бірінші дәрежесі берілуін талап етіпті.

...Сәбеңнің осы бір жақсылығын ұмытпауды мен өзімнің азаматтық парызым деп білемін» – деп үлкен ризашылықпен еске алады.

Қазақ және ұйғыр тілдерінің көрнекті маманы, белгілі түркітанушы – ғалым, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі (1983), Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1982), Ш.Уәлиханов атындағы I дәрежелі сыйлықтың иегері (1971), Түркияның «Dil kurumu» лингвистикалық қоғамының құрметті (академик) мүшесі (1989), Башқұртстан Ұлттық ғылым академиясының құрметті академигі (1991), филология ғылымдарының докторы (1970), «Түркі тілдері» мамандығы бойынша профессор (1972), Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің (1983), Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің (1997) профессоры, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті (1989–2004). ҚР ҰҒА А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының директоры (1978–1995), ал 1995 жылдан бастап құрметті директоры, Ұлы Отан соғысының ардагері, Республикаға еңбегі сіңген дербес зейнеткер Әбуәли Қайдар саналы ғұмырының кейінгі жарты ғасырдан астамын тіл біліміне арнап, осы салада жемісті еңбек етіп келеді.

Бүгінге дейін ғалым жалпы түркітану ғылымы, соның ішінде қазақ тіл білімі мен ұйғыртану саласы бойынша 400-ге жуық ірілі-кішілі, жаппы көмегі 600 баспа табақтан астам зерттеу еңбектерін жариялаған екен.

Жарты ғасыр бойы үш тілде (қазақ, ұйғыр, орыс тілдерінде) жазылған, олардың кейбіреулері («Қазіргі заман ұйғыр тілі», «Түркітануға кіріспе» (М.Оразовпен бірге) қытай, түрік т.б. тілдерге аударылып басылған, жеке монография, оқулық, сөздік, топтама-жинақ, мақала түрінде дүниеге келген бұл еңбектер, мәні мен маңызын айтпағанның өзінде, тек олардың

ауқым-аумағының өзі-ақ ғалымның көп жылдар бойы тынбай жүргізген зерттеулерінің нәтижесі екендігі белгілі. 600 баспа табақтан астам еңбектің жариялануын және сол мөлшердегі дүниенің баспаға дайындалып жатуын ғалымның ерлікке бергісіз еңбекқорлығының нәтижесі деп қараған жөн.

Академик Ә.Қайдардың жалпы түркітану әлеміндегі, соның ішінде қазақ және ұйғыр тіл біліміне қосқан үлесін, салған өзіндік ізін біз негізінен төмендегі: 1) *лексикология*, 2) *диалектология*, 3) *этнолингвистика*, 4) *тіл құрылысы*, 5) *түркітану және алтаистика*, 6) *ғылым тарихы*, 1) *тіл саясаты*, 8) *ғылым жалғасы – оқулық* т.б. лингвистика салаларынан және оларға тікелей қатысты: сөзтану, этимология, ономастика, терминология, семасиология, фразеология және т.б. сияқты олардың жеке тарауларынан туындайтын 30-ға жуық проблемалық тақырыптардан айқын көреміз.

«Ел басына күн туған» Ұлы Отан соғысы кезінде қолына қару алып, анталаған фашистерден қасиетті Ел мен Жерді қорғауға аттанған Әбекең «тіл басына қауіп төнген» кезде қолына қаламын, қасына пікірлес, ұлтжанды азаматтарды алып, аяқ асты болып бара жатқан қазақ тілінің намысын қорғауға шығады. Сол қиын-қыстау кезеңде, қазақ тілінің басына бұлт үйіріліп тұрған алмағайып шақта Әбекең жиындарда, баспасөз беттерінде қазақ тілінің мұңын мұңдап, жоғын жоқтап, қазақ тілінің мемлекеттік тіл болуына толық құқылы екендігін ғылыми тұрғыда негіздеген, халықаралық «Қазақ тілі» қоғамын құрып, халықтың ұйқыдағы рухын оятқан, сөйтіп азаматтық тұғырдан көріне білген ірі тұлға.

Қазақтың белгілі ғалымы, ҚР ҰҒА академигі, ф.ғ.д., профессор, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері Рахманқұл Бердібай: «1986 жылғы Желтоқсанның қасіретті шындығын, барлық елге мәлім ету жолындағы қайсар әрекеттерді қазақ ұлы ұмыта қоймас. Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алуы таласқа түсіп, таразы басы «қостілділік» дегенге тіреліп тұрған кезде: «жоқ олай емес, зәбір көрген қазақ тілінің мәртебесін көтерудің бірден-бір жолы оның бір өзіне ғана мемлекеттік тіл дәрежесін беру» деп табандылық көрсеткен, сөйтіп, жұртшылық пікірін бұруға себепкер болған академик Ә.Қайдаровтың байсалды да берік байламының мәнін дұшпаны ғана кемітер...» – десе (Егемен Қазақстан, 28.04.1992), Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы Семей облыстық ұйымы мен облыстық тіл басқармасы Ә.Қайдар туралы жазылған мақаласында: «Түйіндеп айтсақ, академик Ә.Қайдаровтың жез емес, алтын екенін, ез емес, батыр екенін, шөл емес, дала екенін, нөл емес, дана екенін уақыт айқындап беріп отыр» – деп сипаттапты («Үш анық», 1994. №12).

Әбекеңнің қаламынан туған еңбектерінің барын санамалап шығудың өзі бір шағын мақаланың көлемінде мүмкін емес. Осы орайда соңғы бірер жылда жарық көрген және баспаға даярланып жатқан еңбектерін атауды жөн көрдік.

«Халық даналығы» (Алматы, 2003) қазақтың мақал-мәтелін ғылыми тұрғыдан зерттеген, екі мың мақал-мәтелдің мағынасын ашып, түсіндірме берген бір тума еңбек болса, ғалымның ұзақ жылдар бойы зерттеуінің нәтижесі – «Қаңлы: шежірелі тарих» (Алматы, 2004) атты тарихи-лингвистикалық еңбегі академик Ә.Нысанбаевтың бағалауынша «бір институттың зерттеу жұмысына татырлық еңбек» болып шыққан. 2004 жылы «Ұстаз бен шәкірт», «Структура односложных корней и основ в казахском языке» (2 басылым) еңбектері «Арыс» баспасынан жарық көрді.

Ғалымның жариялануға дайын тұрған және дайындалып жатқан еңбектерінің кейбіреулерін атап көрсетсек, олар:

- «Қазақтар: ана тілі әлемінде» 4 томдық этнолингвистикалық сөздік.
- «Этимологический словарь казахского языка» 2 том.
- «Қазақ тіліндегі қос сөздер. Зерттеу және сөздік».
- «Қазақтар қандай халық: бір сауалға жүз жауап» этнолингвистикалық топтама және т.б.

Ғалымның ғылымға қосқан үлесі өзі жариялаған ғылыми еңбектерімен қатар, оның идеясын ілгері дамыта түсетін, ол қалыптастырған ғылыми мектептің игі дәстүрін одан әрі жалғастыратын шәкірттер тәрбиелеумен де өлшенетіні белгілі. Әбекең бұл салада да жемісті еңбек етіп, ғылыми ортаға үлгі болған адам.

Ә.Қайдардың ғылыми жетекшілігімен докторлық, кандидаттық қорғаған және қорғайтын шәкірттерінің саны 130 шақты екен. Олардың ғылым докторлары: қорғағаны – 9, қорғайтыны – 11, кандидаттар: қорғағаны – 46, қорғайтыны – 30 және дипломанттары 34 адам.

Әбекеңнің шәкірттері мемлекет қайраткері, жоғары оқу орындарында доцент, профессор, кафедра меңгерушісі, ғылым саласында – президент, директор, ғылыми қызметкер, бөлім меңгерушілері болып қызмет атқарып, ұстаздарының жолын жалғастырып, өздері де ұстаздық жасап жүрген ізгі жандар.

Әбекең – қазақ, ұйғыр, татар, түрік, қырғыз, карақалпақ, өзбек, башқұрт, орыс, хакас, қарашай, алтай, жапон, корей және т.б. халықтарынан шәкірттер тәрбиелеген шын мәніндегі интернационалист-ғалым.

Ә.Қайдар ғылымға қосқан үлесі, ғылымды ұйымдастыруда қол жеткізген табыстары, еткен еңбектері үшін ҚазССР Жоғарғы Советінің Құрмет грамотасымен (1971), «Қазақ ССР халық ағарту ісінің үздігі» (1985), «Еңбектегі ерлігі үшін» (1970), «Еңбек ардагері» (1985) медальдарымен және «Халықтар достығы» (1985), «Отан» (1996) ордендерімен,

Түркия мемлекетінің «Құрмет белгісі» орденімен (1998), Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының «Ана тілінің айбары» атты алтын белгісімен (2000) марапатталды.

Ұлы Отан соғысының ардагері, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері, майдангер-ғалым, ұлағатты ұстаз Әбдуәли Қайдар ағамызды Ұлы жеңістің 60 жылдық мерекесімен құттықтай отырып, зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, шығармашылық табыс тілейміз.

С.Құдасов.

«Қазақстанның ғылыми әлемі».

№1. Мамыр-маусым. 2005. 185-188 бб.

Академик Ә.Қайдардың ғылыми еңбектерінің теориялық маңызы

Қазақ тіл білімінің, жалпы түркологияның көркейіп, дамуы жолында 60 жылға тарта табанды да өнімді қызмет етіп келе жатқан, оның кемеліне келіп, толысуына айтарлықтай сүбелі үлес қосып отырған ғұлама ғалымның сіңірген еңбегі ұлан-ғайыр екені – бүгінгі түркітану дүниесі мен қазақтың зиялы қауымына кеңінен мәлім. Ғалымды бұл ретте тіл білімінің нағыз қаһарманы деп атау өте орынды да заңды баға екені даусыз. Академик Ә.Қайдардың жарық көрген көлемді де мазмұнды, теориялық ой-пікір, салиқалы тұжырымдар мен пайымдауларға толы көлемді де мазмұнды еңбектері – оңай көтере алмас ауыр жүк. Ғалымның тілші шәкірттері мен басқа да зерттеушілердің жазған еңбектерін оқып отырғанда сол теориялық пайымдаулар мен тұжырымдарға үнемі жүгініп, бағыт-бағдар алып, сілтемелер беріп отырғандарын жиі кездестіресің. Соңғы 5-6 жылдағы еңбектері: «**Ғылымдағы ғұмыр**» (2000, 316 б.), «**Қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері**» (2000, 362 б.), «**Тысяча метких и образных выражений**» (2003, 368 С.), «**Түркітануға кіріспе**» (2004, 358 б.), «**Халық даналығы**» (2004, 558 б.), «**Қаңлы**» (2004, 610 б.), «**Структура односложных корней и основ в казахском языке**» (2005, 295 С.), «**Қазақ қандай халық?**» (2008, 650 б.).

Ғалымның осыншама мазмұнды да сапалы еңбектерінде салиқалы да нанымды тұжырымдар, нақтылы пікірлер мен соны жаңалықтар бары мамандарға мәлім. Әсіресе этнолингвистика, терминология, лексикология, терминология бойынша жасалған тұжырымдарының мәні ерекше зор. Оның осыншама еңбектерді жазуға негіз болып, жол салған тұңғыш монографиясы, түркітану саласындағы тың да жаңа жұмысы – ұйғыр тіл біліміне тән күрделі зерттеу «**Қазіргі ұйғыр әдеби тілінің дамуы**» (1969 ж.) атты кітабы жаңа ой-пікір, тың талдауларға толы,

теориялық пайымдауларға бай күрделі еңбек. Өйткені ұйғыр тілі – түркі тілдес халықтар арасындағы бұрыннан жазуы бар, азаматтық тарихы мол елдің тілі. Түркологтардың пікірінше, ұйғыр әдеби тілінің жасалуы X–XI ғасырдағы Қараханид мемлекетінен басталады. Әрине әдеби тілдің жасалу процесі халықтың жазу тарихымен де байланысты. Көне ұйғыр тілінің төрт түрлі жазу үлгісін бастан кешіргені мәлім. Олар: манихей жазуы (V ғасыр), руникалық тас жазуы (V–VIII ғғ.), ұйғыр жазуы (VIII–XVIII ғғ.) және араб жазуы. Бұл жазулармен жарық көрген әдебиеттің көне ұйғыр тілі тарихына тікелей қатысы бар. Олардың бәрі де аса құнды ескерткіштер.

Қазіргі ұйғыр тілі белгілі түрколог-ғалымдарымыз тарапынан қолға алынғанымен, оның көптеген мәселелері жете зерттелмей келді. Осы кезге дейін ұйғыр әдеби тілінің даму тарихы және диалектінің әдеби тілге қатысы туралы күрделі еңбек болмады. Міне, Әбдуәли Қайдаровтың «Ғылым» баспасынан жарық көрген «Қазіргі ұйғыр әдеби тілінің дамуы» атты көлемді монографиялық зерттеуі көкейде жүрген осы мәселеге арналған.

Бұған дейін қазіргі ұйғыр әдеби тілінің, диалектілерінің қалыптасуын ғылыми жүйеде жинақтап баяндаған еңбек болған жоқ. Демек, бұл еңбек ұйғыр тіл біліміне ғана емес, бүкіл түркі тілдерін зерттеуге қосылған үлкен үлес. Материалдың толықтығы мен әр жақтылығы, автордың зерттеп отырған мәселелерін баяндау тәсілі, ұйғыр тілі мен диалектілері туралы еңбектерге жасалған тарихи терең шолу және автордың білім арнасының кендігі, ұйғыр тілі мен диалектісін зерттеуге қосқан үлесі айқын көрінеді.

Ұйғыр диалектілерінің негізгі айырым белгілерін және оларды саралап, жіктеу жайы халықтық тілдің сипатымен байланысты. Жалпы ұйғыр тілін белгілі бір диалект яки топ, говорға бөлу, екшеу принципі түркологияда бұрыннан бар. Ә.Қайдаров оларды жаңаша топтастыра отырып, оқушыға бұрынғы зерттеушілерден ерекше өзіндік соны тұжырым, дәлелді теориялық пікірлер ұсынады. Автор жалпы халықтық ұйғыр тілін бес диалектілік топқа бөліп қарап, олардың өзара ерекшеліктерін жеке-жеке сипаттайды. Автор көрсеткен лексикалық диалектизмнің (194-199 беттер) көптеген көне, тарихи сөздерді айқындауда мәні зор. Кітапта автор Іле ұйғырларының «куча-турфандық» және «қашқар-жәркенттік» деген топтарға бөлген. Ұйғыр тілін осылай топтастырып саралаудың нәтижесінде, әсіресе куча-турфандық говордың ерекшелік қасиеттері жан-жақты анықталған. Сөйтіп, ұйғыр диалектілерінің айырым белгілерін ажыратумен бірге олардың әдеби тілге қатысын да зерттеген.

Автор Синьцзян ұйғырларының диалектілерін негізінен үш салаға бөліп, олардың айырым белгілері ретінде дыбыстық, морфологиялық, лексикалық ерекшеліктерді негізге алады. Бұл диалектілерге тән қасиет морфологиялық және лексикалық ерекшеліктер екені еңбекте анық көрінеді. Автордың топтастыруы бойынша, Синьцзян ұйғыр әдеби тілінің диалектілік негізі «орталық» диалект болып шығады. Ол бұл әдеби тілдің айтылу нормасы Құлжа ұйғырлары тілінің дыбыстық ерекшелігіне негізделгендігін айтады.

Монографияда көбірек орын берілген әрі терең зерттелген тарау – Орталық Азия мен Қазақстан ұйғырларының диалектілері мен говорларының ерекшелігі, сол ұйғыр әдеби тілінің диалектілік негізі және осы күрделі мәселенің тарихы кітапта көрсетілгендей, кеңес ұйғырларының Қазақ, Өзбек, Қырғыз, Түркімен және Тәжік Республикаларында тұратыны мәлім. Бұлардың тіл ерекшеліктері аймақтық шегіне қарай кітапта «жетісулық» және «ферғаналық» деп екі үлкен топқа бөлінген. Олардың тілінің Қашқар және Іле ұйғырлары тіліне ұқсастығын ескере отырып, кеңес ұйғырларының тілін «қашқарлық-ферғаналық говор» және «ілілік-жетісулық говор» деген жаңа терминдермен атаған. Сондай-ақ олардың әрқайсысы өзара бірнеше топқа, говорға жіктелген. Автордың көрсетуінше, Іле-Жетісу говорында дыбыстық ерекшеліктер әдеби тілдің нормасына жақындау. Ал «қашқарлық» және «турфандық» говорларда морфологиялық және лексикалық ерекшеліктер әдеби тілде басымырақ келеді. Кеңес ұйғыр әдеби тілінің диалектілік негізін анықтауда көп талас пікірлер болғаны белгілі. Ә.Қайдаров өз зерттеуінде кеңес ұйғыр әдеби тілінің диалектілік негізін қалауда Іле-Құлжа үлгісімен айтылатын Жетісу ұйғырларының тілі зор роль атқарып отырғанын ғылыми негізде дәлелдеп берген. Іле-Жетісу және Қашқар-Ферғана говорларының диалектілік негізінде жасалған кеңес ұйғырларының әдеби тілі Синьцзян ұйғыр әдеби тілі нормаларын қалыптастыруға және дамытуға игі әсер еткенін көптеген нақтылы материалдармен дәлелдеген.

Кітаптың барлық тарауында әңгімеленген мәселенің тарихы, әсіресе көне және жаңа дәуірдегі ұйғырлар туралы тарихи-этнографиялық бай мәліметтер берілген. Бұл материалдар көне халықтың ертедегі тарихи жазба мәдениетін, тілін әр кездегі диалектілерінің жайын, даму, қалыптасу кезеңдерін айқын көрсетеді.

Ұйғыр тілінің зерттелу тарихына арналған бөлімнің жақсы зерттелгенін атап айту керек. Ол құнды мәліметтерге бай. Ұйғыр тілінің түркі тілдерінің арасынан алатын орны күрделі мәселенің бірі. Атап айтқанда, Орта Азияда ортағасырлық түркі әдеби тілінің қалыптасуына көне ұйғыр тілінің тигізген әсері мен ықпалы тарихтан белгілі. Бұл мәселені автор жаңа деректерге сүйене отырып, жалпы түркологиялық дәрежеде

көтерген. Қазіргі ұйғыр тілінің көне ұйғыр тілімен байланысы, сондай-ақ, диалектілерде сақталған көне элементтер, ол тілді тарихи дәуірге бөлу сияқты өзекті мәселелер автор зейінінен тыс қалмаған. Әлбетте, мұның бәрі қазіргі ұйғырлардың көне ұйғырларға қатысы, этногенезісі жайлы үлкен мәселелерді келешекте зерттеуге ой саларлық бағыт болары шүбәсіз.

Ә.Қайдаровтың зертеуінде жалпы халықтық тілдің әдеби тілмен байланысы және әдеби тілдің негізі, әдеби норма және басқа күрделі мәселелер теориялық тұрғыда баяндалып, шешімін тапқан.

Ә.Қайдаровтың «Ғылым» баспасы шығарып отырған бұл түбегейлі соны зерттеуі – тек ұйғыр тілі тарихына емес, жалпы түркологияға қосылған үлкен үлес болып саналады. Бұл еңбекке түрколог ғалымдар Г.Дорфер, Ә.Р.Тенишев, қазақ тіл білімінің көрнекті ғалымдары: М.Балақаев, С.Омарбеков, Ғ.Қалиев, Н.Жүнісов т.б. жылы лебіз айтып, пікірлерін баспасөз беттерінде білдірген болатын. Ғалымның ертеректе жарыққа шығарған теориялық мәні аса жоғары еңбегінің бірі – қазақ тіліндегі бір құрамды түбір мен негізге арналған. Ол күрделі еңбек орыс тілінде жарияланғандықтан, өз пікірімізді орыс тілінде жазғанбыз. Алайда ол өз кезінде жарияланбаған еді. Сол жазғанымызды өзгертпей, бұрынғы қалпынша, жұрт назарына ұсынуды жөн көріп отырмыз. Монография А.Т.Қайдарова «Структура односложных корней и основ в казахском языке» (Алма-Ата: изд-во «Наука», 1986. 322 С.) посвящена одной из актуальных лексикологических проблем, а именно – развитию односложных корней и основ в современном казахском языке. Как известно, по исследованию тюркского корня в алтаистике и тюркологии имеется ряд работ и накоплен богатый материал, тогда как в казахском языке данная проблема мало изучена, до сих пор не было создано еще специальных монографических работ. В этой связи труд А.Т.Қайдарова является новым капитальным исследованием, раскрывающим всю систему и природу односложных корней и их значение в динамике развития казахского языка.

В работе всесторонне описывается история вопроса, изучение проблемы о тюркском корне, рассматривается фонологическая и семантическая структура, лексико-семантический состав, пути образования их вариантов, семантических изменений, процессы этимологической реконструкции односложных корней и основ в казахском языке.

Монография состоит из двух частей. Первая часть – исследование проблемы тюркского корня на материале современного казахского языка с широким привлечением фактов других родственных тюркских языков. Вторая часть – словарь односложных корней и основ в казахском языке.

Первая глава «К истории изучения проблемы о тюркском корне» состоит из 6-ти пунктов.

В процессе обзора существующей научной литературы по проблеме корня автор делит ее на специальные исследования, куда относит работы Г.Вамбери, Н.А.Баскакова, Э.В.Севортяна, Б.М.Юнусалиева, А.Н.Кононова, А.М.Щербака, Э.Р.Тенишова, А.Зайончковского, Н.И.Ашмарина и др. и неспециальные исследования; затрагивающие их лишь попутно.

Автор правильно отмечает, что дифференциация понятий «корень» и «основа» в настоящее время трактуется по разному в тюркских языках. Например, түбір в переводе на русский язык «корень», негізгі түбір «основной корень», түбір сөз «корневое слово». Им приводятся многочисленные примеры из трудов казаховедов о существующем разном в употреблении этих терминов. Эту причину автор видит в отсутствии четкой границы между корнем, основой и словом в тюркологии и выявляет основные недостатки. Они раскрываются особенно в разработке вопроса односложности / неодносложности, разложимости / неразложимости, самостоятельности / несамостоятельности, прозрачности / непрозрачности, устойчивости / неустойчивости и др. К постановке этих изучаемых вопросов автор подходит по-новому, выдвигает свою точку зрения.

Во второй главе «Фонологическая структура односложных корней и основ в казахском языке» устанавливаются конкретные факты. В словарном составе казахского языка количество односложных корней представлено в разных соотношениях.

В этой главе ученый дает экскурс в слоговой состав и фонологическую структуру односложных корней и основ древнетюркских и современных тюркских языках и в этом вопросе ссылается на исследования А.М.Щербака и Н.А.Баскакова.

На основе составленных таблиц по каждому типу односложных корней и основ автором получены любопытные данные, характеризующие их не только в количественном, но и фонологическом отношении. Весьма научно достоверным является положение автора о выделении односложных корней и основ по 6 типам слогов: 1) односложные корни и основы типа Г; 2) односложные корни и основы типа СГ; 3) односложные корни и основы типа СГС; 4) односложные корни и основы типа ГСС; 5) односложные корни и основы типа СГСС.

В этой главе наряду с таблицами приводятся данные о количестве слогов и фонем односложных корней и основ.

В результате исследования данной главы автор приходит к выводу о том, что односложные корни и основы в казахском языке по своим структурным типам и разновидностям полностью отражают в себе основные типы и разновидности таковых в языке древне-тюркских письменных памятников. Как устанавливает автор, ведущим типом в структуре односложных корней и основ продолжает оставаться тип СГС. В третьей главе «Фонологические факторы структурных изменений и образования вариантов ОКО» приводятся многочисленные примеры, показывающие образования различных вариантов ОКО. На основе фактических материалов приведены многочисленные фонологические и морфологические варианты ОКО. Интересным фактом является употребление общетюркского корня, выражающего понятие «дом, жилье, жилище» более чем в 20 вариантах. Главной причиной в тюркских языках всевозможных (межязыковых и внутриязыковых) вариантов ОКО, считает автор, являются фонологические факторы, т.е. всевозможные структурные изменения и преобразования корня.

В данной главе рассматриваются межязыковые варианты ОКО, образующиеся на основе соответствий звуков и внутриязыковые варианты ОКО по соответствиям гласных, где даны многочисленные убедительные примеры и соответствующие выводы автора. По убеждению автора межязыковые и внутриязыковые соответствия гласных и согласных фонем в структуре односложных корней и основ представляют собой существенный фактор в образовании возможных вариантов данной категории лексических единиц.

В четвертой главе автор путем применения метода структурного анализа выявляет, вычленяет из состава двухсложных производных основ односложные корни-основы и определяет их лексико-семантическую природу. В работе наряду с методом структурного анализа применены сравнительно-исторический метод и метод поморфемного членения структуры слова.

Интересным и научно достоверным является вычленение двухсложных глагольных и именных основ, образованных по модели **-да/-де,-та/-те;** двухсложных по модели **-ан/-ен/-н.**

В этой главе также нашли свое правильное решение отдельные темы: «вычленение корневой морфемы в структуре глагола-императива в казахском языке», «вычленение корневой морфемой в структуре двухсложных производных имен в казахском языке», «структурный анализ производных основ при разных моделях», «системный анализ структуры ОКО в тюркских языках на основе сводной таблицы» и др.

В вышеназванных темах приведены объективные данные о каждой корневой морфеме тюркских языков по всем ее фонетическим, морфологическим и семантическим параметрам.

Глава пятая посвящена лексико-грамматическим и семантическим разрядам односложных корней-основ в казахском языке.

Изучение развития и изменения лексико-грамматических и семантических разрядов ОКО имеет большое научно-практическое и теоретическое значение.

В лексико-грамматическом отношении они различаются между собой по своей принадлежности к той или иной части речи, а в семантическом плане – обобщенностью или конкретностью значения, многозначностью и омоничностью.

Сонымен, қазақ тіл біліміндегі осы бағыттағы зерттеулердің дамып, жаңа деңгейде жалғасуының өзекті бір саласы – этнолингвистика. Ол – академик Ә.Қайдардың анықтауынша, «адамзат қауымының этностық деңгейдегі балаң, бастау тұсындағы тек-тамырын, мекен-жайын, өмір тәжірибесін, салт-санасын, кәсібін жеке этностық топтардың алғашқы анайылық қалпындағы дүниетанымын, мифтік танымын, киімін, ішкен тамағын т.б. яғни мәдениетін тілі арқылы зерттейтін тіл білімінің саласы».

Осы анықтамаға сәйкес халқымыздың материалдық өндірістік деңгейі мен рухани өрісін бейнелейтін ана тіліміздің ұшан-теңіз байлығын, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып беріліп келе жатқан асыл қазынасын барынша толық жиып көрсетіп, қыр-сырын анықтау – этнолингвистиканың міндеті. Академик Ә.Қайдар *этнолингвистика* атауының құрамындағы «этно» компонентінің мәнін «этнография» ұғымымен шектемей, одан кеңірек қарайды: «Өткен бір дәуірлерде дүниеге келіп, белгілі бір географиялық ортада қалыптасқан, шұғылданған тіршілік-тірлігі бір-ыңғай, мінез-құлқы ұқсас, діні де, тілі де бір, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы ортақ, өзінің ортақ тегін, туыстығын, тұтастығын сезіне білетін, сатылап даму барысында аналық, аталық, рулық, тайпалық, ұлыстық және халықтық дәуірлерді басынан кешіріп, бүгінде дербес ел болып отырған адамдар қауымы».

Жалпы тіл біліміндегі этнолингвистиканың даму барысына шолу жасап, оның жеке сала ретіндегі негіздерін анықтауға арналған еңбегінде профессор М.М.Копыленко қазақ тіл біліміндегі академик Ә.Т.Қайдаров бастаған этнолингвистикалық мектепті «қазіргі этнолингвистикадағы жаңа бағыт» деп бағалап, оның негізгі ерекшелігін «этносты тіл айнасында анықтау» деп атап көрсетеді.

Байқап отырғанымыздай, аталмыш зерттеу саласында негізгі салмақ лингвистикаға жүктеледі. Оның себебі мен мәнін нақты түсіну үшін академик Ә.Т.Қайдаровтың төмендегі пікірін келтірейік: «Этностың басып өткен санғасырлық даму жолы, оның белгі-бейнелері біздерге тас мүсіндер мен жартастарға қашалған сына жазулар арқылы, мәдени ескерткіштер мен әртүрлі ғимараттар түрінде жетуі мүмкін. Бірақ бұлардың бәрі этнос өмірінің мың да бір елесі ғана. Оның шын мәнісіндегі даналығы мен дүниетанымы тек тілінде ғана сақталады. Әрбір дәуірде өмірге қажет болған құрал-сайманның, қару-жарақтың, киер киім мен ішер тамақтың, тұрмыстық заттар мен салт-санаға, әдет-ғұрып, наным-сенімге, ойын-күлкі, той-томалаққа байланысты ұғымдардың аты-жөні, сыр-сипаты т.б. тек тіл фактілері ретінде ғана, яғни жеке сөздер мен сөз тіркестері, фразеологизмдер мен мақал-мәтел арқылы ғана бізге жетуі мүмкін».

Ғалымның пікірінше, көненің көзіндей тілдің қат-қабат қойнауларында сақталып қалған, осы дүниенің сыры мол тіл әлемінің тереңіне үңіліп, тарихымен тұтас қарап сырын ашу – этнолингвистиканың үлесі.

Бұл орайда академик Ә.Т.Қайдаровтың ұзақ жылдар бойы орасан бай материал жинап, сұрыптап, оларды макрожүйелер («Адам», «Қоғам», «Табиғат») мен микрожүйелерге бөліп, табиғи жүйе бойынша жіктеп, топтап, өзара байланысты салаға бөліп, үлкен идеографиялық классификация негізінде жасап жатқан «Қазақтар ана тілі әлемінде» атты қазақ тілінің этнолингвистикалық сөздігінің болашағы зор, маңызы ерекше болмақ.

Болашақта халық игілігіне айналатын осы үлкен еңбектің негізгі арқауы – тіл тарихын халық тарихымен, мәдениетімен, психологиясымен сабақтас зерттеу. Сондықтан ол тек тілші-лингвистер үшін ғана емес, өз тарихын, тегін, тілін, ділін танып білсем деген адам үшін, болашақ ұрпақ үшін қажетті таным қоры. Осы арқаудың желісі ғалымның этнос болмысын тіл дәйегімен жаңа сапада зерттеген «Қаңлы: тарихи шежіре» және «Қазақ қандай халық?» монографияларында жалғасын тапқан.

Тілді халықтың биік рухының өзегі деп, ана тіліміздің асыл қасиеттерін ардақтаған, оның өркендеп дамуына өз қайрат-жігерін аямаған, бүкіл саналы және ғылыми-зерттеушілік ғұмырын тіл арқылы тұтастығын сақтап, мәдениетін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізген ұлттың тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрі негізінде тілдің ұлттұтастырушылық қызметін дәлелдеуге арнаған академик Ә.Қайдардың ғылыми мұрасы мен тұжырымдарын зерделей отырып, қазіргі қазақ қоғамындағы қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесіне сай мәні мен міндетін былайша белгілеуге болады:

– қазақ тілінің мемлекеттік тіл қызметіндегі ұлтты ұйыстырушылық мәнін күшейтудің тілтанымдық негізін айқындау;

– мемлекеттік төл мәртебесіндегі ұлттық тілдің ұлтты рухани тұтастырушылық қызметінің әлеуетін қазіргі заманның әлеуметтік мүдделеріне сәйкес жаңа аялық қолданыстар мен мүмкіншіліктері арқылы толықтыру: атап айтқанда, шаршы топ, көсемсөз, жарнама, салалық мамандар даярлау жүйесі;

– қазіргі қоғамның әртүрлі саласындағы (ғылым мен мәдениеттегі, терминдік жүйедегі, акпарат құралдарындағы, білім беру мен тәрбие саласындағы, қызмет көрсету аясындағы т.б. мемлекеттік тілдің коммуникативтік қызметінің арқауын ұлттық идеяға құрудың тетігі ретінде тілдік тұғырды ұсыну;

– ұлттық рухани мұралардағы (фольклор, жыраулар тілі, прецеденттік мәтіндер, т.б.) тілдің ұлттық-әлеуметтік мүдде қызметін түсіндіру, нақтылау;

– тілдің ұлтты рухани тұтастырушылық қызметін «ұлттық сана» мен «ұлттық рух» ұғымдарына сәйкес кешенді (психоллингвистикалық, когнитивтік, әдеби-танымдық, философиялық, әлеуметтанымдық, мәдениеттанымдық) сипатта анықтау;

– әртүрлі тарихи кезеңге сәйкес көркем мәтіндерде «астарланған», «тасаланған» ұлттық мазмұнды талдау.

Аға буынның келесі буынға ұсынар өмірлік өнегесі, ғалымдық ізденістері, ұстаздық ұлағаты жалғасын табатыны белгілі. Бұл шағын мақала ұлағатты ұстаздың ғылыми мектебінен тәлім алған, өмірдегі рухани тұғыры мен тұлғалық, қайраткерлік қасиеттерін пір тұтқан шәкіртінің ұстаз сабағынан алған үлгісі, таным-білімінің көрінісі деп түсінген абзал.

Сондықтан ойымыздың түйінін ғалымның шәкірті қазір өзі де ұлағатты ұстаз болып қалыптасқан профессор Ф.Оразбаеваның мына пікірімен тұжырымдағымыз келеді: «...тілді зерттеу деген – өз ұлтыңның табиғатын тану, сол арқылы ұлттық мәдениеттің өсуіне белгілі дәрежеде үлес қосу. Тілді әр қырынан терең зерттей келіп, оның мәнін, қызметін үлкен қоғамдық-әлеуметтік биікке көтеру – кез келген тілші-ғалымның еншісіне тиіп, маңдайына қона бермейтін бақ».

Олай болса, «Тіл тағдыры – ел тағдыры» деп басталған, қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беруге бағытталған тіл майданының бел ортасында жүріп, соған сәйкес Қазақстан Республикасында тіл саясатының қалыптасып, іске асуы мен даму, зерттеу шараларының көшбасшысы бола білуі академик Ә.Қайдардың азаматтық, ұлтжандылық, ғалымдық тұлғасының тұғырын айғақтаса, оның дәйегі – ғалымның ғылыми-зерттеушілік мұрасында. Ал бұл мұраны сипаттайтын қажырлы еңбегінің мұратын ғалым-ұстаз былай деп анықтайды: « «Мың өліп, мың тіріліп» келе жатқан қазақ халқы бүгінгі егемендігі мен тәуелсіздігінің арқасында ХХІ

ғасырда өркениетті ел болу үшін ең алдымен жер бетінде ешқашан да қайталанбайтын феномен-этнос ретінде өзін танып білу қажет. Ал ол үшін өз тілі арқылы этнос болмысын, ұлт бейнесін түбегейлі танытатын күрделі этнолингвистикалық зерттеулер керек».

Ж.А.Манкеева.

«Этнос және тіл» академик Ә.Т.Қайдардың 85 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары. Алматы: «Кие» лингвоелтану инновациялық орталығы. 2009. 15-19 бб.

Ә.Қайдаров және қазақ диалектологиясы

Ұлағатты ұстаз, ғалым, академик Ә.Қайдардың қазақ тіл білімінің қай саласын алсақ та өткір қаламының қуаты айқын танылып отырады. Академиктің жазған еңбектерінің бәрі дерлік үлкен теориялық және практикалық мәнді екендігі әлемге аян. Біздің сөз еткелі отырғанымыз Әбекеңнің қазақ диалектологиясы жайында айтқан пікірлері. Ғалым «Әдеби тіл мен жергілікті тіл ерекшеліктері арасында Қытай қорғаны» жоқ деп көрсетеді. Жергілікті халық тіліндегі фонетикалық, лексикалық, семантикалық, фразеологиялық т.б. ерекшеліктердің өздері де неше түрлі. Олардың ішінде әдеби тілде толық баламасы жоқ, бірақ ерте ме, кеш пе, әйтеуір, оның бір кәдесіне жарауға тиісті диалектизмдерге кәсіби сөздер, яғни жергілікті халықтың кәсібiне, әлеуметтік тіршілігіне, шаруашылық жағдайына табиғи ерекшелігіне байланысты ұғымдардың, заттардың, құбылыстардың атаулары жатады» – дейді.

Әдеби тілдің сөздік құрамын байытуда және оның икемділігін жетілдіріп, емле мен орфоэпиялық норманы бір ізге түсіріп қалыптастыруда халық тілінің бай қазынасын пайдаланудың маңызы зор. Ауызекі сөйлеу тілде сақталып, әдеби тілде кездесе бермейтін сан алуан фонетикалық, грамматикалық, лексикалық құбылыстар кездейсоқ пайда болмай, белгілі бір тарихи жағдайға байланысты қалыптасқан. Қазақта «кіммен көрші болсаң соның сөзін сөйлейсің», «Кен асылы жерде, сөз асылы елде» сияқты мақалдар да қалай болса солай айтыла салған сөз емес. Мысалы, қазақ тілінің байырғы лексикасының өзінде орыс тілінің, араб тілінің, иран тілдерінің және моңғол тілдерінің сөздері болуы қазақ халқының аталған халықтармен ерте дәуірлерде белгілі бір қарым-қатынаста, байланысты болғандығын көрсетеді. Сөйленістеги лексикалық ерекшеліктердің кейбіреулері тіліміздің байырғы белгілерінің ізі ретінде танылса, кейбір лексикалық құбылыстар көрші халықтар тілінің әсеріне байланысты болып келеді. Мәселен, Қазақстанның батыс диалектiсiнде оның ішінде Орал, Атырау, Орынбор, Еділ бойы қазақтарының тіліне негізінен ноғай, татар, башқұрт, қалмақ тілдерінен ауысқан атаулар. Оңтүстік диалектiсiне

көршілес Өзбекстан, Қарақалпақстан, Түркменстан, Қырғызстан тұрғындарының тілдерінен ауысқан атаулар. Жергілікті халық тілінде кездесетін лексикалық ерекшеліктердің кейбіреулері тіліміздегі белгілі сөз тудырушы журналдардың жәрдемімен жасалған туынды сөздер. Әр халықтың тілін өткен тарихымен, қоғамдық-әлеуметтік ортасына сай, рухани мәдениеті, басқа ұлттармен өзара қарым-қатынасы тәрізді факторлар арқылы қарастыру кезекті деректерді алуымызға көптеген мүмкіндік береді. Академик Ә.Қайдар: «Ал тіл болса әрқашан белгілі бір этностың генеологиясымен, азаматтық тарихымен, өмір сүрген ортасымен, қоғамдық даму дәуірімен, материалдық және рухани мәдениетімен, шаруашылық кәсіп түрлерімен, салт-сана, әдет-ғұрпымен тікелей байланысты» – дейді. Бір тілдің өзіндік қасиеттері мен даму жолдарын білу үшін ең алдымен сол тілде сөйлейтін халықтың өткені мен бүгінгіне үңілу болып табылады. Олардың өзіндік өмірлік тарихи заңдылықтары бар. Бұл заңдылықтарды білу, белгілі бір лингвистикалық ортаның, бір не бірнеше аймақта шоғырланған этностық топтың тіл ерекшеліктерін нақты фактілер негізінде жіті тексеріп, оның сыр-сипатын аша түсу, сайып келгенде, сол тілдің тарихын, кешегісі мен бүгінгісін тереңнен түсінуге мүмкіндік береді. Соңғы кездері қазақ тілінің құрамындағы диалектілік, яғни жергілікті ерекшеліктерді зерттеу жұмысы Республика көлемінен шығып, жақын шет елдерде тұратын қазақтардың тілін де қамти бастады. Бұл мәселелерге байланысты жазылған ірі-ірі монографиялық еңбектер де, үлкен де кішілі мақалалар да, құнды еңбектер, диссертациялар жазылды. Осы тұста соңғы кездері жазылып жүрген диссертациялардың кейбіреулеріне айтылатын ұсыныс-пікірімізді білдіре кеткенді жөн санаймыз. Жергілікті тіл ерекшеліктерін зерттеуші өзі тұрып жатқан мекенінің (аудан немесе облыс) тұрғындарының диалектісін зерттеу көп қиындық келтіреді. Себебі, өзінің ауылының тілі оған (зерттеушіге) әдеби тіл болып көрінетіні белгілі. Диссертанттардың жетекшілеріне құлақ қағыс ретінде айтарымыз – зерттеуші өзі тұратын мекенінен басқа облыс не аудан тұрғындарының тілін зерттегені жөн. Мәселен, осы жолдардың авторы Қазақстаннан тысқары «Еділ бойының қазақтарының тіл ерекшеліктері» атты тақырыпта академик Ә.Қайдардың жетекшілігімен диссертация қорғады. Басқа елді аралау оңайға түскен жоқ. Ең қызығы аяқ басқан сайын, көлікте жүрсен де жергілікті ерекшеліктер тайға таңба басқандай анық естіліп, көрініп тұрады екен. Мәселен, кеменің, қайықтың атауларына оның бөліктеріне байланысты сөздер. Балықшылардың желкенді ағаш қайығын – *бағрауша*, тұтас ағаштан ойып жасаған қайықты – *будара*, балық аулайтын қайық түрін – *ау қайық* деп атайды. Қайық ішіне кісі отыратын орынды *мінбе*, қайықтың ішкі ағаштарын *кергі*, қайықтың кішкене керме ағаштарын – *бөген*, қайықтың жақ тақтайын – *бұран*, қайықтың бір бүйірге көлбетпеу үшін пайдаланатын, теңестіретін жүгін – *зілқара*, жеңіл қайық аударылмас үшін салмақ ретінде салынатын ауыр-

лық затты – *теңгерме*, қайыққа көлденең орнатылған ағашты – *банка* деп атайды. Жаңа аулаған балықты салатын ыдысты – *астауша*, қайық ішіне толған суды төгетін ыдысты – *шөміш* дейді. Бұдан басқа: *шалан* – үлкен кеме. Шаланның ұзындығы 150 метр болады. *Батаға* – рыбкомбинат. Мен әуелде батағада істедім. Кейін оны таратып жіберді. *Ыдыс* – кеме, транспорт. Бос ыдыстар әкеліп қойылып, ертесіне жүк артты (Волгоград облысы).

Белгілі аймақтағы жергілікті ерекшеліктерге өзін қоршаған өзге туыс, туыстық қатысы жоқ тілдер айқын әсер етеді. Мәселен, Өзбекстан, Түркменстан, Қытай, Моңғол, Ресей қазақтарының тілі де үлкен әсерге ұшыраған. Қазақ жерінің әр өлкесін қоныстанған жергілікті халықтың ауызекі тілінде қыруар сөз бар. Мәселен, Қазақстанда Орталық, Солтүстік өңірінде қолданылатын *кәкпір* сөзі, Жетісу төңірегінде *көпсері*, Оңтүстік диалектісінде *шәулі* сөзі қолданылады. Сол сияқты орыс тіліндегі *коридорды* оңтүстік қазақтарында *дәліз*, бездельникті *бекерші*, пельменді *тұшпара*, батыс сөйленісінде плащты *жамылшы*, керосинді *жер май*, кубканы *тоғыт* деп алсақ, әу баста құлаққа тосындау естілгенімен, кейін олардың да бірте-бірте әдеби тілімізге сіңісіп кетуі әбден мүмкін. Сонымен қатар профессионализм деп аталатын біраз сөздеріміз әдеби тіліміздегі сөз байлығының сарқылмас көзі, төл қазынасы деп айтуға болады. Мәселен, ирригация кәсібі төңірегінде оңтүстік аймақта айтылатын *әуіт*, *тұран*, *нарсалма*, *тоғын*, *уат* т.б сөздер әдеби терминологиямыздың баии түсері ақиқат. Қазақтың диалектілері мен сөйленістерінің әлі күнге ескерілмей, зерттеушілер назарынан тыс жатқан сөздері баршылық.

Кәсіби сөздер терминдік лексиканы қалыптастыруда негізгі арналардың бірі болып табылады. Термин ретінде қалыптасып кеткен кәсіби сөздер де белгілі бір ұғымның нақты, дәл мағынасын анықтайды. Ұлттық тілде олардың мағынасын дәл беретін баламалары жоқ. Мысалы, *жылым*, *танап*, *қозапая*, *дақыл* сияқты сөздерді басқаша атауға, басқа сөздермен ауыстыруға болмайды. Яғни кәсіби сөздер халықтық негізде әртүрлі кәсіптің дамуымен байланыста қалыптасады.

Диалектизмдердің құрамында сөздің тарихына қатысты мол мағлұматтар беретін көнерген сөздер (архаизмдер), тарихи сөздер (историзмдер) кездеседі. Кейбір сөздер жазуға түспегенмен, диалектілік сөйленісте сақталып қалады. Сондықтан олардың тілдік тарихы, этимологиясы үшін беретін маңызы зор. Халықтың ауызекі тілі халық диалектілері мен сөйленістері әдеби тілімізді байытудың қайнар көзі, құнарлы арнасы болып табылады.

А.Тасымов.

«Этнос және тіл» академик Ә.Т.Қайдардың 85 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары. Алматы: «Кие» лингвоелтану инновациялық орталығы. 2009. 15-19 бб.

Ә.Т.Қайдар қазақ қуапектологиясы жауынға

Алдымен 2003 жылы ақпанның 20-сында Өскемен қаласында өткен «Қазақстандағы мемлекеттік тілдің жағдайы мен келешегі» деген тақырыпта халықаралық ғылыми-тәжірибелік маслихаттағы халық жазушысы, сенатор Әбіш Кекілбайұлы сөйлеген сөзінен үзінді келтіргенді жөн көрдік. Қазақ тілін ұлттық мемлекеттік тіліне айналдыру кезеңінің көсемдері, мұның қолбасшысы Ахмет Байтұрсынов болса, күні кеше ғана 80–90 жылдары сол процестер Қазақстан жерінде, қазақ топырағында қайталанды. Бұл қозғалыстың үлкен ұйымдастырушысы болған, осы кезге дейін бас сардары болып отырған академик Әбдуәли Қайдар, құдайға шүкір, орталарыңызда отыр – деді. Қазіргі қазақ тілі – түркі тобындағы ең дамыған, ең жетілген тіл екендігін түрік мәдениет қайраткерлері (тарихшы, тілші, әдебиетші ғалымдар) бір ауыздан мойындап отырғандығын да тілге тиек етті. Тіл мәдениетінің жетіліп, әдеби тілдің саралана түсуіне қосқан қомақты үлесі Әбдуәли Қайдардың салиқалы сөздері бұл жалғанда қазақ тілімен бірге өмір сүрері ақиқат. Әбекең бүкіл түркология әлеміне әйгілі тіл мамандарының бірегейі. Ғалымның жалпы түркология әлеміндегі, соның ішінде қазақ және ұйғыр тіл біліміне қосқан үлесі айрықша. Әдеби тілдің анықтамасы, дәуірленуі, диалектіге қатысты жалпы мәселелердің ешбірін де назардан тыс қалдырмаған ғалым бәріне қатысты өзіндік көзқарасын білдіріп отырады. Академиктің ғылыми-шығармашылық қызметін жүйелеп айтатын болсақ негізінен: лексикология, этнолингвистика, диалектология, тіл құрылысы, түркітану және алтаистика, ғылым тарихы, тіл саясаты, ғылым жалғасы т.б. лингвистика салаларынан және оларға қатысты сөзтану, этимология, ономастика, терминология, семасиология, фразеология т.б. сияқты проблемалық тақырыптарды айтуға болады. Ғалым аталған еңбектерінде әдеби тіл лексиканың молаю жолдары, кірме сөздер туралы да келелі ой қозғайды. Қазақ тілі мемлекеттік мәртебеге ие болғаннан кейінгі уақытта оның ғылыми, мәдени өмірімізде, сондай-ақ еліміздің сыртқы және ішкі саяси өмірінде де қолданылу аясының күн санап дамып келе жатқандығы белгілі. Бұл ана тіліміздің еркіндік алып, мемлекеттік тіл дәрежесіне ие болған тұсын мақтанышпен айта аламыз. Академик Әбдуәли Қайдардың тілтанымдағы көп жылдық ғылыми-шығармашылық ізденістері мен зерттеулерінің нәтижесін біз тіл білімінің грамматика, фонетика, семасиология салаларымен астарласып келетінін кәреміз. Әбекеңнің қаламынан туған еңбектер арасынан этнолингвистика туралы жұмыстарын да айырықша атап өткен жөн. Жалпы тіл білімінде этнолингвистика саласы теориялық тұрғыдан көптен бері белгілі болса да, іс жүзінде, әсіресе, түркі тілдерінде кең қолданыс таба алмай келе жатқан мәселе. Қазақ тіл білімінде бұл проблемамен алғаш шұғылдана бастаған ғалым Ә.Қайдар

болды деп айта аламыз. Содан бері қазақ этнолингвистикасының бағыт-бағдары айқындалып, ғылыми тұжырымдамасы жасалды. Көптеген кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғалды. Осы қыруар істердің басқарушы көш басы да академик Ә.Қайдар екендігі ғалымдар қауымына белгілі. 2002 жылдың қыркүйек айында Түркістан қаласында Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде түрколог ғалымдардың халықаралық бірінші конференциясында сөз алған Тіл білімі институтының директоры, профессор Көбей Хұсайыновтың баяндамасынан да бір үзінді келтіре кеткенді жөн санадық. «Этнолингвистика, лингвокультурология в казахском языкознании школа этнолингвистика возглавляемая Абдуали Кайдаровым и целая плеяда его учеников разработали основные принципы данного направления примечательно к казахскому языку. Их теоретические выводы и практические выкладки вносят значительный вклад в современную Казахстанскую языковедческую науку» – деді. Әбекеңнің ғылыми шығармашылығында елеулі орын алатын тағы бір сала – диалектология. Бұл сала бойынша жариялаған 10-нан астам ірілі-ұсақты зерттеулері 1970 жылы қорғаған «Уйгурские диалекты и диалектная основа литературного языка» атты докторлық диссертацияда көтерілген проблемаларға байланысты. Айтпағымыз, Ә.Қайдар осы еңбектеріне байланысты түркологияда белгілі диалектолог ғалым ретінде танымал. Осы орайда ғалымның қазақ диалектологиясы жайында айтқан пікірін келтіре кетпекпіз. «Жергілікті халық тіліндегі фонетикалық, лексикалық, семантикалық, фразеологиялық т.б. ерекшеліктердің өздері де неше түрлі. Олардың ішінде әдеби тілде толық баламасы жоқ, бірақ ерте ме, кеш пе, әйтеуір оның бір кәдесіне жарауға тиісті диалектизмдерге кәсіби сөздер, яки жергілікті халықтың кәсібін, әлеуметтік тіршілігіне, шаруашылық жағдайына, табиғи ерекшеліктеріне байланысты ұғымдардың, заттардың, құбылыстардың атаулары жатады...». «Әдеби тіл мен жергілікті тіл ерекшеліктері арасында қытай қорғаны жоқ» – деп көрсетеді [Қайдаров Ә. Сөз өнері дертпен тең. «Қазақ әдебиеті», 1983, 29 июль].

Ал жалпы әдеби тіліміз үшін шағын бір өлкенің жергілікті тұрғындарына ғана аяң, өзге жердің халқы әлі күнге естіп білмеген, бірақ қажетке жарарлық сөздер де, сөз тіркестері де халық тілінде жетерлік. Оған мысал ретінде халқымыздың алып жазушысы, белгілі сөз зергері М.Әуезовтің «Білекке-білек» деген әңгімесінде Жетісу өлкесі қазақтарының тіліне тән көптеген сөздерді өз кейіпкерінің аузына салса, «Өскен өркен» романында Қазақстанның оңтүстік өлкесінің тұрғындарының тілінде ғана кездесетін жергілікті сөздер мен сөз тіркестерін көреміз. Яғни әдеби тіл мен диалектілер арасына жік қоюға болмайды. Халық тіліндегі айтылған ойды дәл көрсететін жергілікті мәні бар бағалы сөздер, асыл элементтердің әдеби тілге жиі еніп отыратындығын дәлелдеп жатудың

өзі артық айтқандық емес деп білген жөн. Сөз қазынасының не бір асылы халықта, ел аузында, тек соларды талғам таразысынан өткізіп, сұрыптап, елеп-екшеп ала білгеніміз абзал. Біз бұл шағын мақаламызда аса көрнекті ғалым-ұстаз Әбдуәли Қайдардың тіл білімі саласындағы қыруар еңбектерінің ішіндегі қазақ этнолингвистикасы мен диалектологиясы төңірегіндегі кейбір ғалымдардың көзқарастары мен пікірлері жайында ғана сөз қозғадық.

А.Тасымов.

Тұңғырлы тұңға

Адамзат тілінің табиғатын зерттеу бүкіл адамзат болмысын зерттептанумен парапар. Ал жалпы адамзат болмысы әр халықтың, ұлттың өмір сүру кредосымен, ой-санасының даму ерекшелігімен айғақталады.

Әрбір ұлттың өзіндік биік мұраты, әр тілдің өзіне тән қадір-қасиеті бар. «Тіл – халықтың автопортреті. Әр тіл – өз орнында ұлы. Әр тіл – бүкіл адамзат қазынасының ортақ палитрасындағы өз орнымен қымбат», – дейді Шыңғыс Айтматов. Қазақ халқы мен қазақ тілінің тағдыры – бірге өрбіп, бірге дамыған, тұтасып жатқан бір әлем. Қазақтың тіл әлемі тұнып тұрған философиялық ойдан, құнды сөзден тұрады. Құнды сөз құнарлы ойдан туады, ой неғұрлым терең болса, сөз мазмұны соншалықты көрікті, сөз соншалықты әсерлі болады.

Белгілі бір халықтың тілін зерттеу дегеніміз – тіл иесінің қоғамдық-әлеуметтік өмірін, тіршілігінің көзін, рухани мәдениетін, салт-дәстүр, әдет-ғұрпын танып білу; ұлттық психологияның, ұлттық дүниетанымының қыры мен сыр-сипатын зерделеу өз ұлттыңның табиғатын тану деген сөз.

Қазақ ұлты мен тілінің даналығын, сөзінің құдіреті мен қасиетін өрелі ой, әсем сөзбен өре білумен қатар, тілдің өзінің фактілерімен: тіл кеңістігіндегі тарихы терең, мазмұны бай сөздік қордың қазынасын талдау мен талқылау арқылы дәлелдеп көрсету – ғалым мұраты. Ғ.Мүсірепов: «Нағыз ғалым, ол – ойы терең, пікірі дәлелді, тұжырымы байсалды, мінезі биязы, зерттеуі пайдалы жан», – деп түйіндегендей, шынайы ғалымның ойы – дана, пікірі – дара. Әр ғалым келбеті концептуалды тұжырымдарымен, ойлы пайымдауларымен, ғылымдағы қолтаңбасымен ерекшеленеді. Бұл оның өзіне тән сыр-сипатының даралығын көрсетеді.

Ұлт тілінің даналығы мен даралығын ғылыми түрде дәлелдеу табиғатынан ерекше дарындылықты, аса білімділікті (фундаментальный) қажет етеді.

Қазақ тілін түбегейлі, терең зерттеу арқылы ұлттың болмысын танытқан, ана тілінің қоғамдағы орнын анықтап, мемлекеттік тілдің мәртебесін жоғары деңгейге көтерген, аса көрнекті ғалым – ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы,

профессор, ҚР еңбек сіңірген ғылым қайраткері Әбдуәли Туғанбайұлы Қайдар.

Ғасырлар тоғысында тұтас бір дәуірдің рухани жүгін арқалаған ғалымның бүкіл саналы ғұмыры Қазақ тілінің – Қазақ сөзінің құдіреті мен қасиетіне арналады.

Ғалым зерттеген келелі проблемалар, ұсынған ғылыми ой-тұжырымдар, ұстанған ғылыми принциптер тіл білімінің кең өрістеуіне игі ықпал етіп отыр. Академик Ә.Қайдар бүгінде күллі түркі әлемі мақтан тұтатын бірнеше лингвистикалық мектепті қалыптастырды. Біріншісі – «сөз тануға», «түбір тануға» қатысты приоритетті бағыттағы мектеп (синкретизм, плеоназм, имитативтер, моносиллабтар, гомогенді омонимдер, кос сөздер, киелі сөздер, т.б.); екіншісі – «этностаным» мен «тілтаным» тоғысынан туындайтын этнолингвистикалық бағыттағы мектеп; үшіншісі – қазақ және басқа да түркі тілдерімен моңғол, корей, жапон тілдерінің қарым-қатынасын зерделеуге, «алтай теориясын» тектеуге, тексеруге бағытталған қазақстандық алтаистикалық мектеп.

Ә.Қайдар тіл арқылы этнос тарихын, этнос болмысын зерттейтін қазақ тіл біліміндегі жаңа ғылыми бағыт – этнолингвистиканың негізін қалады. Қазақ этнолингвистикасы – бүгінде жаңа ғылыми бағыттан жеке ғылым саласына айналған дербес пән. Тәуелсіз Қазақстанның туын биік ұстар ұлтжанды ұрпақ, білікті маман тәрбиелеу – Қазақстан Республикасының жалпы білім берудің мемлекеттік бағдарламасында алға қойылған басты мақсат. Осы мақсатқа сай «Этнолингвистика» пәні еліміздің жоғары оқу орындарының филология факультеттерінде оқытылып келеді. Пәннің оқу-әдістемелік кешенін, типтік-оқу бағдарламасын жасауда ғалымның тікелей бағыттауымен қазақ тілінің табиғаты мен ерекшелігіне сәйкес жазылған ғылыми зерттеулер басшылыққа алынып отыр.

Ғалымның соңғы кезде жарияланған жаңа еңбектерінің өзі осы саланың дербестік мәртебесін айғақтай түседі. «Бір мың әсерлі де бейнелі оралым» (2003), «Халық даналығы» (2004) сияқты еңбектерінде Ә.Қайдар тіл арқылы ұлттық ділдің (менталитет) өзгеде жоқ қайталанбас тұрпатын **зерттеу-сөздік** түрінде, мол иллюстративті материал негізінде ашып көрсетті.

Бейнелі де тұрақты оралымдардың тілдік-поэтикалық және танымдық табиғатын этнолингвистикалық тұрғыдан әрі сөздік, әрі зерттеу түрінде таңдау тіл ғылымында бұрын-соңды кездеспеген, тың ғылыми амал-тәсіл. «Халық даналығы» – бұрындары фразеологияның шеңберінде қарастырылып келген мақал-мәтелдерді жаңа сала паремеологияның нақты зерттеу объектісі ретінде айқындаған, паремеологиялық зерттеулердің бір қырын, атап айтқанда, этнолингвистикалық аспектісін көрсеткен, бағдарламалық сипаттағы іргелі еңбек.

Ғалымға тән аталмыш дара сипат қазіргі әлемдік мәдениет пен өркениетке ерекше ықпалын тигізіп отырған жаһандасу процесі кезінде

айрықша маңызды орын алады. Себебі Қазақстан – Батыс пен Шығыс қайшыласуы мен қамшыласулары тәніне де, жанына да аямай жарақат салған, ана тілі мен ата дінінен айырылып қала жаздаған ел.

Ғ.Мүсірепов сөзімен айтқанда: «Біз сағат санап, күн санап өскен ел емес, заман таңбаларын санап өскен елміз».

Осы ретте тіл арқылы этносты тану мен бағалаудың өзгеше үлгісін жаңашыл ғылыми бағыттың ерекше үрдісін қалыптастырып отырған ғалым еңбектері жаһандасу кезеңінде тіл тарихы мен ел тарихын жете меңгеруге игі ықпалын тигізеді. Өйткені өзінің даму тарихында әртүрлі кезеңдерді бастан кешкен қазақ этносы жаһандасу процесінде тілін, ділін, бай сөздік қоры мен мәдениетін, өркениетті адамзатқа сай сипаттарын сақтай алғанда ғана өзінің іргелі ұлттық мақсатының биігінен көрінбек. Ол үшін тіл тарихы мен халық тарихын тұтастыра, ұштастыра зерттеген ғалым еңбектері мәнді де бағалы.

Әбдуәли Қайдар тіл тарихын халық тарихымен тығыз байланыста зерттеу арқылы қазақ этносының даму тарихын, сөз байлығының шығу арнасы мен түпкі көзін ғылыми-теориялық негізде дәлелдеп, халық игілігіне айналдарды. Сөз – ғасырдың жемісі, демек әр сөздің түп-төркініде халықтың тарихы, ұлттың өмір сүру салты, ой-қиялы жатады. Тілші «Бір буынды түбірлер мен негіздер – қазақ тілінің, сондай-ақ барлық түркі тілдерінің байырғы сөздік қорының ұйытқысы, негізгі өзегі» деген пікірді ұсына отырып, халықтық, ұлттық тілдердің шығу көзін құрайтын түбір сөздер дербес лексикалық бірліктер болып табылатындығына басты назар аударады. Алғашқы түбіртектің құрамы мен құрылысын айқындау арқылы ғалым түркі тілдерінің тамырын, тілдік қарым-қатынасқа ұйытқы болатын сөздің түп-төркінін ғылыми негізде талдайды. Ғалым зерттеген сөздің төркіні, түп-тамыры, құрамы мен құрылысы, мәні мен мазмұны жаратылысы мен дамуы, өзгеруі мен жаңаруы сияқты мәселелердің барлығы, айналып келгенде, сөзтаным ілімін ғана емес, адамзаттың тілтанымға қатысты білімін тереңдетеді. Түптеп келгенде, бұл – тек тілші-лингвистер үшін ғана пайдалы ілім емес, өз тарихын, тегін, халқын, ұлтын танып-білуде ұрпақ үшін аса қажет білім.

Бірде көпке танымал бір математиктің сөзін естідім: «Немерем мектептегі мұғалім тапсырды деп бір сөздің мән-жайын сұрады. Мен ары-бері біраз кітаптарды ақтарып таба алмай, сосын Әбекеңнің (Қайдар) зерттеуін ашсам, барлық мағлұмат сонда тұр. Қуанғаным сондай, немерем алдындағы міндетімді орындағандай болдым. Содан бері Әбекең Қайдаровтың кітаптарын столымның үстінде сақтайтын болдым», – деді.

Ғалым үшін бұдан артық баға бар ма?! Тілші еңбегі – бүгінгі, ертеңгі, келешектегі күллі ұрпаққа керек; ұлтыңды, еліңді, жеріңді, өзіңді танып зерделеу үшін қажет білім беретін еңбек. Ғалым тіл арқылы этносты, халықты, ұлтты танып білудің әрі ғылыми, әрі адамзатқа қажетті мектебін жасауда.

Әбдуәли Қайдардың тілдің тарихын, сөздің түп-төркінін сыртқы және ішкі факторлардың ықпалын салғастыра отырып тереңдете, жан-жақты зерттеуі академикті тілші-ғалым шеңберінен шығарып, тарихшы ретінде танытып «Қаңлы: тарихи шежіре» атты зерттеу еңбегінің жазылуына алып келді.

Тілші-ғалымның: «Этностың балаң кезінен ересек тартып, ұлт болып қалыптасқанға дейінгі инсандық болмысын, тарихи көшін, дүнияуи табиғатын басқа емес, тек тіл феномені арқылы танып-білуге болады», – деген ғылыми идеясын «Қаңлы: тарихи шежіре» (2004) атты зерттеуі түбегейлі дәлелдеп берді.

Ә.Қайдардың қаламынан туған қаңлы тайпасының тұңғыш этникалық баяны «Қаңлы: тарихи шежіре» – қаңлы тайпасына қатысты тілдік, тарихи, әлеуметтік, рухани, мәдени деректерді жан-жақты қамтыған, оларды ғылыми түрде жүйелеп, дәйекті пікір-тұжырыммен бекіткен, қазақ халқының ұлт болып қалыптасуында айрықша орны бар ерте дәуірдегі тайпалар мен мемлекеттердің тарихын, сипатын тануға септігі тиетін шынайы энциклопедия. Еңбекте қарастырылған «қаңлы» этнонимінің шығу төркіні, Қаңлы мемлекеті, қаңлы мен қазақ ру-тайпалары, қаңлы мен түркі халықтары, қаңлы мен басқа халықтар арасындағы байланыстар, қаңлы этносының рухани мәдениеті, қонысы, тараған өрісі т.б. мәселелер қазақ ұлтын, күллі түркі әлемін, сондай-ақ көшпелілер өркениетінің өткенін зерделеуге мол деректер береді, бай тарихымызды тануға, талдауға жетелейді. Еліміздің зиялы қауымы, тілші, тарихшы, этнограф, мәдениеттанушы ғалым-мамандары, оқырман жұртшылық сүйсіне қабылдаған бұл зерттеу – қазақтың рухани құндылықтарының алтын қорына қосылған қомақты үлес, ХІХ ғасырдың төл мәдени – жазба мұрасы.

Ғалым сөздің тегін, тілдің тарихын тереңдете зерттеу арқылы адамзаттың тарихын, түркі әлемінің, қазақ елінің басынан өткерген этностық, ұлыстық, ұлттық қалыптасу, даму жолдарын танып-білуге мүмкіндік жасайды. Бұл – адамзат құндылығы ретінде тілді құрметтеу ғана емес, адамға қажетті құндылықтарды сақтау, бағалау, келешек ұрпаққа ғылым тілімен жеткізу, аманат етіп тапсыру.

Ғалымының тіл мен ұлт тарихына, этнос болмысына, тілдің түп-төркіні мен сөз этимологиясына арналған зерттеулерін, лингвистикалық этюдтерін тіл әлеміндегі сөздің шежіресі, қазақ тілінің шежіресі деуге болады.

1999 жыл ел үшін де, қазақ тілі үшін де есте қалатын жыл болды. Бұл жылы президенттікке кандидаттар мемлекеттік тілден тұңғыш рет емтихан тапсырып, сынақтан өту керек болды. Осы ретте емтихан комиссиясымен сұхбаттасуға келген Елбасыға Әбдуәли Қайдар: «Қазақстанда ел үшін қызмет етуге келген кез келген министр қазақ тілін білуі керек және

олардың мемлекеттік тілден емтихан тапсырғаны жөн» деген ұсыныс айтты. Бұл пікірдің өте байсалды, салмақты айтылғаны соншалық, Елбасы бір сәт ойланып отырып қалды да, жымыып күліп: «Әбеке, ол күннің болатынына да сеніңіз», – деді. «Блайым, сол күн тез болсын» деп тілейік!

Сол сапарда комиссия мүшелері бірнеше күн сынақ өткіздік. Жауапты емтиханның аяқталуына аз уақыт қалғанда өте қажетті хаттама мен жауаптар жазылған екі-үш бет қағазды жоғары сайлау округының қызметкерлері жоғалтып алып, шарқ ұрып іздеп, әбден састы. Комиссия мүшелері отыратын столдарда сол кезде қолға түсе бермейтін аппақ, әдемі ақ қағаздар ешкімге керегі жоқ, үнемі шашылып жататын. Оған мән беріп жатқан қызметкерлер жоқ. Ол кез мұғалімдер толтыратын журнал таба алмай, зиялы қауым ескі қолжазбаларының сыртына жазып жүрген, ақ қағаз тұрғай, сары қағаздың өзі қат кезі ғой.

Сайлау басшылары сасқалақтаған соң, біздер де тыныш отыра алмай, әлгі жоғалған қағазды түгел сапырылысып іздеуге көштік. Хаттама, қол қойылған қағаз жоқ! Тіпті болмаған соң кім қандай қағаз алдық, қайда қойдық деп бәрін еске түсіруге көштік. Әбдуәли ағай ана жерде бір, мына жерде бір шашылып, керегі болмай жатқан қағаздарды қонақүйге алып кетіп жүретін. Енді тек сол ақ беттерді тексеру ғана қалды. Тездетіп барып, Әбдуәли ағай емтиханның ара-арасында бос уақытты пайдаланып жазып жүрген қолжазба қағаздарын қараса, жаңағы хаттама соның арасында бірге кетіпті. Елдің бәрі ду күлді. Әр адам әртүрлі затқа құштар болып, қызығып жатса, ғалымының көзі түскені, қызыққан – ақ қағаз екен. Нағыз ғалымға ақ қағаз бен уақыттан басқа ештеңе керек емес. Ол үшін ең қажет те маңызды нәрсе – санада толысқан ой мен ойды түсіретін қағаз бен қалам.

Тағы бір ретте Астанадан Алматыға ұшу үшін аэропортқа келдік. Келсек, самолет сәл кешігіп ұшатын болды. Біздер кофе ішіп, кітап оқып, әзіл-қалжың айтып, әрқайсымыз әр нәрсемен шұғылданып, бекер уақыт өткізуге кірістік. Қарасам, Әбдуәли ағай ұзын орындықтың үстінде папкасын алдына қойып, ұзын ақ бетті картотека сияқты ортасынан бүктеп, фразеологизмдерді жазып, оны талдап, астын сызып отыр. Біз ғылым жасау үшін ең алдымен кітаптарды үйіп алып, оларды алдамызға жайып салып, ана бетінен ана мәселені, мына бетінен мына мәселені іздеп отырар едік-ау деп ойлады.

Бірде Мұхтар Әуезов стенографистикасы Данабике Байқадамоваға «Абай жолы» романын 2 сағат сөйлеп диктовка жасап болып, «Конспектіңізді беріңіз, салыстырайын» деген стенографистикаға: «Конспектім – басымда ғой. Жиырма жыл басыма сақтаған, миымда жазылған «Абайым» ғой. Сіз тек жазып үлгеріңіз!» – депті. Академик-ғалымның басында жазылған қаншама тіркестер, сөздер, талдаулар бар. Әбдуәли

ағай Қайдардың бірнеше томдық этнолингвистикалық сөздігі, этникалық зерттеулері – бәрі ақ қағазға түсіп, жарияланатынын күтіп жатқан еңбектер. Бірде ғалым көптомдық қолжазбасын, олардың сарғайған беттерін көрсеткенде, жалғыз өзі бір зерттеу институтының еңбегін атқарып жүрген ұстазыма Алла тағаладан денсаулық, ұзақ ғұмыр сұрадым. Ұлт игілігіне, тіл қазынасына айналар ғылыми зерттеулерінің нәтижесін көруге, бастаған істі аяқтауға өмір берсін, амандық берсін деп тіледім де, уақыттың қаншалықты қымбат екенін сезіндім.

Ф.Оразбаева.

«Тіл әлемі» (мақалалар, зерттеулер).

Алматы: Ан Арыс. 2009. 62-66 бб.

Тіп абызы

Академик Әбдуәли аға Қайдардың алдына қашан барсаңыз да қаламын қағазға шанши ұстап жазып отырады. Бүгін ерекше риза болып отыр екен. Алдында баспадан жақында алған «Қазақтар қандай халық?» деген көлемі 40 баспа табақ жаңа кітабы жатыр. Сырты ерекше безендіріліпті. Суретші Н.Хлудовтың атақты «Қазақтар көші» картинасы барлық бояу бедерімен құлпыртып жіберіпті.

Соғыстан 21 жасында аман-есен елге оралғанда бар болғаны 9 кластық білімімен үлкен мақсат, таңдау алдында университетте оқысам деген ой болмады. Алдымен оныншы класты жедел аяқтау (экстренно) ниеті тұрды. Оның үстіне бала кезінен сурет салумен шұғылданған. Соғыстан кейін оқыған мектебіне келсе бір кезде өзі салған Амангелді батырдың портреті әлі ілінулі тұр екен. Сурет астына аты-жөні де жазылып қойыпты.

Суретшілер дайындайтын Алматы көркем сурет училищесіне құжат тапсыруға келсем, суретшілікті қоса меңгертумен қатар, тек орта білім береді екен. Арманым жоғары білім алу болғандықтан, оны қосынып, не де болса тәуекел деп, сол кездегі С.М. Киров атындағы КазГУ-дің тарих және филология факультетіне оқуға түстім. Мені тарих деген жағы көбірек қызықтырды. Бірақ факультетте оқи келе, әдебиеттен, тілден не бір ұстаздардың керемет лекциялары күн санап өз тылсым тереңіне бойлатып тартып әкете берді. 1-курста-ақ профессорлар Қажым Жұмалиев – әдебиет теориясынан, Бейсенбай Кенжебаев – қазақ әдебиетінен, Шамғали Сарыбаев – қазақ тілінен оқыған дәрістері оқытушылардың студентті еліктіретін өз болмысымен қоса, пән қызықтары ерекше әсер қалдыратын деп, сонау алыс шақтың естелігін жаңғырта сөйлеп отыр...

Ол кезде үкімет «майдангер студентке» бір жылда (бірінші және екінші) екі курсты бітіруіне мүмкіндік берілсін деген қаулы шығарған. Қасымда бірге оқитын, сонда ол отыздардағы жігіт, кейін белгілі

әдебиетші болған Балтабай Адамбаев бар, мен 21 жастамын, бірінші курстың екінші жартысынан-ақ, қатты дайындалып жүрдік. Ара-тұра «ұрланып» екінші курстағыларға барып, Мұхтар Әуезовтің дәрісін тыңдаймыз. О-о, ол кісінің арыдан, алыстан, тереңнен тартып тасып төгіліп тұрған білімімен көсіле сөйлейтін кездері қандай!.. Біз үзіліс кезінде бір-бірімізден қайта сұрап, естігенімізді есімізге түсіріп, кемеріне сыймай асып жатқан білім дариясын еңсеруге шамамыз әзер жетеді... Сонымен ректорымыз Т.Тәжібаевтың рұхсатымен екінші курс емтихандарын тапсыруға кірістік.

Әңгімесін ауыз әдебиетінен «досрочно» Мұхтар Әуезовке қалай тапсырғанымен сабақтады. Жолымыздың болғаны сол, бірінші пәнді тапсыруға Мұхана кез келгеніміз. Сізден дәріс алмасақ та, дайынбыз, сынап көріңіз деп қиыла өтіндік. Үйіне бара жатыр екен, жүре әңгімелесейік деген соң, Балтабай екеуіміз Совет көшесіндегі университеттен опера театрының қарсы алдындағы үйіне дейін Мұханың қойған сұрақтарына жол-жөнекей жауап беріп, пәлі, өздерің жақсы біледі екенсіңдер ғой деген риза дауысын естіп, ауыз әдебиетінен сөйтіп екеуіміз де бес алдық. Одан кейін үйіне шақырды, Балтабай екеуіміз жай ұялған сыңай көрсеткенімізбен, барғымыз келіп тұрды, Валя апайдың шәйін іштік...

Атағы сондай дардай адам, өзі Әуезов болса, бірінші курстың әшейін жүрген студенттерін кафедраға кел деп, қайтарып жібермей, жылы көңіл мен әдепті ілтипат білдіруі ұстаздың да шәкіртке деген игілік ісінің бір көрінісі шығар деп, мен іштей ойлап отырмын.

Әбдуәли ағай айтыпты деген бір сөз есіме түсті. Әлде бір жиналыстан соң, академиктің қасында екі-үш адам бар, өзара сөйлесіп тұрады. Сол сәтте бір жігіт қастарына келіп, ағайдың жанында тұрған біреуінен қолындағы қағазына қол қойып беруін өтінеді. Сонда ол жақтырмай, жұмысқа келмейсің бе, онда кеңсе деген бар емес пе, соған келсеңші деп ренжіген көрінеді. Сонда Әбекең тұрып, шырағым, ертең қол қоюға да өзің зар боларсың. Алдында қандай күндер бар, қасыңа өстіп жалынып келетін жан да болмай қалады деп елеусіз ғана ескерткен екен.

Сабақ берген оқытушыларымның бәрі – менің ұстаздарым, бәрінің алдында басымды иемін, бәрінің алдында өзімінің шәкірттік парызымды сезінемін. Мамандығыма байланысты мен ең алдымен тілші және әдебиетші ұстаздарымнан: академик М.О.Әуезов, академик Н.Т.Сауранбаев, академик І.К.Кенесбаев, профессор Қ.Ж.Жұмалиев, корреспондент-мүше М.Б.Балақаев, профессор Х.М.Сайкиев, профессор Б.Ш.Шалабаев, доцент Ш.Х.Сарыбаев, доцент Ы.Е.Маманов, доцент К.Д.Номинханов, доцент Ж.А.Аралбаев т.б. атаған болар едім.

әл-Фараби атындағы ұлттық университетте академик Әбдуәли Қайдар әр жылдары ара-тұра лекциялар оқып, диплом жұмыстарына жетекшілік жасап, уақытына қарай жүктемесін орындап, барлығы ширек

ғасырға жуық қазақ филологиясы кафедрасында 1982–2004 жылдары профессорлық қызмет атқарды. Сол жылдар арасында филология факультетінің студенттері Әбекеңнің ұстаздық тәлімін көріп, тіл ғылымының тылсым терең иірімдерінен тапқан білім маржандарын қаншама диплом жұмысының тақырыбына арқау етті.

Академик Ә.Қайдардың ғылыми-шығармашылық қызметі жан-жақты, тіл біліміндегі зерттеу нысандары әр алуан. Тек лексикологияның сөзтану, этимология, ономастика, терминология, семасиология, диалектология, фразеология мен паремиология т.б. салаларына бейнелі түрде айтсақ, ғалым салған соқпақ қазақ тіл білімінің ғылыми жетістігін көрсетті, академик ғалымның өзіндік мектебін қалыптастырды. ҚазҰУ-дің филолог студенттері этимологияға қатысты (сөздің шығу төркіні туралы) қызық деректерді осы академик еңбектерінен табады. Ал қазақ ұлтының өткендігі мәдени өмірі тілінде қалай көрініс тапты деген сұраққа ғалым қалыптастырған Қазақстандағы этнолингвистика ілімінің мектебін зерделеуге, зерттеуге ден қояды.

Мемлекеттік тіл – қазақ тілі үшін сіңірген еңбегінің өзі бір төбе. Ұлт абызына тән қызмет атқарды; ұлан-ғайыр іс тындырды. Қандай мемлекетте де бір ғана мемлекеттік тіл болады деп, табандап отырып, қазақ тілін өзге тілдің көлеңкесінен шығарған Әбдуәли Қайдар. Бұл тарихи шындық. Ол туралы кез келген ұлтжанды қазақ ерекше тебіреніспен айта алады. Тілге қатысты күні бүгінге дейін жүріп жатқан мылтықсыз майданның алғы шептегі жаны сірі жауынгерлерінің бірі деуім содан.

Академик қаламынан тіл білімінің бүгіні мен болашағы үшін, ұрпақ қамының рухани байлығы үшін қаншама ғылыми кітаптар жазылып, дүниеге келді. Тек соңғы он жыл көлемінде «Тіл білімінің өзекті мәселелері» (1998 ж.), «Ғылымдағы ғұмыр» (2000 ж.), «Қаңлылар» (2002 ж.), «Тысяча метких и образных выражений» (2003 ж.), «Түркітануға кіріспе» (2004 ж. үшінші басылым), «Халық даналығы» (2004 ж.), «Қазақ қандай халық?» (2008 ж.) т.б. бәрі де ғылымның игілігіне айналғаны қашан... Ал баспаға енді дайындалып жатқан «Қазақтар ана тілі әлемінде: «Адам», «Қоғам», «Табиғат» атты үш томдық этнолингвистикалық сөздік ұлт тілінің байлығын көрсететін еңбек.

Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының қазіргі А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында 42 жылдай басшылық қызметте жүрген Әбекең өзі сүйген ғылымына қай кезде де уақыт тауып, ғалымдық формадан еш шықпаған. Академик Әбдуәли аға Қайдардың жас кезіндегі ерекше еңбекқорлығы бара-бара айырықша қасиетке айналған.

Өзі айтқан 25-тің 18-і кітап болып шықты. Осы кезге дейін шығарған барлық 54 кітабының 12-сі Елбасымыздың кітапханасында екен. Ал академиктің жеке өз кітапханасында бес мың кітап қоры бар!..

Академиктің өзі айтатын «игілік парызы» деген ғажап сөзі бар. Оның астары «Адамның адамға істейтін жақсылықтарының бәрі – игілік, ізгі тірлік... Ондай игілік алдында әр азамат бас иіп, өзін парыздармын деп санаған абзал». Сол парыздың бір өтеуі болар деген үмітпен, сексен жасқа толғанында қазақ филологиясы кафедрасы ғалымның қазақ тіл білімі ғылымына сіңірген еңбегін талдауға, ғылыми үлгі-өнегесін сараптап, таразылауға, жалпы ұстаз-ғалымның ғылымдағы ғұмырын ұлықтауға халықаралық конференция өткізуді жоспарлап, жарты жыл алашапқын дайындалғаны бар. Амал не, ҚазҰУ-де жұмыс істемейді деген сылтаумен сол кездегі тәрбие проректоры бар, басқасы бар өткіздіртпей тастаған.

Жақсымен жүздесудің, әңгімесін тыңдаудың өзі бір ғанибет. Конференция өткізе алмаған өкінішіміздің орнын басу үшін факультет студенттеріне аты-жөнін кітабынан білетін «тірі» академикпен кездесу өткізіп, лекция тыңдаттық. Академик талай шәкірттің ойына от тастап, ғылым деген әлемге бірте-бірте шығатын баспалдақ барын білдіріп кетті. Академик Әбдуәли Қайдарды Әбіш Кекілбаев «бүгінгі күннің Байтұрсыновы» деп еді. Қазақ университетінің осыдан жарты ғасыр бұрынғы түлегі ұстаздар үмітін ақтады, кешегі майдангер студент кейін академик атанды. Ғалымдық болмыс-бітімінің кемелденуіне негіз болған білім алған ұясы ҚазҰУ екендігін мақтанышпен айтады.

Көп жасап, көпті көрген осы бір зиялы адамның ішкі мәдениетіне сүйсінесіз. Асықпайтын, сабырлы, әр нәрсені байыбына, мейлі ғылым болсын мейлі күйкі тірліктің күйбеңі болсын, тек мол, кең пішілген мінездің жағымды мәнерімен әсер етеді. Мұндай қасиет кімге болса да үлгі!..

Г.Смағұлова.

«Егемен Қазақстан». 9 қазан. 2009.

Түркі сөзінің тамыршысы

Үлкен ғылымды үлкен ғалымдардың жасайтындығы белгілі. Қазіргі қазақ тіл білімінде өз еңбектерінің сандық көмегі мен сапалық құндылығы тұрғысынан көш басында келе жатқан біртуар тұлғалар бар. Солардың бірі де бірегейі – академик Әбдуәли Туғанбайұлы Қайдар. 500-ге таяу еңбек жазған ғалымның зерттеулері арасынан кездейсоқ жазылған, сапасы төмен шығармаларды таба алмайсыз.

Байқап отырсақ, өткен ғасырда қазақ тіл білімінің үш түрлі ұрпағының өкілдері қызмет жасады. Бірінші ұрпақтың құрамына А.Байтұрсынұлы мен Қ.Жұбанов бастаған қазақ тіл білімінің негізін салушы ғалымдар кіреді. Екінші ұрпақтың қатарында І.Кенесбаев, Н.Сауранбаев бастаған қазақтың академиялық тіл білімін қалыптастырушы ғалымдарды атауға болады. Академик Ә.Қайдар академиялық тіл білімін жаңа деңгейге

көтеріп, дамытушы ғалымдар легін құрайтын үшінші ұрпаққа жатады деп ойлаймыз.

Әбдуәли Туғанбайұлы мектеп бітірісімен өз еркімен майданға аттанып, Ұлы Отан соғысына қатысқан, туған еліміздің азаттығы үшін қан төккен рухы таза, жігерлі, намысты азаматтардың бірі. «Даңқ» (1944), I дәрежелі және II дәрежелі «Отан соғысы» (1944) ордендерімен, екі мәрте «Қызыл Жұлдыз» (1945) орденімен, «1941–1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін», «Москваны қорғағаны үшін», т.б. медальдармен марапатталған. Жауынгерлік парызын үлкен абыроймен атқарып келген соң Қазақ мемлекеттік университетіне түсіп, оны үздік тәмамдап шығады. 1951 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының аспирантурасына қабылданып, оны 1954 жылы «ұйғыр тілі» мамандығы бойынша бітіреді. Осының өзінен ғылым жолына аяқ басқан жас ғалымның тіл таңдаудағы өзгелерден ерекшелігін, қиындықтан тайсалмайтын батылдығын байқауға болады.

Сол 1954 жылдан бастап осы күнге дейін, жарты ғасырдан астам уақыт ғалым қазақ тілі білімінің қара шаңырағы саналатын ғылым ордасында – қазіргі А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында еңбек етіп келеді. Аспирантураны бітіріп, арнаулы ғылыми даярлықпен келген жас маман өзінің еңбек жолын ұйғыр-дүнген мәдениеті секторының кіші ғылыми қызметкері ретінде бастап, институт директорына дейінгі жолды жүріп өтті. Осы қызметті 1995 жылға дейін үлкен абыроймен атқарды. Ғылым кандидаты, ғылым докторы, профессор, академик болды. Сөйтіп, ғылымның ауыр жолында оның барлық лауазым, атақ, дәреже баспалдақтарынан өтті. Белгілі бір мамандықтың барлық сатыларынан өткен адамның ғана өз саласының хас шеберіне айналатыны белгілі жайт. Академик Ә.Қайдардың ғылымдағы өмір жолы осының айқын дәлелі бола алады.

Академик Ә.Қайдар – ғұлама ғалым. Ол қазақ тіл білімінің, түркітану мен алтаистиканың алуан түрлі салалары бойынша әлемдік деңгейдегі құнды зерттеулер жазды. Түркі тілдеріндегі түбір теориясы, қазақ тілінің лексикасы мен лексикологиясы, лексикографиясы, қазақ тіліндегі еліктеуіштер табиғаты, қазақ қос сөздерінің семантикалық құрылымы, қазақ терминологиясының өзекті мәселелері, қазақ тілінің грамматикалық құрылымы мен лексика-фразеологиялық жүйесі, қазақ ономастикасының жай-күйі мен болашағы, этимологиялық зерттеулердің әдіс-тәсілдері мен басты ұстанымдары, қазақ этнолингвистикасының ғылыми-теориялық және танымдық негіздері ғалым еңбектерінде егжей-тегжейлі сөз болады.

Академик Ә.Қайдар «Түркі этимологиясы: өзекті мәселелер мен міндеттер» атты еңбегінде этимологиялық реконструкцияны зерттеудің барлық жағдайына арналған универсалды ғылыми-теориялық талдау әдістері мен критерийлердің болмайтындығын ескерте келіп, этимоло-

логияның фонетикалық, морфологиялық критерийлерімен қатар, семантикалық критерийлерді де белгілейді: 1) лексикалық бірліктің бастапқы және кейінгі мағыналарының қайсысының негізгі, түпкі мағына екенін тап басып тану; 2) сөз мағынасында жалпыдан жекеге, бүтіннен бөлшекке немесе керісінше дамуының болатынын ескеру; 3) сөз тұлғасының дыбыстық өзгеріске түсуі кезінде оның мағынасының өзгеретінін немесе сараланатынын естен шығармау; 4) гомогенді және гетерогенді омонимдерді шатастырмау; 5) сөз мағынасының өзгеруінде тілдік қана емес, бейтілдік факторлардың болатынын бағамдау; 6) кейбір сөздердің мағынасын салыстыруда олардың тарихи түбірлес екенін (*сағақ, сақал, сағанақ, сағалдырық, саға, сағана, сағалау*) ұмытпау қажеттігін айтады. Ә.Қайдар қазақ тіл біліміндегі этимологияға арналған еңбектерді көне сөздердің, топоним, этноним, диалектілік, басқа тілден енген лексикалардың, түбір, біріккен сөздердің, қос сөздердің этимологиясын зерттеуге арналған жұмыстар ретінде бағалайды. Бұл дегеніңіз, тілдік бірліктердің қазақ этимологиясында жеке-дара, дербес қарастырылып жатқанының көрінісі. Осы кемшілікті жою үшін ғалым төрт түрлі міндетті алға қояды: 1) *қазақ тілі материалдары негізінде этимологиялық реконструкция жасаудың әдістемесі мен ұстанымдық мәселелерінің ғылыми-теориялық негіздемесін жасау; қазақ тіліндегі базалық лексиканың қыпшақтық немесе түркілік қалыпқа қатысын неғұрлым тереңірек талдау; 2) жалпы және жеке түркі тілдеріне тән түбірлер мен негіздерді айқындауға бағытталған салыстырмалы-тарихи зерттеулер жүргізу; 3) этимологиялық сөздіктерді құрастыруда «Қазақ тіліндегі этимологиялық зерттеулер тәжірибесі» тәрізді ғылыми негіздемелік еңбек жазу; 4) түркі тілдеріндегі этимологиясы айқындалған лексика мен грамматикалық формалардың толық тізбесін жасап, этимология мәселелеріне арналған еңбектердің толық библиографиясын құрастыру.* Еңбекте сөз болған мәселелер, қойылған міндеттер күні бүгін де өз өзектілігін жойған жоқ. Әбекеңнің түркітануға қатысты қандай еңбегі болмасын, дәл осындай маңызды ой-тұжырымдардың молдығымен, болашаққа бағдарланған шешімдердің көп кездесуімен ерекшеленеді.

Ұйғыр тіл білімінің мәселелеріне арналған алғашқы еңбектерінің бірінде қос сөздердің табиғаты зерделенсе, кейінгі еңбектерінде ұйғыр тілінің грамматикасы (синтаксис), лексикасы, қазіргі ұйғыр әдеби тілінің мәселелері сөз болды. Ғалым 1962 жылы жарыққа шыққан «Қазіргі қазақ тілі» оқулығы авторларының бірі, 1966 жылы басылған «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі» еңбегінің негізгі авторларының бірі болды. Бұлардан соң «Структура односложных корней и основ в казахском языке» (1986), «Сырға толы түр мен түс» (1986) еңбектері жарияланды. М.Оразовпен бірігіп «Түркітануға кіріспе» (1992) оқулығын жазды.

Қазақ тіл біліміндегі этимология, семасиология, ономасиология, диалектология, этнолингвистика салаларының деректерін, әдіс-тәсілдерін пайдалана отырып, этностың шығу тарихын, этнос тілінің пайда болу тарихын, тілдегі базальн лексика құрамы мен құрылымын, тіларалық байланыстар әсерін зерделейтін, тілдегі сөздердің тарихи қозғалысын, пайда болу жолдары мен даму заңдылықтарын зерттейтін тарихи лексикология саласының зерттеу нысандары мен басты міндеттерін алғаш рет анықтап берген ғалым – академик Ә.Қайдар.

Ғалымның 1986 жылы жарық көрген «Структура односложных корней и основ в казахском языке» атты монографиясы отандық және әлемдік тіл білімінде жоғары бағаланған аса құнды еңбек ретінде танылды. Әлемдік түркітанушылар арасында түбір мәселесімен айналысатын ең белгілі мамандардың бірі болып табылатын ғалымның бұл еңбегі оның ғылыми беделін бұрынғыдан да арттыра түсті. Монографияның бес тараудан тұратын ғылыми-теориялық зерттемелік бөлігінде түркі тілдеріндегі түбір мәселесі, түбірлер мен негіздердің құрылымы, этимологиялық реконструкция жасаудың әдіс-тәсілдері, қазақ тіліндегі бір буынды түбір-негіздердің лексика-грамматикалық және семантикалық түрлері жан-жақты жүргізілген тарихи-салыстырмалы, салғастырмалы зерттеу негізінде талданады. Екінші бөлікте бір буынды түбір-негіздердің сөздігі беріледі. Бұл еңбегінде ғалым бір буынды түбір-негіздердің жалпы түркі тілдерінің байырғы сөздік қорының өзегі екендігін жан-жақты дәлелдейді. Қазақ сөзінің құрылымы зерттеле бастағанына ғасырлар өтсе де оның шешімін таппаған мәселелері аз емес еді. Осы мәселені ғылыми-теориялық тұрғыдан кешенді түрде зерттеген де академик Ә.Қайдар болды. Ғалым бір буынды түбірлерді өзі ғана зерттеп қоймай, төңірегінде түбіртанушылардың отандық мектебін қалыптастыра білді.

Ғалымның қазақ тіл білімінің зерттемеген саласы кемде-кем. Ол этнолингвистика, тіл тарихы және диалектология, лексикология, лексикография, семасиология, терминология, грамматика салалары бойынша көптеген еңбектер жазды. Оның осы салалардың әрқайсысы бойынша жазған еңбектеріне жеке-жеке тоқталып, арнайы сөз еткен абзал. Алайда осы салалардың ішінде ғалымның қазақ этнолингвистикасы бойынша жүргізген зерттеулерінің бір төбе екендігін айтпасқа болмайды. Академик ғалым этнолингвистиканың қазақ тіл білімінде жеке ғылым саласы ретінде қалыптасуына, дамуына ерекше еңбек сіңірді. Ғалымның ғылыми жетекшілігімен бірнеше диссертациялар қорғалып, оның төңірегінде этнолингвистиканың Қазақстандық мектебі қалыптасты. Оның жуырда жарық көрген «Қазақ қандай халық?» атты көлемді еңбегі жұртшылық назарын ерекше аударды. Отандық этнолингвистиканы өркендетуге баса назар аударып жүрген зерттеуші «Қазақтар: ана тілі әлемінде» атты қазақ тілінің үш томдық этнолингвистикалық сөздігін жасауға көп күш-жігерін

жұмсады. Осы үш томдықтың негізгі жұмысы аяқталып, жақын арада ғана бірінші томы баспадан шықты.

Егемендік жылдары, терминология саласындағы басты ұстанымдарды қайта айқындаудың қажеттілігі туындаған кезде Ә.Қайдар «Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас» атты еңбек жазды. Терминжасам ісінде қазақ тілінің сөз байлығын сарқа пайдаланудың қажеттілігін дәлелдеді. Бұл қазақ тіліндегі терминжасам ұстанымдарын жүйелі түрде ашып көрсеткен, дер кезінде жазылған бағдарламалық мазмұнды еңбек болды.

Әбдуәли Қайдар қазақ ономастикасының жай-күйі мен даму бағыттарын айқындайтын, «Қазақ этнонимінің лингвистикалық түсіндірмесін беретін, қазақ эпосындағы жер-су атаулары мен кісі аттарын түсіндіретін, қазақ ономастикасының этнолингвистикалық аспектілерін ашатын еңбектерді 1970 жылдардан бері жазып келеді. Ғалым еліміздің егемендік алғаннан кейінгі алғашқы жылдарында жер-су, елді мекен атауларына байланысты туындаған күрделі мәселелердің шешімін табуға да өз үлесін қосып, Т.Жанұзақовпен бірлесе отырып «Атамекен атауларындағы ақтаңдақтар» атты мақала жазған болатын. Әбекеңнің ономастика саласы бойынша этнолингвистикалық мазмұнда жазылған еңбектерінің бірі «Қаңлы: тарихи шежіре» деп аталады. Зерттеуде ғалым қазақ халқының құрамындағы ең көне тайпалардың бірінің тарихи жолы, құрамы, атақты адамдары туралы сөз етеді.

Ә.Қайдар лексикографияның теориялық және тәжірибелік мәселелерімен 1960 жылдардан бері айналысып келеді. Бұған мысал ретінде «Ұйғырша-орысша сөздік» «Ұйғырша-орысша лингвистикалық сөздік» тәрізді екі тілді аударма сөздіктерді, «Тысяча метких и образных выражений: казахско-русский фразеологический словарь с этнолингвистическими пояснениями» (2003) атты екі тілді түсіндірмелі сөздікті, сондай-ақ, «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі» (авт. бірі), «Халық даналығы» тәрізді бір тілді түсіндірме сөздіктерді келтіруге болады.

Ғалымдардың нақты ғылыми мәселелерге деген көзқарасындағы өзгерістерді, дамуды немесе қайшылықтарды көрсететін еңбектердің бір түрі – мақалалар жинағы. 1998 жылы Ә.Қайдардың тіл білімі мәселелері бойынша жазылған мақалаларының жинағы жарық көрді. Оған ғалымның өткен жылдарда жазылып, ғылыми зерттеу түрінде әртүрлі басылымдарда – оқулықтарда, ғылыми мақалалар жинақтарында, отандық және шетелдік ғылыми журналдарда жарияланған, сондай-ақ, тіл білімі мәселелеріне арналған конференциялар мен симпозиумдарда жасалған баяндама түріндегі еңбектері енген. Аталмыш ғылыми зерттеулердің кейбірі бұдан 30–40 жылдай бұрын жарияланса да, бүгінгі таңда өзінің ғылыми құндылығын, өзектілігін, қажеттілігін байқатып отыр. Олардың көпшілігі қазір библиографиялық тұрғыдан сирек ұшырасатын өте-мөте бағалы еңбектер санатында. Мұның басты сыры білімі мен білігі мол ғұлама ғалымның ғылыми көрегенділігінде деп білеміз.

Академик Ә.Қайдардың ғылыми ғұмыры туралы сөз ете отырып, ұстаздық ұлағаты жөнінде айтпай кетуге болмайды. «Ғалымды тақырып өсіреді» деген ойды көңілге түйген Әбекең өз шәкірттерінің қайсысына да даму болашағы жақсы салалардан, ғылыми маңызы жоғары тақырып беруге тырысатын. Кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғау кеңесінің басшысы ретінде Ә.Қайдар тек қана өз еліміздегі жас ғалымдардың ғылымдағы тағдырына қамқор болумен шектелмей, көршілес Ресейдегі, Қырғызстандағы, Өзбекстан мен Қарақалпақстандағы, Моңғолия мен Қытайдағы түркітанушы ғалымдардың ғылыми-зерттеу еңбектеріне жол ашып, бағыт-бағдар беріп отырды. Оларға қолдау білдіру арқылы түркітанушылар қатарының білікті мамандармен толығыуына ықпал етті. Ғалым басқарған Тіл білімі институты ғылыми кадр даярлау жағынан одақтағы негізгі үш орталықтың бірі болып келді. Ғалымның өзі сексеннен астам ғылым докторлары мен кандидаттарының диссертациялық еңбек жазуына жетекшілік, кеңесшілік жасаған екен.

Ә.Қайдардың ғылыми-педагогтік қызметі, ғылымды дамытудағы, ғылым кадрларын даярлаудағы еңбектері үкімет тарапынан жоғары бағаланып, «Халық достығы» ордені, «Отан» ордені, «Құрмет нышаны» (Түркия ордені) «Ана тілінің айбары» алтын белгісімен және 12 медаль, көптеген құрмет грамоталарымен марапатталған.

Ғалымның ұйымдастырушылық қабілеті әсіресе, Тіл білімі институтын басқарған жылдары ерекше танылады. Осы бір ширек ғасырдай мерзім аралығында институт одақтағы ең беделді ұлттық ғылым ордасына айналады. Ол одақтық деңгейдегі жиындарда, симпозиумдар мен конференцияларда үнемі ұйымдастырушылар қатарында жүрді. Тіл білімі институтында өткен одақтық конференцияларды білгірлікпен басқарды. Ғалым, сондай-ақ, Ұлттық ғылым академиясының толық мүшесі ретінде ұзақ жылдар бойы Қазақстан ғылымының өркендеуі жолында аянбай қызмет етті. Ғылым академиясының «Хабарлары» атты ғылыми журналдың бас редакторы, Бүкілодақтық «Советская тюркология» журналының, республикалық «Білім және еңбек», «Парасат» журналдарының редакция алқасының мүшесі болды. Мемлекеттік терминологиялық және ономастикалық комиссияларда төраға орынбасары ретінде жұмыс жасап, халқымыздың тағдыры үшін маңызды, игілікті істерді атқарды.

Ғалым әр жылдары КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы және Қазақ КСР Министрлер кеңесі жанындағы ғылым мен техника саласындағы мемлекеттік сыйлықтар жөніндегі комитеттердің мүшесі, ҚР ЖАК-тың төралқа мүшесі болды.

Әбекеңнің түркітанушы ретіндегі халықаралық деңгейдегі беделінің жоғары екендігі туралы ғылыми жұртшылық жақсы хабардар. Ғалымның әлемдік түркітанушылар ортасындағы беделі де өте жоғары. Ә.Қайдар –

Түркияның «Dil Kurumu» лингвистикалық қоғамның құрметті (академик) мүшесі, Башқұртстан Ұлттық ғылым академиясының құрметті академигі.

Ғалымның ғылыми және ғылыми-ұйымдастырушылық, педагогикалық қызметтермен қатар алуан түрлі қоғамдық қызмет атқарғаны аян. Ә.Қайдар әр жылдары «Достық қоғамы» мен Халықтар Ассамблеясының мүшесі, ҚР «Тіл туралы» заңының жаңа жобасын жасаушы комиссияның мүшесі, ҚР Президенті жанындағы мемлекеттік саясат жөніндегі ұлттық кеңестің мүшесі болып қызмет жасап келеді.

Үстіміздегі жылы халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының құрылғанына 20 жыл толып отыр. Осы қоғамның құрылуы үшін аянбай күресе білген азамат ғалымның қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесін иеленуі жолында еткен еңбегі барша зиялы қауымға мәлім. Ол басқарған жылдардың әсіресе алғашқы кезеңінде осы қоғам ел арасында ерекше беделге ие болып, жұртшылық тарапынан жаппай қолдау тапты. Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту жолындағы басталған істер ілгері басты. Ұлы Отан соғысында ел үшін от кешіп, қан төккен майдангердің халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті ретінде еліміз бен тіліміздің егемендігі үшін жүргізген күресі әрқашанда үлкенге – ғибрат, кішіге өнеге болмақшы.

Соңғы жылдары жиі айтылып жүрген халық әнінің сөзінде үлкен өмір шындығы бар. Шынында да, «күнде көріп бауырында жүргеннен соң, таулардың биіктігі байқалмайды». Әрине, таулардың да түр-түрі болады. Бір таулар етек-жеңін жиып алып, көкке шаншылып тұратын құзар шыңдардан ғана құралады. Олардың төскейінде өсімдік те өспейді, аң да жүрмейді. Жалғыздықтың тас бейнесіндей. Енді бір таулардың мол пішілген етек-жеңі жайылып жатады. Етегі мен төскейлері, қойнаулары алуан түрлі жан-жануарға, малға толы ен жайлау болады. Мұндай таулар өзінің көз ұшындағы заңғар биігіне, ақ қар, көк мұзға оранып жатқан төбесіне дейін бірте-бірте биіктейді. Биіктігі байқалмайтын таулар, міне, осындай болмақ. Бүгінгі күні сексен бестің сеңгіріне шығып отырған академик Әбдуәли Қайдардың тұлғасы осы тауларға меңзеп тұрады.

Ж.Түймебаев.

«Егемен Қазақстан». №413-415(25812).

11 желтоқсан. 2009.

Қазақ этнолингвистикасының негізін қапаушы

Қазақ академиялық тіл білімін дамыту ісіне зор еңбек сіңірген ғұлама ғалым Әбдуәли Қайдар 85 жасқа келіп отыр. Халқымыздың ардақты азаматының ғылымдағы ғұмырын үлкен тағлым мен тәрбие мектебі деуге болады.

Ғалым 1954 жылдан бастап күні бүгінге дейін, жарты ғасырдан астам уақыт бойы қазақ тіл білімінің қарашаңырағы саналатын ғылым ордасы

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында еңбек етіп келеді. Аспирантураны бітіргеннен кейін ол өзінің еңбек жолын ұйғыр-дүнген мәдениеті секторының кіші ғылыми қызметкері ретінде бастайды. 1958–1959 жылдары Шығыстану секторының аға ғылыми қызметкері, 1959–1961 жылдары ұйғыр филологиясы бөлімінің меңгерушісі, 1961–1963 жылдары өз алдына жеке шаңырақ көтерген Тіл білімі институтында директордың ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары, 1963–1967 жылдары ұйғыртану бөлімінің меңгерушісі, 1967–1978 жылдары директордың ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары ретінде жұмыс жасайды. 1978 жылы Тіл білімі институтының директоры болып тағайындалған ғалым осы қызметті 1995 жылға дейін үлкен абыроймен атқарды. Сөйтіп, ол кіші ғылыми қызметкерден бастап, институт директорылығына дейін өсіп, ғылыми қызметтің барлық сатыларынан өтті. Кандидаттық, докторлық диссертацияларын сәтті қорғады, профессор, академик ғылыми атақтарына ие болды. Өз мамандығының биігіне бастайтын ұзақ жолда ол әр баспалдақты байыппен баса отырып, өз саласының шырқау биігіне көтеріле білді. Қажырлы еңбегі мен үздіксіз ізденісінің арқасында жүрек қалауымен таңдаған сүйікті кәсібінің хас шеберіне айналды.

Тіл білімі институтында жұмыс істеген жарты ғасырдан астам уақыт ішінде ғалымның ұйғыр және қазақ тіл білімінің, жалпы түркітанудың ғылыми-теориялық мәселелеріне арналған 500-ге жуық ғылыми еңбегі жарияланыпты.

Әлемдік түркітанушылар арасында түбір мәселесімен айналысатын ең беделді мамандардың бірі болып табылатын ғалымның «Структура односложных корней и основ в казахском языке» атты монографиясы отандық және әлемдік тіл білімінде жоғары бағаланған аса құнды еңбектердің бірінен саналады. Осы еңбегінде ғалым бір буынды түбірнегіздердің жалпы түркі тілдерінің байырғы сөздік қорының өзегі болып табылатынын дәлелдейді. Қазақ сөзі құрылымының ғылыми тұрғыдан қарастырыла бастағанына екі ғасырдан астам уақыт өтсе де, оның ғылыми-теориялық тұрғыдан кешенді түрде зерттелуі академиялық тіл білімі кезеңінде Ә.Т.Қайдардың, қолымен жүзеге асырылды. Ғалым түбіртанушылардың қазақстандық мектебін қалыптастырды.

Ел тәуелсіздігі жарияланған 90-жылдары, терминология саласындағы басты ұстанымдарды қайта айқындаудың қажеттілігі туындады. Дәл осы кезеңде мәселенің мәнін терең түсініп, егемен елдің терминдер қорын қалыптастырудың бағытын ұлт тілінің мүддесіне сай қайта белгілеу керектігін күн тәртібіне қойып, терминология қағидаттарын алғаш ұсынған да академик Ә.Қайдар болды. 1993 жылы ол «Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас» атты еңбек жариялады. Терминжасам ісінде қазақ тілінің сөз байлығын сарқа пайдаланудың қажеттілігіне баса

мән берген бұл шағын еңбек, ғылыми қауымға үлкен ой салды. Уақыт тынысын дөп басып, дер кезінде жарияланған бұл еңбектің қазіргі кезеңдегі қазақ терминологиясының жаңаша бағытта дамуында өзіндік ықпал еткенін атап айтқан абзал.

Ғалымның қазақ тіл біліміндегі тарих және диалектология, лексикология, лексикография, семасиология, ономасиология, терминология, грамматика, этнолингвистика салаларын зерттеуге қосқан үлесі, атқарып келе жатқан қызметі ұлан-ғайыр. Ол әсіресе, соңғы аталған этнолингвистиканың қазақ тіл білімінде жеке ғылым саласы ретінде қалыптасуына, дамуына ерекше еңбек сіңірді. Ғалымның төңірегінде қазақстандық этнолингвистер шоғыры қалыптасып, оның жетекшілігімен көптеген шәкірттері тәрбиеленді. Сондықтан оны «қазақ этнолингвистикасының атасы», «қазақ этнолингвистикасының негізін салушы ғалым» деп атауға әбден болады. 2008 жылы ғалымның қазақ этносы туралы бұрын-соңды айтылған 500-ден астам пікір, ой-болжамды жинақтаған «Қазақ қандай халық?» атты көлемді еңбегі жарық көрді. Кітаптағы қазақ халқының рухани және материалдық құндылықтары туралы, оның әдет-ғұрпы, салт-санасы жөнінде әртүрлі ұлт өкілдері тарапынан, әртүрлі кәсіп иелері тұрғысынан әр заманда айтылған дәйектемелік, деректемелік мазмұнды мәтіндердің өскелең ұрпақ үшін маңыздылығы даусыз. Әбекеңнің ұзақ жылдар бойы көз майын тауысып айналысып келе жатқан шаруасы – «Адам», «Қоғам», «Табиғат» тәрізді үш бөліктен тұратын «Қазақтар: ана тілі әлемінде» атты қазақ тілінің үш томдық этнолингвистикалық сөздігін жасау. Жуырда осы еңбектің бірінші томы жарық көрді. Қалған екі томы аяқталып, қазір баспаға дайындалу үстінде. Бұл – ұзақ жылдар бойғы тынымсыз еңбектің жемісі, ғалым ғұмырының мәніне айналған ғылыми ізденістердің нәтижесі.

Ш.Құрманбайұлы.

«Қазақ әдебиеті». №52(3163). 15 желтоқсан. 2009.

Жауызгер Ақақеміктің қш ерлігі

Әуенгі сөз

Осыдан аттай отыз жыл бұрын Алматы желтоқсанының ерекше бір қысында, суық қытымыр күні мен Әбекеңді алғаш көріп, алдына жұмыс сұрай барған едім. Жалғыз университет – ҚазГУ-ді бітірген талабы зор қарадомалақтардың біразы жыл сайын ауылына қайтпай астанада қалмақ болып, ойға-қырға шапқылайтын, бір тесікке тұмсығын сұқса, бірде «библиографиясы» қиыспай, мекемеден мекемеге, пәтерден пәтер ауыстырып, басын тауға, тасқа ұрып жүретін бір кез еді ғой ол заман... Менің қос курстасым – Сейсенбай мен марқұм Шамалған – бұл кезде Академия қабырғасында екі-үш ай жұмыс істеп, кімнің кім екенін біліп қалған «ла-

боранттар», мені итергендей қылып ішке енгізіп жіберіп, өздері сыртта қалды. Атшаптырым бөлменің төріне жайғасқан қалың көзәйнекті бастық, шынын айтсам, шаршаңқы, шынашақтай шал болып көрінді. Көргеніміз аз, білмегеніміз көп балаң шақта жұмыс сұрай келіп тұрған мекемем үлкен қарашаңырақ, қазақ тілін зерттейтін бірден-бір ғылыми институт, ал мен көріп тұрған «шал» осы Тіл білімі институтының директоры, Қазақ КСР Ғылым академиясының мүше-корреспонденті Әбдуәли Қайдаров екенін қайдан білейін.

Бес жыл қарқ болған студент ботқасының өзі көзден бұл-бұл ұшып, қабырғамнан күн көрініп, мойным ырғайдай болып тұрған соң аяды ма, кім білсін – «прописка» мәселесін шеше алсам, лаборант болып қызметке тұратын болдым. Одан кейінгі «дәреже-баспалдақ» кіші ғылыми қызметкер екенін, бірақ оған бір ай бұрын «Социалистік Қазақстан» бетінде конкурс жарияланып, сонан соң үлкен іріктеу болатынын мен сол күні шала-пұла ұқтым...

Міне, содан бері талай су ақты, қаншама өзгеріс-төңкерістер болды: мәңгілік көрінген Кеңес үкіметі де құлады, мызғымас Одақ та тарады... Кей-кейде бәрінен итжандысы адам ба деп қаласың. Бүгінде бар атакты бір басына жинаған академик Әбекең де, оған ұқсауға тырысқан жадау шәкірті де сол баяғы бір ағынмен, бір бағыт-сораппен жүзіп келеміз. Өйткені «тіл шаруашылығы» деп айқайлап айдар тағылмаса да, мехнат-бейнеті басқа шаруашылық түрлерінен бір кем емес тіл білімі мен тіл саясатының қазаны ешқашан оттан түскен емес, «ұлттың тілі – соңғы қамал» болғандықтан да тіл үшін күрес бірде күшейіп, бірде саябырсып, әйтеуір бір сәт тоқтаған емес. Тіл білімі институты демекші, Әбекең де осы Академия қабырғасына университет бітіре салып, 1951 жылы келген екен, міне, табан аудармастан алпыс жылға жуық бір есіктен шығып келеді. Жас түлекті одақтық академик, Академия президенті Қаныш Сәтбаевтың өзі қамқорлап, жаңадан ашылған «ұйғыр тілі» мамандығына бейім көріп, аспирантураға жібереді. Данагөй ғалым қателеспеген еді, о баста-ақ Әбекеңнің кең салалы түркітанушы болуына Жаратқанның өзі жар болған сияқты: көшіп-қонып екі ауданның ауылдарын түгел адақтаған милиционер әкенің ізімен әуелі «Әліппені» татар мектебінде таныды, үш-төрт жыл бастауыш сыныптарда ұйғырша оқыды, қалған бес класты қазақша оқып бітірді. Соғыс жылдарында ана тіліндей болған орыс тілі тағы бар, міне, Әбекең үш тілде – қазақша, ұйғырша, һәм орысша көсіле сөйлеп, келістіре жаза береді... Академияның іргетасын қалаған Қ.Сәтбаев, М.Әуезов, Ә.Марғұлан, Н.Сауранбаев, І.Кеңесбаев және басқа да ғұламалармен әріптес болған Әбекеңнің жөні бір басқа, әрине, сол кісінің шапағатымен жұмысқа қабылданып, ғылыми қызметкер санатына қосылған біздің өзіміз академик І.Кеңесбаев, мүше-корреспонденттер М.Балақаев пен Ғ.Мұсабаев, профессор А.Ысқақов

ағаларымызды көре алдық. Өрімдей жастарға үлгі-өнеге болған, ғұмыр жастарын қысқа жаратқан ағаларымыз (жатқан жерлері жарық болсын!): Ж.Аралбаев, Ғ.Айдаров, М.Томанов, К.Аханов, Қ.Өмірәлиев, Е.Жұбанов, Ә.Ибатов, Ә.Құрышжанов, С.Исаев, Ә.Абдрахманов, С.Омарбеков, Ә.Нұрмағамбетов, А. Махмудов, Қ.Есенов, Т.Арынов және басқа арыс-тай азаматтар, оқымысты ғалымдар, ұлағатты ұстаздар қандай жайсаң жандар еді... Бүгінде бәрінің соңында жандарын жеп жазған ғылыми мұрасы, ашқан азды-көпті жаңалық-іздері қалды... Көз көргендердің көкейінде күлкілі күндері мен күрсіністі түндері сайрап тұр. Ана тілінің абырой-беделі үшін, тіл білімінің тұғырлылығы үшін тер төккен олардың көбі туған тілдің бағы жанып, мерейлі мәртебеге ие болғанын көре де алмай кетті. Зерттеу әдісі мен ғылыми сапасы алтын сақадай қолға ілкімді болғанымен, өктем саясат, ұлттық кемсітушілік нөқтаға басы сыймайтын талантты зор ағаларымыздың біразын құса мен қамығудың, шарасыздық пен шамасыздықтың заманауи кемесіне жолықтырды...

Бүгінде ұлт ұстазы Ахаңның атына ие Тіл білімі институтының тарихи жолы толқын-толқын, буын-буын тілші ғалымдардың тағдырлы керуен-көші болса, институтты ұзақ жылдар басқарған Әбекеңнің тұлғалық өмірбаяны да осы тұстан қоса өріліп, онымен егіз тұтасып кеткен шежіре-кітап десек болғандай. Осы шежіре бетінен бүгінде өзі де Ана тіліміздің Абызына айналған ақсақалымыздың алар орны қандай? Сөйлеп бір кетсе қиып түсер семсер емес, көпті ықтырып қол бастай қоятындай көсем де емес, мынау бояма-жылтырағы көп дүनियाуи өмірде жарқылдап жиі-жиі көзге түсе бермейтін ғалымды неге біз әулие тұтамыз?! Академиктігі – дәл қазір екінің бірі қол созса бойы жетер атақ-дәрежесі үшін бе? Осындай бір ой ұшқындары қазақ тілі білімінің көркем шежіресін кестеле-сем деп жүрген мені де жиі мазалаушы еді. Соның түйіні тарқатылар бұйрықты сәт бүгін туғандай...

Сонымен, хош, мен академик ұстазымның азаматтық түр-тұлғасынан үш ерліктің жөн-жосығын айқын көргендей болдым...

I. От кешкен жыпқар (1942–1945)

Әбекең 1942 жылы мамырда, 9 класты бітірген бойда өз еркімен майданға аттанады. Бұл кезде бір шаңырақтан тағы үш адам – әкесі Қайдар Туғанбайұлы (Әбекеңнің құжатында, керісінше, Туғанбайұлы Қайдаров деп жазылып кеткен), әкесінің інілері Майлыбай мен Сексен де әскерге алынып, үшеуі де сол соғыстан қайтпай, хабар-ошарсыз кетеді.

1943 жыл. Балтық бойына, Ленинград қоршауын бұзуға бағытталған Кеңес армиясы шабуылы жаудың жантәсілім қарсылығына тап болады. Әрбір сай, әрбір биіктік үшін қиян-кескі шайқас. Осындай жан алып, жан беріскен ұрыс үстінде командирдің айкайы естіледі: «Оқ-дәрі азайып келеді. Біз бен немістер арасындағы «нейтральный жердегі» пулеметті

жеткізу керек. Кім барады?» Ұрыста тұрыс бар ма? өз қалауларымен Конаненко деген украин жігіті екеуі алға ұмсынады. Бауырын жерден көтермей мысықтабандап жылжып келеді. Бір кезде аралықта қалып қойған өз пулеметіне де жетеді. Иесіне оқ тиген, өліп жатыр. Қос окшантайымен қоса пулеметті сүйретіп, жер бауырлап қайта қайтады. Сол маңдағы «б1сопка» атанатын биіктік үшін талас-ғайталас тіптен ерекше болады. Немістер араққа тойып алған, мас, әндетіп шабуылға шығады. Алды-арттарында танкілер, қаптап келеді, әрең-әрең беттерін қайтарады. Осындай арпалыс шайқас үстінде дәл жанынан снаряд жарылып, бір метрдей топырақ жалы басып қалады. Өзі жарақат, контузия алып, ес-түссіз жатып қалады... Кейінірек топырақтан аршып алған жолдастары «салазқа» деп аталатын бірнеше ит жегілген арбаға мықтап байлап, тылда орналасқан медбөлімге бағыттап жібереді. Иттер алуын алып келгенмен ес-түссіз Әбекенді «нежилец» деп өліктер жатқан салқын жерге аттандырады... көрер жарығы таусылмаса керек, бір сәттерде есі кіріп, ыңқылдап дыбыс берген соң ғана алғашқы көмек көрсетіледі. Екі күннен кейін келген кішкентай ұшаққа тиеп, жақын маңдағы қалалардың біріне жеткізіледі. Екі ай қалалық госпитальда емделіп, қайтадан... майданға жіберіледі. Міне, осы ерлігі – жау мен жасақ аралығындағы бос жерден қосымша пулемет, оқ-дәрі жеткізгені үшін алғашқы әскери орден – III дәрежелі «Даңқ» орденімен марапатталады.

1945 жылы алған қос «Қызыл Жұлдыз» орденінің тарихы да ұмытылмақ емес. Біздің әскер атақты Одер өзеніне келіп жетеді. Арғы бет – жау бекінісі. Кіші сержант Ө.Қайдар түн жамылып екі мәрте жападан-жалғыз жау жағына қайықпен бассауғалап жетеді. Күндізгі жарықта айнала төңіректі, жау бекінген тұсты сызбаға, картаға белгілеп алады, болашақ өткел жол мен плацдармның ау-жайын байқастайды. Осы екі сапар, екі жолғы із кесу, жер жағдайын шолудың құпия деректері кейін негізгі күш өзеннен өткен кезде кәдеге асады. Осы барлау материалдарының құндылығы үшін екі рет «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталады.

Міне, мұндай майдан эпизодтары, елге төрт бірдей әскери орденмен, бірнеше медальмен оралу – туа бітті момын Әбекеннің алғашқы ерлігіне куәлік етеді деп ойлаймыз.

2. Тіп майқаны (1987–1990 жыпқарқын басы)

1985 жыл. Советтер одағы атты алып империяның жұлын-өзегіне айналған КПСС-тің Сәуір пленумы. Тоқырауда, тыныш ұйқыда жатқан мұхит бетін астан-кестен қылған Қайта құру... Кезінде мектепте жүргенде оқушы едік: Африкадағы ұлт-азаттық қозғалыстың арқасында әлем картасы қайта бір әдіптеліп, қаншама су жаңа мемлекеттер пайда болды деп... Тылсымы көп жаһандық тарихтың жер асты дүмпулері, жойқын сілкіністері енді біздің басымызға түскендей. Одан бассауғалау, қашып

құтылу тірі пендеге мүмкін емес. Алапат дауылдың алдындағы аз-кем тыныста әркімге өз таңдауын жасау қажеттілігі туды. Өз арыңның, өз болмысыңның алдындағы таңдау ғана әрі қарайғы өмір-тіршілігіңнің мәнін айқындайтындай күн туды... Желтоқсан, Қанды Желтоқсан... Ескі мен жаңа, өткен күн мен келер таң бітiспес ашық майданға шықты. Қару-сайманы жоқ жалаңтөс көптің басты байрағы – Қазақ тілі болатын. Ғасырлар, мыңжылдықтар тоғысындағы өліара сәтте бауырын бір көтеріп, бойын тіктемесе, енді ешқашан ондай мүмкіндіктің тумайтынын есті азаматтың бәрі түйсінді. Төрінен көрі жақын тілші академигіміз, әлемдік деңгейге шығып кеткен ақынымыз қазақ тілінің (яки қазақ жұртының, қазақ елінің) болашағы орыс тілінсіз бұлдыр деді. Олардың сөзі, ой-пікірі ұшқары, қате деп те, ұлт мүддесіне кереғар деп күстәнәлау да дұрыс болмас еді.. Сол аумалы-төкпелі, барар жерің бұлыңғыр замандағы алағай-бұлағай пікірлерге бүгінде сараптама жасау, әрине, оңайдың оңайы. Шындығында да, шырқыраған өмірлік шындық сондай болатын. Десек те, қабырғасы тұтаса бітіп, кірігіп кеткен сиам егіздерін ажыратсаңыз бірінің тірі қалуы мүмкін, бірақ сол сәтте екіншісінің дәм-тұзы таусылары тағы анық. Сол іспеттес ана тіліміздің болашағы туралы екіұдай пікір, қостүйінді көзқарас, мойындайық, не мойындамайық, бойында қазақ қаны бар әрбір пенденің басында барлығы, ондай күмән-күдіктің күні бүгінде де екінің бірінің бойында сақталғандығы сөзсіз. Сол үрей-көзқарасты жеңу – ең алдымен өзінді жеңу, түн бітпеймін десе де, күн шықпай қоймайтынына сену, сол бір күндерде үлкен ерлікке парапар қадам болатұғын. Міне, осы бір буырқанған күндерде Әбекең өз таңдауын жасай білді. Қазақтың болашағы дүбәралығында емес, бір тілділігінде, қазақ тілінде деп биік мінберлерден қасқайып айта білді. Шегінуге мәжбүр болған кездерінде, мәжбүрлеген кездерінде де қасқайып осы пікірінен қайтпады. Тіл майданында соқылдақтық танытпай, жалындағы жиырмадағы қан майдандағы ерлігін қайталағанына сол кездерде қаумалаған елі куә («Қазақ тілі» қоғамы), қасында жүрген біз куә...

Ақ-адалын айтсақ, Әбекеңнің өзі сол кезде ескінің адамы еді-тін. Заман солай деп өзі құралыптас, серіктес әріптестеріндей бала-шағасының бәрін орысша оқытты, артынан ерген құлындарын жат жұрттың жосық-дәстүрімен тәрбиеледі. Үкімет пен партияға адал қызмет істеп, өзіне бұйырған ризық-несібесінен құр қалмады. Лениндік ұлт саясатының жасампаздығы, орыс тілінің қазақ тіліне игі әсері деп бума-бума ақ қағазды шимайлайды... Десек те, жүрегі дауалап, соңғы сәтте өз таңдауын жасады, өмір көшінің соңғы вагонына қазақи қалыппен, қазақ болып өмір кешу үшін секіріп мініп үлгерді...

Бүгінде не көп, қазақ тіліне жанашырлық танытқан гәп көп, таужығардай ұсыныс-тілек көп, даңғаза айқай-шу көп. Неге екенін

қайдам, сол сансыз шулағанның көпшілігінде жоғарыда сөз болған таңдау жоқ сияқты болып көрінеді. Әйтпесе, тәуелсіз азат елде жиырма жылға жуық тірлік кешіп жатқан бөрікті азаматтар бала-шағасы болмаса да, өз немере-шөбересін қазақ мектебіне бермес пе еді, ел адақтап, мойынына бұршақ салып қалған жұртты сол жолға үгіттемес пе еді... Ондай азамат-арыстардың атын атап, түсін түстеп (марқұм Шона Смаханұлы сияқты), кейінгі буын олардың бұл қадамдарының бәсіресіне оларды өз заманының ерлеріне баламас па еді...

3. Ғалымның хаты мен заты (1974 жылдан бастап)

Әбекең ер жасы елуге толып, докторлық атағын алып, көңілі бір жайланған соң, қазақ тілінің сөз байлығын түгендеу ісіне біржолата ден қойды. Әрбір түйір сөзді кастерлі дүниедей көріп, оның жеке-жеке мағыналық қырларын ашып көрсететін мысалдарды әртүрлі дерек көздерінен жинай бастайды. Ғалым-ұстазымызбен талай рет сапарлас болудың сәті түсті. Сонда ұдайы байқайтыным, айнамайтын бір көрініс: Әбекеңнің қолынан кітап түспейді. Қолы қалт етсе бас бармағы шошайып (суретшілігінен қалған әдет пе деймін), көненің көзіндей қара сиялы қаламымен, маржандай қолтаңбасымен жарты бет-жарты бет болып қиылған ақ қағазға мысал-сөздерді көшіріп отырады. «Қанша сөз, мағына жинадыңыз?» – деп сұраймын риясыз көңілмен. «Миллион жарымдай шығар», – деп жауап береді ұстазым. Ол карточкалары үшін арнайы жасатқан ошықтерін де көргенмін, арнаулы үстел үстінде айналып тұрады. Міне, осылайша тынымсыз тірлікпен жағаласа жүріп жинаған ұшан-теңіз сөз байлығын ғалым үш томдық «Қазақтар: ана тілі әлемінде» атты ерекше бір сөздік кітапқа топтастырып отыр. Күш-қуаты жетіп, «Адам», «Табиғат» және «Қоғам» атты бұл томдарды аяқтап, жарыққа шығара алса, Әбекеңнің қазақ тілі білімі ғана емес, жалпы тіліміздің қоржынына салар олжасы салмақты болмақ. «Қазақтың басқалардан сөзі ұзын» деп бекер айтылмаған ғой, аталмыш еңбек, жаңадан жасақталып, шығып жатқан 15 томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігі», жаңадан жасалу қолға алынған мақал-мәтел, фразеология, аймақтық лексика, қос сөз, теңеулер сөздігі, синонимдер сөздігі және басқалар жарық көрген кезде еңбегі еш, тұзы сор тілші қауымның тірлігі жаңаша бағаланып қана қоймай, қазақ тілінің әлеует-күдіреті артып, кеңістік-көкжиегі кеңейіп, ана тілінен жерінген кейбіреулердің көкейіндегі күмән-күдік те сейіліп, болашақ асыл тіліміз басынан құсы ұшып, жығасы қисайған жиырмасыншы ғасырдағы ауылдың тілі емес, тамырын тереңге жіберіп, болашаққа құлашын кеңге жаяр заманауи өркениет тілі деген түсінік қалыпты құбылысқа айналар еді.

Әбекең – бүгінде 10 ғылым докторының, 60 ғылым кандидат-шәкіртінің томағасын сыпырып, үлкен ғылым жолына ұшырған алды кең

ұстаз. Олардың дені – жоғарыда аталған үш томдық сөздіктің сүйегін құрайтын, қазақ топырағындағы бір кезде жаңа сала атанған, қазір өзіндік мектеп болып қалыптасқан этнолингвистика тақырыбына жазылған еңбектер.

Тақырыпқа тақырып қосылып, ғалымның шәкірттерінің өзі хақындағы («Адам»), қоршаған орта туралы («Табиғат») түсінік-танымдары, дүниетанымы («Қоғам») жаңа қырынан ашылып, толығып, толыса түспек. Өзге де қоғамтану ғылымдарын алға сүйрер осы бір бағыт, идея жалпыхалықтық мұрат-мақсат, ұлттық идеяға арқау болса, уақыт өте келе ғаламдық деңгейдегі адамзаттық идеялардың ықпалдастығына да араласып, ұлтымыздың бәсекеге қабілеттігін ширата түсудің бір тетігіне айнала алар еді.

1980 жылдардың басында Әбекең негізін қалай бастаған «бір түбіршілер» теориясы, осы жолдағы ізденушілердің өзіндік мектебі туралы әңгіме қаулап, артынан саябырсып қалған болатын. Бұл – берісі түркологиялық, әрісі алтаистикамен байланысты қызықты да қиын сала-тақырып. Түбі бір түркі тілін жер жүзінде қаншама ғұлама ғалымдар зерттеп, зерделеп жатыр. Түптің түбінде, түркі тілдерінің түпкі тарихы жекелеген сөздеріміздің түп-төрікіні (этимологиясы), шығу тегі айқындалған кезде ғана түпкілікті шешімін таппақ. Осы мәселені шешуге Әбекең ғылым жолындағы барлық саналы ғұмырын арнап келеді десек те болады. Қаншама жылдардан бері «Қазақ тілінің этимологиялық сөздігін» түзуде. Бірақ әлемдік лингвистикадағы тәжірибе көрсеткендей, бір ғалымның толыққанды бір тілдің этимологиялық сөздігін түзіп шығаруға ғұмыры жете бермейді. Э.Севортянның өзі «Түркі тілінің этимологиялық сөздігінің» алғашқы томдарын ғана көріп кетті, соңғыларын шәкірттері оның атынан әупірімдеп шығарып келеді. Және бір байқайтынымыз, әлемдік тәжірибенің көрсеткеніндей, жалқыдан жалпыға ұласқан ғылым саласы да, жалпыдан жалқыға айналған тармақтанған жекеленген салалар да бір кездерде тоқырауға ұшырап, аз-кем тыныс алады. Бүгінгі таңда әлемдік түркология (оның ең мықтысы кеңестік түркология еді ғой) да, оның ішінде тарихи, салыстырмалы, этимологиялық зерттеулер де уақытша тығырыққа тірелгендей... Зерттеу, ізденістер жоқ емес, бар, бірақ нақты нәтижелерді көре алмай отырмыз. Мұны енді ғылыми талас, болашақтың әңгімесі десек те болады...

Сонымен ұстаз туралы аз-кем сөзімізді түйіндер де кез келді. Сені жарық дүниеге әкелген ата-ананды талғап-таңдамайтының сияқты көп жағдайда ғылыми жетекшіні де бір бұйрықты күш бұйыртады. Бірақ Әбекең тек менің жетекші ұстазым емес, бүгінде барша халықтың тілін тербеткен ұлт ұстазы. Жиырмасында Отан үшін отқа түскені үшін де, ел басына таңдаулы сын сағат туғанда да бірсөзді ер мінезінен қайтпай, сол кездегі ел басшысы Г.Колбинге қарсы сөйлей алғаны үшін де, қазақ тіл

білімін сапалық деңгейге көтерген ерен ғылыми еңбегі үшін де оны тек біз емес, күллі ел-жұрты әулиедей сыйлап, құрметтейді. Бұл жалған дүниеде ел құрметінен, ел тілегінен артық не болуы мүмкін?! Ер туғызбай тұра алмайтын Еліміз аман болсын, оның алтын діндегі Тіліміздің болашағы жарқын болсын!..

Ғ.Әнес.

«Ана тілі». №49(990). 10-16 желтоқсан. 2009. 6-7 бб.

Ақаремик Ә.Т.Қайқар – қазақ этнолингвистика мектебінің көшбасшысы

Тілді адамзат қоғамындағы қарым-қатынасты жүзеге асыратын құрал ғана емес, сонымен қатар белгілі бір тілдік ұжым, халық, этнос, ұлт, ұлыс мәдениетінің құрамдас сыңары деп тану, оны сол этномәдени және тілдік ұжымның тарихи дамуымен, салт-санасымен, дәстүрлі танымдық-тағылымдық құндылықтар жүйесімен, өмірлік тәжірибесімен, рухани және материалдық мәдениетімен сабақтастықта зерттеп, оның нәтижесін «Тіл – Адам біртұтастығы» елегінен өткізу – қазіргі тілтанымдық зерттеулердің көздейтін басты мүддесіне айналғаны хақ, Тіл білімінде бұл соны жаңалық, тың тақырып еместігі анықталып, оның бастау арналары, дереккөздік сипаты, алғышарттары Вильгельм фон Гумбольдттің тіл философиясына қатысты еңбектерінен басталып, тілтаным ілімінің даму тарихында өшпес із қалдырған тілші ғалымдардың зерттеулерімен жалғастырылғаны белгілі.

Тіл ең басты, негізгі, тұрақты этностық көрсеткіш болып саналады. Оған территориялық біртұтастық, мәдени біртектілік, этностық (ұлттық) сана, мемлекеттік құрылым, әлеуметтік организм, антропологиялық тип сияқты тарихи өзгерістерге түсіп отыратын, тілге қарағанда тұрақтылық қуаты аз белгілер ілеседі.

Сондықтан да Н.И.Толстой «тіл тағдыры мен этнос тағдыры адамзат баласын өте ертеден толғандырған, ең көне проблемалардың бірінен саналатынын, мұнда тіл иесінің этникалық тарихына көз жүгіртпей тұрып, нақты тілдерге қатысты экстралингвистикалық деректерді елестету мүмкін еместігін» айтады. Н.И.Толстой: «Этностық құрылым тілдік құрылымға қарағанда тарихи өзгеріске бейім және тіл-этнос аралық қатыстылыққа біршама әсер ететін әлеуметтік-экономикалық, мемлекеттік-саяси қоғамдық процестердің ықпалында болады»¹⁴⁹, – деді.

Этнос ұғымына «Этнос – өткен бір дәуірлерде дүниеге келіп, белгілі бір географиялық ортада қалыптасқан, шұғылданған тіршілік- тірлігі бірыңғай, мінез-құлқы ұқсас, діні де, тілі де бір, салт-дәстүрі мен әдет-

¹⁴⁹ Толстой Н.И. Язык и народная культура. Очерки по славянской мифологии и этнолингвистике. М.: Индик, 1995. С. 509.

ғұрпы ортақ, өзінің ортақ тегін, туыстығын, тұтастығын сезіне білетін, сатылап даму барысында аналық, рулық, тайпалық, ұлыстық және халықтық дәуірлерді басынан кешіріп, бүгінде дербес ел болып отырған адамдар қауымы» деген анықтама бере келіп, академик Ә.Т.Қайдар «этностың шынайы бейнесі, болмысы оның тілінде ғана, тілі арқылы ұрпақ жадында сақталатынын айтады. «Этностың дүниеге келуіне ұйытқы болған да – тіл, рухани-мәдени өмірінің өзегі де, өзін-өзі танып білудің өлшемі де – сол тіл деп тілдің адамдар қауымдастығының этномәдени және ділдік негізін, тінін құрайтын конструктивтік (құрастырушылық) рөлін көрсетеді. «Тіл әлемі – этнос болмысына қатысты мыңдаған, тіпті миллиондаған мағыналық бірліктердің жиынтығы, синтезі деп, тіл феноменінің ғылыми-танымдық дереккөздік сипатын анықтайды»¹⁵⁰.

XX ғасыр лингвистикасындағы антропоцентристік пардигмасында өзектілік пайда болған этнолингвистика саласы бүгінде дербес ғылыми пәндік сипат ала бастағаны белгілі. Оның бастау арналары В.Ф.Гумбольдт, В.Вунт, Г.Штейнталь, А.А.Потебня, Н.И.Толстой еңбектерінде, сол сияқты, қазақ ғалымдары Ә.Т.Қайдар, Е.Жанпейісов, Ә.Ахметов, Ж.Манкеева т.б. ғалымдардың зерттеулерінде қалыптасты.

Соңғы жылдардың көлемінде бұл салада іргелі, құнды еңбектердің жарық көруі этнолингвистика ғылымының буыны бекіп, зерттеу нысаны, мақсат-мұраты айқындалып тіл білімінің өзекті бір саласы болып қалыптасқанын дәлелдейді, осыған орай әлем лингвистикасында бұл ғылым саласының арнайы мектептері бар екендігі мәлім.

Америкалық этнолингвистика мектебінің теориялық негізі Эдуард Сепирден, Бенжамен Уорфтардан бастау алса, Германия этнолингвистикалық мектебін қалыптастыруда Лео Вайсгербер көрнекті рөл атқарды. XX ғасырдың екінші жартысында ірі ғалымдар В.Н.Топоров, В.В.Иванов басшылығымен бірнеше ірі орталықтар, Н.И.Толстойдың этнолингвистика мектебі, Ю.А.Сорокиннің, Н.В.Уфимцеваның этнопсихоллингвистика мектебі т.б. пайда болды.

Қазақ тіл білімінде этнолингвистика ғылымы XX ғасырдың 70-жылдарынан бастап, академик Ә.Т.Қайдардың басшылығымен зерттеле бастады.

«Жалпы тіл білімінде этнолингвистика және оның мақсат-мүддесі теориялық тұрғыдан көптен бері белгілі, әсіресе қазақ тіл білімінде бұл мәселемен алғаш (1970 жылдардан бері) шұғылдана бастаған академик Ә.Т.Қайдар... Содан бері бұл салада ірілі-ұсақты жүздеген еңбек дүниеге келіп, қазақ тілінің өз табиғаты мен ерекшеліктеріне сәйкес қазақ этнолингвистикасының бағыт-бағдары, мақсат-мүддесі айқындалып, ғылыми тұжырымдамасы жасалды. Көптген кандидаттық және докторлық дис-

¹⁵⁰ Қайдаров Ә.Т. Қазақ тілінің өзекті мәселелері // Актуальные проблемы казахского языка. Алматы: Ана тілі, 1998. 304 б.

сертациялар қорғалды... Осындай қыруар игілікті істің ұйытқысы да, бағдарлаушы, басқарушы, көшбасшысы да академик Ә.Т.Қайдар екендігі ғалымдар қауымына белгілі, – дейді ғалым М.М.Копыленко¹⁵¹.

1985 жылы жас ғалымдардың ұйымдастыруымен өткен ғылыми конференцияда академик Ә.Т.Қайдар осы ғылым саласына қатысты көптеген келелі мәселелердің бетін ашып баяндама жасады. Нәтижесінде сол кездегі «Білім және еңбек» журналында ғалымның «Этнолингвистика» атты көлемді ғылыми мақаласы жарияланды. Мақалада тіл білімінде бұрын сонды арнайы сөз болмаған бұл ғылым саласы «этностпен бірге дамып, біте қайнасып жатса да, дәл қазіргі кезеңде әрі жаңа, әрі тың мәселе болып саналатындығына, оның кереметтігі- монолиттік тұтастығында екендігіне, бір-біріне етене жақын объект болып табылатындығына, ол объект – этнос және оның тілі, өйткені тілсіз этнос, этносыз тіл өмір сүруі мүмкін еместігі, яғни этностың сонау бала кезеңнен есейгенге дейінгі барлық болмысы мен өмір тіршілігі, дүниетанымы мен мәдени, рухани байлығы ана тілінде сақталғандығын фактілер мен деректер негізінде зерттеп білу және оларды игілікке асыру қажеттігіне тоқтала келіп: «Бұл іске бүкіл қауым болып атсалысуымыз қажет». Осы ретте біз қазақтың қолөнеріне (С.Қасиманов, Д.Шокпаров), музыкалық өнер мен аспаптарына (Б.Сарыбаев, О.Хаймулдин), мал атаулары мен мал ауруларына (Ш.Жанәбілов, Г.Себепов, А.Жақыпов, Х.Қашағанов, Ж.Бердімұратов), хайуанаттар мен балыққа (Қ.Қыдырбаев, Күленов т.б.), халық календары мен астрономиясына (М.Исқақов, А.Машанов), халық медицинасымен дәрілік өсімдіктеріне (С.Сұбханбердин, М.Қожабеков, Б.Атшабаров т.б.), діни әдет-ғұрыпқа (М.Тоқжігітов, Ақназаров), қыран құстар мен аңшылыққа (Ж.Бабалықов, А.Тұрдыбаев, Е.Тұрысов, Ғ.Нұрпейісов) байланысты басылып шыққан кейбір этнографиялық мәліметтердің қауым үшін орны ерекше екендігін атап айтқымыз келеді. Осыған орай қазақ халқының этнографиялық байлығын ел арасынан жинап, жан-жақты зерттеп, ғылымға үлкен үлес қосуымыз керек, – деп жіктеп-жіліктеп, мәселенің маңызы мен мәні жайлы түсіндіріп берді¹⁵².

Әрі қарай академик Ә.Т.Қайдар: «Әр саладан қанша еңбек дүниеге келіп жатса да, этнографиялық мұрамыз түгел қамтылып, зерттеліп, жүйеленіп, ел игілігіне әлі ұсынылған жоқ. Өмір тәжірибесі, көргені мен көңілге түйгені мол жазушы-журналистеріміздің көркем шығармаларын этнография тұрғысынан бір сүзіп шыққан адамға, ел арасына барып, көпті көрген кәріқұлақ қарттармен, қолынан өнер тамған шебер зергерлермен, әртүрлі кәсіп иелерімен сұхбаттасып, сыр тарта білген талапкерге асыл қазына әлі де молынан кездеседі. Ал, І.Жансүгіров, Б.Майлин, М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, С.Бегалин, І.Есенберлин, С.Бақбергенов, Т.Әлімқұлов, Ә.Кекілбаев, Ш.Мұртаза т.б.

¹⁵¹ Копыленко М.М. Основы этнолингвистики. Алматы: Еуразия, 1995. 15 б.

¹⁵² Қайдар Ә.Т. Этнолингвистика // Білім және еңбек. 1985. №10. 18-22 бб.

осы сияқты белгілі жазушыларымыздың шығармаларынан тұрмыс-салтымызға, әдет-ғұрпымызға, аңшылық-саятшылыққа, кәсіпшілікке, өсімдік, хайуанаттар дүниесіне т.б. тіршілік салаларына байланысты тамаша этнографиялық этюдтерді жиі кездестіруге болады. Мұның сыртында бай фольклор текстері мен өткен ғасырлардағы ақын-жыраулардың қалдырған мұралары тағы бар, – деген болатын¹⁵³.

«Тілді этникалық ой-таным мен ұжымдық тәжірибені қордалаудың құралы» деп тану. Өз кезегінде тілдік бірліктердің мағыналық-мазмұндық құрылым-құрылысының терең астарына үңілуді, оларды «Адам-табиғат-қоғам» үштігі елегінен өткізіп, адам және оның тілі тұрғысынан індетте зерттеуді қажет етеді. Өйткені олар – тіл өкіліне өз халқының басынан кешірген барша өмірін, салт-сана, қалыптасқан дәстүр, дүниетанымын елестете алуға, болмыстағы құндылықтарды танып-біліп, заңдылықтарын ашып, олар туралы ой мен түсінігін тұжырымдап айтуға, адамзат қауымына тән ортақ көзқарас пен құндылықтарды бағалауға көмектесетін тіл фактілері. Міне, осыған байланысты академик Ә.Т.Қайдар тіл әлемін «Адам, Табиғат, Қоғам» сияқты үш салаға бөліп қарастырады. «Адам-табиғат-қоғам» үштігін іштей 30 макротопқа, 200 микротопқа бөліп, этнолингвистикалық тұрғыдан жүйелі, сатылы принциптер негізінде жіктейді. Академик Ә.Т.Қайдардың «Қазақтар: ана тілі әлемінде» атты 4 томдық этнолингвистикалық сөздігі осы ғылым саласының негізін қалап, этнолингвистикалық мектептің қалыптасуына ерекше ықпал етті.

Қазақ тілінің этнолингвистикалық сөздігін құрастырушы академик Ә.Т.Қайдар бай қазақ эпостарын, тарихи аңыздарды, ертегілерді, ақындар мен жыраулар шығармашылығын кеңінен пайдалана отырып, ондағы ұлттық фразеологизмдерді, мақал-мәтелдер мен жұмбақтардың этнолингвистикалық сипатын аша түседі.

Этнолингвистикалық ғылым қазіргі кезде көне рухани мәдениетті қайта құру міндетіне бағындырылған тілдік және мәдени көне дүниелердің, атаулардың сөздігін жасау сияқты тәжірибе жинақтаумен қатар, этнос тілінің айналасында лексикографиялық ұғым қалыптастырады.

Этнолингвистика мәселелеріне байланысты жазылған ғылыми еңбектердің, зерттеулердің жалпы саны (М.М.Копыленконың көрсетуі бойынша) бір мыңнан асады. Бұл зерттеулердің басты ерекшелігі – барша деректердің тақырыптық, мағыналық, логикалық жүйе негізінде берілуі, сол арқылы тілдің ішкі дүниесін толық ақтарып көрсету арқылы небір танымдық мүмкіншіліктерді көрсете алуы. Осы ғылыми еңбектердің барлығы академик Ә.Т.Қайдар қаламының қайталанбас ерекшелігі.

Ғалымның «Қазақтар: ана тілі әлемінде» деп аталатын қазақ тілінің сөздік қорындағы жарты миллиондай (ғалым жобалауы бойынша) ма-

¹⁵³ Карасик В.И. О категориях лингвокультурологии // Языковая личность: проблемы коммуникативной деятельности. Сб. науч. трудов. Волгоград: Перемена, 2001. С. 3-16.

ғыналық бірлігін қамтитын 4 томдық этнолингвистикалық сөздігі жас ұрпаққа өз болмысын танытатын ана тілінің асыл қазынасы болмақ.

Өмірінің 50 жылдан астам уақытын осы жұмысқа арнаған академик ағамыздың 4 томдық еңбегінің кейінгі ұрпаққа берер тағылымдық мәні зор болмақ.

Бірнеше жылдардан бері республикамыздың жоғары оқу орындарында шәкірттерімізге «Этнолингвистика» пәні оқытылады... Біздің Түркістандағы қазақ-түрік университетінде де, таңдау пәні ретінде, студенттердің қалауымен үздіксіз жүргізіліп келеді. Пән оқытушысы ретінде «Этнолингвистика» атты оқулық жазып, министрліктің республикалық Оқу-әдістемелік Кеңесінің рұқсатын алдым. Университет баспасынан азғантай тиражбен шығарып, пайдаланудамыз. Этнос пен тіл арасындағы байланыс, ұлттық менталитет, оның ерекшеліктері біздің студенттерімізге осы пән арқылы таныс. Онда жалпы этнолингвистика ғылымының зерттеу объектісі, басқа ғылым салаларымен байланысы, этнолингвистикалық мектептер, оның негізін қалаушылар, академик Ә.Т.Қайдар бастаған қазақ этнолингвистикалық мектебі, ғалым ағамыздың өзінің, басқа да шәкірттерінің осы ғылым саласы жөніндегі зерттеу еңбектеріне сүйене отырып, пәннің қыры мен сыры жан-жақты айтылады. Оқулық министрліктің басшылығымен, грифімен 2015 оқу жылында жарыққа шығатын болды.

Академик Ә.Т.Қайдар зерттеулерінің әрқырлылығы, оның қазақ тіл білімінде алар орны жөнінде арнайы зерттеулер жүргізу – болашақ ізденушілер құзырындағы игі істер болары сөзсіз.

Қорыта келгенде, ұлттық тілдің өзекті де көкейкесті мәселелерін «этнос-тіл-мәдениет» контекстінде қарастырып, қазақ халқының ұлттық қазынасына қазақ тіл біліміне сүбелі үлес қосқан академик Ә.Т.Қайдар қаншама ғалымдарды қатарға қосып келе жатқан ұлы ұстаз, тіл білімінің пайғамбары, қазақ этнолингвистика мекетбінің көшбасшысы деп мақтанышпен айтсақ жарасады.

Б.Оспанова.

«Этнос және тіл» халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары. Алматы: «Кие» лингвоелтану инновациялық орталығы. 2009. 25-27 бб.

Почетный Академик АН РБ Абдуәли Тұғанбаевұч Қайқаров

Казахский ученый-тюрколог, языковед, академик АН Казахской ССР (1983), почетный академик АН РБ (1991), почетный член Тюркского лингвистического общества (1988), доктор филологических наук (1970), профессор (1972), заслуженный деятель науки Казахской ССР (1982), от-

В начале 1942 года Кайдаров учился на курсах «ОСоавт.иахима», а в мае того же года, получив повестку из военкомата, в группе призывников отправился из Алматы в Ташкент, где формировались команды радио-телеграфистов. После учебы на специальных курсах, изучения оборудования радиопередатчиков, азбуки Морзе, приобретения знаний по ведению радиопередач в полевых условиях молодые казахские воины направились в Москву, где приезжих включили в состав комсомольского заградительного отряда, участвующего в обороне столицы. Глубокой снежной осенью в числе других казахов Абду-Али попал в Сотую национальную бригаду на Калининский фронт. Немцы пришли в себя после провала окружения Москвы в 1941 году и теперь сами стояли насмерть перед наступающими советскими армиями. Кайдаров побывал под вражеским обстрелом, выработал волю и привычку стойко воспринимать свист пуль и разрывы снарядов. Он научился быстро и ясно передавать по радиции командирские приказы, устанавливать свой радиопередатчик там, где, по его мнению, во время боя аппаратура не могла бы получить повреждения, в нем уже можно было распознать бывалого солдата.

В ноябре он участвовал в Великолукской операции по разгрому немецкой оперативной группы армий «Центр». Часть бригады тогда бросили на передовую. Ночью на флангах его части разгорелись жаркие бои. Был отдан приказ немедленно атаковать противника.

– Нашему взводу разрешили оставить в траншее противогазы и гранаты, – вспоминает Кайдаров, – предупредили о рукопашной схватке, вооружили автоматами, напоили водкой и со словами «С Богом!» и «Вперед!» послали в атаку. Бежим с криком «Ура!», снегу чуть ли не по пояс. Немцы строчат из пулеметов, мы им отвечаем, на передовой светло как днем – все освещено ракетами. С большими потерями окоп противника был взят, а я до него не добежал – ранило. Это случилось 21 декабря. Тогда я не знал, что на Калининском фронте воевал и мой отец. Он погиб через десять дней после памятной мне атаки под Великими Луками, скорее, в Тверской области Оленинского района при освобождении села Плеханово.

Кайдарова госпитализировали. Лечение прошло успешно. После выздоровления он был отправлен в свою часть на Прибалтийский фронт. Война шла затяжная, с переменным успехом. Но перелом уже наступил,

было видно – немцы не те бравые и надменные солдаты, какими они были в начале войны, когда рвались к Москве и трубили по радио на весь мир о поражении СССР. Под нагиском советских войск немцы отходили на заранее подготовленные оборонительные рубежи. Абду-Али участвовал как в наступательных, так и в оборонительных боях. Отважному воину был присвоен орден Славы III степени за то, что вместе с бойцом Петром Капоченко они пробрались на позицию противника и утащили в расположение своей части трофей – немецкий станковый пулемет с полным боекомплектом.

В 1944 году при защите города Невеля Псковской области от прямого попадания снаряда в бруствер траншеи Абду-Али получил серьезную контузию. По мартовскому снегу собаки санитарной службы повезли травмированного солдата в лазарет.

– Лежал на лечении в госпитале. После окончательного выздоровления мне предложили учиться в городе Костроме в эвакуированном Ленинградском училище инженерных войск им. А.А.Жданова, где на курсах готовили инженеров-мостовиков и специалистов по преодолению водных преград, – рассказывает А-А.Кайдаров. – В 1945 году я окончил это училище с отличием, получил погоны лейтенанта и назначение – прибыть в 9-й отдельный моторизованный батальон II Белорусского фронта.

Шел апрель. До падения Берлина оставались считанные дни. Почуяв конец, гитлеровские армии отчаянно сопротивлялись, очаги этого сопротивления как раз и добивали на разных участках фронтов силы Красной Армии. Возле города Штеттина, превращенного немцами в крепость, произошла одна из значительных битв второй мировой войны. Чтобы взять крепость, советским воинам пришлось форсировать Одер, а затем штурмом овладеть городом. Многие погибли в той кровавой битве. Моторизованный батальон сооружал на берегу надводную переправу – понтонный металлический мост. Офицеры, в числе которых находился лейтенант Абду-Али Кайдаров, вели исследования дна Одера, измеряли ширину его русла, глубину, состояние берегов и дна, скорость течения и прибытие паводковой воды. Кайдаров контролировал сборку понтонов, «до седьмого пота» бегал сам и гонял ремонтников исправлять и заново монтировать поврежденные понтоны, их оснащение. Артиллерия и авиация немцев нещадно «долбила» дамбы и переправы, буквально «в щепки» разбивая железные звенья понтонов, убивая саперов на месте работы. Груды исковерканных бомбами понтонов валялись после бомбежки на берегу, тягачи то и дело растаскивали металлические завалы, а на их место понтонеры тут же ставили новые сооружения. Понтонный мост через Одер ценою больших человеческих потерь, был наведен, и по нему на отвоеванный плацдарм пошла пехота и техника. Войска окружили город-крепость. 26 апреля городом штурмом овладели части 65-й армии генерала П.И.Батова.

Свою победу над фашистской Германией Абду-Али Туганбаевич Кайдаров встретил утром 3 мая. Как-то неожиданно наступила непривычная

тишина. Батальон тогда стоял на отдыхе в немецкой деревеньке. Гитлеровцев прогнали далеко на запад, они тысячами сдавались в плен, бежали в расположение американских и английских союзных войск. Лейтенант проснулся от необычной стрельбы. Вскочил, схватился за оружие, выглянул в окно, подумал спросонку о прорыве немецкой группы. Оказалось, что это товарищи по батальону празднуют завершение военных действий на западном берегу Одера. Событие отметили даже деревенские мирные жители. Они вышли на улицу и стали приглашать воинов праздновать конец войны. Немцы вынесли пиво, откопали из земли бочки с вином, принесли хлеба и сала, домашние консервы – они тоже радовались миру.

Демобилизовался молодой лейтенант из рядов Советской Армии в 1946 году. Вернулся домой в аул Кок-Тюбе. В то время его гимнастерку украшал не только орден Славы. Его наградили орденом Отечественной войны I степени, двумя орденами Красной Звезды, медалями «За победу над Германией в Великой Отечественной войне 1941–1945 гг.», «За оборону Москвы».

– Моя мать, потерявшая мужа и двух сыновей, хотела, чтобы я жил в ауле, работал учетчиком, но у меня были свои планы, – рассказывает Кайдаров. – Экстерном я окончил 10-й класс казахской средней школы в г. Иссыке. В 1947 году поступил на отделение филологического факультета государственного университета им. С.М.Кирова. В 1951 году решил посвятить свою жизнь науке, исследованиям в области языкознания тюркских языков. Затем я стал аспирантом в секторе уйгуро-дунганской культуры АН КазССР по специальности уйгурский язык. Через пять лет мне присвоили ученую степень кандидата филологических наук...

Миновали годы. Сегодня ветераны войны празднуют 61-ю годовщину со Дня Победы над гитлеровской Германией. Они теперь глубокие старики. Вместе с ними празднует 84-летний Абду-Али Кайдаров – известный в Казахстане профессор языкознания, академик, президент и председатель многочисленных научных обществ, член академических советов, участник и автор многочисленных докладов, лекций, научных трудов, преподаватель и руководитель, составитель словарей и редактор учебных и популярных изданий. Нет смысла перечислять этапы научной, исследовательской деятельности, которую проводил профессор Кайдаров в истории тюркского языкознания. Нам просто не хватит газетной страницы. Скажем лишь, что наш герой сегодня – почтенный асакал в науке. Он не сдает своих солдатских позиций. За вклад в науку Абду-Али Туганбаевич Кайдаров награжден орденом «Знак Почета», «Почета государства Турции», «Отан» I степени, орденом «Золотой знак защитника языка», медалью «Ветеран труда» и юбилейными медалями, государственными премиями. Ветеран войны продолжает трудиться на благо Родины в Институте языкознания им. А.Байтурсынова.

«Наука и высшая школа Казахстана». 1 мая. 2006.

С.Торопкин, корреспондент

ҒАЛЫММЕН ҚҰРҒАН СЫР-СҰХБАТ

Азамат болу – абыроу

Балалар, өздерің күнделікті оқитын қазақ тілі оқулығы авторларының бірі Әбдуәли Туғанбайұлы Қайдаров ағаларың алпысқа толды. Ол кісі Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институтының директоры, филология ғылымының докторы, профессор, академик, Қазақ ССР ғылымының еңбек сіңірген қайраткері, Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты.

Біз бүгін тіл білімін зерттеуде белсенді еңбек етіп қана қоймай, тамаша ұйымдастырушы да болып жүрген ағаларыңды қонаққа шақырдық.

– Әбдуәли аға, ең әуелі сізге жүздеген мың оқырмандарыңыздың ыстық сәлемін жеткізгелі отырмыз: алпысқа келген тойыңыз құтты болсын!

– Рахмет айналайын! Балаларымның да келешегі кемелді болсын... өздерің хабарласқалы кейіндеп қалған базарлы шағым есіме түсіп отыр еді. Оны да сағынады екенсің...

– Қиын-қыстау кез, ел еңсесі енді-енді көтеріліп келе жатқан уақыт. Оның үстіне дәл соғыстың қарсаңы...

– Солайы-солай-ау! Бірақ, балалық шақ дегеннің өзі адам өмірінің ең бір есте қаларлық кезеңі емес пе! Мені сол бір беймаза күндерімнің куәсі болған жерді ешуақытта ұмытпаймын. Кіндік қаным тамған топырағым – тарихи «Алтын адам» табылған «Есік қорғанын» балалардың бәрі де біледі. Міне, осы – Алматыдан 45 шақырымдай жерде ат жалын тартып міндім. Мектепке бардым. Оң-солымды таныдым. Әкем Қайдар үш-төрт-ақ кластық білімі болғанымен, ол кез үшін сауатты кісі еді. Колхоз бастығы қызметін атқарған. Тап тартысы шырығып, жас совет мемлекетінің қаптаған жаулары қадам сайын шалғайға жармасып тұрған 20-жылдары милиционер де болған екен. Бар айтары «оқы» дейтін. Бәлкім, әке өсиетімен алаңсыз оқи берер ме едім. Тоғызыншы класты бітірген жылы ел басына күн туды. Ауылдағы ер-азамат атаулы майданға аттанды. Солардың арасында әкем де, әкемнің інісі Майлыбай да, немере ағам Сексен де кетті. Мен әлі 17-ге толғам жоқ. Әйтсе де өзімді азамат санап, қолға қару алған туыстарымнан қалғым келмеді. Сөйтіп, бойды намыс билеген тұрғыластарымды ертіп Еңбекшіқазақ аудандық әскери комиссариатына бардым. Военком Тұмарбеков деген кісі еді, өтінішімізді алып қалды. «Ұзамай жауабын береміз» – деген-ді. Бір күні өтінішіміз жарияланған аудандық газетті көріп, одан бетер қуандық. Әкетсе, соғысқа кіруге дайын тұрайық деп, мылтық ағуды меңгердік. Сонымен, сентябрь келді. Біз қанша сұранғанмен, бәрібір жасымыз толмай

шақырмайтынына көзіміз жетті де, Түргендегі он айлық мұғалімдер дайындайтын курсқа жазылдық. Бірақ, бітіре алмадым. 1942 жылдың 2 майы күні өтінішіміздің жауабы келді...

– *Соның өзінде 18-ге енді аяқ басқан кезіңіз екен ғой...*

– Иә, әскерге өз тілегім бойынша жасым жетпей-ақ алындым. Бұл таңданатын нәрсе емес еді ол уақытта.

Ташкентте үш ай радиотелеграфистік курстан өтіп, августе майданға жол тарттық. Великие Лукидің түбінен бір-ақ шықтым. Шайқастың әбден ширыққан нүктесінде Алматыда жасақталған 100-ші ұлттық бригада тұр еді. Бұған дейін әкемнің жазған хаттарынан сол жерде екенін білетінмін. Майдан шебі үлкен. Қым-қиғаш атыс, жарылыс күндіз-түні толастамайды. Әкеммен жүздесудің жөні келмеді. Туған елді қорғаймын деп, ол кісі мыңдаған қаруластарымен бірге Великие Луки жерінде көз жұмды. Мен оң қолымнан жараландым. Жастық шағым емес пе, үш айдан кейін сапқа қосылдым. Жауынгерлік өмірім I Прибалтика майданында жалғасты. 1944 жылы мартта контузия алдым.

Госпитальдан кейін Ленинградтан (революция бесігі қоршауда қалуына байланысты) Кострома қаласына уақытша көшіріліп келген Жданов атындағы әскери-инженерлік училищеге жіберді. Оны қысқа мерзімде аяқтап, 1945 жылдың февраль айында майданның алғы шебіне кіші лейтенант шенімен қайта оралдым. Содан жеңіс күніне дейін 2-Белорусь майданының құрамында взводты басқардым. Ал Берлинге барар жолда Одер өзеніне көпір салып, фашист ордасына оң жақ бүйірден жасалатын шешуші шабуылды қамтамасыз еттік.

Енді қазір өңірімдегі Даңқ орденінен басқа екі Қызыл Жұлдыз, 1-дәрежелі Отан соғысы ордендері мен медальдары бар. Соларға қараймын да келмесе кеткен соғыс суреттерін көз алдыма келтіремін.

– *Бүгінде азаматтық борыш, отаншылдық сезім деген парасатты ұғымдарды ауызға алсақ, қатарлас қаруластырыңыздың өмірін үлгі етеміз. Расында, оқ пен оттың ортасына саналы түрде сұрану – үлкен ерлік қой.*

– Отаншылдық сезім деп отырсың ғой. Мәселен, соғыс басталған күні әскери комиссариаттың алдын босатпай майданға сұранған жігіттер мен қыздарды ешкім де қыштаған жоқ. Шыдай алмадық. Мұндай кездерде адам керемет бір ерік-жігердің рухына бөленетін болуы керек. Ол үлкенге де, кішіге де ортақ сезім. Біз соның куәсі болдық. Менімен бірге Қараболов Қали деген парталасымның алпысқа келген әкесі де соғысқа сұранды. Өзі ауылдан шыққан алғашқы коммунистердің бірі еді. Ойлап отырсам, екеуіміздің де мақсатымыз ортақ екен, екеуімізді бір-ақ сезім билепті.

Қан майданда бораған оққа қарамай «Отан үшін!» деп, жауға қарсы талай атойладық. Бізге сонда қуат берген Отанға деген махаббатымыз екен. Бұл сезім бүгінгі жастардың бойында да бар.

– Әбдуәли аға, осы жерде кішкене шегініс жасасақ дегім келіп отыр. Ғылымға келу жолыңыз қалай болып еді?

– Отан қорғауға қажет болғаныммен, 1946 жылы айға жуық уақыт демалыста жүргенде көрген ауылдың жұпыны тірлігі елеңдете берді. Ел күйзелген. Үйде шешем жалғыз екен. Одан әрі әскери қызметте қалуға жағдайым келмейтініне көзім жетті. Ауылға оралғаннан кейін жұмыс та істедім. Соғыстың кесірінен аяқтап үлгермеген мектептегі оқуымды да жалғастырып, жақсы бітіріп шықтым. Ендігі арманым жоғары оқу орнына түсу еді. «Есепші бол, бригадир бол» деп, анамның жібергісі келмеп еді. Әйтеур, көндірдім. 1947 жылы үстімдегі кителіммен келіп, ҚазМУ-дің филология факультетіне документ тапсырдым. Студенттік өміріміз қиын жағдайда өтті. Дегенмен, біздің сабаққа деген ынтамыз мықты еді. Құныға оқыдық. Мен бірінші, екінші курстың сынақтарын бір-ақ жылда тапсырдым. Университетті төрт жылда бітіріп, аспирантурада қалдым. Міне, содан бері 33 жыл өтіпті.

«Тамшы бір жерге тама берсе, қара тасты да теседі» – дейді. Адам мақсатына дітесе, шықпайтын шыңы қалмайды екен. Қызметті академияның кіші ғылыми қызметкерлігінен бастап едім, академик деңгейіне дейін көтерілдім. Ең қуаныштысы сол – жастық шағымда Отан үшін қан төктім, ғұмырым абыройлы еңбекке арналды. Мен осыны мақтан етемін.

– Сіз ғалым болуды, соның ішінде тілді зерттейтін ғалым болуды кішкене кезіңізден армандадыңыз ба?

– Жоқ, бұл менің бертінде жалғасқан өмір жолым. Әйтпесе, мектепте жүргендегі ойым – суретші, я музыкант болу еді. Мүмкін, соғыс киіп кетпегенде екі өнердің бірін мұрат тұтып кетер ме едім. ..

Әлі есімде, бір күні әйгілі суретші Әбілхан Қастеев жасаған Аманкелдінің портретін көріп, сондай ұнаттым. Қызығып кетіп, Әміртай Қойшыбаев деген досым екеуміз майлы бояумен әлгінің көшірмесін жасадық. Сәтті шыққаны соншалықты, артынан өзіміз тамсандық. Соғыстан аман-есен келген соң мектепке барсам, сол сурет әлі тұр екен...

Менің сурет өнеріне бейімділігімді байқаған мектеп директоры Мағзұм Тиесов ағай қалаға барған сайын қажетті бояу қағаздарды әкеліп беретін. Бірде ескерткіш болсын деп, ұлы Абайдың суретін жасап, сол кісіге сыйға тартқаным да жадымда. Университетте оқып жүріп те сурет салуды жалғастырдым, 1950–1951 жылдардағы «Пионер» журналында біразы жарияланды да.

Аттестатым Гоголь атындағы көркем-сурет училищесінде жатыр. Оны да тауыссам деген ойым болып еді, үлкен мақсат дес бермеді. Бір-ақ курсың аяқтадым. Әйтсе де әлі күнге сурет салуға, музыкаға құмарлығым басылмаған. Домбырада, мондолинада, скрипкада бір кісідей ойнаймын. Ұл-қыздарыма да осы құштарлығымның ұшқыны дарыпты.

– Біздің арамызда адам мүмкіндігінің құпиясы туралы көп сөз болады. Осы орайда Сіз не дер едіңіз? Өз қабілетіңізді толық пайдаландыңыз ба?..

– Адам мүмкіндігінің мол екендігін физиолог-ғалымдарымыз дәлелдеді. Ең ақылды кісілер ми қабілетінің 18-20 процентін ғана пайдаланады дейді олар. Орташа жұмыс істегендер он-ақ процентін игілікке айналдырады. Оның құпиясы, сайып келгенде, еңбексүйгіштікпен ұштасып жатыр. Адам қолға алған шаруасына жігерленіп кіріскенде ғана істі өнімді атқарады. Осы ретте, мен университеттен кейінгі үш жылыма көңілім толады, ризамын. Бас алмай іздендім. Кітапханадан шықпадым. Сол уақытым ғалымдық еңбектерімнің алтын тұғыры сияқты көрінеді.

Егер маған қазір әлдекім «Дүниеге екінші қайтара келсең, өміріңді қалай құрар едің?» – деп сұраса, ойланбастан: «Дәл осылай! Бірақ, уақыт шіркінді барынша пайдалы іске арнаймын. Өз қабілетімді пайдалануда «әттеген-ай!» дегізбейтіндей еңбек етемін», – дер едім. Бәлкім, ойда бар мүмкіндігімді бұдан да көрі ысырапсыз пайдаланған болсам, ғылымдағы белестерімді әлдеқайда ерте бағындырарым талассыз ғой.

Уақытты тиімді өткізудің, қабілетінді қажетті іске арнаудың бірден-бір тиімді жолы – жоспарлы жұмыс істеу. Күнделікті өз-өзіне есеп беру. Лажы болса, бүгінге деп жоспарлаған шаруанды келер күнге қалдырмауға күш салу керек деп ойлаймын. Маған кейбір кісілер: «Академик болдыңыз, барлық атақ-даңқыңыз жеткілікті. Енді демалмайсыз ба?» – дейді. Мен бұған күлем. Менімше, абырой-даңқ – «бітті, болдың-толдың» дегендік емес, жүктелген ел сенімі. Қайта, ол сенің алғы істеріңнің қуат-күші секілді. Келер жылы «Ғылым» баспасынан қазақ тілінің теориялық мәселелеріне байланысты монографиям, «Мектеп» баспасынан жоғары оқу орны студенттеріне арналған «Түркологияға кіріспе» деген кітабым жарық көрмекші.

– Болашақ мақсаттарыңыз туралы да айта кетсеңіз.

– Көптен көңілде жүрген екі мақсатым бар: бірі – қазақ тілінің этимологиялық сөздігін жасау, екіншісі – тіліміздің этнолингвистикасы бойынша он жылдан бері тірнектеп тауып, жинаған сөздерімді үш том етіп шығару.

– Әбдуәли аға, «Шәкіртсіз ұстаз тұл» дейді ғой. Сол сияқты, ұстаз ұлағатынсыз болашағын қалыптастырған адамдар да жоқ десем, жаңсақтық болмас?..

– Жөн сөз. Менің де өнеге тұтар ұстаздарым көп. Мұхтар Әуезов, Ісмет Кеңесбаев пен Нығмет Тынәлиевтің, Мәулен Балақаевтың асыл қасиеттерін қастерлеймін. Олардан үйренгенім мол. Сонда да болса белгілі түрколог, академик Константин Кузьмич Юдахиннің есімін айрықша атаймын. Ол кісі менің кандидаттық диссертацияма жетекшілік етті. Докторлық жұмысыма да ақыл-кеңесін аямады. Өзі қырғыз тілінің

асқан білгірі еді. Қырық жыл бойы малшылар мен диқандардың арасында жүріп, сөз терді. Қырғыз әдебиетінің алыбы Аалы Тоқамбаевтың Константин Кузьмичке телефон соғып: «Молдеке, мына сөздің мағынасы қалай?» – деп, сұрағанын да естіген едім. Міне, тілді сүюді мен сол кісіден үйрендім.

«Қанша тілді білсең, өмір құпиясын ашуда сонша кілтін болады» – деген қанатты сөздің жаны бар. Өйткені көп тілді білу – келешегіңе жолды кеңірек ашу. Мен өзім ұйғырлар арасында өскендіктен, ұйғыр тілін жақсы білемін. Орыс тілін кейінірек үйренгеніммен, кемдік көріп жүрген жерім жоқ. Еңбектерімді үш тілде бірдей жазамын. Шәкірттерімнің де жетістіктерін мақтаныш етемін. 15 ғылым кандидатын дайындаған екенмін. Олар диссертацияларын қазақ, жапон, ұйғыр, хакас, қарақалпақ және басқа тілдер бойынша қорғады.

Қазақ тілі – келешегі кемел тілдердің тілі. Ол даму үстінде. Сондықтан да қазақ жастары үшін ана тілін білу – парыз. Ал халықаралық үлкен тіл саналатын орыс тілін үйрену қажет-ақ. Онсыз биік мәдениетті меңгерем деу, бекершілік.

– *Ұл-қыздарыңыздың бойынан бұдан басқа қандай жақсы қасиеттерді көргіңіз келеді?*

– Жалқау, тоғышарларды суқаным сүймейді. Өйткені олар болашағын ойлап басын қатырмайды.

Мақсатсыздықты ұнатпаймын. Себебі, мақсатсыз адам – теңіз төсейіндегі желкенсіз, ескексіз жолаушы секілді...

Міне, осылай айта берсе – жалғаса беретін жиіркенішті қылықтардан аулақ адамдармен қатар жүру қандай жақсы. Олардың арасында әрқашан көңілді. Ешуақытта ренжімейсің. Сондықтан мен барлық балалардың жақсы болғанын қалаймын.

– *Әңгімеңізге рахмет!*

*«Қазақстан пионері». 2 желтоқсан. 1984.
(Сұхбаттасқан Т.Өтегенов)*

Топпауы моқсан

Ғылыми конференцияларда яки студент аудиторияларында дәрісін тыңдап, ұшырасып қалғаным болмаса, ол кісімен бетпе-бет отырып сөйлесудің қолайлы сәтін келтіре алмай-ақ қойдым. Тіл білімі саласында еңбек етіп жүрген әріптестерім не айтар екен, ал кеп телефон шалайын. Олардың бәрі:

– О, Әбекең туралы не деуге болады, о кісіні жұмыс уақытында мазалаудың жөні жоқ, әрбір минутын бос жібермейді, өзіне де, өзгеге де қатал, тіпті қатал қарайды, – дегенді айтса; басқа біреуі:

– Әбдуәли Туғанбайұлымен сөйлесіп, бетпе-бет отырып әңгімелесудің өзі бір ғанибет. Ойын еркін айтады, жаттандылық жоқ. Белгілі бір мәселе

төңірегінде пікір таласы болмай қалмайды ғой. Сондайда түйін-тұжырым жасалмай ма? – деді. – Әбекең бір пікірді екінші бір пікірге қарсы қоюдан мүлде аулақ. Жеткілікті дәлелмен өз ойын сендіре айтады. Өзің де ойланып қаласың. Әрбір сөздің нәрі, халық тілінің бай мазмұны, құнары тіпті жарқырай түседі. Бір сөзбен ол «пәлен, түлен» еді деп шолақ түйін жасаудың не қажеті бар? Бетпе-бет отырып сөйлесіңіз. Ғалымға қандай мінез тән екеніне айқынырақ көз жеткізе түсесіз. Әйтеуір еш өкінбейтін боласыз. Тілді әрі жатық, әрі халық байлығын таныта сөйлеу шынында, ғажап нәрсе емес пе?!

– Туған халқын, ана тілін сүйген адамды бәріміз де құрметтейміз. Себебі не дейсіз бе? Себебі сол, тіл бір ғасырдың, белгілі бір кезеңнің ғана жемісі емес. «Ғана» дегенге мән бере айтып отырмын. Ол әлденеше ғасырлардың жемісі. Сол жемісті төкпей-шашпай, бойындағы шырыны мен құнарын сақтай отырып ұрпағына жеткізу, аманаттау адамгершіліктің нақтылы көрінісі. Міне енді бүгінде тіл табиғатын тануды рухани мәдениетіміздің бөлінбес бір буыны ретінде қарастырып, тіпті оны айтамыз, ғылым ретінде зерттеп, тілдің арғы-бергі замандағы дамуына үңіліп отырсақ, бұл ең алдымен бүгінгі советтік өміріміздің жемісі. Еркін халықтар ордасында терезесі тең дамып отырған туған халқымыздың әлемдік биікке көтерілуі болып табылады. Шынымды айтсам, мен салған жерден еркін көсіліп сөйлейтін адамдар тобына жатпаймын. Мұндай кемшілігімді мойындауға тиіспін, – деді Әбекеңнің өзі.

– Әбекеңді айтасыз ба, ол кісі ғылыми советтерде өте жатық, әрі әсерлі сөйлейді. Әдебиетті де жанындай жақсы көреді. Бірде ол студенттер аудиториясында Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясынан «Қайтқанда» тарауын мәнерлеп жатқа оқығаны бар, – дегенді оның әріптесі және бір болған оқығаны көлденең тартып. – Кейбір адамдардың қағазға жазылғанды оқып бермесе, жолы болмай мүдіріп қалатыны бар емес пе? Ал Әбекең айтар сөзін алдын ала қағазға жазып, мұқият дайындалып алады. Бірақ ойының желісін үзбей, қағазға қарамастан еркін айтуға мықтап төселген адам.

Ал Әбекеңнің бұған айтары басқа.

– Әркімнің сөйлеу мәнері әртүрлі ғой. Ол үшін «сенің қалыбың мынау, осыдан шықпауың керек» деп ешкімге кінә тақпай-ақ қояйық... Кең аудиторияларда, яки ғылыми нақтылықты керек ететін конференцияларда болмаса, күнделікті қызмет бабында еркін сөйлеген әсерлі. Оның екінші бір адамға, тыңдаушыға тигізетін ықпалы орасан зор болмақ. Тыңдаушы сені, ал өзің тыңдаушыны қабылдап отырғандай екі арада көзге көрінбейтін байланыс жасалады. Сырттай қарағанда, бұл жұмыс бабында осылай қалыптасқан жағдай тәрізді. Ал мәселенің ішкі мәніне тереңірек ой жіберіп, көз алдына елестетер болса – бәрі табиғи. Өкініштісі сол, әркімнің ізденісіп, тап болған қиындықтарды жеңу жолындағы іс-

әрекетін қаз-қалпында есептеп, жазып алатын сезімтал машина әзірге жоқ. Егер ондай машина іске қосылар болса, Әбдуәли Туғанбайұлының да ғылымдағы өзіндік соқпағы қат-қат тізілген болар еді. Тоғызыншы класты бітірмей жатып, әскери комиссариатқа «мені майданға жіберіңіз» деп өтініш жазған шағы, одан Великие Лукиден бастап Одер өзеніне дейін толарсақтап саз кешуі, жеңіспен оралған жауынгердің оныншы кластың партасына қайта отыруы, солдат шинелін тастамай С.М.Киров атындағы Қазақтың мемлекеттік университетіне емтихан тапсыруы, бәр-бәрі қаздай тізіліп көз алдыңнан өтер еді. Әйтеуір өкініш жоқ... Осы сөзді академиктің өз аузынан естіген мезетте солдат киімімен студент аудиториясына отырып жүрген жауынгердің іші жылып қалады. Ал бұл болса оның құлаққа жұмсақ естілетін қоңыр даусына, қиядағыны шалып қалатын қырағы жанарына, қасқа маңдайына әбден ғашық. Киген киімінде қылау жоқ, бәрі-бәрі сымбатты денесіне жарасып тұр. Таза қоңыр даусындағы жанға жағымды әуез, бірінен-бірі айқын, анық үстемеленіп естілетін дыбыстар толқыны аудиторияда отырғандарды ұйытып-ақ тастаған. Неге? Себебі сол – білім іздеп, әбден сусап келгендердің ынта-ықыласын профессор да түсінген. Түсінгені – сол оқулықтардан, сарғайған кітап беттерінен алғандарын ығыр етіп, ежіктеп қайта оқудан аулақ. Ғасырдан ғасырға ұласқан білім қорларын ақыл таразысынан, саналы ойдың елегінен өткізуде. Ұлы Абай сусындаған, ақындық қуатына қуат қосқан әлемдік дарияларды түгел сапырып келіп, қалың дауылдан айығып, арқасын күнге тосқан алып даланың момақан бейбіт сәтін елестеткен алып тұлға маңдайы жарқырап аудиториядан шығып бара жатқаны. Осынша мол дарын, таусылмас білім қоры бір жүрекке қалай сиып тұр екен, шіркін?! Студент Әбдуәлидің құйтакандай жүрегін осындай сұрақтар талай мәрте бұлқындырғаны рас.

– Сәті түскенде, мен филология факультетіне түскен жылдары мұнда академик-жазушы Мұхтар Омарханұлы Әуезов, Қазақ ССР Ғылым академиясының академиктері, белгілі түркологтар Нығмет Сауранбаев, Мәулен Балақаев секілді әйгілі ғалымдар лекция оқыды, – деп өткенді еске алады Әбдуәли Туғанбайұлы. – Ғұлама ғалымдардың лекциясын ықыласпен тыңдап жүріп, әйтеуір шалыс баспағаным көзім жетті. Тіл білімі, оның ішінде түркі тектес тілдердің табиғаты, лексикасы мен семантикасы... Міне, мені қызықтырған нәрселер. Ал туған халқымыздың әдебиеті, оның қалыптасу тарихы, Абай әлемі одан да әсерлі, одан да қымбат. Сонда қайсысын тандауым керек? Бір мен үшін ғана емес, күллі аудитория асқан сөз зергері Мұхтар Омарханұлы лекция оқыған мезетте ынта-зейінмен қыбыр етпей тыңдайтын. Бірінші курсты қалай бітіргенімізді де аңғармай қалдық. Курсты үздік бітіргендер ықыласты болса және бір курс үшін емтихан тапсыруға рұхсат берілетін-ді. Емтиханның бәрін «бестік» бағаға тапсырғаным өз достарыма да ой

салды білеМ.Айтатындары мынау: «Ертерек есейгенің өкпелімісің? Жұрт қатарлы соғысқа қатысып, кеудене «Қызыл Жұлдыз» орденін тағып келгенің рас. Екінші курстың программасын жақсы білсең, үшінші курсқа оқуыңа әбден болмай ма? Тартынба, бәтір, жауынгерге сол да сөз болып па?!» Олар мені осылай қайрайды. Айтқандары – ақыл, әрине, бірақ тілінде «у» да бар ғой. Енді не істеу керек? Ниет бар да лайықты еңбек бар? Ол үшін мен не тындырдым?

Толқыған жүрек, қаумалаған қалың ой. Мақсат үздік оқу ғана ма? Үздік оқу, белсенділік таныту – университет студенттерінің баршасынан талап етіледі. Ал ізденіс, ғылыми жұмыстарға бейімділік солардың бойынан табыла бере ме? Міне, осы сұрақ Әбдуәлиге жатса-тұрса еш тыным бермейтін еді. Студенттердің қас-қабағынан олардың ішкі әлемін танитын профессор Қажым Жұмалиев кезекті курс жұмысын мұқият оқып шыққаннан кейін ішкі қуанышын жасыра алмады білем: – Оқу дегеніміз – өмір. Ал өмірді жақсы білу үшін жақсы оқу керек. Міне осы бір түсінікті де айқын алғышартты әрбір студент өздерінің ізденісімен, тың ой-тұжырымдарымен айқындап жатса, бұл оның құрбыларына, ұстаздарына үлкен мерей, – деді.

Қажым аға өзін әлденеше толғандырған сәтте болмаса, онша-мұншада ашылып, еркін сөйлемейтін мінезін студенттер қауымы да жақсы білетінді. Профессордың мына сөзі оларды елең еткізіп тастады. Соның арасында болған жоқ, біле беруге, ізденуге құштар профессор Әбдуәлидің есімін атап, өзіне шақырды. Жақсы сөзге жан құмар Әбдуәли де біртүрлі күй кешіп, ажарланып сала берді.

– Сенің курс жұмысыңды ықыласпен бір демде оқып шықтым, – деді профессор Әбдуәлиден назарын алмай. – Құрбыларың естісін деп әдейі айтып тұрмын. Мәншүк туралы дастанның мазмұнын, идеясын жақсы түсініп, шығарманың көркемдік қуатын, стильдік ерекшеліктерін әдебиетші көзімен шебер талдаған екенсің. Бұл жұмысты студенттердің ғылыми советінің талдауына ұсынуға әбден болады. Қадамыңды сеніммен, батыл бастаған екенсің. Ал мұндай жақсы қасиет – адамды ешқашан жолда қалдырған емес.

Ұстазының осы бір ауыз жылы сөзі жас жүрекке ерекше қуат беріп, талабына қанат байлағандай еді. Жақсылыққа жан ғашық Қажым аға осы қуанышын жасыра алмай, өзі әрдайым құрмет тұтып, қадірлейтін Мұхтар Омарханұлына да құлағдар еткен-ді. Содан хабары бар Мұқаң: – Бәлі, білім, оқу жас талғамайды, талап таңдайды. Абай ақынның:

Білімдіден шыққан сөз,

Талаптыға болсын кез.

Нұрын, сырын көруге

Көкірегінде болсын көз, – деген аталы сөзі сондай есті жандарға арнап айтылмап па еді?! Мені майдан даласында от кешкен

жастардың ғылымға құштарлығы, өнерге, әдебиетке деген өзгеше бір шынайы сүйіспеншілік сезімдері қуанып отыр. Әдебиетті сүю туған халқыңды сүюдің белгісі болса, халқын сүйген адам еңбекте де, ғылымда да өзіндік қолтаңбасын, ізденіс өрісін танытпай қоймайды. Ана тілін құрметтеу – азамат бақыты, – деді ол. Дауысы қоңыр, үні жұмсақ, бұл сәтте де оның жүрекжарды сөздері аудиторияны баурап алған еді...

Ана тілін құрметтеу – азамат бақыты... Мұқаңның осы бір тапқыр сөзі студенттердің жүрегінде тақпакталып жатталып та қалды. Тіпті олардың кейбіреуі осы қанатты сөзді тақырып етіп алып, курс жұмысын жазған-ды. Ал Әбдуәли өзінше бір бетбұрыс жасады. Ұйғыр тіліндегі қос сөздердің ерекшелігі, олардың жасалу жолдары қызықтырған еді оны.

– Бұл біз үшін қызықты жұмыс болғалы тұр, – деді академик Ісмет Кеңесбаев диплом жұмысына жоғары баға беріп. – Ұйғыр тілін әйгілі академик Сергей Ефимович Малов, қырғыз тілінің маманы Константин Юдахин секілді ғалымдар қызыға зерттеп, құнды еңбектер жазған болатын. Бұл еңбектер түркология, оның ішінде қазақ тіл білімі үшін де ерекше маңызды. Туыстас, төркіндес тілді терең зерттеу үшін осы тілде сөйлеп, жазып білу өте-мөте қажет нәрсе.

Ойларын осылай сабақтастырған ғалым Әбдуәлиге:

– Ұйғыр тілін жетік білгеніңе қарағанда ұйғыр мектебінде оқыған шығарсың? – деп бұл күтпеген бір сұрақ қойды.

– Жоқ, қазақ мектебін бітірдім. Осы соғыстан келген соң оқып бітірдім, – деді Әбдуәли қысылмай жауап беріп. – Біздің ауылда қазақтармен бірге ұйғырлар да еңбек етеді. Олардың балаларымен аралас өстім, тілін де үйрендім.

«Өнер алды – қызыл тіл». Ана тілімен бірге ұйғыр тілінің сырларына терең бойлау оның бұдан кейінгі ғылыми жолының бағыт-бағдарын да айғақтаған еді.

– Қай тілдің де қалыптасу, даму тарихы бар, – дейді ғалым аға. – Оны терең зерттеп білу үшін сол тілде сөйлей білудің, өз ойларыңды жаза білудің орны, тіпті, бөлек. Адам ондайда қанатты құстай өзін еркін сезінеді. Мәселен, Мұқаң орыс тілінде еркін сөйлеп, кейбір шығармаларын орыс тіліне аударуға қатысқаны мәлім. Сол Мұқаң тек әдебиетші ғалымдарға ғана емес, тіл білімін зерттеушілерге де ұстаз бола білді. Кейінірек, Әдебиет және тіл білімі институтында Мұқаңнан бәріміз дәріс алып жүрдік. Бірде мені өзінің музей-үйінің маңынан кездестірген ол: «Сенің академия «Хабаршысында» жарияланған ұйғыр тілінің лексикасы туралы мақаланды оқып шықтым. Ұйғыр тілі көне тілдердің бірі. Қазақ ғалымдарының арасында алғаш рет Шоқан Уәлиханов ұйғыр тілін зерттеген еді. Содан кейін қалам тартқан өзіңсің. Ғалым үшін ең мәндісі белгілі бір тілді тиянақты зерттеу ғана емес, сондай маңызды жұмысты жалғастыратын оның мамандарын тәрбиелеу болуға тиіс» деді.

Мамандарды, ұйғыр тілі ғылымының кадрларын тәрбиелеу. Мұның өзі академик Мұхтар Омарханұлы айтқандай, аса маңызды міндет болатын. Ол үшін не керек? Ең алдымен тың ізденіс жасау керек емес пе? Иә, әлбетте солай. Тіл білімінің маңызды проблемасын көтермей тұрып, ғылыми көпшіліктің білгір сұрағына жауап бермей тұрып қалай ғалым атанбақ?

– Меніңше, ғалым үшін ізденген, зерттеу объектісі етіп алған тақырыптың шегі жоқ, – дейді академик Әбдуәли Туғанбайұлы сабырлы сөйлеп. Дауысы жұмсақ, үні қоңыр. Кісіні баурап алар ерекше бір қасиет танылады. – Тіл білімі ғылымы жөнінде мен осылай ойлаймын. Өйткені, жасаған түйін-тұжырымның неғұрлым тың мағлұматтармен, жүйелі талдауларыңмен ғана құнды болмақ. Ізденген сайын мұндай биіктерге ентікпей шыға бересің. Айтар ойың да айқын болады. Ал ғылымның бірден-бір талабы – айтар ойдың нақтылығы мен ғылыми көпшілікке әсерлі болуы.

Егер тіл ғылымының поэзиялық қуаты бар ма дейтін сұрақ қойылса, оған мен жауапты ең алдымен оның көтерген мәселесінің маңыздылығы мен оның оқырманға әсер ететін күшінен іздеу керек деген болар едім. Иә, дәл солай... – Ол әргі-бергіні еске түсіріп толғанып отыр. Өнер алды – тілдің толғауы тоқсан. Зерттеу керек, білу керек. «Инемен құдық қазғандай» деп ұлы Абай бекер айтқан ба?!

Ғылыми жиналыстар мен пікір таласына қай кезде де кенде болмайтын Баку қаласының тыныс-тіршілігі ғалым ағаға қашаннан жақсы таныс. Мұнда түркологтардың симпозиумдарына «Советтік Түркология» журналының дөңгелек стол басындағы әңгімесіне неше мәрте қатысқанды. Университет қалашығында болып студент аудиториясында қазақ және ұйғыр тілдеріндегі қос сөздердің жасалу жолдары жөнінде лекция оқығаны бар. Ал бұл жолғы сапары тіпті ерекше. Айтар ой да, қозғалар мәселе де күрделі еді. Ұйғыр әдеби тілінің диалектикалық негіздері қандай? Міне осы мәселе жөнінде ой толғап, филология ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін диссертация қорғамақшы.

Ғылым академиясының фозісі маңынан ұшырастырған Константин Кузьмич Юдахин мен филология ғылымдарының докторы, педагогика институтының профессоры Эрвант Владимирович Севортян қарсы жолықты. Көптен бері көріспеген достар ыстық қауышып, көңілді бір күйде еді.

– Алматы ғалымы қалпы айтпайды, мезгілінде келеді деп сыртыңнан сөз қозғап тұр едік, сөзім расқа шықты-ау, деймін, – деді Константин Кузьмич таза қазақша сөйлеп. – Қалай алматылық достар аман ба?

Әбдуәли Туғанбайұлы ұстаздарына ізет білдірді. Сол мезетте көкірегіне келіп қалған бір ойды заматында айтқысы келгенмен, сыпайылық сақтап сәл іркіліп еді, мұны қас-қабағынан аңғарған Константин Кузьмич «айта бер, тартынба» дегендей ишарағат білдірді.

– Қырғыз ағайындар әбден орынды айтады, Константин Кузьмич. Бір таудың бұлағын бөліп ішкен бауырлас ел болған соң бізге әзіл де жарасады. Ғалым жеке өз мүддесі үшін қалпы айтатын болса, онда оның ұстаз алдындағы парызын өтей алмағаны ғой. Сондықтан біз қалпы айтқанды да, өтірік айтқанды да бір тертеге жегілгендер қатарына санаймыз.

Жарасты әзіл жақсыға жоралғы. Кейін докторлық диссертациясын сәтті қорғаған ғалымның ғылыми еңбегіне жоғары баға берген Эрвант Владимирович құттықтау рәсімін мынадай сөздермен аяқтады:

– Әбдуәли Туғанбайұлы Қайдаров түркологияда жемісті еңбек етіп жүрген ғалымдардың бірі. Ол тек ұйғыр, қазақ тілдерінде ғана емес, сондай-ақ басқа бірнеше тілде еркін сөйлей алады, көптеген ғылыми еңбектердің авторы. Қазірдің өзінде оның үш жүз баспа табақтан астам ғылыми еңбектері мен проблемалық мақалалары жарық көрді. Мұның өзі оның советтік түркологияда жемісті еңбектеніп келе жатқанын дәлелдейді.

Ғалымның түпнұсқалы осынау еңбегі шет ел ғалымдарының да назарын аудартпай қойған жоқ. Бұл еңбек жөнінде неміс ғалымы Гергард Дерфер (ФРГ) кейінірек былай деп жазды: «Алған тақырыбын терең игерген ғалымның айтар ой-тұжырымдары соншалықты әсерлі, соншалықты мазмұнды болып шыққан. Сондықтан да оның бұл еңбегі түркологиядағы құнды мұралардың бірінен саналады».

...Міне, біз ғалым ағаның жұмыс бөлмесінде оңаша әңгімелесіп отырмыз. Ол орнынан жеңіл тұрып кетіп еді, кітап сөрелерінен бір топ сөздікті әкеп, менің қарсы алдыма қойды. Сосын. – Әркімнің бір әдеті бар ғой, – деді баппен сөйлеп. – Ал менің негізгі бір қасиетім сөздік жинау. Сөздіктің астарында сол тілде сөйлейтін халықтың басынан кешкен дәуірі тұрады. Тіл қатынас құралы болғандықтан сол халықтың қалай сөйлегеніне, қайбір ұғымды қалай атаулармен атағанына ден қоямыз. Сондықтан да мен сөздіктерді уақыт пен халық арасындағы көпір деп түсінемін. Міне, мына қалың кітаптың авторы менің ұстазым Константин Кузьмич. Қырғызша-орысша сөздік. 700 мың сөзге түсінік берілген. Ал мына сары тыспен тысталған көп томдық кітап – түркі тілдерінің этимологиялық сөздігі. Авторы – Эрвант Владимирович Севортян.

Ендігі бір мезетте біз ғалым ағаның өзі салып, түсірген суреттерді көре бастадық. Бәрі де өз қолынан шыққан.

– Сурет салуды кәсіп етпегеніммен, бұл өнерді қосымша мамандығым деп білемін, – деді ғалым аға мұның да сырын түсіндіріп. – Ғылыми зерттеу жұмыстарын архив материалдарынсыз жүргізе алмайсың. Сондай-да осы өнер көмекке келеді, дер кезінде үлгеріп оқи алмаған кітаптарды өзін-ақ фотоға түсіремін, ал керек болса мүліктердің суретін салып аламын.

Осы мезетте біз, ертеректе түсірілген фото болу керек, сарғыш тартқан суретке ұзақ үңіле қарадық. Ат жетектеген қартаң кісі, қолында қырғыз өрме қамшы, өзен жағалап жаяу жүріп келеді.

– Бұл менің ұстазым, құрметті Константин Кузьмич, – деді ғалым аға балаша қуанып. – Жаңа өзіңіз танысқан қалың кітаптың авторы. Ол кісі жаз бойы үйінде отырмайды. Қырғыз малшыларымен бірге көшіп жүреді, жайлау барса – жайлауда жүреді, күздікке қонса аң аулап, саят құрады.

– Ғалымға малшы өмірі мен кәсібінің қандай әсері бар?

– Пәлі, мәселенің мәні сонда емес пе? – деді ғалым аға орнынан тұрып кетіп. – Өншейінде кітаптан қанша іздегеніңмен табыла бермейтін сөздер ауызекі тілде көбірек айтылады, дейді Константин Кузьмич. Малшылар мен аңшылар арасында жүрген ғалым сөйтіп, өз «орағын» да ора жүреді екен. Мына сурет ғалымның саят құрған сәтін бейнелейді екен.

– Мұны да сіз түсірдіңіз бе?

– Жоқ. Константин Кузьмич сыйға тартқан сурет. Айтпақшы, ол кісінің де сурет түсіруге деген әуесқойлығы бар. Ғалымға мұндай кәсіппен шұғылданудың, меніңше, ешқандай зияны жоқ.

– Неге олай дейсіз?

– Кешке дейін столда отыра бергеннен гөрі бір мезет мойын босатып, сейіл-серуен құруға жақсы. Ондайда өз басым кәдімгідей тынығып қаламын. Сурет түсірудің де құмарлығы бар. Тек өзінді тежеп, күшқуатыңды негізгі жұмысқа жұмсауың керек. Әйтпесе, уақытың зу етіп қалай өте шыққанын білмей қаласың.

Ғалым аға осыны айтты да бірінен-бірі биік, бірінен-бірі асқақтап көрінген Алатау шоқыларына көз салды. Осы мезетте күллі уақытын еңбекпен, тек пайдалы еңбекпен ғана өткізетін ғалымға іштей риза боп, баспаға жариялауға әзірлеп қойған еңбектерінің ұзын санын есептеп үлгердім. 350 баспа табақ! «Қазақ тіліндегі бір буынды сөздердің құрылысы», «Толғауы тоқсан қызыл тіл» ...Ендігі кезекте қазақ тілінің этнографиялық сөздігі туралы келелі ой толғамақ. Оның да «қара жұмысы» бітуге жақындап қалыпты... Осының бәрі қаншама қайрат-жігерді, тиянақтылықты талап етеді десеңші. Өмір жолын қан майданда толарсақтан саз кешіп жүріп бастаған жеңімпаз жауынгердің, бүгінде ғылым ордасын басқарған ұстаз ағаның мағыналы өмір жолына үнсіз көз жіберіп отырмын. Бәрі қат-қатымен қызықтыра түседі.

Әсем астанамыз көктемгі мезгілде, әркімнің жастық шағын еске түсіргендей төтенше түрлене түседі. Жасыл желекке оранған алжасыл көшелердің жан тербеген көркіне кимай, сұқтана қарағысы келе ме, қылаусыз көк төрінде жүзген Күн-ерке кірпігін қақпай қадала түскендей. Тау қойнауынан сылқым бұлақтардың күлкісі де еркін, сылдырай сызылып бара жатыр.

Табиғаттың осындай қайталанбас сәттерін Әбдуәли Туғанбайұлы қашаннан бері ерекше ұнатады. Сондықтан ба екен, көктем лебі шым-шым

білініп, Алатау баурайы ебіл-дебіл терши бастағаннан кейін-ақ жұмыс бөлмесіндегі терезенің желдеткішін сәл-пәл ашық қояды. Ашық терезеден көктем нұры еркін құйылып, көкірегі күйге толы құйтақандай құстардың тәтті үні тынбай құлаққа жетеді. Мұндайда адамға ой да серік. Неге екені белгісіз – жастық шағы, өскен мекені, шу асаудың құлағын жымитып басып тұрып: «ал енді тебін, балам, қорықпа, жығылмайсың» деп алыс көкжиекке шығарып сап маз болатын әкенің мейірлі жүзі сағыныш боп оралады. Қайран әке! Қай белде, қай қырқада сүрініп кеттің екен?! Қандай бір ауыр күнде де аяғының ұшына қарап, екі иіні түспеген жан еді. Сондайлық өжет, сондайлық қайсар мінезіңнен тапқан шығарсың дәу де болса! Әлде «Ұшсам – қанатым, арман етсем – миятым» деп ақсия күлетін Әбдуәлиің үшін көкірегіңді қасқайтып тұрып оққа тосқан шығарсың... Кім біледі...

Ауыр күрсінді де Әбекең қалың ойдың салмағынан шымыр денесін әзер билеп сыртқа шықты. Жасыл желек жамылған тынысы кең көшемен баяу жүріп келеді. Сенбі күні болғандықтан шығар, мазаны алып, селкеуленген қозғалыс байқалмайды. Ерсілі-қарсылы жүріп жатқан жұрт көңілді, әйтеуір ойға алған бір жұмыстарын бітіріп ап, емен-жарқын қайтып бара жатқан тәрізді. Оның мұндай күндері қол қусырып отыра алмайтыны бар-ды. Алатау аңғарына қарай ілгерілеп жүрген сайын иықтан басып, мазасын кетірген ой тұманы сейіле түскендей болады. Қазір де сондай бір әсерлі күй кешіп келеді.

Ол қалың гүл дестелері көздің жауын алатын алаңға қалай келіп қалғанын аңғарған жоқ. Бір қызығы, ғалым ағаға әлгі гүл дестелерінен қалағандарын алғандардың қай-қайсысы да астанадағы кім-кімге де танымал, даңқты орынға қарай кетіп бара жатқандай әсер етті. Сонда бұл қалай? Бәрінің ойлары бір жерде тоғысқаны ма? Бәлкім, солай да болар. Неге десеңіз, кім-кімге де бүгінгі өмір, бақытты болашақ, ашық аспан қымбат емес пе? Сол жолда құрбан болған, мына жер басып, бақытты ғұмыр кешіп жүрген жандардың өмірін қорғап көкірегің оққа тосқандарға, совет жауынгерлеріне тағзым етуден қымбат не нәрсе бар?!

Ғалым аға бір шоғыр гүл шоғын аялай ұстаған бойда қашанғы дағдысымен өшпес даңқ алауына қарай аяндады. Әлдекім «мықтап ұста тізгінді, қаттырақ тебін, қорықпа; жығылмайсың» деп сыбырлап тұрғандай ма, қалай. Қарсы алдынан: «құлыным, бармысың?!» деп ұшып кеп қарсы алардай бір тағатсыз сезім бойды билеген. Дүрсілдеген жүрек лүпілі әлгіден бетер жиілей түсті. «Қайран әке, қай қыратта сүрініп кетті екенсің, сүйген жарыңды, мейірің қанбай бетіңді шайған талды бұлағыңды, қол бұлғап артыңда қалған ботақаныңды ойлап»...

Астанадағы жиырма сегіз панфиловшылар атындағы парк. Мәңгілік алау жанып тұр. Сол бір қиын күндерде өмір үшін арпалысқан, дүшпанға кегін жібермей қасық қаны қалғанша шайқасқан боздақтардың,

белгісіз солдаттың мына жер басып, тіршілік кешіп жүргендерге берген сертіндей от алауы лапылдайды. Ол қолындағы гүл шоғын мәрмәр лента үстіне баппен қойды да сәл кейін шегініп барып үнсіз тұрып қалды. Бұлжымас, қасиетті серттей осы бір дәстүрді басқалар да қайталап жатты.

Әдетте алдағы мақсатқа жетіп, белгілі бір парызыңды өтеген мезетте бойың жеңілденіп қалатыны бар емес пе? Ғалым аға да осындай сезімде еді. Оның үстіне дәл бүгін, Жеңіс мерекесі күні келгенін қарай гөр. Түнде де тыншып ұйықтай алса қане. Неге екенін қайдам, таңға көз де іле алмады. Әлсін-әлі әкесі есіне түсе берді. Бәз-баяғы қалпы: қарлығаштың қанатындай қияқ мұрты өсіңкіреп кеткен екен дейді. Жанарлы қара көздері де ап-анық көрінді бұған. Кіріпкітерін қағып-қағып жіберіп қадала қарағаны несі екен? Әлде танымай қалды ма екен? Жоқ, бұл қапысыз таныды. Анық көкесі. «Көке, көке» деп жатып оянып кетті. Содан міне, белгісіз солдаттарды, он жеті жасында от кешкен қайсар жүректі ардагерлерді еске түсіретін қасиетті орынға келіп, олардың өшпес рухына тағзым етіп кетіп бара жатыр. Қайран әке! Ұлының, ұрпағының қызығын көре алмай арманда кеткен әке...

Ғалым аға сәл-пәл ілгерірек жүріп барды да, қасиетті орынға кеп мәрмәр лентаға гүл шоқтарын қойып жатқан лекке қарап тағы да үнсіз тұрды. Лек таусылатын емес. Бірі – қарт, бірі – жасамыс, бірі – жігіт ағасы дерлік жасқа келгендер, немерелерін ертіп алған әжелер...

Ал мына бір жүрісі ширақ, орта бойлы, қара торы кісі қайдан келді екен? Гүл шоғын ол кім үшін қойды екен? Әкесі үшін бе, әлде жолдасы, яки жерлестері үшін қойған болар. Жүрісін баяулата түсті. Бейтаныс адам мұның жанына жақындай бере, ішкі ойын жасыра алмады білем, бірден тіл қатып ақтарып-ақ салды.

– Бір парызымды өтей алмаған соң көптен бері біртүрлі боп жүр едім, – деді бейтаныс. Соның реті бүгін келді. Тура қырық жыл өткен екен. Калинин майданында 1942 жылдың декабрь айында жараланып госпитальға түстім, көптеген қайсар достарымнан сол жолы көз жазып қалдым. Кейін қанша мәрте хат жазып, іздеу салғаныммен де біреуінен «мен жер бетінде аман жүрмін» деген дерек ала алмадым. Айып етпесеніз, сізді мен шырамытып тұрған сияқтымын.

– Менің де күйім солай. Сізді, әйтеуір, бір жерде көрген сияқтымын.

– Мен де сізді көрдім-ау деймін, аты-жөніңізді сұрасам айыпқа бұйырмайтын шығарсыз.

– Оқасы жоқ. Сағынысып табыссақ несі бар, әйтеуір аман жүргенімізге, майданда опат болған боздақтардың арман-тілектерін орындап, адамдарға, қиындық тауқыметін тартпаған жас жеткіншектерге өсиет етіп айта жүргеннің өзі де ғанибет емес пе?

– Жөн-ақ, сонда сіз майданда болған екенсіз ғой.

– Болдым. Нәсерлеп төккен оқтың арасынан жүріп өттім. Сіздің де талай тажалды көргеніңізге еш күмәнім жоқ. Оны сіз сұрамаңыз, мен айтпай-ақ қояйын, замандас бұған келісесіз бе?

– Келісегін жерім де, келіспейтін жерім де бар. Сол бір азапты күндер енді келмесе кетсін деген ойды мен де қайталаймын. Ал осы Жеңіс күнінің қаншалықты қымбатқа түскенін қаншама боздақтардың қыршын кеткені – орны толмас өкініш емес пе? Соны бүгінгі ұрпаққа, жас жеткіншектерге боямасыз, қаз-қалпында айта жүру азаматтық парыз емес пе?

– Әлбетте солай. Мен де әрдайым солай ойлаймын. Қалай болғанда да ол күндердің еңсесі биік, меніңше. Несімен дейсіз бе? Жеңісімен! Отанымыздың алып тұлғасы, оның дүние жүзінің халықтары құрметтеп, мақтаныш ететін қасиеттері, бүгінгі совет адамдарының асқақ өмірі осы бір ауыз Жеңіс деген сөзге сыйып кеткен тәрізді. Осы қасиет совет адамдарының тарихына қарапайым совет солдаттарының қанымен жазылды ғой деп санаймын. Бұған не айтар едіңіз?

– Еш нәрсе де айтпаймын. Дәл солай. Совет солдаттарының атылса – оқ, түйілсе – қамал бұзатын қаһармандығына дұшпанның өзінің де көзі әбден жеткен болатын.

– Мұнда, қайдан, не үшін келгеніңізді айта кетпейсіз бе? Халқымызда «мыңның жүзін білгенше, бірдің атын біл» деген сөз бар.

– Рас сөз. Шымкент қаласынан арнайы кеп тұрмын. Алғаш жараланып, госпитальға түскеніме түп-тура қырық жыл толады екен. Күнделікті жұмыс бабымен жүріп, не етіп жатқанын ескере бермейді екенсің. Әскери күнделігімді қарап отырып еске түсті. Дәл қай жерде, қай күні жараланғанымды анықтап тұрып жазыппын.

– Қай жерде жараландыңыз?

– 1942 жылдың 20 декабрінде, Невель қаласы маңындағы төбешікте қатты шайқас болған еді. Сол шайқаста жараланыппын. Біраз уақыт емделіп, жазылып шыққаннан кейін майданға қайтадан кеттім.

– Мына қызықты қарай көріңіз. Сол декабрь айының жиырмасына қараған түні Великие Луки түбінде болған кескілескен шайқас әлі күнге дейін есімнен кетпейді. Түс ауа жаудың он екінші шабуылы басталған сәтте рота командирі мені өзіне шақырды да:

– Күткеніміздей болды бәрі де. Дұшпан да есебінен жаңылатын емес, біздің айламыз асып, оңай алдырмайтынымызды білсе керек. Шабуылын үсті-үстіне үдетіп барады, – деді рота командирі маған нақтылы тапсырма беріп. – Байланысшыдан хабар-ошар болмай кетті. Ал оқ-дәрі болса азайған үстіне азайып барады. Ең шешуші сәт алда күтіп тұр. Сол үшін қарсы алдымызда төңкеріліп жатқан немістердің станокты пулеметін көрдің ғой, көрсен сол пулеметті қолға түсіруіміз керек. Бұл оңай міндет емес, қайткенмен де сені орындап шығады деп жіберіп отырмын. Ал жол болсын!

Тапсырма нақты, шегінуге жер жоқ.

– Құп болады, жолдас командир – дедім де аяғымның дыбысын білдірмей жолға түстім.

– Сонымен не болды, әккі жау сезіп қойған жоқ па?

– Сезді екен деп, серттен таю совет солдатына тән мінез емес екенін өзіңіз де білесіз. Солдат Александр Кононенко екеуміз рота командирінің тапсырмасын мүлтіксіз орындадық. Бірақ бұл оқиғаның қалай болғанын кейін Торопец қаласындағы госпитальға келіп түскен соң бір-ақ естіп білдік. Арада бір апта өткеннен кейін 84 гвардияшы атқыштар дивизиясының штаб бастығы майор Василий Артемьевич Голота госпитальға келіп тұр. Әуелгіде ескерту жасап, әлдебір кемшіліктеріме ренжитін шығар деп ыңғайсызданып қалған едім. Жоқ, Василий Артемьевич жұрт алдында мерейімді көтеріп, риза сезімін білдірді. Омырауыма сол түнгі ерліктің белгісіндей етіп III дәрежелі Даңқ орденін тақты. – Осылай деді де ғалым аға серіктесінің сөзін күтіп, тағы да үнсіз қалды.

– Жаңағы әзірде мыңның жүзін білгенше, бірдің атын білген жөн дедіңіз бе? Менің аты-жөнім Нығмет Төлєндиев, заң қызметкерімін, – деді таразы бойлы, қара торы кісі өзін таныстырып. – Әлгінде өзің айтқан Талдыбұлақ пен Қаракемірдің мөлдір бұлағына бет жуып, қара топырағын борпылдата кешіп өстім. Біздің жер төтенше бөлек қой шірікін! Желіне кеуденді тосып бір сәт мызғып алсаң болды құр аттай құнандап шыға келер едің. Бірақ өмір заңы басқа, қай жерден дәм-тұз бұйырса, сол жерде еңбек етуге тиіссің. «Солай емес пе?» дегендей Нығмет Төлєндиев серіктесіне қадала қарады.

– Өзіңіз аты-жөніңізді айтпадыңыз ғой.

– Ә, солай ма, кешірім етіңіз. Сіз Еңбекшіқазақ ауданындағы Талдыбұлақты айтып тұрсыз ба? Қайнары қыста да қатпай, бүлкілдеп ағып жататын осы бұлақтың жағасында мен де туыппын. Әскерге де сол жерден аттандым, – деді Әбдуәли Туғанбайұлы Қайдаров өзін таныстырып. – Тағдыр қызық, кейде көз жетіп, көңіл сенбейтін жайттарға тап болады екенсің... Батыстан қара бұлт қаптап, ел басына күн туғанда бір топ ауыл азаматтарын майданға аттандырып салған едік. Сол топтың арасында қол бұлғап, туған жермен қоштасып менің әкем де кеткенді. Жыл өткен соң өз өтінішіммен мен де майданға кеттім. 1942 жылдың жиырмасыншы декабрінде қатты жараланып госпитальға түстім дедім бе әлгінде.

– Иә.

– Сол шайқасқа өзімізбен көршілес полкте қару асынған әкем де қатысыпты. Оның осы Великие Луки түбінде, менімен іргелес мекенде соғысқа қатысып жүргенін білсем ше? Тым болмағанда әкемнің жүзін көріп, ыстық қауышып қалар едім ғой. Өкінішке орай, жолығыса алмадық. Содан міне, енді, әке рухына тағзым етіп келе жатырмын, –

деді де қашаннан өзін берік ұстайтын ғалым аға теріс айналып көзін беторамалмен сүрте берді.

Бұл сәтте талдыбұлақтық қарт жауынгер Нығмет Төлендиев те толқып тұр еді.

– Астанаға келген бетте осы панфиловшылар паркін көрмесем ішкен асым бойыма жұқпайды. Алғаш майданға аттанарда апам марқұм осы жерде шығарып сап: «Аман барып, сау қайт, балам, туған жерің – қызырың, сол қызырың қолдасын әрдайым, – деп маңдайымнан сүйген еді. Көрер күніміз, татар дәміміз таусылмағандықтан шығар, туған елге оралдық. Осы оқиғаны еске түсірем, құлын-тайдай тебісіп бірге өскен Талдыбұлақтың адал ойлы, әзілкеш жігіттеріне тағзым етем, – деді ол ендігі бір мезетте өзіне де, ғалым ағаға да дем бере сөйлеп. – Майдандас достарыма гүл шоғын қойып, толарсақтан саз кешкен күндерді еске алсам болды, ауыр ойдан серпілгендей боламын. Шыныңызды айтыңызшы, мұндай сезім сіздің басыңызда да бола ма?

– Әлбетте болады, Нәке, неге ондай сезім болмасын, – деді ғалым аға жанға жағымды қоңыр дауыспен әрбір сөзін шегелей сөйлеп. – Қиын күндерді бірге бастан кешірдік. Тіпті, әлгінде өзіңіз айтқандай, бір бұлақтың қайнарынан нәр татқанымыз неге тұрады?! Қол жеткенге мастанбай, сол бір шақта елдің елдігін, туған жердің амандығын ойлап қолына қару ұстаған жауынгерлер алдындағы адамгершілік парызды мінсіз өтеу – биік мәртебе, үлкен құрмет. Қай жерде, қай жұмыста жүрсек те, өткенді құрметтеп, жеңіске бас ию біздің бүгінгі замандастарымыздың ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан тот баспас асыл дәстүрі деп білемін.

Тіл білімі институтының директоры, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі Әбдуәли Қайдаров осыны айтты да кездейсоқ ұшырасқан Талдыбұлақ түлегіне – қайсар жауынгерге аз-мұз сырласып, әңгімелескені үшін, белгісіз солдатқа көрсеткен құрметі үшін алғысын айтып, ілгері қарай оза берді.

Медеу аңғарынан лып-лып жел есті. Осындай әсерлі көңілмен кеп бастаған ғылыми жұмыстың бағасы қаншама десеңізші! Ғалым аға осының бәрінен ой сарабына салып тауға қарай өрлеп келе жатыр.

Т.Қауынбаев.

«Самғау». 1986. 100-110 бб.

Ғылымның ашып құпиясын...

Араб, парсы, орыс тілдерін жетік білген, аса данышпан, оқымысты Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы: «Дүниедегі ең асыл тіл араб тілі, одан кейін түрік тілі, түрік тілінің ішіндегі гауһары қазақ тілі», – десе, біздің осы қасиетті де киелі тілімізге қатер төнген 1986 жылы Әбдуәли Қайдарұлының ерлігін айтып жеткізу бүгін қиын.

Халқымыздың аяулы перзенті Әбекең қазірде жетпіс жасқа толып отыр, осы орайда Ахмет Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының директоры, академик Ә.Қайдарұлымен М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының аға ғылыми қызметкері Сәрсенбі Дәуітұлы кездесіп әңгімелескен еді...

– *Аса құрметті Әбеке! Сізді торқалы тойыңызбен қазақ тілін бар жанымен сүйетін, сол қасиетті тілді сүю арқылы өзіңізді ақ пейілмен қадірлейтін халқымыздың атынан құттықтай отырып, «Алматы ақшамы» газетінің оқырмандарымен ой бөлісуге шақырсам қалай қарайсыз?*

– Әрине, өзім сүйіп оқитын газетім сұрап жатса, ой бөлісуге даярмын.

– *Әбеке, өміріңіздің ерекше бір кезеңі – қан майданда өтті ғой. Оған өзіңіз тіленіп, 17 жасқа толар-толмай ертерек аттаныпсыз. Қандай майдандарда болдыңыз? Жеңістің 50 жылдығы қарсаңында әңгімені осыдан бастағанымыз дұрыс шығар.*

– Иә, бұл сұрағын дүрделілеу екен. «От кешкен жылдар» халқымыздың басына қауіп-қатер төнген кешегі соғыс жылдарында шеккен азабымыз ғой. Әттен, жазушы емеспін, әйтпесе роман жазып тастауға да болатын оқиғаларды бастан кешірдік қой.

«Соғыс» деген суық сөз дүниені дүр сілкіндіргенде мен 9-клас-ты жаңа ғана бітіріп, жазғы демалысқа шығып, ауыл балаларымен ойынның қызығына әбден кірген кезіміз еді. Қаннан қаперсіз жатқан бейбіт еліміздің басына келген зұлматтың бұл қасіреті біз сияқты жастар үлкендердің үрейлі түрінен, қарбалас іс-әрекетімен, қауырт қимылынан бірден сезіндік.

Майданға кетіп жатқан азаматтардың қатарында әкем, әкемнің інісі – Майлыбай, немере інісі – Сексен де бірінен соң бірі аттанды. Үйдің іші үнсіз бос қалды.

Сөйтіп жүргенде оқу басталатын қыркүйек те келіп қалды. Бұл күні мектепке барып, 10-да оқитын класымызды іздедік. Сұрастырсақ, мектепте оқу да жоқ, мұғалімдер де жоқ болып шықты – олардың біразы майданға кетіп үлгеріпті, біразы жақын арада кетпекші, енді біреулері басқа жұмысқа ауысыпты. Көп өтпей-ақ қаладағы бір топ баламен бірге аудандық әскери комиссариатқа барып, өз еркімен майданға сұранып, өтініш тапсырдым. Тұрған орын-жайларымызды анықтап, арызымызды алып қалды да, Тұмарбеков деген әскери адам бізге қарап біраз тұрды да, «Осы сендер пулемет тұрмақ, мылтықты аруды да білмейтін шығарсындар..!» – деп бәрімізді сонда жіберді. Сонымен 3-4 км жердегі сонау Көктөбе ауылынан күнде түстен кейін салақтап келіп, «әскери өнерді» үйреніп, ауылға қайтып бір айдай жүрдім. Сырымды анама да айтпаймын, оған «Әскери комиссариаттың бұйрығы осылай...» деп түсіндірдім. Бәріне сене алатын аңқау анам-ай, менің бұл «ерлігімді» майданға құрбылардан бұрын кетіп бара жатқанымда бір-ақ білді-ау.

Бір күні «еріктілер тобының» санына менімен бір ауылда өскен, бір партада отырып оқитын досым Қали Қараболовтың жетпістегі әкесі Райымбек ақсақал да толық қару-жарағымен келіп, тұра қалды. Таңғалдым: Міне, қызық! Сұрастырсам, жетпістегі фельдшер қарт та үйде қарап жата алмай, өз еркімен майданға сұраныпты... Бұл неткен патриотизм? Енді ойлап көрсеңіздерші: «17 жасар ұлан мен 70 жастағы еріктілер сабында қатар тұруы» нені көрсетеді?»

Сөйтіп Қазақстаннан келген «еріктілер тобы» – ауылдың ерке-бұлаңдары азабы мол, тәртібі қатал әскери өмірдің талқысына түстік те кеттік.

Шынықпақ түгілі бір-екі айдың ішінде-ақ мойнымыз ырғайдай болып, жүдеп кеттік. Әскери сабақтар мен машықтардың бәрі орысша. «Тұр», «жүр», «жүгір» сияқты қарапайым командаларды түсінгенімізбен, түркі тілдес ұландардың бәрі (өзбек, қырғыз, түрікмен, қазақ, т.б.) мына сияқты – «на ориентир номер два, по-пластунский, короткими перебежками...» деген тактикалық шұбыртпа бұйрықтарды мүлдем ұқпаймыз. Жан-жағымыздағы орыс балаларына қарап, солардың істегенін қайталаймыз...

Салмағы екі бұттай жүк көтеріп, екі иығым тілініп, удай ашыған сәттерімде қиналып, «неге бір жыл болса да үйде жүре тұрмадым екен!..» деп, іштей өкінгенімді де жасыра алмаймын.

Дегенімен, жастықтың аты жастық қой, үш ай үш күндей болмай-ақ тез өте шықты. Күндіз-түні бас алдырмай үйретудің нәтижесінде рацияларды біршама меңгердік.

2-айдан кейін 1-Балтық майданына қайта жіберді. Дәл осы майданның бір әскери құрамындағы автоматшылар ротасында мен тура бір жылдай алдыңғы шепте болдым. Радистік мамандығымды автоматшыға ауыстыруымның бір себебі – немістер «феленгатор» деген бір пәлені ойлап тауып, рацияға қырғидай тие бастаған еді.

Осы кезде Невель қаласы үшін талай орман шайқастарына, барлауға, позицияларды қорғауға шабуылдарға қатысып жүрдім. Соғыс тәжірибем де арта түскен, аға сержантқа дейін өстім, бөлімше командирі де болдым. Алғашқы әскери солдат ордені – III дәрежелі «Даңқты» да осы кезде майдан шебінде алғанмын. Бұл орден мен үшін өте қымбат.

Көп ұзамай, сол соғыста 1944 ж. наурыз айының басында Невель ормандарының бір алаңқайындағы (№61) төбешіктің үстіндегі траншейден немістердің шабуылына тойтарыс беріп тұрған кезімізде орман шетінен туралап атқылаған «Дердинанд», «Тигр» танкілері снарядтың біреуі траншей жиегіне келіп жарылғанда, жарты метр топырақ астында қалып, қатты контузияға ұшыраппын. Одан кейін не болғанын мен білмеймін. Кейін ұқсам: жолдастарым аршып алып, 5-6 шақырым жердегі медсанбатқа ит жеккен шана-қорапқа салып жіберіпті. Ес-түссіз жатқан өзімізді ағаш-ағаштың арасымен алып келіп ажалдан аман сақтап қалған сол иттерге өмір бақи ризашылығымды айтып келемін. «Ит – жеті бұрыстың (қазынаның) бірі» деп қазағым бекер айтпаған-ау.

Контузия анау-мынау дене жарақатынан әлдеқайда ауыр, тез шара қолданып, емдетпесе, адамның өліп кетуі де мүмкін екен. Сондықтан болу керек, кеудемде жаным, кіресілі-шығасылы есім бар кезінде мені ертесіне-ақ «АН-2» ұшағымен Торжокқа, одан соң Ярославск қаласындағы госпиталға әкеліпті. Ал госпиталдан шыққан соң мен ойламаған жерден, 7-8 айдың ішінде әлемге әйгілі Ленинградтың әскери оқу орнын аяқтап, маман офицер болып шықтым.

Бұл кезде майданның шебі Еуропа елдерінің жеріне ауысқан еді. 1945 жылдың екінші айында иығымызға «кіші лейтинант» погонын қадап, мұздай киіндіріп, бір күнде бізді әскери ұшақпен сонау Германия, Польша жеріндегі Одер өзенінің бойына әкеліп төкті. Мақсат – 2-Белорус майданының алдыңғы шебіндегі екпінді армияларды Одер өзенінен понтонды көпірлер арқылы тез өткізу. Сөйтсек, біз әскери стратегия бойынша жау жеріндегі соңғы су тосқауылдарын шабуылмен келіп тез алу үшін алдын ала сақадай сай етіп, дайындап қойған Бас команданың офицер резерві екенбіз.

Одер өзені үшін күрес «әскери романтиканың» мен үшін ең соңғы эпизоды болғандықтан ба, әйтеуір оның қауіпті де қатерлі сәттері көп болды. Жас офицер, взвод командирі ретінде жақындап қалған жеңіс сезімімен шабыттанып сол ұлы Жеңіс үшін күш-жігерімді аямадым-ау деп ойлаймын. Одер өзенінен понтонды көпір жасап, екпінді құрамаларды Шецин (кейін – Штеттин) қаласының тұсынан өткізіп, ол қаланы инженерлік тұрғыдан игеріп болғанда Отан соғысы аяқталды.

Әскерден қайтқаннан кейінгі істеген ісімнің ең бастысы – Еңбекші-қазақ аудандық әскери комиссариатында уақытша әкімшілік-шаруашылық басшысы бола жүріп, 9-кластан кейін үзіліп қалған оқуымды жалғастыру болды. Он кластық кәмететтік аттестатын алу мақсатымды да ойдағыдай орындап, 1947 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетіне келіп түстім. Мен үшін өмірдің тағы бір жаңа беттері ашылған еді.

– Әбеке, «өмірімнің жаңа беттері» деп отырғаныңыз – университетте оқыған қызығы мол жылдарыңыз ғой. Ол туралы да айта отырсаңыз.

– Иә, студент өмірінің қызығы мол екені де рас. Бұл, «Құдай-ау, қайда екен, қайда сол жылдар, махаббат, қызық мол жылдар...» деп, Абай айтқандай, жігіттің арман қылатын дәуірі ғой. Бірақ бұл қызық елдің бәріне бірдей емес. Соғыс өртіне шалдыққан біз сияқты солдаттар мен запастағы офицерлер үшін өзінен 4-5 жас кіші жастармен қатар оқудың біздерді ағалап, өзінше құрмет көрсетуі бізді ересек етіп, арамызды алшақтата түсетін еді.

Сондықтан да «махаббат, қызық мол жылдар» өз басым үшін жатпай-тұрмай білім іздеген жылдар ретінде есімде қалды. Осы жылдар-

да біз М.Әуезов, Н.Сауранбаев, І.Кеңесбаев, М.Балақаев, Ш.Сарыбаев, Қ.Жұмалиев сияқты ғұлама ғалымдардың алдынан дәріс алып, ана тіліміз бен әдебиетіміздің ұлттық рухын сезіндік, тарихын білдік.

«Университет» – «көп салалы білім» деген мағына беретін латынның сөзі ғой. Арабша оны – «дәрілфунун» деп атайды, ол «ғылым, пән есігі» деген сөз. Екеуі де өз мәніне сәйкес. Әсіресе, оның «ғылымға баратын қақпа, дарбаза» деген мәні шындыққа жанасады.

Біреулер «ғалым болуды ерте армандадым» деп жатады. Талай ұстаз-ғалымдардың арасында білім алып, студенттік ғылыми кеңестерде шағын баяндамалар жасап, әр жерде сөйлеп, пікір айтып, «білімқұмар» жастардың бірі атанып келсем-дағы, университетті бітіріп, аспирантурада қалғанымша «ғалым болам» деген арман болған емес. Бірақ, әсіресе, кейінгі курстарда жүргенде Абай бабамыздың «Болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеңіз...» деген кеңесі маған да көп ой салғаны рас. Өз елінің тілі мен фольклорын, тарихы мен этнографиясын зерттеген (Ш.Уәлиханов, М.Әуезов, Ә.Марғұлан, т.б.) еңбектерін оқумен шұғылдандым.

Солардың ішінде менің ерекше ден қойып, жүйелеп оқығаным халқымыздың ұлы перзенті Ш.Уәлихановтың қалдырған бай ғылыми мұрасы болатын. Ол кезде Шоқан шығармаларының (4 томдық, кейінгі 5 томның) толық жинағы жарық көрмеген еді. Шоқантану ғылымы акад. Әлкей Марғұланның творчестволық лабораториясында ғана жасалып жатқан болатын. Сондықтан мен Шоқанның әрбір еңбегін кітапхана сөрелерінен тіміскілеп іздеп жүріп, оқыған едім.

Осыған орай айтайын дегенім – Шоқан зерттеулерінің менің жаңадан қалыптаса бастаған дүниетанымыма, зиялы болмысыма қатты әсер етуі. Ондай болу-болмау өз алдына мәселе. Бірақ отыз жасқа келмей-ақ жер жүзіне әйгілі болған Шоқанның мені қызықтырған тағы бір қасиеті, қазақ бола тұрып, туысқан ұйғыр халқының тілін, дәстүрін, тарихын, әлеуметтік жағдайын шығыстанушы ретінде алғаш рет зерттеп, жер жүзіне паш етуі болды. «Болмасаң да ұқсап бақ» идеясы осы орайда маған тағы бір ой салғанын да жасыра алмаймын. «Шоқаннан кейін зерттеушісі көп болмаған ұйғыр халқының тілін зерттеу» деген ой мен 4-курста жүргенде-ақ мазалай бастаған. Диплом жұмысын да ұйғыр тілінен қорғадым.

Міне, ғылымға барар екі айрық жол мен үшін осылай осылай бас-талған еді. Оның бірі – өз мамандығым бойынша, қазақ тілін зерттеу де, екіншісі – Шоқан дәстүрін жалғастыру.

Ғылымдағы саналы өмірімнің (1951–1978) ширек ғасырдайын ұйғыртану ғылымына бағыштап, шама-шарқыма қарай, оның Қазақстан топырағында қалыптасуына атсалысқаным рас. Жер жүзіне паш еткені үшін қырғыз халқы да осыған риза. Ұйғыртану саласында 100-ден астам

мақаланы қоспай, жеке монографияларды, ұжымдық зерттеу, оқулық, сөздіктерді ғана есептегенде ұйғыртануға қатысты бас-аяғы 20-дай кітап жариялаппын. Олардың ішінде екі томнан тұратын «Қазіргі заман ұйғыр тілі» атты еңбек кейін Үрімшіде араб жазуымен қайта басылып, қытай тіліне аударылып (бір том болып! жарық көрді. Ұйғыр әдеби тілінің дамуына бағышталған үлкен монографиям да ғылым дүниесінде жоғары баға алды.

Дәл осы еңбек үшін маған (1971 ж.) Шоқан Уәлиханов атындағы І дәрежелі сыйлығы берілуін талап етемін» деген пікірінен артық маған бағаның қажеті де жоқ еді.

– *Иә, Әбеке, Сіз әлі университетті бітіріп, аспирантураға түскеніңізді, сөйтіп ғылым дүниесіне қалай келгеніңізді, ұйғыртанудан басқа да еңбектеріңізді айтқан жоқсыз-ау.*

– Иә, мен 1951 ж. университетті бітіріп, енді ауылға барып, мұғалім болуды ойлап жүргенде аяқ астынан Ғылым академиясынан аспирантураға шақыру қағазын алдым. Көп ойландым, көп толғандым. Өйткені екі көзі төрт болып, сарғая күтіп отырған ауылда бір қара ел (әжем, анам, інім, қарындасым) бар еді. Олармен ақылдасып, тағы да бір-екі жыл шыдауға анамды көндірдім. Аспирантурада қалатын болдым.

Аспирантура деген – университет «дарбазасынан» кейін ғылымның бай қазынасына бастайтын алтын қақпа, терең сырына жетелейтін ғалым өміріндегі алғашқы мүмкіндік қой. Осылай басталған аспирантура енді маған жалпы тіл білімін меңгеруге, ұйғыр тілін жан-жақты зерттеуге мүмкіндік берді. Ғылыми жетекшім болып аты әйгілі түрколог, соғыс жылдарында Алматыда тұрып, қазақ тіл білімінің дамуына да үлкен қамқоршы болған ленинградтық ғалым проф. Сергей Ефимович Малов тағайындалды.

С.Е.Малов маған өмірдің аз қалғанын түсіндіріп, жарты ғасыр бойы жинаған тіл материалдарын көзі тірісінде кітап етіп шығаруды армандайтындығын айтып, ғылыми жетекшілікті өз мойнына алуды өтініп, екінші бір әйгілі ғалым Фрунзе (қазіргі Бішкек) қаласында тұратын академик Константин Кузьмич Юдахинге хат жазып берді. Сөйтіп, екі ұлы ғалымның өзара келісуімен менің екінші ғылыми жетекшім болып көпшілік қауымға өзінің «Қырғызша-орысша сөздігімен» танымал, ұйғыр, парсы тілдерін жетік білетін тілші К.К. Юдахин тағайындалды.

Мұны айтып тәптіштеп отыруымның себебі – қанша дарынды болса да жас ғалымның ғылымдағы тағдыры, алғашқы қадамы, беталысы, табысы оның ғылыми жетекшісіне де байланысты. Сондықтан да мен «ғылымда өзімнің екі жетекшім бар» деп есептеймін.

1961 жылы бұрынғы Тіл және әдебиет институты екіге бөлініп, дербес екі институт болғанда мен сол Тіл білімі институтының директоры академик І.Кеңесбаевтың орынбасары болып тағайындалдым. Ал 1978

жылдан бастап сол институттың директоры болып істеп келемін. Ғылым сарайының табалдырығынан шәкірт-аспирант болып аттап өткен 43 жылдың ішінде академик дәрежесіне дейін өскен жайым бар. Ешкім де анадан ғылым болып, бастық болып тұмайды. Ешқандай да атадан мұра болып қалған манап, атақ, лауазым жоқ. Сондықтан да қолым жеткен табыстардың бәрін мен ең алдымен өз еңбегімнің нәтижесі, мені өсірген ғылыми ортаның тәрбиесі, жаны жақсы әріптестерімнің жәрдемі, сенімі, қамқорлығы деп есептеймін.

Қазақ тілі бойынша жүргізген зерттеулерім негізінен лексикология саласына жатқанымен 3 түрлі проблема төңірегінде шоғырланған.

Олардың бірі – «Түркі түбірі» проблемасы, бұл – тарихи лексикологияның өзекті мәселесі және ол әртүрлі салыстырмалы-этимологиялық, реконструкциялық тәсілдерді қолдануды талап етеді; осыған орай қазақ тілін түбір дәрежесінде зерттеуге бағышталған көлемді монографиям – «Структура односложных корней и основ в казахском языке» (1986) – түркітану әлемінде жақсы аталып жүр. Мәселен, «Советская тюркология» атты халықаралық журналда оны эзирбайжан ғалымы профессор Валив Аслановтың Г.Вамбери, Э.В.Севортяндардың этимологиялық сөздіктерімен қатар қоюы осының айғағы болса керек. Екіншісі – қазақ тілі фразеологиясы мен паремиология проблемалары; бұл салада да біраз шаруа істелуде. Үшінші проблема – қазақ этнолингвистикасы... Бұл қазақ тіл білімінде бұрын-соңды болмаған жаңа бағыт. Оның негізгі мақсаты – тілдің лексика-фразеологиялық байлығын халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрі, рухани мәдени байлығы, дүниетаным, жалпы ұлттық менталитетімен тығыз байланыстыра зерттеу.

Осы үш сала бойынша менің жетекшілігіммен көптеген кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғалды, шәкірттер дайындалды. Сондықтан да «үш салалық ғылыми мектебім бар» деп айта аламын.

Соңғы «Қазақ этнолингвистикасы» деп аталатын проблема бойынша 30 жылдай ұдайы ізденістерімнің нәтижесін, «Қазақтар ана тілі әлемінде» деген атпен 4 томдық (көлемі 4 мың беттей) этнолингвистикалық сөздігімді шығаруға әрекет етудемін. Бұл менің ұзақ жылдар бойы ғылымда өткерген саналы өмірімнің қорытындысы болмақшы. Қазір сол жұмысты баспаға дайындауға кірісітім. Әрине оған қаржы-қаражат керек. Оған қазақтың саналы азаматтары жәрдемдесер деген үмітпен жақында «Академик Ә.Қайдаров қоры» деген қор да құрдым (оның есеп шоты: ГорРКЦ ГА ТУ Нацбанк РК. г. Алматы, р/с 700806, код 104).

– *Әбеке, ұстаздық қызметіңізді де ұмытпаңыз.*

– Иә, иә, «шәкіртсіз – ғалым тұл» деген сөз рас. «Өзіне шәкірт дайындамау – болашағын ойламау». Күдайға шүкір, шәкірт жағынан ұятты емеспіз. Екі-үш докторды қосып есептегенде басшылық етіп қорғатқан

шәкірттерімің жалпы саны 40-қа жетіпті. Бір қызығы: бұлар ұлт, тіл, география жағынан бір текті емес.

Меніңше, шәкірт дайындау – ғалым үшін парыз, ал енді ол шәкірттің адал да дарынды болса, ол – ғалым өмірінің жалғасы. Көп болмаса да ондай шәкірттерім бар. Тағы да 5-6 доктор дайындап жатырмын.

Ұстаздық қызметім, әрине мұнымен ғана шектелмейді. Әбу-Насыр әл Фараби атындағы ұлттық университетте 10 жылдан астам лексикология бойынша дәріс беремін. 20-дай диплом жұмысына тақырып беріп, жетекшілік еттім. Бұл да ғылыми кадр дайындаудың бір жолы ғой.

– Әбеке, таза ғылымнан басқа ғылыми-ұйымдастыру және қоғамдық жұмыстар да бар емес пе?

– Шынын айтсам, өз өмірімнің көбісі осы айтқан ғылыми ұйымдастыру және қоғамдық жұмыстарға кетті. Әрине, бұл ғалым адамға өкінішті-ақ жағдай. Бірақ амал жоқ, ылғи бастық болып жүргеннен кейін оған көнбеске шара жоқ. Жүздеген конференция, мыңдаған маслихаттар мен мәжілістерді басамыздан өткердік.

Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті, ҚР Мемлекеттік саясат жөніндегі ұлттық Кеңестің мүшесі, Мемтерминком, Мемономком төрағасының орынбасары, «Түркі тілдері» мамандығы бойынша докторлық диссертация қорғайтын Мамандандырылған кеңестің төрағасы, ҚР ҰҒА «Хабарлары» (тіл және әдебиет сериясы) ғылыми журналдың бас редакторы, т.т.

– Әбеке, «атың барда желіп жүріп, жер тап, асың барда, беріп жүріп ел таны» деген қазақтың бір жақсы сөзі бар ғой. Белгілі ғалым ретінде де біраз дүниені көрген шығарсыз? Жолсапарыңыз бен іссапарыңызды да айта кетсеңіз.

– Иә, дәм-тұз бұйырған елдердің біразында болдық. Олар негізінен Еуразия құрлығындағы елдер. Америка мен Жапонияға әлі жол түсе қойған жоқ.

Мен қатысқан Халықаралық конгрестер өткен, түркологияның күрделі мәселелері қаралған, өзара пікір алмасулар болған шетел қалаларынан мыналарды атауға болады: Вена, Будапешт, Париж, София, Стамбул, Анкара, Кайсери, Анталия, Измир, Дели, Пекин, Урумчи, Улан-Батор, Қайыр, Дамаск, т.б.

– Әбеке, шаршамасаңыз, ең соңғы сұрағымды қояйын: адами қасиеттерден нені ұнатасыз, нені ұнатпайсыз? Өзіңіз туралы пікір айта аласыз ба? Айта алсаңыз, кемшілігіңіз бар ма, «абзал қасиетім» деп нені айтқан болар едіңіз?

– Бұлар да бір қиын сұрақтар екен. Жер бетіндегі пенделер қанша болса да түр-түс, мінез-құлық, ақыл-ой жағынан бір-біріне ұқсамайды.

Мен де пендемін, сондықтан біреуге сын айтуда қателесуім мүмкін. Бірақ өз басымның қандай инсани (адамдық) қасиеттерді ұнататынымды, ұнатпайтынымды, сұраған соң, айтуға болады.

Менің, ең алдымен, ұнататыным – пендешілікке берілмеген, ұлық болса да, әрдайым кішік болып жүретін жандар. Өйткені ер-азаматтың басына ерте ме, кеш пе, әйтеуір, бір бақыт құсы қонады, дарқан табиғат та өз пендесіне қабылет пен дарындылықты аз сыйламайды. Гәп бұлардың бәрін пендешілікке салынбай, басынан теппей, әлпештеп, бойында сақтай білуінде. Табысқа мастану, мейманасы тасу, мансаптан басы айналып, құдайын танымау – пендешіліктің ең сорақысы. Өзі білмеу, білгеннің тілін алмау да жақсы қасиет емес.

Адамның адамдық (адами) қасиеті ең алдымен оның мінез-құлқынан, жүріс-тұрыс, іс-әрекетінен, елмен қарым-қатынасынан, ақыл-парасатынан байқалады ғой.

Осы тұрғыдан қарағанда мен дұшпанның ақылдысын, достың жүрегі таза, жаны жайсаң адалын қалаймын. Өзім де жолдасымды сатып көрген емеспін. Қатар жүрген замандастардың тілінің де, ділінің де қазақы болғанын ұнатамын, әзіл-қалжыңды түсінетін де, айта білетін зерделі де зерек жанды ерекше бағалаймын. Еңбексүйгіш, іске ынталы, жігерлі инициативті жастарды жаратамын, елдің салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын жетік білетін көкірегі ояу, көңілі сергек, жақсы қартая білген ақкөңіл қарттарды ерекше бағалаймын т.т.

Ұнатпайтын мінез-құлық, бейнелер де аз емес. «Ішінде ит өліп, түлкі тұншығып жатқан» ішмерездерді ұнатпаймын, қарнын жарып жіберсе, қалың елді сасытатын пасықтарға жиіркене қараймын, күле кіріп, күңірене шығатын күншілерден аулақ жүруге тырысамын, «топан суы қапталынан келмейтін» тоғышар, тоқмейілден, «шуақты күндері жаныңнан қалмайтын, бұлтты күндері, іздесең табылмайтын» тұрақсыз, сатқын жолдастан, көп сөйлейтін, көкмылжың, қазымыр қарттан, арамза шәкірттен аулақ жүремін...

Ал басқа қасиеттеріме келгенде мен басы жұмыр пендемін, пендешілік көп болмаса да, бойымда пендеге тән кемшіліктердің біразы бар. Міне, өзі туралы адам осыдан артық не айтады?! Осыған риза болғайсындар!

– Әбеке, әңгімеңізге көп рахмет! Тағы да оқырман қауымы атынан мерейтойыңызды құттықтап, Сізге мықты денсаулық зор табыс отбасына бақыт тілейміз!

– Рахмет!

Сұхбаттасқан С.Дәуітұлы.

«Алматы ақшамы». 19 желтоқсан. 1994.

Мен де бір кірпіш құниесем...

Жасының 70-ке, ғылыми-ағартушылық және қоғамдық қызметінің 50 жылға толуына байланысты біз Ұлттық ғылым академиясы Ахмет Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының директоры, халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті, ҚР еңбек сіңірген ғылым қай-

раткері, доктор, профессор, академик Әбдуәли Қайдаровпен кездесіп, өзге емес, өзі жайында өзі баяндап беруін өтінген едік. Қызық та ұзақ әңгіме болды. Ғұлама ғалымның осынау бір мерейтой қарсаңында ағынан жарылып, ақтарыла айтқан тағылымы мол ой-толғамдарын жастарға өнеге-үлгі болсын деген мақсатпен тілшіміз өткізген сұхбатын жариялауды мақұл көрдік.

– *Қадірлі Әбеке! Жетпіс жас мерейтойыңызбен қалың оқырман қауымы атынан шын жүректен құттықтап, зор денсаулық, еңбегіңізге мол табыс, отбасыңызға береке тілей отырып, осы бір көңіл-күйіңіздің көтеріңкі сәттерін пайдаланып, Сізден өзіңіз туралы әңгіме шертіп беруіңізді өтінеміз. Бұған қалай қарайсыз?*

– Несі бар, егер ондай әңгіме қажет десеніздер, жұртты зеріктіріп алмасақ, сөйлей беруге мен дайын...

Иә, сонда біздің бұл әңгіmemіз, Қасым ақын айтқандай, «Өзге емес, өзім айтам өз жайымда...» болғалы отыр ғой. Қалай шықса да келіспеуге шара жоқ... Өйткені сендер кеңінен сырласар шақтың бір сәтті орайын тауып, мені сөзге тартып отырсындар ғой... Бұл бір. Екіншіден, бұл өзі менің ерте ме, кеш пе, томаға-тұйық болып қалмай, әйтеуір бір айтуға тиісті іш сырымды ақтара, жұртқа жария етуге алғаш рет беріліп отырған мүмкіндік сияқты. Үшіншіден, «өзіңді өзің тани біл» деп, Сократ айтпақшы, менің де өзімнің де кім екенімді білгім келеді, өз білгенімді елге ағымнан жарыла айтқым келеді. Ең соңғысы: «мен де бір кірпіш дүниеде...» дегендей, менің де рахаты мен азабы аралас өмірімде көрген-білгенім бар, көңілге түйгенім бар, мүмкін олар біреуге ой салар, біреуге сабақ, үлгі болар, мүмкін бұл әңгімелер әлде біреудің кәдесіне жарар, жарамаса, архив түбінде жата берер.

– *Әбеке, онда мен Сіздің өміріңіздің қалың оқырман білгісі келеді-ау деген кейбір ұрымтал кезеңдер мен қызықты сәттерін сұрақ арқылы айқындап, әңгімеңізге бағыт-бағдар, бірізділік беріп отырсам, қарсы болмайсыз ба?*

– Неге қарсы болайын, сұрақтарыңды бере бер, шама-шарқыма қарай жауап берейін.

– *Онда, Әбеке, әңгімені дүниеге келген сәтіңізден, кіндік қаныңыз тамған жеріңізден бастағаныңыз жөн болар.*

– Иә, иә, бұл да өмірдің қажетті мәселесі. Барлық ресми құжаттарда мен өзімді 1924 жылдың 13 желтоқсанында туылғанмын деп жазып жүрмін. Дегенмен, сенің сұрағыңды пайдаланып, мен бір шындықтың бетін аша кеткім келеді. Ол – датаның (туған күн мен жылдың) дәл еместігі.

Жарты ғасырға жуық уақыт болды, 13 желтоқсан күні менің туған-туыстарым, дос-жарандарым дастарқан басына жиналып, туған күніммен құттықтап, тілектерін білдіру дәстүрге айналған. Бірақ осы бір

«қуанышты» отбасындағы бір-ақ адам ықыласымен қабылдап, құптамайды. Ол – бүгінде тоқсанды алқымдап қалса да ақыл-есі дұрыс, дені сау менің туған анам – Жамбала. Осындайда ол: «Қайдағы туған күнді айтып отырсыңдар?» – деп, күбір ете түседі де, – Егер Әбдуәлидің анасы мен болсам, мен оны сақылдаған қыста емес, жазда... жоңышқаны екі шауып алып, ел жайлауға көшіп жатқанда туған болатынмын, ол сиыр жылы еді. Әлі есімде, оны ат үстінде емізіп барып, шілдеханасын Ақтасты жайлауында жасағанбыз...» деп, өзінің жастық шағын көз алдына елестетіп алады.

Шынында да, ол кездерде біздің ауылда туған баланы ай, күнін көрсетіп, қолма-қол қаттату, куәлік беру болмаған. 1939 жылға дейін 1925 жылдың түлегі болып келдім де, 1939 жылы комсомолға өтем деп, жарты жасты қостырып алдым. Отан соғысына 1924 жылы туған 17 жастағы ұлан күйімде аттандым. Соғыстан қайтып келіп, азаматтық паспорт алған күнімді «туған күнім» деп, жаздырған да өзім.

Қысқасы, менің жарық дүниеге келуіме Жаратқан иемнің нәсіп қылған сәті – 1925 сиыр жылы, мамыр айының 22-25 күндері. Шын жасым осы, ал оны сөз етіп отыруымның себебі – «жасару» ниеті емес (оның маған қажеті де жоқ), 90-ға келген анамның алдында туған жыл, күнімді «шатастыруымның» себебін айтып, ақталудың бір реті ғана.

Енді «кіндік қаным тамған жер» жайында бір-екі ауыз сөз. Дүниеге келген жұмыр басты пенденің тіршілігінде жүрмейтін жері, тұрмайтын елі жоқ болса да, туған жері біреу-ақ. Сол жер – мен үшін Талдыбұлақ.

Ол – басын мәңгі қар шалған асқар Алатаудың баурайында, жағасы қалың көк талмен көмкерілген жылғалы бұлақ бойындағы шағын ғана елді мекен. Оның қандай тарихы барын кәрі құлақ қарттар болмаса, мен біле бермеймін. Мен туған кезде Талдыбұлақ Алматы облысы Шелек ауданының жері екен де, кейінірек ол Еңбекшіқазақ ауданы қарамағына өтті.

Мен өзімді таулы ауылдың баласымын деп санаймын. Не көп, қазақ жерінде тау көп: Алатау, Қаратау, Көкшетау, Ұлытау т.т. Ақын інілеріміз Тұманбайдың «Тау баласы тауға қарап өседі...», Мұқағалидың «Таудан мен жаратылғам, Киіктің сүтін ішіп ержеткенмін, Қуат алып қыранның қанатынан...» дегендерінде де үлкен мән бар. Жастық шағымды есіме алсам, мен де осы тауға қарап, тау биіктігін аңсап өсіппін. Бұл тауда сонау қара сирақ, қара борбай кезімнен мен араламаған шатқал-сайлар, жағасын жеміс-жидек басқан жылғалы бұлақтар, қия жартастар қалмаған шығар. Сонау таудың биігіндегі табиғат ғажабы – Есік көлінің мұздай суық, сынаптай мөлдір көк тотияйын суына бір сүңгіп шығу үшін біз, ауыл балалары, етекте жатқан Көктөбеден (барып-келуі 25 шақырым) табанымызды тасқа тілдіріп, борбайымызды бұғаға жырғызып, талай бардық-ау! Солар енді еске түссе, албырт жастыққа тәнті болып, ішімнен күлемін.

Тау биігін ансау қыран құс пен тауды мекендейтін текті киіктерге ғана тән емес. Жаз демін сезінгенде қалың қарды қақ жарып, шешек ататын сарғалдақ пен ендіктің табиғаты да ғажайып қой. Осында да үлкен сыр бар – ол өміршендік.

Осы табиғаттан не қалды? Әйгілі Есік көлі апатқа ұшырады, онда біз шомылған су жоқ. Тау бөктерінің әрбір қос жұдырықтай қызыл апорты бүгінде бүрісіп, азғындаған; таудың көк бұлдыр көрікті көрінісі де күнгірт тартқан, өткел бермейтін асау тау өзендерінің суы тартылып, арнасы бос қалған, биік төбелер аласарып, аласалары жермен жексен болған.

Төбе демекші, бір заманда Алатау алқабында самаладай сап түзеп, қатарласып жататын көне скиф, сақ қорған-обалары да осы өлкенің өзіндік бір көрінісі, ерекше сәні еді. Біз жас кезімізде төбесі шұқыр сол обалардың басына шығып, талай асыр салып ойнаушы едік.

О, ғажап, сол төбелердің бір бүйірінде тек сауыт-сайманы мен киімі ғана 16 кг. саф алтыннан құйылған көне заманғы (б.э.д. IV–V ғғ.) сақ ұланының Алатау шыршасымен қоршалған мәйіті жатқанын сол кезде кім білген?! Бүгінде «Алтын адам» деген атпен әлемге әйгілі болған осы бір ғажайып ескерткіш археологиялық ізденістердің нәтижесінде емес, гараж жасау үшін бульдозермен төбені тегістеу кезінде ғайыптан табылғандығын елге айта бермейміз. Талай тарихи ескерткіштерді осылай таптап жүргенімізді, шіркін, білмейміз-ау! Ең өкініштісі – жержүзілік мәні бар осы ескерткіш табылған жерді қазір шырақ алып іздесең де, таба алмайсың, оны білетін біз сияқты соңғы ұрпақтың да қатары күн сайын сиреп бара жатыр.

Мұны айтып отырғандағы мақсатым: осы өлкенің әрбір ой-қыры – сырға толы сандық, тұнып тұрған тарих екенін кейінгі жас ұрпақ та білсе екен деймін, мәңгірттіктен аулақ болудың бір жолы осы емес пе?

Әрине, әр адамның туған жері, өскен өлкесі өзіне ыстық. «Оны перзенттері қадірлей білу керек, аяқ астында, тау қойнауында бабаларымыздың сан ғасырлық тарихы, баға жетпес мәдени мұрасы жатқанын, халайық, ұмытпайық!» дегім келеді.

Міне, менің кіндік қаным тамған, өскен өлкем жөнінде қысқаша айтарым осы. «Мен де «Алтын адам» жасаған өлкеде туып-өстім, соның ұрпағымын» деп мақтана аламын.

– Әбеке, Сіз, негізінен, туған жер, өскен өлке жайын сөз еттіңіз. Енді жастық шағыңыз, ата-ана тәлім-тәрбиесі туралы да айта кетсеңіз.

– Жастық шақты «балалық кезең, жігіттік дәурен» деп екіге бөліп қарайтын болсақ, менің балалық шағым Отан соғысына дейінгі кезеңмен шектеледі де, жігіттік шағым Отан соғысынан кейінгі дәуірге сәйкес келеді. Осы екі дәуірдің ортасындағы балалықтың да, жігіттіктің де сәні болмаған 4-5 жылды мен «от кешкен жылдар» деп атап, оған ерекше мән беремін.

«Балалық шақ» деп аталатын өзіндік қызығы мол, балауса, бал дәурен, қысқа болса да, әрине, менде де болды. Есімді біле бастаған (ол 4-5 жасқа келгеннен кейін) кезден соң көрген, білген, сезген, ұққандардан жадымда сақталғандары – ылғи бір ауылдан екінші ауылға көшіп жүргеніміз (ол ауылдар жоғарыда айтылды). Болған оқиғаның мән-жайы түгел есте қалмаса да, оның кейбір көріністері, жеке, тіпті, болмашы эпизодтары ұмытылмайтын көрінеді. Соның бірі – 1929 жылы Шелек ауданы біздің ата-бабаларымыздың мекендейтін 9-ауылда болған оқиға. Кейін сұрап білуім бойынша: 1928 жылы тәркілеуден қашып, Қытай асып кеткен бай баласы жолдастарымен келіп, қалып қойған қалыңдығын тартып әкету үшін жарым түнде мылтық атып, елді үркіп, үрейін алғаны жадымда қалыпты. Ауыл адамдары қатын-қалаш, бала-шағаларын алып, ескі тамдарға тығылыпты. Зимила әжем ұйқылы-оюу мені ала жүгіргенде, біреудің: «Ой-бай! Орап ал, ақ көйлегі көзге түседі, атып жібереді!» деп, айқайлағаны осы күнге дейін құлағымда, шошыған елдің жарым түндегі қарбалас әрекеті әлі көз алдымда.

Осындай жадымда қалған кейбір сәттерді мені білетін ересектерден сұрастырып көрсем, 1932 жылы ә дегенде Алматыдағы Татар мәһәллесіндегі (Татарская слабодқадағы) татар мектебінің бастауыш класының есігін ашқаным және дәл сол жылы оқуымды (кезінде «екінші Бұхара» деп те аталған) Қорамдағы, одан соң Малыбайдағы ұйғыр мектебінде жалғастырғаным әлі есімде. Бұл – ашаршылық жылы болатын. Мектепке жиен ағам Тәшіммен бірге баратынбыз, біз кетіп бара жатқанда үйінің алдында қалғып-мүлгіп отырған кемпір-шалдардың қайтқанда өліп жатқанын талай көргенбіз. Келесі екінші класты Атамқұлдағы қазақ бастауыш мектебінде оқығаным, оған барып-келетін көшелерім, ойнаған аулам көңілімде сайрап тұр.

1933 жылдың көктемінде әкемнің тағы «көшпенділік» мінезі ұстап, Еңбекшіқазақ ауданындағы Қызылқазаққа, одан соң «Еңбек» колхозына көшіп бардық. Мұнда қазақ мектебі болмағандықтан, қайтадан ұйғыр мектебіне бардым. Бастауыш мектепті сонда бітірдім. Енді орта мектепке түсуім керек болды. Мүмкін, осы жолы менің жағдайыммен санасқысы келді ме, әйтеуір ата-анам Есікке көшіп барып, Есік өзенінің бойында біраз уақыт киіз үй тігіп отырды да, қаладан 3-4 шақырым Көктөбе деген ауылға қоныс ауыстырды. Бес жыл үзбей бір мектепте оқуым, міне, осы 1935–1941 жылдар болды. Онда да мен аудан орталығындағы қазақ орта мектебіне ауылдан, Көктөбеден қатынасып оқыдым және соғыстың салдарынан үзіліп қалған 10-класты сол мектепте соғыстан аман оралғаннан кейін 1946 жылы аяқтадым.

Міне, сондықтан да болар, «бәленше мектепті бітірдім» деп, бір сөзбен келте қайыра салатын әңгімені ежіктеп, тәптіштеп жатқаным. Міне, балалық өмірдің өзекті мақсаты – оқып, орта білім алудың мен үшін

«шырғалаңға» салынып, оңай болмағанын көріп отырсың. Алайда, татарша бастап, ұйғырша жалғастырып, қазақша аяқтаған орта мектепті көшіп жүріп, үздік-создық бітірсем де, білімім шала болған жоқ деп ойлаймын. Мектептен алған 6-7 мақтау қағазы – осының айғағы болса керек.

Сыр етіп айтсам, оқырман қауым дұрыс түсінер деп ойлаймын: көпұлтты (қазақ, ұйғыр, орыс, татар, түрік, чешен, неміс, қарашай т.б.) ортада өсу, олардың тілін, әдет-ғұрпын білу адамға өз әсерін тигізбей қоймайды. Сондықтан да болар, бұл халықтарды жатырқау, жатсыну, бір тілмен шектеліп, томаға-тұйық мінез көрсету – мен үшін жат дүние. Қалыптасқан мінез-құлқымнан да осы бір қасиетті байқау қиын емес. Өскен ортаның балалық болмысыма, дүниетанымыма, қалыптасуыма тигізген ең басты бір әсері осы ғой деймін. Ол кездерде, әрине, тіл маманы боламын деген мақсат менде болған жоқ. Дегенмен, ана тіліміздің сырын терең түсіну үшін басқа туысқан тілдерді білудің мәні зор екеніне жастық шақта мән бермесем де, тіл маманы болғаннан кейін толық көзім жетті.

Үйге қонақ келгенде әкеміз бізге, бірге өскен жиен ағам Тәшім екеуімізге, домбыраға мандолина қосып тартқызатын, батырлар жырын мақамдап оқытатын...

Осының бәрін мен ата-ана тәлім-тәрбиесі деп түсінемін. Өйткені атаның тәлімі де, ананың тәрбиесі де, сайып келгенде, отбасындағы осынау бір қат-қабат тіршіліктің, өзара қарым-қатынастың айналасында байқалады да қалыптасады ғой.

Біздің үй өзіне лайықты өз тіршілігімен ғана өмір сүруші еді. Бізде басы артық байлық болған емес, әкемнің де, шешемнің де қол қусырып қарап отырғанын, не кейбіреулердей байлықтан асып-тасқанын мен көрген емеспін. Әкем Қайдардың (нағашы атасы қойған аты, «арыстан» мағынасындағы парсы сөзі) оқуды, жазуды білетін шамалы ғана білімі болды. Сондықтан болу керек, ол онша үлкен қызмет істеген емес. Бір кезде ол бірнеше ауылдың үстінен қарайтын учаскелік милиционер болды, одан кейін ферма меңгерушісі, колхоз бастығы, мал дайындаушы экспедитор, аудандық финанс бөлімінің салық жинаушы агенті болды. Осы жұмыстан ол 1941 жылы майданға атанды.

Мен әке-шешемнің тұла бойы тұңғышымын. Шешем Жамбала он құрсақ көтерсе де, менен кейінгі балалары көп тұрмай, тым еркелеу де еркіндеу өскен көрінемін. Алты жасыма дейін нағашы әжем – Зімиланың бауырында өскендіктен бе, әйтеуір, ересек болғанға дейін әкемді «жезде», анамды «әпке» деуші едім. Әже тәрбиесінің әсерімен болу керек, оларға жоғарыдан қарап келгенім де рас. Ойлап тұрсам, әкеммен әке-баладай шүйіркелесіп, көп сырласпағанымның бір себебі осы болса керек.

Менің ойымша, әке тәлімі, шеше тәрбиесі балаларына ең алдымен олардың өздеріне тән болмыс-бітімінен, жүріс-тұрыс, мінез-құлқынан,

өзара және басқалармен қарым-қатынас, мәмілесінен ауысатыны сөзсіз. Егер менің бойымда бірер игі қасиет болса, оны мен сол ата-анамның бойынан жұққан қасиет деп есептеймін.

Әкемнің жай даусымен жайбарақат отырып айтатын ақыл-кеңестері аз болса да, бәрі есімде қалыпты. Солардың ішінде, әсіресе, біреуі санамда мәңгі сақталуда. Ауылдың бір балаларымен төбелесіп, өзімше ренжіп отырғанымда, жаныма келіп: «Не болды балам, таяқ жеп қалдың ба? Есінде болсын, әлің жетпейтін адамға жармаспа, өз тұсыңнан ешкімге тиіспе, ал өзі тиіскен адамды аяма, таяқ жеп қалсаң, үйге жылап келуші болма», – деген еді.

Әкемнің осы сөзі мен үшін өмірлік ережедей болып келеді. Тек «тиіскен адамды аяма» деген пунктінен ылғи ауытқып, көбінесе кешірімділікке, «Кең болсаң, кем болмайсың» немесе «Таспен ұрғанды аспен ұр», «Жақсылыққа жақсылық – әр кісінің ісі, жамандыққа жақсылық – ер кісінің ісі» деген принципке көбірек жүгініп кететінім бар. Бірақ оны түсіне бермейтін көкірегі көр, қара ниет пенделердің қиянатына қиянатпенен жауап бермеуден ұтылып, «ұпайым» кеткен, опық жеген сәттерімде әкемнің ақылын түгел ескермегеніме өкінемін.

Бүгінде тоқсанды алқымдап қалған анамның тәрбиесі жөнінде айту қажет болса, мен оның ең алдымен ерекше еңбекқорлығын, өмір бойы дамыл таппай, отбасы, бала-шағасының қамын жеп, шарқ ұрып келген жан екендігін атағым келеді.

Жетпіске келсем де мен анамның осы болмысына қарап шабыттана, еңбекқұмарлығым арта түседі. «Анасы бар адамдар ешқашан қартаймайды» деген өлең жолдарын естігенде анамның әлі де жүре тұрғанын тілеймін. Анам ғана емес, нағашыларымның көбісі-ақ көп жасаған, жүзді алқымдап, жүзден асып барып дүние салған жандар екен.

Музыкаға құмарту балалардың бәріне тән нәрсе ғой. Жасымнан-ақ домбыра үйрендім, әсіресе мандолинаны тәп-тәуір тартамын. Мектептегі үрмелі оркестрде де ойнадым. Бірақ менің жастық сезіміме скрипканың құйқылжыған әуезінен артық әсер еткен аспап болмады. Кейде көшедегі радиодан скрипка ойнап жатса, құмарта тыңдап тұрып қалып, талай сабаққа да кешіккенім есімде. Бірақ, амал нешік, соғыста сол қолым жараланғандықтан, музыкалық өнерді жалғастыра алмадым.

Табиғи дарын болмаса да, қатты құмартқан өнерім – сурет салу. Әскерге кеткенге дейін мен су бояу, майлы бояулармен көп суреттер салып, мектепте «суретші бала» атандым. Менің салған суреттерім ол кезде тек еліктеу мен көшірме болды. Соның өзінде де Ә.Қастеев салған Амангелдінің үлкен суретін айнытпай келтіріп жасағандарым 1947 жылға дейін өзім оқыған мектептің қабырғасында ілулі тұрды.

1947 жылы Алматыға келгендегі бір мақсатым – суретшілер оқуына түсу болды. Бірақ соғыста болған жылдардың есесін тез қайтарып,

жоғары білім алу үшін университеттің филология факультетіне түсуіме тура келді. Бірақ суретке деген құмарлықты қоя алмадым, өзімше сурет салумен шұғылдандым. Университеттің IV курсына өткенде ақыры Алматыдағы көркемсурет училищесіне түстім. Не пайда, бір жарым жылдан кейін оны тастауға тура келді. Өйткені мені кедейшілік жағдайымда 5-6 фотошеберханада (тамаққа ақша табу үшін) көркемдеу жұмысын атқара жүріп, университетті бітіру, училищеде оқу өте ауыр болды... Бұл өнер де, сонымен, өз деңгейіне жете алмай қалды. Ғылым дүниесіне енгеннен кейін ол мүлдем тоқтады. Бірақ молберт, этюдник, неше түрлі майлы бояу, қыл қаламдарым сақтаулы. Германиядан ел кезінде олжа алып келсе, мен бояу, Еуропа мұражайларынан түсірген литографиялық открыткалар әкелген едім, оларым да сақтаулы.

– Әбеке, адам өмірінің қызығы да, шыжығы да мол шағы студенттік кезең ғой, ол туралы да сөз қозғасаңыз?

– Шынында, өзің айтқандай университет қабырғасында өткен өмірдің жөні де, жолы да бөлек екені рас. Менің бұлбұлдай шарықтаған, қырандай қалықтаған нағыз әдемі кезім сол уақыт болды ғой деп ойлаймын. Өйткені жатпай-тұрмай ғылымның соңына шам алып түскен жылдарым еді бұл. Бір жағынан ізденіп, екінші жағынан аса данышпан М.Әуезов, Н.Сауранбаев, І.Кеңесбаев, М.Балақаев, Ш.Сарыбаев, Қ.Жұмалиев сияқты ғалымдардың алдынан дәріс алып, ана тіліміз бен бай ауыз әдебиетіміздің биік ұлттық рухын бар жанымызбен шынайы сезіндік, күрделі тарихын үйрендік, іздендік.

Сол университетті бес жылда емес, төрт жылда, елу төрт пәннің елу үшін беске тапсырып, үздік бітірдім. Бір сабақтан «Марксизм-ленинизм негіздері» бойынша мемлекеттік емтиханнан төрт алғандығым үшін маған «қызыл диплом» бермеген еді. Өзімше «принцип» сақтап, қайта тапсырудан бас тарттым.

Біреулер «ғалым болуды ерте армандадым» деп жатады. Талай ұстаз-ғалымдардың ортасында білім алып, студенттік ғылыми кеңестерде шағын баяндамалар жасап, әр жерде сөйлеп, пікір айтып, «білімқұмар» жастардың бірі атанып келсем-дағы, университетті бітіріп, аспирантурада қалғанымша «ғалым болам» деген арман болған емес. Бірақ, әсіресе, кейінгі курста жүргенде Абай бабамыздың «Болмасаң да ұқсап бак, бір ғалымды көрсеңіз...» деген кеңесі маған да көп ой салғаны рас.

Қазақстанды, қазақ халқының тілі мен фольклорын, тарихы мен этнографиясын зерттеген (В.В.Радлов, С.В.Малов, Г.Бамбери, Н.И.Ильминский, П.Мелиоранский, Н.Ф.Катанов, Н.Н.Пантусов, И.Казанцев, А.И.Левшин, Л.Гумилев, П.Маковецкий, Л.Баллюзек, Г.Потанин, Ә.Диваев т.б.) ұлт өкілдері мен басқа туыстас (ұйғыр, қырғыз, татар, башқұрт, т.б.) халықтарының тілі мен фольклорын, тарихы мен этнографиясын зерттеген қазақ ғалымдарының (Ш.Уәлиханов, М.Әуезов, Ә.Марғұлан, т.б.) еңбектерін оқумен шұғылдандым.

Солардың ішінде менің ерекше ден қойып, жүйелеп оқығаным халқымыздың ұлы перзенті Ш.Уәлихановтың қалдырған бай ғылыми мұрасы болатын. Ол кезде Шоқан шығармалырының (4 томдық, кейінгі 5 томдық) толық жинағы жарық көрмеген еді. Шоқантану ғылымы акад. Әлкей Марғұланның творчестволық лабораториясында ғана жасалып жатқан болатын. Сондықтан мен Шоқанның әрбір еңбегін кітапхана сөрелерінен қоймай, тынымсыз іздеп жүріп оқыған едім.

Осыған орай, айтайын дегенім – Шоқан зерттеулерінің менің жаңадан қалыптаса бастаған дүниетанымыма, зиялы болмысыма қатты әсер етуі. Ондай болу-болмау өз алдына мәселе. Бірақ отыз жасқа келмей-ақ жер жүзіне әйгілі болған Шоқанның мені қызықтырған тағы бір қасиеті, қазақ бола тұрып, туысқан ұйғыр халқының тілін, дәстүрін, тарихын, әлеуметтік жағдайын шығыстанушы ретінде алғаш рет зерттеп, жер жүзіне паш етуі болды. «Болмасаң да ұқсап бақ» идеясы осы орайда маған тағы бір ой салғанын да жасыра алмаймын. «Шоқаннан кейін зерттеушісі көп болмаған ұйғыр халқының тілін зерттеу» деген ой мені 4-курста жүргенде-ақ мазалай бастаған. Диплом жұмысын да ұйғыр тілінен қорғадым.

Міне, ғылымға барар екі айрық жол мен үшін осылай басталған еді. Оның бірі – өз мамандығым бойынша, қазақ тілін зерттеу де, екіншісі – Шоқан дәстүрін жалғастыру. Ғылымдағы саналы өмірімнің (1951–1978) ширек ғасырдайын ұйғыртану ғылымына бағыштап, шама-шарқыма қарай, оның Қазақстан топырағында қалыптасуына атсалысқаным, ұйғыр халқының сый-құрметіне бөленіп жүргенім де рас.

Мұны айтып отырған себебім: менің осы мамандығым жөнінде кейде, тіпті, өзім туралы да кейбір қаңқу сездердің бар екендігіне байланысты. «Ой, Қайдаров қазақ тілінің маманы емес, ол ұйғыр тілінің маманы ғой» деп өзінше кемсітуді, «қазақ тілі білімін басқарып жүрген Қайдаров қазақ емес көрінеді ғой» деген ғайбатты мен көптен бері-ақ естіп келемін. Сыртта жүрген қаймана қазақты былай қойғанда, тіпті, мұндай сөздерді талай жылдан бері қатар жүрген кәсіптес азаматтардың аузынан естігенде: «Әй, бұл қазақ оңа қоймас» деп, іштей ренжимін. Неге біз бүкіл өмірін ұйғыр, қырғыз тарихын, әдебиетін, салт-дәстүрін зерттеуге бағыштап, сол арқылы жер жүзіне даңқы жайылған қазақ Шоқан Уәлихановты «ұйғырдың ғалымы», «қырғыздың ғалымы» деп күстәналамаймыз? Қайта, Еуропа әлеміне беймәлім, томаға-тұйық болып келген өз отаны – Шығыс Түркістан тарихын (Құлжа өлкесі, Алтышарар, Қашқария т.б.) Шоқан арқылы таныған ұйғырлар да, әйгілі «Манасты» жер жүзіне паш еткені үшін қырғыз халқы да оған дән риза. Осыдан кейін мен туралы жоғарыдағы сөздерді біреулердің білместікпен, енді біреулері көре алмайтын көр соқырлығынан айтқаны деп ұққан жөн.

Қалай болғанда да, ұйғыртану саласында мен біршама еңбек еткенім айқын. Жүзден астам мақаланы қоспай, жеке монографияларды,

ұжымдық зерттеу, оқулық, сөздіктерді ғана есептегенде, ұйғыртануға қатысты бас- аяғы жиырмадай кітап жариялаптын. Олардың ішінде екі томнан тұратын «Қазіргі заман ұйғыр тілі» атты еңбек кейін Үрімшіде араб жазуымен қайта басылып, қытай тіліне аударылып (1 том болып) жарық көрді. Ұйғыр әдеби тілінің дамуына бағышталған үлкен монографиям да ғылым дүниесінде жоғары баға алды.

Дәл осы еңбек үшін маған (1971 жылы) Шоқан Уәлиханов атындағы I дәрежелі сыйлық берілген болатын. Сол кезде комиссия атынан пікір жазған академик-жазушы Сәбеңнің (Сәбит Мұқановтың): «Бұл еңбек – Ш.Уәлихановтың ұйғырларды зерттеуінің жалғасы, оған сыйлықтың I дәрежесі берілуін талап етемін» деген пікірінен артық маған бағаның қажеті де жоқ еді.

– Әбеке, Сіздің институтта қанша қызметкер бар, олардың қазіргі қиын кезеңде жағдайлары қалай? Осы жағынан да сыр тарта отырсаңыз.

– Өзің ойлашы, қазір кімде жетіскен жақсы хал бар дейсің, ең әдемісі – тіліміз мемлекеттік тіл дәрежесіне көтерілді, еліміз егемендік алды. Тарихымыз қайта қаралып, жазылып жатыр, бұл халқымыз үшін ұлы бақыт.

Ал біздің Ахмет Байтұрсынов атындағы Тіл институтында бүгіндері тоқсанға тарта қызметкер бар, біраз жастар басқа жұмысқа ауысып кетті... Осының өзі біздің жағдайымыздың мәз емес екенін көрсетсе керек. Оған қарамай, жатпай-тұрмай ғылым жасап жатырмыз.

– Әбеке, сіз осы институтты қай жылдан бері басқарып келесіз, бір жағынан басшы болу, екінші жағынан ғылым жасау ауыр тимей ме?

– Бұл сұрағың өте дұрыс қойылды ғой деп ойлаймын. Жалпы таза ғылым адамына бастық болудың қиын екені рас. Дегенмен, шамам келгенше екі жағын да бірдей жүргізіп келе жатырмын. 1961 жылы бұрынғы Тіл және әдебиет институты екіге бөлініп, дербес екі институт болғанда, мен сол Тіл білімі институтының директоры акад. І.Кеңесбаевтың орынбасары болып тағайындалдым, ал 1978 жылдан бастап, сол институттың директоры болып істеп келемін. Ғылым сарайының табалдырығынан шәкірт-аспирант болып аттап өткен 43 жылдың ішінде академик дәрежесіне дейін өскен жайым бар. Ешкім де анадан ғалым болып, бастық болып тумайды. Ешқандай да атадан мұра болып қалған мансап, атақ, лауазым жоқ. Сондықтан да қолым жеткен табыстардың бәрін мен ең алдымен өз еңбегімнің нәтижесі, мені өсірген ғылыми ортаның тәрбиесі, жаны жақсы әріптестерімнің жәрдемі, сенімі, қамқорлығы деп есептеймін.

Көп уақытқа (1975 ж.) дейін мен қазақ тіл біліміне негізінен басшы-ұйымдастырушы ретінде ғана өз үлесімді қосып келдім. Ұйғыр ғалымдары өсіп жетіліп, тіл білімін өздері дамытатын дәрежеге жеткеннен кейін мен өзімнің ана тілімді зерттеуге біржола ауыстым. Жалпы саны үш

жүзден астам үш тілде (орыс, қазақ, ұйғыр) жазылған еңбектеріміздің жартысынан көбі қазақ тілі мен түркология проблемаларына бағышталған.

Қазақ тілі бойынша жүргізілген зерттеулеріміз негізінен лексикология саласына жатқанмен, үш түрлі проблема төңірегінде шоғырланған.

Олардың бірі – «Түркі түбірі» проблемасы, бұл – тарихи лексикологияның өзекті мәселесі және ол әртүрлі салыстырмалы-этимологиялық, реконструкциялық тәсілдерді қолдануды талап етеді; осыған орай, қазақ тілін түбір дәрежесінде зерттеуге бағышталған көлемді (25 б.т.) монографиям – «Структура односложных корней и основ в казахском языке» (1986) – түріктану әлемінде жақсы аталып жүр. Мәселен, «Советская туркология» атты халықаралық журналда оны әзірбайжан ғалымы, проф. Валиф Аслановтың Г.Бамбери, Э.Н.Севортяндардың этимологиялық сөздіктерімен қатар қоюы осының айғағы болса керек. Екіншісі – қазақ тілі фразеологиясы мен паремиялогия проблемалары; бұл салада да біраз шаруа істелуде. Үшінші проблема – қазақ этнолингвистикасы... Бұл қазақ тіл білімінде бұрын-соңды болмаған жаңа бағыт. Оның негізгі мақсаты – тілдің лексика-фразеологиялық байлығын халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрі, рухани-мәдени байлығы, дүниетаным, жалпы ұлттық менталитетімен тығыз байланыстыра зерттеу.

Осы үш сала бойынша менің жетекшілігіммен көптеген кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғалды, шәкірттер дайындалды. Сондықтан да «үш салалық ғылыми мектебім бар» деп айта аламын.

Сонғы «Қазақ этнолингвистикасы» деп аталатын проблема бойынша отыз жылдай ұдайы ізденістерінің нәтижесін, «Қазақтар: ана тілі әлемінде» деген атпен 4 томдық (көлемі 4 мың беттей) этнолингвистикалық сөздігімізді шығаруға әрекет етудемін. Бұл менің ұзақ жылдар бойы ғылымда өткерген саналы өмірімнің қорытындысы болмақшы.

– Әбеке, Сіздің ағынан жарылып айтқан ақ адал сырыңызға қалың оқушымен бірге рахмет айта отырып, тойыңыз тойға ұлассын, жағыңыз түспей жамандық көрмеңіз, табыстан табысқа жете беріңіз деймін.

– Рахмет!

Сұхбаттасқан С.Дәуітұлы.
«Жетісу». 23 желтоқсан. 1994.

Тіп армынға халық бар

– Әбдуәли аға, біз сізді қазақ халқының көрнекті ғалымы ғана емес, сондай-ақ ұйғыр ғылымын дамытуға зор үлес қосқан ағамыз ретінде де білеміз. Қазақстандағы, Орта Азиядағы ұйғырлар ғана емес, Шығыс Түркістандағы күллі ұйғырлар солай деп түсінеді. Алтысыншы жылдардың бас кезінде Қазақ Ғылым академиясы ұйғыр бөлімін

басқарып жүрген кезіңізде көпшілігіміз сіздің қазақ екеніңізді де білмейтін едік. Ұйғыр халқына сонша ықылас білдіріп, олардың тілін ана тіліңіздей үйреніп, тексеріп, талдау жасауыңызға не себеп болды? Мұнда қандай сыр бар?

– Ешбір сыр жоқ. Мен Жетісудың Еңбекшіқазақ ауданында туып, бала күнімнен ұйғырлармен бірге өстім.

Мектепте төртінші сыныпта ұйғырша оқыдым. Ауылдағы ұйғыр балалары жақын достарым еді. Сондықтан да ұйғыр тілін ана тілімдей жетік білемін.

Ғалым Шавдун Кибировпен бірге оқып, екеуміз ҚазМУ-дың филология факультетіне түстік. Шынын айтсам, ұйғырдың жазба тілін жетік меңгеріп кетуіме сол досым себепші болды. Ол кезде Алматыда араб графикасымен ұйғыр тіліндегі кітаптар көптеп шығарылып, Шыңжаңға жіберілетін. Сондықтан ұйғыр зиялыларының көбі сол кітаптарды басқа тілдерден ұйғыр тіліне аударумен айналысатын. Менімен бірге оқитын Шавдун Кибиров те жиі-жиі баспаға барып, кітаптар алып, оларды ұйғыршаға аударып, әжептәуір қаламақы алып тұратын. Ұлы Отан соғысынан кейін оқып жатқан студенттерге қаламақының қанша қымбат екені айтпаса да түсінікті ғой. Мен Шавдунға: «Баспада сенің таныстарың көп қой, маған да ұйғыр тіліне аударатын кітап алып берші» деп жүрдім. Бір күні баспаға өзім бардым. Мәшур Розиев деген кісі бөлім бастығы екен. Өзімнің студент екенімді, ұйғыр тіліне кітап аударуға құмартып жүргенімді айтып едім, ол маған үнді жазушысы Кришан Чандардың «Солдатқа хат» деген кітабын аударуға берді. Бұл кітапты аудару алғашында маған өте қиынға түсті. Соған қарамай кейбір түсінбеген сөздерді Шавдуннан сұрап жүріп аударып, көп кешіктірмей қолжазбаны баспада істейтін ұйғыр халқының көрнекті ақыны Қадыр Хасановқа тапсырдым. Ол кісінің қазақ жастарымен жақын араласып, дос боп жүретінін жақсы білетінмін. Хасанов менің аудармамды оқып шығып: аударуға ауыр кітап берген екен. Соған қарамай тым жақсы аударыпсың деді. Мен бұған қуанып қалдым.

Бұл менің ұйғырдың әдеби тіліне жасаған алғашқы қадамым еді. Сонда университеттің үшінші курсінде жүргенде-ақ Шоқан Уәлихановтың Қашқарға жасаған саяхаты жайлы жазғанын оқып, ұйғыр халқының ғажайып салтына, мәдениеті мен әдет-ғұрпына қызыққанмын. Саяхатшы ғалымның еңбегін оқығаннан кейін менің соларға деген қызығушылығым артты. Сондықтан да болса керек, университетті аяқтаған соң көп ойланбай-ақ Ғылым академиясының ұйғыр секциясына жұмысқа кіріп, ұйғыр тілі бойынша аспирантураға түстім. «Қазіргі заманғы ұйғыр тіліндегі қос сөздер» деген тақырыпта кандидаттық, одан кейінгі жылдары «Ұйғыр диалектілері және әдеби тілінің диалектілік негіздері» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғадым.

– Сіз «Қазіргі ұйғыр әдеби тілінің дамуы» атты монографияңыз үшін Академияның Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлығын алдыңыз. Ұйғыр бөлімін басқарып жүрген кезде, одан кейін институт директоры болғаныңызда ұйғыр халқынан шыққан ғалымдарға зор қамқорлық жасадыңыз. Жиырма жылдан астам уақыт дерті көп халықтың қайғы-мұңына ортақтасып, олардың тілі мен әдебиетін дамытуға атсалыстыңыз. Шавдун Кибировпен бірге алғаш рет ұйғыр мектебінің 7-8 сынып оқушылары үшін «Ұйғыр әдебиеті» оқулығын жаздыңыз.

– Ол кезде оқулық жазу үшін пайдаланатын кітап, газет-журнал дегеніңіз жоқтың қасы еді ғой. Тек Жаркентте аудандық «Колхозшылар авазы» деген ұйғырша газет шығатын. Маған ұйғыр әдебиет нұсқаларын жинау үшін ұйғырлар тұратын ауылдарды көп аралауға тура келді. Кей ауылға барғанымда қазақ екенімді білмегендер қазақтар жайлы жаман қалжыңдар айтып қойып, соңынан менен ұялып, кешірім сұрап жататын. Мұндай оқиғалар Қожахмет Сәдуақасов екеуіміз сапарға шыққанда жиі-жиі болатын еді. Себебі – ол қазақтар жайлы әдейі қалжың бастайтын да, әлгі ұйғырларды сөзге салып қойып, өзі ешнәрсе білмегенсіп, шексілесі қата күлетін. Шынында да екі ұлттың адамдарының өзара алғаусыз қалжыңдасып, бір-бірінің кемшілігін бүкпей ашық айтып, түзетіп, ойнап-күліп, ашық-жарқын өмір сүргендеріне не жетсін. Тек ашық араласып, қоян-қолтық өмір сүргенде ғана бір-бірінді тура түсініп, бір-біріңнің қайғы-мұңына ортақтасың.

– Сіз екі ұлтқа бірдей қызмет істеп жүргенде қиналатын жағдайлар да көп болды деп қалдыңыз. Оның себебі не?

– Мен ұйғырлардың арасында қызмет етіп жүрген кезімде кейбір ұйғырлар: «Бұл қазақ ұйғыр тілін қайдан білсін. Оған ұйғыр тілін тексеру қайда» деп, менсінбей жүрсе, өзімнің қазақтарым «Бұл ұйғырларға сатылып кеткен» деп, басқа қызметтерге ауысатын кездерде теріс көзқараста болып жүрді.

– Басқа ұлттың тілін білу өз халқыңның тілін дамытуға көп пайда бермей ме?

– Оның рас. Басқа ұлттардың тілін білген адам өз тіліндегі сөздердің мағынасын өзге тілдердегі сөздермен салыстырып, баламасын тауып, ортақ бір пікірге келеді. Менің ұйғыр тілін білгендігімнің әсіресе Қазақстан өз тәуелсіздігін алып, кейбір тарихи атауларды жаңғырту кезінде көп пайдасы тиді.

– Басқа халықтың тілін білген адам ғана сол ұлттың жүрегінің қалай соғып тұрғанын, олардың мұң-мұқтажын, мақсат-мүддесін толық түсінеді. Жетісуда өмір сүріп келе жатқан қазақ-ұйғырлардың көбісі бір-бірінің тілін ана тіліндей біледі. Бұлар – ғасырлар бойы бір-бірінен бөлінбей өмір сүріп келе жатқан қандас, бауырлас халықтар. Олардың тірі кезінде ғана емес, өлгенде де қабірлері бөлініп көрген емес.

Сондықтан Қазақстанда тұратын ұйғырлардың тағдырын алыстан келіп қоныстанған басқа ұлттардың тағдырымен бірдей қарауға болмайды емес пе?

– Тура айтасың, Тұрған. Кейде басқа халықтың бір өкілі біздің тілімізден бір-екі сөз үйреніп алып сөйлесе: «Ойбай, мынау қазақша сөйледі» деп алтын тапқандай қуанамыз. Шынына келгенде, қазақтың жеріне келіп, онымен коян-қолтық өмір сүрем деген адам сол халықтың тілін білуге міндетті ғой. «Тіл артында халық бар» деген мәтел тегін айтылмаған. Сондықтан егер қазақты сыйлайтының рас болса, оның тілін білуің керек. Бұл – аксиома.

– Әбдуәли аға, біз Сізді екі ұлттың тілін тел емген ғалым ғана емес, бүткіл түркі халықтарының жазуын бір ретке түсіруге еңбек сіңіріп жүрген ғалым ретінде де білеміз. Соңғы жылдары түркі тілдес халықтар ортақ тіл, ортақ жазуға көшу керек деген пікір шығып жүр. Жалпы, ортақ тіл дегенге қалай қарайсыз?

– Тіл деген – өте нәзік нәрсе. Сондықтан да әр ұлттың өз ана тілінде сөйлегені дұрыс. Өз басым ортақ тіл дегенге қарсымын. Бір кездерде өзбектер ескі шағатай тілін, түріктер Еуразияның ортасында өмір сүріп жатқан 65 миллион халық болғандықтан ағалық роль атқарғысы келіп, түрік тілін ортақ тіл етуге әрекеттеніп көріп еді, бұдан нәтиже шыққан жоқ. Негізінен түрік тілінің өзі де бұзылған тіл. Онан да әр ұлттың өз тілінде қала бергені тура. Себебі – онсыз да түркі халықтары бір-бірімізді аудармашысыз түсіне береміз. Түркі тілдес халықтардың ортақ тілге көшуі үшін тарихымызды он-он бес ғасырға кері шегіндіруіміз керек. Сонда ғана ортақ тіл жасау мүмкін. Қазақстанда өмір сүріп жатқан халықтар осы елдің мемлекеттік тілін білуімен қатар өз ана тілінде де емін-еркін сөйлеуі керек.

Ортақ тіл жасау мүмкін емес. Ал ортақ латын жазуына көшуіміз мүмкін. Себебі бұл жазу – бүгінгі дүниедегі дамып келе жатқан мемлекеттердің бәрінің қолданып келе жатқан жазуы.

– Әбдуәли аға, тарих бетінен жоғалып кеткен халықтар мен ұлттарды білеміз. Жақсы күндердің жаманы туып, ұйғырлар бір кезде ұлт ретінде жоғалып кете ме деп қорқам.

– Жоқ, олай болуымүмкін емес. Себебі – ділі, тілі, жазуы, діні бар халық ешқашан жоғалмайды. Ұлт дегеніміз өзіне тән тіршілігі бар этнос ретінде көптеген компоненттерден тұрады. Рас, кейбір этностардың екінші бір этносқа сіңісіп кету жағдайлары болады. Көп жағдайларда бұл сол халықтың өзіне байланысты. Бізде кеңес өкіметі кезінде бәрімізді біртүлді халық еткісі келгендер болған. Қазір де бар. Бірақ қалайда көпшілік ұлттар сақталып қалды ғой. Оның үстіне ұйғыр халқындай тілі, өнер тарихы бай халықтың жойылуы мүмкін емес.

– Иншалла, Әбдуәли аға, айтқаныңыз келсін.

– Өткен ғасырда, Шоқан Уәлихановтың жазуы бойынша, 142 мың ұйғыр Шығыс Түркістаннан Ферғана өңіріне көшіп келген деседі. Қазір сол ұйғырлар қайда?

– *Олар басқа түркі халықтарына араласып кетті ғой. Қазір Ферғана өңірін аралап, көп адамнан сұрасаңыз, біздің арғы тегіміз ұйғырлар деседі.*

– Кейде этникалық жағынан туыс халықтардың үлкені кішісін өз ішіне сіңіріп кететін жағдайлар болып тұрады. Марқұм Қожахмет Сәдуақасов екеуміз бір жылдары Ферғана өңіріне командировкаға барғанымызда оның соншама ұйғырдың өзбекке сіңіп кеткенін көріп, сол жердегі халықтың «Біздің де ата тегіміз Қашқардан шыққан ұйғырлар» дегенін естіп жүрегі сыздап, ашынып айтқан сөздері әлі есімде. Бір ұлттың екінші бір ұлтқа қосылып кетуіне кейбір психологиялық факторлар да себеп болады. Жоғарыда айтқанымыздай, әрбір ұлт мүшесі өз тілінің жоғалып кетпеуіне атсалысып, күресуі керек.

– *Аз санды ұлт өкілдерінің көңілі нәзік, өкпешіл келеді. Олар үнемі бақ пен тақ бөліске түскен кезде өздерін біреулер шеттетіп тастағандай көреді. Оның үстіне өз ойын ашық айтып, жүзеге асыруға да мүмкіндіктері аз.*

– Бұл сөзіннің жаны бар. Басынан көп қиыншылық өткен халықпен қоян-қолтық араласып, өмір сүргендіктен бе, олардың тағдырына немқұрайлы қарай алмаймын. Олардың қуанышы – менің қуанышым, олардың қайғысы – менің қайғым.

Негізінен ұйғырлар шашылмай, той-томалақ, өлім-жітім, нәзірлерінде қауымдасып жүретін, аузында иманы бар бауырмал халық. Еңбекқор. Олардың адамгершілігі, мәдениеті, өнері туралы көп сөз айтуға болады. Бірақ кейінгі кездерде ұйғырдың зиялы қауымы арасындағы сол бірлік жоғалып бара ма, не заманның сұрқы өзгергеннен кейін адамның құлқы өзгере ме, әйтеуір олардың бұрынғы ауызбіршілігі байқалмайды. Әрине мұндай олқылықтар барлық халықта бар, бірақ аз санды халықтың ынтымақта өмір сүргені жақсы ғой.

Ұйғырлар жеке бастарының шаруасына пысық болғанмен, жалпы халықтық мәселелерді шешуге келгенде олақтау. Сонымен қатар ұйғыр халқының тарихын, мәдениетін, тілін, әдебиетін дамытуға тер төгіп, еңбек ететін жастар азайып барады.

– *Қазір ұлттар балталасаң да бөлінбестей боп бір-бірімен біте қайнасып кетті. Жастар бір-біріне үйленіп, қан араласу жүріп жатыр. Бірақ өз басым ұйғыр қыздарын басқа ұлттың жігіттеріне қиғым жоқ. Мен ғана емес, қазақтың жігіттері де солай ойлайтын болуы керек. Қайсы ата мен ана әлпештеп өсірген қызының басқа ұлттың жігітіне тұрмысқа шыққанын аңсайды дейсің. Қыз бала деген әр ұлттың намысы, ар-ожданы емес пе?! Бірақ өмір өз дегенін істеуде. Сондықтан*

балалардың маңдайына жазғаны сол болса, оларға ақ жол тілеуіміз керек шығар. Мұндай қыз алысып, қыз берісу қазақтар мен ұйғырлардың арасында баяғыдан келе жатқан дәстүр емес пе? Сіз осы мәселеге қалай қарайсыз?

– Әркімнің өз ұлтының қызын алып, жігітіне шыққанына не жетсін. Өз басым қыз беріп, қыз алысқанды ұлттар арасындағы достықтың ерекше бір белгісі деп бағалаймын. Бұл түбінде аз ұлттардың жоғалып кетуіне, тілдің бұзылуына алып келетін себептердің бірі болып есептелінеді. Ана – қашанда ана. Баланың тілі ананың тілімен шығады. Ана қайсы ұлттан болса, баланың тілі сол ұлтқа тартады. Хундар өз кезінде қытайларға шабуыл жасағанда қытайлар оларды жеңе алмай, ақырында қыздарын хундарға беріп, мемлекетін сақтап қалған. Бірақ кейіннен қытайдың қыздарына үйленгендердің бәрі қытай болып кеткен еді. Әрине, мұндай мысалдарды тарихтан көптеп келтіруге болады.

– *Бір кезде кейбір ғалымдар қазіргі ұйғырлар бұрынғы көне ұйғырлардың ұрпағы емес деген тезистерін айтып, жазып жүрді. Бұл мәселе жөнінде Сіз секілді зиялы ағаларымыз қазылық жасап, сөздің тоқ етерін айтса дұрыс болар еді.*

– Шынында, кезінде кейбір ғалымдар осылай десіп жүрді. Мен оларға қарсы мақала жазып, тойтарыс берген едім. Қазіргі ұйғыр тілінің көне ұйғыр тілінің заңды жалғасы екендігін дәлелдегем. Шыңжаңда болғанымда ұйғыр халқының атақты ғалымы Ибрахим Мутхи бұл жайында: «Кейбіреулер баспасөзде ойына келгенді жазып жүр. Ал Қайдаров қазіргі ұйғыр тілінің көне ұйғыр тілінің жалғасы екендігі туралы дәлелдеп, келелі пікір айтты» деп, маған ризашылығын білдіріп еді. Ол кісі менің «Қазіргі заманғы ұйғыр тілі» деген екі томдық кітабымды ол жақтағы ұйғырлардың үлкен қуанышпен қарсы алғанын айтып, оның Шыңжаң баспасынан жарық көруіне ықпал жасаған еді. Бұл, шынын айтсам, менің ұйғыр ұлтына жиырма жылдан астам уақыт қызмет еткенімде осы халықтың өкілдерінен екінші рет естіген алғысым еді. Алғашқы рет үлкен рахметін ұйғыр халқының атақты жазушысы, марқұм Қадыр Хасанов айтқан.

– *Менің білетінім, ұйғырлар Сіздің еңбектеріңізді өте жоғары бағалайды. Бірақ солардың көпшілігі Сіздің ұлтыңыздың қазақ екенін білмейді-ау деп ойлаймын. Соңғы жылдары Сізді ұйғырлардың той-томалақ, ойын-сауық, жиындарынан сирек көремін. Біз өзіңіз сияқты екі ұлт азаматтарының басын қосып, жол көрсетіп отыратын Сіздей ағаларға зәру болып жүрміз ғой.*

– Шынын айтсам, бірге өскен жақын жора-жолдастарым азайып барады. Оның үстіне кейінгі жылдары қоғамдық жұмыстар көбейіп, қолым тимей кетті. Болмаса сендерді сағынбайды ғой деймісің. Сағынам, аңсаймын. Мынау заман да өзгеріп барады ғой...

– Рас айтасыз, заман өзгеріп барады. Бірақ бұл дүниеде бізді пенде бөлсе де, Құдай бөлмесін.

– Иншалла, айтқаның келсін.

Т.Тохтамов.

«Парасат». №12. Желтоқсан. 2000.

Әбдуәли Қайғар, түркітанушы-этимолог, акадмик: Тілдің тарихқа қосқан үлесі мойындалған жоқ

Жапанғағы жапон да жатың емес пе...

– Түркітану ілімінің білгірлеріне бүгінгі заманның ыңғайы оңынан туып тұр. Астана Арқаға ауысқалы әлем түркітанушылары елордада бірнеше рет бас қосты. Бір бәйтеректің бұтағы саналатын түбі бір туысқан тілдерді қырық құраққа бөлшектеп тастаған кешегі кеңес кезіндегі қазақ түркітану саласының қарымы мен бүгінгі ғылыми айналымдағы орны туралы аз-кем әңгімелеп берсеңіз қайтеді?

– Ғылымды шын мұрат еткенге мүмкіндік мол, ал сылтау іздегенге, қай заманда да кедергі де, тосқауыл да көп. Түркітану – өте ауқымды сала. Төрт бұрышын түгел білу мүмкін емес. Бірақ, білмекке ұмтылу – парыз. Ғылымның серті – даму. Бұл – тіл ілімі, қарым-қатынас ілімі. Сондықтан, мұраттас жандардың жүз көрісіп, ауызба-ауыз тіл қатысып, дидаласып, тіпті болмаса, хат жазысып, аралас-құраласқаны абзал. Мен осы қасиетті кәдеме асырып, әлі күнге дейін білгенімді байытумен келемін. Өз басым өмір бойы Абайдың «Болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеңіз» деген тәлімін ұстанып жүрмін. Кеңес тұсында ғалымдар өзара қарым-қатынасып тұрушы еді, одақпен бірге ол да ыдырады. Соның себебінен қалыптасқан іргелі түркология саласы сол жылдарғы арнаға түсе алар емес. Бүгінгі өлшеммен қарағанда, түркітану саласы жаңғыра бастағандай болғанымен, түркі тілдері мәселесі бұрынғы Түркітану орталықтарындағыдай жоғары дәрежеде талдана қойған жоқ. Рас, шетелдік мамандар, жас ғалымдар бір-бірімен танысып-білісіп, пікір алыса бастады. «Қазақтар – түркі жұртының түпқазығы, түркі әлемінің кіндігі» деп жүрміз ғой. Айтқан екенбіз, енді соны малданбай, істі нақты қолға алуымыз керек. Алдымыздағы ізашар буынның тәліміне қарайық. Ғылыми дәрежені ғана мансұқ еткен кейбір жас ішкі-сыртқы ірі түркітанушылардың ешбірімен тілдеспей-ақ, олардың бағасын, батасын алмай тұрып, «мен түркологпын» деп өзін-өзі танытудан абай болғаны асыл. Өйткені, шын ғалым, шынайы ізденушінің бір қасиеті – әуелі өз саласының оқымыстыларын, тұлғаларын білуге құштарлығы.

Мен 1951 жылдан бері түркітануға еңбегі сіңген жалпы саны жүзден астам тілші-ғалымдармен араласып, сұхбаттасып, қамқорлығын көрдім, үлгі-өнегесін алдым. Ғылымда үлкен-кіші деген жоқ. Үлкеннен – тәлім,

ал кішіден сабақ аласың, «ақыл – жастан», ол сенің заманыңда ашылмаған жаңалықты біледі. Кезінде одақтас қырғыз, өзбек, түркімен, әзербайжан, татар, қарашай-балқар, чуваш, саха сияқты елдің ғалымдарымен бір үйдің баласындай, бір Академияның ғалымындай етене араластық. Америкалық профессорлар, орысша, түрікше жақсы сөйлейтін Карл Менгеспен және Ильза Цитаугас Лауда, дүние жүзі түркологиясына аты әйгілі ағылшын ғалымы Джерер Клаусов, әлем түркологиясына «Мария апай» деген атпен танымал немістің Анна Мария фон Габен және менің «Современное развитие уйгурского языка» деген кітабыма рецензия жариялаған ірі неміс түркітанушысы профессор Гергард Дефермен конференцияларда ұдайы кездесіп, бір-бірімізбен ғылыми еңбек алмасып, пікірлесіп тұрдық.

Орта ғасырлық қыпшақ жазба ескерткіштерінің тілін зерттеуші поляк Эдуард Тырыярский, қыпшақ тобы тілдерін, оның ішінде Болгариядағы татар диалектісін һәм қазақ тілін зерттеуші болгар ғалымы Эмиль Боев бар. Париж Шығыс тілдері және өркениет институтының түркітанушысы, қазақ тілінің ұстазы Реми Дор 1994 жылы қазақ ғалымдарын Парижге шақырды. Қазақ тілінің алғашқы грамматикасын жазған ғалым Луй Базеннің де ұлты – француз. Құба қыпшақтар Иштван Қоңырмен, Иोजеф Тормамен бір атаның баласындай едік. Түрік Суат Илһан, Хасан Ерен және Осман Серткая Фикри, сондай-ақ қытай Ян Фа Жень, жапон Тору хайаши деген түркі тілінің саңлақтары қатарында өз ұстазым Санкт-петерборлық Сергей Малов, Андрей Кононов, Александр Щербак және мәскеулік Николай Баскаков сынды ғалымдармен пікірлес едік.

Н.Баскаковтың ұсыныс-жолдамасымен Тамара Боргоякова деген шәкіртім «Хакас тіліндегі фразеологиялық бірліктердің құрылымдық-семантикалық ерекшеліктері» деген кандидаттық диссертация қорғады. Бұл мысалдар мақтангершілік емес, бұл – қазақ түркітану саласының ауқымын, әлеуетін танытатын мысалдардың бір парасы, бөлшегі, сынығы.

– Дегенмен, сол кезгі саясаттың салқыны ма, әлде қазақ тілін шектеу үшін бе, кеңес тұсында қазақ-жапон тілдерінің туыстығын зерттеп жүрген литвалық азаматқа кедергі келтіріп баққанынан хабардармыз...

– Ол – Эрколи Әзербәев деген өз қандасымыз. Шын аты – Еркеғали. Әкесінің қызмет бабымен Балтық жағалауы елдеріне тұрақтапты. Литвада мектеп бітірген. Мәскеуде тұрады. Радиотехника маманы. Қазақ, литва, латыш, ағылшын, неміс, жапон, орыс және өзге тілдерді мейлінше еркін меңгерген. Кәсібін жетілдіру үшін өз бетінше жапон тілін үйреніпті. 1960 жылдары мен Тіл білімі институтының директоры Ісмет Кеңесбаевтың орынбасары едім, «Бұл не деген ғажап! Жапон тілін үйреніп жүріп, қазақ тілімен ұқсастығын білдім. Неге олай?» деп келді. «Ойбай, Алтай теориясы деген концептуалды ғылыми теория бойынша

Алтайдан шыққан халықтар о баста бір тілде сөйлеген. Шығу тегі бір ме, ол жағы әлі талас-тартыс. Бірақ тұңғыс-мәнжүр, корей, жапон, түркі тілдері бәрі туысқан. Түркі тілі бәріне ортақ болған» деймін. Бұл «Алтай жобасына» қатысты көптен зерттеліп, бірақ, шешуін таба алмай, жапон тілі мен түркі тілдерін қатар білетін зерттеушісін күтіп жатқан күрделі тақырып еді. Нар тәуекелге басып, Эрколиге қазақ және жапон тілдерінің төркіндестігі туралы «Вопросы японско-тюркских языковых связей (сравнительное-фонетико-лексическое исследование с использованием ЭВМ и приложением данных монгольских, тунгусо-маньчжурских и корейских языков)» деп тақырып бердім. Диссертациясын бітіріп, Алматыға келді. Ғалымдар қызу қолдап, қорғауға ұсындық. Бірақ, амал не, «... тілшілер басқа жұмысы қалмағандай, қазақ-жапон тілдерінің туыстығын зерттеуге көшті» деген айыпқа іліктік. Солайша, азаматтың талабын қайтардық. Бірақ, тауы шағылған Эрколи жоқ, төрт жылдан соң Мәскеуде КСРО Тіл білімі институтының кеңсесінде оның төрағасы, академик Б.Серебрянниковпен табандатқан төрт сағат айтысып, барлық сауалына іркілмей жауап беріп, бет қаратпай қорғап шықты! Ойпырмай, сонда жадының мықтылығына таңғалдым. Маркс, Энгельстің цитаттарын жатқа айтты. Сөйтіп, түркі тілдері ескерткіштерін компьютерге түсіріп, электронды есептеу машинасының көмегімен жапон тілі мен түркі тілдерінің арасында 40 процент ортақ түбірі бар деген теорияны бекітті. «Жапон тілі мен қазақ тіліндегі түркі тілдерінің ортақ түбірлерін» ашқан жігіт одан әрі тереңдете зерттеу үшін өз мамандығын тастап, Алматыға қоныс аударғысы келген. Бірақ, оны белгілі-белгісіз күштер Қазақ КСР-іне жолатпауға барын салды. Жанып тұрған жігіт ендігі түркі-жапон тарихи мәселелері хақында қаншама жаңалық ашар еді. Әлі күнге дейін араласып тұрамыз. Алматыда әкесінің туыстары бар. Былтыр ғана інісінің қолында тұратын анасының мерейтойына келіп кетті. Жапон-қазақ қарым-қатынасына ден қойған кәнігі мамандар көбейді ғой, дидарласып, тіл табысса, екі ел арасындағы тарих та тірілер еді. Қазақ түркітану саласының қарымы мен бүгінгі ғылыми айналымдағы орны дегеніміз – осы! «Нұрлы көштің» басы-қасындағылардың құлағына «алтын сырға», жағдай туғызса, Эрколи атамекеніне келіп, ғылымға үлес қосуға әлі де ниетті.

Қазақ тілі мен корей тілінің туыстық қатынасын зерттеуге құлшынып жүргендер де бар. Оңтүстік корейлық Чу Мин Хо «ку» өзінің атын – Абай, келіншегінің есімін Әйгерім деп қойып алыпты. Қазақшасы төгіліп тұр. «Әй, біздің қазақта екеуінің бірін болмаса, бірін қояды. Дәл сен сияқты қос бірдей үлкенімізді баттитып атау деген жоқ» десем, «Ой, енді, қазақтың жақсыларының атын аузымызға алып жүрейік десек, соны да қимайсыздар ма?» дейді, анаң қара...

Тіл мен тарихтың кінгізі бір

– Сеулдегі Ханкук Шет тілдер университетіндегі Ең Хук Сон деген профессордың негізгі мамандығы – тарихшы, этнограф. Өзі «Елтану» пәнін жүргізеді. Ғылыми еңбегін қорғау үшін қазақ тілін ғылыми негізде үйренуге ден қойып, ақыры, корей тілінде «Қазақ тілінің грамматикасы» оқулығын жазып шыққан. Жә, мұндай мысал көп... Менің сұрайын дегенім, Ұлттық ғылым академиясында тарихшылар мен тілшілердің арақатынасы бұрын қандай еді, бүгін қандай?

– Кореялық профессор ғана емес, өзіміз де тарихымызды тіл арқылы үйренеміз. Тіл – қарым-қатынас құралы дейміз, анау дейміз, мынау дейміз. Ақиқатында, тілдің атқаратын қызметі – тарихты түсіну. Ал біз, не тіл мамандары, не тарихшылар тілдің тарихқа қосқан үлесін таныта алмай, бағасын бере алмай келеміз. Өйткені күні бүгінге дейін тілшілер мен тарихшылардың өзара қарым-қатынасы болған жоқ. Ұлттың қос босағасы сынды негізгі екі бірдей ұстанымды екі жаққа қарап зерттеуден арыла алмай отырмыз. Тарихшылар мен тілшілер екі бөлек еңбектенді. Шын мәнінде екеуінің қызметі бір. Әлі күнге дейін тілшілер тарихшыларды, тарихшылар тілшілерді түсінбейді. Түркі елдерінің, тіпті өзіміздің төл тарихымыздың бастауы тіл ғылымының түркітану саласы екенін мойындай қойған жоқ.

– Неге?! ХХ жылдары қазақ қайраткерлерінің қай-қайсысы, мәселен, дәрігер Халел, теміржолшы Мұхамеджан, орман шаруашылығының маманы Әлихан сынды тұлғалар өздерінің тікелей кәсібі болмаса да, тіл мен тарих туралы қаншама зерттеу жазды! Өзіңіз – Ғылым академиясының академигісіз, өзіңіз туысқан екі институт екі бөлек қызмет етеді дейсіз? Жер жүзі жаһандануға жұтылып кетпейік деп жанталасып жатса...

– Біздің тарихымызда этникалық тарих деген ұғым бар. Этникалық халықтың шығу тарихы – этностың пайда болу тарихы. Бұл – Қазақстанда бұрын көбінің есіне келмеген мәселе. Ілгері-кейінді қазақ ғұламаларының ішінде этникалық тарихқа мән берген, әр деңгейде, әртүрлі сипатта айтқан Абай, Шәкәрім, Мағжан еді. Мағжанның «Күннен туған, ғұннан туған ұрпақпын» дегені – жай әншейін әдеби әсірелеу емес, зерттеудің нәтижесі! Бірақ, соны жалғастырып әкетуге кеңестің саяси ұстанымы тілді де, қолды да байлады. Эрколидің зерттеуіне жол бермегені – тілді «тырнаса», ар жағынан жылтырап тарих көрінетінін білді.

– Ал Мұхамеджан Тынышбаев, Халел Досмұхамедов, Әлихан Бөкейхановтар тіл мен тарихты жазса, олар шежіренің мәнін жетік білген. Шежіренің өн бойында тарихтың тұнып тұрғанын өздері де танып, өзге де танытпақ еді. Ал біз көзіне қамшы көп тиген ат сияқты қорғалақтап, шежірені маңайлай алмадық. Қазақ тарихының көмбесі шежіреде. Шежірешілдік, шежірекұмарлық – халқымыздың бойына сіңген ежелгі

әдеті. Кезінде «қырық рудан» құралып, біртұтас халық болып қалыптасқан қазақтардың о бастағы ауызша да, жазбаша да кең тараған бірден-бір өзіндік тарихы – шежіре болған. Елдің елдігі де, ру, тайпалардың мемлекет жүйесіне үйлесімі, қауымдаса өмір сүруі де оның генеалогиялық саяси-әлеуметтік, табиғи-географиялық негіздерінің қалыптасуы, сайып келгенде, шежірелік танымға байланысты. Сондықтан әр қазақ қолынан келсе, әл-ауқаты көтерсе, ең болмаса, өзінің ру-тайпасының не ата-бабаларының шежіресін сауатты адамдарға жаздыртып, қағазға хатта-тып, сандық түбіне салып, орап, қаттап, қасиетті де қастерлі мұра ретінде атадан балаға қалдырған. Перзенті жеті жасқа келгенде ата-бабасының атын жаттатқызып, «жеті атасын білген ұл жеті жұрттың қамын жер» деп, қанаттандырып отырған. Міне, қазақ тарихының бір қайнары қайда десең! Шежіреден ал да, тарихынды тарқата бер! Қазақ қариясының білгірлігі мен біліктілігінің бір сыны оның шежірешілдігінде. Жаһандану жаһаннам емес, әлі уақыт бар, тарихшылар мен тілшілер қазақ туралы, қазақ тарихы туралы екшеп, саралап, талдап, зерттеуді асықпай жетілдіре берейік.

«Бөрі басы – ұраным. Бөрімі менің баурағым!»

– Жалпы, билікте мемлекеттік саясаттың белгілі бір қырын айқындау үшін ғалымдардың пікіріне, ұсынысына сүйенеді. Сіз жариялаған «Қазақ қандай халық?» деген кітаптың нақ осы мақсат үшін нендей пайдасы бар?

– Бұл кітап – Үкіметтің тапсырмасы бойынша арнайы жазылған еңбек. Қазақстанның үздіксіз дамуына қазақ халқының ұлттық идеологиясының әсері қандай? Қазақ халқының, түркі тілдес елдердің, басқа елдің алдына шығуының сыры неде? Анау бір америкалық түсірген киносымақ көпті шамдандырды. Бір құйтырқы шамырқандырды екен деп, сан ғасырлық тарихымызға шаң түсе қалмайды. «Ит үреді, керуен көшеді». Сондықтан, қазақ деген халық қандай еді деп, ойдан-қырдан, басылым беттерінен, ел аузынан, бұрынғы-соңғының лебізінен жинап, теріп, ұзын-ырғасы «қазақ» деген сөздің 150-ге жуық этимологиясын кітапқа бастырдық. Әлі теріп, сүзіп жатқан жайымыз бар. Ондағы мақсатымыз – қазақтың бойындағы жақсы қасиет не, соны анықтау, «қазаққа» ғылыми анықтамасын беру.

– Сонымен, «қазақ» дегеннің анықтамасы қандай болды, сіздіңше?

– Кітапты оқып шыққан соң қазақтың кім екенінен адасып қаласыз. Сан-килы пікірдің бәрін жинақтасаң, әзір тиянақты ешнәрсе жоқ сияқты. Тоқтап пікір айтылмағандай. Сондықтан әлі іздену, зерттеу керек.

«Сабырсыз, арсыз, еріншек, көрсеқызар, жалмауыз, Сорлы қазақ сол үшін Алтыбақан алауыз» дейді Абай. Парақтап отырсаң, Ахметтің «қазақ – надан» деген сөзі бар. Мына бетте Шәкәрім «қазақ – ез халық» дей-

ді. Ал қолыңнан келсе, шауып ал!.. Бұлар, әрине, қайрау үшін, қазақтың жер бетіндегі өзге елдер сияқты еңселі ел болса дегеннен туған сөздер. Надан дегенде, ел ішіндегі санасыздарды көріп, өзгелер сабақ алсын деп айтқан. Әрбір пікірдің тұсына жеке-жеке түсіндірмесін қоса беріп отырдым.

Жұбанның «Мен – қазақтың мың өліп, мың тірілген» деген сөздеріне ғылыми талдау жасалғанын, зерттеуді естідің бе? көрдің бе? Ешбір бояу-қоспасы жоқ, кез келген қазақтың көкейіндегі қоздап жатқан шоқты тыз еткізіп, дөп басатын дәл айтылған сөз. Ал бірақ, осыны әлі күнге дейін зерттеген бірде-бір ғалым, ізденуші жоқ! Неге мың өліп, мың тірілдік?!

...Тұқымы құрып кете жаздаған түркі әулеті Көк бөриден қайта түлеп, Көк бөриден өсіп-өнген түркілер Алтай аңғарынан шығып айбынды түрік мемлекетіне айналды! «Бөрілі байрақ астында бөгеліп көрмеген қазақтың» біртуары Тұрар Рысқұловтың «Қазақ – бірнеше рет күлден жаралған халық» деген сөзіне «бұл пікір қазақтың мың өліп, мың тірілген халық екенін, ауыр тағдырға мойымай, басына түскен неше түрлі нәубеттен аман қалғандығын астарлап жеткізеді. «Күлден жаралу» деген сөздің мәні – алапат өрт шалған шөп-қурайлармен бірге жайқалып өсіп тұрған қалың қамыс пен құрақтың қоса өртеніп, күлге айналса да, сол өрттің орнына бүршік жарып, қайта өсіп шығатыны тәрізді, халықтың өміршендігін аңғартып тұр» деген түсіндірме жаздық.

«Қазақ – біреуге бағынуға қырсыз халық» дейді Әбіш Кекілбаев. Жазушының пікірі бойынша, «қазақ бағынса, тек күнде көзіңе көрініп, «өйт», «бүйт» деп мазанды ала бермейтін Хақ тағалаға ғана бағынғысы келеді. Егер құлақ асса, тек өзі шіреніп алдында тұрмаған, айтарының бәрін түсініксіз тілде сарыала қағазға жазып кеткен, онысын қалай ұғып, қалай орындау өз еркіндегі Пайғамбарының айтқандарына ғана құлақ асқысы келеді. Ал бір жерді жайлап, бір кәсіппен шұғылданып, бір тілде сөйлейтін дәл өзіндей екі аяқты пендеге бағынуға да, құлақ асуға да құлқы жоқ». Міне қазақтың бойындағы ерекшеліктерге осындай сан-қилы пікірлерді, тиісті түсіндірмені де қоса бердік. «Қазақ – батыр халық» дегенді жай жылтыр сөз екен деп ұғуға болмайды! Себебі қазақ даласындай батыры көп ел жоқ. Бір басында жарты мыңнан астам Батыры бар ел қайда бар? Дала демократиясының шыңы – қазақ тұрмысындағы билер мен шешендер қазаққа ғана бар! Бұл кітапта және орыс тілінде де пікірлер бар.

– *Гер-ағаңның «Қазақ – тозақтың төрінде отырса да, «е, Құдай, бұған да тәуба!» дейтін халық» дегенін оқығаным бар. Бір құрдасым маған «ти десем, тимейді, тиме десем, тиеді. Ол кім?» деп жұмбақ жасырды. «Ерін» деген жауабыма «Тапқан екенсің! Ол – қазақ!» дегені...*

– Бельгердің пайымына бақсақ, қазақ – тәубешіл, қанағатшыл, қиындыққа, сынаққа барынша төзімді халық. Жұмбақтың жайына қарағанда,

иі жұмсақ қазақты (қай жағдайда да) икемге оңай көндірем деген жұрт дәл осылайша дағдармақ!

– *Ал өзіңіз не деп ой түйесіз?*

– Мен өз пікірімді барлық сөздің соңын ала айтқым келген.

... «Қазақ қандай халық?» деген кітаптың сауалына «Қазақ – рәмізді халық» деген жауапты алға тартар едім. Өйткені қазақ рухани өмірі мен тіршілік болмысында небір асыл ойлары мен құндылықтарын ақтарып айтудан гөрі, астарлап, тұспалдап, бейнелеп, айшықты сөз өрнегімен нышандап жеткізуге құштар. Демек, небір асыл құндылықты сөзбен ғана емес, нышанды үлгі-өрнектермен, символдық шартты бейнелер арқылы жеткізуге болатын ұлттық феноменнің бірі – рәміздер.

Алтай тобына жататын түркі, моңғол, т.б. көшпелі қауымдардың, оның ішінде, қазақтардың тым ерте замандардан бастап қалыптасқан көне рәміздердің бәрі болмаса да, кейбіреулері күні бүгінге дейін көне құндылықтарға жатады.

Қазақы рәміздерді «көне рәміздер» және «жаңа мемлекеттік рәміздер» деп бөлуге болады. Көне қазақы рәміздерге, мысалы, қазақтың бұрынғы салтында малға салынатын ең-танбаларды және солардан туындаған ру-тайпалардың таңбаларын қастерлеп, пір тұтатын аң-құстарын, киелі санайтын ағаш атауларын, сондай-ақ күдіретті күшіне сенетін ұранын, ту-байрағын, мөрін, т.б. символикалық белгілерін жатқызуға болса, мемлекеттік рәміздерге оның Елтаңбасын, Елұранын, Туы мен мөрін, т.б. нышандарын айтамыз.

– *Рәміздер ғана емес, айтар ойдың өзін тұспалдауға шебер қазақтың тұрмысы, сөз мәдениеті туралы Адольф Янушкевич, Василий Радлов бастаған италия, неміс, орыс және өзге ғалымдардың жазғаны – бер жағы. Ал кезінде оқымыстылар танып-бағалаған қазақтың інжу-маржан сөздерін бүгінгі, әсіресе, орыс тілді ұрпаққа қалай түсіндіріп, көздерін жеткізе аламыз? Тілші ғалымдардың не ойы бар?*

– 2003 жылы шыққан «Бір мың әсерлі де бейнелі оралым» деп аталатын, яғни «Тысяча метких и образных выражений» деп аталатын кітап жаздым. Мұнда қазақ тіліндегі фразеологиялық сөз тіркестерінің орыс тіліндегі мағынасы басылған. Айрықша атап өтер бір мәселе – мұнда әрбір мақал-мәтел, тұрақты нақыл сөздер жолма-жол аудармамен емес, орыс тіліндегі мәндес фразеологиялық тіркестер арқылы берілді. Мәселен, «Ақ түйенің қарны жарылды» – «*Пир на весь мир*», «Асарын асап, жасарын жасаған» – «*Проживший свой век*», «Бетегеден биік, жусаннан аласа» – «*Тише воды, ниже травы*», «Жастығын ала жығылу» – «*Дать сдачу*», «Ит арқасы қиянда» – «*У черта на куличках*» яки «*На краю света*» немесе «*Куда ворон костей не заносит*», «Кұйысқанға қыстырылу» – «*Совать свой нос куда не следует*» секілді қазақ және орыс тілдерінде ұлттық болмыс пен түсінікке сай 500 қазақ және 500

орыс тіліндегі бейнелі тіркес түзілген. Мұнда қазақ тілінде берілген тұрақты тіркестерді орыс тілінде жатық түсіндіруге тырыстық. Орыс тілді балаларға, замандастарымызға және қазақ тілінің інжу-маржандарын тұрақты тіркестері мен бейнелі сөздерін үйреніп-білемін деген талапкерге қолмен қойғандай, «тайға танба басқандай» жаздық. Қасқалдақтың қанындай, бар-жоғы 1000 дана болып шыққан бұл кітаптың құны «құстың сүтімен» тең болып тұр. Үкімет мүшелері, кәсіпкерлер мен билік басындағылар және қазақ тілін үйренгісі келетін шетелдіктер аттай қалап сұратып жатыр. Бәріне жетпейді, тым аз. Енді тілші ғалымдардың бірі ағылшын тіліне аудармақшы. Қазақ баласы қажетіне жаратса, «инемен құдық қазғандай» осы еңбектерімнен қазақты танығым келеді деген өзгелер де өзіне керектісін алады деген үмітіміз бар.

«Астана Ақшамы». №1(2322). 6 қаңтар. 2008.
(Сұхбаттасқан Р.Төленқызы)

Академик Әбдуәли Қайдар: Ғылым жасарсын, бірақ қабілетсіз запымқармен емес!

Академик Әбдуәли аға Қайдарды білмейтін қазақ жоқ десе де болады. Ғалым, тілші, қоғам қайраткері, ұлт жанашыры. Осыдан 20 жыл бұрын «Қазақ тілі Мемлекеттік тіл болсын!» деген тәуелсіз елдің тұғырын бекітетін осы ұранмен мылтықсыз майданда «Қазақ тілі» қоғамын құрушылардың бірі ретінде бас ноктасын ұстады. «Қазақ тілінің мәні де, сәні де тек қазақ топырағында ғана бағаланбақшы», – деген сөзі уақыт өткен сайын бедерленіп, күн тәртібіндегі талас-тартыстың тұғырынан әлі түскен жоқ.

Бүгін 85 жасқа келген академик әдемі қарттықты енді ғана ауыздықтаған сыңайлы. Академиктің әр мерейтой жылдарында өнегелі өмірі мен ғылымдағы ғибраты туралы замандастарынан бастап, шәкірттеріне дейін қаншама ғұмырнамалық беттер жазылды. Бар қазақ біледі деуіміз де рас. Майданға барды, омырауын жауынгерлік наградаларға толтырып, амансау оралды. Өзі айтады: «80 шамалы шәкірт (кандидаттар мен докторларды тәрбиелеп, қатарға қостық), 50-ден астам жеке кітап (монография, оқулық, жинақ, сөздік, кітапша т.б.) (450-дей), ірілі-кішілі мақала жазыппыз». Өз елі мен шетелден алған орден, медаль, марапаттаулары қаншама. Алдыңғы бір әңгімелерінде таза ғылымның ауылына түсіп алатын, жоқ, бүгін олай емес, өмір туралы сұхбат құрып, өзі туралы жайбарақат сыр шерткісі келген екен.

– Сіз анықтап үлгере алмай жүрген осы бір жағзы қамтылмады-ау деген, «күйіп» бара жатқан, зерттелмей қалған дүниелер жетерлік шығар... Шапқылап келе жатқан «тай», анықтап айтсақ, кейінгі толқын шәкірттеріңіз алып кете алар ма екен?

– Ғылымдағы ісімді жалғастыратын шәкірттерім баршылық. Оларды ең тағып, белгілеп қоймасам да, «осыдан бірдене шығады» деп ойлайтындарым бар. Біз шұғылданып жүрген филология ғылымы – өте кең, өрісі мол сала. Филология – бір жағы әдебиеттен, екінші жағы тарихпен жалғасып жататын ғылым саласы. Оның ішкі тарам, тармақ-тармақтары көп.

– *Академик атағының салмағын сезініп, кейінгі өміріңізге бір қарасаңыз, алдымен көзге шалынатыны не?*

– Осы тіл білімі ғылымның біраз саласымен шұғылдануға тура келді. Бұйрық филология-тарих бөліміне әкелді. Бұл күнде мен Ә.Марғұлан, А.Нүсіпбеков, Ғ.Мүсірепов, С.Зиманов, І.Кеңесбаев, т.б. академиктер дауыс беріп сайлаған академикпін. Ғылымдағы ең биік мәртебе – академик алуым – еңбегімнің еленгені. Өмірдің саналы кезеңдерін бастан кешірдік. Академик атағы мен үшін бұрынғы істеген еңбегімнен гөрі, болашақта істелуге тиісті еңбектерім үшін берілді деп түсіндім. Мен ғылымға келген 1951 жылдан бастап, бүгінге дейін бір орында, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы институтта 59 жылдай үзбей қызмет істеу, ондағы әр алуан ұжыммен бірге бір есіктен кіріп, бір ауамен демалу, бір судан дәм тату – айтуға оңай, бірақ орындау соншалықты оңай емес. Мен соны орындап келемін.

– *Қазір Қазақстанның ғылым әлемі тым жасарып және көбейіп келеді. Докторлық диссертация сіздердің кездеріңізде елуден асып, тіпті алыстан кейін қорғалатын-ды. Бәлкім, кейбір ғылым саласы үшін осылай жақсы да, пайдалы болар, жас кезінде көп жұмыс тындырғаны.*

– Ғылымның жасаруы да заңды сияқты. Бірақ, ғылымның қабілетсіз ғалымдармен тым көбейіп кетуі қажетсіз. Осы жұмыс, басқа елдерді айту қиын, дәл біздің елде өріс алып бара жатыр. Іске жарамсыз мамандармен қатарымыздың толыға беруі күндердің күнінде шарасыздыққа соқтырады. Аты, атағы бар, заты жоқ академиктердің көбейіп кетуі де – шарасыздық.

– *Ұлтыңызға сіңірген еңбегіңізге қарай халқыңыз қастерлеп, сізді «Тіл абызы» дейді. Осыдан жиырма жыл бұрын сіз бастап, «Қазақ тілі мемлекеттік болсын!» – деп, ұлттың рухын көтердіңіздер. Содан бері әлеуметіңіздің істеген жұмыстарына көңіліңіз тола ма?*

– «Абыз» деген теңеуді газеттен оқығанда, өзім ыңғайсызданып қалдым. Рас, ат төбеліндей қазақ зиялыларының жанайқайы жеткіліксіз болып, қалың қауымды көтеруге, халықаралық «Қазақ тілі» қоғамын құрып, бір-ақ мемлекеттік тіл – қазақ тілі болсын деп көтерген елеулі ісімізді ел біледі. Бірақ, «абыздықты» атқару – ұлы міндет. Бұдан 20 жыл бұрын «Қазақ тілі» қоғамын құрғанымда, жас едім. Оның үстіне, мені қолдап, қуаттаушылар да болды.

Ал әлеуметтің істеген ісіне, әрине, қанағаттануға болады. Бірақ, менің, өзімнің түсінігім бойынша, тіл ауруын бірден емдеуге болмай-

ды. Ол қалай қазаққа ұзақ уақыт мысқалдап бойына дарыған болса, бойын сергітуге де сонша уақыт керек. Түбінде ана тіліміздің айбары асқақтайды. Бұл бір замандағы «Қазақстан – халықтар достығының лабораториясы» деп халықтың бойына сіңіріп тастаған әрекетімізді ақтау, енді тек мемлекеттің тілге толық бетбұрысынан кейін ғана іске асады. Сонда ғана қол жеткен «егемендігіміз» толық орнайды деген сөз.

– *Сіздің «сұлу торы аттай болып әдемі жұмыр сүруге тырыстым», – деген сөзіңізді оқып едім. Дәл осы қазіргі заманға жастығыңыз тап келген болса, солай өмір сүруге тырысар ма едіңіз?*

– Майданда болған бақандай бес жылды оңай іс деу қиын. Туыстарымыздан, жолдастарымыздан айырылды. Жаралы болдық, контузия алдық, денесінен басы жұлынып, бір сөздерді айтқанды да көзімізбен көрдік. Қан майданнан аман қайтып, бейбіт өмір кешу дегеннің бағасын біз ғана жақсы білеміз. Мынау қиын, дағдарыс заманмен қарттықтың қатар келгені кейде жас өмірді аңсатады. Кейбір істерімізді қайтадан бастағым келеді...

– *Сіз өзіңіз көңіліңіз толатын зерттеулер туралы айтыңызшы...*

– Біздің жұмысымыз, қазақ тіліндегі атаулардың шынайы шыққан тарихын ғылыми заңдылықтар негізінде қарастыру. Басқа туыстас елдің сөз байлығында сәл ғана дыбыстық ұқсастығы болса болды, «ол сөз содан шыққан» деген қорытындыға келу дұрыс емес. Біздің қазақ тіліндегі сөздеріміздің түп-төркіні моңғол тілінен тараған деген де ойлар айтылады. Білім және ғылым министрі Жансейіт Түймебаев мырзаның қорғаған (қазір бекіген) докторлық диссертациясы осы мәселеге бағышталған. «Моңғол-түрік тілдерінің ортақ лексикалық қорының теориялық аражігі» атты тақырыбын ғылыми тұрғыдан шешіп беруге бағышталған. Бұл – этимология үшін аса маңызды мәселе. Онда екі туыс тіл арасында тарихи байланыс бары анықталады. Мұндай байланыс тілдердің арасында болып тұратыны белгілі.

– *Сіздің суретті жақсы салатыныңызды білеміз. Тіпті, кейбір кітабыңыздың мазмұнын суретпен қоса түсіндіріп, өзіңіз көркемдеген екенсіз. Одан кейін мандолина аспабында ойнап кеткеніңізді де көргенбіз. Бұл өнерлер сексен бесте селдіреп қалған жоқ па? Тағы қандай өнерлеріңіз бар?*

– Ақша табу үшін Алматыдағы фотографиялық студияларынан сұрап алып «винетканың» бәрін мен жасаушы едім.

Сонымен ақша табу әрекеті, 5 курстың емтихандары мен диплом жұмысы – бәрі қабаптасып, училищені 2-курстан тастауға мәжбүрледі. Кезінде менің бұл өнерімді газеттерге де жазды. Ол «хоббиден» күрделірек нәрсе еді. Осы күнге дейін бұл өнерімді ұмытқам жоқ. Жан дүнием әсерлі өлеңді жақсы көреді. Мандолинада ойнау – мен үшін ми тынықтыратын тәсіл.

– Кезінде ғылымда тағдырлас, ғұмырда сапарлас болған әр ел, әр жерде әріптестеріңіз бар. Олардың да азаматтық тұғыры биік, бөлек бітімді ғажаяп жандар. Олар да сексен асып, тіпті тоқсанды алқымдап қалғандар. Бір-екеуімен пікірлесудің де сәті түсті. Профессор Ғың Шымин Қытайдың Бейжин Ұлттар университетінде әлі сабақ береді екен. Өзіңіз білесіз, Көне түркі ескерткіштері туралы зерттеген. «Қазіргі заман қазақ тілі», «Қазақ жауы» сияқты қытай тілінде жазған оқулық кітаптары бар. Профессор сіз туралы ерекше ілтипатпен айналасына әңгіме айтқанда, ханзулықтар да елең етіп, қызыға тыңдады. Бейжин университетінде қазақ ғылымына деген сүйсіну, құрметтеу сезімі тыңдаған адамға айырықша әсер етеді екен. Мен де мақтанып, көңілім шалқып қалды. Академик Мирфатих Закиев Қазанда өзіңізді көптен бері көрмегенін, жас келді, енді жол қашық деп, сағынышын сәлеміне орап жеткізді. Қазір хабарласып тұрасыздар ма?

– Мен Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында 40 жылдай бастық болдым (алдыңғы 14 жылда директордың ғылым жөніндегі орынбасары, қалған уақытта директор – 1994 ж. дейін). Осы қызметіме байланысты жер жүзіндегі біраз елдердегі түркітану ғылым саласында қызмет атқарып жүрген ғалымдармен араласуға, қатынасуға тура келді. Американдық ғалымдар Дерфермен, Илза Циртаутаспен, ағылшын ғалымы Клаусонмен, неміс ғалымы Анна Мария фон Габенмен, швед-ұйғыртанушы Гуннар Ярингпен, Қытай ғалымы Ғың Шыминмен, мәскеулік ғалымдар, проф. Севортян (кезінде докторлық диссертациямның бірінші оппоненті болған), Н.К.Дмитриев, Н.А.Баскаков, Д.Насилов т.б., Ленинград ғалымы – С.Е.Малов, А.М.Щербак, А.Н.Конов, Әзірбайжан ғалымы – М.Ширалиев, А.Агамуса, Өзбекстан ғалымы – В.Решетов, Шабдрахман, Қырғызстан ғалымы – К.К.Юдахин, Б.О.Орузбаева, Татарстан ғалымы – академик М.Закиев, Башкортстан ғалымы – Шайхулов, сібірлік Убрятова Е.И., Наделяев, Түркіменстан ғалымы, академик Азимов П.А., т.б. ғылыми проблемалар жөнінде жиі араласушы едік.

Бұл ғалымдардың барлығымен бұрын хабарласып, пікір алысып тұрдық. Егемендік алғаннан бері бұрынғы байланыс азайды, хабарласып тұру бұрынғыдай болмай қалды. Бұл жайт қазіргі ғылымның дамуына, бірлесіп ғылыми жобалар орындауға әсерін тигізіп жатыр.

– Егемендік алғаннан кейін жас ғалымдар арасында «түбі бір түркілер» үшін мынау деген бірлесе жасаған ғылыми жоба, бағдарламалар, меніңше, жоқ-ау. Дегенмен, тілші мамандар да бірлесіп, іс атқарса қанеки!? Онымен қоса латын әліпбиіне көшу мәселесі ауада қалқып тұрғандай...

– Дұрыс айтасың. Біздің ұрпақ түркология ғылымының бір гүлденген, дамыған кезеңін басынан кешірді. Түркітану кадрларын өсіруде Мәскеу, Ленинградтан кейін үшінші орын алғанын айтып та, жазып та жүрдік.

Түркітанушылардың басын қосып, келелі мәселелерді алдына қойып, біріктіріп отыруды кейінгі кезде Түркия елі қолына алған сияқты. Мәселен, тіл, әдебиет, өнер саласын көбірек құнттайтын «Түркісой» ұйымы екенін мойындау керек. Аса маңызды, түркі тілдерін латын жазуына көшіру мәселесіне байланысты ол өткізген бір мәжіліске менің де қатысқаным бар. Егемендігін алып, өзінше дами бастаған Қазақстан, Әзірбайжан, Түркіменстан, Өзбекстан, Қырғызстан өкілдері басын қосқан бұл мәжілісте (ұмытпасам 1992 жылы) әрбір түркі тілі өзіне лайықты алфавит таңдап алу үшін Анкарада бас қосып, келелі кеңес құрды. Латын жазуын қабылдау жұмысын түркі тілдерінің ұмыт бола бастаған көне тарихын, мәдениетін, әдебиетін, т.б. ортақ қымбат дүниелерін жандандырып, қолына келтіру деген түбегейлі мақсат қойған болатын. «Түркісой» көтерген бұл мәселе түркі республикаларының кейбіреулерінде үлкен мемлекеттік мәселеге айналды. Өзбекстан, Әзірбайжан, Түркіменстан республикалары латын жазуын қабылдап үлгерді. Қазақстанда біз жиналыстан қайтып келгеннен кейін латын жазуына біз де көшкеніміз мақұл болар еді деп, Президенттің атына ашық хат жаздым. «Халық қаласа, ғалымдар мақұлдаса, мен қабылдауға қарсы емеспін» деген Президенттің тапсырмасы бар.

– *«Бір буынды сөздер» туралы зерттеуіңіз түркологияда жеткен жетістік ретінде Қазақстан ғылымы үшін үлкен абырой болды. Ал, ұйғыр әдеби тілінің тарихына қатысты жазған оқулық кітаптарыңызға қарап, кейбірі сізді ұйғыр екен деп те қалады.*

– ... (күліп) Мен өзімді екі тілдің маманымын деп есептеймін. Қазақ тілі өз тілім де, ұйғыр тілі – туыс халықтардың бірінің тілі. Жас кезімнен бастап Шелек, Еңбекшіқазақ аудандарының қыстақтарында тұруға тура келді. Өзім теңдес балалармен бірге ойнап жүріп, ұйғыр тілін үйреніп кеттім. Ол тіл есейген соң мамандығыма айналып кетті. Түркология саласындағы өмірімнің 25 жылы осы ғылымды зерттеуге арналды, тіпті, алғашқы зерттеушілерінің бірі болып қалдым.

Тіл білімі институтында мамандармен бірге отырып, ұйғыр тілі бойынша бірнеше (VIII, IX, X кластар үшін) тіл оқулығын, монографиялар, жинақтар жазуға тура келді. «Һазирқи заман уйғур тили грамматикасы» атты ұжым болып жазған 2 томдық кітабымыз СУАР-да (ҚХР) жоғары бағаланып, араб жазуымен қайта басылып, қытайшаға аударылып, оқулық ретінде қайта басылып шықты. Ол – қазір ұйғырша оқып жүрген балалар үшін оқу құралы.

– *Құдайға шүкір, ғылыми жұмысыңыз тун ұйқысын төрт бөліп, күтіп бағатын балаға ұқсайды, қаламыңыз қолыңызда, әлі жазатын кітаптарыңыз бар шығар?*

– (риза кейіппен күлімсіреп) Сексеннен асқан жасымда, әрине, күрделі міндеттерді атқару оңай емес. Дегенмен, 60 жылдай уақыт қолымнан түспеген қаламнан әлі айырыла қойғым жоқ. Мүмкін, әлі де бір-екі кітап

жазатын ойымды айтсам, жас жігіттер таңғалмасын. Кейінгі жылдары институт басшылығын тапсырып, қол босап, кеңінен кейін қалған өмірімде 25 кітап жазуды жоспарлаған болатынмын. Сол 25-тің 14-ін жазып, жариялаған сияқтымын. 14-тің ішінде ұлттық идеяға байланысты 4 кітап белгілеген едім, соның екіншісі қазір баспада жатыр.

Егемендік алған халықтың, дұрыс басқарған елдің дамуын көріп отырамыз. «Қазақтар мен Қазақстанның үздіксіз дамуына қандай шарт керек» күн тәртібіне қойылған мәселе бойынша «Қазақ қандай халық?» деген 40 б.т монография жарияланды. «Қазақтар ана тілі әлемінде». «1 – Адам, 2 – Қоғам, 3 – Табиғат» Этнолингвистикалық сөздік» деген үш томдық еңбек баспада. Бұл сөздіктер арқылы қазақтың болмысын анықтауға болады. Мақсат – сол арқылы қазақ халқының ең ізгі қасиеттерін сипаттау. Жәрдем беруші авторлар арқылы таңдап алынған 40 тұрақты тіркестің анықтауымен оны айқындауға болады деп есептейміз.

«Қазақ қандай халық?» деген проблеманың шешімі осы төрт томдық еңбекте берілуі керек.

Бір-екі кітап жазсам ба деген ойымыз да дәлелді. Оның бірі – бұрыннан дайындалып жүрген «Қос сөздер» атты монография. Екіншісі – «Қазақ бейнелеуіш сөздері» атты монография. Бұған шәкірттерім жазуға араласады.

*«Қазақстан-Zaman». 10 желтоқсан. 2009. 11 бб.
(Сұхбаттасқан Г. Смағұлова)*

Жүрегінің сыры көзінің нұрында

Түркітану саласына орасан еңбек сіңірген академикпен сұхбаттасу осыншама еркін, үлкен адамның алдында отырғаныңды біле отырып, қысылмай-қымтырылмай сөйлеген күйде өтеді деп ойлаған жоқпыз. Бүгін ортамызда аман-сау отырған қазыналы қарияның бір кездері біз сияқты бала болғанын аузынан естіп, қан майданның отын кешкен қаһарлы күндердің ауыртпалығын тыңдағанда ұрпақ ретінде борыштар екенімізді сезінумен қатар, бір замандарда осындай ақсақал бола аламыз ба деген әсершіл қиялға берілгенімізді қалай жасырайық.

Өлі күнге кітап оқып, қаламын қолынан түсірмей келе жатқан ғалымның ерік-жігері мен жасы алпысқа келген кей ағалардың «көзіміз бітті, жазу-сызудан қалдық» деген сөзін қалай таразыларыңды білмей абдырайсың осындайда. Қарапайым, момын мінезінің ар жағында көрінгенге бітпейтін кісілік пен кішілік тұрғанын, жүріп өткен өмір, еңбек жолында ғасырға таяу уақыт жатқанын байыппен айтқан сөзінен аңғарар едіңіз. Әдебиетте, ғылымда еңбек етіп жүрген адамдардың аз емес екенін сырттай біліп жүргенімізбен, Әбдуәли Қайдар сияқты күш сарп еткен тұлғаларды саусақпен ғана санайтынымызды бір ғана нәрсемен түсіндіруге болатын шығар. Ол – тынымсыз, адал еңбек. «Таң бозарғаннан

күн қызарып батқанша жазу үстелінде тапжылмай отыру маған қиындық тудырған емес» деген ғалым сөзін кез келген зерттеушінің аузынан риясыз есту мүмкін бе екен деп ойлайсың...

Өзінің сөзімен айтқанда, пенде арасында «ұлы» деген сөзге лайық кемеңгер Әуезовке емтихан тапсырып, мақтау сөз естіген бір кездегі жас тоқсанға келді. Тіл ғылымында Әбдуәли Қайдар деген есім аңыз, шәкірттеріне абырой. Ғалымның аяулы аты перзенті ретінде қазақ жүрегінің төрінде екеніне бір сәт күмәнданғың келмейді.

Ақсақал Әбдуәли Қайдармен болған әңгімемізді ілтипатпен ұсынамыз...

– *Он жеті жасыңызда соғысқа өзіңіз сұранып барған екенсіз. Бізге қазір айту оңай, сезіну қиын. Ол кезде халық қандай күйде еді?*

– Мен 1924 жылғымын. Отан соғысы басталғанда он алты жаста едім. Маусымның үші күні радиодан Сталин сөйледі. Сталинның сөзі кеңес халқына арналған болатын. «Солдаты! Офицеры! Генералы! Адмиралы! Рабочий класс, колхозники, к вам я обращаюсь, друзья мои». Сталин «друзья мои» деп айта қоймайтын адам. Сол сөзді естігенде жылағандар да болды. Сөзінің аяқ жағында: «Біздің соғысымыз-ақ. Біз жеңеміз!» – дегенді айтты. Сол арада біз де тұрдық. Біздің ұққанымыз бір нәрсе: халық қиын жағдайға ұшыраған. Кейбіреулер үйіне қайтты. Біз көшеде асық ойнап, доп теуіп жүрген бала едік. Үйге келсек, үн-түн жоқ. Ешкім сөйлемейді. «Оу, не болды?!» деп сұрайды. Сталиннің сөзін айттық. Соғысқа елді ала бастады. Екі айдың ішінде көп адам кетті. Әкем райфинотделда инспектор болатын. Ағамның біреуі колхозда, біреу қарапайым қызметкер болатын. Талқан-тарысын дорбаға салып, үшеуі майданға жүріп кетті. Ол уақытта Алматыға арбаменен, машинамен алып кетуші еді. Соғысқа кетіп бара жатқан адамдарды музыкамен шығарып салатын. Одан кейін ойын да тоқтады. Тамыз айының екінші жартысында сыныбын бітірген едім. Он шақты бала жиналып қалдық. Сұрастырсақ сабақ беретін еркек мұғалімдер өздері сұранып соғысқа аттанып кетіпті. «Әкелеріміз, ағаларымыз Отан қорғап жүргенде, біздің ауылда жүргеніміз дұрыс па?» деген сөз болды. Содан ақылдасып келіп, біз де соғысқа сұрандық. Аудандық «Үлгілі колхоз» деген газет болатын. Соған барып, өзіміздің қан майданға өз еркімізбен аттанатынымызды айттық. Аудандық әскери бөлімшеге бардық. Тұмарбеков деген адам бар еді. Сол кісі: «Сендер мылтық көтере алмайсындар» деп бізді соғысқа дайындайтын жерге жіберді. Онда екі ай болдық. Он екі бала едік. Арамызда бір орыс, қалғандары қазақ болатын. Газетке суретімізбен «Өз еркімен сұранғандар» деп басып жіберді. Түргенде сегіз айлық мұғалімдік курс ашыпты. Сонда оқуға түстік. Сонда оқуда жүргенде әскери бөлімшеден бізге шақырту келді. Жүгімізді алып, сонда келдік. Бізді арбамен де, машинамен де емес жаяу жіберді. Сонымен, біз қырық бес шақырым жерді

жаяу жүріп келдік. Таңертең шығып, кешке Алматы маңындағы Калинин совхозының жанына келіп түнедік. Ертесі «Алматы-1»-ге бардық. Барсақ, бізді алып баратын бір жас жігітті белгілеген екен. Барлық құжат соның қолында. Ол кетіп қалыпты. Ары күтеміз, бері күтеміз. Жоқ. Бізге күдікпен қарап, заттарымызды да ұрлатып алдық. Ертесі күні Қазақ әскери бөлімшесінен жолдама алдық. Алматыдан Ташкентке бардық. Сонда үш ай училищеде оқыдық. Радио-телеграфный курс дейді. Үш айдан кейін бізді Мәскеу қаласына аттандырды. Кремльдің үстінде аэростат деген заттар қаптап тұрды. Кремльге бомба тастатпау үшін жауып қойған екен. Сол жерде бізді екіге бөлді. Бізбен бірге нағашы ағам да болған. Сапта қол ұстасып, «өлсек, бірге өлейік» деп тұр едік, командир келіп, қолымызды айырып, екеуімізді екі жаққа жіберді. Оны Кавказ маңына, мені Калинин фронтына. Калинин фронтында «Марс» деген операция жүріп жатыр екен. Сол жерде бір рет жараландым, бір рет контузия алдым. Контузияға байланысты айтағыным. Бейтарап аралықта немістердің бір пулеметі жатыр еді. Солдаты оққа ұшқан. Соны кім алып келеді деген бұйрық келді. Жанымда бір орыс жігіті бар, «біз алып келейік» дедім. Еңбектеп барып, бір пулеметті екі дискісімен алып келдік. Содан командный пунктте комбат қарап тұр екен. Сол келіп: «Пулеметті алып келген кім?» деді. Олар бізді көрсетті. Сол үшін үшінші деңгейлі «Даңқ» орденін берді. Сол майданда жараландық. Бізді шана тектес сүйретпеге (солоска) байлап, үйретілген иттерге сүйреттіріп жіберді. Қарағайлардың арасымен ешбір жерге соқпай, иттер бізді емдеу пунктіне жеткізді. Біз есімізден айырылып қалған едік. Бізді «не жилец» деп зовқа лақтырып жіберді. Өлген адамдардың арасында жарты түнге дейін жатыппыз. Суықтан есімізді жинап, «я живой» деп айғайладық. Сонымен, бізді санитарлар жүгіріп келіп, емдеуге апарып, екі айдан кейін майданға жіберді.

– *Әкеңізбен қай майданда бірге болдыңыз?*

– Бір күні радиода сөйлесіп отырсам, бір қазақ баласы екен. «Мен со-тый бригададанмын» деп айтты. «Менің әкем сол бригадада еді, біліп бересің бе?» деп ем, «біліп берейін» деді. Бірақ біліп бере алмады. Әкем менен он күн бұрын майданға кірген екен...

– *Калинин фронтында ғой.*

– Ол кісінің аты – Тұрғанбай. «Операция «Марс». Казахи в долине смерти» деген кітапта бар. Қазақтардың қырылған жері – осы. Екі миллион қазақ шейіт болған. Бірақ әкеміз туралы «пропал без вести» деген қағаз келді. Өліп қалды деп жылап-сықтап жүргенімізде, тірі екен деген хабарды естідік. Шешеміз айтатын: «Сол немістің бір қызына үйленіп, үндемей жатқан шығар ұялып» деп. Кейін әкем қайтыс болған жерге қарындасым барып келді. Жатқан жерін көріп, сол жердегі тізімнен атын оқыпты. Бірақ алып келуге мүмкіндік болмады. Көрдіңіз бе, он күн айырмашылық. Ол кісі 12-сінде қайтыс болған. Мен 21-інде жаралы бол-

дым. Бір соғыс осы. Калинин фронты. Одан кейін Ленинградты блокададан босатуға салды.

Волганың бойындағы бір қалаға Ленинградтан Жданов атындағы әскери-инженерлік училище көшірілген екен. Сол жерде офицерлік оқуда болдым. Майдан кезі. Оқуым біте салысымен, ұшақпен бір түнде Еуропа жеріндегі екінші Беларусь фронтына апарды. Сол жерде кішкене ерлігімді көрсеткендей болдым. Екі орден алдым. Бір жағы Австрия, бір жағы Польшаның шекарасынан өтетін өзенге көпір жасап, әскерді өткіздік. Сол арада соғыс бітті. Біздің Бас қолбасшымыз Рокоссовский: «Бізге Берлинді алуды тапсырған еді. Бірақ бізден бұрын Жуков алды. Соғыстың аты – соғыс. Жеңіс бәрімізге ортақ. Сол үшін қуанайық!» деп сөз сөйледі. Содан біз Штиттель деген қаланы тазаладық. Біздің алдымызда немістер екі сағат бұрын көшіп кеткен екен. Сол арадан елімізге қайттық. Ташкентке келдік. Ташкенттен Түрікменстанның Ленинабад қаласына апарды. Сол жерде офицер ретінде бір айлық демалыс берді. Ауылға келсем, хәлдері өте нашар екен. Шешеміз апамызды, ағамыздың әйелін, үш баланы өзі жалғыз бағып жүр екен. Оның үстіне бір шешен отбасын асырап алған. Қорадағы тоқал тамда солар тұрады екен. «Мыналар кім?» десем, «Ол шешен деген халық. Әкеп төккесін, жаным ашып тамды босатып бердім» деді. Сөйтіп, «Үйіне қарайтын адам жоқ» деп анықтама алдым. Қазақбаев деген бастық қабылдады. Содан әскерден толық шықтым. Одан кейін әскери бөлімшеде істедім. Сол жерде істеп жүріп, соғысқа байланысты тастап кеткен сабағымды кешке оқып жүрдім. Оныншы сыныптың құжатын алып, Алматыға келіп, университетке түстім. Оны төрт жылда бітірдім. Әскерге барып келгендер жақсы оқыса, бір курс аттауға болады екен. Екінші курсты аттап, үшінші курсқа түстім. Аспирантураға түсіп, академияда Ісмет Кеңесбаевтың қамқорлығын көрдім.

– Бір курс аттап кеткенде, ауыз әдебиетінен Балтабай Адамбаев екеуіңіздің Әуезовке емтихан тапсырғандарыңыз бір хикая екен. Соны айтып бересіз бе?

– Айтып берейін. Сол кездегі ректорымыз Төлеген Тәжібаевтан бір курс аттауға рұқсат алып шығып келе жатсақ, алдымыздан Әуезов кездесті. «Ағай, біз рұқсат алып едік емтихан тапсыруға. Осы демалысты пайдаланып сіздің сабағыңыздан тапсырайық деп едік» дедік. «Жарайды. Онда жүре әңгімелейік» деп, Төлебаев көшесімен жоғары қарай жаяу жүріп сөйлестік. Алдымен Балтабай Адамбаевқа сұрақ қойды. Ол кейін әдебиетші болды. Одан кейін мен жауап бердім. Біздің жауабымыз ұнаған болуы керек. Өзіміз дайындалып жүрген болатынбыз. «Сендердің дайындықтарың жақсы екен» деді. Үйінің алдына келдік. Опера театрына қарама-қарсы тұратын. Сол кезде Балтабай мінезі жеңілдеу еді. «Ағай, есік алдыңызға келгеннен кейін сіздің үйіңізге кіріп, көріп кетейік» дегені. «Ой, бәрекелді! Кәне, жүріндер!» деп үйіне кіргізді. «Әй,

Валя, шәй қой, қонақтар келді», – деді. Кабинетіне кіргізіп, кітаптарын көрсетті. «Мынау шығыстануға байланысты, мынау Еуропа елдерінің әдебиеті, мынау Далаға байланысты» деп ретімен таныстырып жатты. Өзінің жазған еңбектерін көрсетті. Дастархан әзір болды. Дәм таттық. Бұны кейін ешкімге айтқан жоқпыз. Әуезовпен осылай таныстық.

– *Сурет салып, мандолинада ойнайды екенсіз. Бұларды қай уақытта үйреніп жүрсіз?*

– Бұл – бала күнімнен келе жатқан машықтарым ғой. Әскерден келгеннен кейін, оныншы сыныпты бітірді деген құжат керек болды. Ол құжатсыз оқуға алмайды ғой. Мектепке барсам, «қалай болар екен» деп қиналдым. «Бұл мен оқыған мектеп. Оныншы сыныпты балалармен отырып, оқып шығайын. Сонан кейін беретін шығарсыздар. Менің салған суретім әлі тұр екен» дедім. Әскерге кетердің алдында Амангелдінің портретін салып кеткен болатынмын. «Ойбай-ау, мына суреттің авторы сен бе?». «Иә, менмін». «Онда алдық» деп мені оқуға алды. Әкем маған кішкене күнімде домбыра мен мандолина алып берген. Мен мандолинаны көбірек ұнаттым. Радиодан скрипкада ойнаған музыканы естісем, соны аяғына дейін тыңдап болмай кете алмайтынмын. Сөйтіп, сабақтан кешіккен уақыттарым да болды. Мандолинада әжептеуір ойнаушы едім. Академияда да ойнап жүрдім. Қазір қойдық қой.

– *Отыз жыл басшылықта өткен уақытыңызда ғылыммен айналыса алмай қалдым деп ойлайсыз ба? Кедергісі болды ма?*

– Болды. Көп жазуға мүмкіншілік болған жоқ. Өйткені, жиналыс. Партия жиналысы, профсоюз жиналысы, ғылыми Кеңестің отырыстары көп болатын. Отыз жылымның көпшілігі соған кетті. Маған орныңызды босатыңыз деп екі академик келді. Жабайхан Мұбарақов пен Зәки Ахметов. «Сендер немістен де ұқыпты екенсіңдер. Немістер айтқан уақытында келетін. Мен: «тоғызыншы майда мені директорлықтан босатыңыздар» деп арыз жазып ем, сендер жетінші майда келдіңдер» деп әзілдеп, орнымды босатып бердім. Орнымды босатқаннан кейін, бес жылдай «Құрметті директор» болдым. Сол кезде: «Зейнетке шықсам, қолым босайды. Жиырма бес кітап жазамын» деген уәде бергенім рас. 25-ке жеткен жоқ. 12-13 кітап жаздым.

– *Бізде бір адамдардың еңбегін асыра бағалайды. Кей адамдардың еңбегі көзге көрінбей, өз бағасын алмай қалып жатады. Еңбекті әділ бағалау деген қандай болады?*

– Сұрағың менің айта жүретін бір сөзіме тура келіп тұр. «Қазақ бір-бірін мақтаса – алты қырдан асырып жібереді, даттаса – жеті қабат жердің астына батырып жібереді». Осы екі бағалау Конфуцийдің теориясына қарсы. Ол тек қана мақтау үшін оның жақсы жағын да, жаман жағын да тексеріп, екі жағын таразылап отырып, ағын айтқан. Кейде қатар жүрген жолдастар онша бір елден ерекше қызмет ете алмайды. Ол қартайғанда немесе дүниеден өткенде жер мен көкке сыйғызбай, «ұлы адам» еді деп

мақтайды. Ұлы адам болу деген М.Әуезов сияқты адамдардың маңдайына жазылады. Елдің бәрі ұлы бола алмайды. Осы мінез халқымызда менталитет ретінде сақталған. Бұрын да солай болған, қазір де солай. Біреулерді қазір мақтап жатса, мен оған сын көзбен қараймын.

– *Шәкірттеріңіз қандай? «Ұстаздың бақыты шәкірті өзінен озғанда» деп жатады.*

– Шәкірттің бәрі бірдей ойдағыдай болмайды. Ойдағыдай дейтін себебім, қорғап, үлкен мәртебеге қолы жеткенше осы алды-артыңа түседі. Одан кейін әрең амандасатын жағдайға келеді. Өзім болдым дейді. Ондайлар болды. Бір заманда менің директорлық орныма таласқан шәкіртім болды. Мен оны кешірдім. Жастықпен істедің дедім. Шәкірттерімің ішіндегі өте алғыры да сол. Сексен шәкіртім бар. Он алтысы ғылым докторы. Қалғаны кандидаттар.

– *Өзіңіздің докторлығыңызды кандидаттықтан кейін араға он бес жылдай уақыт салып қорғапсыз. Төрт-бес жылда қорғап жататын еді. Ұзақ уақыт қорғамай жүруіңіздің себебі бар ма?*

– Менің ғылыми нысаным – ұйғыр тілі. Өскен ортамда ұйғырлар көп болды. Ұйғыр мектебінде оқыдым. Сергей Ефимович Маловтың айтқаны бар: «Түркологияда мықты болу үшін оны зерттеуші-ғалым алдымен ұйғыр тілін білуі керек» деп. Ұйғыр тілі осыларға кілт ретінде қолданылатын көне тілдердің бірі. Содан мен «Парные слова современного уйгурского языка» деген тақырыпта диссертация қорғадым. Ол тақырыпты маған Кеңесбаев берген. Бұл – үлкен мәселе. Түркологияда бірінші орында. Содан кейін Севортьянға хат жаздым. «Осындай еңбегім бар еді. Доктор болуға лайықтымын ба? Жоқ па, әзірге болмай ма?» деп, ол кісі жазған еңбегіме пікірін білдіріп, «бірінші оппонент болуға дайынмын» деп хат жазды. Менің жетекшім Константин Кузьмич Юдахин. Мен Маловтан кепілдеме алып, ол кісіге шәкірт болған едім. Қазақша, орысша, қырғызша, өзбекше, немісше судай еді. 1500 бет докторлық жұмыс жаздым. Бүкіл Шыңжаңды зерттеген ғалымдардың еңбегін қарадым. Кеңесбаевты ертіп Бішкекке бардым. Юдахин: «1500 беттік еңбекті оқып отыруға менің күшім жетпейді. Бұны Батманов деген академик бар. Соған тапсырайық. Ол рұқсат берсе, қорғауға болады», – деді. Жұмысымды Батмановқа апарып бердім. Ол кісі қарап шығып: «Бұның 1000 бетін алып қорғауға болады, 500 беті артық» деді. Бұны кімге ұсынамыз дегенде: «Севортьянның пікірі жақсы еді. Сол кісіге берсек» дедім. «Севортьян түркологияда бірінші адам. Өте қатал кісі. Турасын бір-ақ айтады» деді. Алматыда қорғауға болмайды. Бакудегі Шералиев деген академикке өтініш айттым. Ол кісі Севортьяннан кейінгі екінші оппонент болып, докторлықты Бакуде қорғадым. Қорғауға бір күн қалғанда үстімнен арыз түсті. Ол әдебиетшіні бір заманда өзім қолдап ем. «Қайдаров Лениннің сөзін дұрыс аудармаған. Ондай адамға қорғатуға бола ма?» деп отыз екі беттен тұратын телеграмма жазып жіберіпті. Содан ғылыми

Кеңес жиналып мәселені шешті. Жұмысты жақсы деп бағалап, қорғап шықтым. Кейін шәй ішіп отырғанда Севортян: «Егер қарсы болмасаңыз мен сіздің жетекшіңіз болайын», – деді. «Сіздің жетекшілігіңізді қуана қабылдаймын», – дедім.

– *Туркологияда қазақ тілінің орны қандай? Зерттелуі қай шамада?*

– Мен директор болғандығымнан айтып отырған жоқпын. Сол жылдары жұмысымыз жанданғандай еді. Кітаптар шығардық. Конференциялар өткіздік. Қазақстан қазіргі түркі тілдерін зерттеуде үшінші орында. Бірінші орында Мәскеу, Петербор, үшінші орында Қазақстан, төртінші Өзірбайжан. «Сендер үшінші орындасындар» деген сөздер бар. Қазақ тілі өзіміздің мінез сияқты. Еркін. Айтуға, тілдің икеміне байланысты анау-мынау қиыншылықтар жоқ. Бұл тіл ноғайларға жақындау. Қазақ халқы көп халықтармен араласқан. Моңғолдармен, парсылармен бірге тұрған уақыттар болды. Тілімізде парсы тілінің элементтері басқа түркі тілдеріне қарағанда көп. Оны зерттеп жүргендер аз. Бір заманда чуваштар Каспийдің бойында тұрған. Олардың тілі өзгеріп кеткен. Бірақ бір буынды түбірлері қазақ тілімен бірдей. Аяқ жағындағы қосымшалары арқылы өзгеріп отырған. Осындай жағдайлар бар.

«Қазақтар ана тілі әлемінде» деген еңбегім фундаментальді жұмыстарымның бірі. Ақсақалдармен сөйлесіп отырғанда тыңдап көріңіз, қазақтар әдеби тілдің нормасын онша сақтамайды. Басқа сөздерді қолданады. Осының бәрі этнография. Яғни реалды өмірде қолданып жүрген заттардың атауын басқа сөздермен алмастыру. Бұл этнолингвистикада жаңа сала болып есептеледі, үш томдық еңбек жаздым. «Адам. Қоғам. Табиғат» осы үшеуі қазақ тілін түгел қамтиды.

Туркологияда этнолингвистикамен тек қана Мәскеуде шұғылданады. Онда Лев Толстойдың немересі бар.

– *«Өмірде көрген құқайларым» деген жазбаңызды кей адамдарға деген екпе-назыңыз деп түсіндім. Тоқсанға келген ақсақал соларды кешірді ме екен?*

– Кешірдім. Бала күнімде ойнап жүріп, Финка деген балаға қолым тиіп кетсе керек. Соны жүрегінде сақтап жүр екен. Бір күні жұдырығымен қойып қалды. Оған жауап қайтаратын жағдай болмады да, үйге барып, тамның көлеңкесінде жылап отырдым. Сонда әкем қайдан көріп қойғанын: «Әй, балам, сен таяқ жеп кеп отырсың ғой. Неге жылайсың?» деді. «Анау Финка мені ұрып кетті» дедім. «Сен Финкаға тиісіп пе едің?». Бұрын бір сондай жағдай болғанын айттым. «Сен өмірде өзіңе тиіспеген адамға тиіспе. Екіншіден, өзіңнің әлің жетпейтін адамға тиіспе. Ал енді тиіскен екенсің, таяқ жеп қалсаң, ол бір жерде ебін тауып ұрып кетсе, онда жылама» деді. Осы өсиет өмір бойы менің ойымда сақталды. Өзім тиіспеймін. Тиген адамды аямаймын. Ғылымда да солай. Ғылымда да сен алған тақырыпты басқа біреу алмасын. Басты принцип – осы. Біреудің тындырған ісі онша табысты болмаса, сонда ғана кіріс. Мен ешкім-

нің тақырыбын қайталамадым. Бірақ мына «Қос сөз» Кеңесбаевтың тақырыбы. Ол кісі докторлығын қорғады. Мен кандидаттығымды қорғадым. Жер бетінде барлық халықтар қос сөзді пайдаланады екен. Осыған көзім жеткеннен кейін қос сөзді жинай бастадым. Содан кейін жетекшіме айттым. «Әй, қос сөзді мен де жинап жүрмін» деді. Одан кейін кілт тоқтатты. М.Арасында кездескен фактілерді жинап жүрдім. Қызы «Папамның қос сөз туралы қолжазбасы» деп әкеп берді. Оған көңілім толмай, жинауды қайта бастадым. Сөйтіп, мендегі материал көп болды. Ол кісі материалдарын лаборанттарға жинаттырыпты. Олар қанша жинаса, солай ғана болып қалды. Зерттемей қалуға болмайтын жағдай еді.

Мен лексикологпын. Мына еңбектерім осы салаға жатады. Ғылымда бір салаға бейімделу керек. Әр салаға барған болмайды. «Халық даналығы» деген еңбегімде теория жағына көп бармаймын. Мақал-мәтелдердің пайда болуы, қолдану айтылады. Студент кезімде көп ғалым «шәкірт бол» деді. Балақаев, әдебиетші Белгібай Шалабаев. Өзі майдангер.

– Сіздің жазғанымыздан оқыдым. Белгібай Шалабаевтың емтиханда қоятын тұрақты бір сұрағы болыпты ғой. «Белинскийдің жазғандарынан тәлім алған қазақ сыншыларынан кімді білесің?» деген. Сол сұраққа жауап бергенде әуелі өзін бірінші атаған дұрыс екен. Осындай мінездер ұстаз-ғалымдарда көп болады ғой деймін...

– Ол кісі сол мен емтихан тапсырып отырғанда «шәкіртім бол» деді. Бірақ мен онша оған мән бермеппін. Қай салаға баруың өзіңе байланысты. Өзіңнің талабың ғой.

– Құжат бойынша туған күніңіз желтоқсанда болғанымен, анаңыз «мамырдың соңы, не маусым айының басында дүниеге келдің» деп отырады екен, жарықтық. Сол есеппен алсақ, тоқсанға келіп қойыпсыз. Құтты болсын, ата! Тоқсанға келген ақсақалға өмір деген не екен?

– Жақсы, сыйлас адамдармен өткізген уақыт.

– Бақыт деген ше?

– Өзіңнің орындалған арманың.

– Байлық деген ше?

– Көп кітаптарымды Түркі академиясына тапсырдым. Аш жүрсем де, қалтамда ақша болса, кітап сатып алдым. Байлығым сол болды.

– Қандай өкінішіңіз бар?

– Мен соғысты көргендігімнен бе, анау-мынау қиындыққа мойынсұнбаймын. Үш қызым бар. Бәрі қызметте. Бәйбішем медицина ғылымдарының кандидаты. Менің осы уақытқа дейін жетуіме осы кісі көп еңбек сіңірді. Бәріне шүкір! Аса өкінетін дүние жоқ сияқты...

– Әңгімеңізге рахмет. Әлі жазатын, ғылымға сіңіретін еңбегіңіз бар. Аман жүріңіз!

«Қазақ әдебиеті». №25(3397). 20-26 маусым. 2014.
(Сұхбаттасқан Б.Тұрсынбайұлы)

ЖЫРҒА ҚОСЫП ӘЗ АТЫҢДЫ...**Тапқырлықтан түлеп ұшқан түлға**

Аулына келді бүгін академик
Талай жыл ғылым үшін бейнет шегіп.
Туған жер топырағынан қуат алып
Барады сүйек балқып, денесі еріп.

Толқымаса болмайды, толқы жүрек,
Тебіренбесең кетпей ме көңіл жүдеп.
Келелі осындай бір кездесуден,
Жатады рухтанып, ұрпақ түлеп.

Асқақтап атағы оның кеткенменен.
Талай тақ, талай шыңға жеткенменен.
Баяғы бәз қалпынан өзгермейді
Ел шаттанар еңбекті еткенменен.

«Мәуесі піссе ағаштың басы еңкек»
Деген сөз рас білем соншама елпек.
Елу жыл сөздің түбін қазумен
Жүрсе де бойы тіп-тік, ойы сергек.

Еңбекпен талай жылдар қалды кейін
Таусылмас тілге деген неткен бейіл.
Қазақтың сөз байлығын жиып алып
Шаттанып отырады төгіп мейір.

Жетпістің бесеуін де тізгіндеген,
Не сыр бар бұл қазақта біз білмеген?
Іздесең қазақ сөзін осында кел
Әбекең сөз бастайды ізгі үнменен.

Өмірдің қысы менен күзін көрдің
Өлімнің де сан рет жүзін көрдің.
Құдай берген қуаттың арқасында
Жақсылық пен шаттықтың ізін көрдің.

Асып-ап қырқасынан талай белдің
 Үлкенге де, кішіге көңіл бөлдің.
 Абыройдың атанын бұйдала да
 Жамбыл атаң жасаған жүзін көргін!

Өмірзақ Айтбайұлы

**Әбекеңе арнау
 (Ғылымғағы ақымының 50 жылқығына
 орай өтетін мерейтойға)**

Қару қылып білімін,
 Қалқан етіп ғылымын.
 Қос майданның батыры
 Қамын жеген тілінің
 Ұстазға арнап тамаша,
 Ән саламыз жаңаша

Қайырмасы:

Ой, ой, халайық,
 Шырқап әнге салайық
 Ғалым-ұстаз тойына
 Жырдан шашу шашайық!

Ғалым-ұстаз ардақты
 Көтерді бар салмақты.
 Жасынан күш-қайратын
 Ана тілге арнапты.
 Ғалымға арнап тамаша
 Жыр жазамыз жаңаша.

Қайырмасы:

Әбекеңнің тұлғасын
 Бәйтерекке теңейміз
 Шабыт келіп тұрғасын
 Алып демей, не дейміз
 Ұстазға арнап тамаша,
 Ән саламыз жаңаша

Қайырмасы:

Зина Шадаева

**Тағатын міні жоқ,
шағатын зіпі жоқ**

Тілі жұмсақ – май бар,
Қабағында Ай бар.
Жанарынан Күн күлген
Әбдуәлі Қайдар.

Жүрген жері сый-думан,
Алғыс алды ұйғырдан.
Жетпіс беске келсе де
Жалықпайды қимылдан.

Қазақтардың бергені...,
Түріктердің ордені...
Қайтып жатыр құрметпен
Академик енбегі.

Бұрамайды құлақтан,
Кезі де жоқ құлатқан.
Президент болар кісіні
Тергеп алар сынақтан.

Өкпелетпес баланы,
Халқы, тілі – алаңы.
Жалықпасын жазудан
Саусағы мен қаламы.

*Қалжыңмен қағытқан,
әзілін ағытқан Т.Әлімбекұлы.
«Алматы ақшамы». 19 ақпан. 1999.*

**Әбдуәли ағаны
Жаңа 2004 жылмен құттықтау**

Біреу түртсе, қайдағы жайдағыны,
Біреу шертсе, іштегі, ойдағыны
Әб-ағамның қиялы-ай қиянға ұрған,
Алып берер халқына айдағыны,

Туған тілге 50 жыл тәрін төккен,
Бар өмірі ғылымның төрінде өткен

Бел жаза алмай біз жүрсек, жап-жас болып,
Сексенде шырығады ерің неткен!

Айшықты түсіндірген ойдың бәрін
Тірнектей жинап-теріп сөздің нәрін
Тіл көшін жарты ғасыр өрге тартып,
Ғұлама ғұмыр кешкен пайғамбарым!

*Әзімхан Алманов.
29 желтоқсан 2003.*

Академик Әбдуәли Хайдаров

Академик Әбдуәли Хайдаров,
Тіл кеше
Келді бағы байланып,
Біlmесе –
Шімірікпеді,
Айрандай ірілдік, тегі...
Осы жұрт ортақ жауға болмаса,
Басы бірігіп пе еді?!

Академик Әбдуәли Хайдаров,
Қапаң бар:
Ақ теңізге айдалып
Ахандар –
«Жау» деп алты бақандар
Ардақты Ана тілі жолында
Атылып, аяққа тапталды Ар...

Академик Әбдуәли Хайдаров,
Тіл – тірлік
Аспандағы Айды алып,
Сілкіндік –
Мәрт қып ізгі күн,
Ауызбірлік боп біз бүгін
Сіздей азамат ерге елдіктің
Сеніп тапсырдық тізгінін.

Академик Әбдуәли Хайдаров,
Тіл көше
Тірексізге айналып,

Білмесе –
 Түк қиналмады
 Түйсіздіктің «иман-жаны».
 Өз ұлтын менсінбес өгейсудің
 Өзгелік боп жиған малы...

Академик Әбеке от жүрек,
 Әр төбе –
 Көңіл-тіл көк тіреп,
 Мәртебе –
 Мәрттік тапқан шақ,
 Қауым күткен қатты аңсап!
 Республикада қазақ тілінің
 Мерейі – Мемлекеттік бақ-мансап!
 Маған да, сізге де, оған
 Тәтті леп –
 Құрылтай – қоғамға
 Сәт тілеп
 Ақ Күн, Ай жарық...
 Президент етіп сайладық –
 Сіздей азамат ерді алғыстап,
 Академик Әбдуәли Хайдаров!

*Есенбай Дүйсенбаев.
 «Жетісу». 9 ақпан. 1990.*

**Әбдуәли ағайқы
 9 мамыр Жеңіс күнімен құттықтау үстінде
 шығарылған «Арнау» өлеңдерінен үзінді**

Институтқа ептеп басып аяндап,
 Келе жатыр, академик ағамыз.
 9 май Жеңіс күнін еске алып
 Кеудеңізге ордендерді тағасыз.

Қан төгіскен Отан үшін майданда
 Ардагер сүйегі асыл ағамыз.
 Бейбіт күннің рахатына бөленіп
 Көңіл демдеп, көңліңіз жай табасыз.

* * *

Қос қанаты ұжымның
 Құламасын, сынбасын
 Мәңгілікке тіреу боп
 Қаламы мәңгі талмасын
 Атасы мен анасы
 Жүзге жетіп жастары
 Ғылымның ұшар көгінде
 Қалықтап мәңгі самғасын

Айман Жаңабекова

Үстазға тілек

«– Мен әкемнің мейірімін көргем жоқ,
 Гүлден киім, нұрдан тиын тергем жоқ
 Аға алдында кішік болып көрінген мен алайда,
 Ел алдында жасық болып көргем жоқ.

Әке десе, – әкелікке жарадым
 Аға десе, – ағалықты қаладым.
 Тілім, ділім, Отаным деп от кешіп
 Он жетіде отқа түстім, мен бір іске жарадым»,–

Деді аға өткен күнді еске алып,
 Кететіндей боп көрінді қос жанардан жас тамып,
 Жайдары сол мінезінен ауытқып,
 Сырын ашты шын жүректен ақтарып.

Біреу сізді аға дейді бағы артық
 Бекер сұрақ қойдым ба екен жаңартып.
 Жүзіңізді терең әжім шимайлап,
 Кетіпті ғой өткен жылдар шашыңды ағартып.

Аға, енді ұзақ болсын жасыңыз
 Алыс жүрсін дұшпаныңыз, қасыңыз.
 Бұл өмірдің ащысы емес, тұщысын
 Таңдап алып, тек таңдайға басыңыз.

Шота Қарлығаш

Тағзым-марту ақ тіпек

Қан майданмен бастаған өмір жолын...
Медальдары, ордендері – дәлелі оның!
Түркі әлемі таныған тарлан тұлға –
Әбдуәли Қайдаров – нағыз ерім!

«Тіл майданын» таңдаған ақтаңгерім!
Ғылымда да, еңбекте де қайраткерім!
Алпыс жылдан аса өмірін ғылымға арнап,
Ұстаздықпен ұштастырған ардагерім!

«Қазақ қандай халық?» деп толғанатын,
Бір сауалға жүз жауап таба алатын.
Ана тілі әлемін танытам деп
Нық ұстанған бабалар аманатын!

Ұлы істер – бастамасы Қайдаровтың
Түрен салған талай-талай салаға тың.
Елін сүйген, тілін сүйген өрелі ұлдан
Туған халқы тұрады айналып мың!

Сөз төркінін түгендеп түгел бәрін,
Жасауға да қатысқан Тілдің заңын.
Түркі тілдің таралған дарағындай –
Тереңнен қазып алар сөздің нәрін.

Халқыңыздың ақ тілеуі біреу-ақ,
Иілмесін, мұқалмасын бұл Дарақ!
Тілдің туын тік ұстаған, өз-аға,
Мерейлі той болсын құтты, мүбәрақ!

Сәрсен Құлманов

Лепті пәбіздер

«Біз үшін тіліміздің мемлекеттік мәртебесін заңдастырып қою – аз. Оны академик Ә.Қайдаров, С.Елубаев құсап қолдау, қажет болса, қорғау керек».

Ә.Әбішев

«Мен экстремизмге шақырып отырған жоқпын, өзіміздің жоғалтқанымызды ашық айтайық, күмілжімейік деп отырмын. Бүкіл Қазақстанда академик Ә.Қайдаровтай табандылық көрсетейік деп отырмын».

Т.Кәкішев

«Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алуы таласқа түсіп, таразы басы «қостілділік» дегенге тіреліп тұрған кезде: «Жоқ, олай емес, зәбір көрген қазақ тілінің мәртебесін көтерудің бірден-бір жолы оның бір өзіне ғана мемлекеттік тіл дәрежесін беру» деп табандылық көрсеткен, сөйтіп, жұртшылық пікірін бұруға себепкер болған академик Ә.Қайдаровтың байсалды да берік байламының мәнін дұшпаны ғана кемітер...».

Р.Бердібаев

«Үлкен ғылымды үлкен ғалымдардың жасайтындығы белгілі. Қазіргі қазақ тіл білімінде өз еңбектерінің сандық көмегі мен сапалық құндылығы тұрғысынан көші басында келе жатқан біртуар тұлғалар бар. Солардың бірі де бірегейі – академик Әбдуәли Туғанбайұлы Қайдар. 500-ге таяу еңбек жазған ғалымның зерттеулері арасынан кездейсоқ жазылған, сапасы төмен шығармаларды таба алмайсыз».

Ж.Түймебаев

МАЗМУНЫ

АЛҒЫ СӨЗ 3

ҒАЛЫМНЫҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ 5

Дерфер Г. «А.Т.Қайдаров. Развитие современного уйгурского языка» 5

Тенишев Э.Р. «А.Т. Қайдаров. Развитие современного уйгурского языка» 6

Баскаков Н.А. О работе А.Т.Қайдарова «Китайские заимствования в уйгурском языке» 8

Асланов В.И. «А.Т.Қайдаров. Структура односложных корней и основ в казахском языке» 9

Калыбаева А.К. «Қайдаров А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке» 17

Оралбаева Н. Ғылымға қосылған зор үлес 19

Балақаев М., Жанұзақов Т. Ұйғыр тіл біліміндегі күрделі зерттеу 22

Омарбеков С., Қашев Ғ., Жүнісов Н. Ұйғыр әдеби тілінің халықтық арнасы 25

Хасанов Б. Ұйғыр әдеби тілінің дамуы жайлы еңбек 33

Есенов Қ. Ұйғыр әдеби тілі жайында зерттеу 35

Есенов Қ. Тұңғыш оқулық 39

Әдеби тақырыптағы диссертациялар 42

Шерматов А.Ш., Ақмоллаев Э.С. «Ә.Қайдаров, М.Оразов. Түркологияға кіріспе» 42

Есенов Қ. Аса қажет оқулық 47

Тұрысбеков Р. Түр мен түстің құпиясы 50

Бельгер Г. В словах есть душа (Сөздің жаны бар) 51

Әлімбай М. «Әлі-ақ мұқтаждық туады» деп Мұхтар Әуезовтің өзі айтып еді 54

Шүкірұлы С. Даналық сөздігі 57

Қазыбек М. Ұлы дала сарыны 57

Дәуітов С. Өміршен этнос туралы өнегелі еңбек 62

Шәлекенов У. Қаңлы тарихына қатысты еңбек 64

Байпаков К.М., Керімбаев Е.А. Историческая родословная канглы 68

Шарахымбай Б. Ұлттық тарихымыздың ұлағаты 75

Смағұлова Г. «Қазақ қандай халық?» 81

Керімұлы Ә. Танымы мен тағылымы мол еңбек 84

Шәлекенов У. Қазақ халқының ерекшелігіне арналған құнды жинақ 90

ҒАЛЫМНЫҢ БЕРГЕН БАҒАСЫ 95

Чокан Валиханов как уйгуровед 95

Сан кырлы саңлақ дарын (Ахмет Байтұрсынұлы) 110

Ұлт мәдениетінің Хантәңірі (Ахмет Байтұрсынұлы) 116

Тіл білімінің тарланы (Құдайберген Жұбанов) 128

Профессор Құдайберген Жұбанов (1899–1938) 134

Слово о профессоре Жубанове 140

Возвращенное имя (к 90-летию Х.К.Жубанова) 143

Ел мақтаны (Құдайберген Жұбанов) 145

Ана тілін тек өгей ұлдары ғана менсінбейді... (Ғабит Мүсірепов) 150

С.Е.Малов – глава советского уйгуроведения 154

Константин Кузьмич Юдахин 162

Н.Ә.Наджиб 167

Слово об учителе (к 70-летию со дня рождения академика АН КАЗССР С.К.Кенесбаева) 168

Нигмет Тналич Сауранбаев (К семидесятилетия со дня рождения) 176

Кенесбай Мұсаұлы Мұсаев 60 жаста 179

Көреген аға (Ахмеди Ысқақов)	181
Ұстазды еске алғанда (Мәулен Балақаев)	184
Раймонд Генрихович Пиотровский (К 50-летию со дня рождения)	187
Члену-корреспонденту АН КазССР Г.С.Садвакасову 50 лет	190
О моем друге (Кожакмет Садвакасов)	191
Ағаларға парыздармыз (Ахмеди Ысқақов)	192
Зерделі ғалым, зерек жан (Сейілбек Исаев)	195
Ағалар алдында парызымыз бар (Ақай Нүсіпбеков)	198
Қазтай халқының сүйікті ұлы еді (Қазтай Айтазин)	204
Алаштың азаматы еді (Тұрғанбек Қатаев)	206
Ата салты ұрпаққа мирас	208
В поисках живительного слова (Рабига Сыздыкова)	215
Халқының тілін білген (Шора Сарыбаев)	219
Туған тілдің ту ұстары (Өмірзақ Айтбаев)	225
Еңбекқор ғалым (Байынқол Қалиев)	229
Тұғыры биік азамат (Өзбекәлі Жәнібеков)	231
Ата аруағын сыйлаған... (Сәрсенбі Дәуітов)	236
Тұғыры биік азамат (Әділ Ахметов)	239
Сөз құдіретін асқақтатқан азамат (Рысбай Сәтімбекұлы)	242
Ұстаз іздеп жүрмін (Нұртас Оңдасынов)	246

ҒАЛЫМНЫҢ БИІК ТҰЛҒАСЫ	252
<i>Маманов Ы., Дәулетқұлов Ш.</i> Көрнекті ғалым	252
<i>Жүнісов Д.</i> Әбдуәли Қайдаров – ұйғыр тілі маманы	254
<i>Айтбаев Ө.</i> Тіл тереңіне бойлаған	256
<i>Айтазин Қ., Әнесов Ф.</i> Тілстанның тарланы	258
<i>Ағманов Е., Жақыпбеков М.</i> Ғалым мұраты	261
<i>Смайылов Т., Белботаев А.</i> Өнегелі өмір	264
<i>Сергалиев М.С.</i> Видный ученый	266
<i>Жанұзақов Т., Сайрамбаев Т.</i> Ізденген жетер мұратқа	267
<i>Қазинеев Қ.</i> Еңбегі – ел мерейі	270
<i>Бектаев К.</i> От солдата – до академик	273
<i>Айтбаев Ө., Нақысбеков О.</i> Мәуелі белестер	276
<i>Сыздықова Р.</i> Ана тіліміздің айбыны	280
<i>Жанұзақов Т., Сайрамбаев Т.</i> Түркі дүниесінің тіл тамыршысы	287
<i>Айтбаев Ө.</i> Төрткүл дүниеге танымал түрколог	290
<i>Нақысбеков О.</i> Ғұлама ғалым, ұлағатты ұстаз	295
<i>Айтбаев Ө., Нақатаев М.</i> Ғылым кемесінің капитаны	298
<i>Дәуітов С.</i> Ерен ісін еліне арнаған	302
<i>Жанұзақ Т., Оңғарбаева Н.</i> Ғалымның биік тұлғасы	305
<i>Бөриев Ә.</i> Туған тіліміздің ту ұстаушысы	309
<i>Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы.</i> Әбдуәли Қайдаровқа – 70 жас	311
<i>Сарбалаұлы Б.</i> Қаһарман	313
<i>Тасымов А.</i> Ұстаз ғибраты	317
<i>Манкеева Ж., Ғабитханұлы Қ.</i> Ә.Қайдар – 80 жаста	319
<i>Манкеева Ж.А.</i> Академик Ә.Т.Қайдар зерттеулеріндегі түбір құрылымын анықтаудың когнитивтік аспектісі	322
<i>Смағұлова Г.</i> Ғылымдағы ғұмыр ғибраты	326
<i>Оразбаева Ф.Ш.</i> Тамыры терең шежіре	330
<i>Әлкебаева Д.</i> Тіл тамыршысы	333
<i>Жылқыбаева А.</i> Ғұлама ғалым ұлағаты	338
<i>Нұрғанат К.</i> Алтын адам	340
<i>Есекеева М.</i> Өргенге өскен өрен	345
<i>Әлімбек Қ.</i> Тіліміздің өркені – еліміздің ертеңі	348

<i>Букетова Н.И.</i> Труды академика А.Т. Кайдарова как основа сравнительно-типологических исследований	353
<i>Ержанов М.</i> Ғұмыры ғылымға арналған	356
<i>Оспанов Б.</i> Жетекшімді мақтан етемін	359
<i>Қарсыбекова Ш.</i> Тамырын жайған бәйтерек	360
<i>Құдасов С.</i> Майдангер – ғалым	363
<i>Жанұзақ Т.</i> Академик Ә.Қайдардың ғылыми еңбектерінің теориялық маңызы	368
<i>Хусайын К.Ш.</i> Очерк о творческой (научной, научно-организационной, педагогической и общественной) деятельности академика НАН РК Кайдара Абдуали Туганбаевича	375
<i>Базарбаева З.М.</i> Вопросы исторической фонетики в трудах академика А.Т.Кайдарова	381
<i>Манкеева Ж.А.</i> Ұлт тұғыры – тілде	388
<i>Тасымов А.</i> Ә.Т.Кайдаров және қазақ диалектологиясы	395
<i>Тасымов А.</i> Ә.Т.Кайдар қазақ диалектологиясы жайында	398
<i>Оразбаева Ф.Ш.</i> Тұғырлы тұлға	400
<i>Смағұлова Г.</i> Тіл абызы	405
<i>Түймебаев Ж.</i> Түркі сөзінің тамыршысы	408
<i>Құрманбайұлы Ш.</i> Қазақ этнолингвистикасының негізін қалаушы	414
<i>Әнес F.</i> Жауынгер Академиктің үш ерлігі	416
<i>Оспанов Б.</i> Академик Ә.Т.Кайдар – қазақ этнолингвистика мектебінің көшбасшысы	423
<i>Зайнуллин М.В.</i> Почетный Академик АН РБ Абдуали Туганбаевич Кайдаров	427
<i>Жилкубаева А.Ш.</i> Научная школа академика Абдуали Туганбаевича Кайдарова	429

ҚАН КЕШКЕН СУРАПЫЛ СОҒЫС ДАЛАСЫ	434
<i>Қайдар Ә.Т.</i> Келешекке аманат	434
<i>Аупбаев Ж.</i> Он жетіде от кешкен	436
<i>Сапарбекова Ә.</i> Майдангер – академик	439
<i>Айтбаев У.</i> Наука – призвание земляка	442
<i>Торопкин С.</i> Слава победителю, ученому, педагогу!	445

ҒАЛЫММЕН ҚҰРҒАН СЫР-СҰХБАТ	449
<i>Өтегенов Т.</i> Азамат болу – абырой	449
<i>Қауыпбаев Т.</i> Толғауы тоқсан	453
<i>Дәуітұлы С.</i> Ғылымның ашып құпиясын... ..	465
<i>Дәуітұлы С.</i> Мен де бір кірпіш дүниеде... ..	473
<i>Тохтамов Т.</i> Тіл артында халық бар	483
<i>Төленқызы Р.</i> Әбдуәли Қайдар, түркітанушы-этимолог, академик: Тілдің тарихқа қосқан үлесі мойындалған жоқ	489
<i>Смағұлова Г.</i> Академик Әбдуәли Қайдар: Ғылым жасарсын, бірақ қабілетсіз ғалымдармен емес!	496
<i>Тұрсынбайұлы Б.</i> Жүрегінің сыры көзінің нұрында	501

ЖЫРҒА ҚОСЫП ӘЗ АТЫҢДЫ	509
<i>Айтбайұлы Ә.</i> Талдыбұлақтан түлеп ұшқан тұлға	509
<i>Шадаева З.</i> Әбекенге арнау	510
<i>Әлімбекұлы Т.</i> Тағатын міні жоқ, шағатын зілі жоқ	511
<i>Алманов Ә.</i> Әбдуәли ағаны Жаңа 2004 жылмен құттықтау	511
<i>Дүйсенбаев Е.</i> Академик Әбдуәли Хайдаров	512
<i>Жаңабекова А.</i> Әбдуәли ағайды 9 мамыр Жеңіс күнімен құттықтау үстінде шығарылған «Арнау» өлеңдерінен үзінді	513
<i>Шота Қ.</i> Ұстазға тілек	514
<i>Құлманов С.</i> Тағзым тарту ақ тілек	515
<i>Лепті лебіз</i>	516

Қайдар Әбдули Мұғалбайұлы

ҒЫЛЫМДАҒЫ ҒҰМЫР

Редакторы: Э.Ә.Өтебаева

Корректорлары: Ж.Нұрғожина

Дизайнері: Р.Арсланов

Беттеуші: С.Төребайұлы

ISBN 978-601-7174-46-0



«Сардар» баспа үйі
Алматы қаласы,
8 ы/а, 19а үй.
Тел.: 8(727) 249 68 05
e-mail: sardar777@list.ru

Шартты баспа табағы 32,5. Пішімі 60x90^{1/16}
Офсеттік басылым. Қаріп түрі «Таймс» Таралымы 4000 дана